

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Пайдалану
Техникалық қызмет көрсету
Техникалық сипаттамалар

Осы Пайдалану нұсқаулығындағы бүкіл ақпарат жарияланған күнгі жағдайға сәйкес берілген.

HYUNDAI компаниясы тұрақты жұмыс істейтін өнімді модернизациялау бағдарламасы шеңберінде кез келген уақытта өзгерістер енгізу құқығын өзінде сақтап қалады.

Бұл нұсқаулық осы автокөліктің барлық үлгілеріне қатысты және қосымша әрі стандартты жабдықтың сипаттамалары мен түсіндірмелерін қамтиды. Сондықтан бұл Нұсқаулықта автокөлігіңіздің нақты үлгісіне қатысты емес материалдарды табуға болады.

Кейбір үлгілердің оң жақтан басқару жүйесімен (RHD) жабдықталғанын ескерген жөн.

RHD автокөліктеріне қатысты кейбір процедуралардың түсіндірмелері мен суреттері осы нұсқаулықта сипатталған процедураларға қарама-қайшы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: HYUNDAI АВТОКӨЛІГІҢІЗДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

HYUNDAI автокөлігіңіздің құрылымына кез келген өзгерістер енгізуге тыйым салынады. Мұндай өзгерістер автокөлік жұмысы мен оның қауіпсіздігін нашарлатуы, не болмаса қызмет ету мерзімін қысқартуы, оған қоса, автокөлігіңізге көрсетілетін қызмет кепілдігінің шарттарын бұзуы мүмкін. Белгілі бір өзгерістер сондай-ақ Көлік министрлігі және еліңіздегі басқа да атқарушы органдар орнатқан ережелерге сәйкес келмеуі мүмкін.

ДУПЛЕКСТІ РАДИОБАЙЛАНЫС НЕМЕСЕ ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН ЖҮЙЕЛЕРІН ОРНАТУ

Автокөлігіңіз электрондық жанармай бұрку жүйесімен және басқа электрондық компоненттермен жабдықталған. Дуплексті радиобайланыс немесе ұялы телефон жүйелерін қате орнату және реттеу автокөліктің электрондық блоктарының жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Сол себептен, егер Сіз осындай құрылғыларды орнатуды шешсеңіз, сол жүйелер өндірушілерінің барлық нұсқауларын мұқият орындауға немесе сақтық шаралары мен ерекше нұсқауларға түсініктеме алу мақсатында HYUNDAI дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

АБАЙЛАҢЫЗ! (БАР БОЛСА)

Автокөлік ЭРА-ГЛОНАСС шұғыл қызметтерді шақыру құрылғысымен жабдықталған.

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесіне, автокөліктің және/немесе оның компоненттерінің жүйелеріне өз бетінше және/немесе рұқсатсыз араласу, сондай-ақ автокөлік өндірушісінің ұсынысына жатпайтын және/немесе рұқсаты бар HYUNDAI дилерлік орталықтарынан тыс жабдықты орнату ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысының дұрыс жұмыс істемеуіне, жалған шақырудың іске қосылуына, жол-көлік апаты кезінде және/немесе Сіз жедел жәрдемді қажет еткен өзге жағдайда құрылғының істемеуіне әкелуі мүмкін.

Бұл қауіпсіз емес және өмірге қауіп төндіруі мүмкін!

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫН ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ ЖӘНЕ АВТОКӨЛІКТІҢ ЗАҚЫМДАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ

Бұл нұсқаулық мынадай белгілері бар ақпаратты қамтиды: ҚАУІПТІ, ЕСКЕРТУ, НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ және ЕСКЕРТПЕ.

Бұл белгілер мынаны білдіреді:



ҚАУІПТІ

ҚАУІПТІ – болдырмаудың сәті түспеген жағдайда, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкелетін қауіпті жағдай.



АБАЙЛАҢЫЗ

ЕСКЕРТУ – болдырмаудың сәті түспеген жағдайда, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін қауіпті жағдай.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ – болдырмаудың сәті түспеген жағдайда, жеңіл немесе орташа жарақаттарға әкелуі мүмкін қауіпті жағдай.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

ЕСКЕРТПЕ – болдырмаудың сәті түспеген жағдайда, көлік құралының зақымдалуына себеп бола алатын жағдай.



МАЗМҰНЫ

Алғысөз	1
Көлік құралы туралы ақпарат	2
Қауіпсіздік жүйесі	3
Аспаптар тақтасы	4
Жайлылық функциялары	5
Қозғалыс барысында	6
Апаттық жағдайлар	7
Техникалық қызмет көрсету	8
Қосымша	9
Пәндік көрсеткіш	1

1. АЛҒЫСӨЗ

Алғысөз	1-1
Осы нұсқаулықты пайдалану жолы	1-4
Қауіпсіздік туралы хабар	1-4
Отынға қойылатын талаптар	1-6
Автокөлік құрылымына өзгерістер енгізу	1-10
Автокөлікті жүргізіп бейімдеу тәртібі	1-11
Қолданылған автокөліктерді қайтару (Еуропа үшін)	1-11

АЛҒЫСӨЗ

Құттықтаймыз және HYUNDAI көлігін таңдағаныңызға алғыс білдіреміз. Сізді артып жатқан HYUNDAI клиенттерінің қатарында көруге қуаныштымыз. Біз озық инженерлік шешімдерді және әрбір HYUNDAI автокөлігінің жоғары құрастыру сапасын мақтан етеміз.

Пайдаланушы нұсқаулығы сізді жаңа HYUNDAI автокөлігіңіздің функцияларымен және ерекшеліктерімен таныстырады. Жаңа HYUNDAI автокөлігіңізбен танысу және оның мүмкіндіктерін неғұрлым толығырақ қолдану үшін, пайдаланбас бұрын осы автокөлік иесінің нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз.

Бұл нұсқаулықта қауіпсіздік туралы маңызды ақпарат пен нұсқаулар бар, олардың мақсаты – сізді автокөлікті басқару құралдарымен және автокөлікті қауіпсіз пайдалануға арналған қауіпсіздікті қамтамасыз ету функцияларымен таныстыру.

Оған қоса, нұсқаулықта автокөліктің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат бар. Автокөлікке техникалық қызмет көрсету жұмыстарын уәкілетті HYUNDAI сервистік орталықтарында жүргізуге кеңес береміз. HYUNDAI дилерлері жоғары сапалы қызметті, техникалық қызметті және талап етілетін кез келген басқа да көмекті көрсетуге дайын.

Автокөлік иесіне арналған осы нұсқаулық автокөліктің ажырамас бөлігі ретінде саналуы тиіс және кез келген уақытта қол жеткізе алатындай автокөліктің ішінде сақталғаны жөн. Автокөлікті сатқан кезде, автокөліктің жұмыс істеуі, оны жөндеу және техникалық қызмет көрсету туралы маңызды ақпаратты келесі иесіне беру мақсатында, нұсқаулық автокөлік ішінде қалуы тиіс.

HYUNDAI MOTORS КОМПАНИЯСЫ



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сапасы нашар, HYUNDAI компаниясының талаптарына сәйкес келмейтін отын мен майлау материалдарын қолдану қозғалтқыш пен трансмиссияның ауыр зақымдануына әкелуі мүмкін. Әрдайым осы Нұсқаулықтың 2-14 бетіндегі «Автокөліктің техникалық сипаттамалары» бөлімінде берілген талаптарға сәйкес келетін жоғары сапалы жанар-жағармай материалдарын қолданған жөн.

HYUNDAI Motor Company авторлық құқықтары, 2020 ж. Барлық құқықтары қорғалған. Осы құжаттың еш бір бөлігін кез келген түрде және кез келген тәсілмен HYUNDAI Motor Company компаниясының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз көбейтуге, қандай да бір ақпараттық-іздеу жүйесіне орналастыруға немесе байланыс арналары арқылы беруге тыйым салынады.

ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛЫ

Сізге осы автокөлікті айдаудан мүмкіндігінше рақат алуыңызға көмектескіміз келеді. Осы Пайдаланушы нұсқаулығы түрлі әдістермен оған жағдай жасауы мүмкін. Нұсқаулықты толығымен оқып шығуға кеңес береміз. Адам өлімі мен жарақаттану ықтималдығын мейлінше төмендету мақсатында осы нұсқаулықтағы АБАЙЛАҢЫЗ ЖӘНЕ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ тақырыптарымен белгіленген бөлімдерді міндетті түрде оқып шығыңыз.

Суреттер, осы автокөліктен рақат алуды жақсырақ көрсету мақсатында, осы нұсқаулықта берілген сөздік сипаттамаларды толықтырады. Бұл нұсқаулықты оқи отырып, автокөлік иесі оның сипатты ерекшеліктерімен, қауіпсіздік туралы маңызды ақпаратпен және түрлі жол жағдайларында пайдалану кеңестерімен танысады.

Нұсқаулықтың жалпы құрылымы мазмұнында берілген. Танысу үшін алдымен пәндік көрсеткіштен бастаған жөн; онда нұсқаулықтағы бүкіл ақпарат тізімі әліпбилік тәртіппен келтірілген.

Бөлімдер: Нұсқаулық сегіз бөлім мен әліпбилік көрсеткіштен тұрады. Әрбір бөлім қысқаша мазмұннан басталады, бұл осы бөлімде қажетті ақпараттың бар-жоғын жылдам білуге мүмкіндік береді.

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ ХАБАР

Сіздің қауіпсіздігіңіз бен айналаңыздағы адамдардың қауіпсіздігі аса маңызды. Осы пайдалану нұсқаулығында көптеген сақтық шаралары мен технологиялық нұсқаулар берілген. Бұл ақпарат сізге немесе айналаңыздағы адамдарға төнетін ықтимал қауіп, оған қоса, көлік құралының ықтимал зақымы туралы ескертеді.

Көлік құралындағы және осы нұсқаулықтағы ескертпе хабарлар осы қауіптерді, сондай-ақ тәуекелдерді азайту үшін сақтық шараларын түсіндіреді.

Осы нұсқаулықтағы ескертулер мен нұсқаулар сіздің қауіпсіздігіңізге бағытталған. Қауіпсіздік техникасы бойынша ескертулер мен нұсқауларды орындамау ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Осы нұсқаулықта ҚАУІПТІ, ЕСКЕРТУ, НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ЖӘНЕ ЕСКЕРТПЕ, сондай-ақ қауіп туралы ескертетін ТАҢБА белгілері қолданылады.



Бұл – қауіп туралы ескертетін таңба. Ықтимал дене жарақаттарын алу қауіпі туралы хабарландыру үшін қолданылады.

Ықтимал жарақаттарды не өлімді болдырмау үшін осы таңбамен бірге көрсетілетін барлық ескертуші хабарларды орындаңыз. Қауіп туралы ескертетін таңба ҚАУІПТІ, ЕСКЕРТУ және НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ деген сигналдық сөздердің алдында тұрады.



ҚАУІПТІ

ҚАУІПТІ – болдырмаудың сәті түспеген жағдайда, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкелетін қауіпті жағдай.



АБАЙЛАҢЫЗ

ЕСКЕРТУ – болдырмаудың сәті түспеген жағдайда, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін қауіпті жағдай.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ – болдырмаудың сәті түспеген жағдайда, жеңіл немесе орташа жарақаттарға әкелуі мүмкін қауіпті жағдай.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

ЕСКЕРТПЕ – болдырмаудың сәті түспеген жағдайда, көлік құралының зақымдалуына себеп бола алатын жағдай.

ОТЫНҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Бензиндік қозғалтқышы бар автокөліктер

Этилдендірілмеген бензин

Еуропада

Автокөліктің оңтайлы жұмыс сипаттамалары үшін RON октандық саны (зерттеу әдісі бойынша октандық сан) 95/AKI (антидетонациялық көрсеткіш) 91 немесе одан жоғары этилдендірілмеген бензинді қолданған жөн. (Метанол қоспалары бар отынды қолданбаңыз.) RON октандық саны 91-94/AKI көрсеткіші 87-90 этилдендірілмеген бензинді қолдануға болады, бірақ бұл автокөліктің жұмыс сипаттамаларының аздап төмендеуіне әкелуі мүмкін. (Метанол қоспалары бар отынды қолданбаңыз)

Еуропадан тыс, Ресей үшін

Автокөліктің оңтайлы жұмыс сипаттамалары үшін RON октандық саны (зерттеу әдісі бойынша) 91/ AKI антидетонациялық көрсеткіші 87 немесе одан жоғары этилдендірілмеген бензинді қолданған жөн. (Метанол қоспалары бар отынды қолданбаңыз)

Автокөлік ЭТИЛДЕНДІРІЛМЕГЕН БЕНЗИНДІ қолданған кезде ең жоғары пайдалану сипаттамаларына қол жеткізуге болатындай жасалған, бұл сондай-ақ зиянды заттардың сыртқа шығуын және оталдыру

білтелерінің ластануын азайтуға әкеледі.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

ЕШҚАШАН ЭТИЛДЕНДІРІЛГЕН ОТЫНДЫ ҚОЛДАНБАҢЫЗ. Этилдендірілген отынды қолдану каталитикалық бейтараптандырғышқа зақым келтіреді және қозғалтқышты басқару жүйесінің оттегі датчигінің бұзылуына әкеліп, зиянды заттардың сыртқа шығарылуын бақылауға теріс әсер етеді.

Отын жүйесін тазалау үшін отынға автокөлік өндірушісі ұсынғаннан басқа қоспаларды еш уақытта қоспаңыз. (Қосымша ақпаратты рұқсаты бар HYUNDAI дилерінен алыңыз.)

АБАЙЛАҢЫЗ

- Көлікке отын құйған кезде құю пистолеті автоматты түрде өшкеннен кейін отынды бактың отын құю қылтасының жоғарғы жиегіне дейін толтыра құймаңыз.
- Автокөлікке отын құйып болған соң жол-көлік апаты жағдайында отын сыртқа төгіліп кетпеуі үшін міндетті түрде бактың отын құю қылтасының қақпағы мықтап жабылғанына көз жеткізіңіз.

Этилдендірілген бензин (бар болса)

Кейбір елдер үшін шығарылған осы үлгідегі автокөліктер этилдендірілген бензинді қолдануға арналған. Этилдендірілген бензинді қолдану жоспарланса, HYUNDAI уәкілетті дилеріне хабарласқан жөн.

Этилдендірілген және этилдендірілмеген бензиннің октандық сандары бірдей.

Этил және метил спирті бар бензин

Бензоспирт, бензин мен этил спиртінен тұратын (тағамдық спирт атауымен де танымал) қоспа және бензин немесе құрамында метил спирті бар бензоспирт (ағаш спирті атауымен де танымал) нарықта этилдендірілген және этилдендірілмеген бензинмен бірге немесе олардың орнына сатылады.

Құрамындағы этил спирті 10 %-дан асатын бензоспиртті және құрамында метил спиртінің қандай да бір үлесі бар бензинді немесе бензоспиртті қолдануға болмайды. Отынның барлық осы түрлері автокөлікті жүргізу кезінде проблемалар туғызып, отын жүйесінің зақымдануына әкелуі мүмкін.

Отынның мұндай түрлері отын жүйесін, қозғалтқышты басқару жүйесін және сыртқа шығарылған заттардың уыттылығын азайту жүйесін басқаруда проблемалар туғызуы және олардың зақымдануына әкелуі мүмкін.

Келесі отын түрлерін қолданудан орын алған жағдайда, автокөліктің зақымдануына немесе оны жүргізу кезіндегі проблемаларға өндірушінің кепілдігі қолданылмайды:

1. Құрамындағы этил спирті 10 %-дан асатын бензоспирт.
2. Құрамында метил спирті бар бензин немесе бензоспирт.
3. Этилдендірілген отын немесе этилдендірілген бензин.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Құрамында метил спирті бар бензоспиртті ешқашан қолданбаңыз. Автокөлікті жүргізуге теріс әсер ететін бензоспирт сияқты кез келген өнімді қолдануды тоқтатыңыз.

Отынның басқа түрлері

Отынның келесі қоспа түрлерін:

- Отыңға арналған силиконды қоспаны
- Құрамында ММТ (марганец, Mn) бар отын қоспасын
- Құрамында ферроцен (темір негізінде) бар отын қоспасын
- Металл негізіндегі өзге отын қоспаларын

қолдану жалын өткізуге, жылдамдықтың нашар үдеуіне, қозғалтқыштың тоқтауына, каталитикалық бейтараптандырғыштың зақымдануына, аса жемірілуге әкелуі және қозғалтқышты зақымдап, қуатты агрегаттың қызмет ету мерзімінің қысқаруына себеп болуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Отынның осы түрлерін пайдаланудан болған отын жүйесінің зақымдануы немесе жүріс сипатта маларындағы проблемалар жаңа көлік құралына берілетін Шектеулі кепілдігіңізге қосылмауы мүмкін.

Метилтербутилэфирді (МТВЕ) қолдану

Бұл автокөлікке құрамындағы метилтербутилэфирдің (МТВЕ) көлемдік үлесі 15,0 %-дан (оттегінің салмақтық үлесі – 2,7 %) асатын отынды қолданбаған жөн.

Құрамындағы метилтербутилэфирдің (МТВЕ) көлемдік үлесі 15,0 %-дан (оттегінің салмақтық үлесі – 2,7 %) асатын отынды пайдалану автокөліктің пайдалану сипаттамаларының төмендеуіне және бу тығындарының түзілуіне немесе оталдыру кезіндегі проблемаларға әкелуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жаңа автокөлікке берілетін өндірушінің шектеулі кепілдігі құрамындағы метилтербутилэфирдің (МТВЕ) көлемдік үлесі 15,0 %-дан (оттегінің салмақтық үлесі – 2,7 %) асатын отын түрлерін қолдану нәтижесінде орын алған отын жүйесінің зақымдануына және пайдалану сипаттамаларының нашарлауына қолданылмауы мүмкін.

Метил спиртіні қолданбаңыз

Осы автокөлікке отын құю үшін құрамында метанол (ағаш спирті) бар отын түрлерін қолданбаған жөн. Көлік құралына құрамында метанол (ағаш спирті) бар отын түрлерін қолданбаған жөн. Отынның мұндай түрлері автокөліктің жұмыс сипаттамаларын төмендетіп, отын жүйесі компоненттерінің, қозғалтқышты басқару жүйесінің және сыртқа шығарылған заттардың уыттылығын азайту жүйесінің зақымдануына себеп болуы мүмкін.

Отынға арналған қоспалар

HYUNDAI RON октандық саны (зерттеу әдісі бойынша октандық сан) 95/ AKI (антидетонациялық көрсеткіш) 91 немесе одан жоғары (Еуропа үшін) немесе RON октандық саны (зерттеу әдісі бойынша октандық сан) 91/ AKI (антидетонациялық көрсеткіш) 87 немесе одан жоғары (Еуропадан басқа) этилдендірілмеген бензинді қолдануға кеңес береді.

Егер жоғары сапалы бензинді, соның ішінде қоспаларды тұрақты түрде қолданбайтын клиентте қозғалтқышты қосуда проблемалар немесе іркілістер туындаса, отын бағына қызмет көрсету кестесіне сәйкес бір бөтелке қоспа құйған жөн («Кәдімгі жағдайларда пайдалану кезінде техникалық қызмет көрсету кестесі» атты 8-тарауды қараңыз).

Қоспаларды HYUNDAI ресми дилерінен сатып алуға болады. Сонымен қатар, оларды пайдалану бойынша кеңестер алуға болады. Түрлі қоспаларды араластыруға болмайды.

Автокөлікті шетелде пайдалану

Өзге елге барғанда, осы автокөлікке қатысты мыналарды қамтамасыз ету қажет:

- Тіркеу мен сақтандыруға қатысты барлық талаптарды орындау;
- Қажетті сападағы отынның сатылымда бар-жоғын анықтау.

АВТОКӨЛІК ҚҰРЫЛЫМЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

- Осы автокөліктің құрылымына өзгерістер енгізуге тыйым салынады. Құрылымды өзгерту автокөліктің сипаттамаларына, қауіпсіздігіне немесе қызмет ету мерзіміне теріс әсер етуі мүмкін. Кейбір жағдайларда олар тіпті қауіпсіздік пен сыртқа шығарылған уытты заттарды шектеуге қатысты мемлекеттік ережелерді де бұзуы мүмкін. Оған қоса, құрылымның қандай да бір өзгерісіне байланысты сипаттамалардың бұзылуына немесе төмендеуіне кепілдікті міндеттемелер қолданылмайды.
- Рұқсат етілмеген электрондық құрылғыларды пайдалану автокөлікті басқарудың бұзылуына, сымдардың зақымдануына, аккумулятор қуатының отыруына және өртке себеп болуы мүмкін. Жеке қауіпсіздік үшін мақұлданбаған электрондық құрылғыларды қолданбаңыз.

АВТОКӨЛІКТІ ЖҮРГІЗІП БЕЙІМДЕУ ТӘРТІБІ

Жүрістің алғашқы 1000 км (600 миль) ішінде бірнеше қарапайым сақтық шараларын ұстану пайдалану сипаттамаларына, автокөліктің үнемділігі мен қызмет ету мерзіміне оң әсер етуі мүмкін:

- Қозғалтқышты аса жоғары айналымдарда істетпеңіз.
- Қозғалыс барысында қозғалтқыштың айналу жиілігін (айн/мин немесе минутына жасалған айналымдар) 2000-4000 айн/мин шегінде сақтаңыз.
- Бір жылдамдықпен (жоғары не төмен) ұзақ уақыт бойы қозғалуға болмайды. Қозғалтқыштың айналу жиілігінің өзгеруі оны дұрыс жүргізіп бейімдеуге қажет.
- Төтенше жағдайлардан басқа кездерде, тежегіш қалыбымен дұрыс байланысты қамтамасыз ету мақсатында кенет тежеуге болмайды.
- Автокөлікті пайдаланудың алғашқы 2000 км (1200 миль) ішінде тіркемені сүйреуге тыйым салынады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН АВТОКӨЛІКТЕРДІ ҚАЙТАРУ (ЕУРОПА ҮШІН)

HYUNDAI ресурсы таусылған автокөліктерді экологиялық тұрғыда қауіпсіз кәдеге жаратуды қолдайды және ресурсы таусылған Hyundai автокөлігін көлік құралдарын пайдаланудың ақырғы мерзімдері туралы Еуропалық Одақ (ЕО) Директивасына сәйкес қайтаруды ұсынады.


Толық ақпаратты HYUNDAI жергілікті веб-сайтынан алуға болады.

2. Көлік құралы туралы ақпарат

Сыртқы түрі (I)	2-2
Сыртқы түрі (II)	2-3
Салонды шолу	2-4
Аспаптар панелін шолу	2-6
Мотор бөлігі	2-8
Габариттік өлшемдер	2-9
Қозғалтқыштың сипаттамасы	2-9
Жарық шамдарының қуаты	2-10
Шиналар және доңғалақтар	2-12
Ауаны баптау жүйесі	2-13
Жүк көтергіштік индекстері және шиналар жылдамдығының индекстері	2-14
Көлем және салмақ	2-14
Ұсынылған майлау материалдары және көлемдер туралы ақпарат	2-15
SAE жіктемесі бойынша тұтқырлық коэффициентінің ұсынылған мәндері	2-16
Автокөліктің сериялық нөмірі (VIN)	2-18
Автокөліктің сертификациялық тақтасы	2-18
Шиналардағы қысымның техникалық сипаттамаларының/мәндерінің кестесі	2-19
Қозғалтқыштың сериялық нөмірі	2-19
Кондиционер компрессорының заттаңбасы	2-20
Отын заттаңбасы	2-20
Сәйкестік декларациясы	2-21

СЫРТҚЫ ТҮРІ (I)

■ Алдыңғы көрінісі




Нақты түрі суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

ODN8019001L

1. Капот	5-59
2. Алдыңғы фара шамы	8-77
3. Доңғалақтар және шиналар	8-51
4. Сыртқы артқы көрініс айнасы	5-41
5. Төбедегі панорамалық люк	5-52
6. Алдыңғы әйнек тазартқышының щеткалары	8-41
7. Терезелер	5-46

СЫРТҚЫ ТҮРІ (II)

■ Артқы көрінісі




Нақты түрі суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

ODN8019002L


8. Есіктер	5-19
9. Отын құю қылтасы люгінің қақағы	5-68
10. Артқы құрама шам	8-80
11. Жүксалғыш	5-60
12. Әйнектегі дефростер / антенна	5-137
13. Қосымша тежеу сигналының шамы	8-82
14. Антенна	5-157
15. Артқы шолу камерасы	5-103

САЛОНДЫ ШОЛУ



1. Есіктің ішкі тұтқасы	5-22
2. Орындықтың қалпын есте сақтау жүйесі	5-32
3. Сыртқы артқы көрініс айналарын жинау ауыстырып қосқышы	5-44
4. Айналар жетегін басқару ауыстырып қосқышы	5-43
5. Әйнек көтергіштерді бұғаттау ауыстырып қосқышы	5-23
6. Әйнек көтергіштер ауыстырып қосқыштары	5-46
7. Электрлік әйнек көтергішті бұғаттау түймесі	5-26
Артқы есіктердің құлыптарын бұғаттау құрылғысы, электрлік жетегі бар балаларды қорғауға арналған бұғаттау түймесі	5-26
8. Руль дөңгелегін еңкейту/ жылжыту иінтірегі	5-37
9. Руль дөңгелегі	5-36
10. Фаралардың көлбеулену бұрышын реттеу құрылғысы	5-86
11. Аспаптар тақтасының көмескі жарығын реттегіш	4-3
12. Көлік құралын қозғалыс жолағы шегінде ұстауға арналған көмек жүйесі (LKA)	6-120
13. Жүксалғыш қақпағын ашатын шағын иінтірек	5-60
14. ESC OFF түймесі	6-42
15. EPB (электрондық басқару жүйесі бар тұрақ тежегіші)	6-30
16. Капотты ашу иінтірегі	5-59


АСПАПТАР ПАНЕЛІН ШОЛУ




1. Аспаптар тақтасы.....	4-2
2. Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік көпшігі	3-57
3. Кілті бар оталдыру құлпы/	6-8
Қозғалтқышты қосу/тоқтату түймесі	6-12
4. Аудиожүйе/бейне/Навигация жүйесі.....	5-159
5. Жарық апаттық сигнал беру ауыстырып қосқышы	7-3
6. Қолмен басқарылатын микроклиматты басқару жүйесі/	5-109
Микроклиматты автоматты басқару жүйесі	5-121
7. Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік көпшігі	3-57
8. Ұсақ-түйек тартпасы.....	5-145
9. Берілісті ауыстырып қосу түймесі.....	6-17
10. Тұраққа қойған кездегі жақындау туралы ескерту жүйесінің түймесі (артқа және алға жүру)	5-99
11. Айнала шолу жүйесінің монитормы (SVM)	5-106
12. Біріктірілген жүргізу режимін басқару жүйесінің түймесі	6-49
13. Автоматты ұстап қалу	6-35

МОТОР БӨЛІГІ

■ 2,0 MPI



■ Smartstream G2,5



Көлік құралының нақты мотор бөлігі суреттен өзгешеленуі мүмкін.

ODN8089049L/ODN8089048L

1. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығына арналған резервуар	8-30
2. Гидротөжегіштер багы	8-34
3. Ауа сүзгісі	8-38
4. Қозғалтқыштағы май деңгейінің көрсеткіші	8-28
5. Қозғалтқыштың май құю қылтасының қақпағы	8-29
6. Алдыңғы әйнек жуғыш сұйықтығына арналған резервуар	8-36
7. Сақтандырғыштар блогы	8-62
8. Аккумулятор батареясы	8-44

ГАБАРИТТИК ӨЛШЕМДЕР

Параметр		мм (дюйм)
Жалпы ұзындығы		4 900 (192,9)
Жалпы ені		1 860 (72,2)
Жалпы биіктігі		1 445 (56,9)
Алдыңғы доңғалақтардың жолтабаны	205/65 R16	1 633 (64,3)
	215/60 R16	1 627 (64,1)
	215/55 R17	1 623 (63,9)
	235/45 R18	1 618 (63,7)
Артқы доңғалақтардың жолтабаны	205/65 R16	1 640 (64,6)
	215/60 R16	1 634 (64,3)
	215/55 R17	1 630 (64,2)
	235/45 R18	1 625 (64,0)
Доңғалақ базасы		2 840 (111,8)

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Бөлшек	2,0 MPI	Smartstream G2,5
Көлем СМ ³ (текше дюйм)	1 999 (121,98)	2 497 (152,37)
Диаметр x жүріс мм (дюйм)	81 x 97 (3,18 x 3,82)	88,5 x 101,5 (3,47 x 4,00)
Цилиндрлер жұмысының тәртібі	1-3-4-2	1-3-4-2
Цилиндрлер саны	4. V-типті	4. V-типті

ЖАРЫҚ ШАМДАРЫНЫҢ ҚУАТЫ

Шамдар		Қуат	Шам типі	
Алдыңғы	Алдыңғы фаралар	Жақын жарық/ Алыс жарық (А типі)	НВ3	60
	Алдыңғы фаралар	Жақын жарық/ Алыс жарық (В/С типі)	Жарықдиодты тип	Жарықдиодты тип
	Күндізгі жүріс жарығы (DRL) & Габарит жарығы	А типі	P21/5W	21/5
		В/С типі	Жарықдиодты тип	Жарықдиодты тип
	Бұрылыс көрсеткіштері	А типі	PY21W	21
		В/С типі	Жарықдиодты тип	Жарықдиодты тип
Бүйірлік бұрылыс көрсеткішінің шамы (сыртқы артқы көрініс айнасы)		Жарықдиодты тип	Жарықдиодты тип	
Артқы	Стоп-сигнал		Жарықдиодты тип	Жарықдиодты тип
	Габарит жарығының шамы		Жарықдиодты тип	Жарықдиодты тип
	Бұрылыс көрсеткіштері	А типі	PY21W	21
		В/С типі	Жарықдиодты тип	Жарықдиодты тип
	Артқы жүріс шамы (артқы тұман шамы жоқ болса)		W16W	16
	Артқы жүріс шамы (артқы тұман шамы бар болса)		Жарықдиодты тип	Жарықдиодты тип
	Артқы тұман шамы (артқы тұман шамы бар болса)		Жарықдиодты тип	Жарықдиодты тип
	Жоғарғы стоп-сигнал		Жарықдиодты тип	Жарықдиодты тип
Нөмір белгісін жарықтандыру шамы		W5W	5	

Шамдар		Қуат	Шам типі	
Интерьер	Бағытталған жарықшамы	А типі	WEDGE	10
		В типі	Жарықдиодты тип	Жарықдиодты тип
	Жеке көмескі жарықшамы (бар болса)	Жарықдиодты тип	Жарықдиодты тип	
	Салонды жарықтандыру плафоны (бар болса)	FESTOON	10	
	Аксессуарлық айна шамы	FESTOON	5	
	Жүксалғышты жарықтандыру шамы	FESTOON	5	

ШИНАЛАР ЖӘНЕ ДОҒАЛАҚТАР

Атауы	Шина өлшемі	Доңғал ақ өлшемі	Шинадағы қысым, бар (кПа, шаршы дюймге шаққандағы фунт)				Доңғалақ бекітпесінің сомынын тарту мезеті КГС•М (фунт-күш•фут, Н•м)
			Номиналды жүктеме *1		Ең жоғары жүктеме		
			Алдыңғы	Артқы	Алдыңғы	Артқы	
Толық өлшемді шина	205/65 R16	6,5J X 16	2,4 (240, 35)	2,4 (240, 35)	2,4 (240, 35)	2,4 (240, 35)	11~13 (79~94, 107~127)
	215/60 R16	6,5J X 16	2,4 (240, 35)	2,4 (240, 35)	2,4 (240, 35)	2,4 (240, 35)	
						2,9 (290, 42) (Еуропа үшін)	
	215/55 R17	7,0J X 17	2,4 (240, 35)	2,4 (240, 35)	2,4 (240, 35)	2,4 (240, 35)	
						2,9 (290, 42) (Еуропа үшін)	
	235/45 R18	7,5J X 18	2,4 (240, 35)	2,4 (240, 35)	2,4 (240, 35)	2,4 (240, 35)	
						2,9 (290, 42) (Еуропа үшін)	
	Шағын қосалқы шина (бар болса)	T125/80 D16	4T X 16	4,2 (420, 60)	4,2 (420, 60)	4,2 (420, 60)	

*1: Қалыпты жүктеме: 3 адамға дейін

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Егер жақында күннің суытуы күтілсе, шиналардағы стандартты ауа қысымына сипаттамаға сәйкес 3 фунт/дюйм² қосуға болады. Әдетте қысымды азайту температура төмендеуінің әр 7°С-ына шаққанда 1 фунт/дюйм² (7 кПа) тең болады. Температураның төтенше өзгеруі күтілетін жағдайда, шиналардағы қысымды үнемі тексеріп тұру керек, себебі олар тиісті түрде үрленіп тұруы керек.
- Негізінде, қысым теңіз деңгейінен жоғары биіктікте қозғалған кезде азаяды. Осылайша, биік таулы жерлерге барған жағдайда, шиналардағы қысымды алдын ала тексеріңіз. Қажет болғанда, оларды қажетті деңгейге дейін үрлеңіз. (Ауаны теңіз деңгейінен жоғары биіктікке байланысты қосу: +10 кПа/1 км)

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Автокөліктің ауыстырылатын шиналарының өлшемі түпнұсқа шиналардың өлшеміне сәйкес келуі тиіс. Өзге өлшемдегі шиналарды пайдалану іргелес бөліктерді зақымдауы немесе олардың тұрақсыз жұмысына әкелуі мүмкін.

АУАНЫ БАПТАУ ЖҮЙЕСІ

Позиция	Салмақ немесе көлем	Жіктеме
Суық агент г (унц.)	600±25g (20±0,88) (А типі) 520±25g (18±0,88) (В типі)	R-134a (А типі) R-1234yf (В типі)
Компрессорлықмай г (унц.)	100±10g (3,4±0,3)	FD46XG

Қосымша ақпарат алу үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

ЖҮК КӨТЕРГІШТІК ИНДЕКСТЕРІ ЖӘНЕ ШИНАЛАР ЖЫЛДАМДЫҒЫНЫҢ ИНДЕКСТЕРІ

Бөлшек	Шина өлшемі	Диск өлшемі	Рұқсат етілген жүктеме		Рұқсат етілген жылдамдық	
			LI *1	kg	SS *2	km/h
Толық өлшемді шина	205/65 R16	6,5J X 16	95	690	H	210
	215/60 R16	6,5J X 16	95	690	H	210
	215/55 R17	7,0J X 17	94	670	V	240
	235/45 R18	7,5J X 18	94 немесе 98	670 немесе 750	V немесе Y	240 немесе 300
Шағын қосалқы шина (бар болса)	T125/80 D16	4T X 16	97	730	M	130

*1 LI : РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЖҮКТЕМЕ ИНДЕКСІ (Load Index)

*2 SS : ЖЫЛДАМДЫҚ ТАҢБАСЫ (Speed Symbol)

КӨЛЕМ ЖӘНЕ САЛМАҚ


Элементтер		2,0 MPI	Smartstream G2,5
		A/T	A/T
Автокөліктің толық салмағы кг (фунт)	Еуропа үшін	1 960 (4 321)	1 980 (4 365)
	Еуропадан басқа	1 960 (4 321)	1 980 (4 365)
Жұқсалғыш көлемі (VDA) l (текше фут)		510 (18)	

АБАҚ : Автоматты беріліс қорабы

ҰСЫНЫЛҒАН МАЙЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ ЖӘНЕ КӨЛЕМДЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қозғалтқыш пен трансмиссияның оңтайлы жұмыс істеу режиміне қол жеткізу, сондай-ақ олардың қызмет ету мерзімін ұлғайту үшін сапалы майлау материалдарын ғана қолданыңыз. Сапалы майлау материалдары қозғалтқыш жұмысының тиімділігіне әсер етеді және отын шығынын азайтады.

Сіздің автокөлігіңізде келесі майлау материалдары мен сұйықтықтарды қолдануға кеңес беріледі:

Майлағыш		Көлем	Жіктеме	
Мотор майы *1 *2 (ағызу және құю)	2,0 MPI	4,0 л (4,23 амер. кварта)	Таяу Шығыстан басқа	SAE 5W-20 / API SM & ILSAC GF-4
			Таяу Шығыс үшін	SAE 0W-30 / ACEA C2
Ұсынымдар 	Smartstream G2,5	5,2 л (5,49 амер. кварта)	Таяу Шығыстан басқа	SAE 0W-20 / COHҒЫ API немесе ACEA C5
			Таяу Шығыс үшін	SAE 0W-30 / ACEA C2 немесе 5W-30 ACEA A5/B5
АБАҚ арналған май	2,0 MPI	6,7 л	MICHANG ATF SP-IV, SK ATF SP-IV, NOCA ATF SP-IV, HYUNDAI ATF SP-IV түпнұсқалық трансмиссиялық сұйықтығы	
	Smartstream G2,5			
Салқындатқыш сұйықтық	2,0 MPI	5,5 л	Антифриз бен дистилденген су қоспасы (алюминий радиаторына арналған этиленгликоль негізіндегі салқындатқыш сұйықтық)	
	Smartstream G2,5	7,07 л		
Тежегіш сұйықтығы *3		0,7~0,8 л (0,74~0,85 амер. кварта)	DOT-4	
Жақсару		60 л (63,4 амер. кварта)	1-тараудағы «Отынға қойылатын талаптар» бөлімін қараңыз.	
Мотор майының шығыны	Қалыпты жүргізу шарттары	МАКС. 1 л / 1500 км	-	
	Күрделі жүргізу шарттары	МАКС. 1 л / 1000 км	-	

*1 : 16-беттегі ұсынылған SAE тұтқырлығының кластарын қараңыз.

*2 : Енді Energy Conserving Oil мотор майлары қолжетімді. Басқа артықшылықтарға қоса, бұл майлар қозғалтқыш ішіндегі үйкелісті еңсеру үшін қажетті отын мөлшерін азайту арқылы отын шығынын азайтуға мүмкіндік береді. Мұндай жақсаруларды күнделікті жүріс кезінде өлшеу қиын, алайда жыл бойы олар отын шығынын айтарлықтай азайтады.

*3 : Максималды тежеу мүмкіндігін қамтамасыз ету және ABS / ESC жүйелерінің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын сақтау үшін техникалық шарттарға сәйкес келетін түпнұсқалық тежегіш сұйықтығын қолдануға кеңес беріледі. (Стандарт: SAE J1704 DOT-4 IV, ISO4925 CIASS-6 және FMVSS 116 DOT-4)

SAE жіктемесі бойынша тұтқырлық коэффициентінің ұсынылған мәндері



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Май деңгейін тексеру немесе оны ауыстыру алдында кез келген құю қылтасының, ағызу саңылауының қақпағы және май сүңгіші айналасының тазалығына міндетті түрде көз жеткізіңіз.

Бұл көлік құралын шаң және ластанған жағдайларда пайдаланғанда және қара жолдарда жүргенде аса маңызды. Қақпақ пен сүңгішті тазалау шаң мен құмның қозғалтқыштың және зақымдануы мүмкін өзге де механизмдердің ішіне түсуіне жол бермейді.

Мотор майының тұтқырлығы отын шығынына және суық ауа райында пайдалануға (қозғалтқышты қосу және май беру) әсер етеді.

Тұтқырлығы төмен мотор майы отынның үздік үнемделу деңгейін және қозғалтқыштың суық ауа райында ең жақсы жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, ал тұтқырлық коэффициенті жоғары май ыстық жағдайларда қозғалтқышты майлаудың талап етілетін деңгейі үшін қажет. Тұтқырлық коэффициенттерінің мәндері ұсынылған мәндерден өзгешеленетін майларды қолдану қозғалтқыштың бұзылуына әкелуі мүмкін. Май түрін таңдағанда, келесі жолы май ауыстырғанға дейін автокөлігіңіз пайдаланылатын температуралар диапазонына назар аударыңыз. Тұтқырлық коэффициентінің кестедегі ұсынылған мәндерін таңдаңыз.

SAE жіктемесі бойынша тұтқырлық коэффициентінің ұсынылған мәндері үшін температуралар диапазоны												
Temperature		°C	-30	-20	-10	0	10	20	30	40	50	
		(°F)	-10	0	20	40	60	80	100	120		
Бензиндік қозғалтқыш тарға арналған май	2,0 MPI	Еуропа үшін	0W-40, 5W-20, 5W-30, 5W-40									
		Таяу Шығыстан, Үндістаннан және Еуропадан басқа	20W-50									
			15W-40									
			10W-30									
	Smartstream G2,5	Таяу Шығыс пен Үндістаннан басқа	5W-20, 5W-30									
			20W-50									
			15W-40									
	2,0 MPI / Smartstream G2,5	Таяу Шығыс пен Үндістан үшін	10W-30									
			0W20, 5W20, 0W30, 5W30									
			20W-50									
		15W-40										
		10W-30										
		0W30, 5W30, 5W40										

АВТОКӨЛІКТІҢ СЕРИЯЛЫҚ НӨМІРІ (VIN)




Автокөліктің сериялық нөмірі – көлік құралыңызды тіркегенде қолданылатын нөмір және ол автокөлікке меншік құқығы мәселелері бойынша туындаған барлық құқықтық және т.б. жағдайларда пайдаланылады.

Нөмір алдыңғы оң жақ орындықтың астында еденде ойып жазылған. Нөмірді тексеру үшін қақпақты ашу керек.




Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN) сондай-ақ аспаптар панелінің жоғарғы жағындағы тақтада да көрсетілген. Сол тақтадағы нөмір алдыңғы әйнек арқылы автокөліктің сыртынан жақсы көрінеді.

АВТОКӨЛІКТІҢ СЕРТИФИКАЦИЯЛЫҚ ТАҚТАСЫ



Автокөліктің сертификаттау тақтасында (жүргізуші не жолаушы жағындағы ортаңғы тіреуде орналасқан) автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN) бар.


ШИНАЛАРДАҒЫ ҚЫСЫМНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫНЫҢ/ МӨНДЕРІНІҢ КЕСТЕСІ



Автокөлігіңізде орнатылған шиналар автокөліктің үздік басқарылу сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін таңдалған.

Шиналардың техникалық сипаттамаларының кестесі жүргізуші жағындағы ортаңғы тіреудің сыртқы панелінде орналасқан және автокөлігіңіздің шиналарында ұсынылатын қысым туралы ақпаратты қамтиды.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫҢ СЕРИАЛЫҚ НӨМІРІ



Қозғалтқыштың сериялық нөмірі, суретте көрсетілгендей, цилиндрлер блогында ойып жазылған.


КОНДИЦИОНЕР КОМПРЕССОРЫНЫҢ ЗАТТАҢБАСЫ



Компрессор заттаңбасында жеткізуші бөлшегінің үлгісі, нөмірі, сериялық нөмірі, суық агент типі (1) және салқындатқыш май типі (2) көрсетілген.

ОТЫН ЗАТТАҢБАСЫ (БАР БОЛСА)

Отын типі көрсетілген отын бағы люгінің қақпағындағы жапсырма.



A. Этилдендірілмеген бензин октанының рейтингі

1) RON/ROZ: Зерттеу әдісі бойынша бензиннің октандық саны

2) (R+M)/2, AKI: Детонацияға қарсы индекс

B. Бензиндік отын сәйкестендіргіштері

※ Бұл белгіше отынды қолдануға болатынын білдіреді. Өзге отын түрін қолданбаңыз.

C. Толығырақ ақпарат кіріспедегі «Отынға қойылатын талаптар» бөлімінде келтіріледі.

СӘЙКЕСТІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ (БАР БОЛСА)



Көлік құралының радиожиіліктік компоненттері 1995/5/EC Директивасының талаптары мен басқа қолданылатын ережелеріне сәйкес келеді.

Толығырақ ақпарат, соның ішінде өндірушінің сәйкестік декларациясы HYUNDAI веб-сайтында қолжетімді:

<http://service.hyundai-motor.com>

3. Қауіпсіздік жүйесі

Бұл тарауда жүргізуші мен жолаушыларды қорғау туралы маңызды ақпарат мазмұндалады.

Мұнда орындықтар мен қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдалануға, сондай-ақ қауіпсіздік көпшіктерінің жұмысына түсіндірме беріледі.

Оған қоса, бұл тарауда автокөлікте сәбилер мен балаларға белбеуді дұрыс тағу туралы түсініктеме берілген.

Маңызды сақтық шаралары	3-3
Қауіпсіздік белбеуін әрдайым тағып отыру қажет	3-3
Әрқашан балаларға арналған ұстап тұратын жүйе қолданылуы тиіс.....	3-3
Қауіпсіздік көпшігімен байланысты қауіптер	3-3
Жүргізуші назарының басқа нәрсеге аударылуы	3-4
Көлік құралының жылдамдығын бақылау	3-4
Көлік құралын қауіпсіз күйде сақтау қажет	3-4
Орындықтар	3-5
Сақтық шаралары	3-6
Алдыңғы орындық	3-7
Артқы орындықтар	3-16
Бас сүйегіш	3-19
Жылытқышы мен желдеткіші бар орындықтар	3-23
Қауіпсіздік белбеулері	3-28
Қауіпсіздік белбеулерін қолдану кезіндегі сақтық шаралары	3-28
Тағылмаған қауіпсіздік белбеулерінің дабылдағышы	3-29
Қауіпсіздік белбеулері жүйесі	3-31
Қауіпсіздік белбеулерін алдын ала тарту құрылғысы	3-34
Қауіпсіздік белбеулерін пайдалану кезіндегі қосымша сақтық шаралары	3-37
Қауіпсіздік белбеулерін тиісті түрде күтіп ұстау	3-40
Балаларға арналған ұстап тұратын жүйе (БҰЖ).....	3-41
Біздің кеңесіміз: Балалар ылғи артқы орындықтарда отыруы тиіс ...	3-41
Балаларға арналған ұстап тұратын жүйені (БҰЖ) таңдау	3-42
Балаларға арналған ұстап тұратын жүйені (БҰЖ) орнату	3-44

Қауіпсіздік көпшігі – қосымша қауіпсіздік жүйесі	3-55
Қауіпсіздік көпшіктерінің орналасуы	3-57
Қауіпсіздік көпшіктері жүйесінің жұмыс істеу қағидасы.....	3-62
Қауіпсіздік көпшіктері ашылғаннан кейін не болады	3-66
Соқтығыс кезінде неліктен қауіпсіздік көпшігі ашылмады?	3-68
ҚҚЖ құту	3-74
Қосымша сақтық шаралары	3-75
Қауіпсіздік көпшіктерінің бар екенін ескертетін заттаңбалар.....	3-76

МАҢЫЗДЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Бұл бөлімде және бүкіл осы нұсқаулықта қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша көптеген шаралар мен кеңестер беріледі. Бұл бөлімде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ең маңызды шаралар ұсынылған.

Қауіпсіздік белбеуін әрдайым тағып отыру қажет

Қауіпсіздік белбеуін қолданған кезде барлық апат түрлері жағдайында неғұрлым тиімді қорғаныс қамтамасыз етіледі. Қауіпсіздік көпшіктері жүйесі қауіпсіздік белбеулеріне қосымша ретінде жобаланған және оларды алмастырмайды. Сондықтан көлік құралы қауіпсіздік көпшіктері жүйесімен жабдықталған болса да, жүргізуші мен жолаушылар ӨРҚАШАН қауіпсіздік белбеулерін тиісті түрде қолдануы тиіс.

Әрқашан балаларға арналған ұстап тұратын жүйе қолданылуы тиіс

Көлік құралының қозғалысы кезінде 13 жасқа дейінгі балалардың бәрі әрқашан артқы орындықта болуы тиіс. Бұл ретте олар қауіпсіздік белбеулерін тағып отыруы тиіс. Сәбилер мен кішкентай балаларға баланы ұстап тұратын тиісті жүйе қолданылуы тиіс. Үлкен балаларға қауіпсіздік белбеуінің бел мен иық бөлімдері бар қосымша көпшікті қолдану керек, себебі олар әлі қосымша көпшіксіз қауіпсіздік белбеуін тиісті түрде қолдана алмайды.

Қауіпсіздік көпшігімен байланысты қауіптер

Қауіпсіздік көпшіктері апат жағдайында өмірді сақтап қалуы мүмкін, бірақ оларға тым жақын отырған немесе қауіпсіздік белбеулерін дұрыс қолданбаған жағдайда, олар сондай-ақ ауыр жарақаттың немесе өліммен аяқталатын жарақаттың себебіне айналуы мүмкін. Сәбилер, кішкентай балалар және бойы аласа адамдар қауіпсіздік көпшіктері ашылған кезде аса үлкен қауіп-қатерге ұшырайды. Осы нұсқаулықта берілген барлық нұсқаулар мен ескертулер міндетті түрде орындалуы тиіс.

Жүргізуші назарының басқа нәрсеге аударылуы

Жүргізуші назарының басқа нәрсеге аударылуы елеулі әрі өлімге әкелуі мүмкін қауіп болып табылады, бұл әсіресе тәжірибесіз жүргізушілерге қатысты. Жол жүргенде қауіпсіздікке аса көп назар аудару керек. Жүргізушілер басқа нәрсеге назар аударудың түрлі ықтимал факторлары туралы білулері тиіс, мысалы, ұйқышылдық, заттарды алу, тамақ ішу, жеке гигиена, басқа жолаушылар және мобильді телефондарды қолдану (тізім осымен шектелмейді).

Басқа нәрсеге назар аудара отырып, жүргізушілер жолдағы жағдайды бақылай алмай қалуы немесе жүргізуден басқа әрекеттерге көңіл бөліп, рульден қолын алуы мүмкін. Алаң болу қаупін және апат ықтималдығын төмендету үшін:

- Мобильді құрылғыларды (мысалы, MP3-плейерлер, телефондар, навигациялық блоктар және т.б.) баптауды ӨРҚАШАН көлік құралы тоқтап тұрғанда орындау керек.
- Мобильді құрылғыларды заңмен рұқсат етілген және оны қауіпсіз пайдалану жағдайлары болған кезде ҒАНА қолдануға болады. Қозғалыс кезінде мәтін теріп, электронды хат жіберуге БОЛМАЙДЫ. Көптеген елдерде жүргізушілерге заңнамалық деңгейде мәтін теруге тыйым салынады. Кейбір елдер мен қалаларда жүргізушілерге сондай-ақ тасымалды

телефондарды қолдануға тыйым салынады.

- Мобильді құрылғылар жүргізуден назарды басқа нәрсеге аударатын болса, оларды қолдануға **БОЛМАЙДЫ**. Жүргізуші өз жолаушылары және жол қозғалысының өзге қатысушылары үшін жауап береді, сондықтан өз көлік құралын қауіпсіз жүргізуі тиіс. Бұл ретте қолдары рульде болып, жолдағы жағдайды үнемі бақылап отыруы тиіс.


Көлік құралының жылдамдығын бақылау

Жылдамдықты арттыру апат кезінде зақым алудың, соның ішінде өлімге ұшыраудың негізгі себебі болып табылады. Осылайша, жылдамдықты арттыру аса үлкен қауіп болып табылады, бірақ елеулі жарақаттарды қозғалыс жылдамдығы төмен болғанда да алуға болады. Жылдамдық, тіпті егер ол рұқсат етілгеннен төмен болса да, ағымдағы жағдайға сәйкес таңдалуы тиіс.

Көлік құралын қауіпсіз күйде сақтау қажет

Шиналардың тесілуі немесе механикалық ақаулардың болуы аса қауіпті болуы мүмкін. Мұндай проблемалардың ықтималдығын азайту үшін шиналардағы ауа қысымын және олардың жалпы күйін үнемі тексеріп тұру керек. Барлық жоспарланған техникалық қызмет көрсету жұмыстары уақтылы орындалуы тиіс.

ОРЫНДЫҚТАР



Жүргізуші орындығы

- (1) Алға және артқа
- (2) Орындық арқалығының еңкею бұрышы
- (3) Орындық көпшігінің биіктігі
- (4) Орындық көпшігінің бұрышы
- (5) Бел тіреуі

Алдыңғы жолаушы орындығы

- (1) Алға және артқа
- (2) Орындық арқалығының еңкею бұрышы
- (3) Релаксациялық орындықтың еңкею бұрышының ауыстырып қосқышы
- (4) Релаксациялық орындықтың негізгі ажыратқышы
- (5) Оңай қол жеткізуді қамтамасыз етуге арналған ауыстырып қосқыш

Артқы орындық

- (6) Шынтақ таянышы
- (7) Орындық арқалығын жинау

Сақтық шаралары

Орындық қауіпсіз отыруға болатындай реттелуі тиіс.

Орындықтың жайлы қалпы апат жағдайында жүргізуші мен жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады (қауіпсіздік белбеулерімен және қауіпсіздік көпшіктері жүйесімен қатар).

АБАЙЛАҒЫЗ

Орындық пен жолаушы арасындағы үйкелісті азайтатын орындық көпшігін қолданбаған жөн. Апат немесе кенеттен тоқтау жағдайында жолаушының саны белбеу астынан шығып кетуі мүмкін. Қауіпсіздік белбеуі тиісті түрде істемеуі, ал бұл ішкі мүшелердің ауыр немесе өліммен аяқталатын зақымына әкелуі мүмкін.

Қауіпсіздік көпшіктері жүйесі

Қауіпсіздік көпшігі ашылған кезде жарақаттану қаупін азайту үшін белгілі бір шаралар қолданылуы мүмкін. Қауіпсіздік көпшігіне тым жақын отыру көпшік іске қосылған жағдайда денеге зақым келу қаупін едәуір ұлғайтады.

Орындықты, көлік құралын бақылауды сақтай отырып, алдыңғы қауіпсіздік көпшіктерінен мүмкіндігінше алыстау орналастыру керек.

АБАЙЛАҒЫЗ

Қауіпсіздік көпшігі іске қосылған жағдайда денеге зақым келтіру қаупін азайту үшін келесі шараларды қабылдау керек:

- Жүргізуші орындығын, көлік құралын басқару мүмкіндігін сақтай отырып, мүмкіндігінше артқа жылжыту.
- Алдыңғы жолаушының орындығын мүмкіндігінше артқа жылжыту.
- Қолға зақым келу қаупін азайту үшін руль дөңгелегі сағат тілінің «9» және «3» сағатына сәйкес келетін қалыптарда тұруы тиіс.
- Қауіпсіздік көпшігінің алдына еш нәрсені не ешкімді орналастыруға БОЛМАЙДЫ.
- Аяққа зақым келу қаупін азайту үшін алдыңғы жолаушының алдыңғы панельге аяқ қоюына рұқсат бермеу.

Қауіпсіздік белбеулері

Қауіпсіздік белбеулерін әрқашан сапарға шықпай тұрып тағу керек.

Жолаушылар әрқашан түзу отырып, қауіпсіздік белбеулерін тағулары тиіс. Сәбилер мен кішкентай балаларға баланы ұстап тұратын тиісті жүйе тағылуы тиіс. Қосымша көпшік қолданылатын балалар мен ересектер қауіпсіздік белбеулерін тағулары тиіс.

АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіздік белбеулерін реттеген кезде келесі шараларды қолдану керек:

- Қауіпсіздік белбеуін бірнеше адамға тағуға **БОЛМАЙДЫ**.
- Қауіпсіздік белбеуінің белдік бөлігімен санды белбеулеп, орындық арқалығын әрқашан тігінен орнату керек.
- Балаларға немесе сәбилерге қауіпсіздік белбеуінің белдік бөлігін тағуға **БОЛМАЙДЫ**.
- Қауіпсіздік белбеуін мойын, өткір жиектер арқылы өткізуге немесе иық бауын денеден тыс өткізуге болмайды.
- Қауіпсіздік белбеуінің қысылып қалуына жол бермеу керек.

Алдыңғы орындық

Алдыңғы орындықтың қалпын орындық көпшігінің сыртқы жағында орналасқан басқару иінтірегімен не ауыстырып қосқыштармен реттеуге болады. Жүріс алдында орындықтың қалпын рульді, педальдарды және аспаптар панеліндегі басқару органдарын қолайлы басқара алатындай реттеп алу керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

Орындықты реттеген кезде келесі шараларды қолдану керек:

- Көлік құралы жүріп келе жатқанда орындықты реттеуге **БОЛМАЙДЫ**. Бұл ретте көлік құралы басқарыла алмай, апат орын алуы мүмкін.
- Алдыңғы орындықтардың астына қандай да бір заттарды орналастыруға болмайды. Жүргізушінің аяқ жағындағы бекітілмеген заттар педальдарды басқаруға кедергі келтіріп, бұл апатқа әкелуі мүмкін.
- Орындық арқалығын қалыпты күйіне орнатып бекітуге ештеңе кедергі келтірмеуі тиіс.
- Еденде не орындықта оттықты қалдыруға болмайды. Орындық қалпы өзгергенде оттық ішінен газ шығып, тұтануға әкелуі мүмкін.
- Орындық астынан не орындықтар мен орталық консоль арасындағы

кеңістіктен майда заттарды шығарғанда аса сақ болыңыз. Орындық механизмінің өткір шеттері қолды кесіп кетуі не жарақаттауы мүмкін.

- Алдыңғы орындықтардың қалпын реттеген кезде, артқы орындықтарда адам отырған жағдайда сақтық таныту керек.
- Реттеп болған соң орындықтың нық бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Олай болмаған жағдайда, орындық кенет жылжып кетіп, апатқа әкелуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Жарақатты болдырмау үшін:

- Қауіпсіздік белбеуі тағылып тұрғанда орындықты реттеуге болмайды. Орындық көпшігінің алға жылжуы ішке қатты қысым келтіруі мүмкін.
- Орындық жылжыған кезде оның механизміне қолдың немесе саусақтардың кіріп кетпеуі үшін сақтық танытқан жөн.

Қолмен реттеу (бар болса)



Бойлық қалыпты реттеу

Орындықты алға не артқа жылжыту үшін:

1. Орындық бағыттауышының реттеу иінтірегін жоғары тартып, ұстап тұру.
2. Орындықты қажетті қалыпқа келтіру.
3. Иінтіректі жіберіп, орындықтың жаңа қалыпта бекітілгенін тексеру. Орындықты алға және артқа иінтіректі қолданбай жылжытып көру. Егер орындық жылжыса, бұл оның тиісінше бекітілмегенін білдіреді.



Арқалықтың еңкею бұрышы

Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу үшін:

1. Сәл алға еңкейіп, арқалықты реттейтін тұтқаны жоғары тарту.
2. Артқа абайлап шалқайып, орындық арқалығын қажетті қалыпқа келтіру.
3. Интіректі жіберіп, орындық арқалығының жаңа қалыпта бекітілгеніне көз жеткізу. (Орындық арқалығын бекіткен соң, тұтқа бастапқы қалыпқа оралуы ТИІС).

Орындық арқалығын қайыру

Орындық арқалығы қайырылған жағдайда көлік құралын жүргізу қауіпті болуы мүмкін. Арқалықты қайырған кезде, тіпті қауіпсіздік белбеуі тағылып тұрса да, қауіпсіздік жүйесінің (қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік көпшіктері) тиімділігі әлдеқайда төмендейді.



АБАЙЛАҢЫЗ


Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда көлік құралын жүргізуге БОЛМАЙДЫ.

Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда көлік құралын жүргізу соқтығысу не кенеттен тежеу жағдайында ауыр не өлімге әкелетін жарақат алу ықтималдығын арттырады.

Жүргізуші мен жолаушылар орындықтарда әрқашан тиісті түрде отыруы, қауіпсіздік белбеулерін тағуы тиіс, ал орындықтардың арқалықтары тігінен орнатылып тұруы керек.

Қауіпсіздік белбеулері тиісті түрде жұмыс істеуі үшін сан мен кеудені белбеулеп тұруы тиіс. Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда иық белбеуі функциясын орындамауы мүмкін, өйткені ол кеудеге қысылып тұрған жоқ. Оның орнына ол алдыңғы жақта орналасып тұр. Апат жағдайында қауіпсіздік белбеуіне қатты соққы болуы мүмкін, бұл мойын жарақатына не өзге жарақаттарға әкеледі.

Орындық арқалығы неғұрлым қатты шалқайып тұрса, жолаушы санының қауіпсіздік белбеуі астында қозғалуы немесе жолаушы мойнының иық бауына ұрылу ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.



Орындық көпшігінің биіктігі (жүргізуші орындығы үшін, бар болса)

Орындық көпшігінің биіктігін өзгерту:

- Орындық көпшігін түсіру үшін тұтқаны бірнеше рет басу.
- Орындық көпшігін көтеру үшін тұтқаны жоғары қарай бірнеше рет тарту.

Электрлік жетекпен реттеу (бар болса)

АБАЙЛАҢЫЗ

Балаларды көлік құралында қараусыз қалдыруға **БОЛМАЙДЫ**. Балалар реттегішті кездейсоқ басып қалып, орындықтарды реттеу механизмі істеп тұрғанда ішіне қолдарын салуы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Орындықтар зақымдалмауы үшін:

- Орындық шекті алдыңғы не артқы қалыпқа келтірілгенде, реттеуді тоқтату керек.
- Қозғалтқыш өшіп тұрғанда, орындықты аса ұзақ уақыт реттемеген жөн. Бұл жағдайда аккумулятор батареясының заряды таусылуы мүмкін.
- Бірнеше орындықты бір уақытта реттеуге болмайды. Бұл электр жүйесінің зақымдалуына әкелуі мүмкін.



Бойлық қалыпты реттеу

Орындықты алға не артқа жылжыту үшін:

1. Бағыттаушы қосқышты алға не артқа қарай басу.
2. Орындық қажетті қалыпқа орнатылған бойда ауыстырып қосқышты жіберу.



Арқалықтың еңкею бұрышы

Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу үшін:

1. Бағыттаушы қосқышты алға не артқа қарай басу.
2. Орындық арқалығы қажетті қалыпқа орнатылған бойда ажыратқышты жіберу.

Орындық арқалығын қайыру

Орындық арқалығы қайырылған жағдайда көлік құралын жүргізу қауіпті болуы мүмкін. Арқалықты қайырған кезде, тіпті қауіпсіздік белбеуі тағылып тұрса да, қауіпсіздік жүйесінің (қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік көпшіктері) тиімділігі әлдеқайда төмендейді.



АБАЙЛАҢЫЗ


Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда көлік құралын жүргізуге БОЛМАЙДЫ.

Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда көлік құралын жүргізу соқтығысу не кенеттен тежеу жағдайында ауыр не өлімге әкелетін жарақат алу ықтималдығын арттырады.

Жүргізуші мен жолаушылар орындықтарда әрқашан тиісті түрде отыруы, қауіпсіздік белбеулерін тағуы тиіс, ал орындықтардың арқалықтары тігінен орнатылып тұруы керек.

Қауіпсіздік белбеулері тиісті түрде жұмыс істеуі үшін сан мен кеудені белбеулеп тұруы тиіс. Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда иық белбеуі функциясын орындамауы мүмкін, өйткені ол кеудеге қысылып тұрған жоқ. Оның орнына ол алдыңғы жақта орналасып тұр. Апат жағдайында қауіпсіздік белбеуіне қатты соққы болуы мүмкін, бұл мойын жарақатына не өзге жарақаттарға әкеледі.

Орындық арқалығы неғұрлым қатты шалқайып тұрса, жолаушы санының қауіпсіздік белбеуі астында қозғалуы немесе жолаушы мойнының иық бауына ұрылу ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.



Орындық көпшігінің еңкею бұрышын реттеу (1, бар болса)

Көпшіктің алдыңғы жағының еңкею бұрышын өзгерту:

Орындық көпшігінің алдыңғы жағын көтеру үшін реттегіштің алдыңғы бөлігін жоғары, ал төмен түсіру үшін төмен жылжытыңыз.


Орындық қажетті қалыпқа орнатылған бойда ауыстырып қосқышты жіберу керек.

Орындық көпшігінің биіктігін реттеу (2, бар болса)

Орындық көпшігінің биіктігін өзгерту:

Орындық көпшігін көтеру үшін реттегіштің артқы бөлігін жоғары, ал төмен түсіру үшін төмен жылжытыңыз.

Орындық қажетті қалыпқа орнатылған бойда ауыстырып қосқышты жіберу керек.



Белдік тіреу (бар болса)

- Белдік тіреуді тиісті реттегішпен баптауға болады.
- Тіреуді арттыру үшін реттегіштің алдыңғы бөлігін (1), тіреуді азайту үшін реттегіштің артқы бөлігін (2) басыңыз.

Алдыңғы жолаушының орындығын басқару (бар болса)

Артқы орындықтағы жолаушы алдыңғы жолаушының орындығын реттеуге арналған ауыстырып қосқыштарды қолдана алады.

- Алға не артқа жылжыту:

Алдыңғы жолаушы орындығын алға жылжыту


ауыстырып қосқышты (1) басу арқылы орындалады.

Алдыңғы жолаушы орындығын артқа жылжыту ауыстырып қосқышты (2) басу арқылы орындалады.

- Бұрышты реттеу:

Алдыңғы жолаушы орындығының арқалығын алға еңкейту ауыстырып қосқышты (3) басу арқылы орындалады.

Алдыңғы жолаушы орындығының арқалығын артқа шалқайту ауыстырып қосқышты (4) басу арқылы орындалады.



Релаксациялық орындық (жолаушы орындығы үшін, бар болса)

Релаксациялық орындықтар дене қысымын және ұзақ уақыт бойы бір қалыпта отырудан туындайтын нақты дене бөліктерінен шоғырланған жүктемені біркелкі үлестіреді. Орындық оңтайлы отыру қалпын қамтамасыз ету арқылы шаршағандық пен жайсыздықты азайтуға мүмкіндік береді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Релаксациялық орындықты қолданған кезде келесі сақтық шараларын орындау керек:

- Автокөлік жүріп бара жатқанда релаксациялық орындықты қолдануға тыйым салынады. Релаксациялық орындықты пайдалану соқтығысу немесе кенеттен тежеу жағдайында жарақат алу ықтималдығын едәуір арттырады.
- Автокөлік жүріп бара жатқанда релаксациялық орындықты қолдануға тыйым салынады. Иықтық қауіпсіздік белбеуі кеудеге жеткілікті дәрежеде тығыз қысылып тұрмауы мүмкін.

■ Алдыңғы жолаушы орындығын жинау ауыстырып қосқышы





■ Алдыңғы жолаушы орындығының ауыстырып қосқышы



• Релаксациялық орындықтың жұмысы

Егер ажыратқышты (1) басса, орындық автоматты түрде релаксация қалпына келеді.

- Орындық көпшігі алға не артқа жылжиды.
- Орындық көпшігі мен арқалығының бұрышы реттеледі.



[A]: бір уақытта жылжуы

Орындық қалпын (2) және (3) ауыстырып қосқыштардың көмегімен қолмен реттеуге болады.


Ауыстырып қосқыштың (2) жоғарғы бөлігін басқанда, орындық бастапқы қалпына қарай сәл жылжиды. Ауыстырып қосқыштың (3) төменгі бөлігін басқанда, орындық релаксация қалпына қарай сәл артқа жылжиды.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Орындық қалпын реттеу үшін бірнеше ауыстырып қосқышты бір уақытта баспаған жөн. Бұл орындық жүйесін зақымдауы мүмкін.

- Қайтару функциясы
Орындық релаксация қалпында тұрғанда ауыстырып қосқышты (1) басқан кезде орындық алдыңғы жолаушы белгілеген қалыпқа оралады.

Орындық арқалығының қалтасы



Алдыңғы орындықтардың арқалықтарында қалталар бар.

НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Орындық арқалықтарының қалталарына ауыр не өткір заттарды салуға болмайды.

Апат жағдайында олар адамдардың жарақаттануына себеп болуы мүмкін.

Артқы орындықтар

Арқасы жиналатын артқы орындық (бар болса)


Ұзын заттарды тасымалдау немесе көлік құралының жүк бөлігі қуысының көлемін ұлғайту үшін артқы орындықтардың арқалықтарын жинауға болады.

АБАЙЛАҢИЗ

- Көлік құралы жүріп келе жатқанда жолаушылар арқалықтары жиналған артқы орындықтарда отырмауы тиіс. Мұндай күйде қауіпсіздік белбеулерін пайдалану мүмкін емес.

Бұл апат не кенеттен тоқтау жағдайында ауыр жарақатқа немесе өлімге себеп болуы мүмкін.

- Арқалықтары жиналған артқы орындықтарда орналасқан заттардың биіктігі алдыңғы орындықтар арқалығының биіктігінен аспауы тиіс. Кенеттен тоқтаған кезде жүк алға қарай жылжып кетіп, жарақатқа не зақымға әкелуі мүмкін.



Артқы орындық арқалығын жинау процедурасы:

1. Алдыңғы орындық арқалығын тігінен орнатып, оны қажетінше алға қарай жылжытыңыз.
2. Артқы орындықтың бас сүйегішін шеткі төменгі қалпына түсіріңіз.



3. Жүксалғыш жағында орналасқан орындық арқалығын жинау иінтрегін тартыңыз.



4. Орындық арқалығын алға қарай жинаңыз.
5. Артқы орындықты пайдалану үшін орындық арқалығын көтеріп, артқа қарай тартыңыз. Орындық арқалығын сырт еткен дыбыс шыққанша тартыңыз. Орындықтың бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Артқы орындық арқалығын жинаулы қалпынан тік қалпына қайтарған кезде оны ұстап тұрып, баяу көтеру керек. Орындық арқалығының жоғарғы бөлігін басып, оның тігінен бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Егер орындық арқалығы бекітілмеген болса, онда апат жағдайында не кенеттен тоқтаған кезде жүк едәуір күшпен алға қарай жылжып кетіп, ауыр жарақаттарға не өлімге себеп болуы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Артқы орындыққа заттарды салмаңыз, себебі оларды тиісті түрде бекіту мүмкін емес. Соқтығыс кезінде олар ауыр жарақаттарға не өлімге себеп болуы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Жүкті тиеудің не түсірудің алдында қозғалтқыштың өшіп тұрғанына, селектор тұтқасының «Р» (тұрақ) қалпына келтірілгеніне және тұрақ тежегіші қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Бұл талаптарды орындамау ауыстыру түймесі басқа қалыпқа кездейсоқ ауысып кеткен жағдайда автокөліктің қозғала бастауына әкелуі мүмкін.

Шынтақ таянышы



Шынтақ таянышы артқы орындықтың ортасында орналасқан. Оны қолдану үшін орындық арқасындағы шынтақ таянышын түсіру керек.

Ұзын/жіңішке жүкті тасымалдау (бар болса)



Жүксалғыш жабық тұрғанда тиісті түрде орналастыруға келмейтін ұзын/жіңішке жүкке (шаңғы, тақтайлар және т.б.) арналған қосымша кеңістік.

1. Шынтақ таянышын түсіру.
2. Иінтіректі басып, қақпақты төмен түсіру.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Көлік құралының ішкі қаптамасын зақымдап алмау үшін артқы жолаушы орындықтары арқылы жүк өткізген кезде сақ болу керек.
- Жүк артқы жолаушы орындықтары арқылы тиелген кезде, оны қозғалыс барысында өздігінен жылжып кетпейтіндей бекіту керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

Соқтығысу кезінде автокөлік ішінде кенеттен жылжып кетпеуі үшін жүктің қалпын әрқашан бекітіп қою керек; әйтпесе, бұл көлік құралында отырған адамдарды жарақаттауы мүмкін. Артқы орындықтарда орналасқан заттарға ерекше сақтық таныту керек, себебі олар алдыңғы жақтан соқтығысу кезінде алдыңғы орындықтарда отырған адамдарды ұруы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Жүк тиеу

Жүкті тиеудің не түсірудің алдында қозғалтқыштың өшіп тұрғанына, селектор тұтқасының «Р» (тұрақ) қалпына келтірілгеніне және тұрақ тежегіші қосылып тұрғанына көз жеткізу қажет.

Бұл талаптарды орындамау ауыстыру түймесі басқа қалыпқа кездейсоқ ауысып кеткен жағдайда автокөліктің қозғала бастауына әкелуі мүмкін.


Бас сүйегіш

Көлік құралының алдыңғы және артқы орындықтары реттелетін бас сүйегіштермен жабдықталған. Бас сүйегіштер жолаушыларды жайлылықпен қамтамасыз етеді, бірақ олар негізінде жолаушыларды апат жағдайында, әсіресе бағыттас соқтығысу (артынан соғу) кезінде қамшы жарақатынан және омыртқаның не мойынның басқа да жарақаттарынан қорғайды.

АБАЙЛАҢЫЗ

Бас сүйегіштерді реттеген кезде ауыр жарақаттар немесе өлім (апат жағдайында) қаупін азайту үшін келесі сақтық шараларын орындау керек:

- Көлік құралымен жолға шықпас бұрын барлық жолаушы орындықтарының бас сүйегіштерін реттеп алу керек.



Бас сүйегіштерді бас сүйегіштің ортаңғы бөлігі көз биіктігінде орналасатындай баптау керек.

- Көлік құралының қозғалысы кезінде жүргізуші орындығының бас сүйегішін реттеуге **БОЛМАЙДЫ**.
- Бас сүйегіш жолаушының басына мүмкіндігінше жақын орналасуы тиіс. Дене орындық арқалығына жанасып тұрмаған жағдайда, көпшіктерді қолданбаған жөн.
- Реттеп болған соң бас сүйегіштің қажетті қалыпта бекітіліп тұрғанына көз жеткізіңіз.


МӘЛІМЕТ ҮШІН

Зақымдардың алдын алу үшін бас сүйегішті соғып тартпаған дұрыс.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Егер артқы орындықтарда жолаушылар жоқ болса, бас сүйегіштерді ең төменгі қалпына түсіріп қою керек. Артқы орындықтың бас сүйегіші артқы аймақ көрінісін шектеуі мүмкін.

Алдыңғы орындықтардың бас сүйегіштері



Жолаушылардың жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін алдыңғы орындықтар реттелетін бас сүйегіштермен жабдықталған.



Биіктігі бойынша жоғары және төмен қарай реттеу

Бас сүйегіш биіктігін арттыру:



1. Бас сүйегішті қажетті қалыпқа (1) жоғары қарай жылжыту.

Бас сүйегіштің биіктігін азайту:

1. Бас сүйегіш тіреуіндегі бекіткіш (2) түймесін басып ұстап тұру.
2. Бас сүйегішті қажетті қалыпқа (3) төмен қарай жылжыту.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Орындық арқалығын алға еңкейткен кезде орындық көпшігі мен бас сүйегіш көтеріңкі қалыпта тұрса, бас сүйегіштің күнқағарға немесе көлік құралының өзге интерьер элементтеріне тиюі әбден мүмкін.



**Шешіп алу/қайта орнату**

Бас сүйегішті шешіп алу:

1. Орындықтың арқалығын (2) иінірекпен немесе арқалықтың еңкеюін ауыстырып қосқышпен (1) еңкейтіңіз.
2. Бас сүйегішті мүмкіндігінше көтеріңіз.
3. Бас сүйегіштің бекіткіш түймесін (3) басып, бір уақытта бас сүйегішті жоғары тартыңыз (4).

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Бас сүйегіші алынған орындыққа ешкімнің отыруына **ЕШҚАШАН** рұқсат етпеңіз.




Бас сүйегішті орнату үшін:

1. Орындық арқалығын еңкейтіңіз.
2. Бас сүйегіш тіреулерін (2) саңылауларға орнатып, дәл сол уақытта бекіткіш (1) түймесін басыңыз.
3. Бас сүйегішті қажетті биіктікке орнатыңыз.
4. Орындық арқалығын (4) иінтіреппен немесе арқалықтың еңкеюін ауыстырып қосқышпен (3) еңкейтіңіз.


АБАЙЛАҢЫЗ

Бас сүйегішті тиісті түрде қайта орнатып, баптап алған соң, оның өз орнына бекітілгендігіне көз жеткізіңіз.

Артқы орындықтардың бас сүйегіштері



Жолаушылардың жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін артқы орындықтар бас сүйегіштермен жабдықталған.



Биіктігі бойынша жоғары және төмен қарай реттеу

Бас сүйегіштің биіктігін арттыру:

1. Бас сүйегішті қажетті қалыпқа (1) жоғары қарай жылжыту.

Бас сүйегіштің биіктігін азайту:

1. Бас сүйегіш тіреуіндегі бекіткіш (2) түймесін басып ұстап тұру.
2. Бас сүйегішті қажетті қалыпқа (3) төмен қарай жылжыту.

Жылытқышы мен желдеткіші бар орындықтар

Орындықтардың жылытқыштары (бар болса)

Орындықтардың жылытқыштары суық ауа райында орындықтарды жылытуға арналған.

АБАЙЛАҢЫЗ

Орындықтың жылытқышы тіпті төмен температурада, әсіресе ұзақ қолданған жағдайда, АУЫР КҮЙІКТЕРГЕ себеп болуы мүмкін.

Жолаушылар орындықтың тым ыстық болып кеткенін сезе алатындай және жылытқышты уақтылы өшіріп қоятынды күйде болуы тиіс.

Температураның өзгерісін немесе терінің ауырсынуын анықтай алмайтын адамдар ерекше сақтық танытуы тиіс. Бұл әсіресе келесі жолаушыларға қатысты:

- Сәбилер, балалар, егде жастағы немесе әрекетке қабілетсіз адамдар, сондай-ақ ауруханадан жақында шығарылған пациенттер.
- Терісі сезімтал адамдар.
- Қажыған адамдар.
- Уланған адамдар.
- Қалғуды немесе ұйқышылдықты туғызатын медициналық препараттардың әсеріндегі адамдар.




АБАЙЛАҢЫЗ

Орындық жылытқышынан жылудың берілуіне кедергі келтіретін қандай да бір нәрсені (мысалы, көрпе не көпшіктер) орындыққа қоюға **БОЛМАЙДЫ**. Бұл орындық жылытқышының қызып кетуіне әкеліп, күйіктің немесе орындықтың зақымдануының себебі болуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Орындықтарды жылыту жүйесінің және орындықтардың өздерінің зақымдалуын болдырмау үшін мыналарды орындау қажет.

- Орындықтарды тазалау үшін бояу сұйылтқыш, бензол, спирт және бензин сияқты еріткіштерді қолдануға тыйым салынады.
- Жылытқышы бар орындыққа ауыр не өткір заттарды қоймаған жөн.
- Орындықтардың қаптарын ауыстырмаған жөн. Бұл орындық жылытқышының немесе орындықты желдету жүйесінің зақымдалуына себеп болуы мүмкін.



Қозғалтқыш істеп тұрғанда жүргізуші не жолаушы орындығының жылытқышын қосыңыз.


Егер ауа райы жылы болса немесе орындықты жылыту функциясы қажет етілмесе, ажыратқыштарды «өшірулі» қалпына орнату керек.

• Температураны қолмен реттеу
Ажыратқышты басқан сайын орындықтың температура режимі былайша өзгереді:

- Алдыңғы орындық (А типті)



- Алдыңғы орындық (В/С типті)




- Артқы орындық




- Температураны автоматты режимде реттеу
ON (ҚОСУ) түймесін қолмен қосқан соң, орындық жылытқышы төмен температуралы күйіктердің алдын алу үшін орындық температурасын автоматты түрде басқаруды бастайды.

- Алдыңғы орындық



- Артқы орындық



Температураны қолмен өзгертуге болады. Алайда көп ұзамай автоматты режимге қайта ауысады.

- Егер жылытқыш істеп тұрғанда ауыстырып қосқышты 1,5 секундтан астам уақыт басып ұстап тұрсаңыз, орындық жылытқышы өшеді.
- Өдетте оталдыру жүйесін қосқан кезде орындық жылытқышының ажыратқышы «қосулы» қалпында тұрады.

Алайда, егер жайлылықты автоматты түрде басқару функциясы қосылып тұрса, жүргізуші орындығының жылытқышы қоршаған ортаның ауа температурасына байланысты қосылады және өшеді.

- Жайлылықты автоматты түрде басқару (жүргізуші орындығы үшін, бар болса)

Қозғалтқыш істеп тұрғанда орындық жылытқышы қоршаған ортаның ауа температурасына байланысты орындық температурасын автоматты түрде реттейді.

Орындық жылытқышының ажыратқышын басқанда, орындық жылытқышы қолмен басқарылады.

Осы функцияны пайдалану үшін оны АВН жүйесінің экранындағы Сеттингс (баптаулар) мәзірінде белсенді күйге келтіру керек.

Толығырақ мәлімет автокөліктің ақпараттық ойын-сауық жүйесіне арналған бөлек жеткізілетін нұсқаулықта беріледі.

Желдету жүйесі бар алдыңғы орындық (бар болса)

■ А типі



■ В типі




Орындықтарды желдету жүйесі орындықтардың көпшіктері мен арқалықтарының бетіндегі шағын желдеткіш саңылаулары арқылы ауа жіберіп, алдыңғы орындықтарды салқындатады.


Егер орындықтарды желдету жүйесінің жұмысы қажет болмаса, онда ауыстырып қосқыштарды ажыратып қою керек. Қозғалтқыш істеп тұрғанда жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының орындығын салқындату үшін ауыстырып қосқышты басыңыз.

- Ауыстырып-қосқышты басқан сайын ауа ағыны былайша өзгереді:

- А типі



- В типі



- Егер орындықтарды желдету жүйесі істеп тұрғанда ауыстырып қосқышты 1,5 секундтан астам уақыт басып ұстап тұрса, жүйе өшеді.
- Әдетте оталдыру жүйесін қосқан кезде орындықтарды желдету жүйесі өшіп тұрады. Алайда, егер жайлылықты автоматты түрде басқару функциясы қосылып тұрса, орындықты желдету жүйесі қоршаған ортаның ауа температурасына байланысты қосылады және өшеді.

- Жайлылықты автоматты түрде басқару (жүргізуші орындығы үшін, бар болса)

Қозғалтқыш істеп тұрғанда орындықтарды желдету жүйесі қоршаған ортаның ауа температурасына байланысты орындық температурасын автоматты түрде реттейді. Егер орындықтарды желдету жүйесінің ажыратқышы басылған болса, орындықтарды желдету жүйесі қолмен басқарылады.

Осы функцияны пайдалану үшін оны АВН жүйесінің экранындағы Сеттингс (баптаулар) мәзірінде белсенді күйге келтіру керек.

Толығырақ мәлімет автокөліктің ақпараттық ойын-сауық жүйесіне арналған бөлек жеткізілетін нұсқаулықта беріледі.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Орындықтарды желдету жүйесінің зақымдануын болдырмау үшін:

- Орындықтарды желдету жүйесін климат-бақылау жүйесі қосылып тұрғанда ҒАНА қолданыңыз. Климат-бақылау жүйесі өшіп тұрғанда орындықтарды желдету жүйесін ұзақ қолдану орындықтарды желдету жүйесінің бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Орындықтарды тазалау үшін бояу сұйылтқыш, бензол, спирт және бензин сияқты еріткіштерді қолдануға тыйым салынады.

- Алдыңғы орындықтарға сұйықтықтың тиюіне жол бермеңіз, бұл ретте желдеткіш саңылаулары бұғатталып, жұмысын тиісті түрде орындамауы мүмкін.
- Орындықтың астына газет не пластик пакеттерді қоюға болмайды. Олар ауа ағынын бұғаттап, желдету жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Орындықтардың қаптамасын ауыстырмаған жөн. Бұл орындықтарды желдету жүйесін зақымдауы мүмкін.
- Егер желдету жүйесі тиісті түрде жұмыс істемесе, онда оталдыру жүйесін өшіріп, қайта қосу керек. Егер бұл көмектеспесе, жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

ҚАУІПСІЗДІК БЕЛБЕУЛЕРІ

Бұл бөлімде қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдалану сипаттамасы берілген. Оған қоса, қауіпсіздік белбеулерін қолданған кезде жол беруге болмайтын кейбір әрекеттер де келтірілген.

Қауіпсіздік белбеулерін қолдану кезіндегі сақтық шаралары

Жолға шықпас бұрын әрқашан қауіпсіздік белбеуін тағып, барлық жолаушылардың қауіпсіздік белбеулерін тағып алғанына көз жеткізіңіз. Қауіпсіздік көпшіктері жүйесі (бар болса) қосымша қорғаныс құрылғысы ретінде қауіпсіздік белбеулеріне тек қосымша болып табылады және қауіпсіздік белбеулерін алмастыра алмайды. Көптеген елдерде көлік құралындағы адамдардың барлығынан қауіпсіздік белбеулерін тағу талап етіледі.



АБАЙЛАҢЫЗ

Көлік құралының қозғалысы кезінде **БАРЛЫҚ** жолаушылардың қауіпсіздік белбеулері тағылып тұруы тиіс. Қауіпсіздік белбеулерін таққан кезде келесі шараларды орындау керек:

- 13 жасқа дейінгі балаларды **ӘРҚАШАН** артқы орындықтарға отырғызып, тиісті ұстап тұру жүйесін тағып қойыңыз.
- Көлік құралының қозғалысы кезінде балаларды алдыңғы жолаушы орындығына отырғызуға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**. Егер 13 жастан асқан бала алдыңғы орындықта отырса, орындықты мүмкіндігінше артқа жылжытып, балаға қауіпсіздік белбеуін тағып қою керек.
- Балаларға немесе сәбилерге жолаушы орындығының қауіпсіздік белбеуінің белдік бөлігін тағуға **БОЛМАЙДЫ**.
- Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда, көлік құралын жүргізуге **БОЛМАЙДЫ**.
- Балаларды бір орындыққа отырғызуға немесе бір белбеуді тағуға болмайды.
- Иық белбеуін қол астынан не арқасынан өткізуге болмайды.
- Қауіпсіздік белбеуін сынғыш заттардың үстінен тағуға болмайды. Кенеттен тежеген не соқтығысқан жағдайда, олар белбеуден зақымдануы мүмкін.
- Ширатылған қауіпсіздік белбеуін қолдануға болмайды. Ширатылған қауіпсіздік белбеуі апат жағдайында тиісті қорғаныспен қамтамасыз етпейді.
- Зақымдалған қауіпсіздік белбеуін қолдануға болмайды.
- Қауіпсіздік белбеуінің тоғасын басқа орындықтың ілмегіне тағуға болмайды.

- Қауіпсіздік белбеуін жүріс барысында ағытуға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**. Бұдан көлік құралын басқара алмай, апат орын алуы мүмкін.
- Тоғаның қауіпсіздік белбеуінің ілмегіне бекітілуіне ештеңенің кедергі жасамайтынына көз жеткізіңіз. Бұл тоғаның ілмекке нық бекітілуіне кедергі келтіруі мүмкін.
- Автокөлік иесінің конструкцияға қауіпсіздік белбеуінің салбырауын болдырмау бойынша белбеуді тарту құрылғысының қалыпты жұмысына кедергі жасайтын, не болмаса сол мақсатпен белбеудің тартылып тұруын баптауға кедергі келтіретін өзгерістерді немесе толықтыруларды енгізуіне тыйым салынады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Зақымдалған қауіпсіздік белбеулері мен тарту механизмдері тиісті түрде жұмыс істемейді. Мыналарды ерқашан ауыстыру керек:

- Тозған, ластанған не зақымданған бауларды.
- Зақымданған бөлшектерді.
- Апаттан соң, тіпті көзге көрінетін зақымдар жоқ болса да, жинақтағы бүкіл қауіпсіздік белбеулері жүйесін ауыстыру керек.

Тағылмаған қауіпсіздік белбеулерінің дабылдағышы

Қауіпсіздік белбеулерінің тағылмағаны туралы ескерту



Жүргізушінің тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің дабыл беру жүйесінің бақылау шамы Жүргізушіге еске салу ретінде, белбеудің тағылып-ағытылып тұрғанына тәуелсіз, оталдыру жүйесі қосылған сайын шамамен 6 секундқа тағылмаған қауіпсіздік белбеулерінің дабылдағышы жанып, зуммердің дыбыстық сигналы беріледі. Қауіпсіздік белбеуі тағылмаған болса, 6 секунд бойы дыбыстық сигнал беріледі.

Қозғалтқышты қосу және өшіру түймесі ON не START қалпына келтірілгеннен кейін қауіпсіздік белбеуі тағылмаған болса, не болмаса қозғалтқышты қосу және өшіру түймесін ON не START қалпына ауыстырғаннан кейін ол ағытылған болса, онда қауіпсіздік белбеуінің тиісті бақылау шамы белбеу тағылғанша жанып тұрады.

Қозғалыс қауіпсіздік белбеуі тағылмаған кезде басталса немесе жылдамдық 20 км/сағ мәнінен

төмен болғанда қауіпсіздік белбеуі ағытылып кетсе, тиісті сигнал шамы белбеу тағылғанша жанып тұра береді.

Қозғалыс қауіпсіздік белбеуі тағылмаған күйде жалғасып жатса немесе белбеу 20 км/сағ астам жылдамдықпен жүргенде ағытылса, шамамен 100 секунд бойы зуммердің дыбыстық сигналы беріледі және тиісті дабылдағыш жыпылықтайды.

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуінің бақылау шамы (Таяу Шығыс үшін) (бар болса)

Алдыңғы жолаушыға еске салу ретінде, алдыңғы жолаушы орындығы жағындағы қауіпсіздік белбеуінің бақылау шамы, белбеудің тағылып-ағытылып тұрғанына тәуелсіз, қозғалтқышты қосу және өшіру түймесі ON не START қалпына келтірілген сайын шамамен 6 секунд жанып тұрады.

Қозғалтқышты қосу және өшіру түймесі ON не START қалпына келтірілгеннен кейін қауіпсіздік белбеуі тағылмаған болса, не болмаса қозғалтқышты қосу және өшіру түймесін ON не START қалпына ауыстырғаннан кейін ол ағытылған болса, онда қауіпсіздік белбеуінің тиісті бақылау шамы белбеу тағылғанша жанып тұрады.

Қозғалыс қауіпсіздік белбеуі тағылмаған кезде басталса немесе жылдамдық 20 км/сағ мәнінен төмен болғанда қауіпсіздік белбеуі ағытылып кетсе, тиісті сигнал

шамы белбеу тағылғанша жанып тұра береді.

Қозғалыс қауіпсіздік белбеуі тағылмаған күйде жалғасып жатса немесе белбеу 20 км/сағ астам жылдамдықпен жүргенде ағытылса, шамамен 100 секунд бойы зуммердің дыбыстық сигналы беріледі және тиісті дабылдағыш жыпылықтайды.



Ақпарат

- Алдыңғы қатардағы жолаушы орындығы бос болғанына қарамастан, қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамы 6 секунд бойы жыпылықтайды немесе жанады.
- Алдыңғы қатардағы жолаушы орындығы үшін қауіпсіздік белбеуін тағу қажеттігі туралы ескерту сол орынға жүк қойған жағдайда да іске қосылуы мүмкін.


Қауіпсіздік белбеулері жүйесі

Қауіпсіздік белбеуінің бел және иық бөлімдері



Қауіпсіздік белбеуін тағу үшін:

Белбеуді тартқыш құрылғыдан тартып шығарып, ілмектегі (2) металл басқа (1) салу керек. Бас ілмекке бекітілгенде сырт еткен дыбыс естіледі.



Белбеудің төменгі бөлігі (1) – санды, ал үстіңгі бөлігі (2) кеудені ұстап тұруы тиіс.

Белдік қауіпсіздік белбеуін қолмен реттеп болған соң, қауіпсіздік белбеуінің ұзындығы автоматты түрде реттеледі. Баяу алға қарай еңкейген кезде белбеу ұзындығы тиісінше ұлғаяды. Кенеттен тежеген не соқтығысқан кезде белбеу ағымдағы күйде бұғатталады. Белбеу тым алға қарай кенеттен еңкейген кезде де бұғатталады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Егер тартқыш құрылғыдан белбеудің жеткілікті ұзындығы тартылмаса, белбеуді қатты тартып барып, жіберу керек. Жіберген соң белбеуді қажетті ұзындыққа бірқалыпты тартып шығаруға болады.



АБАЙЛАҢЫЗ



Қауіпсіздік белбеуін тиісті түрде реттемеу апат жағдайында ауыр жарақат алу қаупін арттырады. Қауіпсіздік белбеулерін реттеген кезде келесі сақтық шараларын қолдану керек:

- Қауіпсіздік белбеуінің белдік бөлігін белге емес, қолайлы болатындай, сан арқылы мүмкіндігінше төменірек орналастырыңыз. Бұл соқтығысу кезінде ішкі жарақаттар ықтималдығын азайтып, мықты жамбас сүйектерімен соққы күшін қатты сезбеуге мүмкіндік береді.
- Суретте көрсетілгендей, бір қолыңызды иық бауының астына, ал екіншісін белбеудің үстіне қойыңыз.
- Иық бауының бекітпесі қажетті биіктікте бекітілуі тиіс.
- Иық бауын мойын не бет арқылы өткізуге болмайды.
Height adjustment

Биіктікті реттеу

Максималды жайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін иық бауын бекіту биіктігін төрт қалыптың біріне реттеуге болады.


Иық бауы мойыннан емес, есік жақтағы кеуде мен иық ортасынан өтуі керек.



Қауіпсіздік белбеуі бекітпесінің биіктігін реттеу үшін биіктік реттегішін қажетті қалыпқа келтіру керек.


Биіктікті арттыру үшін биіктік реттегішін жоғары қарай жылжыту керек (1). Биіктікті азайту үшін биіктік реттегішінің түймесін (2) баса отырып, оны төмен қарай жылжыту керек (3).

Бекітпені қажетті қалыпта бекіту үшін түймені жіберу керек. Дұрыс бекітіліп тұрғанын тексеру үшін биіктік реттегішін жылжытып көру керек.



Қауіпсіздік белбеуін ағыту үшін:
 Қауіпсіздік белбеуі ілмегіндегі тоғаны ағыту түймесін (1) басыңыз. Ағытылған қауіпсіздік белбеуінің бауы автоматты түрде тартқыш құрылғымен қайта жиналуы тиіс. Егер олай болмаса, белбеудің ширатылып қалмағанын тексеру керек.

Артқы ортаңғы қауіпсіздік белбеуі



Артқы орындықтағы жолаушылар қауіпсіздік белбеуін қолданған кезде CENTER таңбаламасы бар тоғаны пайдалану керек.

i Ақпарат

Егер қауіпсіздік белбеуі тартқыш механизмнен тартып шығарылмаса, бұғаттан шығару үшін белбеуді күшпен тартыңыз. Босаған соң белбеуді бірқалыпты тартып шығаруға болады.

Қауіпсіздік белбеулерін алдын ала тарту құрылғысы



Көлік құралы жүргізуші мен алдыңғы жолаушы орындықтарының қауіпсіздік белбеулерін алдын ала тарту құрылғыларымен жабдықталған.

Алдын ала тарту құрылғысы маңдайлық соқтығысу кезінде белбеуді тартуға және жүргізушіні немесе жолаушыны ұстап қалуға арналған. Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары ауыр маңдайлық соқтығысу кезінде қауіпсіздік көпшіктерімен бір уақытта іске қосылуы мүмкін.

Кенеттен тежеген кезде, не болмаса кенеттен қозғалып, алға еңкейген кезде қауіпсіздік белбеуінің тартқыш құрылғысы ағымдағы қалыпта бұғатталып қалады. Кейбір маңдайлық соқтығысулар кезінде алдын ала тарту құрылғысы іске қосылады және қауіпсіздік белбеуін көлік құралындағы жүргізуші не жолаушы денесімен тығыз жанасқанға дейін тартады.

АБАЙЛАҢЫЗ


- Белбеуді әрқашан тағып, орындықта тиісті түрде отыру керек.
- Ширатылған немесе босап қалған қауіпсіздік белбеуін қолдануға болмайды. Ширатылған немесе босап қалған қауіпсіздік белбеуі апат жағдайында тиісті қорғанысты қамтамасыз етпейді.
- Қауіпсіздік белбеуі тоғасының қасына еш нәрсе қоймаңыз. Ол жағдайда бұл тоға функциясын бұзуы мүмкін.
- Апат жағдайында не іске қосылған жағдайда, алдын ала тарту құрылғысын ауыстыру керек.
- Алдын ала тарту құрылғысын тексеру, оған қызмет көрсету, оны жөндеу немесе ауыстыру ТЕК мамандандырылған шеберханада жасалуы тиіс. Бұны HYUNDAI ресми дилері орындауы керек.
- Жинақтағы қауіпсіздік белбеуінің механизмін соққыға ұшыратпау керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары іске қосылғаннан кейін бірнеше минуттай оны қолмен ұстамаңыз. Соқтығысу жағдайында іске қосылған кезде қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқыштарының механизмі қатты қызады және күйіп қалуға себеп болуы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Көлік құралының алдыңғы бөлігіндегі шанақ жұмыстары қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы жүйесінің зақымдалуына әкелуі мүмкін. Сондықтан жүйеге HYUNDAI ресми дилерінде қызмет көрсетуге кеңес береміз.



Алдын ала тарту құрылғысы әдетте келесі компоненттерден тұрады. Олардың орналасқан орындары төмендегі суретте көрсетілген:

- (1) ҚҚЖ қауіпсіздік көпшіктері ақаулығының бақылау шамы
- (2) Тартушы алдын ала тартқыш
- (3) ҚҚЖ басқару блогы

МӘЛІМЕТ ҮШІН

SRS қауіпсіздік көпшіктерін іске қосатын датчик қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарына қосылған. Аспаптар панеліндегі SRS қауіпсіздік көпшіктерінің бақылау шамы оталдыру жүйесін қосқан кезде шамамен 6 секундқа жанып, содан соң сөнеді. Алдын ала тарту құрылғысы ақаулы болғанда, бақылау шамы ҚҚЖ қауіпсіздік көпшігі ақаусыз күйде болғанның өзінде де жанып тұра береді. Бақылау шамы жанбаса, сөнбесе не көлік құралы қозғалғанда жанып тұрса, қауіпсіздік белбеулерін алдын ала тарту құрылғысын және (немесе) ҚҚЖ қауіпсіздік көпшігін тез арада HYUNDAI ресми дилерінде тексертіп алған жөн.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Қауіпсіздік белбеулерін алдын ала тарту құрылғылары кейбір маңдайлық немесе бүйірлік соқтығысу, не болмаса аударылу жағдайында (егер аударылу датчигі орнатылған болса) іске қосылуы мүмкін.
- Қауіпсіздік белбеулерін алдын ала тарту құрылғысы іске қосылғанда, қатты шу шығып, салонда ұсақ шаң мен түтін пайда болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай болып саналады және қауіп төндірмейді.
- Бұл шаң уытты болмаса да, теріге тиген жағдайда тітіркенуді туғызады және онымен ұзақ уақыт дем алмау керек. Қауіпсіздік белбеулерін алдын ала тарту құрылғысының іске қосылуына әкелген апаттан кейін шаң әсеріне шалдыққан тері бөліктерін сумен мұқият жуып-шаю керек.

Қауіпсіздік белбеулерін пайдалану кезіндегі қосымша сақтық шаралары

Жүктілік кезінде қауіпсіздік белбеуін пайдалану

Жүктілік кезінде қауіпсіздік белбеуін әрқашан пайдалану керек. Болашақ баланы қорғаудың ең жақсы тәсілі қауіпсіздік белбеуін тағып, өзіңді қорғау болып табылады.

Жүкті әйелдер әрқашан қауіпсіздік белбеуінің бел және иық бөліктерін қолдануы тиіс. Ол үшін иық бауын мойыннан мүмкіндігінше алыстатып, омырау арасынан өткізу керек. Белдік қауіпсіздік белбеуін іштің жұмырланған бөлігі астынан, сан мен жамбас сүйегін қамтитындай, іштен төмен орналастыру керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

Апат жағдайында болашақ баланың ауыр жарақаттану немесе өліп кету қаупін азайту үшін жүкті әйелдер қауіпсіздік белбеуінің белдік бөлігін болашақ бала жатқан іштен жоғары немесе іштің үстінен өткізбеуі тиіс.

Қауіпсіздік белбеуін балаларға тағу

Сәби және кішкентай бала

Көптеген елдерде заң бойынша баланы ұстап тұратын құрылғылар мен қосымша көпшіктер қолданылады. Түрлі елдерде баланы ұстап тұратын жүйелердің орнына қауіпсіздік белбеулерін қолдануға болатын жас мөлшері әр түрлі болуы мүмкін, бұл жағдайда нақты елдегі кейбір талаптарды білу керек. Сәбилерге арналған баланы ұстап тұратын жүйе артқы орындыққа тиісті түрде орнатылуы керек. Толығырақ мәлімет осы тараудың «Балаларға арналған ұстап тұратын жүйе» бөлімінде берілген.

АБАЙЛАҢЫЗ

Сәбилер мен кішкентай балалар үшін тиісті салмақ топтарындағы балаларға арналған ұстап тұратын құрылғылар қолданылуы ТИІС.

Баланың және басқа жолаушылардың ауыр жарақат алу қаупін азайту үшін баланы жолаушының алдына отырғызуға **ТЙЙЫМ САЛЫНАДЫ**. Апат жағдайында бала қолдан тайып, көлік құралы салонының ішкі бөліктеріне қатты соғылуы мүмкін.

Кішкентай балаларды қолданылатын елдің қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін баланы ұстап тұратын жүйенің көмегімен артқы орындыққа тиісінше бекіту арқылы жарақаттанудан жақсы қорғауға болады. Баланы ұстап тұратын жүйені сатып алмас бұрын, оның қолданылатын елдің қауіпсіздік стандарттарына сәйкес сертификатталғанына көз жеткізіңіз. Ұстап тұратын жүйе баланың бойы мен салмағына сәйкес болуы тиіс. Бұл ақпарат баланы ұстап тұратын құрылғының заттаңбасында беріледі. Осы тараудағы «Балаларға арналған ұстап тұратын жүйе» бөлімін қараңыз.

Үлкен балалар

Қосымша көпшікті пайдалану үшін тым үлкен болып саналатын 13 жасқа дейінгі балалар әрқашан артқы орындықтарға отырып, қауіпсіздік белбеуінің штаттық бел және иық бөліктерін пайдалануы тиіс. Қауіпсіздік белбеуі баланың денесін тиісті түрде ұстап тұруы үшін санның жоғарғы бөлігін, иық пен кеудені қамтуы керек. Белбеудің шақталуы мерзімді түрде тексерілуі керек. Бала қозғалған кезде белбеу жылжып кетуі мүмкін. Балаларға тиісті ұстап тұратын жүйе және (немесе) артқы орындықтағы қауіпсіздік белбеуі тағылса, апат жағдайында оларға неғұрлым көбірек қауіпсіздік қамтамасыз етіледі.

Егер 13 жастан асқан балаға алдыңғы орындыққа отыруға тура келсе, ол қауіпсіздік белбеуінің штаттық бел және иық бөліктерін тағып отыруы, ал орындық шеткі артқы қалыпқа келтірілуі тиіс.

Егер иық бауы баланың мойнына не бетіне тиіп тұрса, баланы көлік құралының ортасына таман отырғызуға әрекет жасау керек. Егер иық бауы әлі де бетіне не мойнына тиіп тұрса, тиісті қосымша көпшікті қолдану керек.



АБАЙЛАҢЫЗ

- **Әрқашан үлкен балаларда қауіпсіздік белбеуінің тағылғанын және дұрыс реттелгенін тексеру керек.**
- **Иық бауы баланың мойнына не бетіне тимей тұруы керек.**
- **Қауіпсіздік белбеуін бірнеше балаға тағуға болмайды.**

Қауіпсіздік белбеуін пайдалану және жарақаттанған адамдар

Жарақаттанған адамды тасымалдаған кезде қауіпсіздік белбеуін пайдалану керек.

Нақты кеңестер алу үшін дәрігерге хабарласқан жөн.

Бір адам – бір белбеу

Бір белбеуді екі адамның (соның ішінде баланың) тағуына болмайды. Бұл жағдайда апат кезінде ауыр жарақат алу ықтималдығы артады.

Жатуға болмайды

Орындық арқалығы қайырылған жағдайда көлік құралын жүргізу қауіпті болуы мүмкін. Арқалықты қайырған кезде, тіпті қауіпсіздік белбеуі тағылып тұрса да, қауіпсіздік жүйесінің (қауіпсіздік белбеуі мен қауіпсіздік көпшіктері) тиімділігі едәуір төмендейді.

Қауіпсіздік белбеулері тиісті түрде жұмыс істеуі үшін сан мен кеудені белбеулеп тұруы тиіс.

Апат жағдайында қауіпсіздік белбеуіне қатты соғылу қауіпі бар, бұл мойын жарақатына не өзге жарақаттарға әкеледі.

Орындық арқалығы неғұрлым қатты шалқайып тұрса, жолаушы санының қауіпсіздік белбеуі астында қозғалуы немесе жолаушы мойнының иық бауына ұрылу ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда көлік құралын жүргізуге **БОЛМАЙДЫ**.
- Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда көлік құралын жүргізу соқтығысу не кенеттен тежеу жағдайында ауыр не өлімге әкелетін жарақат алу ықтималдығын арттырады.
- Жүргізуші мен жолаушылар орындықтарда әрқашан тиісті түрде отыруы, қауіпсіздік белбеулерін тағуы, ал орындықтардың арқалықтары тігінен орнатылып тұруы тиіс.

Қауіпсіздік белбеулерін тиісті түрде күтіп ұстау

Қауіпсіздік белбеулері жүйесін бөлшектеуге не модификациялауға болмайды. Қауіпсіздік белбеулері мен олардың компоненттерін орындық ілмектерімен, есіктермен және т.б. зақымдап алмау үшін сақтық шараларын орындау қажет.

Мерзімді тексеріс

Барлық қауіпсіздік белбеулерін тозу мен зақымның бар-жоғына мерзімді түрде тексеріп тұру керек. Зақымдалған бөлшектерді мүмкіндік туа салысымен ауыстыру керек.

Белбеулер таза әрі құрғақ болуы тиіс

Қауіпсіздік белбеулерін таза әрі құрғақ күйде ұстау керек. Ластанған жағдайда, белбеулерді жұмсақ сабынды ерітіндімен және жылы сумен тазалау керек. Ағартқышты, бояуды, күшті жуғыш құралдарды немесе абразивтерді қолдануға болмайды, өйткені олар матаны зақымдауы және әлсіретуі мүмкін.

Қауіпсіздік белбеулерін ауыстыру

Қауіпсіздік белбеулерінің бүкіл жүйесі апат жағдайында толықтай ауыстырылады. Бұны тіпті көзге көрінетін зақымдары жоқ болса да, орындау керек. Кеңесу үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҰСТАП ТҰРАТЫН ЖҮЙЕ (БҰЖ)

Біздің кеңесіміз: Балалар ылғи артқы орындықтарда отыруы тиіс



АБАЙЛАҢЫЗ

Алдыңғы жолаушы орындығының көпшігі өшіп тұрмаған жағдайда, әрқашан да автокөліктің артқы орындықтарындағы балаларға белбеу тағыңыз.

Артқы орындықтарда кез келген жастағы балаларға үлкен қауіп төнбейді.

Алдыңғы жолаушы орындығындағы бала қауіпсіздік көпшігі ашылған кезде қатты жарақаттануы мүмкін, бұл АУЫР ЖАРАҚАТҚА немесе ӨЛІМГЕ себеп болуы мүмкін.

Апат, кенеттен қатты тежеу немесе кенеттен маневр жасау нәтижесінде жарақаттану қаупін азайту үшін 13 жасқа дейінгі балалар әрқашан артқы орындықтарда отырып, оларға әрқашан белбеу тағылуы тиіс. Апаттар статистикасына сәйкес, алдыңғы орындықтарда отырғанға қарағанда, артқы орындықтарда белбеу тағылған балаларға неғұрлым көбірек қауіпсіздік қамтамасыз етіледі.

Егер баланы ұстап тұратын жүйені пайдалану үшін бала тым үлкен болса, штаттық қауіпсіздік белбеулері қолданылуы тиіс.

Көптеген елдерде заң бойынша мақұлданған баланы ұстап тұратын жүйелерді қолдану керек.

Түрлі елдерде баланы ұстап тұратын жүйелердің орнына қауіпсіздік белбеулерін қолдануға болатын жас мөлшері немесе салмақ/бой әр түрлі болуы мүмкін, бұл жағдайда нақты елдегі кейбір талаптарды білу керек.

Баланы ұстап тұратын жүйе артқы орындыққа тиісті түрде орнатылуы керек. Қолданылатын елдегі қауіпсіздік стандарттарының талаптарына сәйкес келетін, нарықта қолжетімді балаларға арналған ұстап тұратын жүйе пайдаланылуы тиіс.

Баланы ұстап тұратын жүйелер әдетте көлік құралының орындығына белдік қауіпсіздік белбеуімен немесе үш нүктеде бекітілетін белбеудің бел бауымен немесе жоғарғы анкерлік белбеумен және/немесе ISOFIX анкерлік бекіткішімен бекітіледі.

Баланы ұстап тұратын жүйе әрқашан артқы орындықтарға орнатылады

Сәбилер мен кішкентай балаларға көлік құралының артқы орындығында алдын ала бекітілген, артқа не алға қарай қарап тұрған тиісті БҰЖ тағылып тұруы керек. Баланы ұстап тұратын жүйені орнату және пайдалану бойынша өндірушінің нұсқауларын оқып, орындау керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Орнату және пайдалану кезінде әрқашан баланы ұстап тұратын жүйе өндірушісінің нұсқауларын орындау керек.
- Балаға ұстап тұратын жүйені тиісті түрде тағып қою керек.
- Алынбалы бала орындығын немесе орындық арқалығына орнатылатын балаға арналған қауіпсіздік орындығын қолдануға болмайды, себебі олар апат жағдайында тиісті қорғанысты қамтамасыз етпейді.
- Апаттан кейін баланы ұстап тұратын жүйені, қауіпсіздік белбеулерін, анкерлік бекіткіштер мен жоғарғы сақтандырғыш ISOFIX анкерлік бекіткіштерін тексеру үшін HYUNDAI дилеріне жолығу керек. Selecting a Child Restraint System (CRS)

Балаларға арналған ұстап тұратын жүйені (БҰЖ) таңдау

Балаңыз үшін БҰЖ таңдаған кезде мынаны ескерген жөн:

- БҰЖ-дың қолданылатын елдің қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігін растайтын сертификациялық заттаңбасы болуы керек.
- Баланы ұстап тұратын жүйені баланың бойы мен салмағына қарай таңдау керек. Бұл ақпарат әдетте қажетті заттаңбаларда және пайдалану нұсқаулығында беріледі.
- Таңдалған баланы ұстап тұратын жүйе оны қолданатын көлік құралының орындықтарына сәйкес келуі керек.
- Орнатқан кезде баланы ұстап тұратын жүйемен бірге берілген нұсқаулар мен ескертулер орындалуы тиіс.

Баланы ұстап тұратын жүйелердің түрлері

Баланы ұстап тұратын жүйелердің үш негізгі түрі бар: алға қарап тұрған орындықтар, артқа қарап тұрған орындықтар және қосымша көпшіктер. Олар баланың жасына, бойына және салмағына сәйкес жіктеледі.



©DN8039027

Қозғалыс бағытына қарсы орналасатын баланы ұстап тұратын жүйе

Қозғалыс бағытына қарсы орналасатын баланы ұстап тұратын жүйе баланың арқасы сүйенетін бет арқылы ұстап тұруды қамтамасыз етеді. Белбеулер жүйесі баланы орнында ұстап тұрады, ал жол-көлік оқиғасы кезінде оны баланы ұстап тұратын жүйеде ұстап тұрып, мойын мен омыртқаға түсетін салмақты азайтады.

Бір жасқа толмаған балалар қозғалыс бағытына қарсы орналасатын баланы ұстап тұратын жүйеде ғана отыруы тиіс. Қозғалыс бағытына қарсы орналасатын баланы ұстап тұратын жүйелердің көптеген түрлері бар. Сәбилерге арналған баланы ұстап тұратын жүйелер тек қозғалыс бағытына қарсы орналасуы тиіс. Артқа қарап тұрған баланы ұстап тұратын жүйелер мен «3 функцияны қамтитын» жүйелер үшін әдетте бой мен салмақ шегі көрсетіледі; бұл артқа қарап тұрған жүйелерде отырған балаларды ұзақ уақыт бойы тасымалдауға мүмкіндік береді.

Артқа қарап тұрған баланы ұстап тұратын жүйелерді балалар өндіруші белгілеген бой мен салмақ шегіне сәйкес келгенше қолдана беріңіз.



©DN8039028

Алға қарап тұрған баланы ұстап тұратын құрылғылар

Алға қарап тұрған баланы ұстап тұратын құрылғы бала денесін белбеу көмегімен ұстап тұрады. Бала үшін, өндіруші белгілеген бой және дене салмағы шегіне жеткенше, алға қарап тұрған баланы ұстап тұратын құрылғы қолданылуы тиіс.

Бұдан кейін оған қосымша көпшік қолданылуы керек.

Қосымша көпшіктер

Қосымша көпшік – бұл көлік құралының қауіпсіздік белбеулері жүйесімен бірге қолдануға арналған баланы ұстап тұратын жүйе.

Қосымша көпшікті пайдалану қауіпсіздік белбеуін баланың ең мықты дене мүшелеріне жанасатындай тағуға мүмкіндік береді. Балаға арналған қосымша көпшік қауіпсіздік белбеулерін көпшіксіз қолдануға болатын кезге дейін пайдаланылуы тиіс.

Қауіпсіздік белбеуін тиісті түрде бекіту үшін бел белбеуі ішті емес, санның жоғарғы бөлігін қамтуы тиіс. Иық белбеуі мойын не бет арқылы емес, иық пен кеудеден өтуі тиіс. Апат, кенеттен қатты тоқтау немесе кенеттен маневр жасау нәтижесінде жарақаттану қаупін азайту үшін 13 жасқа дейінгі балалар міндетті түрде белбеуді тиісінше тағулары керек.

Балаларға арналған ұстап тұратын жүйені (БҰЖ) орнату

АБАЙЛАҢЫЗ

Балаларға арналған ұстап тұратын жүйені орнату алдында мыналарды орындау керек:

Баланы ұстап тұратын жүйенің өндірушісі ұсынған нұсқауларды оқып шығыңыз және орындаңыз.

Апат жағдайында нұсқаулар мен ескертулерді орындамау **АУЫР ЖАРАҚАТТАРҒА** немесе **ӨЛІМГЕ** себеп болуы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Егер автокөліктің бас сүйегіші бала орындығын дұрыс орнатуға кедергі жасаса, тиісті отыратын орынның бас сүйегішін реттеу немесе толығымен алып тастау керек.

Тиісті баланы ұстап тұратын жүйені таңдап, оның сол көлік құралына сәйкестігін тексеріп болған соң, баланы ұстап тұратын жүйені өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатуға кірісуге болады. Баланы ұстап тұратын жүйені дұрыс орнатудың негізгі үш қадамы:

- **Баланы ұстап тұратын жүйені көлік құралында тиісті түрде бекітіңіз.** Барлық баланы ұстап тұратын жүйелерді көлік құралында белдік қауіпсіздік белбеуімен немесе үш нүктеде бекітілетін белбеудің бел бауымен немесе жоғарғы ISOFIX анкерлік белбеуімен және/немесе ISOFIX анкерлік бекіткішімен бекіту керек.
- **Баланы ұстап тұратын жүйенің дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз.** Баланы ұстап тұратын жүйені орнатқаннан кейін бекітілу сапасын тексеру үшін оны алға қарай және жан-жаққа қозғалтуға әрекет жасау керек. Баланы ұстап тұратын жүйе қауіпсіздік белбеуімен аса тығыз бекітілуі тиіс. Дегенмен, оның жан-жаққа сәл жылжуына жол беруге болады.
Баланы ұстап тұратын жүйені орнатқан кезде бала сол жүйеде жайлы отыруы үшін автокөлік орындығын реттеңіз (жоғары/төмен, алға/артқа).
- **Балаға баланы ұстап тұратын жүйе белбеуін тағыңыз.** Баланың өндірушінің нұсқауларына сәйкес баланы ұстап тұратын жүйеде бекітіліп отырғанын тексеріңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жабық тұрған көлік құралындағы баланы ұстап тұратын жүйе тым ысып кетеді. Күйік шалмауы үшін баланы ұстап тұратын жүйеге баланы отырғызбай тұрып, орындықтың беті мен тоғаны тексеріп шығу керек.


Балаларға арналған ISOFIX төменгі бекіткіші және жоғарғы сақтандырғыш арқан бекіткіші (ISOFIX бекіту жүйесі)

ISOFIX жүйесі жүріс барысында және апат жағдайында баланы ұстап тұрады. Жүйе орнату процесін аса ықтимал дәрежеде жеңілдететіндей және қате орнату ықтималдығын азайтатындай жасалған. ISOFIX жүйесі көлік құралында қарастырылған баланы ұстап тұратын жүйенің бекіткіштері мен тетіктерін пайдаланады. ISOFIX жүйесі баланы ұстап тұратын жүйені артқы орындыққа бекіту үшін қауіпсіздік белбеулерін қолдану қажеттігін жояды.

ISOFIX анкерлік бекіткіштері көлік құралына кіріктірілген металл өзектер болып табылады. ISOFIX жүйесін орнатудың әрбір орны үшін екі төменгі бекіткіш қарастырылған, олар баланы ұстап тұратын жүйе бекіткішінің төменгі бөлшектеріне арналған.

ISOFIX жүйесін қолдану үшін ISOFIX бекіту бөлшектері бар баланы ұстап тұратын жүйені алу керек. (ISOFIX баланы ұстап тұратын жүйесін әмбебап қолданыс немесе ECE-R44 немесе ECE-R129 талаптарына сәйкес тиісті автокөлікте қолдану үшін мақұлданған жағдайда ғана орнатуға болады.)

Баланы ұстап тұратын жүйенің өндірушісі баланы ұстап тұратын жүйені ISOFIX анкерлік бекіткіштеріне бекіту жөнінде нұсқаулар беруге міндетті.



ISOFIX анкерлік бекіткіштері шеткі сол және оң жақ артқы отыратын орындарға кіріктірілген.

Олардың орналасқан орындары суретте көрсетілген. Ортаңғы артқы орындық үшін ISOFIX төменгі бекіткіштері қарастырылмаған.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Баланы ұстап тұратын жүйені ISOFIX анкерлік бекіткіштерімен артқы орталық орындыққа орнатуға тыйым салынады. Бұл орындық ISOFIX анкерлік бекіткіштерімен жабдықталмаған.

Орталық орындыққа БҰЖ орнату үшін шеткі артқы орындықтардың анкерлік бекіткіштерін пайдалану анкерлік бекіткіштердің зақымдалуына әкелуі мүмкін.



[A]: ISOFIX анкерлік бекіткіші орналасқан орынның көрсеткіші,

[B]: ISOFIX анкерлік бекіткіші

ISOFIX анкерлік бекіткіштерінің орналасқан орындарының белгілері сол және оң жақ артқы орындықтардың көпшіктерінде көрсетілген (суреттегі көрсеткіні қараңыз).

Шеткі артқы орындықтың екеуі де ISOFIX анкерлік бекіткіштерінің жұбымен, сондай-ақ артқы орындықтар арқалықтарының артқы жағындағы жоғарғы анкерлік белбеудің тиісті бекіткіштерімен жабдықталған.

(ECE-R44 немесе ECE-R129 сәйкес бүкіл әлемде мақұлданған баланы ұстап тұратын жүйелер артқы орындықтар арқалықтарының артқы жағына қосылатын жоғарғы анкерлік белбеумен қосымша бекітілуі тиіс.)

ISOFIX анкерлік бекіткіштері шеткі артқы сол және оң жақтағы орындықтардың арқалығы мен орындық көпшігінің арасында орналасқан.

ISOFIX анкерлік бекіткіштерін пайдалану үшін ISOFIX анкерлік бекіткіші қақпағының жоғарғы бөлігін басыңыз.

«ISOFIX бекіту жүйесі» арқылы баланы ұстап тұратын жүйені бекіту

ISOFIX бекіткіштерімен үйлесімді баланы ұстап тұратын жүйені артқы бүйірлік орындықтардың біріне орнату:


1. Қауіпсіздік белбеуінің ілмегін ISOFIX анкерлік бекіткішінен шетке қарай жылжытыңыз.
2. Баланы ұстап тұратын жүйені ISOFIX анкерлік бекіткіштеріне жалғауға кедергі келтіретін барлық заттарды алып тастаңыз.
3. Баланы ұстап тұратын жүйені көлік құралының орындығына орнатып, баланы ұстап тұратын жүйе өндірушісінің нұсқауларына сәйкес орындықты ISOFIX анкерлік бекіткіштеріне жалғаңыз.
4. Баланы ұстап тұратын жүйедегі ISOFIX бекіткіштерін ISOFIX анкерлік бекіткіштеріне дұрыс орнатуға және жалғауға қатысты баланы ұстап тұратын жүйе өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

ISOFIX жүйесін пайдаланған кезде келесі шараларды орындау керек:

- Баланы ұстап тұратын жүйемен бірге берілген орнату нұсқауларын оқып шығыңыз.
- Бала тартылмаған қауіпсіздік белбеулеріне қол жеткізуі және ұстауы мүмкін, сондықтан барлық қолданылмайтын қауіпсіздік белбеулерін тағып, баланың артындағы қауіпсіздік белбеуінің бауларын тартып қою керек.
- Иық бауы баланың мойнына оралып, қауіпсіздік белбеуі тартылған жағдайда, бала тұншығып қалуы мүмкін.
- Баланы ұстап тұратын бірнеше жүйені бір анкерлік бекіткішке жалғауға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**. Бұл анкердің не керек-жарақтың босауына не сынуына себеп болуы мүмкін.
- Апаттан кейін ISOFIX жүйесін дилер тексеріп шығуы тиіс. Апат нәтижесінде ISOFIX жүйесі зақымданған болып, баланы ұстап тұратын жүйені тиісті түрде ұстамауы мүмкін.

Баланы ұстап тұратын жүйені жоғарғы анкерлік белбеу арқылы бекіту



Бала орындықтары ілгектерінің ұстағыштары жүк бөлігінің сәресінде орналасқан.



1. Бала орындығын бекіту белбеуін орындық арқалығының үстімен өткізіп жіберіңіз.

Реттелетін бас сүйегіштермен жабдықталған автокөліктерде бала орындығын бекіту белбеуін бас сүйегіштің астымен, тіреулерінің арасынан, не болмаса белбеуді басқаша, орындық арқалығының үстімен өткізіп жіберіңіз.

2. Баланы ұстап тұратын жүйені орындыққа нық бекіту үшін жүйе өндірушісінің нұсқауларына сәйкес жоғарғы анкерлік белбеуді тиісті бекіткішке жалғап тартыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Жоғарғы сақтандырғыш арқан бауын бекіткен кезде келесі шараларды орындаңыз:

- Баланы ұстап тұратын жүйемен бірге берілген орнату нұсқауларын оқып шығыңыз.
- Баланы ұстап тұратын бірнеше жүйені бір жоғарғы сақтандырғыш арқан бекіткішіне қосуға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**.
- Бұл анкерлік бекіткіштің не керек-жарақтың босауына не сынуына себеп болуы мүмкін.
- Жоғарғы анкерлік белбеуді оған арналған тиісті анкерлік бекіткіштен ерекшеленетін бекіткіштерге бекітуге тыйым салынады. Кері жағдайда ол тиісті түрде жұмыс істемейді.
- Баланы ұстап тұратын жүйе бекіткіші баланы ұстап тұратын жүйелер дұрыс бекітілген кезде түсетін салмаққа ғана шыдайтындай жасалған.
- Ешбір жағдайда оларды әдепкі қауіпсіздік белбеулерін, қандай да бір заттарды не автокөлік жабдығын бекіту үшін қолдануға болмайды.

UN ережелеріне сәйкес ISOFIX бекіткіші мен ересектерге арналған қауіпсіздік белбеуі арқылы баланы ұстап тұратын жүйелер үшін әрбір отырғызу орнының жарамдылығы (Автокөлік иелері мен CRS – баланы ұстап тұратын жүйелердің өндірушілеріне арналған ақпарат)

Орындық No.	Автокөліктегі қалпы
1	Алда сол жақта
2	Алда ортада
3	Алда оң жақта
4	2-қатардың сол жағында
5	2-қатардың ортасында
6	2-қатардың оң жағында




- Иә : Көрсетілген CRS санатына орнатуға жарамды
- Жоқ : Көрсетілген CRS санатына орнатуға жарамсыз
- «-» : Қолданылмайды
- Кесте рулі сол жақта орналасқан автокөлікке негізделген. Алдыңғы жолаушы орнын ескермегенде, бұл кесте рулі оң жақта орналасқан автокөліктердің бәріне қолданылады. Рулі оң жақта орналасқан автокөліктер үшін алдыңғы жолаушы орындығы туралы ақпарат алу үшін № 3 отырғызу орнын қараңыз.

БҰЖ санаттары	Орындықтардың қалыптары						Ескертмелер
	1	2	3	4	5	6	
<p>Әмбебап CRS санаты</p> <p>i-Size БҰЖ</p> <p>ISOFIX БҰЖ: F2, F2X, R1, R2</p>			Жоқ	Иә F, R	Иә ¹⁾ F, R	Иә F, R	<p>F: алға қарап тұрған</p> <p>R: артқа қарап тұрған</p>
<p>Бала бесігі (ISOFIX БҰЖ, келік құралының бойлық осіне перпендикуляр орнатылады)</p> <p>ISOFIX БҰЖ: L1, L2</p>			Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	
<p>Сөбилерге арналған ISOFIX БҰЖ* (*: Балаларға арналған ISOFIX БҰЖ)</p> <p>ISOFIX БҰЖ: R1</p>			Жоқ	Иә R	Жоқ	Иә R	
<p>Бөбек жастағы балаларға арналған ISOFIX CRS – кішкентай өлшем</p> <p>ISOFIX БҰЖ: F2, F2X, R2, R2X</p>			Жоқ	Иә F, R	Жоқ	Иә F, R	
<p>Бөбек жастағы балаларға арналған ISOFIX CRS – ірі өлшем* (*: қосымша келшіктер жоқ)</p> <p>ISOFIX БҰЖ: F3, R3</p>			Жоқ	Иә ²⁾ F, R	Жоқ	Иә ²⁾ F, R	
<p>Қосымша келшік – ені кішірейтілген</p> <p>ISO БҰЖ: B2</p>			Жоқ	Иә	Жоқ	Иә	
<p>Қосымша келшік – ені толық</p> <p>ISO БҰЖ: B3</p>			Жоқ	Иә	Жоқ	Иә	

- 1-ескертпе: отырғызу орны (№5) тіреу бағаны бар баланы ұстап тұратын жүйені орнатуға жарамсыз
- 2-ескертпе: ISOFIX баланы ұстап тұратын жүйесін орнату үшін
- Жүрізуші орындығы: жүрізуші орындығын ортаңғы қалыпқа келтіріп, шеткі жоғарғы қалыпқа көтеріңіз.
 - Алдыңғы жолаушы орындығы: жолаушы орындығын шеткі алдыңғы қалыпқа келтіру керек.
- * Артқа қарап тұрған баланы ұстап тұратын құрылғыны, қауіпсіздік көпшігі өшіп тұрмаған жағдайда, алдыңғы жолаушы орындығында қолдануға тыйым салынады.
- * Жартылай әмбебап және нақты көлік құралдарына арналған БҰЖ (ISOFIX бекіткіштері бар, не белбеулермен бекітілетін баланы ұстап тұратын жүйелер) үшін БҰЖ нұсқаулығындағы көлік құралдарының тізіміне жүгіну керек

Баланы ұстап тұратын жүйені белдік белбеумен немесе үш нүктеде бекітілетін белбеумен бекіту

Егер ISOFIX жүйесі қолданылмаса, кез келген баланы ұстап тұратын жүйе көлік құралының артқы орындығына үш нүктеде бекітілетін белбеудің белдік бауымен бекітілуі тиіс.




Баланы ұстап тұратын жүйені үш нүктеде бекітілетін белбеуді қолдана отырып орнату

Баланы ұстап тұратын жүйені артқы орындыққа орнату үшін келесіні орындау керек:

1. Баланы ұстап тұратын жүйені артқы орындыққа орнатып, ол арқылы (немесе айналасына) үш нүктеде бекітілетін қауіпсіздік белбеуін ұстап тұратын жүйе өндірушісінің нұсқауларына сәйкес өткізіңіз.

i Ақпарат

Артқы орталық орындықтың қауіпсіздік белбеуін қолданғанда, осы тараудағы «Артқы орталық қауіпсіздік белбеуі» бөлімінде берілген ақпаратты да ескерген жөн.



2. Бел/иық белбеуінің басын ілмекке салыңыз. Сырт еткен дыбыс анық естілетін болады.

i Ақпарат

Белбеу тоғасының түймесі төтенше жағдайда оған оңай қол жеткізуге болатындай орналасуы тиіс.




3. Баланы ұстап тұратын құрылғыны басып, иық бауын тартқыш құрылғыға итере отырып, белбеудің босауын мүмкіндігінше жойып отыру керек.

4. Баланы ұстап тұратын жүйені оның қауіпсіздік белбеуімен нық бекітілгеніне көз жеткізу үшін жан-жаққа қозғалтып көруге әрекет жасау керек.

Егер БҰЖ өндірушісі үш нүктеде бекітілетін белбеу арқылы жоғарғы сақтандыру белбеуін бекітуді көрсетсе не оған кеңес берсе, 3-51-беттерді қараңыз.

Балаларға арналған қауіпсіздік жүйесін алып тастау үшін қауіпсіздік белбеуі ілмегіндегі түймені басып, бел/иық белбеуін бекіткіштен алып, толығымен тартылуына мүмкіндік беру керек.

ҚАУІПСІЗДІК КӨПШІГІ – ҚОСЫМША ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІ



1. Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік көпшігі
2. Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік көпшігі*
3. Бүйірлік қауіпсіздік көпшігі*
4. Қауіпсіздік пердесі*

* : бар болса

Көлік құралдары жүргізуші мен алдыңғы жолаушының пассивті қауіпсіздік көпшіктері жүйесімен жабдықталған.

Алдыңғы қауіпсіздік көпшіктері үш нүктеде бекітілетін қауіпсіздік белбеулеріне қосымша ретінде жасалған. Осы қауіпсіздік көпшіктері үшін тиісті қорғанысты қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіздік белбеулері әрқашан тағылып тұруы керек.

Егер қауіпсіздік белбеулері тағылып тұрмаса, онда апат жағдайында ауыр, өліммен аяқталуы ықтимал жарақаттар алынуы мүмкін. Қауіпсіздік көпшіктері жүйесі қауіпсіздік белбеулеріне қосымша ретінде жасалған және оларды алмастырмайды.

Оған қоса, қауіпсіздік көпшіктері әр соқтығысу сайын іске қосылатындай жасалмаған.

Кейбір апаттарда қауіпсіздік белбеулері ғана қорғаныс жүйесі болып табылады.



АБАЙЛАҢЫЗ

ҚАУІПСІЗДІК КӨПШІКТЕРІ ҮШІН САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Қауіпсіздік белбеулері мен баланы ұстап тұратын құрылғыны **ӘРҚАШАН** жол жүрген сайын барлық жолаушылар қолдануы тиіс! Қауіпсіздік көпшіктері іске қосылған сәтте қауіпсіздік белбеулері тиісті түрде қолданылмаған болса, соқтығысу кезінде тіпті қауіпсіздік көпшіктерімен ауыр не өлімге әкелетін жарақаттар алуға болады.

Алдыңғы жолаушы орындығына кез келген баланы ұстап тұратын жүйеде немесе қосымша көпшікте баланы **ЕШҚАШАН** отырғызбаңыз. Қауіпсіздік көпшігі іске қосылғанда, сәбиді не баланы қатты соғып, ауыр не өлімге әкелетін жарақат алудың себебі болуы мүмкін.

БӘБТ – артқы орындықта 13 жасқа дейінгі балаларға әрқашан белбеу тағу керек. Бұл кез келген жастағы балаларға неғұрлым қауіпсіз орын болып табылады. Егер 13 жастағы не одан үлкен балаға алдыңғы орындықта отыруға тура келсе, оған қауіпсіздік белбеуін тағу керек, ал орындық мүмкіндігінше алыстау артқа жылжытылуы тиіс.

Көлік құралы тұраққа қойылып, қозғалтқыш өшкенше, қауіпсіздік белбеулері тағылған барлық жолаушылар мен жүргізуші тік қалыптағы орындық арқалығына тігінен орналасқан орындық көпшігінде, аяқтары ыңғайлы созылған, аяқ табандары еденге тірелген күйде отырулары тиіс. Егер апат жағдайында біреу өзге қалыпта отырса, қауіпсіздік көпшігі ашылғанда ол ауыр не өлімге әкелетін жарақат алуы мүмкін.

Жүргізуші мен жолаушылар ешқашан қауіпсіздік көпшіктеріне тым жақын отырмауы не еңкеймеуі, немесе есіктерге не орталық консольге сүйенбеуі керек.

Қауіпсіздік көпшіктерінің орналасуы

Жүргізуші мен жолаушының қауіпсіздік көпшіктері (бар болса)



Бұл көлік құралы қосымша қауіпсіздік жүйесімен (ҚҚЖ) және жүргізуші мен жолаушы орындықтарына арналған үш нүктеде бекітілетін белбеулермен жабдықталған.

SRS жүйесі жүргізуші жағында руль дөңгелегінің астындағы алдыңғы панельдің төменгі бөлігінде және жолаушы жағында аспаптар панелінде (ұсақ-түйек тартпасының үстінде) орналасқан қауіпсіздік көпшіктерінен тұрады.

Қауіпсіздік көпшіктері жұмсақ қақпақтардағы «AIR BAG» бедерлі жазуымен таңбаланған.

ҚҚЖ, қауіпсіздік белбеулері жүйесімен қатар, аса ауыр маңдайлық соқтығысу жағдайында көлік құралының жүргізушісі мен алдыңғы жолаушыны қосымша қорғаныспен қамтамасыз етуге арналған.

АБАЙЛАҢЫЗ



Алдыңғы қауіпсіздік көпшігі ашылған жағдайда денеге зақым келтіру қаупін азайту үшін келесі шараларды орындау керек:

- Қауіпсіздік белбеулері адамдарды тиісті қалыпта ұстап тұруы үшін ылғи тағылып тұруы керек.
- Орындықты, көлік құралын басқара отырып, алдыңғы қауіпсіздік көпшіктерінен мүмкіндігінше алыстау орналастыру керек.
- Есікке немесе орталық консольге сүйенбеген жөн.
- Алдыңғы жолаушыға аяқтарын аспаптар панеліне қоюға рұқсат бермеу керек.
- Еш нәрсе (мысалы, аспаптар панелінің қаптамасы, мобильді телефонды ұстағыш, сусын ұстағыш, ауа сергітушілер немесе жапсырмалар) рульдегі қауіпсіздік көпшігі модульдерінің жанында, аспаптар панелінде, алдыңғы әйнектің қасында және алдыңғы жолаушы панелінде

ұсақ-түйек тартпасынан жоғары жерде болмауы тиіс. Қауіпсіздік көпшіктері қосылған кезде мұндай заттар жарақат алудың себебі болуы мүмкін.

- Ешбір заттарды алдыңғы әйнекке немесе салон ішіндегі артқы көрініс айнасына қоймаңыз.

Бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері (бар болса)



Бұл көлік құралының әр алдыңғы орындығында бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері бар.

Қауіпсіздік көпшіктері, қауіпсіздік белбеулерімен қатар, жүргізуші мен алдыңғы жолаушыны қосымша қорғауға арналған.

Бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері тек белгілі бір бүйірлік соқтығыстар кезінде іске қосылады, яғни соқтығысу ауырлығына, бұрышына, жылдамдығына және соққы орнына байланысты.

Аударылу немесе ықтимал аударылу анықталған кезде аударылу датчигімен жабдықталған көлік құралдарында бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері және/немесе қауіпсіздік перделері және екі жақтағы алдын ала тартқыштар қосылуы мүмкін.

Бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері бүйірлік соқтығысу не аударылу жағдайларының бәрінде ашыла бермейді.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ



Бүйірлік қауіпсіздік көпшігі ашылған жағдайда, денеге зақым келтіру қаупін азайту үшін келесі шараларды орындау керек:

- Қауіпсіздік белбеулері адамдарды тиісті қалыпта ұстап тұру үшін ылғи тағылып тұруы керек.
- Жолаушыларға баспен не денемен есікке сүйенуге, қолды есікке қоюға, қолды терезеден шығаруға немесе қандай да бір заттарды есіктер мен орындықтардың арасына қоюға рұқсат бермеу керек.
- Қолды жарақаттау қаупін азайту үшін руль дөңгелегін сағат тілінің «9» және «3» көрсеткішіне сәйкес келетін жерде ұстау керек.
- Орындықтардың қосымша қақпақтарын қолданбаған жөн. Бұл жүйенің тиімділігіне әсер етеді.
- Қауіпсіздік көпшіктеріне немесе өзіңіз бен қауіпсіздік көпшігінің арасына ешбір

затты қоймау керек. Сонымен бірге, қауіпсіздік көпшіктері ашылатын аймақтың айналасына, мысалы, есіктің жанына, есіктердің бүйірлік терезелерінің, алдыңғы және артқы тіреудің айналасына қандай да бір заттарды қоюға тыйым салынады.

- Есік пен орындық арасына ешқандай заттар қойылмауы тиіс. Бүйірлік қауіпсіздік көпшігі ашылған кезде олардан ауыр жарақат алуыңыз мүмкін.
- Қандай да бір қосымша жабдықты бүйірлік қауіпсіздік көпшігінің бүйір жағына не қасына қоюға болмайды.
- Бүйірлік қауіпсіздік көпшігінің заттабасы мен орындық көпшігінің арасына ешқандай заттар қойылмауы тиіс. Қауіпсіздік көпшіктері іске қосылғанда олардан жарақат алуыңыз мүмкін.
- Көлік оталып тұрғанда есіктерді соққыға ұшыратпаңыз, себебі бұл бүйірлік қауіпсіздік көпшіктерінің ашылуына әкелуі мүмкін.
- Орындық не орындықтың қақпағы зақымданған жағдайда, қызмет көрсету жұмыстарын HYUNDAI ресми дилері жүргізгені дұрыс.

Қауіпсіздік пердесі (бар болса)



Қауіпсіздік перделері алдыңғы және артқы есіктердің үстіндегі люктің екі рельсінің бойында екі жағынан орналасқан.

Олар белгілі бір бүйірлік соқтығыстар кезінде алдыңғы және артқы бүйірлік орындықтардағы адамдардың бастарын қорғауға арналған.

Қауіпсіздік перделері тек белгілі бір бүйірлік соқтығыстар кезінде іске қосылады, яғни соқтығысу ауырлығына, бұрышына, жылдамдығына және соққы орнына байланысты.

Аударылу немесе ықтимал аударылу анықталған кезде аударылу датчигімен жабдықталған көлік құралдарында бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері және/немесе қауіпсіздік перделері көлік құралының екі жағынан ашылуы мүмкін.

Қауіпсіздік перделері бүйірлік соқтығысу не аударылу жағдайларының бәрінде ашыла бермейді.




АБАЙЛАҢЫЗ

Алдыңғы қауіпсіздік көпшігі ашылған жағдайда денеге зақым келтіру қаупін азайту үшін келесі шараларды орындау керек:

- Адамдарды тиісті қалыпта ұстап тұруы үшін адамдардың бәрі қауіпсіздік белбеулерін әрқашан тағып отыруы керек.
- Баланы ұстап тұратын жүйе есіктен мүмкіндігінше алыстау тиісті түрде бекітіліп тұруы тиіс.
- Қауіпсіздік көпшіктері ашылатын аймаққа заттарды қоймаңыз. Сонымен бірге, қауіпсіздік көпшіктері ашылатын аймақтың айналасына, мысалы, есіктің жанына, есіктердің бүйірлік терезелерінің, алдыңғы және артқы тіреудің, төбенің бүйірлік рейлингінің айналасына қандай да бір заттарды қоюға тыйым салынады.
- Қатты немесе сынғыш заттарды киімге арналған ілгекке ілуге болмайды. Апат жағдайында олар көлік құралының зақымдануына немесе адамдардың жарақаттануына себеп болуы мүмкін.
- Жолаушыларға баспен не денемен есікке сүйенуге, қолды есікке қоюға, қолды терезеден шығаруға немесе қандай да бір заттарды есіктер мен орындықтардың арасына қоюға рұқсат бермеу керек.
- Қауіпсіздік перделерін ашуға немесе жөндеуге тыйым салынады.

Қауіпсіздік көпшіктері жүйесінің жұмыс істеу қағидасы



SRS қауіпсіздік көпшіктері жүйесіне мына элементтер кіреді:

- (1) Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік көпшігінің модулі*
- (2) Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік көпшігінің модулі*
- (3) Бүйірлік қауіпсіздік көпшіктерінің модульдері*
- (4) Үрлемелі перделер модульдері*
- (5) Қауіпсіздік белбеуі орауышындағы алдын ала тартқыштар*
- (6) Қауіпсіздік көпшіктері ақаулығының бақылау шамы*
- (7) SRS (SRSCM) қауіпсіздік көпшіктері жүйесін басқару блогы* / Аударылу датчиктері*
- (8) Маңдайлық соққы датчиктері*
- (9) Бүйірлік соққы датчиктері*
- (10) Бүйірлік қысым датчиктері*

* : бар болса

Көлік оталып тұрғанда SRSCM блогы үнемі SRS компоненттерін бақылап, қауіпсіздік көпшіктерінің немесе қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының істеп кетуі үшін соқтығыстың ауырлығын анықтайды.



ҚҚЖ сигнал шамы

Аспаптар панеліндегі ҚҚЖ (қосымша қауіпсіздік жүйесі) қауіпсіздік көпшігінің сигнал шамы, суретте көрсетілгендей, қауіпсіздік көпшігі таңбасымен көрсетіледі. Жүйе қауіпсіздік көпшіктерінің электрлік жүйесінде ақаулардың бар-жоғын тексереді. Жанатын индикатор аударылу (аударылу датчигі орнатылған болса) жағдайындағы қорғаныс үшін қолданылатын бүйірлік қауіпсіздік көпшіктерін және (немесе) қауіпсіздік перделерін іске қосатын қауіпсіздік көпшіктері жүйесіндегі ықтимал проблемаларды көрсетеді.

АБАЙЛАҢЫЗ

Егер ҚҚЖ ақаулы болса, қауіпсіздік көпшіктері апат жағдайында дұрыс ашылмай, ауыр жарақат алу не өлім қаупін арттырады.

Келесі шарттардың кез келгені ҚҚЖ ақаулығын көрсетеді:

- Оталдыру жүйесін қосқанда, шамамен алты секунд ішінде сигнал шамы жанбайды.
- Шамамен алты секунд өткеннен кейін сигнал шамы жанып тұра береді.
- Сигнал шамы көлік құралы қозғалып бара жатқанда жана береді.
- Сигнал шамы қозғалтқыш істеп тұрғанда жыпылықтайды.

Жоғарыда аталған шарттардың кез келгені бар болса, ҚҚЖ-ны тез арада HYUNDAI ресми дилеріне тексерткен жөн.

Маңдайлық соқтығысу жағдайында датчиктер көлік құралының баяулауын тіркейді. Егер баяулау дәрежесі аса жоғары болса, онда басқару блогы алдыңғы қауіпсіздік көпшіктерін қажетті күшпен іске қосады.

Алдыңғы қауіпсіздік көпшіктері жалғыз қауіпсіздік белбеулерімен жеткілікті қорғанысты қамтамасыз ету мүмкін болмайтын маңдайлық соқтығысу жағдайында жүргізуші мен алдыңғы жолаушыны қорғауға арналған. Қажет болса, бүйірлік соқтығысу не аударылу жағдайында бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері дененің жоғарғы бүйірлік бөлігін қолдау арқылы қосымша қорғанысты қамтамасыз етеді.

- Қауіпсіздік көпшіктері жүйесі көлік оталып тұрғанда ғана белсенді күйге келтіріледі.
- Қауіпсіздік көпшіктері жүргізуші мен жолаушыларды ауыр жарақаттардан қорғау мақсатында нақты маңдайлық не бүйірлік соқтығыстар кезінде іске қосылады.
- Негізінде қауіпсіздік көпшіктері соққы қарқындылығына, бағытына және т.с.с. байланысты іске қосылуы тиіс. Бұл екі фактор электрондық ашылу сигналын датчиктерге беру қажеттігін анықтайды.

- Алдыңғы қауіпсіздік көпшіктері дереу толығымен үрленіп, ішіндегі ауасы шығады. Қауіпсіздік көпшіктерінің апат кезінде үрленуін із жүзінде көру мүмкін емес. Соқтығыстан кейін үрленбеген қауіпсіздік көпшіктерінің өздерінің сақтау бөліктерінен салбырап тұрғанын көру әбден мүмкін.
- Ауыр бүйірлік соқтығыстар жағдайында іске қосылуына қосымша, көлік құралдары аударылу датчиктерімен жабдықталған; олар жүйе аударылуды анықтаған жағдайда бүйірлік қауіпсіздік көпшіктерін және (немесе) қауіпсіздік перделерін белсенді күйге келтіреді.
Аударылу анықталған кезде лақтырылудан қорғау үшін бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері және/немесе қауіпсіздік перделері, әсіресе қауіпсіздік белбеулерімен бірге қолданған жағдайда толы күйде ұзағырақ қалады. (Егер аударылу датчигі орнатылған болса)
- Тиісті қорғанысты қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік көпшіктері лезде үрленуі мүмкін. Соқтығысу кезінде адамның көлік құралы конструкциясына соғылмауы үшін қауіпсіздік көпшігі аса қысқа уақытта ашылады. Мұндай ашылу жылдамдығында ауыр не өмірге қауіп төндіретін жарақаттар алу қаупі азаяды, осылайша, бұл жылдамдық қауіпсіздік көпшігін жобалау барысында ескерілуі тиіс.
Алайда қауіпсіздік көпшігінің жылдам ашылуы бет мүшелерінің жарақаттары, соғылған жерлер мен сынған сүйектер сияқты жарақаттар келтіруі мүмкін, себебі мұндай ашылу жылдамдығында қауіпсіздік көпшігінен келетін соққы күші қатты болуы мүмкін.
- Кейбір жағдайларда, әсіресе қауіпсіздік көпшігіне тым жақын отырған жағдайда қауіпсіздік көпшігінің тиюі өліммен аяқталатын жарақатқа әкелуі мүмкін.
Қауіпсіздік көпшігі ашылған кезде жарақаттану қаупін азайту үшін белгілі бір шаралар қолдануға болады. Ең жоғары қауіп деңгейі – қауіпсіздік көпшігіне тым жақын орналасу. Қауіпсіздік көпшігінің ашылуына біраз кеңістік қажет. Жүргізуші, көлік құралын басқаруды жалғастыра отырып, рульдің ортасынан мүмкіндігінше алыстау отыруы тиіс.

■ Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік көпшігі (1)



ODN8039077L

Қауіпсіздік көпшіктерін басқару блогы көлік құралының алдыңғы бөлігіне келген соққының ауырлығын анықтаған кезде, ол автоматты түрде алдыңғы қауіпсіздік көпшіктерін үрлейді.

■ Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік көпшігі (2)



ODN8039078L

Іске қосылғаннан кейін қауіпсіздік көпшіктері кеңейген кезде қысымнан дараланатын жұмсақ қақпақ тігістері жыртылады. Қақпақтардың кейінгі ашылуы қауіпсіздік көпшіктерінің толық ашылуына мүмкіндік береді.

Қауіпсіздік көпшігінің толық ашылуы, тиісті түрде тағылған қауіпсіздік белбеулерімен бірге, жүргізушінің не алдыңғы жолаушының алға қарай жылжуын баяулатады және бас не кеуде қуысының жарақаттану қаупін азайтады.

■ Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік көпшігі (3)



ODN8039079L

■ Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік көпшігі



ODN8039080L

Толық ашылған соң көпшіктің ішіндегі жел бірден шығып, жүргізушіге көру және, қажет болған жағдайда, көлік құралын жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

АБАЙЛАҢЫЗ

Жолаушының қауіпсіздік көпшігі ашылған кезде заттармен жарақаттанбау үшін:

- Жолаушыға арналған қауіпсіздік көпшігі орналасқан алдыңғы жолаушы панеліне, ұсақ-түйек тартпасының үстіне қандай да бір заттарды (сусын ұстағыштары, компакт-дискілер, ұстағышы, заттаңбалар және т.б.) қоймаған жөн.
- Ауа сергітушілері бар құтыны аспаптар тақтасының қасына не аспаптар панелінің бетіне орнатуға болмайды.

Қауіпсіздік көпшіктері ашылғаннан кейін не болады

Ашылған алдыңғы не бүйірлік қауіпсіздік көпшігінің ішіндегі ауа тез арада шығады. Қауіпсіздік көпшігінің жиналуы жүргізушіге алдыңғы әйнек арқылы көруге немесе көлік құралын жүргізуге кедергі келтірмейді. Ашылған бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері біраз уақыт жартылай үрленіп тұруы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіздік көпшіктері іске қосылған соң келесі сақтық шараларын орындау керек:

- Соқтығысудан соң тез арада қауіпсіздік көпшіктері іске қосылғаннан кейін туындаған түтін мен ұнтақ әсерінің ұзақтығын азайту мақсатында терезелер мен есіктерді дереу ашып қою керек.
- Қауіпсіздік көпшігі сақталатын бөлімнің ішкі компоненттерін көпшік іске қосылғаннан кейін бірден қолмен ұстамаған жөн. Қауіпсіздік көпшігі ашылған соң бұл бөлшектер тым ыстық болуы мүмкін.
- Терінің ашық жерлерін әрқашан суық сумен және жұмсақ сабынмен мұқият жуып-шайыңыз.
- Ашылған қауіпсіздік көпшіктерін мүмкіндік туа салысымен HYUNDAI ресми дилерінде ауыстырып алған жөн. Қауіпсіздік көпшіктері бір реттік болып табылады.

Қауіпсіздік көпшігі ашылған кездегі шу мен түтін

Қауіпсіздік көпшігі іске қосылған кезде қатты шу естіледі, ал көлік құралының салонында түтін мен ұнтақ шаң таралады. Бұл үрлемелі қауіпсіздік көпшігі модулінің газ генераторы іске қосылған кездегі қалыпты жағдай болып табылады. Қауіпсіздік көпшігі ашылғаннан кейін дем алу кезінде, кеуде қуысының қауіпсіздік белбеуімен және қауіпсіздік көпшігімен жанасуына байланысты дәл түтінмен және ұнтақпен дем алғандағыдай елеулі жайсыздық сезілуі мүмкін. Кейбір адамдарда ұнтақ демікпе ұстамасын тудыруы мүмкін. Егер қауіпсіздік көпшігі ашылған соң тыныс алу қиынға соқса, дереу медициналық көмекке жүгіну керек.

Түтін мен ұнтақ уытты болмаса да, олар теріні, көзді, мұрынды, көмейді және т.б. тітіркендіруі мүмкін. Бұл жағдайда дереу суық сумен жуынып-шайыну керек. Егер белгілер әлі кетпесе, медициналық көмекке жүгіну керек.


Баланы ұстап тұратын құрылғыны алдыңғы жолаушының орындығына орнатпаған жөн

■ А типі



OH1038169L

■ В типі



OH1038170L

Баланы ұстап тұратын құрылғыны алдыңғы жолаушы орындығына орнатуға тыйым салынады. Қауіпсіздік көпшігі іске қосылғанда, баланы қатты соғып, ауыр не өлімге әкелетін жарақат алудың себебі болуы мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Ерекше қауіп! «Артқа қаратып» қойылған бала орындығын алдында қауіпсіздік көпшігі орналасқан орындыққа орнатуға болмайды!
- Артқа қаратылған баланы ұстап тұратын құрылғыны алдында **БЕЛСЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК КӨПШІГІ** орналасқан орындыққа орнатуға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**. Бұл **БАЛАНЫҢ АУЫР ЖАРАҚАТТАНУЫНА** немесе **ӨЛІМІНЕ** әкелуі мүмкін.
- Баланы ұстап тұратын құрылғыны алдыңғы жолаушының орындығына орнатпаңыз. Ашылатын алдыңғы қауіпсіздік көпшігі баланы соғып, оның ауыр жарақаттануына не өліміне әкелуі мүмкін.

Соқтығыс кезінде неліктен қауіпсіздік көпшігі ашылмады?

Қауіпсіздік көпшігі қосымша қорғанысты қамтамасыз етпейді деп саналатын белгілі бір апат түрлері бар. Бұған бағыттас соқтығысу (артқы жақтан соғу), төмен жылдамдықта соқтығысу сияқты, бірнеше көлік құралының қатысуымен болған апат кезіндегі екінші не үшінші соқтығыстар жатады. Көлік құралының зақымдануы соқтығысу кезіндегі қуаттың сіңірілуін көрсетеді және қауіпсіздік көпшігінің іске қосылуы тиіс болғанының не болмағанының көрсеткіші болып табылмайды.

Қауіпсіздік көпшіктері үшін соқтығысу датчиктері




АБАЙЛАҢЫЗ

Нәтижесінде ауыр жарақат не өлім орын алуы мүмкін қауіпсіздік көпшіктерінің өздігінен іске қосылу қаупін азайту үшін:

- Қауіпсіздік көпшіктері не датчиктер орнатылған орындарды соққыға ұшыратпау керек.
- Қауіпсіздік көпшіктерінің датчиктеріне техникалық қызмет көрсетуге немесе оларға жақын жерде қандай да бір жұмыстарды жүргізуге болмайды. Егер датчиктерді орнату орны не бұрышы өзгертілген болса, қауіпсіздік көпшіктері абайсызда ашылып кетуі немесе қажет болғанда ашылмай қалуы мүмкін.
- Бамперге қорғаныш қаптама орнатуға немесе бамперді ауыстырғанда түпнұсқалық емес бөлшектерді қолдануға болмайды. Бұл соқтығыс нәтижелерінің сәтсіз болуына әкеліп, қауіпсіздік көпшіктерінің ашылуына теріс әсер етуі мүмкін.

- Автокөлікті тіркеп сүйрегенде қауіпсіздік көпшіктерінің іске қосылуын болдырмау үшін оталдыру кілтін LOCK/OFF немесе ACC қалпына орнатыңыз.
- Жөндеу жұмыстарының бәрін HYUNDAI ресми дилері жасағаны жөн.



1. ҚҚЖ басқару модулі/
Аударылу датчигі*
2. Маңдайлық соқтығысу датчигі*
3. Бүйірлік қысым датчигі
(алдыңғы есік)*
3. Бүйірлік қысым датчигі
(Орталық баған)*


* : бар болса

Қауіпсіздік көпшігінің ашылу күйі



Алдыңғы қауіпсіздік көпшігі

Алдыңғы қауіпсіздік көпшіктері маңдайлық соқтығысу кезінде оның қарқындылығына қарай іске қосылады.



Бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері және қауіпсіздік перделері

Бүйірлік көпшіктер мен қауіпсіздік перделері бүйірлік соққы датчиктері арқылы соқтығысты тіркеу кезінде оның қарқындылығына қарай іске қосылады.

Жолаушы мен жүргізушіге арналған алдыңғы қауіпсіздік көпшіктері маңдайлық соқтығысу кезінде ғана ашылатындай жасалса да, олар сондай-ақ маңдайлық соқтығысу датчиктері жеткілікті күшпен соқтығысты тіркеген жағдайда өзге соқтығыстар кезінде де ашылуы мүмкін.

Бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері мен қауіпсіздік перделері тек бүйірлік соқтығысу немесе аударылу (аударылу датчигі орнатылған болса) жағдайында ғана ашылатындай жасалған, бірақ олар бүйірлік соққы датчиктері жеткілікті күшпен соқтығысты тіркеген жағдайда өзге соқтығыстар кезінде де ашылуы мүмкін.

Егер көлік құралының шассиіне соққылар немесе ойлы-қырлы жерлердегі заттар әсер етсе, бұл қауіпсіздік көпшіктерінің іске қосылуына жағдай жасайды.

Қауіпсіздік көпшігінің ашылмауы



Төмен жылдамдықта белгілі бір соқтығыстар кезінде қауіпсіздік көпшіктері ашылмауы мүмкін. Қауіпсіздік көпшіктері мұндай жағдайларда ашылмайтындай жасалған, себебі олар қауіпсіздік белбеулері қамтамасыз ететін қорғаныстан басқа, қосымша қорғанысты қамтамасыз етпейді.




Алдыңғы қауіпсіздік көпшіктері арттан келетін соққы кезінде ашылмайтындай жасалған, өйткені жүргізуші мен жолаушылар соқтығыс күшінің әсерінен артқа жылжиды. Бұл жағдайда қауіпсіздік көпшіктерінің ашылуы қосымша қорғанысты қамтамасыз етпейді.



Алдыңғы қауіпсіздік көпшіктері бүйірлік соққы кезінде ашылмауы мүмкін, себебі жолаушылар соқтығысу бағытында жылжиды және алдыңғы қауіпсіздік көпшіктері жолаушыларды қосымша қорғаныспен қамтамасыз етпейді. Алайда бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері мен қауіпсіздік перделері соқтығысу қарқындылығы мен бұрышына байланысты іске қосылуы мүмкін.



Дәл соқтығысудың алдында көбінесе жүргізушілер тежегішті қатты басады. Бұлай тежеген кезде көлік құралының алдыңғы бөлігі төмен түсіп, жол саңылауы аса үлкен көлік құралының астына «кіріп кетуі» мүмкін. Мұндай жағдайда қауіпсіздік көпшіктері ашылмауы мүмкін, себебі датчиктер тіркеген баяулау күші мұндай соқтығыс жағдайында аса азайтылған болуы мүмкін.




Бұрыштық соқтығысу кезінде соқтығысу күшінен адамдар қауіпсіздік көпшіктері қосымша қорғанысты қамтамасыз етпейтін бағытта жылжуы мүмкін, осылайша, датчиктер қауіпсіздік көпшіктерін ашу пәрменін бермеуі мүмкін.



Алдыңғы қауіпсіздік көпшіктері автокөлік аударылған жағдайда үрленбейді, өйткені олар мұндай апаттар кезінде жолаушыларды қорғаныспен қамтамасыз етпейді.

i Ақпарат

- Аударылу датчигімен жабдықталған автокөліктер
Бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері мен қауіпсіздік перделері автокөлік аударылған кезде аударылу датчигі тиісті жәйтты тіркеген жағдайда ашылуы мүмкін.
- Аударылу датчигімен жабдықталмаған автокөліктер
Көлік құралы бүйірлік қауіпсіздік көпшіктерімен және (немесе) қауіпсіздік перделерімен жабдықталған жағдайда, бүйірлік көпшіктер және (немесе) қауіпсіздік перделері бүйірлік соқтығыстан кейін көлік құралы аударылған кезде ашылуы мүмкін.



Қауіпсіздік көпшіктері көлік құралы бағанаға не ағашқа соғылған жағдайда, соққы бір орынға шоғырланып, соқтығысу қуаты көлік құралының құрылымына сіңірілген кезде ашылмауы мүмкін.

ҚҚЖ күту

ҚҚЖ-ға іс жүзінде қызмет көрсетілмейді және оның пайдаланушы өз бетінше қызмет көрсете алатын бөлшектері де жоқ. Егер қауіпсіздік көпшіктерінің бақылау шамы оталдыру жүйесін қосқан кезде жанбаса немесе үздіксіз жанып тұрса, жүйені дереу HYUNDAI ресми дилеріне тексерту керек.

Қауіпсіздік көпшіктері жүйесімен байланысты кез келген жұмысты (мысалы, бөлшектеу, монтаждау, жөндеу немесе рульге, алдыңғы жолаушы панеліне, алдыңғы орындықтар мен төбе рельстеріне жүргізілетін кез келген жұмысты) HYUNDAI ресми дилері орындағаны жөн. ҚҚЖ қате пайдалану ауыр дене жарақатына әкелуі мүмкін.



АБАЙЛАҒЫЗ

Ауыр жарақаттар немесе өлім қаупін азайту үшін келесі шараларды орындау керек:

- ҚҚЖ компоненттерін не электр сымдар жүйесін модификациялауға немесе ажыратуға, соның ішінде кез келген белгішелерді жұмсақ қақпақтарға жабыстыруға немесе шанақ құрылымын модификациялауға болмайды.
- Рульдегі қауіпсіздік көпшіктері модульдерінің жанында, аспаптар панелінде және ұсақ-түйек тартпасының үстінде алдыңғы жолаушы панелінде еш нәрсе болмауы тиіс.
- Қауіпсіздік көпшіктерінің жұмсақ қақпақтарын таза суға малынып, дымқылданған жұмсақ шүберекпен тазалау керек. Еріткіштер не тазартқыштар қауіпсіздік көпшіктері қақпағына жағымсыз әсер етіп, жүйе жұмысын бұзуы мүмкін.
- Ашылған қауіпсіздік көпшіктерін HYUNDAI ресми дилерінде ауыстырған жөн.

- Қауіпсіздік көпшіктері жүйесінің компоненттерін немесе бүкіл көлік құралын кәдеге жарату қажет болса, белгілі бір сақтық шараларын орындау керек. Қажетті ақпаратты HYUNDAI ресми дилерінен алыңыз. Осы сақтық шараларын орындамаған жағдайда, жарақаттану қаупі артады.

Қосымша сақтық шаралары

Көлік құралының қозғалысы кезінде жолаушылар бір орындықтан басқа орындыққа ауысып отырмауы керек. Қауіпсіздік белбеуі тағылмаған жолаушы соқтығысу не апаттық тоқтау кезінде көлік құралының ішкі бөліктеріне, салондағы басқа адамдарға соғылуы немесе көлік құралынан лақтырылып кетуі мүмкін.

Қауіпсіздік белбеулеріне арналған қосымша құралдарды қолданбаған жөн. Жайлылықты арттыру үшін қызмет атқаратын құрылғылар немесе қауіпсіздік белбеуінің орналасқан орнын өзгерту қауіпсіздік белбеуі қамтамасыз ететін қорғанысты азайтып, соқтығыс кезінде ауыр зақым алу ықтималдығын арттырады.

Алдыңғы орындықтарды модификациялауға болмайды.

Алдыңғы орындықтарды модификациялау қосымша қауіпсіздік жүйесі датчиктерінің немесе бүйірлік қауіпсіздік көпшіктерінің қалыпты жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

Алдыңғы орындықтардың астына қандай да бір заттарды орналастыруға болмайды.


Алдыңғы орындықтардың астына заттар қою қосымша қауіпсіздік жүйесі датчиктерінің қалыпты жұмысына кедергі келтіріп, сымдар жүйесі ширағының зақымдалуына себеп болуы мүмкін.

Есіктерді соққыға ұшыратуға болмайды. Көлік оталып тұрғанда есіктерді соғу бүйірлік қауіпсіздік көпшіктерінің ашылуына әкелуі мүмкін.

Көлік құралының қауіпсіздік көпшіктері жүйесінің жабдығын қосу не модификациялау

Егер раманы, бампер жүйесін, шанақтың алдыңғы не бүйірлік элементтерін ауыстыра немесе жол саңылауын өзгерте отырып, көлік құралының модификациясы орындалса, бұл көлік құралының қауіпсіздік көпшіктері жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін.

Қауіпсіздік көпшіктерінің бар екенін ескертетін заттаңбалар (бар болса)



Қауіпсіздік көпшіктерінің бар екендігі туралы заттаңбалар жүргізуші мен жолаушыларға қауіпсіздік көпшіктері жүйесі іске қосылған кездегі ықтимал қауіп туралы ескертуге арналған. Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы автокөлігіңізде орнатылған қауіпсіздік көпшіктері туралы бүкіл ақпаратты міндетті түрде оқып шығыңыз.

4. Аспаптар тақтасы

Аспаптар тақтасы.....	4-2
Аспаптар панеліндегі басқару құралдары.....	4-3
Көрсеткіштер мен өлшеу аспаптары	4-3
Берілістерді ауыстыру индикаторы	4-8
Бақылау шамы мен индикатор	4-9
СК дисплейдегі хабарламалар	4-22
СК дисплей (А типі)	4-30
СК дисплейді басқару	4-30
СК дисплей режимі	4-31
Пайдаланушы баптауларының режимі	4-34
Бағдар компьютері	4-44
СК дисплей (В типі).....	4-49
СК дисплейді басқару.....	4-49
Қарау режимдері	4-50
Utility (функциялар) қарау режимі	4-51
Опциялар мезірі	4-54
Пайдаланушы баптауларының режимі	4-55

АСПАПТАР ТАҚТАСЫ

■ Стандартты аспаптар тақтасы (А типі)



■ Толықтай сұйық кристалды аспаптар тақтасы (В типі)



1. Тахометр
2. Спидометр
3. Салқындатқыш сұйықтық температурасының көрсеткіші
4. Отын деңгейінің көрсеткіші
5. Бақылау шамдары мен индикаторлар
6. СК дисплей (соның ішінде борттық компьютер)

Көлік құралына орнатылған аспаптар тақтасы суреттегіден өзгеше болуы мүмкін.

Толық ақпарат осы тараудағы «Көрсеткіштер мен өлшеу аспаптары» бөлімінде берілген.

Аспаптар панеліндегі басқару құралдары

Аспаптар панелінің көмескі жарығы



ODN8049003

Көлік құралында габарит жарығы немесе алдыңғы фаралар қосылып тұрғанда, аспаптар панелінің көмескі жарығының жарық деңгейін өзгерту үшін көмескі жарық реттегішін пайдаланыңыз.

Көмескі жарық реттегішін пайдаланғанда, ішкі ауыстырып қосқыштардың көмескі жарығының қарқындылығы да өзгереді.



АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалыс кезінде аспаптар панелінде реттеулерді орындауға тыйым салынады.

Өйткені, мұның салдарынан көлікті басқара алмай, өлімге жетелейтін, ауыр жарақат немесе мүліктік зиян келтіретін апат орын алуы мүмкін.

- Аспаптар панелінің көмескі жарығының жарық деңгейі көрсетіледі.
- Көмескі жарықтың ең жоғарғы және ең төменгі деңгейіне жеткенде, дыбыс сигналы беріледі.

Көрсеткіштер мен өлшеу аспаптары

Спидометр



Спидометр автөкеліктің жылдамдығын көрсетеді және сағатына километрмен (км/сағ) және сағатына мильмен (м/сағ) калибрленген.

Тахометр



Тахометрде қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі минутына айналыммен (айн/мин) көрсетіледі.

Тахометр берілісті ауыстырудың оңтайлы режимін таңдау үшін және иінді біліктің айналу жиілігі жұлқымауы және (немесе) күрт берілмеуі үшін пайдаланылады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Тахометр көрсеткісі ҚЫЗЫЛ АЙМАҚТА тұрған режимде қозғалтқыштың жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Бұл қозғалтқыштың қатты зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы температурасының датчигі



Бұл аспап қозғалтқышты қосу/тоқтату түймесі ON (қосулы) қалпында тұрғанда қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температурасын көрсетеді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН


Көрсеткінің қалыпты аймақтан «130» немесе «Н (Ыстық!)» бағытына қарай шығып кетуі қозғалтқыштың қызып кеткенін және зақымдалу ықтималдығын білдіреді.

Қызып кеткен қозғалтқышпен сапарды жалғастыруға болмайды. Қозғалтқыш қызып кетсе, 7-тараудағы «Қозғалтқыштың қызып кетуі» бөлімін қараңыз.

**АБАЙЛАҢЫЗ**

Қозғалтқыш ысып тұрғанда, радиатор қақпағын немесе бак қақпағын ашпаңыз.

Салқындатқыш сұйықтықта қысым бар болғандықтан, ауыр күйік шалуыңыз мүмкін. Салқындатқыш сұйықтықты бакқа қоспас бұрын, қозғалтқышты суытып алыңыз.

Отын деңгейінің көрсеткіші

Бұл көрсеткіш отын бағындағы отынның шамалас мөлшерін көрсетеді.

i Ақпарат

- Отын бағының көлемі бойынша деректер 2-тарауда берілген.
- Отын деңгейінің көрсеткіші бак босағанға дейін біраз уақыт бұрын жанатын төмен отын деңгейінің бақылау шамымен толықтырылады.
- Еңістер мен бұрылыстарда бактағы отын қозғалатындықтан, отын деңгейі көрсеткішінің көрсеткісі ауытқуы мүмкін немесе төмен отын деңгейінің бақылау шамы әдеттегіден ерте жануы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Отын таусылғанда жүргізуші мен жолаушыларға қауіп тенуі мүмкін.

Бақылау шамы жанып, көрсеткі «0» немесе «E (бос)» тұсына жақындағанда, мүмкіндік туа салысымен отын құйып алу керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Отын деңгейінің тым төмендеуіне жол бермеңіз. Отынды толық тауысу оталдыру жүйесінің ақауына және катализикалық бейтараптандырғыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Сыртқы ауа температурасының көрсеткіші

Бұл аспап сырттағы ауаның қазіргі температурасын Цельсий (°C) немесе Фаренгейт градустарымен көрсетеді.

- Температура диапазоны:
-40°C ~ 60°C (-40°F ~ 140°F)

Дисплейдегі сыртқы ауа температурасы жүргізуші назарын бөлмеу үшін әдеттегі термометрдегідей бірден өзгермейді.

Температураны өлшеу бірліктері арасында ауысу (°C бірлігінен °F бірлігіне немесе °F бірлігінен °C бірлігіне) былайша орындалады:



- Аспаптар тақтасындағы пайдаланушы баптауларының режимі:


температураны өлшеу бірліктері «Other [Қосымша функциялар] – Temperature unit [Температураны өлшеу бірлігі]» ішінде өзгертіледі.

- Климаттық қондырғыны автоматты түрде басқару жүйесі:

OFF түймесін басылған күйде ұстап тұрып, AUTO түймесін басу және кем дегенде 3 секунд бойы ұстап тұру керек.


Аспаптар тақтасындағы температура бірліктері немесе климат-бақылау жүйесі бір уақытта өзгереді.

Одометр



Одометрде көлік құралының толық жүріп өткен жолы көрсетіледі, ол кезекті техникалық қызмет көрсету мерзімін анықтау үшін пайдаланылады.

Отын таусылғанға дейінгі қашықтық





- Отын таусылғанға дейінгі қашықтық – көлік құралы қалған отынмен жүріп өте алатын қашықтық.
- Егер қалған қашықтық 1 км-ден (1 мильден) аз болса, бағдар компьютері отын таусылғанға дейінгі қашықтық ретінде «---» көрсете бастайды.

i Ақпарат


- Автокөлік тегіс емес жерде тұрса немесе аккумулятордан алатын қуаты ажырап қалса, онда қалдық отынмен жүріп өтетін жолды болжау функциясы дұрыс жұмыс істемейі мүмкін.
- Отын таусылғанға дейінгі қашықтық нақты жүріп өтетін жолдан өзгешеленуі мүмкін, өйткені бұл қолжетімді жүріп өтетін жол қашықтығын бағалау болып табылады.
- Құйылған отын мөлшері 6 литрден (1,6 галлоннан) аспайтын болса, бағдар компьютері мұндай мөлшерді есептемеуі мүмкін.
- Отын шығыны мен ол таусылғанға дейінгі қашықтық қозғалыс жағдайына, жүргізушінің көлік жүргізу мәнеріне және автокөліктің күйіне қатты байланысты болуы мүмкін.

Берілістерді ауыстыру индикаторы (бар болса)

АБАҚ-ның берілістерді ауыстыру индикаторы



Бұл сигнализатор селектордың таңдалған қалпын көрсетеді.



Қалқымалы ауыстыру индикаторы

Қалқымалы индикатор аспаптар тақтасында 2 секундқа пайда болып, диапазондарды (P/R/N/D) ауыстыру кезінде берілісті ауыстыру интірегінің қазіргі қалпын көрсетеді.

Қалқымалы ауыстыру индикаторы аспаптар тақтасының СК дисплейіндегі пайдаланушы баптаулары режимінде қосылады және өшеді.

Бақылау шамы мен индикатор

i Ақпарат

Қозғалтқышты қосқаннан кейін барлық бақылау шамдарының сөнгеніне көз жеткізіңіз. Қандай да бір шам әлі де жанып тұрса, мұның себебін анықтау керек.

Қауіпсіздік көпшіктері ақауының бақылау шамы



Бұл бақылау шамы мына жағдайларда жанады:

- Оталдыру жүйесінің құлпын немесе қозғалтқышты қосу/тоқтату түймесін Engine қалпына ауыстырғаннан кейін Start/Stop button to the ON position.
 - Шамамен 6 секундқа жанады да, артынша сөніп қалады.
- SRS жүйесінде ақау болған кезде.
- Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Қауіпсіздік белбеулерінің бақылау шамы



Бұл бақылау шамы жүргізушіге қауіпсіздік белбеуінің тағылмағаны туралы ескертеді.

Қосымша ақпарат 3-тараудың «Қауіпсіздік белбеулері» бөлімінде берілген.

Тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығының бақылау шамы



Бұл бақылау шамы мына жағдайларда жанады:

- Оталдыру жүйесінің құлпын немесе қозғалтқышты қосу/тоқтату түймесін ОН қалпына ауыстырғаннан кейін.
 - Шамамен 3 секундқа жанады
 - Тұрақ тежегіші қосылып тұрса, жанып тұра береді.
- Тұрақ тежегішін қосқан кезде.
- Резервуардағы тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болған кезде.
 - Тұрақ тежегіші жіберілген кезде бақылау шамы жанып тұрса, резервуардағы тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болғаны.

Резервуардағы тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болса:

1. Жақын маңдағы қауіпсіз жерге абайлап жүріп барыңыз да, автокөлікті тоқтатыңыз.
2. Қозғалтқышты сөндіргеннен кейін дереу тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз, қажет болса, қосымша құйыңыз **(Толық ақпарат 8-тараудың «Тежегіш сұйықтығы» бөлімінде берілген)**. Тежегіш сұйықтығын қосымша құйғаннан кейін тежеу жүйесінің барлық компоненттерін ағудың болмауына тексеріп шығыңыз. Тежеу жүйесінде ағулар анықталған жағдайда, бақылау шамы жанып тұрса немесе тежегіштер дұрыс жұмыс істемей тұрса, көлік құралын жүргізбеңіз. Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Контурлары диагональ түрінде бөлінген екі контурлы тежеу жүйесі

Автокөлігіңіз контурлары диагональ түрінде бөлінген екі контурлы тежеу жүйесімен жабдықталған. Бұл контурлардың бірі істен шықса да, кемінде екі доңғалақ автокөлікті тоқтата алады деген сөз.

Контурлардың бірі істен шыққан кезде оңтайлы тежеу үшін тежегіш педалін қаттырақ басу керек.

Оған қоса, тежеу жүйесі жартылай жұмыс істегенде, автокөліктің тежеу жолы артады.

Автокөліктің қозғалысы кезінде тежеу жүйесі істен шықса, қозғалтқышпен тежеу үшін төмен берілісті қосыңыз да, қауіпсіз тоқтау мүмкіндігі туған бойда автокөлікті тоқтатыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығының бақылау шамы

Бақылау шамы қосылып тұрған автокөлікті жүргізу қауіпті. Егер тұрақ тежегіші жіберілген күйде тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығының бақылау шамы жанып тұрса, бұл отын деңгейі төмен екендігін білдіреді.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Тежегіштің бұғатталуға қарсы жүйесінің (ABS) бақылау шамы



Бұл бақылау шамы мына жағдайларда жанады:

- Оталдыру жүйесінің құлпын немесе қозғалтқышты қосу/тоқтату түймесін ON қалпына ауыстырғаннан кейін.
 - Шамамен 3 секундқа жанады, содан кейін сөніп қалады.
- ABS жүйесінде ақау болған кезде (әдетте тежеу жүйесі тежегіштің бұғатталуға қарсы жүйесінсіз де өз қызметін сақтап қалады).

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Тежеу күшін электронды түрде бөлу жүйесінің бақылау шамы (EBD)



Бұл екі сигнал шамы төмендегідей жағдайларда қозғалыс кезінде бірге жанады:

- ABS пен жұмыс тежегіші тиісті түрде істемегенде.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

Тежеу күшін электронды түрде бөлу жүйесінің бақылау шамы (EBD)

ABS пен тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығының бақылау шамдары жанып тұрғанда тежеу жүйесі тиісінше жұмыс істемейді, ал күрт тежеу салдарынан күтпеген және қауіпті жағдай орын алуы мүмкін.

Бұл жағдайда жоғары жылдамдықпен жүруге және күрт тежеуге болмайды.

Автокөлікті тексерту үшін дереу HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Ақпарат

- тежеу күшін электронды түрде бөлу жүйесінің (EBD) бақылау шамы

ABS бақылау шамы немесе ABS бақылау шамы мен тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығының бақылау шамы жанып тұрса, спидометр, одометр және сапар одометрі жұмыс істемеуі мүмкін. Оған қоса, EPS бақылау шамы жанып, рульдік басқаруға қажетті күш артуы мүмкін.

Бұл жағдайда автокөлікті тексерту үшін дереу HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Электрлік тұрақ тежегішінің (EPB) бақылау шамы (бар болса)

EPB

Бұл бақылау шамы мына жағдайларда жанады:

- Оталдыру жүйесінің құлпын немесе қозғалтқышты қосу/тоқтату түймесін ON қалпына ауыстырғаннан кейін.
 - Шамамен 3 секундқа жанады да, артынша сөніп қалады.
- EPB ақаулы болса.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Ақпарат

Электрлік тұрақ тежегішінің (EPB) бақылау шамы бағыт тұрақтылығының электрондық жүйесі (ESC) тиісінше жұмыс істеп тұрмағанын білдіретін ESC индикаторы жанған кезде жануы мүмкін (Бұл EPB ақаулығын білдірмейді).

AUTO HOLD **дабылдағышы** **(бар болса)**

**AUTO
HOLD**

Индикатор жанады:

- [Ақ] Автоматты түрде ұстап тұру функциясын AUTO HOLD (автоматты түрде ұстап тұру) түймесін басып қосқан кезде.
- [Жасыл] Тежегіш педалін басып, көлік құралын толық тоқтатқан соң автоматты түрде ұстап тұру жүйесі қосылады.
- [Сары] Автоматты түрде ұстап тұру жүйесінде ақау болған жағдайда.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Қосымша ақпарат 6-тараудың «Автоматты түрде ұстап тұру» бөлімінде берілген.

Рульдік басқаруды электрлік күшейту жүйесінің (EPS) бақылау шамы



Бұл бақылау шамы мына жағдайларда жанады:

- Оталдыру жүйесінің құлпын немесе қозғалтқышты қосу/тоқтату түймесін ON қалпына ауыстырғаннан кейін.
 - Шамамен 3 секундқа жанады да, артынша сөніп қалады.
- Сыртқа шығарылған заттардың уыттылығын азайту жүйесінде ақау болған жағдайда.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Ақаудың барын білдіретін бақылау шамы (MIL)



Бұл бақылау шамы мына жағдайларда жанады:

- Оталдыру жүйесінің құлпын немесе қозғалтқышты қосу/тоқтату түймесін ON қалпына ауыстырғаннан кейін.
 - Шамамен 3 секундқа жанады да, артынша сөніп қалады.
- Шамамен 3 секундқа жанады да, артынша сөніп қалады.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөлікті ақаудың барын білдіретін бақылау шамы (MIL) жанып тұрғанда жүргізу сыртқа шығарылған заттардың уыттылығын азайту жүйесінің зақымдалуына алып келуі, ал бұл көлікті басқаруды және/немесе отын шығынының тиімділігін нашарлатып жіберуі мүмкін.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер ақаудың барын білдіретін бақылау шамы (MIL) жанып тұрса, каталитикалық бейтараптандырғыш зақымдалған болуы ықтимал, ал бұл қозғалтқыш қуатының төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Бұл жағдайда автокөлікті тексерту үшін дереу HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Зарядтау жүйесінің бақылау шамы



Бұл бақылау шамы мына жағдайларда жанады:

- Генератор немесе электрлік зарядтау жүйесі ақаулы болған жағдайда.

Генератор немесе электрлік зарядтау жүйесі ақаулы болған жағдайда:

1. Жақын маңдағы қауіпсіз жерге абайлап жүріп барыңыз да, автокөлікті тоқтатыңыз.
2. Қозғалтқышты сөндіріп, генератордың жетекті белбеуінің босап және үзіліп кетпегенін тексеріңіз.

Егер белбеу тиісінше реттелген болса, онда проблема зарядтау жүйесіндегі ақаумен байланысты болуы мүмкін.

Бұл жағдайда автокөлікті тексерту үшін дереу HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Қозғалтқыштағы май қысымының бақылау шамы



Бұл бақылау шамы мына жағдайларда жанады:

- Қозғалтқыш тағы май қысымы төмен болған кезде.

Қозғалтқыштағы май қысымы төмен болса:

1. Жақын маңдағы қауіпсіз жерге абайлап жүріп барыңыз да, автокөлікті тоқтатыңыз.
2. Қозғалтқышты сөндіріп, мотор майының деңгейін тексеріңіз (Толық ақпарат 8-тараудың «Мотор майы» бөлімінде берілген). Егер май деңгейі төмен болса, қажетті май мөлшерін құйыңыз.

Бақылау шамы май құйғаннан кейін де сөнбесе немесе май қолжетімді болмаса, көлік құралын тексерту үшін дереу HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Қозғалтқыштағы май қысымының бақылау шамы қосылған бойда қозғалтқышты сөндірімеген жағдайда, қозғалтқыш қатты зақымдалуы мүмкін.
- Бақылау шамы қозғалтқыш істеп тұрғанда жанып тұратын болса, бұл қозғалтқыштың қатты зақымдалғанын немесе ақаулы болуын білдіреді. Бұл жағдайда:
 1. Жолдағы ережелер мен барлық қажетті сақтық шараларын сақтай отырып, автокөлікті тоқтатыңыз.
 2. Қозғалтқышты сөндіріп, май деңгейін тексеріңіз. Май деңгейі төмен болса, қажетті деңгейге дейін май құйыңыз.
 3. Қозғалтқышты қайта оталдырыңыз. Бақылау шамы қозғалтқыш оталғаннан кейін де сөнбесе, қозғалтқышты дереу сөндіріңіз. Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Төмен отын деңгейінің бақылау шамы



Бұл бақылау шамы мына жағдайларда жанады:

- Отын багы босауға жақын болғанда.

Бұл жағдайда мүмкіндігінше тез отын құю керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Төмен отын деңгейінің бақылау шамы қосылып тұрғанда немесе отын деңгейі «0» шамасынан төмен болғанда көлікті жүргізу қозғалтқыштағы жалын өткізуге және каталитикалық бейтараптандырғыштың (бар болса) зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Жылдамдықты шектен асырудың бақылау шамы (бар болса)

120
km/h

Бұл бақылау шамы мына жағдайларда жыпылықтайды:

- Көлік құралының жылдамдығы 120 км/сағ асқан жағдайда.
 - Көлік құралының жылдамдығын шектен асырмау үшін қызмет етеді.
 - Оған қоса, шамамен 5 с ішінде ескертуші дыбыс сигналы естіледі.

Басты бақылау шамы



Индикатор жанады:

- Келесі жүйелердің кез келгенінде ақау болған жағдайда:
 - Маңдайлық соқтығысудың алдын алу жүйесінің (бар болса) ақаулығы
 - Маңдайлық соқтығысудың алдын алу жүйесінің радары блокталды (бар болса)
 - Көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесінің (бар болса) ақаулығы
 - Көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесінің радары (бар болса) блокталды
 - Интеллектуалды круиз-бақылаудың (бар болса) ақаулығы
 - Шам ақаулығы
 - Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару жүйесінің (бар болса) ақаулығы
 - Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) ақаулығы

Бұл ескерту бойынша толық ақпарат СК дисплейде көрсетіледі.

Шиналардағы төмен қысым туралы ескерту жүйесінің (бар болса) бақылау шамы



Бұл бақылау шамы мына жағдайларда жанады:

- Оталдыру жүйесінің құлпын немесе қозғалтқышты қосу/тоқтату түймесін ON қалпына ауыстырғаннан кейін.
 - Шамамен 3 секундқа жанады да, артынша сөніп қалады.
- Бір немесе бірнеше шинадағы қысым белгіленген мөлшерден әлдеқайда төмен болған жағдайда (Қысымы жеткіліксіз шинаның орны СК дисплейде көрсетіледі).

Қосымша ақпарат 7-тараудың «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)» бөлімінде берілген.

Бақылау шамы шамамен 60 секунд жыпылықтаған соң жанып тұрады немесе шамамен 3 секундтық аралықпен тұрақты түрде жанып-сөніп тұрады:

- TPMS ақаулы болған кезде.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Қосымша ақпарат 7-тараудың «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)» бөлімінде берілген.

АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіз тоқтау

- TPMS жүргізушіге шинаның сыртқы факторлардан қатты және кенет зақымдалғаны туралы ескерте алмайды.
- Көлік құралының кез келген тұрақсыздығы байқалса, акселератор педалінен аяғыңызды дереу алып тастаңыз, біртіндеп тежегішті іске қосып, жолдан қауіпсіз жерге баяу шығып кетіңіз.

Бағыт тұрақтылығының электронды жүйесінің (ESC) индикаторы



Индикатор жанады:

- Оталдыру жүйесінің құлпын немесе қозғалтқышты қосу/тоқтату түймесін ON қалпына ауыстырғаннан кейін.
 - Шамамен 3 секундқа жанады да, артынша сөніп қалады.
- ESC жүйесі ақаулы болғанда.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Бұл индикатор:

- ESC жұмыс істеп тұрғанда жыпылықтайды.

Толық ақпарат 6-тараудың «Динамикалық тұрақтандырудың электронды жүйесі (ESC)» бөлімінде берілген.

Бағыт тұрақтылығының электронды жүйесінің (ESC) өшірулі күйінің индикаторы



Индикатор жанады:

- Оталдыру жүйесінің құлпын немесе қозғалтқышты қосу/тоқтату түймесін ON қалпына ауыстырғаннан кейін.
 - Шамамен 3 секундқа жанады да, артынша сөніп қалады.
- ESC жүйесін ESC OFF (ESC өшіру) түймесін басып ажыратқанда.

Толық ақпарат «Динамикалық тұрақтандырудың жүйесі (ESC)» бөлімінде берілген.

Иммобилайзер индикаторы (электронды кілттер жүйесінсіз) (бар болса)



Индикатор жанады:

- Көлік құралы оталдыру жүйесінің құлпы бар кілтте иммобилайзерді қосылған күйде анықтаған кезде.
 - Бұл кезде қозғалтқышты оталдыруға болады.
 - Қозғалтқыш оталған соң индикатор өшеді.

Бұл индикатор:

- Иммобилайзер жүйесінде ақау болған кезде жыпылықтайды.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Иммобилайзер индикаторы (электронды кілттер жүйесімен) (бар болса)



Индикатор шамамен 30 секундқа жанады:

- Қозғалтқышты қосу және сөндіру түймесі ACC немесе ON қалпында тұрғанда көлік құралы автокөлік ішінде электронды кілтті анықтаған кезде.
 - Бұл кезде қозғалтқышты оталдыруға болады.
 - Қозғалтқыш оталған соң индикатор өшеді.

Индикатор бірнеше секунд бойы жыпылықтайды:

- Электронды кілт автокөлік ішінде болмағанда.
 - Бұл кезде қозғалтқышты оталдыруға болмайды.

Индикатор 2 секунд жанады да, артынша сөніп қалады:

- Электронды кілт автокөлік ішінде, ал қозғалтқышты қосу және сөндіру түймесі ON қалпында тұр, бірақ автокөлік электронды кілтті анықтамайды.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Бұл индикатор:

- Иммобилайзер жүйесінде ақау болған кезде жыпылықтайды.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Бұрылыс сигналдарының индикаторы



Бұл индикатор:

- Бұрылыс көрсеткіштерін қосқан кезде жыпылықтайды.

Келесі жағдайлардың кез келгені орын алғанда, бұрылыс көрсеткіштері жүйесінде ақау пайда болуы мүмкін.

- Бұрылыс сигналдарының индикаторы жанады, бірақ жыпылықтамайды
- Бұрылыс сигналдарының индикаторы тез жыпылықтайды
- Бұрылыс сигналдарының индикаторы мүлдем жанбайды

Бұл жағдайлардың кез келгені орын алғанда, көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Жақынға түсетін жарықтың индикатор шамы (бар болса)



Индикатор жанады:

- Фаралар жанып тұрғанда.

Алысқа түсетін жарық индикаторы



Индикатор жанады:

- Алдыңғы фаралар жанып тұрып, ауыстырып қосқыш алысқа түсетін жарық қалпында тұрғанда.
- Бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегі фаралардың алысқа түсетін жарығының қысқа мерзімді жыпылықтау қалпына ауыстырылғанда.

Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару жүйесі (НВА) (бар болса)




Бұл бақылау шамы мына жағдайларда жанады:

- Фаралардың алысқа түсетін жарығы қосылып, жарық ауыстырып қосқышы жарықтандыру аспаптарын автоматты түрде басқару қалпында тұрғанда.
- Жүйе қарсы бағыттағы немесе ыңғайлас бағыттағы көлік құралдарын анықтағанда, алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару жүйесі (НВА) алысқа түсетін жарықты жақынға түсетін жарыққа автоматты түрде ауыстырып қосатын болады.

Толық ақпарат 5-бөлімнің «Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару жүйесі (НВА)» бөлімінде берілген.


Жарықтандыру аспаптарының қосулы күйінің индикаторы



Индикатор жанады:

- Габарит жарығы немесе алдыңғы фаралар қосылып тұрғанда.

Артқы тұман шамдарының индикаторы (бар болса)



Индикатор жанады:

- Артқы тұман шамдары қосылып тұрғанда.

Круз-бақылау индикаторы



Индикатор жанады:

- Круз-бақылау жүйесі қосылған кезде.

Толық ақпарат 6-тараудың «Круз-бақылау жүйесі» бөлімінде берілген.

**Спорт режимі
индикаторы
(бар болса)**



Бұл бақылау шамы

- Жүру үшін «SPORT» режимі таңдалғанда жанады.

Қосымша ақпарат 6-тараудың «Жүргізу режимін басқарудың біріктірілген жүйесі» бөлімінде берілген.

**ECO режимінің
индикатор шамы
(бар болса)**



Бұл бақылау шамы жанады

- Жүргізу режимі ретінде ECO режимі таңдалғанда.

Қосымша ақпарат 6-тараудың «Жүргізу режимін басқарудың біріктірілген жүйесі» бөлімінде берілген.

**SMART режимінің
индикатор шамы
(бар болса)**



Индикатор жанады:

- Жүргізу режимі ретінде «SMART» режимі таңдалса.

Қосымша ақпарат 6-тараудың «Жүргізу режимін басқарудың біріктірілген жүйесі» бөлімінде берілген.

**Маңдайлық
соқтығысудың
алдын алу жүйесінің
бақылау шамы (FCA)
(бар болса)**



Индикатор жанады:

- Оталдыру жүйесінің құлпын немесе қозғалтқышты қосу/тоқтату түймесін ON қалпына ауыстырғаннан кейін.
 - Шамамен 3 секундқа жанады да, артынша сөніп қалады.
- FCA ақаулы болған кезде.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Толық ақпарат 6-тараудың «Маңдайлық соқтығысудың алдын алу жүйесі (FCA)» бөлімінде берілген.

Көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесінің индикаторы (LKA) (бар болса)



Индикатор жанады:

- [Жасыл] Жүйе жұмысының талаптары орындалып жатыр.
- [Ақ] Жүйе жұмысының талаптары орындалмаса.
- [Сары] Қозғалыс жолағынан тыс шығу туралы ескерту жүйесінде ақау болған кезде.
- Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Толық ақпарат 6-тараудың «Көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесі (LKA)» бөлімінде берілген.

СК дисплейдегі хабарламалар

Key not in vehicle [Кілт машинада емес] (электронды кілттер жүйесі үшін)

Бұл ескерту хабарламасы, есіктерді ашқанда не жапқанда, оталдыру жүйесінің құлпы АСС немесе ҚОСУ қалпына орнатылып тұрғанда электронды кілт автокөлік сыртында болса, көрсетіледі. Есікті жапқан кезде электронды кілт автокөлік ішінде болмаса, дыбыстық сигнал беріледі.

Автокөлікті оталдыру әрекеті кезінде электронды кілт өзіңізбен бірге болуы керек.

Key not detected [Кілт анықталмады] (электронды кілттер жүйесі үшін)

Бұл ескерту хабарламасы, қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесін басқанда электронды кілт анықталмаса, пайда болады.

Press START button with key [START түймесін кілтпен басыңыз] (электронды кілті бар жүйе үшін)

Бұл ескерту хабарламасы дисплейде «Key not detected [Кілт анықталмады]» хабарламасы көрсетілгенде қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі басылған кезде көрсетіледі.

Мұнымен бірге, иммобилайзердің сигнал шамы жыпылықтайды.

Low key battery [Кілт аккумуляторының қуаты таусылды] (электронды кілттер жүйесі үшін)

Бұл ескерту хабарламасы электронды кілт батареясының қуаты таусылғанда қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесімен оталдыру жүйесін өшірген кезде пайда болады.

Press brake pedal to start engine [Қозғалтқышты оталдыру үшін тежегіш педалін басыңыз] (электронды кілттер жүйесі үшін)

Бұл ескерту хабарламасы тежегіш педалін баспай, қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі АСС қалпына қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесін екі рет басып келтірілгенде көрсетіледі.

Сіз тежегіш педалін жіберіп, автокөлікті жүргізе аласыз.

Press START button again [START түймесін тағы бір рет басыңыз] (электронды кілттер жүйесі үшін)

Бұл хабарлама қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесінің көмегімен қозғалтқышты оталдыру мүмкін болмаған кезде көрсетіледі.

Дисплейде бұл хабарлама пайда болса, қозғалтқышты қайта оталдырып көріңіз.

Ескерту хабарламасы қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесін басқан сайын көрсетілсе, көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Shift to P or N to start engine [Қозғалтқышты оталдыру үшін P немесе N қалпына ауысыңыз] (электронды кілттер жүйесі және автоматты беріліс қорабы үшін)

Бұл ескерту хабарламасы селекторды «P» (тұрақ) немесе «N» (бейтарап) қалпына орнатпастан қозғалтқышты оталдыру әрекеті жасалғанда пайда болады.



Ақпарат


Қозғалтқышты селектор «N» (бейтарап) қалпында тұрғанда да оталдыруға болады. Алайда, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қозғалтқышты селектор «P» (тұрақ) қалпында тұрғанда қосқан жөн.

**Check BRAKE SWITCH fuse
[BRAKE SWITCH
сақтандырғышын тексеріңіз]
(электронды кілттер жүйесі
және автоматты беріліс
қорабы үшін)**

Бұл ескерту хабарламасы тежегіш ажыратып қосқышының сақтандырғышы ағытылған жағдайда пайда болады.

Сақтандырғышты жаңасына ауыстыру керек. Егер бұл мүмкін болмаса, қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесін АСС қалпында 10 с басып ұстап тұрып, қозғалтқышты оталдыруға болады.

Есіктердің, капоттың немесе жүксалғыштың ашылуы




Бұл ескерту капот, жүксалғыш немесе есіктердің біреуі ашық тұрғанын білдіреді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сапарға шықпай тұрып есіктердің / капоттың / жүксалғыштың толығымен жабық тұрғанын тексеріп алыңыз. Сонымен бірге, аспаптар тақтасында есіктердің/капоттың/жүксалғыштың ашық тұрғанын білдіретін хабарламаның жоқ екендігін немесе бақылау шамының жанып тұрмағанын тексеріп алыңыз.

Үстіңгі люк ашық (бар болса)



Бұл ескерту қозғалтқыштың төбедегі люк ашық тұрғанда сөнуі кезінде пайда болады.

Автокөліктен шыққанда, төбедегі люкті жақсылап жабу керек.


«FUSE SWITCH» ауыстырып қосқышын қосыңыз

Бұл ескерту хабарламасы руль астындағы сақтандырғыш тар блогында орналасқан сақтандырғыш ажыратып қосқыш өшірілген жағдайда көрсетіледі.

Сақтандырғыштың ажыратып қосқышын қосуыңыз керек.


Толық ақпарат 8-тараудың «Сақтандырғыштар» бөлімінде берілген.

Жарықтандыру режимі



Бұл индикатор жарықты басқару режимінде таңдалған сыртқы жарық шамын көрсетеді.

Әйнек тазалағыш режимі



Бұл индикатор әйнек тазалағыш тарды басқару режимінде әйнек тазалағыштың таңдалған жылдамдығын көрсетеді.

Low Pressure [Төмен қысым] (бар болса)



Бұл ескерту хабарламасы шиналардағы қысым төмен болғанда пайда болады. Автокөліктің тиісті шинасы бөлектеніп көрсетіледі.

Толық ақпаратты 7-тараудағы «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)» тармағынан қараңыз.

Heated Steering Wheel turned off [Руль жылытқышы өшірулі] (бар болса)

Бұл хабарлама руль жылытқышын өшірген кезде пайда болады.

Қосымша ақпарат 5-тараудың «Жылытылатын руль» бөлімінде берілген.

Low washer fluid [Әйнек жуғыш сұйықтығының төмен деңгейі]

Бұл ескерту хабарламасы әйнек жуғыш сұйықтығының бағы босауға жақын болғанда көрсетіледі.

Бакқа әйнек жуғыш сұйықтығын толтырыңыз.

Low fuel [Отынның төмен деңгейі]

Бұл ескерту хабарламасы отын бағы босауға жақын қалғанда көрсетіледі.

Бұл хабарламамен бірге аспаптар тақтасында төмен отын деңгейінің индикаторы да жанады.

Жақын маңдағы жанармай құю станциясын тауып алып, отын құю керек.

Engine Overheated [Қозғалтқыш қызып кетті] (бар болса)

Бұл ескерту хабарламасы қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температурасы 120 °C-тан (248 °F) асып кеткенде көрсетіледі. Бұл қозғалтқыштың қызып кеткенін және оның зақымдалу ықтималдығын білдіреді.

Қозғалтқыш қызып кетсе, 7-тараудағы «Қызып кету» тармағын қараңыз.

Check headlight [Фараларды тексеру] (бар болса)

Бұл ескерту хабарламасы фаралар дұрыс істемеген жағдайда пайда болады.

Оған қоса, белгілі бір шам (мысалы, бұрылыс көрсеткіші) дұрыс істемей тұрса, соған байланысты ескерту хабарламасы (мысалы, бұрылыс көрсеткіші) көрсетіледі. Тиісті шамды ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Күйіп кеткен шамның номиналдық қуаты дәл сондай жаңа шаммен ауыстырылғанына көз жеткізіңіз.

Check turn signal**[Бұрылыс сигналын тексеріңіз] (бар болса)**

Бұл ескерту хабарламасы бұрылыс көрсеткіштері дұрыс жұмыс істемей тұрғанда көрсетіледі. Шамды ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Күйіп кеткен шамның номиналдық қуаты дәл сондай жаңа шаммен ауыстырылғанына көз жеткізіңіз.

Check brake light [Стоп-сигналды тексеру] (бар болса)

Бұл ескерту хабарламасы стоп-сигнал дұрыс жұмыс істемей тұрғанда көрсетіледі. Шамды ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Күйіп кеткен шамның номиналдық қуаты дәл сондай жаңа шаммен ауыстырылғанына көз жеткізіңіз.

Check daytime running light**[Күндізгі жүріс жарығын тексеру] (бар болса)**

Бұл ескерту хабарламасы күндізгі жүріс жарығы дұрыс жұмыс істемей тұрғанда көрсетіледі. Шамды ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Күйіп кеткен шамның номиналдық қуаты дәл сондай жаңа шаммен ауыстырылғанына көз жеткізіңіз.

Check headlight LED [LED**фараларды тексеріңіз] (жарықдиодты) (бар болса)**

Бұл ескерту хабарламасы жарықдиодты фараларда ақау болғанда көрсетіледі. Автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.

Check High Beam Assist (HBA) system [HBA (алысқа түсетін жарықты автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесін) тексеру] (бар болса)

Бұл ескерту хабарламасы алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару жүйесінде (HBA) ақау табылғанда көрсетіледі.

Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Толығырақ 5-тараудағы «Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару жүйесі (HBA)» тармағынан қараңыз.

Check Forward Collision-Avoidance Assist system [FCA (маңдайлық соқтығысуға қарсы жүйені) тексеру] (бар болса)

Бұл ескерту хабарламасы маңдайлық соқтығысудың алдын алу жүйесінде (FCA) ақау табылғанда көрсетіледі. Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Толық ақпарат 6-тараудың «Маңдайлық соқтығысудың алдын алу жүйесі (FCA)» бөлімінде берілген.

Check Blind-Spot Collision Warning (BCW) system [Көзден таса аймақта соқтығысуды ескерту жүйесін тексеріңіз] (бар болса)

Бұл ескерту хабарламасы жүргізушінің көру аймағынан тыс жердегі нысандарды анықтау жүйесінде (BCW) ақау пайда болған кезде көрсетіледі.

Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Толық ақпарат 6-тараудың «Көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі (BCW)» бөлімінде берілген.

Check Smart Cruise Control System [Круз-бақылау жүйесін тексеріңіз] (бар болса)

Бұл ескерту хабарламасы круз-бақылаудың интеллектуалды жүйесінде ақау табылғанда көрсетіледі. Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Толық ақпарат 6-тараудың «Круз-бақылау жүйесін тексеріңіз» бөлімінде берілген.

Check Driver Attention Warning (DAW) [DAW функциясын тексеру] (бар болса)

Бұл ескерту хабарламасы жүргізушінің зейінін бақылау жүйесінде (DAW) ақау табылғанда көрсетіледі. Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Толығырақ 6-тараудағы «Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі (DAW)» бөлімінен қараңыз.


***Check Lane Keeping Assist
(LKA) system [LKA (жолақты
ұстап тұру жүйесін) тексеру]
(бар болса)***

Бұл ескерту хабарламасы көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесінде (LKA) ақау табылғанда көрсетіледі. Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Толық ақпаратты 6-тараудың «Көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесі (LKA)» бөлімінен қараңыз.

СК ДИСПЛЕЙ (А ТИПІ)

СК дисплейді басқару



СК дисплей режимдерін басқару түймелерінің көмегімен өзгертуге болады.


- (1) : Режимді өзгертуге арналған MODE (режим) түймесі
- (2) : Мәзір тармағын таңдауға арналған MOVE ауыстырып қосқышы
- (3) OK : SELECT/RESET (таңдау немесе бастапқы қалпына түсіру) түймесі мәзір тармағын таңдауға және таңдаудан бас тартуға арналған

СК дисплей режимдері

Режимдер	Белгіленуі	Сипаттамасы
Trip Computer (Жолдың орт. қы)		Бұл режимде автокөліктің қозғалысы туралы ақпарат көрсетіледі, мысалы, сапар одометрі, отын шығынының тиімділігі және т. б. Қосымша ақпарат осы тараудың «Бағдар компьютері» бөлімінде берілген.
Turn By Turn (ТБТ) (Бұрылыстарды көрсету)		Бұл режимде дисплейде навигация жүйесінің күйі көрсетіледі.
Assist (Көмек режимі)		<ul style="list-style-type: none"> - Круиз-бақылау жүйесін (SCC) тексеріңіз - Көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесі (LKA) - Жолақты қадағалау жүйесі (LFA) - Жүргізуші зейінін бақылау жүйесі (DAW) - Шиналардағы қысым
User Settings (Баптаулар)		Бұл режимде есіктердің, шамдардың және т. б. баптауларын өзгертуге болады.
Warning (Абайлаңыз)		Бұл режимде круиз-бақылаумен және т.б. байланысты ескерту хабарламалары көрсетіледі.

Ұсынылған ақпарат автокөлігіңізге функцияның қолданылуына байланысты өзгеше болуы мүмкін.


Бағдар компьютерінің режимі



Бағдар компьютері режимі автокөлікті басқару параметрлерімен, соның ішінде отынды үнемдеумен, жүрілген қашықтық есептегішімен және автокөлік жылдамдығымен байланысты ақпаратты көрсетеді.

Толық ақпаратты осы тараудың «Бағдар компьютері» бөлімінен қараңыз.

«Turn By Turn (Бұрылыстарды көрсету)» режимі (TBT)



Бұл режимде дисплейде навигация жүйесінің күйі көрсетіледі.

Көмек режимі



SCC/LKA/DAW

Бұл режимде жай-күй көрсетіледі, круиз-бақылау жүйесін (SCC) және көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесін (LKA) және жүргізуші зейінін бақылау жүйесін (DAW) тексеріңіз.

Толық ақпаратты 6-тараудағы тиісті жүйенің сипаттамасынан қараңыз.



Tire Pressure [Шиналардағы қысым]

Бұл режимде шиналардағы қысымды бақылау жүйесімен байланысты ақпарат көрсетіледі.

Толығырақ 7-тараудағы «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)» бөлімінен қараңыз.

Жалпы ескерту режимі



Бұл дабылдағыш жүргізушіні келесі жағдайлар туралы ескертеді.


- Мандайлық соқтығысудың алдын алу жүйесінің (бар болса) ақаулығы
- Мандайлық соқтығысудың алдын алу жүйесінің радары блокталды (бар болса)
- Көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесінің (бар болса) ақаулығы
- Көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесінің радары (бар болса) блокталды
- Интеллектуалды круиз-бақылаудың (бар болса) ақаулығы
- Шам ақаулығы (нұсқалық орындауда)
- Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару жүйесі (бар болса)
- Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) ақаулығы (нұсқалық орындауда)

Жалпы ақау дабылдағышы жоғарыда аталған жағдайлардың біреуі немесе бірнешеуі орын алғанда жанады.

Осымен бірге СК дисплейде пайдаланушы баптаулары белгісінің (Δ) қасында жалпы ақау белгісі (⚠) көрсетілетін болады.

Апаттық жағдайды жойғаннан кейін жалпы ақау дабылдағышы сөнеді, ал жалпы ақау белгісі жоғалып кетеді.

Пайдаланушы баптауларының режимі



Бұл режимде аспаптар тақтасының, есіктердің, шамдардың және т.б. баптауларын өзгертуге болады.

1. Head-up display [Дисплей проекциясы]
2. Driver assistance [Жүргізушіге көмек]
3. Door [Есіктер]
4. Lights [Жарық]
5. Sound [Дыбыс]
6. Convenience [жайлылық]
7. Service interval [Қызмет көрсету аралығы]
8. Other [Қосымша функциялар]
9. Language [Тіл]
10. Reset [Бастапқы қалпына түсіру]

Ұсынылған ақпарат автокөлігіңізге функцияның қолданылуына байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Shift to P to edit settings

[Беріліс Р қалпында тұрғанда параметрлерді өзгерту]

Бұл ескерту хабарламасы қозғалыс кезінде пайдаланушы баптауларының режимінен мәзір тармағын таңдағанда қосылады.

Қауіпсіздік мақсатында пайдаланушы баптауларын өзгерту үшін автокөлікті тоқтатып, тұрақ тежегішін қосыңыз және селекторды «Р» (тұрақ) қалпына келтіріңіз.

Анықтамалық ақпарат (Quick guide) (анықтама)

Бұл режимде пайдаланушы баптауларының режиміндегі жүйелермен жұмыс істеу жөнінде қысқа нұсқаулықтар беріледі.

Мәзір тармағын таңдаңыз, одан кейін ОК түймесін басып ұстап тұрыңыз.

Әр жүйе туралы толық ақпаратты пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

1. Head-up display [Дисплей проекциясы]

Элементтер	Сипаттамасы
Enable Head-up display [Дисплейді әйнекке проекциялау]	Бұл тармақты таңдағанда, ақпаратты алдыңғы әйнекке проекциялау функциясы қосылатын болады.
Display Height [Дисплей биіктігі]	Суретті көрсету биіктігін реттеу.
Rotation [Айналдыру]	Суретті көрсету бұрышын реттеу.
Brightness [Ашықтық]	Суретті көрсету ашықтығын реттеу.
Content Selection [Деректерді таңдау]	Көрсетілетін деректерді таңдау.
Speed Size [Спидометр таңбаларының өлшемі]	Спидометрді көрсету өлшемін таңдау.
Speed Color [Спидометр түсі]	Спидометрді көрсету түсін таңдау.

2. Driver assistance [Жүргізушіге көмек]

Элементтер	Сипаттамасы
Driver Attention Warning [DAW (Жүргізуші зейінін бақылау деңгейі)]	<ul style="list-style-type: none"> • Leading vehicle departure alert [Алда жүріп бара жатқан автокөлік ұзап кетті] Алдағы автокөліктің кетіп қалғаны туралы хабарламаны қосу және өшіру. Толық ақпарат 6-тараудың «Алдағы автокөліктің кетіп қалғаны туралы хабарлама» бөлімінде берілген. • Inattentive Driving Warning [Еңіс туралы ескерту] Жүргізуші зейінін бақылау жүйесін (DAW) қосу немесе өшіру. Толық ақпарат 6-тараудағы «Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі (DAW)» бөлімінде берілген.
Warning timing [Ескертулер таймері]	Жүргізушіге көмек жүйесінің ескерту уақытын реттеу. <ul style="list-style-type: none"> • Normal / Later [Қалыпты / Кейінірек]
Warning volume [Ескертулердің дыбыс қаттылығы]	Жүргізушіге көмек жүйесі ескертулерінің дыбыс қаттылығын реттеу. <ul style="list-style-type: none"> • High / Medium / Low [Жоғары / Орташа / Бәсең]
Lane safety [Жолақта жүру қауіпсіздігі]	Көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесін (LKA) реттеу. <ul style="list-style-type: none"> • Lane Keeping Assist [Жолақ ішінде ұстау жүйесі] • Lane Departure Warning [Жолақты ауыстыру] • Off [Өшіру] Толық ақпаратты 6-тараудың «Көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесі (LKA)» бөлімінен қараңыз.

2. Driver assistance [Жүргізушіге көмек]

Элементтер	Сипаттамасы
<p>Forward safety [Алдағы қауіпсіздік]</p>	<p>Маңдайлық соқтығысудың алдын алу функциясын реттеу.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Active assist [Белсенді көмек] • Warning only [Тек ескерту] • Off [Өшіру] <p>Толық ақпарат 6-тараудың «Маңдайлық соқтығысудың алдын алу жүйесі» бөлімінде берілген.</p>
<p>Blind-spot safety [«Көзден таса аймақтарды» бақылау]</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Blind-Spot View [«Көзден таса аймақтарды» көрсету] <p>Көзден таса аймақтарды көрсету функциясын қосу не өшіру.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Safe Exit Assist (SEA) [SEA (Автокөліктен шыққан кездегі қауіпсіздік жүйесі)] <p>Автокөліктен шыққан кездегі қауіпсіздік жүйесін қосуне өшіру.</p> <p>Қосымша ақпарат 6-тараудың «Автокөліктен шыққан кездегі қауіпсіздік жүйесі» бөлімінде берілген.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Active assist [Белсенді көмек] • Warning only [Тек ескерту] • Off [Өшіру] <p>Ескертулер туралы толық ақпарат пен шектеулер 6-тараудың «Көзден таса аймақтағы нысандармен соқтығысудың алдын алу жүйесі (BCA)» немесе «Көзден таса аймақтағы нысандармен соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі (BCW)» бөлімінде берілген.</p>
<p>Parking safety [Қауіпсіз тұрақ]</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Surround View Monitor Auto On [Айналаны шолу жүйесінің автоматты түрде қосылуы] • Parking Distance Warning – Auto ON [Автоматты түрде PDW (Тұрақ сенсорының ескертуі)] • Rear Cross-Traffic Safety [Арттан қиып өту кезіндегі қауіпсіздік] <p>Жол қиылысында артқы соқтығысуды ескерту функциясын қосу не өшіру.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Active assist [Белсенді көмек] • Warning only [Тек ескерту] • Off [Өшіру] <p>Қосымша ақпарат 6-тараудың «Жол қиылысында артқы соқтығысуды ескертетін көмек жүйесі (RCCA)» бөлімінде берілген.</p>

3. Door [Есік]

Элементтер	Сипаттамасы
Auto lock [Есіктердің автоматты түрде құлыпталуы]	<ul style="list-style-type: none"> • Disable [Өшіру]: Есіктердің автоматты түрде құлыпталу функциясы өшеді. • Enable on speed [Қозғалыс кезінде]: Жылдамдықты 15 км/сағ (9,3 миль/сағ) шамасынан асырғанда барлық есіктер автоматты түрде құлыпталады. • Enable on shift [Берілісті ауыстырып қосқан кезде]: Селекторды «Р» (тұрақ) қалпынан «R» (артқа жүру), «N» (бейтарап) немесе «D» (жүру) қалпына ауыстырғанда, барлық есіктер автоматты түрде құлыпталады. (Қозғалтқыш оталып тұрғанда ғана.)
Auto unlock [Есік құлыптарының автоматты түрде ашылуы]	<ul style="list-style-type: none"> • Disable [Өшіру]: Есік құлыптарының автоматты түрде ашылу функциясы өшеді. • On key out/Vehicle off [Кілт шығарылды/Оталдыру жүйесі өшті]: Оталдыру жүйесінен кілтті шығарған кезде немесе оталдыру жүйесін қозғалтқышты қосу және сөндіру түймесімен өшірген кезде барлық есіктердің құлыптары автоматты түрде ашылатын болады. • On shift to P [«Р» қалпына ауыстыру]: Селектор «Р» (тұрақ) қалпына ауыстырылғанда, барлық есіктердің құлыптары автоматты түрде ашылады. (Қозғалтқыш оталып тұрғанда ғана.)
Two Press Unlock [Екі рет басып құлыпты ашу]	<ul style="list-style-type: none"> • Off [Өшіру]: есіктердің құлпын екі рет басып ашу функциясы өшірілген. Сондықтан есіктердің құлпын ашу түймесін басқанда барлық есіктердің құлыптары ашылады. • On [Қосу]: Есіктердің құлпын ашу түймесін басқанда, тек жүргізуші есігінің құлпы ашылады. Қалған есіктердің құлыптары есік құлпын ашу түймесін 4 секунд ішінде қайта басқанда ашылады.
Horn Feedback [Жабу кезіндегі дыбыс сигналы]	<p>Дыбыс сигналын беру жүйесін қосу не өшіру.</p> <p>Есіктер құлыпталған соң қашықтан басқару пультіндегі есікті құлыптау түймесін 4 секунд ішінде тағы бір рет бассаңыз, есіктердің құлыпталғанын білдіретін бір дыбыс сигналы беріледі (қашықтан басқару пульті бар болса).</p>
Smart Trunk [Жүксалғыштың автоматты түрде ашылуы]	<p>Жүксалғышты интеллектуалды ашу жүйесін қосу не өшіру.</p> <p>Қосымша ақпарат 5-тараудың «Жүксалғышты интеллектуалды ашу жүйесі» бөлімінде берілген.</p>

4. Lights [Жарық]

Элементтер	Сипаттамасы
One Touch Turn Signal [Бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтаусаны]	<ul style="list-style-type: none"> • Off [Өшіру]: Бұрылыс көрсеткішін бір түртіп қосу функциясы өшірулі. • 3, 5, 7 Flashes [3, 5, 7 жыпылықтау]: Бұрылыс көрсеткіштерін ауыстырып қосу интірегін сәл жылжитқанда бұрылыс көрсеткіштері 3, 5 немесе 7 рет жыпылықтайды. <p>Толық ақпарат 5-тараудың «Жарықтандыру» бөлімінде берілген.</p>
Headlight Delay [Қоса жүретін көмескі жарық]	<ul style="list-style-type: none"> • Фара жарығының өшуін кідірту функциясын қосу не өшіру. <p>Толық ақпарат 5-тараудың «Жарықтандыру» бөлімінде берілген.</p>
High Beam Assist [НБА (алысқа түсетін жарықтың автоматты түрде ауыстырылуы)]	<ul style="list-style-type: none"> • Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару (НБА) функциясын қосу не өшіру. <p>Толық ақпарат 5-тараудағы «Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде ауыстыру (НБА)» бөлімінде берілген.</p>

5. Sound [Дыбыс]

Элементтер	Сипаттамасы
Cluster Voice Guidance Volume [Көмекші сөздердің дыбыс қаттылығы]	Аспаптар тақтасының дауыстық пәрмендерінің дыбыс қаттылығын реттеу.
Welcome sound [Қарсы алу дыбыс сигналы]	Қарсы алу дыбыс сигналының функциясын қосу не өшіру.

6. Convenience [Жайлылық]

Элементтер	Сипаттамасы
Seat Easy Access [Орындықтың жайлы қалпы]	<ul style="list-style-type: none"> • Off [Өшіру]: оңай қол жеткізу функциясы өшірулі. • Normal/Extended [Қалыпты/Кең]: Қозғалтқыш сәндірілген соң жүргізуші орындығы көлік құралына отыруды не одан шығуды жеңілдету үшін автоматты түрде кішкене (Normal) немесе үлкен (Extended) қашықтыққа артқа жылжиды. <p>Қосымша ақпарат 5-тараудың «Жүргізуші орындығының қалпын есте сақтау жүйесі» бөлімінде берілген.</p>
Welcome Mirror/ Light [Қарсы алу көмескі жарығы/ақылды айна]	<ul style="list-style-type: none"> • On door unlock [Есік ашық кезде]: Есіктердің құлпы ашылған кезде сыртқы артқы көрініс айналары автоматты түрде жазылып, қарсы алатын жарық сигналы қосылады. • On driver approach [Жүргізуші жақындап келгенде]: Автокөлікке электронды кілтпен бірге жақындағанда сыртқы артқы көрініс айналары автоматты түрде жазылып, қарсы алатын дыбыс сигналы қосылады. <p>Қосымша ақпарат 5-тараудың «Қарсы алу жүйесі» бөлімінде берілген.</p>
Wireless charging system [Сымсыз зарядтау жүйесі]	<p>Алдыңғы орындықтағы сымсыз зарядтау жүйесін қосу немесе өшіру.</p> <p>Қосымша ақпарат 5-тараудың «Мобильді телефонды сымсыз зарядтау жүйесі» бөлімінде берілген.</p>
Wiper/Lights display [Әйн./таз. және фара реж.]	<p>Әйнек тазалағыштың/жарықтандырудың жұмыс режимін қосу не өшіру</p> <p>Бұл функцияны қосқан кезде СК дисплейде әйнек тазалағыш/жарықтандыру режимі көрсетіледі (ол өзгерген жағдайда).</p>
Gear position pop-up [Беріліс қорабын ауыстырып қосу туралы хабарлама]	<p>Беріліс қорабы интірегіннің қалпы туралы қалқымалы ақпаратты қосу не өшіру.</p> <p>Бұл функцияны қосқан кезде СК дисплейде беріліс қорабы интірегіннің қалпы көрсетіледі.</p>

7. Service interval [Қызмет көрсету аралығы]

Элементтер	Сипаттамасы
Enable Service Interval [Қызм.көрсету аралығы]	Техникалық қызмет көрсету аралығы туралы ескерту функциясын қосу не өшіру

Ақпарат

Техникалық қызмет көрсету аралығы мәзірін пайдалану үшін **HYUNDAI** авторландырылған дилерімен кеңесіңіз.

Техникалық қызмет көрсету аралығы қосулы болып, уақыт пен арақашықтық белгіленген болса, автокөлік қозғалтқышын оталдырған сайын төменде көрсетілген жағдайларда хабарламалар көрсетілетін болады.

- Service in [Осы уақыттан кейін қызмет көрсету]
: Жүргізушіге техникалық қызмет көрсетуге дейінгі қалған жүріс пен күндермен көрсетілген уақыт туралы ақпарат беру үшін көрсетіледі.
- Service required [ТҚК қажет]
: Техникалық қызмет көрсетуге дейінгі жүріс пен күндермен көрсетілген уақыт келгенде немесе өтіп кеткенде көрсетіледі.

Ақпарат

Келесі жағдайлардың бірі туындаса, жүрілген жол және күндермен көрсетілген уақыт көрсеткіштері дұрыс болмауы мүмкін.

- АКБ кабелі ағытылған.
- Сақтандырғыштар ауыстырып қосқышы өшірулі.
- АКБ заряды таусылған.

8. Other [Қосымша функциялар]

Элементтер	Сипаттамасы
Fuel Econ. Reset [Отынның орташа шығынының автоматты түрде нөлденуі]	<ul style="list-style-type: none"> • Off [Өшіру]: Отын шығынының орташа мәні отын құйғаннан кейін автоматты түрде нөлденбейді. • After ignition [Оталдырғаннан кейін]: Қозғалтқыш 4 не одан көп сағат бойы өшірілген болса, отынның орташа шығыны автоматты түрде нөлденеді. • After refueling [Отын құйғаннан кейін]: Отынның орташа шығыны 6 литр (1,6 галлон) немесе одан көп жұмсалғанда не жылдамдық 1 км/сағ (сағатына 1 миль) мәніне жеткенде автоматты түрде нөлденеді. <p>Толық ақпаратты осы тараудың «Бағдар компьютері» бөлімінен қараңыз.</p>
Speed Unit [Спидометрдің өлшем бірлігі] (бар болса)	Жылдамдықты өлшеу бірлігін таңдау. (км/сағ, сағатына миль)
Fuel Econ. Unit [Отын шығынын өлшеу бірлігі]	Отын шығынын көрсету бірліктерін таңдау. (km/L (км/л), L/100 km (л/100 км), MPG (миль/галлон))
Temperature Unit [Температураны өлшеу бірлігі]	Температураны өлшеу бірлігін таңдау. (°C, °F)
Tire Pressure Unit [Қысымды өлшеу бірлігі]	Шинадағы ауа қысымын өлшеу бірліктерін таңдау (psi (ш. дюймге шаққандағы фунт), kPa (кПа), Bar (бар))

9. Language [Тіл] (бар болса)

Элементтер	Сипаттамасы
Language [Тіл]	Тілді таңдау. Ақпараттық ойын-сауық жүйесі интерфейсінің (бар болса) тілін таңдау мүмкіндігі бар.

10. Reset [Нөлдеу]

Элементтер	Сипаттамасы
Reset [Нөлдеу]	Пайдаланушы баптауларының режимінде мәзірді нөлдеуге болады. Тіл мен техникалық қызмет көрсету аралығын таңдау мәзірінен басқа, пайдаланушы баптауларының режиміндегі барлық мәзірлер зауыттық параметрлерге дейін нөлденді.


Бағдар компьютері


Бағдар компьютері жүргізушіге ақпарат беру жүйесі ретінде қызмет етеді, ол микрокомпьютермен басқарылады және автокөлік қозғалысына байланысты ақпаратты көрсетеді.

i Ақпарат

Бағдар компьютерінде сақталатын жүргізу туралы кейбір ақпарат (мысалы, автокөліктің орташа жылдамдығы) аккумулятор батареясын ажыратқан кезде нөлденеді.


Бағдар компьютерінің режимдері





Борттық компьютер режимін өзгерту үшін рульдегі « \wedge », « \vee » ауыстырып қосқышын айналдырыңыз.

Отын үнемділігі



Отынның орташа шығыны (1)

- Отынның орташа шығыны автокөлік жүріп өткен жалпы арақашықтық пен отынның орташа шығынының көрсеткіштері соңғы рет нөлденген сәттен бастап алынған отын шығыны бойынша есептеледі.
- Отынның орташа шығынын қолмен немесе автоматты түрде нөлдеуге болады.

Қолмен нөлдеу.

Отынның орташа шығынын қолмен нөлдеу үшін рульдегі [OK] түймесін басып, экранда отынның орташа шығыны көрсетілгенше 1 секундтан астам ұстап тұрыңыз.

Автоматты түрде нөлдеу

Отынның орташа шығынының деректері автоматты түрде қайта орнатылуы үшін отынды әр құйғаннан кейін «User Settings [Баптаулар]» мәзірінен «Fuel Econ. Reset [Отынның орташа шығынының автоматты түрде нөлденуі]» режимін таңдаңыз.

- After ignition [Оталдырғаннан кейін]: Отынның орташа шығыны туралы ақпарат қозғалтқышты сөндірген соң 4 сағат өткеннен кейін автоматты түрде нөлденеді.
- After refueling [Отын құйғаннан кейін]: 6 л (1,6 галлон) не одан көп отын құйғаннан кейін автокөліктің жылдамдығы 1 км/сағ мәнінен асқан кезде отынның орташа шығыны автоматты түрде нөлденеді.


Ақпарат

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесін қосқаннан кейін автокөлік 300 метрден (0,19 мильден) кем қашықтық жүрсе, отынның орташа шығынының мәні дәл болмауы мүмкін.

Отынның мезеттік шығыны (2)

- Бұл режим автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ (6,2 миль/сағ) шамасынан асқан кезде соңғы бірнеше секунд ішіндегі отынның мезеттік шығынын экранға шығарады.

Accumulated Info жалпы жүрілген арақашықтық дисплейі



Бұл экранда жалпы жүрілген арақашықтық (1), отынның орташа шығыны (2) және жалпы жүргізу уақыты (3) көрсетіледі.

Ақпарат деректерді соңғы нөлдеген сәттен бастап жиналады.

Ақпаратты қолмен нөлдеу үшін жалпы жүрілген арақашықтықты (Accumulated driving) қараған кезде ОК түймесін басып ұстап тұрыңыз. Жүрілген арақашықтықтың, отынның орташа шығынының және жалпы жүргізу уақытының деректері бір уақытта нөлденеді.

Жалпы жүру уақыты туралы ақпарат қозғалтқыш істеп тұратын бүкіл уақытта тоқтаусыз есептелініп тұрады (мысалы, автокөлік кептелісте немесе бағдаршамда тоқтаса).

Ақпарат

Отынның орташа шығыны есептеле бастау үшін автокөлік алдыңғы оталдыру циклінен бастап кемінде 300 метр (0,19 миль) жүріп өтуі керек.

Жүру туралы ақпаратты көрсету



Бұл экранда сапар арақашықтығы (1), отынның орташа шығыны (2) және жалпы жүргізу уақыты (3) көрсетіледі.

Ақпарат әр қозғалыс циклінен кейін жиынтықталып отырады. Дегенмен, қозғалтқыш 4 немесе одан көп сағат бойы сөніп тұрғанда жүру туралы ақпаратты көрсету нөлденеді.

Ақпаратты қолмен нөлдеу үшін жүру туралы ақпаратты (Drive Info) қарау сәтінде ОК түймесін қолмен басып ұстап тұрыңыз. Жүрілген арақашықтықтың, отынның орташа шығынының және жалпы жүргізу уақытының деректері бір уақытта нөлденеді.

Көлік жүргізу туралы ақпарат қозғалтқыштың бүкіл жұмыс істеу уақыты кезінде тоқтаусыз есептеледі (мысалы, автокөлік кептелісте немесе бағдаршамда тоқтағанда.)

i Ақпарат

Отынның орташа шығыны есептеле бастау үшін автокөлік алдыңғы оталдыру циклінен бастап кемінде 300 метр (0,19 миль) жүріп өтуі керек.

Цифрлық спидометр



Бұл хабарламада автокөлік жылдамдығы (км/сағ немесе миль/сағ) көрсетіледі.

Берілістерді интеллектуалды ауыстырып қосу (бар болса)




Бұл режимде қазіргі қозғалыс режимі көрсетіледі.

Қосымша ақпарат 5-тараудың «Жүргізу режимін басқарудың біріктірілген жүйесі» бөлімінде берілген.

СК ДИСПЛЕЙ (В ТИПІ)

СК дисплейді басқару



ODN8049020

СК дисплей режимдерін басқару түймелерінің көмегімен өзгертуге болады.

Ауыстырып қосқыш	Әрекет	Функция
	Түрту	MODE (режим) түймесі қарау режимдерін өзгертуге арналған
	Түрту	MOVE (көшіру) ауыстырып қосқышы элементтерді таңдауға арналған
OK	Түрту	SELECT/RESET (таңдау не нөлдеу) түймесі таңдалған элементті баптауға арналған
	Басып ұстап тұру	SELECT/RESET (таңдау не нөлдеу) түймесі қосымша ақпаратты алуға немесе таңдалған элементті нөлдеуге арналған

Қарау режимдері

Қарау режимдері	Түсіндірме
Utility [Тынығу режимі]	Utility (функциялар) қарау режимінде қозғалыс параметрлері туралы ақпарат көрсетіледі, мысалы, тәулік ішінде жүрілген жол, отын шығыны және т.б.
Driving Assist [Көлік жүргізу кезіндегі көмек]	Driving Assist (көлік жүргізу кезіндегі көмек) режимінде қозғалыс күйі көрсетіледі.
Turn By Turn (ТБТ) [Бұрылыстарды көрсету]	Бұл режимде дисплейде навигация жүйесінің күйі көрсетіледі.
Parking Assist [парктроник жүйесі]	Parking Assist (тұраққа қою кезіндегі көмек) режимінде тұрақ күйі көрсетіледі.
Driving Info. [Сапар туралы ақпарат]	Оталдыру жүйесін өшірген кезде 4 секунд бойы көрсетіледі

Ұсынылған ақпарат автокөлігіңізге функцияның қолданылуына байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Utility (функциялар) қарау режимі

Utility (функциялар) қарау режимінде көлік құралының қозғалыс параметрлері, соның ішінде отын шығыны және тәулік ішінде жүрілген жол туралы ақпарат көрсетіледі.

Функциялар

Функциялар функцияларды қарау режимінде де, көлік жүргізу кезіндегі көмек режимінде және бұрылыстар көрсетілетін навигация режимінде де көрсетіледі. Функцияларды көрсету режимінде олар – аспаптар тақтасының ортасында, ал басқа режимдерде аспаптар тақтасының оң жағында көрсетіледі.

Ұсынылған ақпарат функциялардың нақты бір автокөлікке қолданылуына байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Отын шығыны туралы ақпарат

Орташа және мезеттік отын шығыны көрсетіледі

- Қолмен нөлдеу: Нөлдеуді бастау үшін ОК түймесін басып ұстап тұру керек
- Автоматты түрде нөлдеу: пайдаланушы баптауларының мезірінде белгіленген шарттар орындалған соң отынның орташа шығыны автоматты түрде нөлденеді.

Қозғалыс параметрлері туралы ақпарат

Оталдыру жүйесі қосылып, өшірілген сайын тәуліктік жүрілген жол (отын шығынындағы көрсетілмейтін функция: қозғалыс жылдамдығы) және жүру уақыты көрсетіледі. Нөлдеуді бастау үшін ОК түймесін басып ұстап тұру керек. Қозғалтқыш 4 не одан көп сағат бойы жұмыс істемеген болса, отынның орташа шығыны автоматты түрде нөлденетін болады.

Отын құйғаннан кейінгі ақпарат

Отын құйғаннан кейін көлік құралы туралы ақпарат көрсетіледі: тәуліктік жүрілген жол, отын шығыны (отын шығынында көрсетілмейтін ақпарат: қозғалыс жылдамдығы) және жүру уақыты. Нөлдеуді бастау үшін ОК түймесін басып ұстап тұру керек.

Жиналған ақпарат

Қолмен бастағаннан кейін көлік құралы туралы ақпарат көрсетіледі: тәуліктік жүрілген жол, отын шығыны (отын шығынында көрсетілмейтін функция: қозғалыс жылдамдығы) және жүру уақыты.

Цифрлық спидометр

Көлік құралының қазіргі жылдамдығын көрсету үшін пайдаланылады.

Жүргізушінің зейінін бақылау

Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесінің күйін көрсету үшін пайдаланылады. Жүйе қозғалтқыш сөндірілген немесе көлік құралы тоқтаған кезде өшеді. Нөлдеуді бастау үшін ОК түймесін басып ұстап тұру керек.

Берілістерді интеллектуалды ауыстырып қосу

Шиналардағы ауа қысымы

Цифрлық тахометр

Көлік жүргізу кезіндегі көмек режимін көрсету



SCC, LKA және FCA

Бұл режимде интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің (SCC) және көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесінің (LKA) күйі көрсетіледі.

Толық ақпарат 6-тараудағы тиісті жүйе сипаттамасында берілген.

Бұрылыстар көрсетілетін навигация режимінің көрінісі (TBT)




Навигация жүйесіне қатысты ақпарат көрсетіледі.

Тұраққа қою кезіндегі көмек режимінің көрінісі




Тұраққа қою кезіндегі көмек жүйесіне қатысты ақпарат көрсетіледі.

Басқа ақпарат көрінісі



Қозғалыс параметрлері туралы жиынтық деректер (1)

Круиз-бақылау, интеллектуалды круиз-бақылау және жоғары жылдамдықпен жүргендегі көмек жүйелерінің қазіргі жұмыс режимдері. Көлік жүргізу кезіндегі көмек режимінде мұндай ақпарат көрсетілмейді.



Қозғалыс параметрлері туралы жиынтық деректер (2)

Навигация жүйесі жұмыс істегенде бағдардың жалпы ұзындығы немесе аралық нүктеге дейінгі арақашықтық, бағдардың межелі немесе аралық жеріне жету уақыты және жолға жұмсалатын болжалды уақыт көрсетіледі. Көмек хабарламалары тиісті баптауларды орындағанда көрсетіледі.

Опциялар мәзірі

АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалыс кезінде баптаулар режимін өзгертуге тыйым салынады. Бұл зейінді басқа нәрсеге бөліп, жол-көлік апатының себебіне айналуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Көрсетілетін элементтер осы пайдалану нұсқаулығында ұсынылғандардан өзгеше болуы мүмкін, себебі оның мазмұны көлік құралының нақты сипаттамасынан басқаша болуы мүмкін.

Ескерту хабарламасы режимі



Опциялар мәзірінде ескерту хабарламасы көрсетілгенде, ОК түймесін басып, толық мәліметті тексеріп алу керек.

Тізім	Баптау хабарламалары
Service Interval [Қызмет көрсету аралығы]	Қызмет көрсету туралы хабарламаны тексеру
Head-up Display [Дисплей проекц.]	Проекторды алдыңғы әйнекке қосу не өшіру Биіктікті, бұрылыс бұрышын және ашықтықты баптау (бар болса)
Warning Time [Ескертулер таймері]	• Normal / Later [Қалыпты/ Кейінірек] Жүргізушіге көмектің барлық жүйелеріне арналған ескерту уақытын таңдау

Пайдаланушы баптауларының режимі

Бұл режимде аспаптар тақтасының, есіктердің, шамдардың және т.б. баптауларын өзгертуге болады.

1. Head-up display [Дисплей проекциясы]
2. Driver assistance [Жүргізушіге көмек]
3. Door [Есіктер]
4. Lights [Жарық]
5. Sound [Дыбыс]
6. Convenience [жайлылық]
7. Service interval [Қызмет көрсету аралығы]
8. Other [Қосымша функциялар]
9. Language [Тіл]
10. Reset [Нөлдеу]

Ұсынылған ақпарат автокөлігіңізге функцияның қолданылуына байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Shift to P to edit settings

[Беріліс Р қалпында тұрғанда параметрлерді өзгерту]

Бұл ескерту хабарламасы қозғалыс кезінде пайдаланушы баптауларының режимінен мәзір тармағын таңдағанда қосылады.

Қауіпсіздік мақсатында пайдаланушы баптауларын өзгерту үшін автокөлікті тоқтатып, тұрақ тежегішін қосыңыз және селекторды «Р» (тұрақ) қалпына келтіріңіз.

Анықтамалық ақпарат

(Quick guide) (анықтама)

Бұл режимде пайдаланушы баптауларының режиміндегі жүйелермен жұмыс істеу жөнінде қысқаша нұсқаулықтар беріледі.

Мәзір тармағын таңдаңыз, одан кейін ОК түймесін басып ұстап тұрыңыз.

Әр жүйе туралы толық ақпаратты пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

1. Head-up display [Дисплей проекциясы]

Элементтер	Сипаттамасы
Enable Head-up display [Дисплейді әйнекке проекциялау]	Бұл тармақты таңдағанда, ақпаратты алдыңғы әйнекке проекциялау функциясы қосылатын болады.
Display Height [Дисплей биіктігі]	Суретті көрсету биіктігін реттеу.
Rotation [Айналдыру]	Суретті көрсету бұрышын реттеу.
Brightness [Ашықтық]	Суретті көрсету ашықтығын реттеу.
Content Selection [Деректерді таңдау]	Көрсетілетін деректерді таңдау.
Speed Size [Спидометр таңбаларының өлшемі]	Спидометрді көрсету өлшемін таңдау.
Speed Color [Спидометр түсі]	Спидометрді көрсету түсін таңдау.

2. Driver assistance [Жүргізушіге көмек]

Элементтер	Сипаттамасы
Driver Attention Warning [DAW (Жүргізуші зейінін бақылау деңгейі)]	<ul style="list-style-type: none"> Leading vehicle departure alert [Алда жүріп бара жатқан автокөлік ұзап кетті] Алдағы автокөліктің кетіп қалғаны туралы хабарламаны қосу және өшіру. <p>Толық ақпарат 6-тараудың «Алдағы автокөліктің кетіп қалғаны туралы хабарлама» бөлімінде берілген.</p> <ul style="list-style-type: none"> Inattentive Driving Warning [Еңіс туралы ескерту] Жүргізуші зейінін бақылау жүйесін (DAW) қосу немесе өшіру. <p>Толық ақпарат 6-тараудағы «Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі (DAW)» бөлімінде берілген.</p>
Warning timing [Ескертулер таймері]	<p>Жүргізушіге көмек жүйесінің ескерту уақытын реттеу.</p> <ul style="list-style-type: none"> Normal / Later [Қалыпты/ Кейінірек]
Warning volume [Ескертулердің дыбыс қаттылығы]	<p>Жүргізушіге көмек жүйесі ескертулерінің дыбыс қаттылығын реттеу.</p> <ul style="list-style-type: none"> High / Medium / Low [Жоғары / Орташа / Бәсең]
Lane safety [Жолақта жүру қауіпсіздігі]	<p>Көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесін (LKA) реттеу.</p> <ul style="list-style-type: none"> Lane Keeping Assist [Жолақішінде ұстау жүйесі] Lane Departure Warning [Жолақты ауыстыру] Off [Өшіру] <p>Толық ақпаратты 6-тараудың «Көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесі (LKA)» бөлімінен қараңыз.</p>

2. Driver assistance [Жүргізушіге көмек]

Элементтер	Сипаттамасы
<p>Forward safety [Алдағы қауіпсіздік]</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Маңдайлық соқтығысудың алдын алу функциясын реттеу. • Active assist [Белсенді көмек] • Warning only [Тек ескерту] • Off [Өшіру] <p>Толық ақпарат 6-тараудың «Маңдайлық соқтығысудың алдын алу жүйесі» бөлімінде берілген.</p>
<p>Blind-spot safety [«Көзден таса аймақтарды» бақылау]</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Blind-Spot View [«Көзден таса аймақтарды» көрсету] <p>Көзден таса аймақтарды көрсетуді қосу не өшіру</p> <ul style="list-style-type: none"> • Safe Exit Assist (SEA) [SEA (Автокөліктен шыққан кездегі қауіпсіздік жүйесі)] <p>Автокөліктен шыққан кездегі қауіпсіздік жүйесін қосу не өшіру.</p> <p>Қосымша ақпарат 6-тараудың «Автокөліктен шыққан кездегі қауіпсіздік жүйесі» бөлімінде берілген.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Active assist [Белсенді көмек] • Warning only [Тек ескерту] • Off [Өшіру] <p>Ескертулер туралы толық ақпарат пен шектеулер 6-тараудың «Көзден таса аймақтағы нысандармен соқтығысудың алдын алу жүйесі (BCA)» немесе «Көзден таса аймақтағы нысандармен соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі (BCW)» бөлімінде берілген.</p>
<p>Parking safety [Қауіпсіз тұрақ]</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Parking Distance Warning – Auto ON [Автоматты түрде PDW (Тұрақ сенсорының ескертуі)] • Rear Cross-Traffic Safety [Арттан қиып өту кезіндегі қауіпсіздік] <p>Жол қиылысында артқы соқтығысуды ескерту функциясын қосу не өшіру.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Active assist [Белсенді көмек] • Warning only [Тек ескерту] • Off [Өшіру] <p>Қосымша ақпарат 6-тараудың «Жол қиылысында артқы соқтығысуды ескертетін көмек жүйесі (RCCA)» бөлімінде берілген.</p>

3. Door [Есік]

Элементтер	Сипаттамасы
Auto lock [Есіктердің автоматты түрде құлыпталуы]	<ul style="list-style-type: none"> • Disable [Өшіру]: Есіктердің автоматты түрде құлыпталу функциясы өшеді. • Enable on speed [Қозғалыс кезінде]: Жылдамдықты 15 км/сағ (9,3 миль/сағ) шамасынан асырғанда барлық есіктер автоматты түрде құлыпталады. • Enable on shift [Берілісті ауыстырып қосқан кезде]: Селекторды «Р» (тұрақ) қалпынан «R» (артқа жүру), «N» (бейтарап) немесе «D» (жүру) қалпына ауыстырғанда, барлық есіктер автоматты түрде құлыпталады. (Қозғалтқыш оталып тұрғанда ғана.)
Auto unlock [Есік құлыптарының автоматты түрде ашылуы]	<ul style="list-style-type: none"> • Disable [Өшіру]: Есік құлыптарының автоматты түрде ашылу функциясы өшеді. • On key out/Vehicle off [Кілт шығарылды/Оталдыру жүйесі өшті]: Оталдыру жүйесінен кілтті шығарған кезде немесе оталдыру жүйесін қозғалтқышты қосу және сөндіру түймесімен өшірген кезде барлық есіктердің құлыптары автоматты түрде ашылатын болады. • On shift to P [«Р» қалпына ауыстыру]: Селектор «Р» (тұрақ) қалпына ауыстырылғанда, барлық есіктердің құлыптары автоматты түрде ашылады. (Қозғалтқыш оталып тұрғанда ғана.)
Walk-away Lock [Машинадан алыстағанда құлыптау]	<p>«Walk-away Lock» (машинадан алыстағанда құлыптау) функциясын қосу не өшіру. Электронды кілт автокөлікке жақын маңда болмаса, барлық есіктер құлыпталып қалады. Ескертпе: «Walk-away Lock» (машинадан алыстағанда құлыптау) функциясын пайдалану үшін барлық есіктер жабық болуы керек.</p>
Two Press Unlock [Екі рет басып құлыпты ашу]	<ul style="list-style-type: none"> • Off [Өшіру]: есіктердің құлпын екі рет басып ашу функциясы өшірілген. Сондықтан есіктердің құлпын ашу түймесін басқанда барлық есіктердің құлыптары ашылады. • On [Қосу]: Есіктердің құлпын ашу түймесін басқанда тек жүргізуші есігінің құлпы ашылады. Барлық қалған есіктердің құлыптары есік құлпын ашу түймесін 4 секунд ішінде қайта басқанда ашылады.
Horn Feedback [Жабу кезіндегі дыбыс сигналы]	<p>Дыбыс сигналын беру жүйесін қосу не өшіру. Есіктер құлыпталған соң қашықтан басқару пультіндегі есікті құлыптау түймесін 4 секунд ішінде тағы бір рет бассаңыз, есіктердің құлыпталғанын білдіретін бір дыбыс сигналы беріледі (қашықтан басқару пульті бар болса).</p>
Smart Trunk [Жүксалғыштың автоматты түрде ашылуы]	<p>Жүксалғышты интеллектуалды ашу жүйесін қосу не өшіру. Қосымша ақпарат 6-тараудың «Жүксалғышты интеллектуалды ашу жүйесі» бөлімінде берілген.</p>

4. Lights [Жарық]

Элементтер	Сипаттамасы
One Touch Turn Signal [Бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтаусаны]	<ul style="list-style-type: none"> • Off [Өшіру]: Бұрылыс көрсеткішін бір түртіп қосу функциясы өшірулі. • 3, 5, 7 Flashes [3, 5, 7 жыпылықтау]: Бұрылыс көрсеткіштерін ауыстырып қосу иінтірегін сәл жылжытқанда бұрылыс көрсеткіштері 3, 5 немесе 7 рет жыпылықтайды. <p>Толық ақпарат 5-тараудың «Жарықтандыру» бөлімінде берілген.</p>
Headlight Delay [Қоса жүретін көмескі жарық]	<ul style="list-style-type: none"> • Фара жарығының өшуін кідірту функциясын қосу не өшіру. <p>Толық ақпарат 5-тараудың «Жарықтандыру» бөлімінде берілген.</p>
High Beam Assist [НВА (алысқа түсетін жарықтың автоматты түрде ауыстырылуы)]	<ul style="list-style-type: none"> • Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару (НВА) функциясын қосу не өшіру. <p>Толық ақпарат 5-тараудағы «Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде ауыстыру (НВА)» бөлімінде берілген.</p>

5. Sound [Дыбыс]

Элементтер	Сипаттамасы
Cluster Voice Guidance Volume [Көмекші сөздердің дыбыс қаттылығы]	Аспаптар тақтасының дауыстық пәрмендерінің дыбыс қаттылығын реттеу.
Welcome sound [Қарсы алу дыбыс сигналы]	Қарсы алу дыбыс сигналының функциясын қосу не өшіру.

6. Convenience [Жайлылық]

Элементтер	Сипаттамасы
Seat Easy Access [Орындықтың жайлы қалпы]	<ul style="list-style-type: none"> • Off [Өшіру]: оңай қол жеткізу функциясы өшірулі. • Normal/Extended [Қалыпты/Кең]: Қозғалтқыш сөндірілген соң жүргізуші орындығы көлік құралына отыруды не одан шығуды жеңілдету үшін автоматты түрде кішкене (Normal) немесе үлкен (Extended) қашықтыққа артқа жылжиды. <p>Қосымша ақпарат 5-тараудың «Жүргізуші орындығының қалпын есте сақтау жүйесі» бөлімінде берілген.</p>
Welcome Mirror/ Light [Қарсы алу көмескі жарығы/ақылды айна]	<ul style="list-style-type: none"> • On door unlock [Есік ашық кезде]: Есіктердің құлпы ашылған кезде сыртқы артқы көрініс айналары автоматты түрде жазылып, қарсы алатын жарық сигналы қосылады. • On driver approach [Жүргізуші жақындап келгенде]: Автокөлікке электронды кілтпен бірге жақындағанда сыртқы артқы көрініс айналары автоматты түрде жазылып, қарсы алатын дыбыс сигналы қосылады. <p>Қосымша ақпарат 5-тараудың «Қарсы алу жүйесі» бөлімінде берілген.</p>
Wireless charging system [Сымсыз зарядтау жүйесі]	<p>Алдыңғы орындықтағы сымсыз зарядтау жүйесін қосу немесе өшіру.</p> <p>Қосымша ақпарат 5-тараудың «Мобильді телефонды сымсыз зарядтау жүйесі» бөлімінде берілген.</p>
Wiper/Lights display [Әйн./таз. және фара реж.]	<p>Әйнек тазалағыштың/жарықтандырудың жұмыс режимін қосу не өшіру</p> <p>Бұл функцияны қосқан кезде СК дисплейде әйнек тазалағыш/жарықтандыру режимі көрсетіледі (ол өзгерген жағдайда).</p>
Gear position pop-up [Беріліс қорабын ауыстырып қосу туралы хабарлама]	<p>Беріліс қорабы иінтірегінің қалпы туралы қалқымалы ақпаратты қосу не өшіру.</p> <p>Бұл функцияны қосқан кезде СК дисплейде беріліс қорабы иінтірегінің қалпы көрсетіледі.</p>

7. Service interval [Қызмет көрсету аралығы]

Элементтер	Сипаттамасы
Enable Service Interval [Қызм.көрсету аралығы]	Техникалық қызмет көрсету аралығы туралы ескерту функциясын қосу не өшіру

i Ақпарат

Техникалық қызмет көрсету аралығы мәзірін пайдалану үшін **HYUNDAI** авторландырылған дилерімен кеңесіңіз.

Сервистік қызмет көрсету аралығы қосулы болып, уақыт пен арақашықтық белгіленген болса, автокөлік қозғалтқышын оталдырған сайын төменде көрсетілген жағдайларда хабарламалар көрсетілетін болады.

- Service in [Осы уақыттан кейін қызмет көрсету]
 - : Жүргізушіге техникалық қызмет көрсетуге дейінгі қалған жүріс пен күндермен көрсетілген уақыт туралы ақпарат беру үшін көрсетіледі.
- Service required [ТҚК қажет]
 - : Техникалық қызмет көрсетуге дейінгі жүріс пен күндермен көрсетілген уақыт келгенде немесе өтіп кеткенде көрсетіледі.

i Ақпарат

Келесі жағдайлардың бірі туындаса, жүрілген жол және күндермен көрсетілген уақыт көрсеткіштері дұрыс болмауы мүмкін.

- АКБ кабелі ағытылған.
- Сақтандырғыштар ауыстырып қосқышы өшірілі.
- АКБ заряды таусылған.

8. Other [Қосымша функциялар]

Элементтер	Сипаттамасы
Fuel Econ. Reset [Отынның орташа шығынының автоматты түрде нөлденуі]	<ul style="list-style-type: none"> • Off [Өшіру]: Отын шығынының орташа мәні отын құйғаннан кейін автоматты түрде нөлденбейді. • After ignition [Оталдырғаннан кейін]: Қозғалтқыш 4 не одан көп сағат бойы өшірілген болса, отынның орташа шығыны автоматты түрде нөлденеді. • After refueling [Отын құйғаннан кейін]: Отынның орташа шығыны 6 литр (1,6 галлон) немесе одан көп жұмсалғанда не жылдамдық 1 км/сағ (сағатына 1 миль) мәніне жеткенде автоматты түрде нөлденеді. <p>Толық ақпаратты осы тараудың «Бағдар компьютері» бөлімінен қараңыз.</p>
Speed Unit [Спидометрдің өлшем бірлігі] (бар болса)	Жылдамдықты өлшеу бірлігін таңдау. (км/сағ, сағатына миль)
Fuel Econ. Unit [Отын шығынын өлшеу бірлігі]	Отын шығынын көрсету бірліктерін таңдау. (km/L (км/л), L/100 km (л/100 км), MPG (миль/галлон))
Temperature Unit [Температураны өлшеу бірлігі]	Температураны өлшеу бірлігін таңдау. (°C, °F)
Tire Pressure Unit [Қысымды өлшеу бірлігі]	Шинадағы ауа қысымын өлшеу бірліктерін таңдау (psi (ш. дюймге шаққандағы фунт), kPa (кПа), Bar (бар))

9. Language [Тіл] (бар болса)

Элементтер	Сипаттамасы
Language [Тіл]	Тілді таңдау. Ақпараттық ойын-сауық жүйесі интерфейсінің тілін таңдау мүмкіндігі бар.

10. Reset [Нөлдеу]

Элементтер	Сипаттамасы
Reset [Нөлдеу]	Пайдаланушы баптауларының режимінде мәзірді нөлдеуге болады. Тіл мен техникалық қызмет көрсету аралығын таңдау мәзірінен басқа, пайдаланушы баптауларының режиміндегі барлық мәзірлер зауыттық параметрлерге дейін нөлденді.

5. Жайлылық функциялары

Көлік құралына кіру	5-5
Қашықтан басқару кілті	5-5
Электронды кілт	5-9
Иммобилайзер жүйесі	5-17
Есік құлыптары	5-19
Көлік құралы есігінің құлыптарын сырттан басқару	5-19
Көлік құралы есігінің құлыптарын іштен басқару	5-22
Есіктерді автоматты түрде құлыптау және құлпын ашу функциясы	5-25
Балаға артқы есіктерді ашуға жол бермейтін құлыптарды бұғаттау құрылғысы	5-25
Баланы қорғайтын электр жетекті бұғаттау	5-26
Қауіпсіз шығу жүйесі (SEA)	5-27
Ұрлап әкетуден қорғау жүйесі	5-30
Жүргізуші орындығының қалыптарын есте сақтау жүйесі	5-32
Қалыптарды есте сақтау	5-32
Жадта жазылған қалыптарды қалпына келтіру	5-33
Жүргізуші орындығы баптауларын есте сақтау жүйесін нөлдеу	5-34
Ыңғайлы кіру функциясы	5-35
Руль	5-36
Рульдің электрлік күшейткіші (EPS)	5-36
Реттелетін руль бағаны	5-37
Жылытылатын руль	5-38
Дыбыс сигналы	5-39
Айналар	5-40
Ішкі артқы көрініс айнасы	5-40
Сыртқы артқы көрініс айнасы	5-41
Артқы жүріспен тұраққа қоюға көмектесу функциясы	5-45
Терезелер	5-46
Электрлік әйнек көтергіштер	5-46
Төбедегі панорамалық люк	5-52
Төбедегі люктің ашық тұрғаны туралы ескерту	5-53
Күннен қорғайтын перде	5-54
Төбедегі люктің сырғуы	5-54

Төбедегі люктің еңкеюі	5-55
Төбедегі люктің жабылуы	5-55
Люкті басқару жүйесінің баптауларын нөлдеу	5-57
Сыртқы функциялар	5-59
Капот.....	5-59
Жүксалғыш	5-60
Жүксалғыш қақпағының құлпын төтенше ашу	5-62
Автоматты түрде ашылатын интеллектуалды жүксалғыш	5-63
Отын құю қылтасы люгінің қақпағы	5-68
Ақпаратты алдыңғы әйнекке проекциялау дисплейі (HUD)	5-72
Жарық аспаптары	5-75
Сыртқы жарық аспаптары	5-75
Қарсы алу жүйесі.....	5-86
Ішкі жарық	5-87
Әйнек тазалағыштар мен әйнек жуғыштар	5-91
Алдыңғы әйнекті тазалағыштар.....	5-92
Алдыңғы әйнекті жуғыш	5-94
Жүргізушіге көмек жүйесі	5-95
Тұраққа қою (артқы жүріспен) кезінде жақындау туралы ескерту жүйесі.....	5-95
Тұраққа қою (артқы/алдыңғы жүріспен) кезінде жақындау туралы ескерту жүйесі	5-99
Артқы көрініс мониторы.....	5-103
Айналаны шолу мониторы (SVM)	5-106
Қолмен басқарылатын микроклиматты басқару жүйесі	5-109
Ауаны жылыту және баптау	5-110
Жүйенің жұмысы	5-115
Жүйеге техникалық қызмет көрсету	5-118
Микроклиматты автоматты басқару жүйесі	5-121
Ауаны жылыту және баптау жүйесін автоматты басқару	5-122
Ауаны жылыту және баптау жүйесін қолмен басқару	5-124
Жүйенің жұмысы	5-131
Жүйеге техникалық қызмет көрсету	5-134

5. Жайлылық функциялары

Алдыңғы әйнектегі қырауды және буды кетіру	5-137
Қолмен басқарылатын микроклиматты басқару жүйесі	5-138
Микроклиматты автоматты басқару жүйесі	5-139
Буды кетіру жүйесінің жұмыс алгоритмі	5-140
Булануға автоматты түрде жол бермейтін жүйе (Тек микроклиматты автоматты басқару жүйесі үшін)	5-141
Дефростер	5-142
Климат-бақылау жүйесінің қосымша функциялары	5-144
Таза ауамен қамтамасыз ету жүйесі	5-144
Төбедегі люкті ашқанда ауа кіргізу режимдерін ауыстырып қосу ...	5-144
Автоматты желдету	5-144
Заттарды сақтау бөлімдері	5-145
Орталық консольдегі бөлім	5-145
Ұсақ-түйек тартпасы	5-145
Салонның ішкі әрлеу элементтері	5-146
Күлсалғыш	5-146
Сусындарға арналған ұстағыш	5-146
Күнқағар	5-148
Электр розеткасы	5-149
USB зарядтағыш құрылғысы	5-150
Смартфондарды сымсыз зарядтау жүйесі	5-151
Сағат	5-154
Киімге арналған ілгек	5-154
Кілемше бекіткіш тері	5-155
Артқы перде	5-156
Бүйірлік перде	5-156
Ақпараттық ойын-сауық жүйесі	5-157
USB порты	5-157
Антенна	5-157
Аудиожүйені рульден басқару	5-158
Аудио, видео және навигация жүйесі	5-159
Bluetooth ® Wireless Technology гарнитурасы	5-160
Автокөлік аудиожүйесінің жұмыс істеу принципі	5-160

Аудиожүйе (сенсорлық экрансыз)	5-164
Жүйе элементтерінің орналасуы – басқару тақтасы	5-164
Жүйе элементтерінің орналасуы – рульден қашықтан басқару	5-166
Жүйені қосу және өшіру.....	5-170
Дисплейді өшіру және қосу	5-171
Негізгі функциялармен танысу	5-171
Радио.....	5-172
Радионы қосу	5-172
Радиоқабылдағыш режимін өзгерту	5-175
Қолжетімді радиостанцияларды сканерлеу	5-175
Радиостанцияларды іздеу	5-176
Радиостанцияларды сақтау	5-176
Сақталған радиостанцияларды тыңдау	5-177
Мультимедиа ойнатқышы	5-178
Мультимедиа файлдарын ойнату.....	5-178
USB режиміндегі жұмыс	5-179
Bluetooth	5-183
Bluetooth құрылғыларын қосу	5-183
Bluetooth аудиоқұрылғысын пайдалану	5-187
Мобильді телефонды Bluetooth арқылы қосу.....	5-190
Эра-глонасс шұғыл қоңырауы	5-197
SOS.....	5-197
Көмек шақыру жүйесін тексеру	5-197
Жүйе күйінің белгілері	5-198
Аудиожүйе сипаттамалары	5-199
USB.....	5-199
Bluetooth.....	5-200
Сауда маркалары	5-201
Сәйкестік декларациясы	5-202
ЕО-ға арналған CE RED.....	5-202

КӨЛІК ҚҰРАЛЫНА КІРУ

Қашықтан басқару кілті (бар болса)



OIG046001

HYUNDAI автокөліктері үшін қашықтан басқару кілті пайдаланылады, ол кілт арқылы есіктерді (және жүксалғышты) құлыптауға және құлпын ашуға болады.

1. Есіктерді құлыптау
2. Есіктердің құлпын ашу
3. Жүксалғыш құлпын ашу
4. Паника түймесі (бар болса)

Құлыптайды

Құлыптау үшін:

1. Барлық есікті, капотты және жүксалғышты жабу.
2. Қашықтан басқару кілтіндегі есікті құлыптау түймесін (1) басу.
3. Есіктер құлыптанады. Апаттық сигнал беру шамдары жыпылықтайды. Оған қоса, сыртқы артқы көрініс айналары жиылады, ол үшін СК дисплейдегі пайдаланушы баптауларында «Convenience [Жайлылық] → Welcome mirror/light [Қарсы алу көмескі жарығы/ ақылды айна] → On door unlock [Есік ашық кезде]» тармағы таңдалып тұруы керек.

Толық ақпарат

4-тараудың «СК дисплей» бөлімінде берілген.

4. Көлік құралының ішіндегі есік құлпын өшіру түймелерінің қалпына қарап есіктердің құлыптанғанына көз жеткізу.



АБАЙЛАҒЫЗ

Көлік құралында балалар қараусыз қалатын болса, кілтті автокөлік ішінде қалдыруға болмайды. Қараусыз қалған балалар кілтті оталдыру жүйесінің құлпына салып, электр жетекті әйнек көтергішті басқару түймесін басып қалуы мүмкін, сондай-ақ олар көлік құралын жүргізіп жіберіп, соның салдары ауыр жарақатқа немесе өлімге алып келуі мүмкін.

Құлыпты ашу

Құлыпты ашу үшін:

1. Қашықтан басқару кілтіндегі есіктің құлпын ашу түймесін (2) басу.
2. Есіктердің құлпы ашылады. Апаттық сигнал беру жарықтары екі рет жыпылықтайды. Оған қоса, сыртқы артқы көрініс айналары жазылады, ол үшін СК дисплейдегі пайдаланушы баптауларында «Convenience [Жайлылық] → Welcome mirror/light [Қарсы алу көмескі жарығы/ ақылды айна] → On door unlock [Есік ашық кезде]» тармағы таңдалып тұруы керек.
Толық ақпарат 4-тараудың «СК дисплей» бөлімінде берілген.

i Ақпарат

30 секунд ішінде есіктердің біреуі ашылмайтын болса, есіктер автоматты түрде құлыптанады.

Жүксалғыш құлпын ашу

Құлыпты ашу үшін:

1. Қашықтан басқару кілтіндегі жүксалғыш құлпын ашу түймесін (3) бір секундтан астам басып ұстап тұру керек.
2. Апаттық сигнал беру шамдары екі рет жыпылықтайды. Ашық жүксалғышты жапқан соң ол автоматты түрде құлыптанады.

i Ақпарат

- Құлып ашылған соң жүксалғыш автоматты түрде құлыптанады.
- Түймеде «HOLD» (ұстап тұру) сөзі жазылған, бұл түймені бір секундтан артық басып ұстап тұру керектігін көрсетеді.

Паника түймесі (бар болса)

Паника түймесін (4) бір секундтан артық басып ұстап тұру керек. Бұл ретте шамамен 30 секунд ішінде дыбыс сигналы беріліп, апаттық сигнал беру шамдары жыпылықтайды. «Паника» режимінен бас тарту үшін қашықтан басқару пультііндегі кез келген түймені басу керек.

Оталдыру

Толық ақпарат «Оталдыру жүйесінің ажыратқышы» атты 6-тарауда берілген.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Қашықтан басқару кілті зақымдалмас үшін:

- Қашықтан басқару кілтіне су және басқа да сұйықтықтарды тигізбеу қажет. Қашықтан басқару кілті су немесе басқа да сұйықтықтардың тиюінен зақымдалса, оған кепілдік қолданылмайды.
- Қашықтан басқару кілтін құлатып алмау керек.

- Қашықтан басқару кілтін экстремалды температуралардың әсерінен қорғау керек.

Механикалық кілт



Егер қашықтан басқару кілті тиісінше жұмыс істемесе, есіктердің құлыптарын механикалық кілтпен жабуға және ашуға болады.

Кілтті жазу үшін түймені басу керек, осыдан кейін кілт автоматты түрде жазылады.

Жазу түймесін басып тұрып, кілтті қолмен жию керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Түймені баспай кілтті жиюға болмайды. Өйткені кілт зақымдалуы мүмкін.

Қашықтан басқару кілтін қолдану кезіндегі сақтық шаралары

Қашықтан басқару кілті төмендегі кез келген жағдайда жұмыс істемейді:

- Кілт оталдыру жүйесінің құлпына салынған.
- Кілт әрекет ету аясынан тыс жерде болған (шамамен 10 м [30 фут]).
- Қашықтан басқару кілтінің батареясының қуаты таусылған.
- Сигнал басқа көлік құралдарымен немесе нысандармен бөгілген.
- Ауа температурасы өте төмен болған.
- Қашықтан басқару кілті радиотаратқыштың қасында, радиостанцияның немесе әуежайдың қасында тұрған жағдайда, мұндай жерде қашықтан басқару кілтінің қалыпты жұмысына кедергілер келуі мүмкін.

Қашықтан басқару кілті дұрыс істемесе, есіктерді механикалық кілтпен ашып жабуға болады. Қашықтан басқару кілтінде ақау болса, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Егер қашықтан басқару кілті мобильді телефонның қасында тұрса, кілттің сигналын мобильді телефон сигналы бөгеуі мүмкін. Бұл әсіресе телефон жұмыс істеп тұрғанда (қоңырау шалу немесе қабылдау, мәтіндік хабарламаларды жіберу немесе қабылдау, электрондық поштамен жұмыс істеу) орын алуы ықтимал. Қашықтан басқару кілті мен мобильді телефонды бір сөмкеге немесе бір қалтаға салмау керек. Екі құрылғы арасында жеткілікті қашықтықты сақтаған жөн.

i Ақпарат

Нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауға жауапты тарап мақұлдамаған өзгертулер мен түрлендірулерді енгізу пайдаланушыны осы жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін. Нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауға жауапты тарап мақұлдамаған өзгертулерді немесе түрлендірулерді енгізу салдарынан туындаған есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің ақаулығына автокөлік өндірушісінің кепілдігі қолданылмайды.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Қашықтан басқару кілтін электр магнитті өрісі бар материалдардан алшақ ұстау керек, олар кілтке бағытталған электр магнитті толқындарды бөгейді.

Батареяны ауыстыру

Қашықтан басқару кілті дұрыс істемесе, батареяны ауыстыру керек.



OPD046002

Батарея түрі: CR2032

Батареяны ауыстыру:

1. Жұқа аспапты ойыққа салып, қақпақты абайлап ашу керек.
2. Пайдаланылған батареяны жаңасына ауыстыру қажет. Батареяның дұрыс салынғанын тексеру керек.
3. Қашықтан басқару кілтінің артқы қақпағын орнына орнату керек.

Қашықтан басқару кілті зақымдалса немесе дұрыс істемесе, HYUNDAI ресми дилеріне жолығу керек.

i Ақпарат



Дұрыс кәдеге жаратылмаған батарея қоршаған орта мен адам денсаулығына зиянды әсерін тигізуі мүмкін. Батареяны кәдеге жарату жергілікті заңдар мен нормаларға сәйкес жүргізілуі тиіс.

Электронды кілт (бар болса)

■ А типі



ODN8059277L

■ В типі



ODN8059005

■ С типі




ODN8059278L

HYUNDAI автокөліктері үшін электронды кілт пайдаланылады, ол кілт арқылы есіктерді (және жүксалғышты) құлыптауға және құлпын ашуға, сондай-ақ қозғалтқышты қосуға болады.

1. Есіктерді құлыптау
2. Есіктердің құлпын ашу
3. Жүксалғыш құлпын ашу

4. Паника түймесі (бар болса)
5. Қашықтан оталдыру функциясы (бар болса)

Құлыптау



Құлыптау үшін:

1. Барлық есіктерді, капотты және жүксалғышты жабу.
2. Электронды кілт өзіңізбен бірге болуы керек.
3. Не есік тұтқасындағы құлыптау түймесін, не электронды кілттегі есіктерді құлыптау түймесін (1) басу.
4. Апаттық сигнал беру шамдары жыпылықтайды. Оған қоса, сыртқы артқы көрініс айналары жиылады, ол үшін СК дисплейдегі пайдаланушы баптауларында «Convenience [Жайлылық] → Welcome mirror/light [Қарсы алу көмескі жарығы/ ақылды айна] → On door unlock [Есік ашық кезде]» тармағы таңдалып тұруы керек. **Толық ақпарат 4-тараудың «СК дисплей» бөлімінде берілген.**
5. Есіктердің құлыптанғанын есіктің сыртқы тұтқасын тартып тексеру керек.

Ақпарат

Есік тұтқасындағы түйме электронды кілт есіктің сыртқы тұтқасынан 0,7 ~ 1 м (28 ~ 40 дюйм) қашықтықта болғанда ғана жұмыс істейді.


Төменде көрсетілген жағдайлардың кез келгенінде тіпті сыртқы тұтқадағы түймені басқанда да есіктер құлыптанбайды және үш секунд бойы дыбыс сигналы беріліп тұрады:

- Салонда электронды кілт жоқ болғанда.
- Қозғалтқышты оталдыру және тоқтату түймесі ACC немесе ӨШІРУ қалпында тұрғанда.
- Жүксалғыштан басқа кез келген есік ашық тұрғанда.

АБАЙЛАҢЫЗ

Көлік ішінде балалар қараусыз қалатын болса, электронды кілтті салонда қалдыруға болмайды. Қараусыз қалған балалар қозғалтқышты оталдыру және тоқтату түймесін, электр жетекті әйнек көтергішті басқару түймесін басып қалуы мүмкін, сондай-ақ олар көлік құралын жүргізіп жіберіп, соның салдары ауыр жарақатқа немесе өлімге алып келуі мүмкін.

Құлыпты ашу



Құлыпты ашу үшін:

1. Электронды кілт өзіңізбен бірге болуы керек.
2. Не есік тұтқасындағы түймені, не электронды кілттегі есіктердің құлпын ашу түймесін (2) басу керек.
3. Есіктердің құлпы ашылады. Апаттық сигнал беру жарықтары екі рет жыпылықтайды. Оған қоса, сыртқы артқы көрініс айналары жазылады, ол үшін СК дисплейдегі пайдаланушы баптауларында «Convenience [Жайлылық] → Welcome mirror/light [Қарсы алу көмескі жарығы/ ақылды айна] → On door unlock [Есік ашық тұрғанда]» тармағы таңдалып тұруы керек. **Толық ақпарат 4-тараудың «СК дисплей» бөлімінде берілген.**

Екі рет басып құлыпты ашу функциясы (бар болса)

Тек жүргізуші есігінің немесе барлық есіктердің құлпын бір рет басып ашу басымдығын аспаптар тақтасының СК дисплейіндегі пайдаланушы баптауының параметрлері режимінде белгілеуге болады.

Екі рет басып құлыпты ашу функциясын қосқан кезде пайдаланушы есік құлыптарын ашу түймесін бір рет басып, тек жүргізуші есігінің құлпын және екі рет басып, барлық есіктердің құлпын ашатын болады.

Екі рет басып құлыпты ашу функциясын таңдау немесе одан бас тарту аспаптар тақтасының СК дисплейінде пайдаланушының баптау параметрлері режимінде орындалады. Опция келесі мәзірде орналасқан:

User Settings [Баптаулар] → Door [Есік] → Two Press Unlock [Екі рет басып құлыпты ашу]

Екі рет басып құлыпты ашу функциясын кілт салпыншағындағы есіктердің құлпын жабу және ашу түймелерін бір мезгілде басу арқылы қосуға не өшіруге болады:

апаттық сигнал беру шамдары жыпылықтағанға дейін есік құлыптарын жабу және ашу түймелерін бір мезгілде басып, ұстап тұру керек.

i Ақпарат

- Есік тұтқасындағы түйме электронды кілт есіктің сыртқы тұтқасынан 0,7 ~ 1 м (28 ~ 40 дюйм) қашықтықта болғанда ғана жұмыс істейді. Бұл кезде барлық басқа есіктер де ашылуы мүмкін.
- 30 секунд ішінде есіктердің біреуі ашылмайтын болса, есіктер автоматты түрде құлыптанады.

Жүксалғыш құлпын ашу

Құлыпты ашу үшін:

1. Электронды кілт өзіңізбен бірге болуы керек.
2. Не жүксалғыш тұтқасындағы түймені, не электронды кілттегі жүксалғыш құлпын ашу түймесін (3) бір секундтан артық басып ұстап тұру керек.
3. Апаттық сигнал беру шамдары екі рет жыпылықтайды.

Ашық жүксалғышты жапқан соң ол автоматты түрде құлыптанады.

i Ақпарат

30 секунд ішінде жүксалғыш ашылмайтын болса, онда ол автоматты түрде құлыптанады.

Дабыл түймесі (нұсқасына байланысты)

Дабыл түймесін (4) бір секундтан артық басып ұстап тұру керек. Шамамен 30 секунд ішінде дыбыс сигналы беріліп, апаттық сигнал беру шамдары жыпылықтайды. Дабыл режимін өшіру үшін электронды кілттегі кез келген түймені басыңыз.

Қашықтан оталдыру (бар болса)

Автокөліктің сыртында тұрып, қашықтан қосу түймесін (5) басу арқылы қозғалтқышты оталдыруға және климаттық қондырғыны қосуға болады.

Төменде көрсетілген әрекеттерді орындап, қозғалтқышты қашықтан оталдыруға және тоқтатуға болады.

1. Есіктерді құлыптау түймесін (1) басу керек, осыдан кейін апаттық сигнал беру шамдары бір рет жыпылықтайды.
2. Қозғалтқышты оталдыру үшін есіктерді құлыптау түймесін (1) басқаннан кейін 4 секунд ішінде қашықтан оталдыру түймесін (5) 2 секунд басып ұстап тұру керек.
3. Қашықтан оталдырған кезде апаттық сигнал беру шамдары жыпылықтайды. Қозғалтқышты тоқтату үшін қашықтан оталдыру түймесін (5) тағы бір рет басу керек.

Қолмен басқару режимінде климаттық қондырғы қозғалтқыш сөніп тұрғанда да істеп тұрады. Автоматты басқару режимінде 22 °C (72 °F) температурасы сақталып тұрады.

Егер әлдекім өзінде тиісті электронды кілт болмастан, қозғалтқышы қашықтан оталдырылған көлік құралын жүргізбек болса, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қозғалтқыш автоматты түрде тоқтайды.



Ақпарат

Егер қозғалтқыш қашықтан оталдырылған соң 10 минуттан кейін қозғалысты бастамаса, қозғалтқыш автоматты түрде сөнеді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қашықтан оталдыру әрекет ету қашықтығы шегінде (шамамен 10 метр) болғанда ғана мүмкін болады.
- Көлік тұрған елдегі зиянды заттарды шығару бойынша ұлттық нормаларды сақтау үшін қозғалтқышты бос жүрісте ұзақ істетіп қоймаған жөн.
- Автокөлік тұрған елдің заңында қозғалтқышты қашықтан оталдыруға тыйым салынған болуы мүмкін. Қашықтан оталдыру жүйесін пайдаланбас бұрын, автокөлік тұрған елдегі тиісті нормативтік талаптармен танысып шығу керек.
- Қозғалтқышты қашықтан оталдыру селектор «Р» (тұраққа қою) қалпында тұрғанда ғана мүмкін болады.
- Капот немесе жүксалғыш ашық тұрса, қозғалтқышты қашықтан оталдыру мүмкін емес.

Оталдыру

Қозғалтқышты кілтті салмай оталдыруға болады. Толық мәліметті «Қозғалтқышты оталдыру және тоқтату түймесі» атты 5-тараудан қараңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Электронды кілт зақымдалмауы үшін:

- Қашықтан басқару кілтін су немесе басқа сұйықтықтардың тиюінен және жоғары температураның әсерінен қорғау керек. Электронды кілтті су немесе басқа сұйықтықтардың тиюінен және жоғары температураның әсерінен қорғау керек. Егер қандай да бір себепке байланысты электронды кілт ішіне ылғал кірсе немесе кілт қызу әсеріне ұшыраса, онда бұл ішкі тізбектің істен шығу себебіне айналуы мүмкін, ал бұның салдарынан өндірушінің кепілді міндеттемелері күшін жояды.
- Электронды кілтті құлатып алмау керек.
- Электронды кілтті экстремалды температуралардың әсерінен қорғау керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөліктен шығарда әрдайым электронды кілтті өзіңізбен бірге алып шығыңыз. Электронды кілт автокөлік маңында қалса, аккумулятор батареясының заряды таусылып қалуы мүмкін.

Механикалық кілт

Егер электронды кілт тиісінше жұмыс істемесе, есіктердің құлыптарын механикалық кілтпен жабуға және ашуға болады.



OFE048007

Түймені (1) басып ұстап тұрып, механикалық кілтті (2) шығару керек. Механикалық кілтті есік құлпындағы кілт саңылауына салу керек.

Механикалық кілтті орнына түсіру үшін кілтті саңылауға салып тұрып, сырт еткенше басу керек.

Электронды кілтті жоғалту

Бір көлік құралына ең көбі екі электронды кілт тіркелуі мүмкін. Электронды кілт жоғалған жағдайда, көлік құралын және екінші кілтті HYUNDAI ресми техникалық қызмет көрсету орталығына дереу жеткізу керек (автокөлікпен жүріп бару немесе, қажет болса, тіркеп апару керек).

Электронды кілтті қолдану кезіндегі сақтық шаралары

Электронды кілт төмендегі кез келген жағдайда жұмыс істемейді.

- Электронды кілт радиотаратқыштың қасында, радиостанцияның немесе әуежайдың қасында тұрғанда, мұндай жерде электронды кілттің қалыпты жұмысына кедергілер келуі мүмкін.
- Электронды кілт мобильді сигнал қабылдаушы-таратушы радиожүйенің немесе мобильді телефонның қасында тұрғанда.
- Көлік құралының қасында басқа автокөліктің электронды кілті пайдаланылып тұрғанда.

Электронды кілт дұрыс істемесе, есіктерді механикалық кілтпен ашып-жабуға болады. Электронды кілтте ақау болса, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Егер электронды кілт мобильді телефонның қасында тұрса, кілттің сигналын мобильді телефон сигналы бөгеуі мүмкін.

Бұл әсіресе телефон жұмыс істеп тұрғанда (қоңырау шалу немесе қабылдау, мәтіндік хабарламаларды жіберу немесе қабылдау, электронды поштамен жұмыс істеу) орын алуы ықтимал. Электронды кілт пен мобильді телефонды бір сөмкеге немесе бір қалтаға салмау керек. Екі құрылғы арасында жеткілікті қашықтықты сақтаған жөн.

i Ақпарат

Нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауға жауапты тарап мақұлдамаған өзгертулер мен түрлендірулерді енгізу пайдаланушыны осы жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін. Нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауға жауапты тарап мақұлдамаған өзгертулерді немесе түрлендірулерді енгізу салдарынан туындаған есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің ақаулығына автокөлік өндірушісінің кепілдігі қолданылмайды.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Электронды кілт электрмагнитті материалдардан қашық тұруы керек, ол материалдар кілт бетіне электрмагниттік толқындардың жетуіне кедергі келтіруі мүмкін.

Батареяны ауыстыру



Электронды кілт дұрыс істемесе, батареяны ауыстыру керек.

Электронды кілттің қақпағын ашу үшін бұрандалар мен тік оймакілтекті бұрандалы шегелерге арналған бұрауышты саңылауға салып, бұрауышты сағат тілінің бойымен бұрау керек.

Батарея түрі: CR2032

Батареяны ауыстыру:

1. Механикалық кілтті шығарыңыз.
2. Жұқа құралдың көмегімен электронды кілттің артқы қақпағын ашыңыз.
3. Пайдаланылған батареяны жаңасына ауыстырыңыз. Батареяның дұрыс салынғанын тексеріңіз.
4. Электронды кілттің артқы қақпағын орнына орнатыңыз.

Электронды кілт зақымдалса немесе дұрыс істемесе, HYUNDAI ресми дилеріне жолығу керек.

i Ақпарат



Дұрыс кәдеге жаратылмаған батарея қоршаған орта мен адам денсаулығына зиянды әсерін тигізуі мүмкін. Батареяны кәдеге жарату жергілікті заңдар мен нормаларға сәйкес жүргізілуі тиіс.

Имобилайзер жүйесі (бар болса)

Имобилайзер жүйесі автокөлікті ұрлап әкетуден қорғайды. Егер коды сәйкес келмейтін кілт (немесе құрылғы) пайдаланылса, қозғалтқыштың отын жүйесі өшеді.

Оталдыру жүйесінің кілтін ON қалпына ауыстырғанда, иммобилайзер жүйесінің индикаторы аз уақыт жанып, артынша сөніп қалуы керек. Индикатордың жыпылықтауы жүйенің кілт кодын оқымай тұрғанын білдіреді.

Оталдыру жүйесінің кілтін LOCK/OFF қалпына қойып, одан кейін кері қарай ON қалпына ауыстырыңыз.

Кілттің қасында басқа кілт немесе металл зат (мысалы, кілттің шынжыр бауы) тұрса, жүйе кілттің кодын анықтамауы мүмкін. Қозғалтқышты оталдыру мүмкін болмай қалады, өйткені металл транспондердің сигнал беруіне кедергі келтіреді.

Егер жүйе кілттің кодын кейде анықтамай қалатын болса, HYUNDAI дилеріне жолығу керек.

Бұл жүйеге өзгерту енгізуге немесе оған басқа құрылғыларды қосуға болмайды. Бұл кездегі ықтимал электрлік ақаулықтар көлік құралының жұмысын бұзуы мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлікті ұрлап әкетуге жол бермеу үшін қосалқы кілттерді автокөлік ішінде қалдырмаңыз. Иммобилайзердің құпия сөзі бірегей, оны пайдаланушы белгілейді және ол құпия сақталуы тиіс.


МӘЛІМЕТ ҮШІН

Кілттің транспондері – иммобилайзер жүйесінің маңызды бөлігі. Ол ұзақ уақыт қызмет етуге есептелген, алайда оны ылғал мен статикалық электр тогының әсерінен қорғау керек. Кілттерді ұқыпты пайдалану керек. Әйтпесе, иммобилайзер жүйесінің жұмысы бұзылуы ықтимал.

ЕСІК ҚҰЛЫПТАРЫ

Көлік құралы есігінің құлыптарын сырттан басқару

Механикалық кілт



1. Механикалық кілтпен қақпақ астында орналасқан иінтіректі басу керек. (1)
2. Механикалық кілт қақпақ саңылауының сыртына шықпас үшін иінтіректі басып тұрып, көлік құралының артқы бөлігі бағытында итеріп, қақпақты шешіп алу қажет. (2)
3. Қақпақты алғаннан кейін механикалық кілт тек жүргізуші есігін құлыптайды немесе құлпын ашады.
4. Кілтті ашу үшін артқа қарай және көлік құралы есігінің құлпын ашу үшін алға қарай бұрау керек. (3)

Жүргізуші есігінің құлпын кілтпен жапқан және ашқан кезде көлік құралының барлық есіктері автоматты түрде құлыптанады немесе құлпы ашылады.

Құлыптары ашылған есіктерді тұтқадан ұстап ашуға болады.

Есікті қолмен итеріп жабу керек. Есіктің дұрыс жабылғанын тексеру керек.


i Ақпарат

- Механикалық кілт тек жүргізуші есігін құлыптайды немесе құлпын ашады.
- Егер барлық есіктерді механикалық кілтпен құлыптау қажет болса, барлық есіктерді автокөлік салонында орналасқан есік құлыптарын орталықтан басқаратын ауыстырып қосқыштың көмегімен құлыптау керек. Жүргізуші есігінің ішкі тұтқасы арқылы есікті ашып, содан соң есікті жабу және жүргізуші есігін механикалық кілтпен құлыптау керек.
- «Есік құлыптарын автокөлік салонынан басқару» атты 5-тарауды қараңыз.

i Ақпарат

- Қақпақтарды шешіп алатын кезде сақтық танытып, қақпақтың өзін жоғалтып алмау және лак-бояу жабынын сырып алмау керек.
- Кілт саңылауының қақпағына мұз қатып қалып, ашылмаса, оны ақырын соғып жіберу немесе қақпақты жанама тәсілмен (қолдың жылуымен және т.с.с.) жылыту керек.
- Есікке және есік тұтқасына қатты күш түсіруге болмайды. Олар зақымдалуы мүмкін.

Қашықтан басқару кілті



Есіктерді құлыптау үшін қашықтан басқару кілтіндегі есіктерді құлыптау түймесін (1) басу керек.

Есіктердің құлпын ашу үшін қашықтан басқару кілтіндегі есіктердің құлпын ашу түймесін (2) басу керек.


Құлыптары ашылған есіктерді тұтқадан ұстап ашуға болады.

Есікті қолмен итеріп жабу керек. Есіктің дұрыс жабылғанын тексеру керек.

i Ақпарат

- Салқын әрі ылғалды климаттық жағдайларда есік құлыптары мен механизмдері мұздап қалатындықтан, нашар жұмыс істеуі мүмкін.
- Аз уақыт ішінде кілттің көмегімен және құлыптағыш көмегімен бірнеше рет құлыптаған/құлыпты ашқан кезде электр тізбегін қорғау мақсатында және жүйе элементтерінің зақымдалуына жол бермеу үшін жүйе өз жұмысын уақытша тоқтатуы мүмкін.

Электронды кілт



Есіктерді құлыптау үшін есіктің сыртқы тұтқасындағы түйме (бұл кезде өзіңізбен бірге электронды кілт болуы қажет) немесе электронды кілттегі есіктерді құлыптау түймесі пайдаланылады.

Есіктердің құлпын ашу үшін есіктің сыртқы тұтқасындағы түйме (бұл кезде өзіңізбен бірге электронды кілт болуы қажет) немесе электронды кілттегі есіктердің құлпын ашу түймесі пайдаланылады.

Құлыптары ашылған есіктерді тұтқадан ұстап ашуға болады.

Есікті қолмен итеріп жабу керек. Есіктің дұрыс жабылғанын тексеру керек.

i Ақпарат

- Салқын әрі ылғалды климаттық жағдайларда есік құлыптары мен механизмдері мұздап қалатындықтан, нашар жұмыс істеуі мүмкін.
- Аз уақыт ішінде кілттің көмегімен және құлыптағыш көмегімен бірнеше рет құлыптаған/құлыпты ашқан кезде электр тізбегін қорғау мақсатында және жүйе элементтерінің зақымдалуына жол бермеу үшін жүйе өз жұмысын уақытша тоқтатуы мүмкін.



Апат жағдайында

Егер есіктің электр құлпы істемесе (мысалы, аккумулятор батареясының заряды толық таусылғанда), есікті (есіктерді) сыртынан тек механикалық кілтпен құлыптауға болады.

Сыртында кілт саңылауы жоқ есіктерді төмендегідей тәсілмен құлыптауға болады.

1. Есікті ашу.
2. Кілтті төтенше жағдайда есікті құлыптау саңылауына салып, көлденең бағытта бұрау.
3. Есікті мықтап жабу.

i Ақпарат

Есіктердің құлпын жабу және ашу ауыстырып қосқышына электр қуаты берілмесе (мысалы, аккумулятор батареясының заряды таусылғанда) және жүксалғыш жабық тұрса, оны ашу электр қуатының берілуі қалпына келтірілгеннен кейін ғана мүмкін болады.

Көлік құралы есігінің құлыптарын іштен басқару

Есіктерді құлыптау түймесінің көмегімен



Алдыңғы есік

Құлыптаулы есіктің ішкі тұтқасын тартқанда, есік құлпы ағытылып, есік ашылады.

Артқы есік

Құлыптаулы есіктің ішкі тұтқасын тартқанда, есіктің құлпы ашылады. Тұтқаны қайта тартқан кезде есік ашылады.


i Ақпарат


Электр жетекті есіктің құлпы істен шыққанда, автокөлік ішінде отырған адам келесі сыртқа шығу тәсілдерінің бірін немесе бірнешеуін пайдалана алады:

- Есік құлпын бірнеше рет ашып көруге тырысып (электр жетегінің көмегімен де, қолмен де), сонымен бір мезгілде есік тұтқасын өзіне қарай тарту.
- Басқа алдыңғы және артқы есіктердің құлыптары мен тұтқаларын пайдалану.
- Алдыңғы есік терезесінің әйнегін түсіріп, есікті сырттан ашу үшін кілтті пайдалану. Есік құлыптарын автокөлік ішінен басқару.

Есік құлыптарын орталықтан басқару ауыстырып қосқышының көмегімен



- Ауыстырып қосқыштың () бөлігін (1) басқанда, барлық есіктер құлыптанады.
 - Кілт оталдыру жүйесінің құлпына салынып, кез келген есік ашық тұрса, есік құлыптарын орталықтан басқару ауыстырып қосқышының түймесі (1) басылса да, есіктер құлыптанбайды.
 - Егер электронды кілт салонда болып, есіктердің біреуі ашық тұрса, есік құлыптарын орталықтан басқару ауыстырып қосқышының түймесі (1) басылса да, есіктер құлыптанбайды.

- Ауыстырып қосқыштың () бөлігі (2) басылғанда, барлық есіктердің құлыптары ашылады.
- Есіктердің дабылдағышы (3) Жүргізуші мен алдыңғы жолаушы есігі құлыптанғанда, есіктердің дабылдағышы жанады. Есіктердің біреуі құлыптаулы болмаса, ол сөніп қалады.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Автокөлік жүрген кезде барлық есіктер жабық әрі құлыптанып тұруы керек. Егер есіктердің құлпы ашық болса, жол-көлік апаты кезінде автокөліктен ұшып кету қаупі артады.
- Автокөлік жүріп келе жатқанда жүргізуші (немесе жолаушы) есігінің ішкі тұтқасын тартуға болмайды.

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік ішінде балаларды немесе жануарларды қараусыз қалдыруға болмайды. Жабық автокөлік күн сәулесінің әсерінен қатты қызатындықтан, автокөлік ішінен өз бетінше шыға алмайтын балалар немесе жануарлар жарақат алуы немесе өлімге ұшырауы мүмкін. Балалар көлік құралының әр түрлі басқару құралдарын қосып жіберіп, соның салдарынан жарақат алуы мүмкін немесе автокөлікке бөтен адамдар кіріп кетіп, оларға зақым келтіруі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Көлік құралын тұраққа әрдайым дұрыс қою керек.

Автокөлікті есігін құлыптамай қалдырып кету салдарынан ұрлық жасау немесе автокөлікке заңсыз кіру қаупі артады.

Автокөліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тежегіш педалін басып тұрып, селекторды «Р» (тұрақ) қалпына қойып, тұрақ тежегішін қосып, оталдыру жүйесін өшіріп, барлық терезені жауып, барлық есікті құлыптап, әрдайым кілтті өзіңізбен бірге алып жүру керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

Егер сіз қатты ыстық немесе суық ауа райында автокөлікте ұзақ уақыт отыратын болсаңыз, денсаулығыңыз бен өміріңізге қауіп төнуі мүмкін. Автокөлік ішінде адам отырғанда есіктерді сырттан құлыптамаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Есікті ашқанда, автокөлік қасынан өтетін көлік құралдарынан есікке зақым келуі немесе адамның жарақат алуы мүмкін. Есікті ашпай тұрып, қасынан өтетін көлік құралы есікке тиіп кетпейтініне көз жеткізіп алу керек.

Есіктерді автоматты түрде құлыптау және құлпын ашу функциясы

Соқтығысу кезінде есіктердің құлпын ашу жүйесі (бар болса)

Соқтығысу кезінде үрленетін қауіпсіздік көпшіктері іске қосылып, барлық есіктердің құлыптары ашылады.

Қозғалыс кезінде есіктерді құлыптау жүйесі (бар болса)

Көлік құралының жылдамдығы 15 км/сағ. (9 миль/сағ.) шамасынан артқан кезде барлық есіктер автоматты түрде құлыптанады.

Есіктерді автоматты түрде құлыптау/құлпын ашу функциясын қосу немесе өшіру СК дисплейдегі User Settings (Пайдаланушы баптаулары) режимінде мүмкін болады. **Толығырақ 4-тараудың «СК дисплей» тармағынан қараңыз.** Егер автокөлік навигация жүйесімен жабдықталған болса, бөлек жеткізілетін автокөліктің ақпараттық ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығын қараңыз.

Балаға артқы есіктерді ашуға жол бермейтін құлыптарды бұғаттау құрылғысы (бар болса)



Балаларды қорғауға арналған құлыпты бұғаттау құрылғысын пайдаланып, балалардың артқы есікті ашып жіберу ықтималдығының алдын алуға болады. Балаларды қорғауға арналған құлыпты бұғаттау құрылғысы автокөлік ішінде балалар отырғанда әрдайым қолданылуы тиіс.

Балаларды қорғауға арналған құлыпты бұғаттау құрылғысы әрбір артқы есіктің жиегінде орналасқан. Балаларды қорғауға арналған құлыпты бұғаттау құрылғысы бұғаттау қалпында тұрғанда, артқы есікті ішкі тұтқасымен ашу мүмкін болмайды.

Балаларды қорғауға арналған құлыпты бұғаттау үшін кілтті (немесе бұрауышты) саңылауға салып тұрып, бұғаттау қалпына қарай бұраңыз.

Артқы есіктерді ішінен ашу үшін құрылғының бұғаттауы алынуы керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

Егер бала автокөліктің қозғалысы кезінде есікті кенеттен ашып жіберсе, ол сыртқа құлап кетуі мүмкін. Балаларды қорғауға арналған құлыпты бұғаттау құрылғысы автокөлік ішінде балалар отырғанда әрдайым қолданылуы керек.

Баланы қорғайтын электр жетекті бұғаттау (бар болса)



Баланы қорғайтын электр жетекті бұғаттау түймесі басылып, индикатор жанып тұрса, артқы жолаушылар артқы есіктерді автокөлік ішінен аша алмайды. Баланы қорғайтын электр жетекті бұғаттауды ажырату үшін баланы қорғайтын электр жетекті бұғаттау түймесін тағы бір рет басу керек. Бұл кезде индикатор сөнеді.


Қауіпсіз шығу жүйесі (SEA) баланы қорғайтын электр жетекті бұғаттау қосулы болып, аспаптар тақтасында қауіпсіз шығу функциясы (SEA) таңдалып тұрғанда іске қосылады. Қауіпсіз шығу жүйесі (SEA) баланы қорғайтын электр жетекті бұғаттауды автоматты түрде қоспайды.

Баланы қорғайтын электр жетекті бұғаттау оталдыру жүйесінің кілті алынған соң немесе оны LOCK (құлыптау) немесе OFF (өшіру) қалпына қойғаннан кейін 10 минуттай іске қосулы болады.

Егер автокөлігіңіз баланы қорғайтын электр жетекті бұғаттау жүйесімен жабдықталса, балалардың қолмен ашуына жол бермейтін артқы есіктердің құлпын бұғаттау құрылғысы орнатылмайды.

* Баланы қорғайтын электр жетекті бұғаттауды қосқан кезде арттағы жолаушылардың да артқы әйнектерді ашуға не жабуға мүмкіндігі болмайды. Толық ақпарат осы тараудың «Терезелер» бөлімінде берілген.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ



Баланы қорғайтын электр жетекті бұғаттау бұғаттау түймесін басқан кезде іске қосылмаса, хабарлама көрсетіліп, сигнал естіледі.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Қауіпсіз шығу жүйесі (SEA) (бар болса)



1. Қауіпсіз шығу жүйесі автокөлік тоқтап тұрған кезде оның артынан басқа көлік құралы жақындаған кезде жолаушылар артқы есікті аша алмауы үшін қызмет етеді.
2. Автокөлік тоқтап тұрғанда, оның артынан басқа автокөліктің жақындағаны анықталса, артқы есіктер құлыптанады, оларды тіпті жүргізуші баланы қорғайтын электр жетекті бұғаттау түймесінің көмегімен ашуға тырысса да аша алмайды. «Check surroundings then try again [Бұғаттауды ажыратпас бұрын айналаны тексеру керек]» хабарламасы көрсетіліп, ескертуші дыбыс сигналы естіледі.

Алайда, жүргізуші хабарлама көрсетілгеннен кейін (түйме индикаторы сөнеді) түймені 10 секунд бойы басып тұрса, жүйе жүргізушінің есікті саналы түрде ашқалы тұрғанын түсініп, автокөліктің артындағы жағдайға қарамастан, есіктердің құлпын ашып жібереді.

3. Егер есіктерді ашу кезінде автокөлік артынан басқа көлік құралы жақындап келе жатса, «Watch for traffic [Жан-жағыңызға қараңыз]» хабарламасы көрсетіледі де, ескертуші дыбыс сигналы естіледі.

- Жоғарыда сипатталған 2 және 3 функциялары аспаптар тақтасындағы пайдаланушы баптаулары режимінде «Driver assistance [Жүргізушіге көмек] → Blind-spot safety [“Көзден таса аймақтарды” бақылау] → Safe Exit Assist (SEA) [SEA (Автокөліктен шыққан кездегі қауіпсіздік жүйесі)]» хабарламасы қосылған кезде іске қосылады. Егер автокөлік навигация жүйесімен жабдықталған болса, бөлек жеткізілетін автокөліктің ақпараттық ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығын қараңыз.

- Баланы қорғайтын электр жетекті бұғаттау оталдыру жүйесінің кілті алынған соң немесе оны LOCK (құлыптау) немесе OFF (өшіру) қалпына қойғаннан кейін 10 минуттай іске қосулы болады. Шамамен 10 минут өткен соң түймедегі индикатор сөнеді және баланы қорғайтын электр жетекті бұғаттауды ажырату мүмкін болмайды. Баланы қорғайтын электр жетекті бұғаттауды ажырату үшін қозғалтқыш оталған соң оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда баланы қорғайтын электр жетекті

бұғаттау түймесін тағы бір рет басу керек.

- АҚБ шешілгеннен кейін немесе оның заряды таусылған соң қуат қайта берілген кезде, артқы есіктердің бұғатталуы қосылып тұрғанда, артқы есіктерді бұғаттау түймесіндегі индикатор артқы есіктердің нақты бұғатталған күйіне сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін артқы есіктерді бұғаттау түймесін тағы бір рет басу керек.
- Егер артқы есіктер бұғатталуы тұрған кезде қауіпсіздік көпшігі қосулы тұрса (түйме индикаторы жанып тұрады), ол автоматты түрде ажыратылып, есіктер құлыптанады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Автокөлік артында қандай да бір көлік құралы немесе кедергі тұратын болса, қауіпсіз шығу жүйесі (SEA) қалыпты жұмыс істей алмайды.**
- **Қатарлас қозғалыс жолақтарында көлік құралдары жоғары жылдамдықпен жақындап келе жатқанда немесе көлік құралы көршілес жолақпен арттан жоғары жылдамдықпен жақындап келе жатса, қауіпсіз шығу жүйесі (SEA) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.**
- **Автокөліктің артынан немесе алдынан басқа көлік құралы тез жақындап келе жатса, қауіпсіз шығу жүйесі (SEA)**

кешігіп қосылуы немесе тиісінше істемеуі мүмкін.

- Жүргізушінің көру аймағынан тыс жерде соқтығысу ықтималдығы туралы ескертетін жүйеде (BCW) ақау болса, қауіпсіз шығу жүйесі (SEA) жұмыс істемейді, ол кезде:
 - BCW ескертуі көрсетіледі
 - BCW датчигі ластанған немесе жабық тұр
 - BCW іске қосылмайды немесе қате қосылады

Ескертулер мен шектеулер туралы толық ақпарат 6-тараудың «Көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі (BCW)» бөлімінде берілген.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Жүйе автокөліктен шығу аймағына жақындайтын барлық қауіпті толық анықтай алмайды.
- Автокөліктен сақтық шараларын сақтамай шығу салдарынан жазатайым оқиға орын алса, жауапкершілікті жүргізуші мен жолаушылар көтереді.

Автокөліктен шықпай тұрып, міндетті түрде автокөлік айналасындағы жағдайды бақылап, тексеріп алыңыз.

ҰРЛАП ӘКЕТУДЕН ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ

Бұл жүйе көлік құралын және құнды заттарды қорғауға арналған. Төменде берілген жағдайларда дыбыс сигналы үздіксіз беріліп, апаттық сигнал беру шамдары жыпылықтайтын болады.

- Электронды кілтті немесе қашықтан басқару кілтін пайдаланбай есікті ашқанда.
- Жүксалғышты электронды кілтті немесе қашықтан басқару кілтін пайдаланбай ашқанда.
- Капот ашық болғанда.

Дабыл сигналы 30 секунд беріліп, одан кейін жүйе нөлденеді. Сигнал беру жүйесін өшіру үшін есіктердің құлпы қашықтан басқару кілтімен немесе электронды кілтпен ашылуы керек.

Ұрлап әкетуден қорғау сигнализациясы есіктер мен жүксалғыш құлыптанған соң 30 секундтан кейін автоматты түрде қосылады. Жүйені іске қосу үшін есіктер мен жүксалғыш автокөлік сыртынан қашықтан басқару кілтімен немесе электронды кілтпен немесе есіктің сыртқы тұтқасындағы түймені басу арқылы құлыпталуы керек.

Апаттық сигнал беру шамдары жыпылықтап, күзетке қойылғанын растайтын дыбыс сигналы бір рет беріледі.

Күзетке қойылған соң кез келген есікті, жүксалғышты немесе капотты ашқан (электронды немесе қашықтан басқару кілтін пайдаланбай) жағдайда дабыл сигналы беріледі.

Ұрлап әкетуден қорғау сигнализациясы, есіктердің, жүксалғыштың немесе капоттың кез келгені ашық тұрса, қосылмайды. Күзетке қою іске асырылмаса, барлық есіктердің, жүксалғыштың және капоттың жабылғанын тексеру қажет.

Бұл жүйеге өзгерту енгізуге немесе оған басқа құрылғыларды қосуға болмайды.

i Ақпарат

- Көлік ішінде адамдар болса, есіктерді құлыптау қажет емес. Көлік ішінде қалған адамдар есікті ашса, ұрлап әкетуден қорғау сигнализациясы іске қосылады.
- Егер автокөлік қашықтан басқару кілтімен немесе электронды кілтпен күзет режимінен шығарылмаса, есікті механикалық кілтпен ашып, оталдыру жүйесін қосу (қашықтан басқару кілті үшін) немесе қозғалтқышты оталдырып (электронды кілт үшін), 30 секунд күту керек.
- Егер жүйе ажыратылып, бірақ 30 секунд ішінде есіктердің біреуі немесе капот ашылмаса, жүйе қайта қосылады.




i Ақпарат

Ұрлап әкетуден қорғау сигнализациясымен жабдықталған автокөліктердің мынадай жазулары бар затбелгілері болады:

1. **WARNING** (Ескерту)
2. **SECURITY SYSTEM**
(Қауіпсіздік жүйесі)

ЖҮРГІЗУШІ ОРЫНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАРЫН ЕСТЕ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ (БАР БОЛСА)



Жүргізуші орындығының қалыптарын есте сақтау жүйесі түймелерді жай ғана басу арқылы төменде берілген қалыптарды сақтауға және қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

- Жүргізуші орындығының қалпы
- Сыртқы артқы көрініс айнасының қалпы
- Аспаптар тақтасының көмескі жарығының жарық деңгейі
- Алдыңғы әйнекке проекциялау қалпы мен жарық деңгейі (HUD) (бар болса)

АБАЙЛАҒЫЗ

Автокөліктің қозғалысы кезінде ешбір жағдайда жүргізуші орындығының есте сақтау жүйесін пайдаланбаңыз.

Өйткені көлікті басқара алмай, жол-көлік апатына ұшырауыңыз мүмкін, соның салдарынан адамдар қазаға ұшырап, ауыр дене жарақатын алуы немесе мүлікке зиян келуі мүмкін.

Ақпарат

- Аккумулятор батареясын ажыратқан кезде есте сақталған барлық қалыптар жадтан өшіп қалады.
- Жүргізуші орындығының қалпын есте сақтау жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, жүйені тексерту үшін **HYUNDAI** авторландырылған дилеріне баруға кеңес береміз.

Қалыптарды есте сақтау

1. Оталдыру жүйесі қосулы тұр.
2. Өз ыңғайыңызға қарай жүргізуші орындығының қалпын, сыртқы артқы көрініс айнасын және рульді, сондай-ақ аспаптар тақтасының көмескі жарығының қарқындылығын реттеңіз.
3. SET (Орнату) түймесін басыңыз. Жүйе бір рет дыбыс сигналын береді, ал СК дисплейде «Press button to save settings [Баптауларды сақтау үшін түймені басыңыз]» хабарламасы көрсетіледі.
4. Есте сақтау түймелерінің бірін (1 немесе 2) басып, 4 секунд бойы ұстап тұрыңыз. Жадқа сәтті жазылғанын растайтын екі сигнал естіледі.
5. СК дисплейде мынадай хабарлама көрсетіледі: «Settings 1 (or 2) saved [Орындық қалпының 1 (немесе 2) баптаулары сақталды]».

Жадта жазылған қалыптарды қалпына келтіру

1. Оталдыру жүйесі қосулы тұр.
2. Есте сақтау түймелерінің бірін (1 немесе 2) басыңыз. Жүйе бір рет дыбыс сигналын беріп, жүргізуші орындығының қалпы, сыртқы артқы көрініс айнасы, сондай-ақ аспаптар тақтасының көмескі жарығы және алдыңғы әйнекке проекциялау биіктігі/жарықтығы сақталған мәндерге сәйкес автоматты түрде орнайды.
3. СК дисплейде мынадай хабарлама көрсетіледі: «Settings 1 (or 2) applied [Орындық қалпының 1 (немесе 2) баптаулары қолданылды]».

Егер автокөлік навигация жүйесімен жабдықталған болса, бөлек жеткізілетін автокөліктің ақпараттық ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығын қараңыз.

i Ақпарат

- Егер «1» сақталған қалпын қалпына келтіру процесінде SET түймесін немесе 1 түймесін басса, сақтаулы қалыпқа дейінгі реттеу процесі уақытша тоқтайды. 2 түймесін басқан кезде «2» қалпы қалпына келеді.
- Егер «2» сақталған қалпын қалпына келтіру процесінде SET түймесін немесе 2 түймесін басса, сақтаулы қалыпқа дейінгі реттеу процесі уақытша тоқтайды. 1 түймесін басқан кезде «1» қалпы қалпына келеді.
- Сақталған қалыптарды қалпына келтіру кезінде жүргізуші орындығының қалпын басқару, сыртқы артқы көрініс айнасы немесе аспаптар тақтасының көмескі жарығы түймелерінің бірін басып қалса, тиісті компоненттің жылжуы тоқтайды да, басылған түймемен таңдалған бағытта басталады.

Жүргізуші орындығы баптауларын есте сақтау жүйесін нөлдеу

Жүргізуші орындығы баптауларын есте сақтау жүйесі дұрыс істемесе, жүйе инициализациясын келесі тәсілмен орындаңыз.

Инициализацияны орындау тәртібі:

1. Автокөлікті тоқтатып, оталдыру жүйесін қосулы қалдырып, селекторды «Р» (тұрақ) қалпына қойып, жүргізуші есігін ашыңыз.
2. Орындықты ең шеткі қалыпқа жылжытып, орындық арқалығын ілгері/кейін жылжыту түймелерінің және арқалық бұрышын (еңкеюін) реттейтін ауыстырып қосқыштардың көмегімен барынша тік қалыпқа орнатыңыз.
3. SET түймесін және орындықты ілгері жылжыту ауыстырып қосқышын бір мезгілде 2 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз.

Инициализация процесі:

1. Инициализация дыбыс сигналынан кейін басталады.
2. Орындық арқалығымен бірге автоматты түрде артқа жылжиды. Жүйенің жұмысы кезінде дыбыс сигналы естіліп тұрады.
3. Орындық арқалығымен бірге ортаңғы қалыпқа келгенде инициализация аяқталып, дыбыс сигналы естіледі. Дегенмен, инициализация процесі мен дыбыс сигналы төмендегідей жағдайларда тоқтайды.
 - Жүргізуші орындығы баптауларын есте сақтау жүйесінің түймесін басқанда
 - Жүргізуші орындығының биіктігін реттеу ауыстырып қосқышын басқанда
 - Р (тұрақ) қалпынан кез келген режимге ауыстырғанда
 - Жүру жылдамдығы 3 км/сағ. шамасынан асқан жағдайда
 - Жүргізуші есігі жабық тұрғанда

Ыңғайлы кіру функциясы (бар болса)

Жүйе келесі шарттар орындалғанда жүргізуші орындығын автоматты түрде жылжытады:

- Электронды кілттер жүйесінсіз
 - Оталдыру жүйесінің кілтін шығарғанда, жүргізуші орындығы артқа жылжып, жүргізуші есігі ашылады.
 - Қозғалтқышты оталдыру және тоқтату түймесімен АСС немесе ON (қосу) режимі таңдалғанда, жүргізуші орындығы ілгері жылжиды.
- Электронды кілттер жүйесімен
 - Қозғалтқышты оталдыру және тоқтату түймесімен оталдыру жүйесін өшіргенде, жүргізуші орындығы артқа жылжып, жүргізуші есігі ашылады.
 - Оталдыру жүйесі қосылған немесе электронды кілт салонда тұрып, есік жабылған кезде жүргізуші орындығы ілгері жылжиды.

Ыңғайлы кіру функциясын қосу немесе өшіру СК дисплейдегі «User Settings» (пайдаланушы баптаулары) режимінде мүмкін болады. **Толығырақ 4-тараудың «СК дисплей» бөлімін қараңыз.** Егер автокөлік навигация жүйесімен жабдықталған болса, бөлек жеткізілетін автокөліктің ақпараттық ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығын қараңыз.

РУЛЬ

Рульдің электрлік күшейткіші (EPS)

Бұл жүйе автокөлікті басқару кезінде көмектесу үшін қолданылады. Егер қозғалтқыш тоқтатылса немесе күшейткіші бар руль жетегінің жүйесі жұмыс істемейтін күйде болса, көлік құралын басқару әлі де мүмкін, бірақ бұл кезде көбірек күш жұмсау қажет болады.

Оған қоса, рульді тиімді басқару үшін көлік құралының жылдамдығы артқан кезде руль қатайды да, жылдамдық төмендегенде руль жұмсара түседі.

Рульдің жұмысында нормадан қандай да бір ауытқу байқалса, жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Егер рульдің электрлік күшейткіші тиісінше жұмыс істемесе, аспаптар тақтасында (⊖!) сигнал шамы жанады. Рульді бұру үшін біршама күш жұмсау қажет болады немесе жүйе тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін.

Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне барынша тезірек хабарласу керек.

i Ақпарат

Автокөлікті қалыпты жағдайда пайдаланғанда, төменде көрсетілген белгілер байқалуы мүмкін:

- Оталдыру жүйесін қосқаннан кейін рульді бұру үшін көбірек күш жұмсау керек болады,

өйткені рульдің электрлік күшейткіші жүйесіне диагностика жасалады.

Диагностика аяқталған соң рульдік басқару жүйесі қалыпты жұмыс істейді.

- Аккумулятор батареясының кернеуі төмен болса, рульді бұру үшін көбірек күш жұмсау керек болуы мүмкін. Алайда бұл уақытша құбылыс және қалыпты күй аккумулятор батареясы зарядталғаннан кейін қалпына келеді.
- Оталдыру жүйесін өшіргеннен немесе қосқаннан кейін EPS релесінің сырт еткен дыбысы естіледі.
- Автокөлік тоқтағанда немесе төмен жылдамдықпен жүргенде, электр қозғалтқышының жұмыс істеген дыбысы естілуі мүмкін.
- Егер қоршаған ауа температурасы төмен болса, рульді бұрған кезде әдеттегіден тыс шуылдар естілуі мүмкін. Температура жоғарылағанда, шуылдар жоғалады. Бұл қалыпты жағдай.

- Егер автокөлік қозғалыссыз тұрып, рульді үнемі оңға не солға тірелгенше бұра берсе, рульдік басқару күші артуы мүмкін. Бұл жүйенің ақаулығы емес. Біраз уақыт өткеннен кейін рульдік басқару күші қалыпты күйге келеді.

Реттелетін руль бағаны

АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалыс кезінде руль бағанын реттеуге тыйым салынады. Бұл кезде көлік құралын басқарудан айырылып, ауыр жарақатқа, өлімге немесе көлік апатына ұшырауыңыз мүмкін.

Ақпарат

Кейбір жағдайларда реттеуді орындағаннан кейін бұғаттауды ажырату иінтірегі рульді бұғаттамауы мүмкін.

Бұл ақаулық емес. Мұндай жағдай екі тістегеріштің ілінісуі кезінде туындайды. Осындай кезде рульді қайта реттеп, оны бұғаттап қойыңыз.



Рульдің бұрышын және бойлық қалпын өзгерту процедурасы:

1. Руль бағанын реттейтін тұтқаны (1) төмен түсіріңіз.
2. Рульдің қалпын қажетті бұрышқа (2) және биіктікке (3, бар болса) сәйкес реттеп қойыңыз.

Руль бетке емес, кеуде тұсына бағыттталып тұруы керек. Аспаптар тақтасы мен барлық сигнал шамдарын көре алатыныңызды тексеру керек.


3. Тұтқаны жоғары қарай руль қажетті қалыпта бекітілгенше көтеру керек.

Руль бағанының дұрыс орныққанын тексеру үшін оны қозғалтып көріңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Рульдің биіктігін реттегенде, оны тым қатты итермеңіз немесе тартпаңыз, өйткені бұның салдарынан бекітпе зақымдалуы мүмкін.

Жылытылатын руль (бар болса)



Руль жылытқышын қосу үшін оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда немесе қозғалтқыш істеп тұрғанда түймені басу керек. Түймеде индикатор жанады.

Руль жылытқышын өшіру үшін түймені тағы бір рет басу керек. Түймедегі индикатор сөнеді.

- Әдепкіде оталдыру жүйесі қосылған кезде руль жылытқышы өшкен күйде тұрады. Алайда жайлылықты автоматты түрде басқару функциясы қосұлы тұрса, руль жылытқышы сыртқы температураға байланысты қосылып-өшірілетін болады.
- Жайлылықты автоматты түрде басқару (жүргізуші орындығы үшін, бар болса)

Қозғалтқыш оталып тұрғанда, қоршаған ауа температурасына байланысты руль жылытқышының температурасы автоматты түрде реттеледі. Ажыратқышты басқан кезде руль жылытқышын басқару қолмен орындалады.

Бұл функцияны пайдалану үшін ол Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранындағы Settings (баптаулар) мәзірінде қосылуы керек.

Толық мәліметтер нақты көлік құралы үшін бөлек жеткізілетін нұсқаулықта келтіріледі.

Ақпарат

Руль жылытқышы қосылғаннан кейін шамамен 30 минуттан соң автоматты түрде өшеді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Рульге қап немесе қосымша жабдық орнатуға болмайды. Бұл рульді жылыту жүйесін зақымдауы мүмкін.

Дыбыс сигналы

Дыбыс сигналын қосу үшін рульде тиісті таңбамен (суретті қараңыз) белгіленген аймақты басыңыз. Дыбыс сигналы тек осы аймақты басқанда ғана қосылады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Дыбыс сигналын қатты ұрып қоспаңыз, дыбыс сигналы қосылатын аймақты жұдырықпен ұрмаңыз. Бұл үшін өткір заттарды пайдаланбаңыз.

АЙНАЛАР

Ішкі артқы көрініс айнасы

Автокөлікті жүргізбес бұрын айнаны артқы терезедегі көрініс айнаның ортасында болатындай реттеңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Көру осінің бойында кедергілердің жоқ болуын тексеріңіз. Артқы орындықтарға, жүксалғышқа немесе артқы орындықтардың бас сүйегіштеріне артқы терезеден көруге кедергі келтіретін заттарды орналастырмаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Жол-көлік апаты кезінде немесе қауіпсіздік көпшігі ашылғанда ауыр жарақаттар алмау үшін артқы көрініс айнасын түрлендіруге немесе панорамалық айна орнатуға болмайды.

АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалыс кезінде айнаны реттеуге РҰҚСАТ ЕТІЛМЕЙДІ. Өйткені автокөлікті басқару мүмкіндігінен айырылып, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Айнаны тазалау үшін әйнек тазалағышқа малынған қағаз сүлгіні немесе ұқсас материалды пайдалану керек. Әйнек тазалағышты тікелей айнаға бүркуге болмайды, себебі сұйықтық айна корпусының ішіне кіріп кетуі мүмкін.

Артқы көрініс айнасының күндізгі/түнгі жұмыс режимі (бар болса)



[A] : Күн, [B] : Түн

Артқы көрініс айнасының қалпын қозғалысты бастамай тұрып және күндізгі/түнгі жұмыс режимін ауыстырып қосу иінтірегі күндізгі режим қалпында тұрғанда реттеу керек.

Бұл иінтіректі автокөлікпен түнде жүргенде арттағы автокөліктер фараларының көз қарықтыратын әсерін бәсеңдету үшін өзіңізге қарай тартыңыз.

Артқы көрініс айнасының түнгі жұмыс режимінде бейненің тұнықтығы біраз азаятынын естен шығармаңыз.

Электрхромды айна (бар болса)



Түнгі уақытта немесе жарық деңгейі жеткіліксіз болғанда, артта келе жатқан автокөлік фараларының қатты түсетін жарығын электрлік артқы көрініс айнасы автоматты түрде реттейді.

Қозғалтқыш қосулы тұрғанда, көз қарықтыратын жарықты артқы көрініс айнасының ішіне орнатылған датчик реттеп тұрады. Датчик көлік құралының айналасындағы жарық деңгейін анықтап, артта келе жатқан автокөліктен түсетін жарық деңгейіне байланысты автоматты түрде түзету жасайды.

Селектор түймесін «R» (артқа жүру) қалпына ауыстырғанда, айна автоматты түрде ең жарық баптауға өтіп, жүргізушіге арттағы тиімді көріністі қамтамасыз етеді.

Сыртқы артқы көрініс айнасы



Қозғалысты бастамас бұрын айнаның еңкею бұрышын реттеңіз. Автокөліктің екі жағында сыртқы артқы көрініс айналары орнатылған. Айнаны қашықтан басқару ауыстырып қосқышы арқылы қашықтан реттеуге болады. Автоматты көлік жуу бекетінде көлікті тазалау немесе тар көшелермен жүру кезінде айнаның корпусын жиып қойып, зақымдардың алдын алуға болады. Егер автокөліктің жылдамдығы 15 км/сағ. шамасынан жоғары болса, сыртқы артқы көрініс айнасы жиылмайды.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Оң жақтағы артқы көрініс айнасының беті дөңес келеді. Кейбір елдер үшін сол жақтағы сыртқы артқы көрініс айнасының беті де дөңес болады. Мұндай айнадан заттар нақты тұрған жерінен алысырақ тұрғандай болып көрінеді.
- Басқа жолаққа ауыспай тұрып, ішкі артқы көрініс айнасы арқылы артқа қарау немесе артта келе жатқан көлік құралына дейінгі қашықтықты бағалау үшін басты бұрып қарау керек.


АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөліктің қозғалысы кезінде сыртқы артқы көрініс айнасының қалпын реттемеңіз және оларды жимаңыз. Өйткені автокөлікті басқару мүмкіндігінен айырылып, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Айнадағы мұзды қырмау керек, себебі айнаның беті зақымдануы мүмкін.
- Егер айнаға мұз қатып қалса, оны күшпен реттеуге болмайды. Мұзды жібіту үшін мұз қатырмайтын спрейді (салқындату жүйесінің антифризі емес) немесе ыстық суға малынған жұмсақ шүберекті пайдаланған жөн. Сонымен бірге, автокөлікті жылы жерге қоюға болады.

Артқы көрініс айналарын реттеу



1. L (сол жақ) немесе R (оң жақ) түймесін (1) басыңыз да, реттелетін артқы көрініс айнасын таңдаңыз.
2. Айналарды жоғары, төмен, солға не оңға жылжыту үшін айналарды реттегішті (2) пайдаланыңыз.
3. Айналардың қалпы кездейсоқ өзгеріп кетпеуі үшін оларды реттеген соң пернені бейтарап (ортаңғы) қалыпқа қойыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Айна шеткі қалыпқа жеткенде қозғалуды тоқтатады, бірақ ауыстырып қосқыш басылып тұрғанда электр жетегінің жұмысы жалғасады. Ауыстырып қосқышты қажетінен артық басып тұрмаңыз, өйткені электр қозғалтқышы бұзылуы мүмкін.
- Сыртқы артқы көрініс айналарының қалпын қолмен реттеуге болмайды, өйткені электр қозғалтқышы зақымдалуы мүмкін.

Сыртқы артқы көрініс айнасын жию



Қолмен жию механизмі бар айна

Сыртқы артқы көрініс айнасын жию үшін оның корпусынан ұстап, артқа тартыңыз.



Электрлік тип

Сыртқы артқы көрініс айнасы ауыстырып қосқышты басу арқылы жиылады немесе жазылады. Автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ. шамасынан жоғары болса,

сыртқы артқы көрініс айнасы ауыстырып қосқышты басқанның өзінде жиылмайды. Алайда сыртқы артқы көрініс айнасы ауыстырып қосқышты басқанда жазылады.

- СК дисплейдегі пайдаланушы баптауларында «Convenience [Жайлылық] → Welcome mirror/light [Қарсы алу көмескі жарығы/ақылды айна] → On door unlock [Есік ашық тұрғанда]» режимі таңдалып тұрса, сыртқы артқы көрініс айнасы келесі жолмен автоматты түрде жиылады және жазылады:
 - Айналар есіктерді электронды кілтпен құлыптағанда немесе құлпын ашқанда жиылады және жазылады.
 - Есік есіктің сыртқы тұтқасындағы түйме көмегімен жабылғанда немесе ашылғанда айна жиылады немесе бастапқы күйіне оралады.

- «Convenience [Жайлылық] → Welcome mirror/light [Қарсы алу көмескі жарығы/ ақылды айна] → On door unlock [Есік ашық тұрғанда]» және «Convenience [Жайлылық] → Welcome mirror/light [Қарсы алу көмескі жарығы/ ақылды айна] → On driver approach [Жүргізуші жақындап келгенде]» параметрін таңдағанда, СК дисплейдегі пайдаланушы баптауларында сыртқы артқы көрініс айналары жүргізушінің электронды кілтпен бірге автокөлікке жақындаған кезінде автоматты түрде жазылады (есіктер жабық әрі құлыптаулы тұрған кезде).

Егер автокөлік навигация жүйесімен жабдықталған болса, бөлек жеткізілетін автокөліктің ақпараттық ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығын қараңыз.


МӘЛІМЕТ ҮШІН

Электрлік сыртқы артқы көрініс айнасын басқару мүмкіндігі оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышы өшірулі тұрғанның өзінде істеп тұрады. Алайда, АКБ заряды кенеттен таусылып қалмас үшін қозғалтқыш сөніп тұрғанда айналарды қажетінен артық реттемеңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Сыртқы артқы көрініс айналарын қолмен жиюға болмайды. Бұл кезде жетек механизмі зақымдалуы мүмкін.

Артқы жүріспен тұраққа қоюға көмектесу функциясы (бар болса)



«R» (артқа жүру) түймесін басқанда, сыртқы артқы көрініс айналары артқа жүруге көмектесу үшін төмен қарай еңкейеді.

Сыртқы артқы көрініс айнасы ауыстырып қосқышының (1) қалпы айналардың қозғалатынын не қозғалмайтынын анықтайды:

Солға/оңға: егер L (Солға) не R (Оңға) қалпы таңдалып тұрса, сыртқы артқы көрініс айнасының екеуі де қозғалатын болады.


Бейтарап: егер ортаңғы қалып таңдалып тұрса, сыртқы артқы көрініс айналары қозғалмайды.

Сыртқы артқы көрініс айналары төменде берілген кез келген жағдайда өзінің бастапқы күйіне автоматты түрде қайтады:

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышы LOCK/OFF (ҚҰЛЫПТАУ/ӨШІРУ) немесе ACC қалпына орнатылғанда.
- Селектор түймесі «R» (артқа жүру) қалпынан басқа, кез келген қалыпта тұрғанда.
- Сыртқы артқы көрініс айналарын қашықтан басқару ауыстырып қосқышы таңдалмағанда.

ТЕРЕЗЕЛЕР

Электрлік әйнек көтергіштер (бар болса)



- (1) Жүргізуші есігіндегі әйнек көтергіштің ауыстырып қосқышы.
- (2) Жолаушы есігіндегі әйнек көтергіштің ауыстырып қосқышы
- (3) Артқы сол жақ есіктің әйнек көтергішінің ауыстырып қосқышы
- (4) Артқы оң жақ есіктің әйнек көтергішінің ауыстырып қосқышы

- (5) Терезені ашу және жабу
- (6) Автоматты электрлік әйнек көтергіштер*
- (7) Әйнек көтергіштерді бұғаттау ауыстырып қосқышы

* : бар болса

Әйнек көтергіш тер оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда ғана жұмыс істейді. Әр есікте өзінің электрлік әйнек көтергіш ауыстырып қосқышы орнатылған. Жүргізуші үшін әйнек көтергіштерді бұғаттау ауыстырып қосқышы қарастырылған, оның көмегімен жолаушылар есіктеріндегі әйнек көтергіштер жұмысына шектеу қоюға болады.

Оталдыру жүйесінің ажыратқышын АСС немесе OFF (ӨШІРУ) қалпына орнатқаннан кейін электрлік әйнек көтергіштерді әлі 10 минуттай басқару мүмкін болады. Алайда, алдыңғы есіктердің кез келгені ашылса, әйнек көтергіштерді осы 10 минут ішінде де басқару мүмкін болмайды.



АБАЙЛАҢЫЗ

Ауыр жарақатқа немесе өлімге ұшырамас үшін көлік қозғалысы кезінде басты, қолды немесе денені терезеден шығаруға болмайды.



Ақпарат

- Салқын әрі ылғалды климаттық жағдайларда электрлік әйнек көтергіштер мұздап қалатындықтан, нашар жұмыс істеуі мүмкін.
- Артқы терезелерді немесе төбедегі люкті (бар болса) ашып қойып жүргенде салон ішіндегі ауа құйындауы немесе лүпілді дыбыстар естілуі мүмкін. Бұл дыбыстар қалыпты құбылыс болып есептеледі. Олар төмендегі шараларды қолданғанда жойылады немесе деңгейі төмендейді. Егер артқы терезелердің бірі немесе екеуі де ашық тұрғанда осы дыбыстар естілсе, алдыңғы екі терезені шамамен 25 мм-ге түсіріп қою керек. Егер төбедегі люк ашық кезде дыбыс естілсе, онда люкті жабылатын жағына қарай сәл жылжытып қою керек.

Терезені ашу және жабу



Ашу:

Әйнек көтергіштің ауыстырып қосқышын бірінші шектеулі қалыпқа дейін түсіріңіз (5). Әйнек қалаған биіктікке жеткенде ауыстырып қосқышты жіберіңіз.

Жабу:

Әйнек көтергіштің ауыстырып қосқышын бірінші шектеулі қалыпқа (5) дейін көтеріңіз. Әйнек қалаған биіктікке жеткенде ауыстырып қосқышты жіберіңіз.

Терезенің автоматты түрде жабылуы/ашылуы (бар болса)

Электрлік әйнек көтергіштің ауыстырып қосқышын екінші шектеулі қалыпқа (6) дейін аз уақытқа түсіру немесе көтеру кезінде ауыстырып қосқыш жіберілгеннің өзінде әйнек толық түседі не көтеріледі. Терезе ашылып не жабылып жатқанда, оның әйнегін белгілі бір қалыпта тоқтату үшін ауыстырып қосқышты басып немесе жоғары тартып, содан соң босатып жіберу керек.

Электрлік әйнек көтергіштерді басқару жүйесін қайта жүктеу

Егер электрлік әйнек көтергіштер дұрыс істемесе, автоматты басқару жүйесі қайта жүктелуі тиіс. Ол үшін төменде көрсетілген әрекеттерді жасау керек.

1. Оталдыру жүйесін қосу.
2. Терезені жауып, электрлік әйнек көтергіштің ауыстырып қосқышын кемінде тағы 1 секунд тартып ұстап тұру керек.

Егер қайта жүктелгеннен кейін электрлік әйнек көтергіштер әлі де дұрыс істемесе, HYUNDAI ресми дилеріне жүйені тексерту керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

Автоматты реверс функциясы электрлік әйнек көтергіштерді басқару жүйесін қайта іске қосқан уақытта істемейді. Әйнекті жаппай тұрып, оның жүретін жолында денеңіздің бөлігі немесе заттар кедергі келтіріп тұрмағанын тексеріп алу керек. Әйтпесе жарақат алуыңыз немесе автокөлік зақымдануы мүмкін.

Автоматты реверс (бар болса)



Егер терезенің автоматты түрде жабылуы кезінде оның жүріс жолында кедергілер болса, терезе тоқтап, затты алып тастауға мүмкіндік беру үшін шамамен 30 см-ге (12 дюймге) төмен түседі.

Әйнек көтергіш пернесін ұзақ уақыт басып тұрғанда кедергі анықталатын болса, әйнек көтерілуін тоқтатып, шамамен 2,5 см-ге төмен түседі.

Егер автоматты түрде кері жүру нәтижесінде әйнек түскеннен кейін 5 секунд ішінде әйнек көтергішті басқару пернесін қайта басып тұрса, автоматты түрде кері жүру функциясы жұмыс істемейтін болады.

i Ақпарат

Автоматты реверс функциясы ауыстырып қосқышты екінші қалыпқа дейін көтеру арқылы іске қосылатын автоматты көтеру функциясын қолдану кезінде ғана белсенді болады.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Әйнекті жаппай тұрып, оның жүретін жолында денеңіздің бөлігі немесе заттар кедергі келтіріп тұрмағанын тексеріп алу керек. Әйтпесе жарақат алуыңыз немесе автокөлік зақымдануы ықтимал. Әйнек пен жоғарғы тығыздауыш арасындағы диаметрі 4 мм-ден (0,16 дюймнен) аз заттарды қысып қалудан қорғайтын жүйе анықтамай қалуы мүмкін және әйнек төмен түспейді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Терезелерге қосымша керек-жарақты орнатпаңыз. Автоматты реверс функциясы іске қосылмай қалуы мүмкін.

Автоматты әйнек көтергішті бұғаттау ауыстырып қосқышы



Жүргізуші әйнек көтергіштерді бұғаттау ауыстырып қосқышының көмегімен артқы есіктердегі әйнек көтергіштердің ауыстырып қосқыштарын бұғаттай алады.

Электрлік әйнек көтергіштердің бұғаттау ауыстырып қосқышы бұғаттау қалпында тұрғанда:

- Жүргізуші барлық электрлік әйнек көтергіштерді басқара алады.
- Алдыңғы жолаушы өз жағындағы алдыңғы есіктің электрлік әйнек көтергішін басқара алады.
- Арттағы жолаушылар артқы электрлік әйнек көтергіштерді басқара алмайды.

* Әйнек көтергіштерді бұғаттау ауыстырып қосқышын басқанда (индикатор жанады), артқы орындықтағы жолаушылар артқы есіктерді аша алмайды (баланы қорғайтын электронды бұғаттау жүйесі болғанда).

Қосымша ақпарат осы тараудың «Баланы қорғайтын электронды бұғаттау жүйесі» бөлімінде берілген.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Электрлік әйнек көтергіштер жүйесінің ықтимал зақымдануына жол бермеу үшін екі терезені бір уақытта ашпаңыз немесе жаппаңыз. Осының нәтижесінде созылмалы сақтандырғыш ұзақ қызмет етеді.
- Жүргізушінің орнында және белгілі бір есіктің өзінде орналасқан сол есіктің электрлік әйнек көтергішін басқару ауыстырып қосқыштарын ешбір жағдайда қарсы бағытта бір уақытта қосуға әрекеттенбеңіз. Бұл жағдайда әйнек тоқтап қалады да, әрі қарай жылжымайтын болады.

 **АБАЙЛАҢЫЗ**

- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда, қараусыз қалған балалар отырған автокөлік ішінде кілттерді ЕШБІР ЖАҒДАЙДА қалдырмаңыз.
- ЕШБІР ЖАҒДАЙДА автокөлік ішінде балаларды қараусыз қалдырмаңыз. Тіпті өте кішкентай балалардың өздері автокөлікті байқаусызда жүргізіп жіберуі, терезелерге қысылып қалуы немесе өзіне не басқа адамдарға зақым келтіріп алуы мүмкін.
- Терезені жаппас бұрын денеңіздің барлық бөлігі (алақан, қол, бас) және басқа да кедергілер әйнектің жүру жолында тұрмағанын міндетті түрде тексеріп алыңыз.
- Балалардың электрлік әйнек көтергіштермен ойнауына жол бермеңіз. Жүргізуші есігінде орналасқан әйнек көтергіштерді бұғаттау ауыстырып қосқышы бұғаттау қалпында тұруы тиіс. Бала әйнек көтергішті абайсызда қосып қалса, ауыр жарақат келуі мүмкін.
- Қозғалыс кезінде терезеден басты, қолды немесе дененің басқа да бөліктерін шығаруға тыйым салынады.

ТӨБЕДЕГІ ПАНОРАМАЛЫҚ ЛЮК (БАР БОЛСА)



Егер автокөліктің төбесінде люк болса, оны төбе консоліндегі ауыстырып қосқышпен ашуға және жабуға болады.

Төбедегі люкті тек оталдыру жүйесі қосылып тұрған кезде басқаруға болады.

Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ACC немесе OFF (өшіру) қалпына орнатқаннан кейін люкті әлі 30 секундтай басқару мүмкін болады.

Алайда, алдыңғы есік ашылса, люкті осы 30 секунд ішінде басқару мүмкін болмай қалады.

i Ақпарат

- Салқын әрі ылғалды климаттық жағдайларда люк мұздап қалатындықтан, нашар жұмыс істеуі мүмкін.
- Автокөлікті жуғаннан кейін немесе жаңбырдан соң люктің қалпын өзгертпей тұрып, міндетті түрде оны құрғатып сүргіңіз.

! АБАЙЛАҢЫЗ

Панорамалық люк шыныдан жасалғандықтан, жол-көлік оқиғасы орын алғанда сынып қалуы мүмкін.

Егер сіз қауіпсіздік белбеуін тақпасаңыз, сізге шыны сынықтары тиіп, жарақаттар келтіруі немесе өлімге алып келуі мүмкін. Барлық жолаушылардың қауіпсіздігі мақсатында барлық қорғау функцияларын қосып қою қажет (мысалы: қауіпсіздік белбеуі, CRS және т.б.)

! АБАЙЛАҢЫЗ

- Автокөлікті жүргізіп келе жатқанда, ешқашан люктің және күннен қорғайтын перденің қалпын реттемеңіз. Өйткені көлікті басқара алмай, жол-көлік апатына ұшырауыңыз мүмкін, соның салдарынан адамдар қазаға ұшырап, ауыр дене жарақатын алуы немесе мүлікке зиян келуі мүмкін.
- Жоғарғы люкті пайдаланбас бұрын оның басқа, дененің басқа да бөліктеріне немесе заттарға тимейтінін тексеріп алу қажет.

- Қозғалтқышы қосылып тұрған автокөлік ішінде балалар қараусыз қалатын болса, электронды кілтті салонда қалдыруға болмайды.
- Қараусыз қалған балалар жоғарғы люкті қосып жіберіп, ауыр жарақатқа ұшырауы мүмкін.
- Панорамалық люк шыныдан жасалғандықтан, жол-көлік оқиғасы орын алғанда сынып қалуы мүмкін. Тиісті қорғаныс құралдарынсыз (қауіпсіздік белбеулері, CRS және т.б.) отырған жолаушылар сынған әйнектен ұшып түсіп, ауыр жарақат алуы немесе тіпті қаза табуы мүмкін.
- Автокөліктің төбесіне отыруға болмайды. Өйткені жарақат алу қаупі бар немесе автокөлік зақымдалуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Люк толық жабылған, ашылған немесе еңкейтілген соң төбедегі люкті басқару иінтірегін әрі қарай қозғалтуға болмайды. Әйтпесе электрлік жетек немесе жүйенің басқа да бөлшектері зақымдануы мүмкін.
- Автокөлікті қараусыз қалдырғанда, жоғарғы люктің мықтап жабылғанын тексеріп алыңыз. Егер жоғарғы люк ашық тұрса, жаңбыр не қар жауғанда көлік салоны су болып қалуы мүмкін, сондай-ақ ұрлық жасау қаупі артады.

Төбедегі люктің ашық тұрғаны туралы ескерту (бар болса)

- Егер төбедегі люк толық жабылмай тұрғанда жүргізуші қозғалтқышты өшірсе, онда шамамен 3 секунд ішінде ескертуші дыбыс сигналы беріледі, ал СК дисплейде төбедегі люктің ашық тұрғаны туралы ескерту хабарламасы көрсетіледі.
- Егер төбедегі люк толық жабылмай тұрғанда жүргізуші қозғалтқышты өшіріп, есікті ашса, СК дисплейде есік жабылғанша немесе люк толық жабылғанша люктің ашық тұрғаны туралы ескерту хабарламасы көрсетіледі.

Автокөліктен шыққанда төбедегі люкті жақсылап жабу керек.

Күннен қорғайтын перде



- Пердені ашу үшін төбедегі люкті басқару иінтірегін (1) артқа қарай бірінші шектеулі қалыпқа дейін жылжытыңыз.
- Әйнек жабық тұрғанда пердені жабу үшін төбедегі люкті басқару иінтірегін (1) алға қарай бірінші шектеулі қалыпқа дейін жылжытыңыз.

Пердені кез келген нүктеде тоқтату үшін перденің бақылау ауыстырып қосқышын басып қалу керек.

Төбедегі люктің сырғуы

Күннен қорғайтын перде жабық тұрғанда



Төбедегі люкті басқару иінтірегін (1) артқа тартқанда, күннен қорғайтын перде толық ашылған қалыпқа жылжиды, одан кейін төбе люгінің әйнегі толық ашылады. Жоғарғы люкті кез келген нүктеде тоқтату үшін төбедегі люкті басқару иінтірегін (1) алға немесе артқа тез жылжытып қалу керек.

Күннен қорғайтын перде ашық тұрғанда

Төбедегі люкті басқару иінтірегін артқа тартқанда, төбедегі люк әйнегі толық ашық қалыпқа сырғиды. Төбедегі люкті кез келген нүктеде тоқтату үшін төбедегі люкті басқару иінтірегін алға немесе артқа тез тартып қалу керек.



Ақпарат

Панорамалық люктің алдыңғы әйнегі ғана ашылады және жабылады.

Төбедегі люктің еңкеюі



Күннен қорғайтын перде жабық тұрғанда

Төбедегі люкті басқару иінтірегін жоғары жылжытқанда, күннен қорғайтын перде ашылып, жоғарғы люктің әйнегі еңкейтіледі.

Жоғарғы люкті кез келген нүктеде тоқтату үшін төбедегі люкті басқару иінтірегін алға немесе артқа тез жылжытып қалу керек.

Күннен қорғайтын перде ашық тұрғанда

Төбедегі люкті басқару иінтірегін жоғары басқанда, люк әйнегі еңкейтіледі.

Төбедегі люк кез келген нүктеде тоқтауы үшін төбедегі люкті басқару иінтірегін алға немесе артқа тез жылжытып қалу керек.

Төбедегі люктің жабылуы



Жоғарғы люктің әйнегін ғана жабу

Төбедегі люкті басқару иінтірегін (1) бірінші шектеулі қалыпқа дейін алға қарай басыңыз.


Күннен қорғайтын пердесі бар жоғарғы люктің әйнегін жабу

Төбедегі люкті басқару иінтірегін (1) екінші шектеулі қалыпқа дейін алға қарай басыңыз.

Бұл кезде алдымен жоғарғы люктің әйнегі жабылады, одан кейін күннен қорғайтын перде автоматты түрде жабылады.

Төбедегі люкті кез келген нүктеде тоқтату үшін төбедегі люкті басқару иінтірегін (1) алға немесе артқа тез тартып қалу керек.

Люктің автоматты түрде қайтуы



Егер автоматты түрде жабылу кезінде люк бөтен кедергіге немесе адам денесінің бөлігіне тиетін болса, онда ол сәл кері бағытқа жылжып, сол қалыпта тоқтап қалады.

Бұл функция люк ойығында кішкентай зат болғанда іске қосылмайды. Люкті жаппас бұрын, оның ойығында басқа заттардың тұрмағанын тексеріп алу керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

Төбедегі люк әйнегі мен жоғарғы тығыздауыш арасында қыстырылып қалған диаметрі 4 мм-ден (0,16 дюймнен) аз заттарды қысып қалудан қорғайтын жүйе анықтамай қалуы мүмкін және әйнек төмен түспейді.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Жоғарғы люкті жаппай тұрып, жабуға дененің қандай да бір бөлігі немесе заттар кедергі келтіріп тұрмағанын тексеріп алу керек. Әйтпесе жарақат алуыңыз немесе автокөлік зақымдануы мүмкін.
- Ауыр жарақатқа немесе өлімге ұшырамас үшін көлік қозғалысы кезінде жоғарғы люктен басты, қолды немесе денені шығаруға болмайды.
- Төбедегі люкті ұқыпсыз, әсіресе балалар басқарғанда, жазатайым оқиғаға ұшырау қаупі туындайды. Ешбір жағдайда автокөлік ішінде балаларды қараусыз қалдырмаңыз.
- Автокөліктің төбесіне отыруға болмайды. Өйткені жарақат алу қаупі бар немесе автокөлік зақымдалуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Жүйелі түрде люктің бағыттауыштарындағы немесе люк пен төбе панелі арасында жиналатын жердегі кірді тазалап тастау керек, әйтпесе люк қозғалысы кезінде шуыл естілуі мүмкін.
- Төмен температураларда немесе бетін қар не мұз басқанда, люкті ашуға болмайды, себебі электр қозғалтқышы зақымдалуы мүмкін. Суық және ылғалды климаттық жағдайларда люк жұмысы бұзылуы мүмкін.

i Ақпарат

Автокөлікті жуғаннан кейін немесе жаңбырдан соң люктің қалпын өзгертпей тұрып, оны міндетті түрде құрғатып сүртіңіз.

Люкті басқару жүйесінің баптауларын нөлдеу

Төмендегідей жағдайлар орын алғанда, төбедегі люк баптауларын қайта орнату керек болуы мүмкін:

- АКБ заряды таусылған немесе ол ажыратылған, не болмаса төбедегі люк сақтандырғышы ауыстырылған немесе ағытылған
- Төбедегі люкті басқару иінтірегі дұрыс істемейді

Төбедегі люктің баптауларын қайта орнату үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Оталдыру жүйесін қосыңыз немесе қозғалтқышты оталдырыңыз. Люкті басқару жүйесін қайта жүктеуді орындағанда, қозғалтқыш оталып тұруы керек.
2. Люкті басқару иінтірегін (1) алға басыңыз. Люктің тұрған қалпына байланысты люк толық жабылады немесе еңкейтіледі.
3. Люктің қозғалуы тоқтағанда, басқару иінтірегін жіберіңіз.

4. Басқару иінтірегін алға қарай басып, 10 секундтай ұстап тұрыңыз.

- Төбедегі люк жабық күйде тұрғанда:
Әйнек еңкейтіліп, сәл жоғары не төмен жылжиды.
- Егер төбедегі люк еңкейген күйде тұрса:
Әйнек сәл жоғары және төмен жылжиды.

Операция аяқталмайынша иінтіректі жібермеңіз.

Егер сіз ауыстырып қосқышты операцияның орындалу барысында жібере салсаңыз, процедураны 2-кезеңнен бастап қайталаңыз.

5. Басқару иінтірегін алға қарай басып, 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз, осы кезде төбедегі люк келесі әрекеттерді ретімен орындауы тиіс:

Еңкейтілу → Сырғып ашылу →
Сырғып жабылу.

Операция аяқталмайынша, иінтіректі жібермеңіз.

Егер сіз ауыстырып қосқышты операцияның орындалу барысында жібере салсаңыз, процедураны 2-кезеңнен бастап қайталаңыз.

6. Барлық операция орындалып болған соң басқару иінтірегін жіберіңіз. (Жоғарғы люк баптауларын нөлдеу орындалды.)


Ақпарат

- Люкті басқару жүйесін қайта жүктеу көлік құралының аккумулятор батареясы ажыратылғаннан кейін немесе заряды таусылғаннан кейін, сондай-ақ тиісті сақтандырғыш күйіп кеткеннен соң орындалмаса, төбедегі люк дұрыс істемеуі мүмкін.
- Толық мәлімет алу үшін **HYUNDAI** ресми дилеріне жолығу керек.


СЫРТҚЫ ФУНКЦИЯЛАР

Капот

Капотты ашу



1. Автокөлікті тоқтатып, тұрақ тежегішін қосыңыз.
2. Капоттың құлпын ашу үшін оны ашатын тұтқаны тартыңыз. Капот сәл ашылуы тиіс.



3. Автокөліктің алдына жақындап, капотты көтеріңкіреп, капот астында тұрған қосымша ілгішті (1) тартып, капотты (2) ашыңыз. Капотты жартылай ашқаннан кейін жібере салыңыз, ол әрі қарай өзі ашылады.

Капотты жабу

1. Капотты жаппай тұрып мыналарды тексеріп алыңыз:
 - Мотор бөлігіндегі барлық құю қылталарының қақпақтары дұрыс орнатылып тұруы тиіс.
 - Қолғаптар, шүберек және басқа да тұтанғыш материалдар мотор бөлігінен алынып тасталуы керек.
2. Капотты жартылай төмен түсіріңіз (жабық қалыптан шамамен 30 см жоғары көтергенде) және оны жабу үшін үстінен басыңыз. Осыдан кейін капот қалпының сенімді тұрғанын екі рет тексеріңіз.

Капотты сәл көтеру мүмкін болса, бұл оның дұрыс жабылмағандығын білдіреді. Капотты қайта ашып, қайтадан көбірек күш салып жабыңыз.


АБАЙЛАҢЫЗ

- Капотты жаппай тұрып, оның жылжуына еш нәрсе кедергі келтіріп тұрмағанын тексеріп алыңыз.
- Қозғалысты бастамай тұрып, оның сенімді жабылғанын міндетті түрде екі рет тексеріңіз. Аспаптар тақтасында бақылау шамы жанып тұрмағанын және ашық капот туралы хабар көрсетіліп тұрмағанын тексеріп алыңыз. Ашық капотпен жүру салдарынан көру мүмкіндігі толығымен жоғалып, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.
- Капоты көтеріліп тұрған автокөлікті жүргізбеңіз. Көру мүмкіндігі жоқ болса, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін, оған қоса, капот құлауы немесе зақымдалуы мүмкін.

Жүксалғыш

Жүксалғышты ашу


1. Берілісті ауыстыру интірегінің Р (Тұрақ) қалпында тұрғанына көз жеткізген соң, тұрақ тежегішін қосыңыз.



2. Осыдан кейін мына әрекеттердің бірін орындаңыз:
 - Қашықтан басқару кілтіндегі немесе электронды кілттегі жүксалғыш құлпын ашу түймесін 1 секундтан артық басып ұстап тұрыңыз.
 - Электронды кілті бар автокөліктер үшін:
 - Барлық есіктердің құлпы ашылған кезде жүксалғыш қақпағының таңбасы ішіндегі ауыстырып қосқышты басып, жүксалғышты электронды кілтсіз ашыңыз.
 - Есіктердің барлығы немесе біреуі болса да құлыптанып тұрса, жүксалғыш қақпағын ашу үшін ауыстырып қосқышты пайдалануға болады, бірақ бұл кезде өзіңізде электронды кілт міндетті түрде болуы керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Жүксалғыш қақпағының ауыстырып қосқышы резеңке материалдан жасалған. Оны кілт, бұрауыш немесе бұрғы сияқты үшкір заттармен баспаңыз.



- Жүксалғышты ашу түймесін пайдаланыңыз.

3. Жүксалғыш қақпағын жоғары көтеріңіз.

Жүксалғышты жабу

Жүксалғыш қақпағын жіберіп, оны құлыптанғанша басыңыз. Жүксалғыш қақпағы дұрыс жабылғанын тексеру үшін оны ашуға әрекет жасап, құлыптанғанын тексеріңіз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік қозғалысы кезінде жүксалғыш қақпағы әрдайым құлыптанып тұруы керек. Егер оны ашық не тығыз жабылмаған күйде қалдырса, салонға құрамында иісті газы (CO) бар улы пайдаланылған газдар кіріп кетіп, ауыр сырқатқа немесе өлімге ұшыратуы мүмкін.

i Ақпарат

Жүксалғыш қақпағының көтеретін цилиндрлерін және бекіту бөлшектерін зақымдап алмас үшін автокөлікті жүргізбей тұрып, жүксалғышты әрдайым жауып қойыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Салқын әрі ылғалды климаттық аймақтарда жүксалғыштың құлпы мен механизмінің жұмысы бұзылуы мүмкін, ол мұз қатып қалуға байланысты.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

• Жүксалғышта адамның жатуына **ТҮЙІМ САЛЫНҒАН**. Егер жүксалғыш құлыптанып қалып, ішінде қалған адам сыртқа шыға алмаса, ол ауыр жарақат алуы ықтимал немесе ауаның жеткіліксіз болуынан, пайдаланылған газдардың кіріп кетуінен немесе экстремалды температуралардың әсерінен өліп кетуі мүмкін.

Жүксалғыш шанақтың деформацияға ұшырайтын бөлігі болып табылады, сондықтан көлік апаты жағдайында оның ішінде болу аса қауіпті.

• **Автокөлігіңіз** құлыптаулы тұруы, ал кілттер балалардың қолдары жетпейтін жерде болуы керек. Ата-ана өз балаларына жүксалғыш ішінде болу қауіпті екенін түсіндіруі тиіс.

Жүксалғыш қақпағының құлпын төтенше ашу

Жүксалғыш ішінде



Жүксалғыш ішінде жүксалғыш қақпағының құлпын төтенше ашу иінтірегі бар. Егер адам жүксалғыш ішінде кездейсоқ қамалып қалса, онда иінтіректі көрсеткі бағытына қарай жылжытып тұрып, жүксалғыш қақпағын итеріп ашуына болады.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Жүргізуші және оның жолаушылары жүксалғыш қақпағының құлпын төтенше ашу иінтірегінің орналасқан жерін және жүксалғыш ішінде кездейсоқ қамалып қалғанда оны ашу тәртібін білулері керек.
- Жүксалғышта адамның жатуына **ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН**. Егер жүксалғыш құлыптанып қалып, ішінде қалған адам сыртқа шыға алмаса, ол ауыр жарақат алуы ықтимал немесе ауаның жеткіліксіз болуынан, пайдаланылған газдардың кіріп кетуінен немесе экстремалды температуралардың әсерінен өліп кетуі мүмкін.
- Жүксалғыш шанақтың деформацияға ұшырайтын бөлігі болып табылады, сондықтан көлік апаты жағдайында оның ішінде болу аса қауіпті.
- Автокөлігіңіз құлыптаулы болуы, ал электронды кілт балалардың қолдары жетпейтін жерде тұруы керек. Ата-ана өз балаларына жүксалғыш ішінде болу қауіпті екенін түсіндіруі тиіс.
- Төтенше ашу иінтірегін тек төтенше жағдайда ғана пайдаланыңыз.


Автокөлік ішінде

Егер жүксалғыш құлпын батарея зарядының таусылуына немесе басқа да себептерге байланысты аша алмасаңыз, сіз оны автокөлік ішінен аша аласыз.



Механикалық кілтпен артқы орындық астында тұрған сымарқан қақпағын (1) ашыңыз да, жүксалғыш құлпын ашатын сымарқанды (2) тартыңыз. Кабель қатты бекітілгендіктен, оны тартып шығару қиын болуы мүмкін. Сондықтан бұл процедураны жеңілдету үшін ілмекке бұрауыш сияқты қандай да бір көмекші құралды салу керек.

Автоматты түрде ашылатын интеллектуалды жүксалғыш (бар болса)



Электронды кілттермен жабдықталған автокөліктерде жүксалғышты автоматты түрде ашатын интеллектуалды жүксалғыш жүйесінің көмегімен ашуға болады.

Автоматты түрде ашылатын интеллектуалды жүксалғыш жүйесін пайдалану

Жүксалғышты төменде көрсетілген барлық шартты сақтаған кезде қол тигізбей ашуға болады.

- Барлық есіктер құлыпталып жабылған соң 15 секундтан кейін.
- Анықтау аймағында 3 секундтан артық болу.

i Ақпарат


Автоматты түрде ашылатын интеллектуалды жүксалғыш жүйесі келесі жағдайларда істемейді:

- есіктер құлыптанып жабылған соң 15 секунд ішінде электронды кілт анықталып, әрі қарай кілт сигналын қабылдап тұрса;
- есіктер құлыптанып жабылған соң 15 секунд ішінде электронды кілт алдыңғы есіктердің тұтқасынан 1,5 м қашықтықта анықталып тұрса (қарсы алу сигналымен жабдықталған автокөліктер үшін);
- есік құлыптанбаған және жабылмаған болса.
- электронды кілт автокөлік ішінде болғанда.

1. Баптау

Автоматты түрде ашылатын интеллектуалды жүксалғыш жүйесін іске қосу үшін СК дисплейдегі User Settings (Пайдаланушы баптаулары) режимінде Smart Trunk with Auto Open (Автоматты түрде ашылатын интеллектуалды жүксалғыш) тармағын таңдаңыз.

Толық ақпарат осы тараудың «СК дисплей» бөлімінде берілген. Егер автокөлік навигация жүйесімен жабдықталған болса, бөлек жеткізілетін автокөліктің ақпараттық ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығын қараңыз.



2. Анықтау және ескерту

Электронды кілтпен анықтау аймағында (50 ~ 100 см (20 ~ 40 дюйм) автокөлік артында) пайда болғанда, апаттық сигнал шамдары жыпылықтайды да, дыбыс белгісі беріледі, ол электронды кілттің анықталғаны туралы ескертеді, осыдан кейін жүксалғыш ашылады.

i Ақпарат

Жүксалғышты ашуға ниеттенбесеңіз, анықтау аймағына жақындамаңыз. Егер анықтау аймағына байқаусызда тұрып қалсаңыз және апаттық сигнал шамы жанып, дыбыс қоңырауы естілсе, электронды кілтпен бірге аймақтан шығыңыз. Жүксалғыш қақпағы жабық күйінде қалады.



- Электронды кілт балалардың қолдары жетпейтін жерде тұруы керек. Автокөлік артында ойнап жүрген балалар автоматты түрде ашылатын интеллектуалды жүксалғышты кездейсоқ ашып жіберуі мүмкін.

3. Автоматты түрде ашылу

Апаттық сигнал шамдары жыпылықтап, дыбыс сигналы 6 рет беріліп, жүксалғыш ашылады.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Автокөлік орнынан қозғалмас бұрын міндетті түрде жүксалғышты жабыңыз.
- Жүксалғышты ашпай не жаппай тұрып, қақпақ басқа адамдарға немесе қандай да бір затқа тимейтінін тексеріп алу керек.
- Өрде тұрып жүксалғышты ашқанда, оның ішіндегі заттар түсіп қалмайтынын тексеріңіз. Осының салдарынан ауыр жарақаттар келуі мүмкін.
- Автокөлікті жумай тұрып, автоматты түрде ашылатын интеллектуалды жүксалғыш жүйесін міндетті түрде ажыратып қойыңыз. Әйтпесе, жүксалғыш кездейсоқ ашылып кетуі мүмкін.

Электронды кілттің көмегімен автоматты түрде ашылатын интеллектуалды жүксалғыш жүйесін өшіру тәртібі



1. Есіктерді құлыптау
2. Есіктердің құлпын ашу
3. Жүксалғышты ашу

Анықтау және ескерту кезінде электронды кілттегі кез келген түймені басқанда, автоматты түрде ашылатын интеллектуалды жүксалғыш жүйесі өшеді.

Автоматты түрде ашылатын интеллектуалды жүксалғыш жүйесін өшіру үшін жасалатын әрекеттер ретін есте сақтаңыз. Оны білу төтенше жағдайда қажет болуы мүмкін.

i Ақпарат

- Есіктердің құлпын ашу түймесін (2) басқанда, автоматты түрде ашылатын интеллектуалды жүксалғыш жүйесі уақытша өшіп қалады. Алайда, егер 30 секунд ішінде есіктер ашылмаса, автоматты түрде ашылатын интеллектуалды жүксалғыш жүйесі қайта қосылады.
- Жүксалғышты ашу түймесін (3) 1 секундтан артық уақыт бойы басып тұрғанда, жүксалғыш ашылады.
- Автоматты түрде ашылатын интеллектуалды жүксалғыш жүйесі анықтау және ескерту кезеңінде тұрмаған кезде есіктерді құлыптау түймесін (1) немесе жүксалғышты ашу түймесін (3) бассаңыз, жүйе өшпейді.
- Автоматты түрде ашылатын интеллектуалды жүксалғыш жүйесін электронды кілттегі түймемен өшіргеннен кейін және есікті ашқан соң барлық есіктерді жауып құлыптаған кезде оны қайта қосуға болады.

Анықтау аймағы



- Автоматты түрде ашылатын интеллектуалды жүксалғыш жүйесі электронды кілтті жүксалғыштан 50~100 см қашықтықта анықтайтын болса, қарсы алу сигналымен бірге іске қосылады.
- Анықтау және ескерту кезеңінде электронды кілтті анықтау аймағынан алыстатқанда, қарсы алу сигналы дереу тоқтайды.

i Ақпарат


- Автоматты түрде ашылатын интеллектуалды жүксалғыш жүйесі келесі жағдайлардың кез келгенінде істемейтін болады:
 - электронды кілт радиотаратқыштың, кілт радиостанцияның немесе әуежайдың қасында тұрғанда, мұндай жерде сигнал таратқыштың қалыпты жұмысына кедергілер келуі мүмкін.
 - электронды кілт екі жақты байланыс мобилді станциясының немесе мобилді телефонның қасында тұрғанда.
 - автокөлік маңында басқа автокөліктің электронды кілті пайдаланылғанда.
- Анықтау аймағы келесі жағдайларда кішіреюі немесе ұлғаюы мүмкін:
 - автокөліктің бір жағы доңғалақты ауыстыру немесе тексеру үшін көтеріліп тұрғанда.
 - автокөлік еңіс немесе қара жолда және т.б. тұраққа қойылғанда.

Отын құю қылтасы люгінің қақпағы

Отын құю қылтасы люгінің қақпағын ашу



1. Қозғалтқышты тоқтатыңыз.
2. Жүргізуші есігінің құлпы ашылғанына көз жеткізіңіз.
3. Отын багы люгінің қақпағын «сағат 3» қалпының тұсынан басып қалу керек.



4. Отын құю қылтасы люгінің қақпағын (1) толық ашылғанша тартыңыз.
5. Отын багының тығынын (2) сағат тіліне қарсы бұрап шешіп алыңыз. Бақтағы қысым түзелгенде, ысылдаған дыбыс естілуі мүмкін.
6. Отын құю қылтасының люгінде тығынды орналастырыңыз.

i Ақпарат

Отын құю қылтасы люгінің қақпағы қатып қалып, ашылмаса, мұзды еріту үшін оның бетін ақырын соққылап жіберу немесе қақпақты басу керек, осыдан кейін қақпақ ашылуы тиіс. Есікті иінтіреп ашуға болмайды. Қажет болса, есік контурына мақұлданған мұз қатырмайтын сұйықтықты бүркіп жіберу керек (салқындату жүйесіне арналған антифризді пайдалануға тыйым салынған) немесе автокөлікті жылы жерге қойып, мұзды жібіту керек.

Отын багы люгінің қақпағын жабу

1. Отын багының тығынын орнату үшін оны сағат тілі бойымен сырт еткенше бұраңыз.
2. Отын құю қылтасы люгінің қақпағын бекітілгенше жабыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік бензині өрт және жарылыс қаупі бар заттар қатарына жатады. Төменде берілген нұсқаулықтарды сақтамау АУЫР ЖАРАҚАТҚА немесе ӨЛІМГЕ алып келуі мүмкін.

- Жанармай құю станциясындағы барлық ескертулермен танысып, оларды бұлжытпай орындау қажет.
- Отын құймас бұрын отын жіберу бағанындағы апаттық тоқтату түймесінің орналасқан жерін тауып алу керек (бар болса).
- Отын жіберу кранын ұстамай тұрып статикалық электр тогының соғуына жол бермес үшін, отын багының отын құю қылтасынан немесе отын буы шығатын басқа жерден қауіпсіз қашықтықтағы көлік құралының металл бөлігін жалаң қолмен ұстау керек. Жанармай құю станциясында мобильді телефонды пайдалануға тыйым салынады. Мобильді телефонда пайда болатын электр тогы және/немесе радиокедергілер отын буының тұтануына алып келуі мүмкін.
- Жанармай құю станциясында мобильді телефондарды пайдалануға тыйым салынады. Мобильді телефонда пайда болатын электр тогы және/немесе

радиокедергілер отын буының тұтануына алып келуі мүмкін.

- Отын құйылып жатқанда, көлік құралына отырмау керек. Кез келген заттың бетіне немесе қаптама матасына тигенде, үйкегенде немесе оның бетімен қолды сырғытқанда, статикалық электр тогы пайда болуы мүмкін. Статикалық электр тогының разряды отын буының жануына алып келуі мүмкін.

Автокөлікке отырмай тұрып, статикалық электр тогын разрядтау үшін қайтадан отын багының құю қылтасынан, отын жіберетін краннан немесе отын буы шығатын басқа да жерден қауіпсіз қашықтықта көлік құралының металл бөлігін жалаң қолмен тағы да ұстау керек.

- Отын құймас бұрын әрдайым селекторды «Р» (тұрақ) қалпына қойып, тұрақ тежегішін қосып, оталдыру жүйесін өшіру керек.
- Электрлік компоненттерден шығатын ұшқындар отын буын тұтатып жіберуі мүмкін.
- Егер канистр пайдаланылса, отынды құймас бұрын оны жерге қою қажет. Канистрден туындайтын статикалық электр тогының разряды отын буының жануына алып келуі мүмкін. Отын құйылып жатқанда, отын құйылып болғанша жалаң қолды көлікке тигізіп тұру керек.

- Бензинді сақтау үшін тек арнайы осы мақсаттағы пластик канистрлерді пайдалану қажет.
- Жанармай құю станциясында, әсіресе отын құйылып жатқанда шылым шегуге, ашық отты пайдалануға немесе автокөлік ішінде тұтатылған темекіні қалдыруға болмайды.
- Отын бағын лық толтыруға болмайды, себебі бензин төгілуі мүмкін.
- Отын құю кезінде от шықса, көлік құралынан дереу шығып, жанармай құю станциясының операторына хабарлап, жергілікті өрт сөндіру командасын шақыру керек. Олардың айтқан барлық нұсқауары мен талаптары орындалуы керек.
- Жанармай қысыммен шашырағанда, ол теріге және киімге тиіп кетуі мүмкін. Егер жанармай тиген жер жанатын болса, ауыр күйік шалуы мүмкін. Отын бағының тығынын тиісті сақтықпен баяу шешіп алу керек.
Егер тығын астынан жанармай булары шықса немесе ысылдаған дыбыс естілсе, көлікті тоқтатып, тығынды шешіп алмас бұрын осы құбылыс тоқтағанша күту керек.

- Отын құйып болған соң апат жағдайында отынның төгілуіне жол бермес үшін тығынның дұрыс орнатылғанын тексеру керек.

Ақпарат

Автокөлікке отынды әрдайым «Кіріспе» тарауының «Отынға қойылатын талаптар» тармағындағы нұсқауларға сәйкес құйыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Отын автокөліктің сыртқы бетіне төгілмеуін қадағалаңыз. Кез келген түрдегі отынның сырланған беттерге төгілуі бояуды бүлдіруі мүмкін.
- Егер отын багының тығынын ауыстыру керек болса, тек HYUNDAI түпнұсқа тығынын немесе осы автокөлікке арналған оның баламасын пайдалану керек. Сәйкес келмейтін отын багының тығынын пайдалану салдарынан отын жүйесінде немесе пайдаланылған газдарды басқару жүйесінде үлкен ақаулықтар пайда болуы мүмкін.

АҚПАРАТТЫ АЛДЫҒЫ ӘЙНЕККЕ ПРОЕКЦИЯЛАУ ДИСПЛЕЙІ (HUD) (БАР БОЛСА)



Алдыңғы әйнектегі дисплейге аспаптар тақтасының және навигация жүйесінің кейбір ақпараты проекцияланады.

Алдыңғы әйнекке ақпаратты проекциялау дисплейін пайдаланғанда ұстанатын сақтық шаралары

Төменде көрсетілген жағдайларда алдыңғы әйнекке ақпаратты проекциялау дисплейінен ақпаратты оқу қиындауы мүмкін.

- Жүргізуші орындығында жүргізуші дұрыс отырмағанда.
- Жүргізуші поляризациялық сүзгісі бар күннен қорғайтын көзілдірік киіп отырғанда.
- Алдыңғы әйнекке ақпаратты проекциялау дисплейінің қақпағында зат тұрғанда.
- Автокөлік ылғалды жермен жүріп келе жатқанда.
- Автокөлік салонында орналасқан жарық түсіру аспаптарына заңсыз қол сұққанда немесе автокөлік сыртынан сыртқы көздерден жарық түсіп тұрғанда.

- Жүргізуші көзілдірік тағатын болғанда.
- Жүргізуші жанаспалы линза тағатын болғанда.

Алдыңғы әйнекке ақпаратты проекциялау дисплейінен ақпаратты оқу қиындағанда, алдыңғы әйнекке ақпаратты проекциялау дисплейінің еңкею бұрышын немесе пайдаланушы баптаулары режимінде оның жарық деңгейін реттеңіз. Толығырақ 4-тараудың «СК дисплей» бөлімін қараңыз.


⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Алдыңғы әйнекті күңгірттемеңіз және басқа да металл жабындарды жаппаңыз. Әйтпесе проекцияланатын сурет көрінбеуі мүмкін.
- Алдыңғы панельге қандай да бір заттарды қоймаңыз және алдыңғы әйнекке заттарды бекітпеңіз.
- Алдыңғы әйнекке ақпаратты проекциялау дисплейіндегі көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесінің (BCW) ескертулері тек көмекші ақпарат қызметін атқарады. Қозғалыс жолағын ауыстырған кезде тек осы ақпаратқа сүйенбеңіз. Қозғалыс жолағын ауыстырар кезде әрдайым айналаңызға қарап алыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Алдыңғы әйнекке ақпаратты проекциялау жүйесімен жабдықталған автокөліктердің алдыңғы әйнегін ауыстырғанда, оны ақпаратты проекциялау мүмкін болатын әйнекке ауыстыру қажет. Кері жағдайда алдыңғы әйнекте ақпарат қосарланып көрсетіледі.

Алдыңғы әйнекке ақпаратты проекциялау мүмкіндігін қосу/өшіру



Алдыңғы әйнекке ақпаратты проекциялау дисплейін қосу үшін аспаптар тақтасының СК дисплейіндегі «User Settings [Баптаулар]» мәзірінен «Enable Head-Up Display [Дисплейді әйнекке проекциялау]» тармағын таңдау керек.

Егер «Head-Up Display [Дисплейді проекциялау]» тандалмаса, алдыңғы әйнекке ақпаратты проекциялау дисплейі өшеді.

Егер автокөлік навигация жүйесімен жабдықталған болса, бөлек жеткізілетін автокөліктің ақпараттық ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығын қараңыз.

Алдыңғы әйнекке проекцияланатын ақпарат



1. Бұрылыстар туралы ескерту мүмкіндігі бар навигация туралы ақпарат (TBT)
2. Жол туралы ақпарат
3. Спидометр
4. Круиз-бақылаудың белгіленген жылдамдығы
5. Интеллектуалды круиз-бақылау (SCC) ақпараты
6. Жолақпен жүргізу көмекшісі (LFA)
7. Көлік құралын қозғалыс жолағы шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесінің (LKA) ақпараты
8. Көзден таса аймақта нысанға соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесінің (BCW) ақпараты

Ұсынылған ақпарат нақты бір автокөлікке функцияның қолданылуына байланысты өзгеше болуы мүмкін.

i Ақпарат

Алдыңғы айнекке проекцияланатын ақпарат ретінде ТВТ (Turn By Turn – бұрылыстан кейін бұрылыс) навигация деректері таңдалса, ТВТ деректері СК дисплейде көрінбейді.

Ақпаратты алдыңғы айнекке проекциялауды баптау

СК дисплей көмегімен алдыңғы айнекке ақпаратты проекциялау баптауын келесі тәсілмен өзгертуге болады.

- Enable Head-up display [Дисплейді айнекке проекциялау]
- Display Height [Дисплей биіктігі]
- Rotation [Айналдыру]
- Brightness [Ашықтық]
- Content Selection [Деректерді таңдау]
- Speed Size [Спидометр таңбаларының өлшемі]
- Speed Color [Спидометр түсі]

Толық ақпарат 4-тараудың «СК дисплей» бөлімінде берілген. Егер автокөлік навигация жүйесімен жабдықталған болса, бөлек жеткізілетін автокөліктің ақпараттық ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығын қараңыз.

ЖАРЫҚ АСПАПТАРЫ

Сыртқы жарық аспаптары

Жарық аспаптарын басқару



ODN8059200

Фараларды басқару үшін иіңтірек шетіндегі түймені келесі қалыптардың біріне бұраңыз:

- (1) өшіру (O)
- (2) жарық аспаптарын автоматты түрде қосу (бар болса)
- (3) габарит жарықтарының қалпы
- (4) фаралар.



ODN8059201

Жарық аспаптарының автоматты түрде қосылу қалпы (нұсқасына байланысты)

When the light switch is in the AUTO Жарық ауыстырып қосқышы жарық аспаптарының автоматты түрде қосылу (AUTO) қалпында тұрса, фаралар мен габарит шамдары жолдың жарықтандырылуына байланысты автоматты түрде қосылады және өшеді.

Жарық аспаптарының автоматты түрде қосылу жүйесін пайдаланғанда, көлікті түнде, тұманда жүргізгенде, туннель немесе жабық тұрақ ғимараттары сияқты жарығы жеткіліксіз аймаққа кіргенде жарық аспаптарын қолмен қосқан жөн.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Аспаптар тақтасында орналасқан датчикті (1) әлдебір нәрсемен жабуға немесе оған сұйықтық төгуге болмайды.
- Датчикті әйнек тазалағышпен тазалауға болмайды, бұл кезде датчикте үлдір түзіліп, оның дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін.
- Егер автокөлікте күңгірттелген әйнек немесе алдыңғы әйнектің басқа түрдегі металды жабыны пайдаланылса, жарық аспаптарының автоматты түрде қосылу жүйесінің қалыпты жұмысы бұзылуы мүмкін.



Габарит жарықтарының қалпы (DCE)

Габарит жарығы, нөмір белгісінің жарығы және аспаптар тақтасы мен түймелердің көмескі жарығы қосылып тұр.



Фаралардың қалпы (ED)

Фаралар, габарит жарықтары, нөмір белгісінің жарығы және аспаптар тақтасының көмескі жарығы қосылып тұр.

i Ақпарат

Фараларды қосу үшін оталдыру жүйесі қосылып тұруы керек.

Фаралардың алысқа түсетін жарығын басқару

Алысқа түсетін жарықты қосу үшін иінтіректі итеріп қалу керек. Иінтірек бастапқы қалпына келеді.

Алысқа түсетін жарықты қосқан кезде аспаптар тақтасында алысқа түсетін жарықтың қосылған бақылау шамы жанады.

Алысқа түсетін жарықты өшіру үшін иінтіректі өзіңе қарай тарту керек. Жақынға түсетін жарық қосылады.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Қарсы бағыттан автокөлік жақындағанда, фаралардың алысқа түсетін жарығын қосуға болмайды. Фаралардың алысқа түсетін жарығын пайдалану басқа жүргізушілердің жолды көруіне кедергі келтіреді.



Алысқа түсетін жарықты жыпылықтату үшін иінтіректі тартып, жіберіп қалу керек. Иінтірек жіберілмейінше, алысқа түсетін жарық қосулы қалады.

Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару жүйесі (НВА) (бар болса)



Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару жүйесі (НВА) қарсы келе жатқан көлік құралдары фараларының және жол жағдайларының жарық деңгейіне байланысты алысқа түсетін және жақынға түсетін жарықты автоматты түрде ауыстырып қосады.

Жүйе баптаулары

Жүргізуші НВА жүйесін қосу үшін оталдыру жүйесін қосып, «User Settings [Баптаулар] → Lights [Жарық] → High Beam Assist [НВА (алысқа түсетін жарықты автоматты түрде ауыстыру)]» мәзір тармағын таңдауы керек. Егер бұл параметр өшіп тұрса, НВА жұмыс істемейді. НВА баптаулары автокөлік тоқтағанда және қозғалтқышты келесі қосқанда сақталады.

Жұмыс істеу шарттары

1. Сыртқы жарық ауыстырып қосқышын AUTO (автоматты түрде) қалпына орнату.
2. Иінтіректі итеріп, алысқа түсетін жарықты қосу.
3. Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару жүйесінің (НВА) (AUTO) индикаторы жанады.
4. Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару жүйесі (НВА) көлік құралының жылдамдығы 40 км/сағ. (25 миль/сағ.) жеткенде қосылады.
 - 1) Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару жүйесі (НВА) қосулы кезде жарық ауыстырып қосқышын итерсе, жүйе өшеді де, алысқа түсетін жарық (НВА) үнемі жанып тұрады.


2) Алысқа түсетін жарық өшірулі кезде жарық ауыстырып қосқышын тартып қалса, алысқа түсетін жарық қосылады, бірақ алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару (НВА) жүйесі жұмыс істей береді. Жарық ауыстырып қосқышын жіберген кезде иінтірек орталық қалыпқа ауысып, алысқа түсетін жарық өшеді.

3) Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару (НВА) жүйесі қосулы кезде жарық ауыстырып қосқышын тартып қалғанда, таяу жарық қосылады, ал алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару (НВА) жүйесі өшеді.

4) Егер жарық ауыстырып қосқышын фараларды қосу (Ⓔ) қалпына қойса, алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару (НВА) жүйесі өшеді де, жақынға түсетін жарық үнемі жанып тұратын болады.

Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару (НВА) жүйесі жұмыс істеп тұрғанда, алысқа түсетін жарық келесі жағдайларда автоматты түрде өшіп қалады.

- Қарсы келе жатқан автокөліктің фарасын анықтағанда.
- Алда кетіп бара жатқан автокөліктің артқы шамдарын анықтағанда.
- Велосипедтің немесе мотоциклдің фарасының немесе габарит шамының жарығын анықтағанда.
- Жолдағы алысқа түсетін жарық қажет болмайтын айналадағы жарық кезінде.
- Көше шамдарынан немесе басқа да жарық көздерінен жарықты анықтағанда.
- Сыртқы жарық ауыстырып қосқышы AUTO қалпында тұрмағанда.
- Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару жүйесін (НВА) өшірген кезде.
- Көлік құралының жылдамдығы 30 км/сағ. (19 миль/сағ.) шамасынан төмен болғанда.



Сигнал шамы мен хабарлама

Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару жүйесі (HBA) дұрыс істемесе, онда ескерту хабарламасы бірнеше секунд көрсетіліп тұрады. Хабарлама жоғалғаннан кейін басты сигнал шамы (△) жанады.

Жүйені тексерту үшін автокөлікті HYUNDAI ресми дилеріне жеткізген жөн.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жүйе төмендегі жағдайлардың кез келгенінде дұрыс жұмыс істемейді:

1) Қарсы келе жатқан немесе алда кетіп бара жатқан автокөліктің жарығы көмескі болса. Мұндай мысалға мыналар кіреді:

- Қарсы келе жатқан автокөліктің жарық аспаптары немесе алда кетіп бара жатқан автокөліктің артқы шамдары кірлеген, қармен немесе сумен жабылған.
- Қарсы келе жатқан автокөліктің фаралары өшірілген, бірақ тұман фаралары қосулы.

2) Сырттағы жағдай алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару (HBA) жүйесінің камерасына қатты әсер етеді. Мұндай мысалға мыналар кіреді:

- Автокөлік фаралары зақымдалған немесе дұрыс жөнделмеген.
- Автокөлік фаралары дұрыс бапталмаған.
- Автокөлік иректелген тар жолмен немесе тегіс емес жолмен жүріп келеді.
- Автокөлік өрге шығып барады немесе өрден түсіп келеді.
- Алда жүріп бара жатқан автокөліктің бір бөлігі ғана көрініп тұрған жол қиылысындағы немесе иректелген жолдағы қозғалыс.
- Қасында бағдаршам, жарық шағылыстыратын немесе жыпылықтайтын жол белгісі немесе айна тұр.
- Су немесе қар басқан жол сияқты нашар жол жағдайы.
- Көлік құралы бұрылыстан шыға келгенде.
- Көлік құралы шинасының желі шығып кеткендіктен қисайған немесе тіркеуге алынған.
- Көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесінің (LKA) бақылау шамы қосылған.
- Қарсы немесе ыңғайлас бағыттағы көлік құралының жарығы пайдаланылған газдардың, түтіннің,

тұманның, қардың және т.б. салдарынан анықталмайды.

- Алдыңғы әйнек кір, мұз, қырау қабатымен жабылған немесе зақымдалған.
- 3) Автокөлік алды нашар көрінеді. Мұндай мысалға мыналар кіреді:
 - Қарсы бағыттағы көлік құралының немесе алда жүріп бара жатқан автокөліктің фаралары көру мүмкіндігі нашар болғандықтан (тұмша, түтін, тұман, нөсер, қар және т.б.) көрінбейді.
 - Автокөлік алды нашар көрінеді




АБАЙЛАҢЫЗ

- Жүйе қозғалтқышты оталдырғаннан кейін немесе алдыңғы көрініс камерасын өшіріп қайта қосқаннан кейін шамамен 15 секундтай істемей тұрады.
- Алдыңғы көрініс камерасын Hyundai өнімінің ресми дилерлік орталығының техникалық мамандары болмаса бөлшектемеңіз.
- Егер алдыңғы көрініс камерасы қандай да бір себеппен бөлшектелген болса, жүйені қайта калибрлеу қажет болуы мүмкін. Жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми сервис орталығына жолығу керек.
- Егер автокөлігіңіздің алдыңғы әйнегі ауыстырылған болса, онда артқы көрініс камерасын қайта калибрлеу керек. Егер бұл орындалса, HYUNDAI ресми дилерінен автокөлікті тексеріп, қайта калибрлеп беруін сұраңыз.
- Алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару (НВА) жүйесінің блогына су тимеуі үшін абай болыңыз, сондай-ақ алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару (НВА) жүйесінің құрамдас бөліктерін бөлшектемеңіз және зақымдап алмаңыз.
- Аспаптар тақтасына жарық шағылыстыратын айна, ақ қағаз және т.б. сияқты заттарды қоймаңыз. Күн сәулесінің шағылысуы жүйенің қалыпты жұмысының бұзылуына себеп болуы мүмкін.
- Кейде алысқа түсетін жарықты автоматты түрде басқару (НВА) жүйесі дұрыс істемей мүмкін. Бұл жүйе тек жүргізушіге ыңғайлы болу үшін жасалған. Көлік жүргізу қауіпсіздігі мен жол жағдайын уақтылы тексеру үшін жүргізуші жауапты болады.

- Егер жүйе дұрыс істемесе, алысқа/жарыққа түсетін жарықты қолмен қосыңыз.

Бұрылыс және қозғалыс қатарын ауыстыру көрсеткіштері



Иінтіректі төменгі “А” қалпына қойғанда, сол жақ бұрылыс көрсеткіштері қосылады, ал жоғарғы “А” қалпына қойғанда, оң жақ бұрылыс көрсеткіштері жанады. Қозғалыс қатарын ауыстыру сигналын қосу үшін бұрылыс көрсеткіштері ауыстырып қосқышының иінтірегін “В” қалпына қойып, ұстап тұру керек. Бұрылысты аяқтаған соң ауыстырып қосқыш иінтірегі автоматты түрде “өшірулі” қалпына қайтады.

Егер индикатор тұрақты жанып, жыпылықтамаса немесе әдеттегіден тыс жыпылықтаса, бұрылыс көрсеткіштерінің электр шамдарының біреуі күйіп кеткен және оны ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Бұрылыс сигналын бір түртіп қосу функциясы

Бұрылыс сигналын бір түртіп қосу функциясын іске қосу үшін бұрылыс көрсеткіштері иінтірегін сәл жылжытып, жібере салыңыз. Жолақты ауыстыру сигналы 3, 5 немесе 7 рет жыпылықтайды.

Бұрылыс сигналын бір түртіп қосу функциясын іске қосуды немесе өшіруді, сондай-ақ жыпылықтау санын (3, 5, or 7) таңдауды СК дисплейдегі “User Settings Mode” (Пайдаланушы баптауларының режимі) мәзірі арқылы орындауға болады. **Толығырақ 4-тараудың «СК дисплей» тармағын қараңыз.** Егер автокөлік навигация жүйесімен жабдықталған болса, бөлек жеткізілетін автокөліктің ақпараттық ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығын қараңыз.

Артқы тұман шамдары (бар болса)



Артқы тұман шамдарын қосу:

Жарық ауыстырып қосқышын (1) алдымен фаралардың қалпына, одан кейін артқы тұман шамдарының қалпына орнатыңыз.

Артқы тұман шамдарын өшіру үшін төмендегі әрекеттердің бірін жасаңыз:

- Фара ауыстырып қосқышын өшіріңіз.
- Жарық ауыстырып қосқышын артқы тұман шамдары қалпына тағы бір рет орнатыңыз.

Аккумулятор батареясының зарядын үнемдеу функциясы

Бұл функция АКБ батареясының зарядын үнемдеуге арналған.

Жүйе қозғалтқыш өшіріліп, жүргізуші есігі ашылған соң габарит шамдарын автоматты түрде өшіреді.

Бұл функция автокөлікпен қараңғы уақытта жолдың шетіне тоқтаған кезде габарит шамдарын автоматты түрде өшіреді.

Жарық аспаптары қозғалтқыш өшіп тұрғанда жанып тұруы қажет болса, келесі әрекеттерді орындаңыз:

- 1) Жүргізуші есігін ашыңыз.
- 2) Габарит шамдарын руль бағанындағы жарық аспаптарының ауыстырып қосқышымен өшіріп, қайта қосыңыз.

Фараның сөнүін кідірту функциясы (бар болса)

Фаралар қосылып тұрғанда оталдыру жүйесінің ажыратқышын ACC немесе OFF қалпына қойса, фаралар (және/немесе габарит шамдары) шамамен тағы 5 минут жанып тұрады.

Алайда қозғалтқыш өшіп тұрғанда жүргізуші есігін ашып, қайта жапса, фаралар (және/немесе габарит шамдары) 15 секундтан кейін сөніп қалады.

Фараларды (және/немесе габарит шамдарын) қашықтан басқару блогындағы немесе электронды кілттегі құлыптау түймесін екі рет басып, не болмаса жарық ауыстырып қосқышын OFF немесе AUTO қалпына бұрап өшіруге болады. Дегенмен, қараңғы түскенде жарық ауыстырып қосқышын AUTO қалпына бұрап қойғанда, фаралар сөнбейді.

Фаралардың сөнүін кідірту функциясын қосу немесе өшіру СК дисплейдегі User Settings (Пайдаланушы баптаулары) режимінде мүмкін болады.

You can activate or deactivate the Headlamp Delay function from the User Settings Mode in the LCD display. **Толығырақ 4-тараудың «СК дисплей» тармағынан қараңыз. Егер автокөлік навигация жүйесімен жабдықталған болса, бөлек жеткізілетін автокөліктің ақпараттық ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығын қараңыз.**

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Жүргізуші өз есігінен емес, басқа есіктен шыққанда, АКБ-ны үнемдеу функциясы іске қосылмайды, ал фараның сөнүін кідірту жүйесі автоматты түрде өшпейді.

Бұл АКБ зарядының таусылуына әкелуі мүмкін. АКБ заряды таусылмас үшін фараларды автокөліктен шығар алдында фара ауыстырып қосқышының көмегімен қолмен өшіріңіз.

Күндізгі жүріс жарығы (DRL) (бар болса)

Күндізгі жүріс жарығын (DRL) пайдалану жол қозғалысының басқа қатысушыларына әсіресе күн батқан соң немесе күн шығар алдында автокөліктің алдыңғы бөлігін жақсырақ көруге мүмкіндік береді.

Кейбір күндізгі жүріс жарығы келесі жағдайларда өшеді:

1. Тұрақ тежегішін қосқан кезде.
2. Қозғалтқыш тоқтатылған кезде.

Фараның еңкею бұрышын реттеу құрылғысы



Қолмен басқарылатын түрі (бар болса)

Фараның еңкею бұрышын жолаушылар санына және жүксалғыштағы жүк салмағына сәйкес реттеу үшін фараның еңкею бұрышын реттейтін тұтқаны бұрау керек.

Реттегіш шкаласында көрсетілген нөмір неғұрлым жоғары болса, фара жарығы соғұрлым төменге бағытталады. Жол қозғалысының басқа қатысушыларының көздерін қарықтырмау үшін автокөліктің жүктелуіне сәйкес әрдайым фаралардың еңкею бұрышын сақтау керек.

Төменде реттегішті дұрыс орнатудың үлгілері берілген. Төменде әр түрлі жүктемеге байланысты ауыстырып қосқыштың тиісті баптауларының үлгілері келтірілген. Көрсетілгеннен өзгеше жүктелу шарттары үшін ауыстырып қосқыш қалпын сол шарттарға барынша жақын реттеңіз.

Автокөліктің жүктелуі	Реттегіш қалпы
Тек жүргізуші	0
Жүргізуші + алдыңғы жолаушы	0
Барлық жолаушылар (жүргізушіні қоса алғанда)	1
Барлық жолаушылар (жүргізушіні қоса алғанда) + Ең жоғарғы рұқсат етілген салмақ	2
Жүргізуші + Ең жоғарғы рұқсат етілген салмақ	3

Автоматты басқарылатын түрі (бар болса)

Фараның еңкею бұрышын жолаушылар санына және жүксалғыштағы жүк салмағына байланысты автоматты түрде реттейді.

Ол сондай-ақ фараның еңкею деңгейін әр түрлі жағдайда тиісті деңгейге дейін реттейді.

АБАЙЛАҢЫЗ

Функция дұрыс жұмыс істемесе, жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне жолығу керек. Сымдарды өзіңіз тексеруге немесе ауыстыруға тырыспаңыз.

Қарсы алу жүйесі (бар болса)

Қарсы алу жарықтары



Есік тұтқасындағы шам

Барлық есіктер (және жүксалғыш қақпағы) жабық әрі құлыптаулы тұрса, есік тұтқасындағы шам келесі жағдайлардың кез келгенінен кейін шамамен 15 секунд жанады:

- Қашықтан басқару кілтіндегі немесе электронды кілттегі есіктердің құлыптарын ашу түймесін басқанда.
- Есіктің сыртқы тұтқасындағы түймені басқанда.
- Автокөлікке электронды кілтпен жақындағанда.

Фаралар

Фаралар (жарық ауыстырып қосқышы фараны қосу қалпында немесе AUTO қалпында) қосулы тұрып, барлық есіктер (және жүксалғыш) құлыптанып, жабық тұрғанда келесі шарттардың кез келгені орындалса, фаралар 15 секунд жанып тұрады:

- Қашықтан басқару кілтіндегі немесе электронды кілттегі есіктердің құлыптарын ашу түймесін басқанда.

Егер осы сәтте есіктерді құлыптау не ашу түймесін басып қалса, фаралар дереу өшіп қалады.

Қарсы алу сигналын СК дисплейдегі User Settings (Пайдаланушы баптаулары) режимінде қосуға немесе өшіруге болады. **Толығырақ 4-тараудың «СК дисплей» бөлімінде берілген.** Егер автокөлік навигация жүйесімен жабдықталған болса, бөлек жеткізілетін автокөліктің ақпараттық ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығын қараңыз.

Салон жарығының шамы

Салон жарығының ауыстырып қосқышы DOOR қалпында тұрса және барлық есіктер (және жүксалғыш) құлыптанып, жабық тұрса, салонды жарықтандыратын плафон келесі шарттардың кез келгені орындалғанда 30 секунд қосылып тұрады:

- Қашықтан басқару кілтіндегі немесе электронды кілттегі есіктердің құлыптарын ашу түймесін басқанда.
- Есіктің сыртқы тұтқасындағы түймені басқанда.

Егер осы кезеңде есікті құлыптау немесе құлпын ашу түймесін басса, салонды жарықтандыратын плафон дереу өшеді.

Ішкі жарық


МӘЛІМЕТ ҮШІН

Ішкі жарықты ұзақ уақыт қосулы қалдыруға болмайды, себебі бұл кезде аккумулятор батареясының заряды таусылып қалады.

Ішкі жарықтың автоматты түрде өшуі

Ішкі жарық плафондары қозғалтқыш сөндіріліп, барлық есіктер жабылған соң шамамен 20 минуттан кейін автоматты түрде сөніп қалады. Есік ашылса, плафондар қозғалтқыш тоқтатылған соң 40 минуттан кейін сөніп қалады. Плафондар есіктерді қашықтан басқару блогымен немесе электронды кілтпен құлыптағаннан және ұрлап әкетуден қорғайтын жүйе қосылғаннан кейін 5 секундтан соң өшеді.

Алдыңғы жарық



- (1) Бағытталған жарықтың алдыңғы шамы
- (2) Алдыңғы есік шамы
- (3) Салонды жарықтандыратын алдыңғы плафон ҚОСУЛЫ / ӨШІРУЛІ

Бағытталған жарықтың алдыңғы шамы

Бағытталған жарықтың шамын қосу және өшіру үшін осы шашыратқыштардың кез келгенін басу керек. Бұл шам түнде бағытталған жарық шамы ретінде немесе жүргізуші мен алдыңғы орындықтағы жолаушының жеке көмескі жарығының шамы ретінде пайдалану үшін бағытталған жарық шоғын береді.

Алдыңғы есік шамы ():

Салонды жарықтандыратын алдыңғы және артқы плафондар, қозғалтқыш оталып не өшіп тұрғанына қарамастан, алдыңғы немесе артқы есіктерді ашқанда қосылады. Есіктердің құлпы қашықтан басқару кілтімен немесе электронды кілтпен ашылғанда, алдыңғы және артқы шамдар кез келген есік ашылмайынша шамамен 30 секунд қосылып тұрады. Салонды жарықтандыратын алдыңғы және артқы плафондар есік жабылғаннан кейін шамамен 30 секундтан соң жаймен сөнеді. Алайда оталдыру жүйесін қосқан кезде немесе барлық есіктерді құлыптаған кезде салонды жарықтандыратын алдыңғы және артқы плафондар бірден сөнеді. Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ACC немесе OFF қалпында тұрғанда есікті ашса, салонды жарықтандыратын алдыңғы және артқы плафондар шамамен 20 минут бойы қосылып тұрады.

Салонды жарықтандыратын алдыңғы плафон



Алдыңғы/артқы орындықтарға арналған салонды жарықтандыратын плафонды қосу және өшіру түймесін басыңыз.

Артқы шамдар



Салонды жарықтандыратын артқы плафонның ауыстырып қосқышы (☞):

Салонды жарықтандыру плафондарын қосу не өшіру үшін осы түймені басыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Қозғалтқыш өшіп тұрғанда жарықты ұзақ уақыт қосулы қалдыруға болмайды.

Жүксалғышты жарықтандыру плафоны



Жүксалғышты жарықтандыру плафоны жүксалғыш қақпағын ашқанда қосылады.



МӘЛІМЕТ ҮШІН

Жүксалғышты жарықтандыру плафоны жүксалғыш қақпағы ашық тұрғанда жанып тұрады. Аккумулятор батареясының заряды таусылып қалмас үшін жүксалғышты пайдаланып болған соң оның қақпағын мықтап жабу керек.

Аксессуар айнасының шамы (бар болса)



Шамды қосу немесе өшіру үшін осы ажыратқышты басыңыз.

- : Осы түймені басқанда, шам жанады.
- : Осы түймені басқанда, шам сөнеді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН


Артқы көрініс айнасының шамы қолданылмайтын кезде ауыстырып қосқыш әрдайым «өшірулі» қалпында тұруы керек. Егер шамды өшірмей, күнқағарды жапса, аккумулятор батареясының заряды таусылып қалуы немесе күнқағар зақымдалуы мүмкін.

ӘЙНЕК ТАЗАЛАҒЫШТАР ЖӘНЕ ӘЙНЕК ЖУҒЫШТАР


- Рулі сол жақта орналасқан
- А типі



- В типі



- Рулі оң жақта орналасқан



А : Әйнек тазалағыш жұмысының жылдамдығын басқару

- MIST / 1x – Алдыңғы әйнек тазалағыштың үзіліспен жұмыс істеу режимі қосұлы (бекітілмеген қалып)
- OFF / O – Алдыңғы әйнек тазалағыш өшірулі
- INT / --- – Алдыңғы әйнек тазалағыштың үзіліспен жұмыс істеу режимі қосұлы (бекітілген қалып)
- AUTO* – Алдыңғы әйнек тазалағыштың автоматты жұмыс режимі (бар болса)
- LO / 1 – Алдыңғы әйнек тазалағыштың төмен жылдамдығы қосұлы
- HI / 2 – Алдыңғы әйнек тазалағыштың жоғары жылдамдығы қосұлы

* : бар болса

В : Әйнек тазалағыштардың үзіліспен қосылуын реттеу/
 Әйнек тазалағыштарды автоматты түрде басқару уақытын реттеу*

С : Әйнекті қысқа уақыттық тазарту мүмкіндігімен жуу

Алдыңғы әйнекті тазалағыштар

Оталдыру жүйесі қосылған кезде алдыңғы әйнек тазалағыш жұмысы төмендегі сипаттамаға сәйкес орындалады.

MIST (1x) : Алдыңғы әйнек тазалағыш бір рет сүртуі үшін иінтіректі көтеріп, қайта түсіру керек. Иінтіректі осы қалыпта ұстағанда алдыңғы әйнек тазалағыш үздіксіз істейтін болады.

OFF (O) : Алдыңғы әйнек тазалағыш өшірулі.

INT (---) : Алдыңғы әйнек тазалағыш тұрақты уақыт аралығымен қосылады. Алдыңғы әйнек тазалағыш жұмысының жылдамдығын өзгерту үшін басқару тұтқасын (B) бұрап қою керек.

AUTO : Алдыңғы әйнектің жоғарғы жиегінде орналасқан жауын-шашын датчигі жауын-шашын қарқынын анықтайды да алдыңғы әйнек тазалағышты қосады не өшіреді және оның жұмыс жылдамдығын реттейді. Жауын-шашын неғұрлым қалың болса, алдыңғы әйнек тазалағыш соғұрлым жылдам жұмыс істейді. Жауын-шашын тоқтағанда, алдыңғы әйнек тазалағыш та тоқтайды. Алдыңғы әйнек тазалағыш жұмысының жылдамдығы (B) тұтқасымен реттеледі.

LO (1) : Алдыңғы әйнекті тазалағыш төменгі (бірінші) жылдамдықта тұр.

HI (2) : Алдыңғы әйнекті тазалағыш жоғарғы (екінші) жылдамдықта тұр.

Ақпарат

Алдыңғы әйнекте қалың қар не мұз болса, әйнек тазалағыштарды пайдаланбас бұрын олардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жылытқышты шамамен 10 минутқа немесе қар және/немесе мұз еріп кеткенше қосып қойыңыз. Егер әйнек тазалағышты және әйнек жуғышты пайдаланар алдында қарды және (немесе) мұзды кетірмесе, әйнек тазалағыш және әйнек жуғыш жүйесі зақымдалуы мүмкін.

Auto (Автоматты басқару) (бар болса)

Алдыңғы әйнектің жоғарғы жиегінде орналасқан жауын-шашын датчигі жауын-шашын мөлшерін анықтайды да, әйнек тазалағыш жұмысының жиілігін басқарады. Жауын-шашын неғұрлым қалың болса, олар соғұрлым жылдам жұмыс істейді.

Жауын-шашын тоқтаған кезде әйнек тазалағыштар да тоқтайды. Әйнек тазалағыштардың жұмыс жиілігін өзгерту үшін тұтқаны (1) бұраңыз.

Алдыңғы әйнек тазалағыштың ауыстырып қосқышы автоматты режимге (AUTO) орнатылып тұрса, оталдыру жүйесін қосқан кезде жүйе өз-өзін тексеру үшін алдыңғы әйнек тазалағыш жұмысының бір циклі орындалады. Егер алдыңғы әйнек тазалағыш пайдаланылмайтын болса, ауыстырып қосқыш OFF қалпына орнатылып тұруы керек.



АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалтқыш оталып тұрғанда әйнек тазалағыштан зақым алмас үшін, алдыңғы әйнек тазалағыш ауыстырып қосқышы автоматты жұмыс режиміне орнатылып тұрғанда:

- Алдыңғы әйнектің жоғарғы бөлігіндегі жауын-шашын датчигі орнатылған жерге қолыңызды апармаңыз.
- Алдыңғы әйнектің жоғарғы бөлігін дымқыл немесе сулы шүберекпен сүртпеңіз.

- Алдыңғы әйнектің үстінен баспаңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Автокөлікті жуған кезде сүрткіштердің ауыстырып қосқышын өшірілген қалыпқа қойып, олардың автоматты жұмысын тоқтату керек. Автокөлікті жуған кезде ауыстырып қосқыш AUTO қалпында тұратын болса, әйнек тазалағыштар қосылып кетіп, зақымдалуы мүмкін.
- Жолаушы жақтағы алдыңғы әйнектің жоғарғы жағында орналасқан датчиктің қақпағын шешпеңіз. Бұл кепілдік қолданылмайтын жүйе элементтерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Алдыңғы әйнекті жуғыш



Иінтірек OFF (O) қалпында тұрғанда оны өзіңізге қарай тартып қалып, алдыңғы әйнекке сұйықтық бергізіп, әйнек тазалағышты 1-3 рет жұмыс істетіңіз.

Әйнек жуғыш пен әйнек тазалағыш жұмысы иінтіректі жібермейінше жұмыс істеп тұратын болады. Егер әйнек жуғыш жұмыс істемесе, әйнек жуғыш бағына жуғыш сұйықтық құю қажет болуы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Төмен температурада **ӘРДАЙЫМ** алдыңғы әйнекті дефростердің көмегімен жылытып алу керек, сол кезде жуғыш сұйықтық әйнекке мұз боп қатып қалмайды. Егер қатып қалса, көру мүмкіндігін нашарлатып, ауыр жарақатқа немесе өлімге алып келуі ықтимал жол-көлік апатына ұшыратуы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Әйнек тазалағыш немесе алдыңғы әйнек зақымдалмауы үшін алдыңғы әйнек құрғақ кезде әйнек тазалағыштарды қоспаңыз.
- Алдыңғы әйнек жуғыш сорғысын зақымдап алмас үшін, әйнек жуғыш бағында сұйықтық жоқ кезде оны қоспаңыз.
- Әйнек тазалағыштардың иінтірегі және басқа элементтер зақымдалмас үшін әйнек тазалағыштарды қолмен жылжытпаңыз.
- Қыс мезгілінде және суық ауа райында әйнек тазалағыш пен әйнек жуғыштың жүйесіне ықтимал зақым келтірмеу үшін қатып қалмайтын жуғыш сұйықтығын пайдалану керек.

ЖҮРГІЗУШІГЕ КӨМЕК ЖҮЙЕСІ

Тұраққа қою (артқы жүріспен) кезінде жақындау туралы ескерту жүйесі (бар болса)



[B]: Датчик

Автокөліктің артында 120 см-ге (50 дюймге) дейінгі қашықтықта қандай да бір нысан анықталғанда, тұраққа қою (артқы жүріспен) кезінде жақындау туралы ескерту жүйесі дыбыс сигналын береді.

Бұл көмекші жүйе тек датчиктердің әрекет ету аймағындағы заттарды тіркейді және датчиктер орнатылмаған аймақтардағы нысандарды анықтай алмайды.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Соқтығысудың алдын алу үшін жүрісті бастамай тұрып, **МІНДЕТТІ ТҮРДЕ** автокөліктің айналасында қандай да бір нысандардың жоқ екендігіне көз жеткізу керек.
- Нысандардың және жаяу жүргіншілердің, әсіресе балалардың қасынан өткенде, ерекше сақ болыңыз.
- Кейбір нысандардың экранда көрінбеуі және датчиктер




оларды анықтамауы мүмкін екендігін ескеру қажет. Бұл нысанның материалына немесе өлшеміне, сондай-ақ оған дейінгі қашықтыққа байланысты. Барлық көрсетілген факторлар датчиктердің тиімділігіне әсер етеді.

Тұраққа қою (артқы жүріспен) кезінде жақындау туралы ескерту жүйесінің жұмысы

Жұмыс істеу шарттары

- Жүйе автокөлікті оталдыру жүйесін қосып қойып, артқа жүргізгенде қосылады. Автокөлік жылдамдығы 5 км/сағ. (3 миль/сағ.) шамасынан жоғары болса, жүйе заттарды анықтамауы мүмкін.
- Автокөлік жылдамдығы 10 км/сағ. (6 миль/сағ.) шамасынан жоғары болса, жүйе заттарды анықтағанның өзінде ескерту сигналдарын бермейді.
- Бір уақытта екі нысанды анықтаған жағдайда, ең алдымен жақын тұрғаны тіркеледі.



Ескертуші дыбыс сигналдарының және индикаторлардың түрлері

Ескертуші дыбыс сигналдарының түрлері	Индикатор
Егер зат артқы бамперден 120-60 см (47-24 дюйм) қашықтықта тұрса, зуммер үзік сигнал береді.	
Егер зат артқы бамперден 60-30 см (24–12 дюйм) қашықтықта тұрса, зуммер жиі-жиі үзік сигнал береді.	
Егер зат артқы бамперден 30 см-ден (12 дюймнен) аз қашықтықта тұрса, зуммер үздіксіз сигнал береді.	

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Индикатор, нысандар және датчиктердің қалпы жағдайға байланысты суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін. Индикатор жыпылықтап тұрса, көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.
- Егер ескертуші дыбыс сигналдары берілмесе немесе артқы жүріске (R) ауысқаннан кейін бірден зуммер сигнал берсе, бұл тұраққа қою (артқы жүріспен) кезінде жақындау туралы ескерту жүйесінде ақау бар екенін көрсетуі мүмкін. Бұл жағдайда автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Тұраққа қою кезінде (артқы жүріспен) жақындау туралы ескерту жүйесін өшіру (бар болса)



Тұраққа қою кезінде (артқы жүріспен) жақындау туралы ескерту жүйесін өшіру үшін осы түймені басыңыз. Түймедегі жарық индикаторы сөнеді.

Тұраққа қою кезінде (артқы жүріспен) жақындау туралы ескерту жүйесі істемейтін жағдайлар (бар болса)

Тұраққа қою кезінде (артқы жүріспен) көмек беру жүйесі келесі жағдайларда дұрыс істемеуі мүмкін:

- Датчикке мұз қатқанда.
- Датчик қақпағы кірлегенде, қармен, сумен немесе басқа бөгде заттармен жабылғанда.

Келесі жағдайларда тұраққа қою кезінде (артқы жүріспен) жақындау туралы ескерту жүйесі дұрыс істемеуі мүмкін:

- Қара жолмен немесе шақпа тасты жабыны бар жолдармен, соқпа жолмен және ылдиден жүргенде.
- Автокөлік қасында жүйе датчиктеріне кедергі келтіретін автокөлік сиреналары, даусы қатты мотоцикл қозғалтқыштары, жүк көліктерінің пневматикалық тежегіштерінің іске қосылуы сияқты қатты шығатын дыбыс көздері болғанда.
- Нөсер жауғанда немесе су шашырағанда.
- Жақын жерде радиотаратқыштар немесе мобильді телефондар болғанда.
- Датчикті қар басқанда.
- Автокөлікте басқа өндірушілердің жабдығы орнатылғанда, бампер биіктігі өзгертілгенде немесе датчиктер орнатылғанда.

Анықтау қашықтығының диапазоны қысқаруы мүмкін жағдайлар:

- Сыртқы ауаның тым жоғары немесе тым төмен температурасы.
- Диаметрі 14 см-ден (6 дюймнен) кіші және ұзындығы 1 м-ден (40 дюймнен) қысқа нысандар.

Датчиктер анықтамауы мүмкін нысандар:

- Сымарқан, шынжыр немесе кішкентай бағандар сияқты жіңішке немесе өткір нысандар.
- Киім, кеуекті материалдар немесе қар сияқты датчик сәулесін жұтып қоятын нысандар.



АБАЙЛАҢЫЗ

Тұраққа қою кезінде (артқы жүріспен) жақындау туралы ескерту жүйесінің пайдаланылуына байланысты автокөлікке зақым келсе немесе адамдар жарақаттанса, жаңа автокөліктің кепілдігі мұндай оқиғаларға қолданылмайды. Жүріс кезінде әрдайым мұқият әрі сақ болыңыз.

Тұраққа қою кезінде (артқы жүріспен) жақындау туралы ескерту жүйесінің сигналы

- Тұраққа қою кезінде (артқы жүріспен) жақындау туралы ескерту жүйесінің сигналы тұрақты болмауы және жылдамдық пен анықталған нысанның пішініне байланысты болуы мүмкін.

- Бампер биіктігін немесе датчик қалпын өзгерту тұраққа қою кезінде (артқы жүріспен) жақындау туралы ескерту жүйесінің зақымдалуына алып келуі мүмкін. Датчиктердің сипаттамаларына өз бетіңізше орнатқан қандай да бір қосымша жабдық немесе керек-жарақ та әсер етуі мүмкін.
- Датчик өзінен 30 см-ден (11 дюймнен) аз қашықтықта тұрған нысандарды тіркемеуі мүмкін немесе оларға дейінгі қашықтықты дұрыс анықтамауы мүмкін. Сақтық танытыңыз.
- Датчикті қар басуы, оның кірлеуі немесе оған су тиюі, сондай-ақ мұз қатуы оның істен шығуына алып келуі мүмкін. Қайта жұмыс істейтін күйге келтіру үшін датчикті жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
- Датчикке қысым, сызат түсірмеңіз немесе датчиктің бетіне зақым келтіруі мүмкін қатты заттың соққысына ұшыратпаңыз. Бұл әрекеттер датчикті істен шығаруы мүмкін.
- Жоғары қысымды су ағынын датчиктерге және олардың айналасына бағыттамаңыз. Жоғары қысымды су ағынының соққысы құрылғылардың сынуына алып келуі мүмкін.

Тұраққа қою кезінде (артқы/алдыңғы жүріспен) жақындау туралы ескерту жүйесі



[A] : Алдыңғы датчик, [B] : Артқы датчик

Тұраққа қою кезінде (артқы/алдыңғы жүріспен) жақындау туралы ескерту жүйесі жүргізушіге автокөліктің алдыңғы жағынан 100 см (39 дюйм) және артқы жағынан 120 см (47 дюйм) қашықтықта кез келген нысанды анықтаған кезде дыбыс сигналын беріп көмектеседі.

Бұл көмекші жүйе тек датчиктердің әрекет ету аймағындағы заттарды тіркейді және датчиктер орнатылмаған аймақтардағы нысандарды анықтай алмайды.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Жүрісті бастамай тұрып, соқтығысудың алдын алу үшін автокөліктің айналасында қандай да бір нысанның тұрмағанын **МІНДЕТТІ ТҮРДЕ** тексеріп алу керек.
- Нысандардың және жаяу жүргіншілердің, әсіресе балалардың қасынан өткенде, өте сақ болу керек.
- Кейбір нысандардың экранда көрінбеуі және датчиктер оларды анықтамауы мүмкін екендігін ескеру қажет. Бұл нысанның материалына немесе өлшеміне, сондай-ақ оған дейінгі қашықтыққа байланысты. Барлық көрсетілген факторлар датчиктің тиімділігіне әсер етеді.
- Нөмір белгісін басқа жерге ауыстыруға немесе оның өлшемін өзгертуге тыйым салынады.

Тұраққа қою кезіндегі (артқы/алдыңғы жүріспен) жақындау туралы ескерту жүйесінің жұмысы









Жұмыс істеу шарттары

- Қозғалтқыш қосылып тұрғанда тұраққа қою кезіндегі (артқы/алдыңғы жүріспен) жақындау туралы ескерту жүйесін басқару түймесін басса, жүйе қосылады.
- «R» (артқа жүру) түймесін басқанда, тұраққа қою кезіндегі (артқы/алдыңғы жүріспен) жақындау туралы ескерту жүйесі автоматты түрде қосылады. Дегенмен, автокөлік жылдамдығы 10 км/сағ. (6 миль/сағ.) шамасынан жоғары болса, жүйе заттарды анықтағанның өзінде ескерту жасамайды. Автокөлік жылдамдығы 20 км/сағ. (12 миль/сағ.) шамасынан жоғары болса, жүйе автоматты түрде өшіп қалады. Жүйені қосу үшін тұраққа қою кезіндегі (артқы/алдыңғы жүріспен) жақындау туралы ескерту жүйесінің түймесін басыңыз.

- Бір уақытта екі нысанды анықтаған жағдайда, ең алдымен жақын тұрғаны тіркеледі.

Ескертуші дыбыс сигналдарының және индикаторлардың түрлері

Нысанға дейінгі қашықтық см (in.)		Ескерту индикаторы		Ескертуші дыбыс сигналы
		Алға жүргенде	Артқа жүргенде	
61 ~ 100 (24 ~39)	Алдынан		-	Зуммер үзіліспен жұмыс істейді
61 ~ 120 (24 ~47)	Артынан	-		Зуммер үзіліспен жұмыс істейді
31 ~ 60 (12 ~24)	Алдынан			Зуммер жиі сигнал береді
	Артынан	-		Зуммер жиі сигнал береді
30 (12)	Алдынан			Зуммер үздіксіз сигнал береді
	Артынан	-		Зуммер үздіксіз сигнал береді

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Индикатор, нысандар және датчиктердің қалпы жағдайға байланысты суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін. Индикатор жыпылықтап тұрса, жүйені тексерту үшін HYUNDAI уәкілетті дилеріне хабарласу керек.
- Егер ескертуші дыбыс сигналы берілмесе немесе артқы жүріске (R) ауысқаннан кейін бірден зуммер сигнал берсе, бұл тұраққа қою (артқы/алдыңғы жүріспен) кезінде жақындау туралы ескерту жүйесінде ақау бар екенін көрсетуі мүмкін. Бұл жағдайда автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

**Тұраққа қою кезінде
(артқы/алдыңғы жүріспен)
жақындау туралы ескерту
жүйесі істемейтін жағдайлар**

Тұраққа қою кезінде
(артқы/алдыңғы жүріспен)
жақындау туралы ескерту жүйесі
келесі жағдайларда дұрыс істемеуі
мүмкін:

- Датчикке мұз қатқанда.
- Датчик қақпағы кірлегенде, қармен, сумен немесе басқа бөгде заттармен жабылғанда.

Келесі жағдайларда тұраққа қою
кезінде (артқы/алдыңғы жүріспен)
жақындау туралы ескерту жүйесі
істемеуі мүмкін:

- Қара жолмен немесе шақпа тасты жабыны бар жолдармен, соқпа жолмен және ылдимиен жүргенде.
- Автокөлік қасында жүйе датчиктеріне кедергі келтіретін автокөлік сиреналары, даусы қатты шығатын мотоцикл қозғалтқыштары, жүк көліктерінің пневматикалық тежегіштерінің іске қосылуы сияқты қатты шығатын дыбыс көздері болғанда.
- Нөсер жауғанда немесе су шашырағанда.
- Жақын жерде радиотаратқыштар немесе мобильді телефондар болғанда.
- Датчиктерді қар басқанда.

- Автокөлікте басқа өндірушілердің жабдығы орнатылғанда, бампер биіктігі өзгертілгенде немесе датчиктер орнатылғанда.

**Анықтау қашықтығының
диапазоны қысқаруы мүмкін
жағдайлар:**

- Сыртқы ауаның тым жоғары немесе тым төмен температурасы.
- Диаметрі 14 см-ден кіші және ұзындығы 1 м-ден қысқа нысандар.

**Датчиктер анықтамауы мүмкін
нысандар:**

- Сымарқан, шынжыр немесе кішкентай бағандар сияқты жіңішке немесе өткір нысандар.
- Киім, кеуекті материалдар немесе қар сияқты датчик сәулесін жұтып қоятын нысандар.



АБАЙЛАҢЫЗ

**Тұраққа қою кезінде
(артқы/алдыңғы жүріспен)
жақындау туралы ескерту
жүйесінің пайдаланылуына
байланысты автокөлікке зақым
келсе немесе адамдар
жарақаттанса, жаңа автокөліктің
кепілдігі мұндай оқиғаларға
қолданылмайды. Жүріс кезінде
әрдайым мұқият әрі сақ
болыңыз.**

Тұраққа қою кезінде (артқы/алдыңғы жүріспен) жақындау туралы ескерту жүйесін пайдалану бойынша сақтық шаралары

- Тұраққа қою кезінде (артқы/алдыңғы жүріспен) жақындау туралы ескерту жүйесінің сигналы тұрақты болмауы және жылдамдық пен анықталған нысанның пішініне байланысты болуы мүмкін.
- Бампер биіктігін немесе датчик қалпын өзгерту тұраққа қою кезінде (артқы/алдыңғы жүріспен) жақындау туралы ескерту жүйесінің зақымдалуына алып келуі мүмкін. Датчиктердің сипаттамаларына өз бетіңізше орнатқан қандай да бір қосымша жабдық немесе керек-жарақ та әсер етуі мүмкін.
- Датчик өзінен 30 см-ден (12 дюймнен) аз қашықтықта тұрған нысандарды тіркемеуі мүмкін немесе оларға дейінгі қашықтықты дұрыс анықтамауы мүмкін. Сақтық танытыңыз.
- Датчикті қар басуы, оның кірлеуі немесе оған су тиюі, сондай-ақ мұз қатуы оның істен шығуына алып келуі мүмкін. Қайта жұмыс істейтін күйге келтіру үшін датчикті жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
- Датчиктің үстінен баспаңыз, оны сызбаңыз және оны соққыға ұшыратпаңыз. Бұл әрекеттер датчикті істен шығаруы мүмкін.
- Жоғары қысымды су ағынын датчикке және оның айналасына бағыттамаңыз. Жоғары қысымды су ағынының соққысы

құрылғылардың бұзылуына алып келуі мүмкін.

Артқы көрініс монитори (бар болса)

Артқы көрініс монитори – көмекші жүйе, ол автокөлік артындағы аймақты Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында көрсету арқылы тұраққа қою немесе жүру кезінде көмектесуге арналған.

Тұраққа қою кезіндегі көмек жүйесі бар артқы көрініс монитори



- Тұраққа қою кезіндегі көмек жүйесі бар артқы көрініс монитори қозғалтқыш оталып тұрып, беріліс «R» (артқа жүру) қалпына орнатылғанда қосылады.

- Селекторды «R» қалпынан (артқа жүру) «D» қалпына (жүру) ауыстырғаннан кейін автокөлік жылдамдығы 10 км/сағ. (6 миль/сағ.) шамасынан төмен болса, тұраққа қою кезінде көмек көрсету үшін экранда артқы көрініс көрсетіледі (тұраққа қою кезінде қозғалыс траекториясының сызықтары жоғалады).

Селекторды «D» немесе «N» қалпына қойған кездегі артқы көрініс мониторы



- Төмендегі шарттардың бірі орындалған кезде жүйе өшеді.
 - Артқы көрініс мониторының түймесі (1) тағы бір басылды
 - Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің бір түймесі (2) басылған
 - Автокөлік артқа жүргенде, экран тұраққа қою кезіндегі көмек режиміне ауысады
 - Келесі жағдайларда экранда дабылдағыш сигнализатор көрінеді:
 - жүксалғыш ашық болғанда;
 - жүргізушінің немесе жолаушының есігі ашық болғанда.
- Төмендегі шарттар орындалған кезде жүйе қосылады.
 1. Артқы көрініс мониторының түймесі (1) басылды
 2. Селектор «D» (жүру), «N» (бейтарап) немесе «R» (артқа жүру) қалпында тұр

Артқы көрініс монитору – үстінен қарағандағы көрініс



Белгішені (1) түрткенде, экранда үстінен қарағандағы көрініс пен автокөліктің артындағы көлік құралына дейінгі қашықтық көрсетіледі. Белгішені (1) қайта түрткенде, бұрынғы экран көрсетіледі.

АБАЙЛАҢЫЗ

Артқы көрініс монитору қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралы болып табылмайды. Ол жүргізушіге автокөліктің ортаңғы бөлігінің артындағы нысандарды анықтау үшін ғана көмектесуге арналған. Камера автокөлік артындағы бүкіл кеңістікті ҚАМТЫМАЙДЫ.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Артқа жүргенде, тек артқы көрініс камерасының дисплейіне сүйенуге болмайды.
- Жүрісті бастамай тұрып, соқтығысудың алдын алу үшін автокөліктің айналасында қандай да бір нысанның тұрмағанын МІНДЕТТІ ТҮРДЕ тексеріп алу керек.
- Нысандардың және жаяу жүргіншілердің, әсіресе балалардың қасынан өткенде, өте сақ болу керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Жоғары қысымды су ағынын камераға және оның айналасына бағыттамаңыз. Жоғары қысымды су ағынының соққысы құрылғылардың бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Объективті тазалау үшін құрамында қышқылы бар тазартқыштарды немесе сілтілі жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз. Тек жұмсақ сабынды немесе бейтарап тазартқыш құралды пайдаланып, сумен мұқият шайыңыз.
- Камераның объективі таза күйде болуы керек. Объективке кір, су немесе қар тұрып қалғанда, камера дұрыс істемеуі мүмкін.

Айналаны шолу монитори (SVM) (бар болса)



Айналаны шолу мониториның жүйесі автокөлік айналасын көруге мүмкіндік береді, ол тұраққа қою кезінде пайдалы болады.

Толық мәліметтер бөлек жеткізілетін нақты көлік құралының нұсқаулығында берілген.

- Төмендегі шарттар орындалған кезде жүйе қосылады.
 1. Айналаны шолу мониториның түймесі басылып тұр (1, дабылдағыш жанып тұр)
 2. Селектор «D» (жүру), «N» (бейтарап) немесе «R» (артқа жүру) қалпында тұр және автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ. (10 миль/сағ.) шамасынан төмен
- Төмендегі шарттардың бірі орындалған кезде жүйе өшеді.
 - Айналаны шолу мониториның түймесі қайта басылған (1, дабылдағыш өшіп тұр)
 - Автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ. (10 миль/сағ.) шамасынан кем
- Автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ. шамасынан жоғары болғанда, жүйе өшеді. Автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ. (10 миль/сағ.) шамасынан төмен болса да, жүйе автоматты түрде қайта қосылмайды. Жүйені қосу үшін түймені тағы бір рет басу керек (1, дабылдағыш жанып тұр).
- Артқа жүргенде, автокөліктің жылдамдығына және түйменің күйіне қарамастан, жүйе автоматты түрде қосылады. Алайда, егер алға жүргенде автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ. (10 миль/сағ.) шамасынан асса, жүйе өшіп қалады.
- Келесі жағдайларда экранда дабылдағыш сигнализатор көрінеді:
 - жүксалғыш ашық болғанда;
 - жүргізушінің есігі ашық болғанда;
 - жолаушының есігі ашық болғанда;
 - сыртқы артқы көрініс айналары жиылып тұрғанда.
- Пайдаланушы параметрлері мәзірінен «Surround View Monitor Auto On» (айналаны шолу монитори автоматты түрде қосу) тармағын таңдағанда, тұраққа қою кезіндегі көмек жүйесі дыбыс сигналын бергенде айналаны шолу монитори автоматты түрде қосылады.
- Егер жүйе дұрыс істемесе, оны HYUNDAI ресми сервис орталығында тексерту керек.

НАЗАР АУДАРЫҢИЗ



- (1) Алдыңғы камера
- (2) Сол/оң жақтағы камера
- (3) Артқы камера

Айналаны шолу жүйесі тек көмекші функция қызметін атқарады. Жүрісті бастамай тұрып, **МІНДЕТТІ ТҮРДЕ** автокөлік айналасында заттардың немесе кедергілердің жоқ екенін тексеріп алу керек.

Артқы көрініс монитору




ODN8059265




ODN8H059064


- Төмендегі шарттардың бірі орындалған кезде жүйе өшеді.
 - Автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ. (10 миль/сағ.) шамасынан жоғары болып, жүргізуші айналаны шолу

мониторының түймесін басып қалды (1, дабылдағыш жанып тұр)

- Автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ. (10 миль/сағ.) шамасынан төмен және экранда  белгішесі (2) басылған.

Жүріс кезінде артқы көрініс көрсетілгенде, экранның оң жақ жоғарғы бұрышында белгі () пайда болады.

- Төмендегі шарттардың бірі орындалған кезде жүйе өшеді.
 - Айналаны шолу мониторуның түймесі қайта басылған (1, дабылдағыш өшіп тұр)
 - SVM жүйесінің экранында басқа режим таңдалды
 - Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің бір түймесі (3) басылған
- Автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ. (10 миль/сағ.) шамасынан жоғары
 - Экрандағы артқы көрініс режимі қосулы тұрғанда, автокөлік артындағы көрініс көрсетіліп тұрады
 - Экранда SVM жүйесінің басқа режимдері болғанда, басқа режимдердің экраны (төбесінен қарағандағы көрініс, алдыңғы кең енді көрініс, алдыңғы оң жақ көрініс және алдыңғы сол жақ көрініс) өшеді де, ақпараттық ойын-сауық жүйесінің бастапқы экранына ауысады

- Егер SVM жүйесі қосылып тұрса және автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ. (10 миль/сағ.) шамасынан төмен болса
 - Экрандағы артқы көрініс режимі қосулы тұрғанда, автокөлік артындағы көрініс көрсетіліп тұрады
 -  белгішесін (2) басқанда, экранда SVM режимін (төбесінен қарағандағы көрініс, алдыңғы кең енді көрініс, алдыңғы оң жақ көрініс және алдыңғы сол жақ көрініс) таңдауға арналған қалқымалы терезе пайда болады.
- Артқа жүргенде, автокөліктің жылдамдығына немесе SVM түймесінің күйіне (1) қарамастан, экранда артқы көрініс кескіні автоматты түрде пайда болады.
 - Егер артқы көрініс кескіні қосулы қалса, экран тұраққа қою кезіндегі көмек режиміне ауысады.
 - Егер SVM жүйесінің басқа режимдерінің (төбесінен қарағандағы көрініс, алдыңғы кең енді көрініс, алдыңғы оң жақ көрініс және алдыңғы сол жақ көрініс) экраны қосылса, артқы көріністі көрсететін бастапқы режим пайда болады.
 - Селекторды «R» (артқа жүру) қалпынан «D» (жүру) қалпына ауыстырғанда, алдыңғы режим экраны көрсетіледі.

- Келесі жағдайларда экранда дабылдағыш сигнализатор көрінеді:
 - жүксалғыш ашық болғанда;
 - жүргізушінің немесе жолаушының есігі ашық болғанда.
 - сыртқы артқы көрініс айналары жиылып тұрғанда.

АБАЙЛАҢЫЗ

Артқы көрініс камерасы – автокөлікті жүргізу кезіндегі көмекші жүйе. Қауіпсіздік мақсатында автокөлік артындағы жағдайды міндетті түрде тексеріп алыңыз. Экрандағы кескін шынайы жағдайдан өзгеше болуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Камераның объективі әрдайым таза күйде болуы керек. Объектив кірлеп кетсе, камера дұрыс істемеуі мүмкін.

ҚОЛМЕН БАСҚАРЫЛАТЫН МИКРОКЛИМАТТЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

■ А типі



■ В типі





ODN8059100L / ODN8059101L

- | | |
|---------------------------------------|---|
| 1. Желдеткіш жылдамдығының реттегіші | 5. Артқы әйнек жылытқышының түймесі |
| 2. Температура реттегіші | 6. Кондиционерді қосу түймесі (A/C) |
| 3. Ауа ағынын үлестіру түймелері | 7. Таза ауаның кіруін басқару түймесі |
| 4. Алдыңғы әйнек жылытқышының түймесі | 8. Кондиционердің максималды жұмыс режимін таңдау түймесі |

Ауаны жылыту және баптау


1. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
2. Жұмыс режимін таңдау тұтқасын өз ыңғайыңызға қарай орнатыңыз.


Жылыту және салқындату тиімділігін арттыру үшін;

- Жылыту: 
- Салқындату: 

3. Ауа температурасын басқару тұтқасын өз ыңғайыңызға қарай орнатыңыз.
4. Ауа тарту функциясын басқару реттегішін «Fresh» (таза ауа) режиміне орнатыңыз.
5. Желдеткіштің айналу жылдамдығын ыңғайыңызға қарай баптаңыз.
6. Қажет болса, кондиционерді қосыңыз.


Жұмыс режимін таңдау






ODN8059106


Ауа ағынын үлестіру түймелері желдету жүйесіндегі ауа ағынын өзгерту үшін пайдаланылады.

 Ауаның алдыңғы панельдегі желдету саңылаулары арқылы берілуі – соплалар (B, D, F)


Ауа ағыны дененің жоғарғы бөлігіне және адамның бетіне бағытталады. Оған қоса, әрбір желдету саңылауының қалпын ол арқылы кіретін ауа ағынын бағыттау үшін баптауға болады.

 Ауаның алдыңғы панельдегі желдету саңылаулары арқылы және салонның төменгі жағына берілуі – соплалар (B, C, D, E, F)


Ауа ағыны адамның бетіне және салонның төменгі жағына бағытталады.

 Ауаның салонның төменгі жағына берілуі – соплалар (A, C, D, E)

Ауаның негізгі бөлігі салонның төменгі жағына бағытталады, ал оның аз мөлшері алдыңғы әйнекке және әйнекке мұз қатпауы үшін бүйірлік соплаларға жіберіледі.

 Ауаның салонның төменгі бөлігіне және алдыңғы әйнекке берілуі – соплалар (A, C, D, E)


Ауаның негізгі бөлігі салонның төменгі бөлігіне және алдыңғы әйнекке бағытталса, оның аздаған мөлшері әйнекке мұз қатпауы үшін бүйірлік соплаларға беріледі.

 Ауаның алдыңғы әйнекке берілуі – соплалар (A, D)

Ауаның негізгі бөлігі алдыңғы әйнекке бағытталады, ал оның аз мөлшері әйнекке мұз қатпауы үшін бүйірлік соплаларға жіберіледі.



Кіретін ауаны барынша салқындату (B, D, F) MAX A/C режимі салонды тез салқындату үшін пайдаланылады. Ауа ағыны бетке және дененің жоғарғы бөлігіне бағытталған. Бұл режимде автоматты түрде ауаны баптау және рециркуляциялау таңдалады.



Аспаптар тақтасындағы желдету саңылаулары

Аспаптар тақтасындағы сопло иінтіректерін солға-оңға және жоғары-төмен жылжыту арқылы ауа ағынының бағытын тиісінше көлденеңінен немесе тігінен өзгертуге болады.

Желдету саңылауын жабу үшін реттегішті ең шеткі қалыпқа сыртқа қарай бұрау керек. Желдету саңылауын ашу үшін реттегішті ішке қарай бұрау керек.


Температура режимін басқару



Температураны жоғарылату үшін реттегішті оңға бұрау керек.

Температураны төмендету үшін реттегішті солға бұрау керек.

Ауа беру режимдерінің ауыстырып қосқышы



Ауа тарту функциясын басқару түймесі «Fresh» (сырттан таза ауа беру) режимін немесе «Recirculation» (салондағы ауа рециркуляциясы) режимін таңдау үшін пайдаланылады.

Ауаны рециркуляциялау режимі



Ауаны рециркуляциялау режимін таңдағанда, ауа салон ішінде айналып, таңдалған функцияға сәйкес жылиды не салқындайды.

Таза ауа беру режимі

■ A типі



Таза ауа беру режимін таңдағанда, ауа автокөлікке сырттан кіреді

■ B типі



де, таңдалған функцияға сәйкес жылиды не салқындайды.



Ақпарат

Жүйе көбінесе таза ауа беру режимінде жұмыс істеуі керек. Рециркуляция режимін қажет болған кезде уақытша қосу керек.


Кондиционер қосылмай тұрғанда рециркуляция режиміндегі жылытқыш ұзақ жұмыс істесе, алдыңғы айнек буланып кетуі мүмкін.

Оған қоса, кондиционер рециркуляция режимінде ұзақ істегенде, салондағы ауа тым қатты кеуіп, құрғап кетеді де, ауаның тұрып қалуына байланысты желдету саңылауларынан көгерген заттың иісі пайда болуы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Климат-бақылау жүйесін рециркуляция режимінде ұзақ уақыт пайдаланғанда, салондағы жолаушылардың ұйқысын келтіріп жібереді. Бұл автокөліктің бақылаудан шығып, соның салдарынан апатқа ұшырауға алып келуі мүмкін.
- Климат-бақылау жүйесін ауа кондиционері өшірулі кезде ұзақ уақыт бойы рециркуляция режимінде пайдаланса, салонда ылғал көбейіп кетеді.
- Бұның салдарынан алдыңғы әйнекте конденсат жиналып, көру мүмкіндігі нашарлап кетеді.
- Ауа жылытқыш немесе кондиционер қосулы болғанда, әйнектері жабық, тұраққа қойылған автокөлік ішінде ұзақ уақыт отырмаңыз және ұйықтамаңыз. Өйткені салонда көмірқышқыл газының деңгейі көбейіп, тиісінше, денсаулыққа ауыр зиян тигізуі немесе өлімге алып келуі мүмкін.

Желдеткіштің айналу жылдамдығын баптау




Реттегішті оңға бұрап, желдеткіш жұмысының және ауа ағынының жылдамдығын арттырыңыз. Реттегішті солға бұрап, желдеткіш жұмысының және ауа ағынының жылдамдығын төмендетіңіз.

Желдеткіш жылдамдығының реттегішін “0” қалпына қойғанда, желдеткіш сөнеді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Оталдыру жүйесі қосулы тұрғандағы желдеткіш жұмысы аккумулятор батареясы зарядының таусылуына алып келуі мүмкін. Желдеткішті қозғалтқыш оталып тұрғанда қосу керек.


Ауа баптау жүйесі




Ауа баптау жүйесін қосу үшін А/С түймесін басыңыз (осы кезде оның ішіндегі бақылау шамы жанады). Осы түймені қайта басқанда, ауа баптау жүйесі өшіп қалады.

Жүйе жұмысы

Желдету



1. Face Level  (бет деңгейі) режимін таңдаңыз.
2. Ауа тарту функциясын басқару реттегішін «Fresh» (таза ауа) режиміне орнатыңыз.
3. Температура реттегішін қажетті қалыпқа орнатыңыз.
4. Желдеткіш жылдамдығының реттегішін қажетті қалыпқа орнатыңыз.

Жылыту

1. Floor Level  (еден деңгейі) режимін таңдаңыз.
2. Ауа тарту функциясын басқару реттегішін «Fresh» (таза ауа) режиміне орнатыңыз.
3. Температура реттегішін қажетті қалыпқа орнатыңыз.

4. Желдеткіш жылдамдығының реттегішін қажетті қалыпқа орнатыңыз.

5. Қажет болса, салонға отырар алдында температура реттегішінің көмегімен ауаны баптау жүйесін жылытуға қосып, салон ішіндегі ауадан ылғалды кетіріңіз.


Алдыңғы әйнек буланып кетсе, «Floor & Defrost»  (еден мен алдыңғы әйнекке үрлеу) режимін таңдаңыз немесе «Front Defrost»  (алдыңғы әйнекке үрлеу) түймесін басыңыз.

Пайдалану жөніндегі кеңестер


- Автокөлік салонына желдету жүйесі арқылы жағымсыз газдардың кірмеуі үшін ауа тарту мүмкіндігін басқару түймесін ауа рециркуляциясы режиміне аз уақытқа орнатыңыз. Ауа жеткілікті мөлшерде тазарған соң, басқару мүмкіндігін таза ауа беру режиміне қайтаруды ұмытпаңыз. Осылайша, жайлылық пен жүргізушінің қырағылығы жақсарады.
- Алдыңғы әйнектің булануына жол бермеу үшін ауа тарту реттегішін таза ауа беру режиміне қойып, желдеткіш жылдамдығын қажетті қалыпқа орнатыңыз да, ауаны баптау жүйесін қосып, температураны реттеңіз.

Ауа баптау жүйесі

HYUNDAI ауаны баптау жүйесінде R-134a немесе R-1234yf суық агенті пайдаланылады.

1. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
2. Ауаны баптау түймесін басыңыз.
3. Face Level  (бет деңгейі) режимін таңдаңыз.
4. Салонды тез салқындату үшін ауа беру мүмкіндігін басқару функциясын уақытша рециркуляция режиміне орнату керек. Салонда қажетті температура орнағанда, ауа беру мүмкіндігін басқару функциясын қайтадан «Fresh» (таза ауа беру) режиміне өзгертіңіз.
5. Желдеткіш жылдамдығын және аса жайлы күйді сақтау үшін температураны реттеңіз.

Ақпарат




Автокөлікті жеткізетін елде дайындау уақытында қолданылған нормативтерге сәйкес, кондиционерге R-134a немесе R-1234yf суық агенті құйылған. Автокөлігіңіздің кондиционеріне арналған суық агент маркасы мотор бөлігінің алдыңғы жағындағы жапсырмада көрсетілген.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Суыту контуры дұрыс әрі қауіпсіз жұмыс істеуі үшін оған тек арнайы оқыған және сертификаты бар мамандар техникалық қызмет көрсетуі керек.
- Суыту контурымен жұмыс істегенде, үй-жай жақсы желдетілуі тиіс.
- Кондиционердің буландырғышын (салқындату иректүтігін) жөндеу немесе ауыстыру үшін басқа немесе апатқа ұшыраған автокөліктен шешіп алынған буландырғышты пайдалануға тыйым салынады. Жаңа MAC буландырғыштары сертификатталған және SAE J2842 стандартының талаптарына сай келетін буландырғыштар ретінде тиісінше таңбаланған болуы керек.

Ақпарат

- Ауа баптау жүйесін пайдаланып, өрге шыққанда немесе ыстық ауа райында тығыз көлік кептелісінде жүргенде, температура көрсеткішін мұқият қадағалап тұрыңыз. Ауа баптау жүйесінің жұмысы қозғалтқыштың қызып кетуіне алып келуі мүмкін. Егер қозғалтқыш температурасының көрсеткіші оның қызып кеткенін көрсетіп тұрса, желдеткішті қосулы қалдырып, ауа баптау жүйесін өшіріп қойыңыз.


- Терезе ашық және қоршаған ауа ылғалдығы жоғары кезде ауа баптау жүйесінің жұмысы автокөлік ішінде ылғал тамшыларының түзілуіне алып келуі мүмкін. Артық ылғал электр жабдығының істен шығуына алып келуі мүмкін, сондықтан ауа баптау жүйесін терезе жабық тұрғанда ғана қосуға болады.
- Ауа баптау жүйесінің жұмыс сипаттамаларын оңтайлы деңгейде сақтау үшін ауа баптау жүйесін айына бір рет бірнеше минутқа болса да қосып қойыңыз.
- Ауа баптау жүйесі жұмыс істеп тұрғанда, жолаушы жақтан жерге таза су тамшылап (немесе тіпті құйылып) жатқанын байқауға болады. Бұл – қалыпты жағдай.
- Ауа кондиционерін қарқынды түрде пайдаланғанда, сыртқы ауа мен алдыңғы әйнекке үрлейтін ауа температурасының айырмашылығы алдыңғы әйнектің сыртқы бетін ылғалдандырып, көру мүмкіндігін нашарлатып жіберуі мүмкін. Мұндай жағдайда режимді таңдау түймесін () қалпына орнатып, желдеткіштің айналу жылдамдығын төмендету керек.

Ауа баптау жүйесін пайдалану бойынша кеңестер

- Автокөлік ыстық ауа райында тікелей күн сәулелерінің астында тұрақта тұрса, автокөліктің терезесін аз уақытқа ашып қойып, салондағы ыстық ауаны шығарып жіберу керек.
- Жеткілікті түрде салқындатылған соң қайтадан рециркуляция режимінен сыртқы ауаны беру режиміне ауысыңыз.
- Жаңбырлы күндері немесе ауа ылғалдығы жоғары болған күндері әйнектің ішкі жақ бетінде пайда болатын ылғалды азайту үшін терезелерді және төбедегі люкті жауып, ауа баптау жүйесін пайдаланыңыз.
- Ауа баптау жүйесі жұмыс істеп тұрғанда, ауа баптау жүйесі компрессорының қосылуына немесе өшуіне байланысты қозғалтқыштың айналу жиілігінің шамалы өзгергенін байқауға болады. Бұл – қалыпты жағдай.

Жүйеге техникалық қызмет көрсету

Климат-бақылау жүйесінің ауа сүзгісі



[A] : Сыртқы ауа

[B] : Рециркуляцияланатын ауа

[C] : Климат-бақылаудың ауа сүзгісі

[D] : Желдеткіш

[E] : Буландырғыш өзекшесі

[F] : Жылытқыш өзекшесі

Бұл сүзгі ұсақ-түйек тартпасының артында орнатылған. Ол автокөлік ішіне ауаны жылыту және баптау жүйесі арқылы кіретін шаң мен басқа да лаптағыш заттарды сүзіп тұрады.

Климат-бақылау жүйесінің ауа сүзгісін ауыстыру үшін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес HYUNDAI уәкілетті дилеріне хабарласу керек.

Автокөлік шаң басқан, ойлы-қырлы жолдар сияқты ауыр жағдайларда пайдаланылса, климат-бақылау жүйесінің ауа сүзгісін жиірек тексеріп, ауыстырып тұру керек.

Ауа ағыны күрт азайып кеткен жағдайда, жүйені HYUNDAI уәкілетті дилерінде тексерту керек.

i Ақпарат

- Ауа сүзгісін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстырыңыз.

Автокөлік ауыр жағдайларда пайдаланылғанда (мысалы, шаң басқан және ойлы-қырлы жолда), климат-бақылаудың ауа сүзгісін жиірек тексеріп, ауыстырып тұру керек.

- Ауа шығыны күрт төмендеп кеткенде, жүйені тексерту үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласуға кеңес берміз.

Кондиционер жүйесіндегі суық агент пен май мөлшерін тексеру

Суық агент деңгейі төмен болса, ауа баптау жүйесінің жұмыс тиімділігі төмендейді. Суық агентті тым артық толтыру да ауа баптау жүйесінің жұмысына кері әсерін тигізеді. Сондықтан жұмысы бірқалыпты болмауын байқаған жағдайда, HYUNDAI уәкілетті дилеріне барып, жүйені тексерту керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Май мен суық агенттің түрі мен мөлшері дұрыс болуы маңызды. Әйтпесе, компрессор зақымдалуы және жүйенің жұмысы нормадан ауытқуы мүмкін. Зақым алмас үшін ауа баптау жүйесіне қызмет көрсетуді тек білікті және сертификатталған техник мамандарға сеніп тапсырған жөн.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

R-134a суық агенті бар автокөліктер



Суық агент өте жоғары қысыммен пайдаланылатындықтан, ауа баптау жүйесіне қызмет көрсетуді тек білікті және сертификатталған техник мамандарға сеніп тапсырған жөн.

Барлық суық агенттерді тек тиісті жабдықтың көмегімен жою керек.

Суық агентті тікелей атмосфераға төгу айналаңыздағы адамдардың денсаулығы мен қоршаған орта үшін қауіпті. Осы сақтық шараларын сақтамау салдары ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

R-1234yf суық агенті бар автокөліктер



Суық агент біршама жанғыш болғандықтан, әрі өте жоғары қысыммен



пайдаланылатындықтан, ауа баптау жүйесіне техникалық қызмет көрсетуді тек білікті және сертификатталған техник мамандарға сеніп тапсырған жөн. Май мен суық агенттің түрі мен мөлшері дұрыс болуы маңызды.

Барлық суық агенттерді тек тиісті жабдықтың көмегімен жою керек.

Суық агентті тікелей атмосфераға төгу айналаңыздағы адамдардың денсаулығы мен қоршаған орта үшін қауіпті. Осы сақтық шараларын сақтамау салдары ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.

Ауа баптау жүйесінің суық агенті туралы ақпараты бар затбелгі



Автокөлігіңіздің кондиционеріне арналған суық агент маркасы мотор бөлігінің алдыңғы жағындағы жапсырмада көрсетілген.



Төменде ауа баптау жүйесінің суық агенті туралы ақпараты бар затбелгідегі белгілер мен сипаттамалардың мағынасы берілген:

1. Суық агент жіктелімі
2. Суық агент көлемі
3. Компрессор жағармайының жіктелімі
4. Назар аударыңыз
5. Жанғыш суық агент
6. Ауа баптау жүйесіне қызмет көрсетуді тіркелген техник маман жүргізуін қажет етеді.
7. Қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық

МИКРОКЛИМАТТЫ АВТОМАТТЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ (БАР БОЛСА)



ODN8059102L


1. Жүргізуші жақтағы температура реттегіші
2. Жолаушы жақтағы температура реттегіші
3. AUTO түймесі (автоматты басқару)
4. SYNC (синхрондау) түймесі
5. Өшіру түймесі (OFF)
6. Алдыңғы әйнек жылытқышының түймесі
7. Кондиционер түймесі
8. Таза ауаның кіруін басқару түймесі
9. Артқы әйнек жылытқышының түймесі
10. Желдеткіш жылдамдығын басқару ауыстырып қосқышы
11. Режимді таңдау ауыстырып қосқышы
12. Климаттық қондырғының ақпарат экраны

Ауаны жылыту және баптау жүйесін автоматты басқару



1. AUTO (автоматты режимді қосу) түймесін басыңыз.

Жұмыс режимдерін, желдеткіштің айналу жылдамдығын, ауа беру режимін және ауа баптау жүйесінің жұмысын басқару белгіленген температура мәндеріне сәйкес автоматты түрде жүзеге асатын болады.



Жүйенің автоматты түрде жұмыс істеу режимінде ауа ағынының қарқынын «AUTO» (автоматты) түймесін басу арқылы үш деңгейге орнатуға болады.

- «HIGH» (жоғары): ауа ағынының ең жоғары жылдамдығында ауаны тез жылыту және суыту қамтамасыз етіледі
- «MEDIUM» (орташа): ауа ағынының орташа жылдамдығында ауаны жылыту және суыту қамтамасыз етіледі
- «LOW» (төмен): ауа ағынының төмен жылдамдығын қалайтын жүргізушілерге қолайлы.

Автоматты режимде температура реттегішін «H1» (жоғары) немесе «LO» (төмен) қалпына қойғанда, ауа ағынының қарқыны «HIGH» (жоғары) күйіне ауысады.




2. Температура реттегішінің тұтқасын бұрап, қажетті мәнді таңдау керек. Температура ең төменгі (Lo) мәнге орнатылғанда, ауаны баптау жүйесі тұрақты істеп тұрады.

- Автоматты режимді өшіру үшін келесі түймелер мен ауыстырып қосқыштардың кез келгенін іске қосыңыз:

- Режимді ауыстыру түймесі
- Алдыңғы әйнек жылытқышының түймесі (Түймені бірнеше рет басып, алдыңғы әйнек жылытқышының функциясын тоқтатыңыз. Ақпарат дисплейінде AUTO таңбасы пайда болады.)
- Желдеткіш жылдамдығын басқару ауыстырып қосқышы

Таңдалған функция қолмен басқарылады, ал қалған функциялар автоматты түрде басқарылады.

- Ауа баптау жүйесін жайлы әрі тиімді басқару үшін AUTO түймесін қолданып, температураны 23°C-қа (73 °F.) орнату керек.





i Ақпарат

Жылыту және салқындату жүйесін жақсы басқару үшін датчиктің қасына әлденені орналастыруға тыйым салынған.


Ауаны жылыту және баптау жүйесін қолмен басқару


Ауаны жылыту және баптау жүйесін AUTO түймесінен басқа түймелерді басу арқылы қолмен де басқаруға болады. Мұндай жағдайда жүйе түймелермен ауысып қосылатын реті бойынша таңдалған режимдерге рет-ретімен ауысатын болады.

Автоматты жұмыс режимінде AUTO түймесінен басқа кез келген түймені басқанда, қолмен таңдалмаған функциялар автоматты түрде басқарылатын болады.

1. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
2. Режимді басқару тұтқасын өз ыңғайыңызға қарай орнатыңыз.
Жылыту немесе салқындату тиімділігін жақсарту үшін режимді келесі шарттарға сәйкес таңдаңыз:
 - Жылыту: 
 - Салқындату: 
3. Ауа температурасын басқару тұтқасын өз ыңғайыңызға қарай орнатыңыз.
4. Ауа тарту функциясын басқару реттегішін «Fresh» (таза ауа) режиміне орнатыңыз.
5. Желдеткіштің айналу жылдамдығын ыңғайыңызға қарай баптаңыз.
6. Қажет болса, кондиционерді қосыңыз.
7. Автоматты басқару режиміне қайту үшін AUTO түймесін басу керек.

Жұмыс режимін таңдау







Режимді таңдау ауыстырып қосқышы желдету жүйесінен шығатын ауа ағынының бағытын өзгертеді.

Ауа келесі саңылаулар арқылы беріледі:




 Ауаның алдыңғы панельдегі желдету саңылаулары арқылы берілуі – соплалар (B, D, F)


Ауа ағыны дененің жоғарғы бөлігіне және адамның бетіне бағытталады. Оған қоса, әрбір желдету саңылауының қалпын ол арқылы кіретін ауа ағынын бағыттау үшін баптауға болады.

 Ауаның алдыңғы панельдегі желдету саңылаулары арқылы және салонның төменгі жағына берілуі – соплалар (B, C, D, E, F)

Ауа ағыны адамның бетіне және салонның төменгі жағына бағытталады.

 Ауаның салонның төменгі жағына және алдыңғы әйнекке берілуі – соплалар (A, C, D, E)

Ауаның негізгі бөлігі салонның төменгі жағына және алдыңғы әйнекке бағытталса, оның аздаған мөлшері әйнекке мұз қатпауы үшін бүйірлік соплаларға беріледі.


 Ауаның салонның төменгі жағына берілуі – соплалар (A, C, D, E)

Ауаның негізгі бөлігі салонның төменгі жағына бағытталады, ал оның аз мөлшері алдыңғы әйнекке және әйнекке мұз қатпауы үшін бүйірлік соплаларға жіберіледі.



Ауаның алдыңғы әйнекке берілуі – соплалар (A, D)

Ауаның негізгі бөлігі алдыңғы әйнекке бағытталады, ал оның аз мөлшері әйнекке мұз қатпауы үшін бүйірлік соплаларға жіберіледі.



ODN8059109

Аспаптар тақтасындағы желдету саңылаулары

Аспаптар тақтасындағы соплo иінтіректерін солға-оңға және жоғары-төмен жылжыту арқылы ауа ағынының бағытын тиісінше көлденеңінен және тігінен өзгертуге болады.

Желдету саңылауын жабу үшін реттегішті ең шеткі қалыпқа сыртқа қарай бұрау керек. Желдету саңылауын ашу үшін реттегішті ішке қарай бұрау керек.

Температураны реттеу



ODN8059116

Температураны жоғарылату үшін реттегішті оңға бұрау керек.

Температураны төмендету үшін реттегішті солға бұрау керек.

Реттегіш қалпын өзгерткенде, температура $0,5^{\circ}\text{C}$ (1°F) қадамымен жоғарылайды не төмендейді. Температура ең төменгі мәнге орнатылғанда, кондиционер тұрақты істеп тұрады.



ODN8059119

Жүргізуші және жолаушы жақтағы температураны біркелкі реттеу

- Жүргізуші және жолаушы жақтағы температураны біркелкі реттеу үшін «SYNC» (синхрондау) түймесін басу керек.

Жолаушы жақта орнатылатын температура жүргізуші жақтағы температурамен бірдей болады.

- Жүргізуші жақтағы температура реттегішінің тұтқасын бұру керек. Жүргізуші жақтағы және жолаушы жақтағы температуралар бірдей болып түзетіледі.
- Жолаушы жақтан берілетін ауа температурасының реттегішін бұрағанда, SYNC (синхрондау) түймесі өшеді де, жолаушы жақтағы ауа температурасын жеке реттеуге болады.

Жүргізуші және жолаушы жақтағы температураны бөлек реттеу

Жүргізуші және жолаушы жақтағы температураны бөлек реттеу үшін «SYNC» (синхрондау) түймесін тағы бір рет басу керек. Түйме индикаторы жанады.

Температураны түрлендіру

Егер аккумулятор батареясының заряды таусылса немесе ол ажыратылса, температураны көрсету режимі Цельсий градусына ауысатын болады.

Температураның өлшем бірліктерін °C-ден °F-ке және °F-тен °C-ге өзгерту:

- Климаттық қондырғыны автоматты басқару жүйесі AUTO түймесін OFF (ӨШІРУ) түймесімен бірге 3 секунд басып ұстап тұрыңыз.
- Аспаптар тақтасы
User Settings [Баптаулар] →
Other [Басқа функциялар] →
Temperature Unit [Темпер. өлш. бірл.] режиміне өтіңіз.

Осы кезде аспаптар тақтасының СК дисплейіндегі және климаттық қондырғының экранындағы температураның өлшем бірліктері өзгереді.

Ауа тартқышты басқару

Осы басқару элементі сыртқы (таза) ауаны немесе рециркуляцияны таңдау үшін пайдаланылады.

Ауа кіргізу режимін өзгерту үшін басқару түймесін басыңыз.

Ауа беру реттегіші ауа рециркуляциясы қалпында тұр



Рециркуляция режимі қосылып тұрғанда, салоннан алынатын ауа жылыту жүйесі арқылы өтеді және таңдалған режимге байланысты жылиды немесе салқындайды.

Ауаны беру реттегіші сыртқы ауаны беру қалпында тұр



Реттегішті сыртқы (таза) ауа беру режиміне орнатқанда, ауа автокөлікке сырттан кіреді де, таңдалған функцияға байланысты жылиды не салқындайды.

Ақпарат

Жүйе көбінесе таза ауа беру режимінде жұмыс істеуі керек. Рециркуляция режимін қажет болған кезде уақытша қосу керек.

Кондиционер қосылмай тұрғанда рециркуляция режиміндегі жылытқыш ұзақ жұмыс істесе, алдыңғы әйнек буланып кетуі мүмкін.


Оған қоса, кондиционер рециркуляция режимінде ұзақ істегенде, салондағы ауа тым қатты кеуіп, құрғап кетеді де, ауаның тұрып қалуына байланысты желдету саңылауларынан көгерген заттың иісі пайда болуы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Климат-бақылау жүйесін рециркуляция режимінде ұзақ уақыт пайдаланғанда, салондағы жолаушылардың ұйқысын келтіріп жібереді. Бұл автокөліктің бақылаудан шығып, соның салдарынан апатқа ұшырауға алып келуі мүмкін.
- Климат-бақылау жүйесін ауа кондиционері өшірулі кезде ұзақ уақыт бойы рециркуляция режимінде пайдаланса, салонда ылғал көбейіп кетеді. Бұның салдарынан алдыңғы әйнекте конденсат жиналып, көру мүмкіндігі нашарлап кетеді.

- Ауа жылытқыш немесе ауа баптау жүйесі қосулы болғанда, әйнектері жабық, тұраққа қойылған автокөлік ішінде ұзақ уақыт отырмаңыз және ұйықтамаңыз. Өйткені салонда көмірқышқыл газының деңгейі көбейіп, тиісінше денсаулыққа ауыр зиян тигізуі немесе өлімге алып келуі мүмкін.

Желдеткіштің айналу жылдамдығын баптау



Желдеткіш жылдамдығы желдеткіштің айналу жиілігінің ауыстырып қосқышымен реттеледі.

Желдеткіш жылдамдығы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым көп ауа кіреді.

OFF (Өшіру) түймесін басқанда, желдеткіш өшеді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Оталдыру жүйесі қосулы тұрғандағы желдеткіш жұмысы аккумулятор батареясы зарядының таусылуына алып келуі мүмкін. Желдеткішті қозғалтқыш оталып тұрғанда қосу керек.

Ауа баптау жүйесі



Ауа баптау жүйесін қосу үшін A/C түймесін басыңыз (осы кезде оның ішіндегі бақылау шамы жанады).

Осы түймені қайта басқанда, ауа баптау жүйесі өшіп қалады.

Өшіру режимі



Алдыңғы OFF түймесін басып, климат-бақылау жүйесін өшіруге болады.


Дегенмен, оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда, режимді таңдау және ауа беру түймелерін басқару әлі де мүмкін болады.



Жүйе жұмысы

Желдету

1. Face Level  (бет деңгейі) режимін таңдаңыз.
2. Ауа тарту функциясын басқару реттегішін «Fresh» (таза ауа) режиміне орнатыңыз.
3. Температура реттегішін қажетті қалыпқа орнатыңыз.
4. Желдеткіш жылдамдығының реттегішін қажетті қалыпқа орнатыңыз.

Жылыту

1. Floor Level  (еден деңгейі) режимін таңдаңыз.
2. Ауа тарту функциясын басқару реттегішін «Fresh» (таза ауа) режиміне орнатыңыз.
3. Температура реттегішін қажетті қалыпқа орнатыңыз.
4. Желдеткіш жылдамдығының реттегішін қажетті қалыпқа орнатыңыз.
5. Қажет болса, салонға отырап алдында температура реттегішінің көмегімен ауаны баптау жүйесін жылытуға қосып, салон ішіндегі ауадан ылғалды кетіріңіз.


Алдыңғы әйнек буланып кетсе, «Floor & Defrost»  (еден мен алдыңғы әйнекке үрлеу) режимін таңдаңыз немесе «Front Defrost»  (алдыңғы әйнекке үрлеу) түймесін басыңыз.

Пайдалану жөніндегі кеңестер


- Автокөлік салонына желдету жүйесі арқылы жағымсыз газдардың кірмеуі үшін ауа тарту мүмкіндігін басқару түймесін ауа рециркуляциясы режиміне аз уақытқа орнатыңыз. Ауа жеткілікті мөлшерде тазарған соң, басқару мүмкіндігін таза ауа беру режиміне қайтаруды ұмытпаңыз. Осылайша, жайлылық пен жүргізушінің қырағылығы жақсарады.
- Алдыңғы әйнектің булануына жол бермеу үшін ауа тарту реттегішін таза ауа беру режиміне қойып, желдеткіш жылдамдығын қажетті қалыпқа орнатыңыз да, ауаны баптау жүйесін қосып, температураны реттеңіз.

Ауа баптау жүйесі

HYUNDAI ауаны баптау жүйесінде R-134a немесе R-1234yf суық агенті пайдаланылады.

1. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
2. Ауаны баптау түймесін басыңыз.
3. Face Level  (бет деңгейі) режимін таңдаңыз.
4. Салонды тез салқындату үшін ауа беру мүмкіндігін басқару функциясын уақытша рециркуляция режиміне орнату керек. Салонда қажетті температура орнағанда, ауа беру мүмкіндігін басқару функциясын қайтадан «Fresh» (таза ауа беру) режиміне өзгертіңіз.
5. Желдеткіш жылдамдығын және аса жайлы күйді сақтау үшін температураны реттеңіз.

i Ақпарат



Автокөлікті жеткізетін елде дайындау уақытында қолданылған нормативтерге сәйкес, кондиционерге R-134a немесе R-1234yf суық агенті құйылған. Автокөлігіңіздің кондиционеріне арналған суық агент маркасы мотор бөлігінің алдыңғы жағындағы жапсырмада көрсетілген.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Суыту контуры дұрыс әрі қауіпсіз жұмыс істеуі үшін оған тек арнайы оқыған және сертификаты бар мамандар қызмет көрсетуі керек.
- Суыту контурымен жұмыс істегенде, үй-жай жақсы желдетілуі тиіс.

- Кондиционердің буландырғышын (салқындату иректүтігін) жөндеу немесе ауыстыру үшін басқа немесе апатқа ұшыраған автокөліктен шешім алынған буландырғышты пайдалануға тыйым салынады. Жаңа MAC буландырғыштары сертификатталған және SAE J2842 стандартының талаптарына сай келетін буландырғыштар ретінде тиісінше таңбаланған болуы керек.

i Ақпарат


- Ауаны баптау жүйесі қосылып тұрған кезде өрге шыққанда, тығыз көлік кептелісінде және сыртқы ауа температурасы жоғары болғанда, мотор майы температурасының көрсеткішін қадағалап тұрыңыз. Ауаны баптау жүйесінің жұмысы қозғалтқыштың қызып кетуіне алып келуі мүмкін. Қозғалтқыш қызып кетсе, желдеткішті қосулы қалдырып, ауа баптау жүйесін өшіріп қойыңыз.
- Ылғалды ауа райында терезені ашса, қосулы тұрған ауа баптау жүйесі салон ішінде су тамшыларын түзуі мүмкін. Су тамшыларының көп мөлшері электр жабдығын зақымдауы мүмкін болғандықтан, ауа баптау жүйесін тек терезе жабық кезде қосуға болады.

Ауа баптау жүйесін пайдалану бойынша кеңестер

- Егер автокөлік ыстық ауа райында күн астында тұрақта тұрса, аз уақыт терезені ашып, салондағы ыстық ауаны шығарып жіберіңіз.
- Жеткілікті түрде салқындатылған соң қайтадан рециркуляция режимінен сыртқы ауаны беру режиміне ауысыңыз.
- Жаңбырлы күндері немесе ауа ылғалдылығы жоғары болған күндері әйнектің ішкі жақ бетінде пайда болатын ылғалды азайту үшін терезелерді және төбедегі люкті жауып, ауа баптау жүйесін пайдаланыңыз.
- Ауа баптау жүйесі жұмыс істеп тұрғанда, кейде қозғалтқыштың айналу жиілігінде аздаған өзгерістер байқалуы мүмкін, бұл осы жүйе компрессорының қосылуына байланысты болады. Бұл – жүйенің жұмысы үшін қалыпты жағдай.
- Ауа баптау жүйесінің ең жоғарғы жұмыс тиімділігін сақтау үшін оны ең болмағанда айына бір рет қосып тұрыңыз.
- Ауа баптау жүйесін пайдаланғанда, автокөліктің астында (жолаушы орындығының астында) таза су тамшыларын (немесе тіпті шалшықты) байқауға болады. Бұл – жүйенің жұмысы үшін қалыпты жағдай.
- Ауа кондиционерін қарқынды түрде пайдаланғанда, сыртқы ауа мен алдыңғы әйнекке үрлейтін ауа температурасының айырмашылығы алдыңғы әйнектің сыртқы бетін ылғалдандырып, көру мүмкіндігін нашарлатып жіберуі мүмкін. Мұндай жағдайда режимді таңдау түймесін () қалпына орнатып, желдеткіштің айналу жылдамдығын төмендету керек.

Жүйеге техникалық қызмет көрсету

Климат-бақылау жүйесінің сүзгісі



[A] : Сыртқы ауа

[B] : Рециркуляцияланатын ауа

[C] : Климат-бақылаудың ауа сүзгісі

[D] : Желдеткіш

[E] : Буландырғыш өзекшесі

[F] : Жылытқыш өзекшесі

Бұл сүзгі ұсақ-түйек тартпасының артында орнатылған. Ол автокөлік ішіне ауаны жылыту және баптау жүйесі арқылы кіретін шаң мен басқа да ластағыш заттарды сүзіп тұрады.

Климат-бақылау жүйесінің ауа сүзгісін ауыстыру үшін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес HYUNDAI уәкілетті дилеріне хабарласу керек.

Автокөлік шаң басқан, ойлы-қырлы жолдар сияқты ауыр жағдайларда пайдаланылса, климат-бақылау жүйесінің ауа сүзгісін жиірек тексеріп, ауыстырып тұру керек.

Ауа ағыны күрт азайып кеткен жағдайда, жүйені HYUNDAI уәкілетті дилерінде тексерту керек.

i Ақпарат

- Ауа сүзгісін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстырыңыз.

Автокөлік ауыр жағдайларда пайдаланылғанда (мысалы, шаң басқан немесе ойлы-қырлы жолда) климат-бақылаудың ауа сүзгісін жиірек тексеріп, ауыстырып тұру керек.

- Ауа шығыны күрт төмендеп кеткенде, жүйені тексерту үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласуға кеңес берміз.

Кондиционер жүйесіндегі суық агент пен май мөлшерін тексеру

Суық агент деңгейі төмен болса, ауа баптау жүйесінің жұмыс тиімділігі төмендейді. Суық агентті тым артық толтыру да ауа баптау жүйесінің жұмысына кері әсерін тигізеді. Сондықтан жұмысы бірқалыпты болмауын байқаған жағдайда, HYUNDAI уәкілетті дилеріне барып, жүйені тексерту керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Май мен суық агенттің түрі мен мөлшері дұрыс болуы маңызды. Әйтпесе, компрессор зақымдалуы және жүйенің жұмысы нормадан ауытқуы мүмкін. Зақым алмас үшін ауа баптау жүйесіне қызмет көрсетуді тек білікті және сертификатталған техник мамандарға сеніп тапсырған жөн.

АБАЙЛАҢЫЗ

R-134a суық агенті бар автокөліктер



Суық агенті өте жоғары қысыммен пайдаланылатындықтан, ауа баптау жүйесіне қызмет көрсетуді тек білікті және сертификатталған техник мамандарға сеніп тапсырған жөн.

Барлық суық агенттерді тек тиісті жабдықтың көмегімен жою керек.

Суық агентті тікелей атмосфераға төгу айналаңыздағы адамдардың денсаулығы мен қоршаған орта үшін қауіпті. Осы сақтық шараларын сақтамау салдары ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

R-1234yf суық агенті бар автокөліктер



Суық агент біршама жанғыш болғандықтан, әрі өте жоғары қысыммен




пайдаланылатындықтан, ауа баптау жүйесіне қызмет көрсетуді тек білікті және сертификатталған техник мамандарға сеніп тапсырған жөн. Май мен суық агенттің түрі мен мөлшері дұрыс болуы маңызды.

Барлық суық агенттерді тек тиісті жабдықтың көмегімен жою керек.

Суық агентті тікелей атмосфераға төгу айналаңыздағы адамдардың денсаулығы мен қоршаған орта үшін қауіпті. Осы сақтық шараларын сақтамау салдары ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.

Ауа баптау жүйесінің суық агенті туралы ақпараты бар затбелгі



Автокөлігіңіздің кондиционеріне арналған суық агент маркасы мотор бөлігінің алдыңғы жағындағы жапсырмада көрсетілген.



Төменде ауа баптау жүйесінің суық агенті туралы ақпараты бар затбелгідегі белгілер мен сипаттамалардың мағынасы берілген:

1. Суық агент жіктелімі
2. Суық агент көлемі
3. Компрессор жағармайының жіктелімі
4. Назар аударыңыз
5. Жанғыш суық агент
6. Ауа баптау жүйесіне қызмет көрсетуді тіркелген техник маман жүргізуін қажет етеді.
7. Қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық

АЛДЫҢҒЫ ӘЙНЕКТЕГІ ҚЫРАУДЫ ЖӘНЕ БУДЫ КЕТІРУ

АБАЙЛАҢЫЗ


Алдығы әйнекті жылыту

Сырттағы ауаның ылғалдылық деңгейі жоғары болғанда, салқындату режимінде  немесе  қалпын пайдаланбаңыз. Сыртқы ауа температурасы мен алдығы әйнек температурасының арасындағы айырмашылық алдығы әйнектің сыртқы бетін буландырып жіберетіндіктен, көру мүмкіндігі жоғалады. Мұндай жағдайда режим таңдау тұтқасын немесе түймесін  қалпына орнатыңыз, ал желдеткіштің  айналу жылдамдығын баптау тұтқасын немесе түймесін ақырын айналу жылдамдығы қалпына қойыңыз.




- Алдығы әйнекті жылыту тиімділігі жоғары болуы үшін температураны басқару реттегішін ең жоғарғы температураға орнатыңыз (оңға қарай тірелгенше бұрау) және желдеткіш жұмысының ең жоғарғы жылдамдығын таңдаңыз.
- Әйнектегі қырауды немесе буды кетіру кезінде ауаны салонның төменгі жағына беру қажет болса, ауаны салонның төменгі жағына және алдығы әйнекке беру режимін орнатыңыз.
- Қозғалысты бастамас бұрын алдығы әйнектен, артқы әйнектен, сыртқы артқы көрініс айналарынан және барлық бүйірлік әйнектерден қар мен мұзды толығымен алып тастаңыз.
- Салон жылытқышының және әйнек жылытқыштың жұмыс тиімділігін арттыру үшін, сондай-ақ алдығы әйнектің ішкі бетінің булану ықтималдығын азайту үшін капоттағы және ауа тартқыш торындағы қар мен мұзды толығымен алып тастаңыз.

Қолмен басқарылатын микроклиматты басқару жүйесі

Алдыңғы әйнектің ішкі бетінің булану ықтималдығын азайту үшін




[A] : A типі, [B] : B типі


1. «0» қалпынан басқа, желдеткіштің кез келген айналу жылдамдығын орнатыңыз.
2. Қажетті температура мәнін таңдаңыз.
3.  немесе  қалпын таңдаңыз.
4. Таза ауа беру режимі автоматты түрде таңдалады. Оған қоса, реттегішті () қалпына қойғанда, кондиционер (бар болса) автоматты түрде қосылады.

Егер кондиционер мен сыртқы ауаны беру мүмкіндігі автоматты түрде қосылмаса, тиісті түймені қолмен басыңыз.

Алдыңғы әйнектің сыртқы бетіндегі қырауды кетіру үшін




[A] : A типі, [B] : B типі

1. Желдеткіш жылдамдығын ең жоғарғы мәнге орнатыңыз (реттегішті оңға тірелгенше бұраңыз).
2. Температура реттегішін ең жоғарғы температура қалпына орнатыңыз.
3.  қалпын таңдаңыз.
4. Автоматты түрде таза ауаны кіргізу және баптау режимі таңдалатын болады (бар болса).

Микроклиматты автоматты басқару жүйесі


Алдыңғы әйнектің ішкі бетінің булану ықтималдығын азайту үшін



1. Желдеткіштің айналу жылдамдығының қажетті мәнін таңдаңыз.
2. Қажетті температура мәнін таңдаңыз.
3. Әйнек жылытқышын қосу түймесін (FRONT) басыңыз.
4. Ауаны баптау режимі тіркелген ауа температурасына сәйкес қосылып, автоматты түрде таза ауа беру қалпы таңдалады, сондай-ақ желдеткіштің жоғарырақ жылдамдығы таңдалатын болады.



Егер кондиционер, таза ауа беру мүмкіндігі және желдеткіштің жоғары жиілікпен айналу жылдамдығы автоматты түрде қосылмаса, тиісті түймені немесе реттегішті қолмен реттеңіз.

Алдыңғы әйнектің сыртқы бетіндегі қырауды кетіру үшін





1. Желдеткішті ең жоғарғы айналу жылдамдығына орнатыңыз.
 2. Температураның ең жоғарғы мәнін (HI) орнатыңыз.
 3. Әйнек жылытқышын қосу түймесін (FRONT) басыңыз.
 4. Ауаны баптау режимі тіркелген ауа температурасына сәйкес қосылып, автоматты түрде таза ауа беру қалпы таңдалады.
- FRONT қалпын таңдағанда, желдеткіштің айналу жылдамдығы төменнен жоғарыға ауысады.

Буды кетіру жүйесінің жұмыс алгоритмі (бар болса)

Алдыңғы әйнектің ішкі жағынан булану ықтималдығын азайту үшін ауаны беру режимін және ауаны баптау жүйесінің жұмысын  және  қалыптары сияқты белгілі бір шарттарға сәйкес автоматты түрде басқару орындалады.

Булануды жою жүйесінің жұмыс алгоритмін тоқтату үшін немесе оны бастапқы күйлерге қайтару үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.

Қолмен басқарылатын микроклиматты басқару жүйесі


1. Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті ON қалпына бұраңыз.
2. Жұмыс режимін таңдау тұтқасын ауаны алдыңғы әйнекке беру () қалпына бұраңыз.
3. Ауа тарту режимдерін ауыстыру түймесін 3 секунд ішінде кемінде 5 рет басыңыз. Процесс дефростер () режимі таңдалған соң 10 секунд ішінде аяқталуы тиіс.

Ауа беру түймесіндегі жарықдиодты индикатор 3 рет жыпылықтап, алдыңғы әйнекті жылытудың логикалық схемасы өшірілгенін білдіреді.

Алдыңғы әйнекті жылытудың логикалық схемасын қайта қосу үшін сатыларды қайталап орындаңыз.

Аккумулятор батареясының заряды таусылғанда немесе оны ажыратқанда, булануды жою жүйесінің жұмыс алгоритмі бастапқы күйге қайтады.

Микроклиматты автоматты басқару жүйесі


1. Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті ON қалпына бұраңыз.
2. Ауаны алдыңғы әйнекке беру режимін тиісті () түймесін басу арқылы таңдаңыз.
3. Ауа баптау жүйесін қосу түймесін (A/C) басып тұрып, ауа беру режимдерін ауыстыру түймесін 3 секунд ішінде кемінде 5 рет басу керек.

Климат-бақылаудың автоматты жүйесінің ақпарат экраны 3 рет жыпылықтап, алдыңғы әйнекті жылытудың логикалық схемасы өшірілгенін білдіреді.

Алдыңғы әйнекті жылытудың логикалық схемасын қайта қосу үшін сатыларды қайталап орындаңыз.

Аккумулятор батареясының заряды таусылғанда немесе оны ажыратқанда, булануды жою жүйесінің жұмыс алгоритмі бастапқы күйге қайтады.

Булануға автоматты түрде жол бермейтін жүйе (Тек микроклиматты автоматты басқару жүйесі үшін, бар болса)



Булануға автоматты түрде жол бермейтін жүйе ылғал мөлшерін өлшеу арқылы алдыңғы әйнектің ішкі жағының булану ықтималдығын төмендетеді.

Буланған әйнекті автоматты түрде тазалау жүйесі жылытқыш немесе кондиционер қосылып тұрғанда жұмыс істейді.



Алдыңғы әйнекті автоматты түрде жылыту жүйесі жұмыс істегенде, индикатор жанады.

Автокөлік ішінде ылғал деңгейінің жоғары болғанын анықтағанда, алдыңғы әйнекті автоматты түрде жылыту жүйесі қосылады.

Төменде көрсетілген кезеңдер автоматты түрде орындалады:

- 1)-кезең Кондиционер түймесі қосылады.
- 2)-кезең Сыртқы ауа температурасы төмен болған жағдайда, ауа беру мүмкіндігін басқару режимі «Fresh» (таза ауа беру) қалпына ауысады.
- 3)-кезең Режим «defrost» (алдыңғы әйнекке үрлеу) қалпына өзгеріп, ауа ағыны тікелей алдыңғы әйнекке берілетін болады.
- 4)-кезең Желдеткіш жылдамдығы артады.

Алдыңғы әйнекті автоматты түрде жылыту жүйесін өшіру

Оталдыру жүйесі қосулы кезде 3 секунд бойы алдыңғы әйнекті жылыту түймесін басып ұстап тұрыңыз.

Алдыңғы әйнекті автоматты түрде жылыту жүйесін өшіргенде, алдыңғы әйнек жылытқышының түймесі 3 рет жыпылықтайды.

Алдыңғы әйнекті автоматты түрде жылыту жүйесінің баптауларын нөлдегенде, алдыңғы әйнек жылытқышының түймесіндегі индикатор сигналсыз 6 рет жыпылықтайды.

i Ақпарат

- Әйнектің булануын автоматты түрде жою жүйесін іске қосу арқылы ауаны баптау жүйесі қосылған болса, ауаны баптау жүйесін өшіруге әрекет жасағанда, индикатор 3 рет жыпылықтайды да, ауаны баптау өшпейді.
- Алдыңғы әйнекке автоматты түрде үрлеу жүйесінің жұмыс тиімділігін сақтау үшін жүйе жұмыс істеп тұрғанда рециркуляция режимін таңдамаңыз.
- Алдыңғы әйнекке автоматты түрде үрлеу жүйесі жұмыс істеп тұрғанда, желдеткіш жылдамдығының, температураның реттегіштері және ауа беруді басқару түймесі өшіп тұрады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Жүргізуші жақтағы алдыңғы әйнектің жоғарғы жағында орналасқан датчиктің қақпағын алмаңыз.

Өйткені бұның салдарынан жүйенің элементтері зақымдалуы мүмкін және оларға кепілдік күші қолданылмайтын болады.

Дефростер

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Артқы әйнек жылытқышының қылдарын (әйнектің ішкі бетіне жапсырылған) зақымдамас үшін оны тазалағанда өткір құралдарды немесе қажайтын материалдары бар әйнек жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз.

i Ақпарат

Алдыңғы әйнекті жібіту және булануды жою туралы ақпарат осы тараудың “Алдыңғы әйнекті жібіту және булануды жою” параграфында берілген.

Артқы әйнек жылытқышы



Қозғалтқыш қосулы тұрғанда, жылытқыш артқы әйнекті ішінен де, сыртынан да қыздырып, қырауды, булануды және мұз қабатын жояды.

- Артқы әйнек жылытқышын қосу үшін алдыңғы орталық ауыстырып қосқыштар тақтасындағы тиісті түймені басу керек. Артқы әйнек жылытқышы қосылғанда, түймеде индикатор жанады.
- Жылытқышты өшіру үшін түймені тағы бір рет басыңыз.

i Ақпарат

- Егер артқы әйнекті қалың қар қабаты жауып тұрса, жылытқышты қоспай тұрып, қарды щеткамен сышырып тастаңыз.
- Артқы әйнек жылытқышы шамамен 20 минуттан кейін немесе оталдыру жүйесін құлыптаған/өшірген соң автоматты түрде өшеді.

Сыртқы артқы көрініс айналарының жылытқышы (бар болса)

Автокөлікте артқы көрініс айналарының жылытқышы болса, ол артқы әйнек жылытқышы қосылғанда бірге қосылады.

КЛИМАТ-БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚОСЫМША ФУНКЦИЯЛАРЫ

Таза ауамен қамтамасыз ету жүйесі (бар болса)

Оталдыру жүйесін қосқан кезде, ауа тазарту функциясы автоматты түрде іске қосылады.

Оған қоса, оталдыру жүйесін өшіргенде, ауа тазарту функциясы автоматты түрде өшеді.

Төбедегі люкті ашқанда ауа беру режимдерін ауыстырып қосу (бар болса)

Төбедегі люкті ашқанда рециркуляция жапқышы автоматты түрде салонға сыртқы ауаны беру қалпына орнайды. Егер осы уақытта рециркуляция жапқышын басқару түймесін басса, жапқыш рециркуляция қалпына өтеді, бірақ 3 минуттан кейін салонға сыртқы ауаны беру қалпына қайтады. Төбедегі люкті жапқанда, жапқыш бұрын таңдалған қалыпқа қайтады.

Автоматты желдету (бар болса)

Климат-бақылау жүйесі төмен температурада және рециркуляция режимі қосулы тұрғанда белгілі бір уақыт ішінде (шамамен 30 минут) жұмыс істеп тұрғанда, жүйе автоматты түрде таза ауа тарту режимін қосады.

ЗАТТАРДЫ САҚТАУ БӨЛІМДЕРІ

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік ішінде оттықтарды, пропан баллондарын немесе басқа да отқа қауіпті немесе жарылғыш заттарды сақтауға тыйым салынған. Олар автокөлікке жоғары температура ұзақ әсер еткенде жанып және/немесе жарылып кетуі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Барлық ұсақ-түйек тартпаларының қақпақтары қозғалыс барысында ӘРДАЙЫМ жабық тұруы керек.

Автокөлік ішінде тұрған заттар жерге қатысты автокөлік жылдамдығымен қозғалады. Күрт тежегенде немесе бұрғанда, сондай-ақ жол-көлік апаты орын алғанда, олар тартпалардан ұшып кетіп, жүргізушіге және жолаушыға ауыр жарақат келтіруі мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Ұрлық жасау ықтималдығына жол бермеу үшін бағалы заттарды сақтау бөлімдерінде қалдырмаңыз.


Орталық консольдегі бөлім



Ашу:

Шынтақ таянышы ілгегінен ұстап, қақпақты ашыңыз.

Ұсақ-түйек тартпасы



Ашу:

(1) тұтқасынан тартыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Ұсақ-түйек тартпасының есігі пайдаланылып болған соң ҮНЕМІ жабық күйде тұруы керек.

Жол-көлік апаты орын алғанда, ұсақ-түйек тартпасының ашық есігі жолаушыға, қауіпсіздік белбеуін тағып отырса да, ауыр жарақат келтіруі мүмкін.

САЛОННЫҢ ІШКІ ӘРЛЕУ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Күлсалғыш (бар болса)



Күлсалғышты пайдалану үшін қақпағын ашу керек.

Күлсалғышты тазалау:

Күлсалғыш астауын шешіп алу керек. Ол үшін қақпақты сағат тіліне қарсы бұрап, шығарып алыңыз және астауды жоғары көтеріңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Күлсалғышты пайдалану


Егер тұтатылған темекіні немесе сіріңкелерді күлсалғышқа басқа да жанғыш материалдармен бірге салса, өрт шығуы мүмкін.

Сусындарға арналған ұстағыш (бар болса)

Алдыңғы



Артқы



Ыдыстарды немесе кішкене банкаларды сусындарға арналған ұстағышқа орнатуға болады.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Сусын төгілмес үшін, ұстағышта сусын ыдысы тұрғанда автокөлік жылдамдығын күрт үдетуге және тежеуге болмайды. Ыстық сұйықтық төгілсе, күйік шалуы мүмкін. Жүргізушіні осындай күйік шалғанда, ол көлікті басқара алмай, жол-көлік апатына ұшырауы мүмкін.
- Автокөлік қозғалысы кезінде сусындарға арналған ұстағышқа ішінде ыстық сұйықтығы бар ыдыстарды, бөтелкелерді, банкаларды және т.б. ашық күйінде қоюға болмайды. Әйтпесе, жол-көлік апаты орын алғанда немесе күрт тежегенде, жарақат келуі мүмкін.
- Сусындарға арналған ұстағыштарға тек жұмсақ ыдысты қою керек. Жол-көлік апаты орын алған жағдайда, қатты заттар жарақат келтіруі мүмкін.


АБАЙЛАҢЫЗ

Банкалар мен бөтелкелерді тікелей күн сәулесінің әсерінен алшақ ұстаңыз және салон температурасы жоғарылауы мүмкін автокөлік ішінде оларды қалдырмаңыз. Олар жарылуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Сусынның төгілуіне жол бермес үшін сусындардың қақпақтары жабық тұруы керек. Төгілген жағдайда, олар автокөліктің электрлік немесе электронды жүйелерін істен шығаруы мүмкін.
- Төгілген сұйықтықтарды сүрткенде, ұстағыштың жоғары температурада кебуіне жол бермеңіз.
Өйткені сусындарға арналған ұстағыш зақымдалуы мүмкін.

Күнқағар



ОТМ048089

Күнқағарды пайдалану үшін оны төмен тартып түсіру керек.

Күнқағарды бүйірлік әйнекке қолдану үшін оны төмен тартып, бекітмесінен (1) шығарып, бүйірлік әйнекке бұрып қою керек (2).

Күнқағардағы айнаны пайдалану үшін күнқағарды түсіріп, айна қақпағын (3) ысыру керек.

Қажет болғанда, күнқағарды алға не артқа жылжытыңыз (4, бар болса).

Түбіртектерді сақтау үшін арнайы қыстырғышты (5) пайдалану керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

Өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін күнқағарды пайдаланғанда көру мүмкіндігін жаппау керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Шашылмау үшін қыстырғышқа бірнеше қағазды бір уақытта салуға болмайды.

Бұл қағаз қыстырғышты зақымдауы мүмкін.

Электр розеткасы (бар болса)



Электр розеткасы мобильді телефондарды немесе автокөліктің электрлік жүйесінде жұмыс істеуге арналған басқа құрылғыларды қуаттауға арналған.

Құрылғылар қозғалтқыш қосылып тұрғанда 180 Вт (ваттан) артық тұтынбауы керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

Электр тогының соғуынан сақтану керек.

Розеткаларға саусақтарды немесе басқа да заттарды (мысалы, қарындаш) салуға немесе розеткаларды су қолмен ұстауға болмайды.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Қуаттау розеткасы зақымдалмас үшін:

- Электр аспаптарын тек қозғалтқыш оталып тұрғанда ғана пайдалану керек; оларды пайдаланып болған соң розеткадан ажыратып қою қажет. Қозғалтқыш өшіп тұрғанда, ұзақ уақыт бойы көмекші аспаптарды қуаттау үшін розетканы пайдаланғанда, батареяның заряды таусылуы мүмкін.
- Тек 12 В кернеуіне есептелген, қуаты 180 Вт (ваттан) кем электр құрылғыларын ғана қосу керек.
- Электр розеткасын пайдаланғанда, ауаны баптау немесе жылыту жүйесінің ең төменгі жұмыс режимін орнату керек.
- Розетка пайдаланылмайтын болса, қақпақты жабыңыз.
- Кейбір электронды аспаптар автокөліктің электр розеткасына қосылғанда, кедергі көзіне айналуы мүмкін. Олар аудиожүйе жұмыс істегенде қатты шу шығаруы және автокөлікте пайдаланылып тұрған басқа электронды жүйелердің немесе аспаптардың дұрыс істемеуінің себебіне айналуы мүмкін.

- Розеткаға ашаны тірелгенше сұғу керек. Түйісу нашар болса, аша қызып кетуі немесе кіріктірілген термосақтандырғыш іске қосылуы мүмкін.
- Батареяның ашасы кері токтан қорғайтын электрлік немесе электронды құрылғылармен жабдықталған. Батареяның кері тогы автокөліктің электрлік немесе электронды жүйелерінің тізбектерінен өтіп, оларды зақымдауы мүмкін.

USB зарядтағыш құрылғысы (бар болса)




USB зарядтағыш құрылғысы жүргізуші мен алдыңғы жолаушы орындықтары арасындағы басқару консолі қорабының ішінде орналасқан.

USB зарядтағыш құрылғысын USB портына салып, смартфонды немесе планшеттік компьютерді зарядтаңыз.

- Заряд күйі/зарядтаудың аяқталғаны туралы хабарлама смартфон немесе планшеттік компьютер экранында көрсетіледі.
- Зарядтау барысында смартфон немесе планшеттік компьютер қызуы мүмкін. Бұл зарядтау жүйесінің ақаулығы емес.

- Басқа зарядтау әдісі қарастырылған смартфон немесе планшеттік компьютер дұрыс зарядталмауы мүмкін. Бұл жағдайда нақты сол құрылғыға арналған зарядтау құрылғысын пайдалану керек.
- Зарядтауға арналған ұя тек құрылғыны зарядтау үшін пайдаланылуы керек. Зарядтауға арналған ұяны аудиожүйені қосу немесе AVN ішіндегі мультимедиа тасығыштарының мәліметтерін ойнату үшін пайдаланбаңыз.

Смартфондарды сымсыз зарядтау жүйесі (бар болса)



[A] : Индикатор, [B] : Зарядтау қаптамасы

Сымсыз мобильді телефонды зарядтау құрылғысы алдыңғы консольде орналасқан.

Жүйені пайдалану үшін барлық есіктер жабық болуы, ал оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышы ACC/ON қалпында тұруы керек.

Ұялы телефонды зарядтау

Мобильді телефонды сымсыз зарядтау жүйесі тек Qi (Φ) технологиясы бойынша индукциялық жолмен зарядтау мүмкіндігі бар мобильді телефондарды ғана зарядтайды. Мобильді телефон қақпағындағы жапсырманы оқыңыз немесе мобильді телефон өндірушісінің веб-сайтына кіріп, сіздің мобильді телефоныңыз Qi технологиясын қолдайтынын анықтап алыңыз.

Сымсыз зарядтау процесі Qi қолдайтын мобильді телефонды сымсыз зарядтау модулінің үстіне қойғанда басталады.

1. Сымсыз зарядтау модулінің бетіндегі электронды кілт сияқты басқа заттарды алып тастаңыз. Әйтпесе сымсыз зарядтау процесі үзіледі. Мобильді телефонды зарядтау құрылғысының ортасына орналастырыңыз.
2. Мобильді телефонды зарядтау кезінде индикатор қызғылт сары түспен жыпылықтап тұрады. Телефон зарядталып болған соң индикатор жасыл түспен жанады.
3. Сымсыз зарядтау функциясын аспаптар тақтасының пайдаланушы баптаулары режимінен қосуға не өшіруге болады. Қосымша ақпарат алу үшін осы бөлімнің «СК режимдері» тармағын қараңыз.

Егер мобильді телефон зарядталмаса:

- Зарядтау қаптамасының үстіндегі телефонды қозғалтып көріңіз.
- Индикатордың қызғылт сары түспен жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Сымсыз зарядтау жүйесінде ақау болғанда, индикатор қызғылт сары түспен 10 секунд жыпылықтайды.

Бұл жағдайда сымсыз зарядтау процесін уақытша тоқтатып, сәлден кейін мобильді телефонды қайта зарядтап көріңіз.

Қозғалтқыш өшіп тұрғанда алдыңғы есік ашылса және осы кезде сымсыз зарядтау құрылғысының үстінде мобильді телефон тұрса, СК дисплейде ескерту хабарламасы пайда болады.

Кейбір мобильді телефондар үшін, тіпті олар сымсыз зарядтау блогының үстінде тұрса да, жүйеден ескерту берілмеуі мүмкін. Бұл мобильді телефонның сипаттамасына байланысты болады және сымсыз зарядтау құрылғысының ақауы емес.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Мобильді телефондарды сымсыз зарядтау жүйесі Qi (Qi) верификациясы жоқ кейбір телефондарға қолдау көрсетпеуі мүмкін.
- Телефонды тиімді зарядтау үшін телефонды зарядтау тұғырының ортасына орналастыру керек. Егер мобильді телефон бір жақ шетінде тұрса, зарядтау жылдамдығы төмен болуы мүмкін, кейбір жағдайларда мобильді телефон әдеттегіден қатты қызуы мүмкін.
- Кейбір жағдайларда электронды кілтті немесе қашықтан басқару кілтін пайдаланғанда, автокөлік қозғалтқышын оталдырғанда, есіктерді құлыптағанда және құлпын ашқанда және т.б. кездерде зарядтау процесі уақытша ажырап қалуы мүмкін.
- Кейбір мобильді телефондарды зарядтағанда, зарядтау индикаторы телефон толық зарядталып болса да жасыл түске ауыспауы мүмкін.
- Сымсыз зарядтау жүйесінің ішіндегі температура тым қатты жоғарылап кетсе, сымсыз зарядтау процесі уақытша тоқтап қалуы мүмкін. Температура белгілі бір деңгейге дейін төмендегенде, сымсыз зарядтау процесі қалпына келеді.

- Мобильді телефон мен сымсыз зарядтау жүйесінің арасында тиын сияқты металл зат тұрып қалса, сымсыз зарядтау процесі уақытша тоқтап қалуы мүмкін.
- Жеке қорғау функциясы бар кейбір мобильді телефондарды сымсыз зарядтау құрылғысынан зарядтағанда, зарядтау процесі баяуырақ жүруі немесе мүлдем зарядталмауы мүмкін.
- Телефон қалың қорғаныс корпусымен қапталып тұрса, сымсыз зарядтау құрылғысы жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер мобильді телефон зарядтау тұғырына толық тимей тұрса, сымсыз зарядтау функциясы дұрыс істемеуі мүмкін.
- Кейбір магнитті заттар (кредит карталары, телефон карталары, сәйкестендіру карталары және билеттер) сымсыз зарядтау құрылғысының үстіне қойылғанда зақымдалуы мүмкін.
- Егер зарядтау тұғырына сымсыз зарядтау функциясы жоқ мобильді телефонды немесе металл затты қойса, әлсіз естілетін шу автокөлік зарядтау тұғырына орналастырылған нысанның үйлеспейтінін анықтағандықтан туындайды. Бұдан автокөліктің немесе мобильді телефонның жұмысына ешқандай кері әсер болмайды.

Ақпарат

Зарядтау процесі оталдыру жүйесін LOCK/OFF қалпына орнатқанда да тоқтайды.

Сағат

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік жүріп келе жатқанда, сағатты түземеніз. Себебі автокөлікті басқару мүмкіндігінен айырылып, соның салдарынан ауыр жарақаттар келуі немесе жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.

Толық мәлімет автокөлікпен бірге жеткізілетін нұсқаулықта берілген.

Киімге арналған ілгек (бар болса)



Бұл ілгектер габариті үлкен және ауыр заттарға арналмаған.

АБАЙЛАҢЫЗ



Киім ілгіштер мен басқа да қатты заттарды ілуге тыйым салынған. Тек киімді ілуге рұқсат етіледі. Сонымен қатар, ауыр, өткір немесе сынғыш заттарды мата қалталарға салуға болмайды. Жол-көлік апаты орын алғанда қауіпсіздік көпшігі ашылса, олар автокөлікті зақымдап, адамдарды жарақаттауы мүмкін.

Кілемше бекіткіштері (бар болса)

Алдыңғы еденнің кілемшелері арнайы бекіткіштер арқылы ӨРДАЙЫМ автокөлікке бекітіліп тұруы керек. Алдыңғы еден кілемшесіндегі бекіткіштер кілемшелерді алға сырғып кетпеуі үшін ұстап тұрады.



АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлікке еденнің КЕЗ КЕЛГЕН кілемшесін орнатқанда, мыналарға назар аудару керек.

- Кілемшені еденге салмас бұрын, еден кілемшесінің қорғаныс үлдірін міндетті түрде алып тастаңыз. Кері жағдайда еден кілемшесі қорғаныс үлдірімен еркін сырғып кетуі мүмкін, соның салдарынан тежегіш немесе акселератор педалін байқамай басып қалуыңыз мүмкін.
- Жолға шықпай тұрып, еден кілемшелері автокөліктегі еден кілемшелеріне арналған бекіткіштерге сенімді бекітіліп тұрғанын тексеріп алыңыз.
- Осы бекіткіштерге сенімді бекітілмейтін КЕЗ КЕЛГЕН еден кілемшесін пайдалануға болмайды.

- Еден кілемшелерін бірінің үстіне бірін салмаңыз (мысалы, бүкіл маусымдық резеңке кілемшелерді түкті кілемшелердің үстіне салмаңыз). Әр жерде тек бір ғана еден кілемшесі орнатылған болуы тиіс.

МАҢЫЗДЫ – Автокөлігіңіздің жүргізуші жағында еден кілемшесін сенімді бекітетін бекіткіштер бар. Педальды басуға кедергі келтірмеуі үшін тек осы автокөлікке арналған, HYUNDAI өндірген еден кілемшелері пайдаланылуы тиіс.

Артқы перде (бар болса)



Артқы пердені жию үшін түймені басыңыз. Артқы пердені жазу үшін түймені тағы бір рет басыңыз.


Селекторды «R» (артқа жүру) қалпына орнатқанда, артқы перде автоматты түрде түседі және селекторды «R» (артқа жүру) қалпынан «P» (тұрақ) қалпына қойғанда, автоматты түрде көтеріледі.

Селекторды «R» (артқа жүру) қалпына орнатқанда артқы әйнектің пердесі түскен соң селекторды «D» (жүру) қалпына орнатып, 20 км/сағ. (12 миль/сағ.) шамасынан жоғары жылдамдықпен жүргенде, артқы әйнектің пердесі автоматты түрде көтеріледі.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Артқы пердені қолмен тартпаңыз және қайырмаңыз. Бұл электр қозғалтқышының зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Бүйірлік перде (бар болса)



Бүйірлік пердені пайдалану:

1. Пердені ілмегінен (1) тартып көтеріңіз.
2. Пердені екі жақтағы ілмекке (2) іліңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Перде екі жақтағы ілмекпен ұсталып тұруы тиіс. Перде бір жағынан ғана бекітілсе, ол зақымдалуы мүмкін.
- Автокөлік пен бүйірлік перде арасында басқа материалдар болмауы керек. Өйткені бүйірлік перде көтерілмейді.

АҚПАРАТТЫҚ ОЙЫН-САУЫҚ ЖҮЙЕСІ

i Ақпарат

- Егер конструкцияда карастырылмаған газразрядты фараларды орнатса, автокөліктің аудиожүйесі мен электронды аспаптары дұрыс істемеуі мүмкін.
- Салон элементтеріне иісу, косметикалық май, күннен қорғайтын жақпамай, қол тазалайтын зат пен ауа сергіткіш сияқты химиялық заттардың түсуіне жол бермеңіз, өйткені олар салон бетін зақымдауы немесе түссіздендіруі мүмкін.

USB порты




USB портын USB құрылғыларын қосу үшін пайдалануға болады.

i Ақпарат

Ойнатылып тұрған тасымалданатын аудиоқұрылғыларды розеткаға жалғаса, шу дыбысы шығуы мүмкін. Мұндай кезде тасымалданатын аудиоқұрылғының қуат көзін пайдаланыңыз.

Антенна



“Акуланың арқа қанаты” антеннасы (1) (бар болса)

“Акуланың арқа қанаты” антеннасы берілетін деректерді қабылдайды. (мысалы: GPS және DAB сигналы)

Әйнектегі антенна (2)


Екі диапазонның (AM және FM) сигналдарын алу үшін төбедегі антенна пайдаланылады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Артқы әйнектегі антенна зақымдалмас үшін әйнекті тазалағанда өткір құралдарды немесе қажайтын тазартқыштарды пайдалануға болмайды. Артқы әйнектің ішкі бетін тазалағанда, жұмсақ шүберекті қолдану керек.
- Артқы әйнектің ішкі бетіне жапсырмалар орналастырғанда, артқы әйнектегі антеннаны зақымдап алмас үшін сақтық шараларын сақтау керек.

- **Металл** жабындарды (мысалы, никель, кадмий және т.с.с.) пайдаланудан аулақ болыңыз. Олар AM және FM диапазондарының сигналдарын қабылдауға кері әсерін тигізуі мүмкін.
- Артқы әйнектегі антеннаның қасында өткір заттарды пайдалануға болмайды.
- Артқы әйнекті күңгірттеу антеннаның дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіреді.

Аудиожүйені рульден басқару (бар болса)



Ыңғайлылық үшін рульге аудиожүйені басқару ауыстырып қосқыштары орнатылған.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Аудиожүйені қашықтан басқарудың әр түрлі түймелерін бір уақытта баспаңыз.

ДЫБЫС ҚАТТЫЛЫҒЫ (VOL +/-) (1)

- VOLUME көтергенде, дыбыс қаттылығы жоғарылайды.
- Дыбыс қаттылығын азайту үшін VOLUME ауыстырып қосқышын төменге жылжытыңыз.

“SEEK/PRESET (^, v)” (ІЗДЕУ/АЛДЫН АЛА БАПТАУ) түймесі (2)

SEEK/PRESET (іздеу/алдын ала баптау) ауыстырып қосқышын жоғары жылжытып, 0,8 с немесе одан көп ұстап тұрғанда, мына режимдер пайдаланылады.

“RADIO” режимі (радиоқабылдағыш)
“AUTO SEEK” (АВТОМАТТЫ ІЗДЕУ) таңдау ауыстырып қосқышы сияқты істейді. Іздеу түймені жібергенше жалғасады.

“MEDIA” режимі (тасығыш)
“FF/REW” (АЛҒА/АРТҚА АЙНАЛДЫРУ) түймесі сияқты жұмыс істейді. SEEK/PRESET (алдын ала баптау) ауыстырып қосқышын жоғары не төмен жылжытқанда, мына режимдер пайдаланылады.

“RADIO” режимі (радиоқабылдағыш)
“PRESET STATION UP/DOWN” (алдын ала бапталған станция, жоғары/төмен) ауыстырып қосқышы сияқты істейді.

“MEDIA” режимі (тасығыш)
“TRACK UP/DOWN” (келесі/алдыңғы жазба) ауыстырып қосқышы сияқты істейді.

MODE (РЕЖИМ) (☉) (3)
 Радионы, XM, AUX (қосалқы көз) таңдау үшін MODE (режим) түймесін басыңыз.

MUTE (ДЫБЫСТЫ ӨШІРУ) (M) (4)

- Дыбысты өшіру үшін түймені басыңыз.
- Дыбысты қосу үшін түймені тағы бір рет басыңыз.



Ақпарат

Аудио жүйені басқару түймелерінің толық сипаттамасы осы тарауда берілген.

Аудио, видео және навигация жүйесі (бар болса)

Навигация жүйесіне қатысты толық ақпарат бөлек жеткізілетін пайдалану нұсқаулығында берілген.

Bluetooth® Wireless Technology гарнитурасы (бар болса)




Bluetooth® Wireless Technology технологиясын қолданып, сымсыз байланыс телефонын пайдалануға болады.

- (1) “Қоңырау шалу және қабылдау” түймесі
- (2) “Қоңырауды аяқтау” түймесі
- (3) Микрофон

- Аудиожүйе: толық ақпарат осы тараудың “Аудиожүйе” бөлімінде берілген.
- Навигация: Bluetooth® негізіндегі дауысты байланыс құрылғысы туралы толық ақпарат бөлек жеткізілетін нұсқаулықта берілген.

Автокөлік аудиожүйесінің жұмыс істеу принципі

FM диапазонындағы радиосигналдарды қабылдау




AM және FM радиосигналдары қаланың айналасында орналасқан биік радиотаратқыш тардан беріледі. Оларды автокөлігіңіздің радиоантеннасы қабылдайды. Одан кейін бұл сигнал радиодан автокөлік динамиктеріне беріледі. Автомобильге күшті радиосигнал жеткенде, аудиожүйенің дәлдігі жоғары конструкциясы мүмкін болатын ең жақсы ойнату сапасын қамтамасыз етеді.

Дегенмен, кейбір жағдайларда автокөлікке жететін сигнал анық болмауы мүмкін.


Бұл радиостанцияға дейінгі қашықтық, сигналы күшті басқа радиостанциялардың жақын орналасуы немесе сигнал қабылдау аймағында ғимараттардың, көпірлердің және басқа үлкен конструкциялардың болуы сияқты факторларға байланысты.

AM диапазонында қабылдау (орташа толқындар, ұзын толқындар)





AM сигналы FM сигналына қарағанда ұзақ қашықтыққа таралады. Бұның себебі AM диапазонындағы радиотолқындар төмен жиілікпен таралатындығында. Осы ұзын әрі төмен радиожиілік толқындары атмосферада тікелей таралмай, Жерді айналып өтеді. Оған қоса, олар кедергілерден де өтеді, сондықтан сигналдың жақсы қабылдануын қамтамасыз етеді.

FM диапазонды радиостанция



FM сигналы жоғары жиіліктерде беріледі және Жердің бетімен иілмей, тегіс өте шығады. Сондықтан FM сигналы әдетте радиотаратқыш станциядан қысқа қашықтықта бәсеңдей бастайды. Оған қоса, FM сигналдарын ғимараттар, таулар және басқа да кедергілер оңай бұзады. Бұл дыбысты ойнатқанда радионың ақаулығы сияқты болып көрінетін белгілі бір жағдайға алып келуі мүмкін. Төменде көрсетілген жағдайлар қалыпты болып саналады және олар радионың ақаулығына жатпайды.



- Сигналдың бәсеңдеуі – автокөлік радиотаратқыш станциядан қашықтаған сайын сигнал әлсіреп, дыбыс бәсеңдей береді. Мұндай жағдайда сигнал қуаты жоғары басқа станцияны таңдауға кеңес береміз.
- Бұрмалану/кедергілер – әлсіз FM сигналдары немесе сигнал таратқыш пен Сіздің радиоңыздың арасындағы үлкен кедергілер сигналдың қабылдануына бөгет жасап, шулы кедергілерді немесе бұрмалануды тудыруы мүмкін. Кедергі деңгейін төмендете отырып, осы әсерді сигналдың бұзылуы жоғалғанша азайтуға болады.
- Басқа станцияға қосылу – FM сигналы әлсіреген сайын, орнатылған жиілікке жақын орналасқан басқа жиіліктегі күштірек сигнал қабылдана бастауы мүмкін. Бұның себебі радионың ең таза қабылданатын сигналға бекітілуіне есептелгендігінде. Егер осындай жағдай орын алса, сигналы күшті басқа станцияны таңдаңыз.
- Бірнеше бағыттан бір-бірін басу – радиосигнал бірнеше бағыттан қабылданады, бұл дыбыстың бұрмалануын немесе дірілдеуін тудырады. Бұл бір станциядан тікелей және қайтарылған сигналды немесе жиіліктері жақын екі станцияның сигналдарын қабылдаудан туындауы мүмкін. Егер осындай жағдай орын алса, көрсетілген күй жойылғанша басқа станцияны таңдаңыз.

Мобильді телефонды немесе рацияны пайдалану

Автокөлік ішінде мобильді телефонды пайдаланған кезде аудиожүйе жұмысына кедергі келтіруі мүмкін. Бұл аудиожүйенің ақауы емес. Бұл жағдайда мобильді телефонды аудиоқұрылғыдан барынша қашық ұстап пайдалану керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөлік ішінде мобильді телефон немесе рация сияқты байланыс жүйелерін пайдаланған кезде жеке сыртқы антенна орнатылуы керек. Егер мобильді телефон немесе рация тек ішкі антеннамен қолданылса, олар автокөліктің электрлік жүйесінің қалыпты жұмысына бөгет жасауы ықтимал кедергілерді тудыруы мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалыс кезінде ұялы телефонды пайдалануға болмайды. Мобильді телефонды пайдалану үшін көлік құралын қауіпсіз жерге тоқтату керек.

АУДИОЖҮЙЕ (СЕНСОРЛЫҚ ЭКРАНСЫЗ)

Жүйе элементтерінің орналасуы – басқару тақтасы



(Bluetooth® Wireless Technology-мен)

(1) AUDIO түймесі

- Мультимедиа немесе радиоқабылдағыш режимін таңдау терезесін көрсету үшін басыңыз.
- Таңдау терезесі көрсетілген соң қажетті режимді таңдау үшін [TUNE] тұтқасын бұрап, оны басу керек.
- Режимнің қалқымалы терезесі [MENU/CLOCK] Mode pop-up мәзірінен таңдалмаса, режимді өзгерту үшін басқару тақтасынан [AUDIO] түймесін басу керек. Басқару тақтасындағы [AUDIO] түймесін басқан сайын мультимедиа және радиоқабылдағыш режимдері арасында ауысу бірізді болады.

(2) PHONE түймесі

- Мобильді телефонды Bluetooth көмегімен қосу үшін басыңыз.
- Телефонды Bluetooth арқылы қосқан кезде телефонның

Bluetooth мәзірін ашу түймесін басу керек.

(3) FAV түймесі

- Радио тыңдау кезінде бапталған станциялар тізімі бар келесі бетке ауысу үшін басыңыз.

(4) POWER түймесі және VOL тұтқасы

- Жүйені қосу не өшіру үшін басу керек.
- Жүйе дыбысының қаттылығын өзгерту үшін оңға не солға бұрау керек.

(5) SEEK/TRACK түймесі

- Станцияны, тректі немесе файлды өзгерту.
- Радионы тыңдау кезінде станцияны іздеу үшін басып, ұстап тұру.
- Мультимедиа файлдарын тыңдау кезінде артқа не алға айналдыру үшін басып, ұстап тұру керек (Bluetooth дыбыс режимінен басқасында).

* Құрылғының нақты сыртқы түрі суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



(Bluetooth® Wireless Technology-мен)

(6) MENU немесе CLOCK түймесі

- Қосұлы тұрған режимнің мәзір экранына өту үшін басу керек.
- Уақытты баптау экранына өту үшін басып, ұстап тұру керек.

(7) TUNE тұтқасы, FILE және ENTER түймелері

- Радионы тыңдау кезінде жиілікті баптау үшін бұрау керек.
- Мультимедиа ойнатылып тұрғанда тректі не файлды іздеу үшін бұрау керек (Bluetooth дыбыс режимінен басқасында).
- Тұтқаны бұрай отырып іздеген кезде ойнап тұрған тректі не файлды таңдау үшін тұтқаны басып қалу керек.

(8) Нөмірленген түймелер (1 RPT – 4 BACK)

- Радионы тыңдау кезінде сақталған радиостанцияны қосу үшін басыңыз.
- Радионы тыңдау кезінде ағымдағы радиостанцияны алдын ала баптау ретінде сақтау үшін басып, ұстап тұрыңыз.
- USB немесе Bluetooth дыбыс режимінде [1 RPT] түймесін басса, қайта ойнату режимі өзгертіледі. [2 SHFL] түймесін басып, кездейсоқ ретпен ойнату режимін өзгертуге болады.
- [4 BACK] түймесін басқанда, алдыңғы экранға қайтады (бапталған радиостанциялар тізімінен басқа).

* Құрылғының нақты сыртқы түрі суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Жүйе элементтерінің орналасуы – рульден қашықтан басқару



* Құрылғының нақты сыртқы түрі суретте көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін.

(1) MUTE түймесі

- Жүйе дыбысын өшіру және қосу үшін басу керек.
- Телефон қоңырауы кезінде микрофонды өшіру не қосу үшін басу керек.
- Мультимедиа ойнатылып тұрғанда паузаны қосу немесе ойнатуды қалпына келтіру үшін басу керек (бар болса).

(2) MODE түймесі

- Радио және мультимедиа режимдері арасында ауысу үшін басу керек.

(3) Дыбыс қаттылығын реттегіш

- Дыбыс қаттылығын реттеу үшін жоғары не төмен басыңыз.

(4) Жоғары-төмен ауыстырып қосқыш

- Станцияны, тректі немесе файлды өзгерту.
- Радионы тыңдау кезінде алдыңғы не келесі сақталған радиостанцияны тыңдау үшін басу керек.
- Радионы тыңдау кезінде станцияны іздеу үшін басып, ұстап тұру керек.
- Мультимедиа файлдарын тыңдау кезінде артқа не алға айналдыру үшін басып, ұстап тұру керек (Bluetooth дыбыс режимінен басқасында).

(5) Қоңырау шалу және қабылдау түймесі

- Мобильді телефонды Bluetooth көмегімен қосу үшін басыңыз.
- Телефонды Bluetooth арқылы қосқаннан кейін қоңыраулар журналына кіру түймесін басу керек. Соңғы терілген телефон нөмірін теру үшін басып, ұстап тұру керек.

Қоңырау келіп түскенде қоңырауды қабылдау үшін түймені басу керек.

- Қоңырау кезінде сөйлесіп тұрған қоңырау мен ұсталып тұрған қоңырау арасында ауысу үшін басу керек. Автокөлік жүйесі мен мобильді телефон арасында ауысу үшін басып, ұстап тұру керек.

(6) Қоңырауды аяқтау түймесі



АБАЙЛАҢЫЗ

- Автокөлікті жүргізу кезінде

- Автокөлікті жүргізу кезінде жүйені пайдалануға болмайды. Автокөлікті жүргізу кезінде басқа нәрсеге алаңдау салдарынан көлікті басқарудан айырылу нәтижесінде жол-көлік апаты орын алып, жарақаттануға және өлімге алып келуі мүмкін. Жүргізушінің негізгі міндеті – автокөлікті қауіпсіз және заңға сәйкес жүргізу. Автокөлікті жүргізу кезінде жүргізушінің назарын алаңдататын портативті құрылғыларды, жабдықты немесе автокөлік жүйелерін пайдаланбау керек.
- Автокөлікті жүргізу кезінде экранға қарамауға тырысу керек. Автокөлікті жүргізу кезінде басқа нәрсеге алаңдау салдары жол-көлік апатының орын алуына алып келуі мүмкін. Жүргізушіден бірнеше қимыл жасауды талап ететін функцияларды пайдалану үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтату керек.
- Мобильді телефонды пайдаланар алдында автокөлікті тоқтату керек. Автокөлікті жүргізу кезінде мобильді телефонды пайдалану салдары жол-көлік апатына алып келуі мүмкін. Қоңырау шалу қажет болған жағдайда, Bluetooth дауысты байланыс функциясын пайдаланып, сөйлесуді барынша аз уақыт ішінде аяқтау керек.
- Айналадағы дыбыстарды естіп отыру үшін дыбыс қаттылығын тым жоғары қою қажет емес. Айналадағы дыбыстарды есту мүмкіндігінсіз автокөлікті жүргізу жол-көлік апатына алып келуі мүмкін. Ұзақ уақыт бойы дыбысты тым жоғары қойып тыңдау есту қабілетіне зақым келтіруі мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Жүйені қолдану

- Жүйені бөлшектеуге немесе түрлендіруге тыйым салынған. Бұл жол-көлік апатына, өртке немесе электр тогының соғуына ұшыратуы мүмкін.
- Жүйенің ішіне сұйықтықтардың және басқа да заттардың кіруіне жол бермеу керек.
Жүйенің ішіне сұйықтықтар және басқа да заттар кіріп кетсе, улы газдардың түзілуіне, өрт шығуына және жүйе ақауына алып келуі мүмкін.
- Жүйе дұрыс істемей тұрса, дыбыс естілмесе немесе дисплей жанбай тұрса, жүйені қолдануды тоқтату керек. Ақаулы жүйені пайдалану салдары өрттің шығуына, электр тогының соғуына және жүйе ақауына алып келуі мүмкін.
- Күн күркірегенде антеннаға қол тигізуге болмайды, себебі найзағай ұрса, электр тогы соғуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Өндіруші: HYUNDAI MOBIS Co., Ltd.

203, Teheran-ro, Gangnam-gu, Seoul, 06141, Korea (Сеул, Корея)

Тел.: +82-31-260-2707



Ақпарат

- Жүйені пайдалану туралы

- Жүйені қозғалтқыш оталып тұрғанда пайдалану керек.
Қозғалтқыш өшіп тұрғанда жүйені ұзақ пайдаланса, аккумулятор батареясының заряды таусылуы мүмкін.
- Мақұлданбаған бұйымдарды орнатуға болмайды.
Мақұлданбаған бұйымдар жүйені пайдалану кезінде қатенің пайда болуына алып келуі мүмкін. Бөтен бұйымдарды орнату салдарынан туындаған жүйелік қателер кепілдік қолданылатын жағдайға кірмейді.

i Ақпарат

- Жүйені қолдану

- Жүйенің экранын тым қатты басуға болмайды. Экранды қатты басқанда. СК дисплей немесе сенсор панелі зақымдалуы мүмкін.
- Экранды және түймелер тақтасын тазалау үшін козғалтқышты сөндіріп, жұмсақ құрғақ шүберекті пайдалану керек. Экранды немесе түймелерді қатты шүберекпен сүрту, сондай-ақ ерітінділерді (спирт, бензин, еріткіш және т.с.с.) пайдалану салдарынан олардың бетіне сызат түсуі немесе химиялық зақым келуі мүмкін.
- Сұйық ауа сергіткішті салонды желдету және жылыту жүйесінің соплосына орнатқанда, олардың беті өтетін ауадан деформацияға ұшырауы мүмкін.
- Орнатылған құрылғының қалпын өзгерту қажет болса, сатушыға немесе техникалық қызмет көрсету орталығына жүгіну қажет. Құрылғыны орнату немесе бөлшектеу үшін техникалық сараптама жүргізілуі тиіс.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Жүйеде қандай да бір ақау орын алса, сатып алған жерге немесе дилерге хабарласу керек.
- Электрмагнитті заттар болса, құрылғыға шу кедергілері әсер етуі мүмкін.

Жүйені қосу және өшіру

Жүйені қосу үшін қозғалтқышты оталдыру керек.

- Автокөлікті жүргізу кезінде жүйені пайдалану қажет болмаса, оны басқару тақтасындағы **[POWER]** түймесімен өшіріп қоюға болады. Жүйені қосу үшін **[POWER]** түймесін тағы бір рет басу керек.

Қозғалтқыш сөндірілген кезде жүйе жұмысы да тоқтайды (ACC өшіру режимі).

- Жүйені қайта қосқанда, алдыңғы режим мен баптаулар қосулы күйде болады.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Қозғалыс кезінде кейбір функциялар қауіпсіздік мақсатында ажыратылуы мүмкін. Олар тек автокөлікті тоқтатқаннан кейін қосылады. Оларды пайдаланбас бұрын автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатып қою керек.
- Жүйе дұрыс істемей тұрса, дыбыс естілмесе немесе дисплей жанбай тұрса, жүйені қолдануды тоқтату керек. Ақаулы жүйені пайдалану салдары өрттің шығуына, электр тогының соғуына және жүйе ақауына алып келуі мүмкін.

Ақпарат

Оталдыру жүйесі немесе «ACC» режимі қосулы кезде ғана жүйені қосуға болады. Қозғалтқыш өшіп тұрғанда жүйені ұзақ пайдаланса, аккумулятор батареясының заряды таусылып қалады.

Жүйені ұзақ уақыт пайдалану қажет болғанда, қозғалтқышты оталдырып қойыңыз.

Дисплейді өшіру және қосу

Бликтерді кетіру үшін экранды өшіріп қоюға болады. Экранды тек жүйе жұмыс істеп тұрғанда өшіруге болады.

1. Басқару тақтасындағы **[MENU/CLOCK]** түймесін басу керек.
2. Параметрлерді таңдау терезесі көрсетілген соң **Display off** (дисплей өшірулі) қалпын таңдау үшін **[TUNE]** тұтқасын бұрап, оны басу керек.
 - Экранды қайта қосу үшін басқару тақтасындағы кез келген түймені басу керек.

Негізгі функциялармен танысу

Мәзір элементін таңдау және баптауларды өзгерту үшін нөмірленген түймелерді және басқару тақтасындағы **[TUNE]** тұтқасын басу керек.

Мәзір элементін таңдау

Мәзірдің нөмірленген элементтері Тиісті нөмірленген түймені басу керек.



Мәзірдің нөмірленбеген элементтері Қажетті мәзір элементін таңдау үшін **[TUNE]** тұтқасын бұрап, одан кейін оны басу керек.



Баптауларды реттеу

Мәнді өзгерту үшін **[TUNE]** тұтқасын бұрау қажет, одан кейін өзгертулерді сақтау үшін тұтқаны басу керек.

Мәнді арттыру үшін **[TUNE]** тұтқасын оңға бұрау керек, ал мәнді кеміту үшін **[TUNE]** тұтқасын солға бұрау керек.



РАДИО

Радионы қосу

1. Басқару тақтасындағы **[AUDIO]** түймесін басу керек.
2. Таңдау терезесі көрсетілген соң радиоқабылдағыштың қажетті режимін таңдау үшін **[TUNE]** тұтқасын бұрап, оны басу керек.

FM/AM режимі



- (1) Радиоқабылдағыштың ағымдағы режимі
- (2) Радиостанция туралы ақпарат
- (3) Алдын ала бапталған станциялардың тізімі

Аспаптар тақтасындағы **[MENU/CLOCK]** түймесін басып, төменде көрсетілген параметрлерге қол жеткізу керек:

- **Autostore (автоматты түрде сақтау):** радиостанцияларды бапталған станциялар тізіміне сақтау.
- **Scan (сканерлеу):** жүйе сигналы күшті радиостанцияны іздейді, одан кейін әр станцияны шамамен бес секунд ойнатады.

- **Sound settings (дыбыс параметрлері):** салондағы дыбыстың шоғырлану орны, сондай-ақ жиілік сипаттамаларына байланысты дыбыс сигналының ауытқу шегі сияқты дыбыс баптауларын реттеуге болады.

- **Position (қалып):** салондағы дыбыстың шоғырлану орнын таңдау. **Fade** немесе **Balance** таңдау. Қажетті мезір элементі **[TUNE]** тұтқасын бұрай отырып, оны басу арқылы таңдалады. Дыбысты автокөлік салонының ортасына шоғырландыру үшін **Centre (орталықты)** таңдау керек.

- **Equaliser (эквалайзер):** дыбыс сигналының ауытқу шегін жиілік сипаттамаларына байланысты реттеу.

- **Speed dependent vol. (жылдамдыққа байланысты дыбыс қаттылығы):** автокөлік жылдамдығына байланысты дыбыс қаттылығын автоматты түрде реттеу

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- **Автокөлік байланысты параметрлердің айырмашылықтары болуы мүмкін.**
- **Қолжетімді параметрлер аудиожүйенің және күшейткіштің сипаттамаларына байланысты өзгеше болуы мүмкін.**

- **Mode popur (режимнің қалқымалы терезесі):** басқару тақтасындағы [AUDIO] түймесін басып, режимді таңдау терезесін көрсету.
- **Date/Time (күн мен уақыт):** аудиожүйе дисплейіндегі күн мен уақытты түзеу.
 - **Set date (күнді белгілеу):** жүйе дисплейінде көрсетілетін күнді орнату.
 - **Set time (уақытты белгілеу):** жүйе дисплейінде көрсетілетін уақытты орнату.
 - **Time format (уақыт пішімі):** уақытты 12 немесе 24 сағаттық пішімде көрсету мүмкіндігін таңдау.
 - **Display (Power Off) (дисплей (қуат көзі ажыратылған)):** жүйе қуат көзін өшіргенде сағатты көрсету.
- **Language (тіл):** интерфейс тілін өзгерту.

FM/AM режимі (RDS-пен)



- (1) Радиоқабылдағыштың ағымдағы режимі
- (2) Радиостанция туралы ақпарат
- (3) Алдын ала бапталған станциялардың тізімі

Аспаптар тақтасындағы [MENU/CLOCK] түймесін басып, төменде көрсетілген параметрлерге қол жеткізу керек:

- **Traffic announcement (жол қозғалысының тығыздығы туралы хабарлау):** жол қозғалысы туралы хабарламаны қосу және өшіру.
Хабарламалар мен бағдарламалар бар болса, олар автоматты түрде қабылданады.
- **Autostore (автоматты түрде сақтау):** радиостанцияларды бапталған станциялар тізіміне сақтау.
- **Scan (сканерлеу):** жүйе сигналы күшті радиостанцияны іздейді, одан кейін әр станцияны шамамен бес секунд ойнатады.
- **Sound settings (дыбыс параметрлері):** салондағы дыбыстың шоғырлану орны, сондай-ақ жиілік сипаттамаларына байланысты дыбыс сигналының ауытқу шегі сияқты дыбыс баптауларын реттеуге болады.

- **Position (қалып):** салондағы дыбыстың шоғырлану орнын таңдау. **Fade** немесе **Balance** таңдау. Қажетті мәзір элементі **[TUNE]** тұтқасын бұрай отырып, оны басу арқылы таңдалады. Дыбысты автокөлік салонының ортасына шоғырландыру үшін **Centre (орталықты)** таңдау керек.
- **Equaliser (эквалайзер):** дыбыс сигналының ауытқу шегін жиілік сипаттамаларына байланысты реттеу.
- **Speed dependent vol. (жылдамдыққа байланысты дыбыс қаттылығы):** автокөлік жылдамдығына байланысты дыбыс қаттылығын автоматты түрде реттеу.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- **Автокөлік үлгісіне байланысты қолжетімді параметрлердің айырмашылықтары болуы мүмкін.**
- **Қолжетімді параметрлер аудиожүйенің және күшейткіштің сипаттамаларына байланысты өзгеше болуы мүмкін.**
- **Mode popur (режимнің қалқымалы терезесі):** басқару тақтасындағы **[AUDIO]** түймесін басып, режимді таңдау терезесін көрсету.
- **Date/Time (күн мен уақыт):** аудиожүйе дисплейіндегі күн мен уақытты түзеу.
 - **Set date (күнді белгілеу):** жүйе дисплейінде көрсетілетін күнді орнату.
 - **Set time (уақытты белгілеу):** жүйе дисплейінде көрсетілетін уақытты орнату.
 - **Time format (уақыт пішімі):** суақытты 12 немесе 24 сағаттық пішімде көрсету мүмкіндігін таңдау.
 - **Display (Power Off) (дисплей (қуат көзі ажыратылған)):** жүйе қуат көзін өшіргенде сағатты көрсету.
- **Language (тіл):** интерфейс тілін өзгерту.

Радиоқабылдағыш режимін өзгерту

1. Басқару тақтасындағы **[AUDIO]** түймесін басу керек.
2. Таңдау терезесі көрсетілген соң радиоқабылдағыштың қажетті режимін таңдау үшін **[TUNE]** тұтқасын бұрап, оны басу керек.
 - Рутьдегі **[MODE]** түймесін басқан сайын радиоқабылдағыш диапазондары: FM ► AM бірізді ауысады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Режимнің қалқымалы терезесі **[MENU/CLOCK]** ► **Mode pop up** мәзірінде көрсетілмесе, радиоқабылдағыш режимін өзгерту үшін басқару тақтасындағы **[AUDIO]** түймесін басу керек.

Басқару тақтасындағы **[AUDIO]** түймесін басқан сайын радиоқабылдағыш диапазондары: FM ► AM бірізді ауысады.

Қолжетімді радиостанцияларды сканерлеу

Радиостанцияның қажеттісін таңдамай тұрып, олардың сигнал деңгейін анықтау үшін әрқайсысын бірнеше секунд тыңдап көруге болады.

1. Радиоқабылдағыш экраны көрсетілгенде, басқару тақтасындағы **[MENU/CLOCK]** түймесін басу керек.
2. Параметрлерді таңдау терезесі көрсетілген соң **Scan (сканерлеу)** режимін таңдау үшін **[TUNE]** тұтқасын бұрап, басу керек.
 - Жүйе сигналы күшті радиостанцияны іздейді, одан кейін әр станцияны шамамен бес секунд ойнатады.
3. Қажетті радиостанция табылған соң **[TUNE]** тұтқасын басу керек.
 - Таңдалған станцияны тыңдау жалғасады.

Радиостанцияларды іздеу

Алдыңғы және келесі радиостанцияны іздеу үшін басқару тақтасындағы [**< SEEK**] немесе [**TRACK >**] түймесін басу керек.

- Сонымен бірге, жиіліктерді тез табу үшін де [**< SEEK**] немесе [**TRACK >**] түймесін басуға болады.

Түйме жіберілгенде, сигналы ең күшті радиостанция автоматты түрде таңдалады.

Қажетті радиостанцияның нақты жиілігі белгілі болса, басқару тақтасындағы [**TUNE**] тұтқасын бұрап, жиілікті өзгерту керек.

Радиостанцияларды сақтау

Сүйікті радиостанцияларды сақтауға және алдын ала орнату тізімінен таңдап ойнатуға болады.

Ағымдағы радиостанцияны сақтау

Радиостанцияны тыңдау кезінде басқару тақтасындағы қажетті нөмірленген түймені басып, ұстап тұру керек.

- Тыңдалып тұрған радиостанция сол түймеге сақталады.
- Бапталған станциялар тізімінің келесі бетін сақтау үшін [**FAV**] түймесін басу керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Әр режимде 12 радиостанцияға дейін сақтауға болады.
- Таңдалған нөмірде радиостанция сақтаулы тұрса, ол тыңдалып тұрған станцияға ауыстырылады.

Автоматты түрде сақтау функциясын пайдалану

Сигналы сенімді жергілікті радиостанция ізделуі мүмкін. Іздеу нәтижесі автоматты түрде бапталған радиостанциялар тізімінде сақталатын болады.

1. Радиоқабылдағыш экраны көрсетілгенде, басқару тақтасындағы [**MENU/CLOCK**] түймесін басу керек.
2. Параметрлерді таңдау терезесі көрсетілген соң **Autostore (автоматты түрде сақтау)** режимін таңдау үшін [**TUNE**] тұтқасын бұрап, басу керек.

Сақталған радиостанцияларды тыңдау

FM/AM режимі

1. Ойнатылатын радиостанцияның нөмірленген түймесін растау керек.
 - Бапталған станциялар тізімінің келесі бетін қарау үшін **[FAV]** түймесін басу керек.
2. Басқару тақтасындағы қажетті нөмірленген түймені басу керек.
 - Радиостанцияны өзгерту үшін сондай-ақ рульдегі ауыстырып қосқышты жоғары не төмен басуға болады.

МУЛЬТИМЕДИА ОЙНАТҚЫШЫ

Мультимедиа файлдарын ойнату

USB есте сақтау құрылғылары немесе смартфондар сияқты әр түрлі сақтау құрылғыларындағы музыкалық файлдарды ойнатуға болады.

1. Құрылғыны автокөліктің USB портына қосу керек.
 - Құрылғы түріне байланысты құрылғы жүйеге қосылған бойда файл ойнатыла бастауы мүмкін.
2. Басқару тақтасындағы [AUDIO] түймесін басу керек.
3. Таңдау терезесі көрсетілген соң қажетті режимді таңдау үшін [TUNE] тұтқасын бұрап, басу керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Медиа ойнатқышты қосу үшін басқару тақтасындағы [AUDIO] түймесін басу керек.
- Режимді өзгерту үшін сондай-ақ рульдегі [MODE] түймесін бірнеше рет басуға болады.
- Сыртқы USB құрылғыларын қоспай және (немесе) ажыратпай тұрып аудиожүйенің қуат көзін өшіру қажет.
- Режимнің қалқымалы терезесі [MENU/CLOCK] ► Mode pop-up мәзірінде көрсетілмесе, медиа ойнатқыш режимін өзгерту үшін басқару тақтасындағы [AUDIO] түймесін басу керек.

Басқару тақтасындағы [AUDIO] түймесін басқан сайын мультимедианың USB ► Bluetooth режимдері арасында ауысу бірізді болады.

- Автокөліктің үлгісіне және сипаттамаларына байланысты қолжетімді түймелер, сыртқы түрі және USB портының орналасу орны басқаша болуы мүмкін.
- Смартфондарды немесе MP3 құрылғыларды, мысалы, USB және Bluetooth арқылы бір уақытта бірнеше тәсілмен жалғауға болмайды. Өйткені дыбыс бұрмалануы және жүйеде ақау туындауы мүмкін.
- Жалғанған құрылғыдағы және аудиожүйедегі эквалайзерді (Tone) бір уақытта қосу әсерлердің бірінің үстін бірі басуы нәтижесінде дыбыс сапасының төмендеп, бұрмалануына алып келуі мүмкін. Мүмкіндігінше, жалғанған құрылғыдағы эквалайзерді ажырату керек.

USB режиміндегі жұмыс

USB есте сақтау құрылғылары және MP3-ойнатқыштар сияқты портативті құрылғылардағы мультимедиа файлдарын ойнатуға болады. Құрылғыларды USB режимінде жалғамас бұрын USB есте сақтау құрылғылары мен файлдар сипаттамасының үйлесімділігін тексеріп алу керек.

Құрылғыны автокөліктің USB портына қосу керек.

- Ойнату бірден басталады.
- Басқару тақтасындағы **[AUDIO]** түймесін басып, режимді таңдау терезесін шығарған соң, **[TUNE]** тұтқасын бұрап, **USB** режимін таңдау керек, содан кейін тұтқаны басу қажет.



- (1) Ағымдағы файл нөмірі мен файлдардың жалпы саны
- (2) Ойнату уақыты
- (3) Ағымдағы композиция туралы мәліметтер

Аспаптар тақтасындағы **[MENU/CLOCK]** түймесін басып, төменде көрсетілген параметрлерге қол жеткізу керек:

- **List (тізім):** файлдар тізіміне қолжетімділік.
- **Folder list (папкалар тізімі):** папкалар тізіміне қолжетімділік.
- **Information (ақпарат):** ағымдағы композиция туралы ақпаратты көрсету.
- **Sound settings (дыбыс параметрлері):** салондағы дыбыстың шоғырлану орны, сондай-ақ жиілік сипаттамаларына байланысты дыбыс сигналының ауытқу шегі сияқты дыбыс баптауларын реттеуге болады.
 - **Position (қалып):** салондағы дыбыстың шоғырлану орнын таңдау. **Fade** немесе **Balance** таңдау. Қажетті мәзір элементі **[TUNE]** тұтқасын бұрай отырып, оны басу арқылы таңдалады. Дыбысты автокөлік салонының ортасына шоғырландыру үшін **Centre (орталықты)** таңдау керек.
 - **Equaliser (эквалайзер):** дыбыс сигналының ауытқу шегін жиілік сипаттамаларына байланысты реттеу.
 - **Speed dependent vol. (жылдамдыққа байланысты дыбыс қаттылығы):** автокөлік жылдамдығына байланысты дыбыс қаттылығын автоматты түрде реттеу

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- **Автокөлік байланысты параметрлердің айырмашылықтары мүмкін.** үлгісіне қолжетімді болуы мүмкін.
- **Қолжетімді аудиожүйенің күшейткіштің сипаттамаларына байланысты өзгеше болуы мүмкін.** параметрлер және
- **Song information (композиция туралы ақпарат):** MP3 файлдарды ойнату кезінде папка мен файл немесе орындаушы, атауы мен альбом сияқты көрсетілетін ақпаратты таңдау керек.
- **Mode pop (режимнің қалқымалы терезесі):** басқару тақтасындағы [AUDIO] түймесін басып, режимді таңдау терезесін көрсету.
- **Date/Time (күн мен уақыт):** аудиожүйе дисплейіндегі күн мен уақытты түзеу.
 - **Set date (күнді белгілеу):** жүйе дисплейінде көрсетілетін күнді орнату.
 - **Set time (уақытты белгілеу):** жүйе дисплейінде көрсетілетін уақытты орнату.
 - **Time format (уақыт пішімі):** уақытты 12 немесе 24 сағаттық пішімде көрсету мүмкіндігін таңдау.
 - **Display (Power Off) (дисплей (қуат көзі ажыратылған)):** жүйе қуат көзін өшіргенде сағатты көрсету.

- **Language (тіл):** интерфейс тілін өзгерту.

Артқа немесе алға айналдыру

Басқару тақтасындағы [**< SEEK**] немесе [**TRACK >**] түймесін басу керек.

- You can also push and hold the Up/Down lever on the steering wheel.

Басынан бастап ойнату

Басқару тақтасындағы [**<SEEK**] түймесін басу керек.

- Сонымен бірге, рульдегі ауыстырып қосқышты жоғары басуға болады.

Алдыңғы композицияны ойнату

Алдыңғы композицияны ойнату үшін басқару тақтасындағы [**< SEEK**] түймесін екі рет басу керек. Келесі композицияны ойнату үшін басқару тақтасындағы [**TRACK >**] түймесін басу керек.

- Сонымен бірге, рульдегі ауыстырып қосқышты жоғары не төмен басуға болады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Режимді таңдау терезесін шығару үшін басқару тақтасындағы [**MENU/CLOCK**] түймесін басып, қажетті композицияны іздеу үшін [**TUNE**] тұтқасын бұрау керек, осыдан кейін файлды ойнату үшін тұтқаны басу қажет.

Қайта ойнату

Басқару тақтасындағы [1 RPT] түймесін басу керек. Түймені басқан сайын қайта ойнату режимі өзгеріп отырады. Экранда таңдалған режимнің белгісі көрсетіледі.

Кездейсоқ тәртіппен ойнату

Басқару тақтасындағы [2 SHFL] түймесін басу керек. Түймені басқан сайын кездейсоқ тәртіппен ойнату режимі қосылады не өшеді. Кездейсоқ тәртіппен ойнату режимін қосқанда экранда тиісті белгі көрсетіледі.

Папкаларды іздеу

1. Басқару тақтасындағы [MENU/CLOCK] түймесін басу керек.
2. Параметрлерді таңдау терезесі көрсетілген соң **папкалар тізімін** таңдау үшін [TUNE] тұтқасын бұрап, басу керек.
3. **Папкалар тізімінен** қажетті папканы таңдап, [TUNE] тұтқасын басу керек.
 - Осы кезде таңдалған папкадағы бірінші композиция ойнатыла бастайды.

Ақпарат

- USB құрылғысын жүйеге қоспай тұрып, автокөлік қозғалтқышын оталдыру қажет. USB құрылғысы жүйеге қосылып тұрғанда, қозғалтқышты қосса, құрылғы зақымдалуы мүмкін.
- USB құрылғысын жалғау не ажырату кезінде статикалық электр тогының жиналып қалу ықтималдығын ескеру керек. Статикалық электр тогының разряды жүйеде ақау тудыруы мүмкін.
- Дене бөліктері мен басқа заттардың USB портына тимеуі үшін сақ болу керек. Өйткені жазатайым оқиға орын алуы және жүйеде ақау туындауы мүмкін.
- Қысқа уақыт ішінде USB ағытпасын бірнеше рет жалғап-ажыратуға болмайды. Өйткені қате орын алуы немесе жүйеде ақау туындауы мүмкін.
- USB құрылғысын файлдарды ойнатудан басқа мақсатта пайдалануға болмайды. Құрылғыларды зарядтау үшін және жылыту үшін USB ағытпасын пайдалану салдары жүйе сипаттамаларының төмендеуіне және жүйенің ақаулығына алып келуі мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- USB есте сақтау құрылғысын жалғау кезінде ұзартқыш кабельдерді пайдалануға болмайды. Ол USB портына тікелей жалғануы керек. Құрылғыларды USB концентраторы немесе ұзартқыш кабель арқылы жалғағанда, олар анықталмай қалуы мүмкін.
- USB ағытпасын USB портына тірелгенше салу керек. Әйтпесе, байланыс қатесі орын алуы мүмкін.
- USB есте сақтау құрылғысын ажыратқанда, дыбыс бұрмалануы мүмкін.
- Жүйе тек пішімі стандартты файлдарды ойната алады.
- USB құрылғыларының келесі типтері анықталмауы немесе дұрыс істемеуі мүмкін:
 - шифрланған MP3 ойнатқыштар;
 - алынатын дискі ретінде анықталмайтын USB құрылғылары
- USB құрылғысының күйі нашар болса, анықталмауы мүмкін.
- Кейбір USB құрылғылары аудиожүйемен үйлеспейді мүмкін.
- USB құрылғысындағы файлдардың түріне, көлеміне және пішіміне байланысты құрылғыны анықтау уақыты ұзақ болуы мүмкін.
- Суреттерді көрсету және видеоны ойнату мүмкіндігі жоқ.

BLUETOOTH

Bluetooth құрылғыларын қосу

Bluetooth – шағын радиуста қолданылатын сымсыз байланыс технологиясы.

Bluetooth технологиясы жақын маңдағы мобильді құрылғыларды қосуға мүмкіндік береді, ол арқылы құрылғылар арасында деректерді сымсыз алмасуға болады.

Осылайша, құрылғыларды тиімдірек пайдалануға болады.

Bluetooth функциясын пайдалану үшін жүйеге алдымен Bluetooth технологиясын қолдайтын құрылғыны қосу керек, мысалы, мобильді телефон немесе MP3 ойнатқыш. Жалғанатын құрылғы Bluetooth технологиясын қолдайтынын тексеріп алу керек.



АБАЙЛАҢЫЗ

Bluetooth құрылғысын жалға мас бұрын автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатып қою керек.

Автокөлікті жүргізу кезінде басқа нәрсеге алаңдау салдары жарақат алуға немесе өлімге алып келуі мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Бұл жүйеде Bluetooth бен аудиожүйенің дауысты байланыс функцияларын ғана пайдалануға болады. Жалғанатын мобильді құрылғыда осы функциялардың екеуі де болуы керек.
- Кейбір Bluetooth құрылғылары аудиожүйе жұмысының тоқтатуына немесе электромагнитті кедергілердің туындауына себеп болуы мүмкін. Мұндай жағдайда құрылғыны басқа жерге жылжыту арқылы проблеманы жоюға болады.
- Кейбір Bluetooth құрылғыларында немесе мобильді телефондарда барлық функциялар қолжетімді болмауы мүмкін.
- Жүйе Bluetooth байланысының қатесі салдарынан тұрақсыз жұмыс істесе, автокөлік пен құрылғы арасында байланысып тұрған құрылғыларды жойып тастап, оларды қайта қосып көру керек.

- Егер Bluetooth қосылысы тұрақсыз болса, төменде көрсетілген әрекеттерді орындау керек.

1. Құрылғыдағы Bluetooth байланысын өшіріп, қайта қосу керек. Осыдан кейін құрылғыны қайта байланыстыру керек.

2. Құрылғыны өшіріп, қайта қосу керек. Осыдан кейін құрылғыны қайта байланыстыру керек.

3. Құрылғының батареясын шығарып алып, одан кейін қайта салу керек. Құрылғыны қосып, қайта байланыстыру қажет.

4. Жүйедегі және құрылғыдағы Bluetooth байланысын жою керек, содан кейін қайтадан байланыс орнату қажет.

- Егер құрылғыдағы Bluetooth функциясы ажыратылып тұрса, оны байланыстыру мүмкін болмайды.

Құрылғыдағы Bluetooth функциясы қосылып тұрғанын тексеріп алу керек.

Құрылғыларды жүйемен байланыстыру


Bluetooth қосқанда, алдымен жүйемен байланыстырып алып, құрылғыны Bluetooth құрылғылары тізіміне қосу қажет. Бес құрылғыға дейін тіркеуге болады.

1. Басқару тақтасындағы **[PHONE]** түймесін басып, **Phone settings (телефон баптаулары) ► Add new device (жаңа құрылғы қосу)** тармағын таңдау керек.

- Құрылғыны жүйеге бірінші рет қосқанда, рульдегі қоңырау шалу және қабылдау түймесін басу керек.

2. Жалғанатын Bluetooth мобильді құрылғысында Bluetooth қосып, содан соң автокөлік жүйесін тауып алу және таңдау керек.

- Bluetooth жүйесінің атауын тексеру керек, ол жүйе экранындағы жаңадан тіркелген қалқымалы терезеде көрсетіледі.



3. Қосылысты растау үшін құпия сөзді енгізу немесе растау керек.

- Bluetooth құрылғысының экранында құпия сөзді енгізу экраны пайда болса, «0000» құпия сөзін енгізу керек, ол жүйе экранында көрсетіледі.
- Bluetooth құрылғысының экранында 6 таңбалы құпия сөз көрсетілсе, Bluetooth құрылғысындағы құпия сөздің жүйе экранындағы құпия сөзбен сәйкес келетінін тексеріп, содан кейін құрылғыдағы қосылысты растау керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Осы нұсқаулықтағы сурет тек анықтама үшін берілген, автокөліктің және Bluetooth құрылғысының нақты атауын жүйе экранынан қараңыз.
- Әдепкі құпия сөз – «0000».
- Жүйеге кіру рұқсаты берілген соң құрылғыға қосылу үшін біраз уақыт қажет болуы мүмкін. Қосылысты орнатқан соң экранның жоғарғы оң жақ бөлігінде Bluetooth құрылғысының қосылу күйін білдіретін белгі жанады.

- Рұқсаттар параметрлері мобильді телефонның Bluetooth баптаулары мәзірінде өңдеу үшін қолжетімді. Қосымша ақпаратты Қосымша мобильді телефонның пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Жаңа құрылғыны тіркеу үшін 1-3 қадамдарын қайта жасау керек.
- Қозғалтқышы оталып тұрған автокөлік қасында тұрып, Bluetooth режимін автоматты түрде қосу функциясын қосқан кезде телефон арқылы сөйлесу дауысты байланыс режиміне өтіп кетуі мүмкін. Құрылғыға жүйені автоматты түрде қосу қажет болмаса, құрылғыдағы Bluetooth режимін өшіріп қою керек.
- Жүйеге Bluetooth қосылған кезде құрылғының аккумулятор батареясының заряды тез таусылып қалуы мүмкін.

Байланыстырылған құрылғыны жалғау

Bluetooth құрылғысын жүйеде пайдалану үшін байланысқан құрылғыны жүйеге жалғау қажет. Жүйеге бір уақытта тек бір құрылғыны қосуға болады.

1. Басқару тақтасындағы **[PHONE]** түймесін басып, одан кейін **Phone settings (телефон баптаулары) ► Paired devices (байланыстырылған құрылғылар)** тармағын таңдау керек.

- Құрылғы жалғанбаған болса, рульдегі қоңырау шалу және қабылдау түймесін басу керек.

2. Жалғанатын құрылғыны таңдау үшін **[TUNE]** тұтқасын бұрап, одан кейін басу керек.

- Егер жүйеге басқа құрылғы жалғанып тұрса, оны ажырату керек. Ажыратылуы тиіс жалғанып тұрған құрылғыны таңдау керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Құрылғының байланыс аймағынан шығуы немесе қате пайда болуы салдарынан байланыс аяқталған жағдайда, құрылғы қайтадан байланыс аймағына қайтса немесе қате жойылса, байланыс автоматты түрде қалпына келеді.
- Автоматты түрде қосылу басымдығына байланысты қосылу үшін біраз уақыт жұмсалуды мүмкін.

Құрылғыны ажырату

Bluetooth құрылғысын пайдалану қажет болмаса немесе басқа құрылғыны қосу қажет болса, қосылып тұрған құрылғыны ажырату керек.

1. Басқару тақтасындағы **[PHONE]** түймесін басып, одан кейін **Phone settings (телефон баптаулары) ► Paired devices (байланыстырылған құрылғылар)** тармағын таңдау керек.

2. **[TUNE]** тұтқасын бұрай отырып, қосылып тұрған құрылғыны таңдап, тұтқаны басу керек.
3. **[1 RPT]** түймесін басып, **Yes (иә)** тармағын таңдау керек.

Байланыстырылған құрылғыларды жою

Bluetooth құрылғысының байланысы қажет болмаса немесе жалғанған құрылғылар тізімі толық кезде жаңа құрылғыны қосу керек болса, байланысып тұрған құрылғыларды жойып тастау керек.

1. Басқару тақтасындағы **[PHONE]** түймесін басып, одан кейін **Phone settings (телефон баптаулары) ► Delete devices (құрылғыларды жою)** тармағын таңдау керек.
2. Жойылатын құрылғыны таңдау үшін **[TUNE]** тұтқасын бұрап, одан кейін тұтқаны басу керек.
3. **[1 RPT]** түймесін басып, **Yes (иә)** тармағын таңдау керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Байланысқан құрылғыны жою кезінде жүйеде сақталған қоңыраулар журналы мен байланыс деректері де жойылады.
- Жойылған құрылғыны кейіннен қайта қосу үшін байланысты қайта орнату керек.

Bluetooth аудиоқұрылғысын пайдалану

Аудиоқұрылғының жадында тұрған музыкалық файлдарды автокөліктің динамиктері арқылы ойнату.

1. Басқару тақтасындағы **[AUDIO]** түймесін басу керек.
2. Таңдау терезесі көрсетілген соң **аудио Bluetooth** режимін таңдау үшін **[TUNE]** тұтқасын бұрап, басу керек.



- (1) Ағымдағы композиция туралы мәліметтер

Аспаптар тақтасындағы [MENU/CLOCK] түймесін басып, төменде көрсетілген параметрлерге қол жеткізу керек:

- **Sound settings (дыбыс параметрлері):** салондағы дыбыстың шоғырлану орны, сондай-ақ жиілік сипаттамаларына байланысты дыбыс сигналының ауытқу шегі сияқты дыбыс баптауларын реттеуге болады.
- **Position (қалып):** салондағы дыбыстың шоғырлану орнын таңдау. **Fade** немесе **Balance** таңдау. Қажетті мәзір элементі [TUNE] тұтқасын бұрай отырып, оны басу арқылы таңдалады. Дыбысты автокөлік салонының ортасына шоғырландыру үшін **Centre (орталықты)** таңдау керек.
- **Equaliser (эквалайзер):** дыбыс сигналының ауытқу шегін жиілік сипаттамаларына байланысты реттеу.
- **Speed dependent vol. (жылдамдыққа байланысты дыбыс қаттылығы):** автокөлік жылдамдығына байланысты дыбыс қаттылығын автоматты түрде реттеу.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Автокөлік үлгісіне байланысты қолжетімді параметрлердің айырмашылықтары болуы мүмкін.

- **Қолжетімді параметрлер аудиожүйенің және күшейткіштің сипаттамаларына байланысты өзгеше болуы мүмкін.**
- **Mode рорир (режимнің қалқымалы терезесі):** басқару тақтасындағы [AUDIO] түймесін басып, режимді таңдау терезесін көрсету.
- **Date/Time (күн мен уақыт):** аудиожүйе дисплейіндегі күн мен уақытты түзеу.
 - **Set date (күнді белгілеу):** жүйе дисплейінде көрсетілетін күнді орнату.
 - **Set time (уақытты белгілеу):** жүйе дисплейінде көрсетілетін уақытты орнату.
 - **Time format (уақыт пішімі):** уақытты 12 немесе 24 сағаттық пішімде көрсету мүмкіндігін таңдау.
 - **Display (Power Off) (дисплей (қуат көзі ажыратылған)):** жүйе қуат көзін өшіргенде сағатты көрсету.
- **Language (тіл):** интерфейс тілін өзгерту.

Пауза және ойнатуды жалғастыру

Ойнатуды тоқтата тұру үшін басқару тақтасындағы [TUNE] тұтқасын басу керек. Ойнатуды қайта жалғастыру үшін [TUNE] түймесін тағы бір рет басу қажет.

- Рульдегі қашықтан басқару пультіндегі Mute (дыбысты өшіру) түймесін де басуға болады.

Басынан бастап ойнату

Басқару тақтасындағы [**<SEEK**] түймесін басу керек.

- Сонымен бірге, рульдегі ауыстырып қосқышты жоғары басуға болады.

Алдыңғы композицияны ойнату

Алдыңғы композицияны ойнату үшін басқару тақтасындағы [**< SEEK**] түймесін екі рет басу керек. Келесі композицияны ойнату үшін басқару тақтасындағы [**TRACK >**] түймесін басу керек.

- Сонымен бірге, рульдегі ауыстырып қосқышты жоғары не төмен басуға болады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Қосылған Bluetooth құрылғысына немесе мобильді телефонға байланысты алдыңғы немесе келесі композицияны ойнату функциясы қолжетімді болмауы мүмкін.

Қайта ойнату

Басқару тақтасындағы [**1 RPT**] түймесін басу керек. Түймені басқан сайын қайта ойнату режимі өзгеріп отырады. Экранда таңдалған режимнің белгісі көрсетіледі.

Кездейсоқ тәртіппен ойнату

Басқару тақтасындағы [**2 SHFL**] түймесін басу керек. Түймені басқан сайын кездейсоқ тәртіппен ойнату режимі қосылады не өшеді. Кездейсоқ тәртіппен ойнату режимін қосқанда, экранда тиісті белгі көрсетіледі.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Басқару элементтері қосылған Bluetooth құрылғысына, мобильді телефонға немесе музыкалық ойнатқышқа байланысты өзгеше болуы мүмкін.
- Кейбір музыка ойнатқыштардағы лектік ойнату қолжетімді болмауы мүмкін.
- Кейбір Bluetooth құрылғыларында немесе мобильді телефондарда барлық функциялар қолжетімді болмауы мүмкін.
- Егер Bluetooth бар телефон музыканы ойнату үшін пайдаланылып тұрса, кіріс қоңырауында немесе шығыс қоңырауында ойнату тоқтатылады.
- Bluetooth режимінде музыка ойнатылып тұрғанда кіріс қоңырауы қабылданса немесе шығыс қоңырауы шалынса, дыбыстар кедергілерге ұшырауы мүмкін.

- Мобильді телефондардың кейбір үлгілерінде Bluetooth режимін пайдаланғанда музыка Bluetooth қосылысы арқылы ойнатылып тұрса, қоңырау аяқталған соң ойнату автоматты түрде жалғаспауы мүмкін.
- Кейбір мобильді телефондарда Bluetooth режимінде ойнатылып тұрған тректі ауыстырып қосқанда, «шапалақ» дауысы естілуі мүмкін.
- Музыканы Bluetooth арқылы ойнатқанда, артқа не алға айналдыру функциясы қолданылмайды.
- Музыканы Bluetooth арқылы ойнату режимінде ойнату тізімінің функциясы қолданылмайды.
- Bluetooth құрылғысын өшіргенде, музыканы Bluetooth арқылы ойнату режимі өшеді.

Мобильді телефонды Bluetooth арқылы қосу

Bluetooth технологиясын дауысты байланыс үшін пайдалануға болады. Автокөлікке кіріктіріліп орнатылған микрофон мен динамиктер дауысты байланыс функциясын пайдалануға мүмкіндік береді, ол автокөлікті жүргізу кезіндегі ыңғайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Бұл кезде жүйе экранында қоңырау туралы ақпарат көрсетіледі.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Bluetooth құрылғыларын жалғамас бұрын автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатып қою керек. Автокөлікті жүргізу кезінде басқа нәрсеге алаңдау салдары жарақат алуға немесе өлімге алып келуі мүмкін.
- Автокөлікті жүргізу кезінде телефон нөмірін теруге және мобильді телефонды пайдалануға тыйым салынады. Мобильді телефонды пайдалану жүргізушінің назарын алаңдатып, нәтижесінде қатер төндіретін жағдайларды анықтау қабілеті, сондай-ақ күтпеген жағдайларды еңсеру мүмкіндігі нашарлап кетуі мүмкін, соның салдарынан жол-көлік апаты орын алуы ықтимал. Қоңырау шалу қажет болған жағдайда, Bluetooth дауысты байланыс функциясын пайдаланып, сөйлесуді барынша аз уақыт ішінде аяқтауға тырысу керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Егер мобильді телефон жалғанбаған болса, мобильді телефон экранына өту мүмкін болмайды. Bluetooth қолданатын телефон функцияларын пайдалану үшін мобильді телефон жүйеге қосылып тұруы керек.
- Bluetooth арқылы дауысты байланыс функциясы сигнал жоғалғанда, сол сияқты туннельмен жүргенде, жер астымен немесе таулы жерлерде жүргенде істемеуі мүмкін.
- Байланыс сапасы келесі жағдайларда нашарлауы мүмкін:
 - мобильді байланыстың әлсіз сигналы;
 - автокөлік ішінде электрмагнитті кедергілердің көп болуы;
 - мобильді телефонның сусын құйылған банкалар сияқты металл заттардың қасында тұруы.
- Bluetooth дауысты байланысы кезінде дыбыстың қаттылығы мен сапасы жалғанып тұрған мобильді телефонға байланысты болуы мүмкін.

Қоңырау шалу

Егер мобильді телефон жүйеге қосылып тұрса, қоңырау шалу үшін қоңыраулар журналынан немесе байланыстар тізімінен абонентті таңдап алуға болады.

1. Басқару тақтасындағы **[PHONE]** түймесін басу керек.
 - Сонымен бірге, рульдегі қоңырау шалу немесе қоңырауды қабылдау түймесін басуға болады.
2. Телефон нөмірін таңдау.
 - Таңдаулылар тізімінен телефон нөмірін таңдау үшін **Favourites (таңдаулы)** түймесін басу керек.
 - Қоңыраулар журналынан телефон нөмірін таңдау үшін **Call history (қоңыраулар журналы)** түймесін таңдау керек.
 - Жалғанған мобильді телефоннан жүктелген байланыстар тізімінен телефон нөмірін таңдау үшін **Contacts (байланыстар)** түймесін таңдау керек.
3. Қоңырауды аяқтау үшін басқару тақтасындағы **[2 SHFL]** түймесін басу керек.
 - Сонымен бірге, рульдегі қоңырауды аяқтау түймесін басуға болады.


Нөмірлерді таңдаулылар тізіміне енгізу

Bluetooth дауысты байланысын пайдалану ыңғайлы болуы үшін нөмірлерді таңдаулылар тізіміне енгізіп қоюға болады.

1. Телефон экраны көрсетілгенде, басқару тақтасындағы **[TUNE]** тұтқасын бұрап, **Favourites (таңдаулы)** тармағын таңдаңыз да, тұтқаны басыңыз.
2. **[MENU/CLOCK] ► Add new favourites (таңдаулыға қосу)** тармағын таңдау керек.
3. **[1 RPT]** түймесін басып, қажетті телефон нөмірін таңдаңыз.

Таңдаулы тізімін қолдану

1. Телефон экраны көрсетілгенде, басқару тақтасындағы **[TUNE]** тұтқасын бұрап, **Favourites (таңдаулы)** тармағын таңдаңыз да, тұтқаны басыңыз.
2. Қажетті байланысты таңдау үшін **[TUNE]** тұтқасын бұрап, қоңырау шалу үшін оны басу керек.



Аспаптар тақтасындағы **[MENU/CLOCK]** түймесін басып, төменде көрсетілген параметрлерге қол жеткізу керек:

- **Add new favourites (таңдаулыға қосу):** жиі қолданылатын телефон нөмірін таңдаулыға қосу.


- **Delete items (жазбаларды жою):** таңдалған байланыстарды таңдаулыдан жою.
- **Delete all (барлығын жою):** таңдаулыдағы барлық байланыстарды жою.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Әр құрылғы үшін жадта ең көбі 20 таңдаулы байланыс сақталады.
- Байланыстарды таңдаулы ретінде сақтау үшін алдымен байланыстарды аудиожүйеге жүктеу керек.
- Мобильді телефондағы таңдаулы байланыстар тізімі аудиожүйеге жүктелмейді.
- Мобильді телефондағы деректерді өңдегенде, аудиожүйедегі таңдаулы байланыстар автоматты түрде жаңартылмайды. Ол үшін байланысты жойып, таңдаулыға қайта қосу керек.
- Жаңа мобильді телефонды жалғағанда, бұрынғы телефон үшін орнатылған таңдаулы байланыстар көрсетілмейді, бірақ олар сол бұрынғы телефонды құрылғылар тізімінен жойғанша жүйеде сақтаулы тұрады.

Қоңыраулар журналын қолдану

1. Телефон экраны көрсетілгенде, **Call history (қоңыраулар журналы)** түймесін таңдау үшін басқару тақтасындағы **[TUNE]** тұтқасын бұрап, тұтқаны басу керек.
2. Қажетті байланысты таңдау үшін **[TUNE]** тұтқасын бұрап, қоңырау шалу үшін оны басу керек.



Аспаптар тақтасындағы **[MENU/CLOCK]** түймесін басып, төменде көрсетілген параметрлерге қол жеткізу керек:

- **Download (жүктеу):** қоңыраулар журналын жүктеу.
- **All calls (барлық қоңыраулар):** барлық жазбаларды қарап шығу.
- **Dialled calls (шалынған қоңыраулар):** тек шалынған қоңырауларды қарап шығу.
- **Received Calls (қабылданған қоңыраулар):** тек қабылданған қоңырауларды қарап шығу.
- **Missed Calls (қабылданбаған қоңыраулар):** тек қабылданбаған қоңырауларды қарап шығу.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Кейбір мобильді телефондар жүктеу функциясын қолдамауы мүмкін.
- Қоңыраулар журналына қолжетімділік тек аудиожүйеге қосылған мобильді телефон болғанда ғана мүмкін болады.
- Жасырын телефон нөмірінен түсетін қоңыраулар қоңыраулар журналында сақталмайды.
- Әр тізім үшін 50 қоңырауға дейін сақталуы мүмкін.
- Жүйе экранында қоңырау ұзақтығы мен уақыты туралы ақпарат көрсетілмейді.
- Мобильді телефондағы қоңыраулар журналын жүктеу үшін тиісті рұқсат қажет болады. Деректерді жүктегенде мобильді телефонда жүктеуге рұқсат беру қажет болуы мүмкін. Жүктеу қатесі орын алғанда, мобильді телефонда хабарламалар мен телефон баптауларындағы рұқсаттың болуын тексеру қажет.
- Қоңыраулар журналын жүктеу кезінде алдыңғы деректер жойылады.

Байланыстар тізімін қолдану

1. Телефон экраны көрсетілгенде, басқару тақтасындағы **[TUNE]** тұтқасын бұрап, **Contacts (байланыстар)** тармағын таңдаңыз да, тұтқаны басыңыз.
2. Өріптік-сандық таңбалардың қажетті тобын таңдау үшін **[TUNE]** тұтқасын бұрап, одан кейін оны басу керек.
3. Қажетті байланысты таңдау үшін **[TUNE]** тұтқасын бұрап, қоңырау шалу үшін оны басу керек.



Аспаптар тақтасындағы **[MENU/CLOCK]** түймесін басып, төменде көрсетілген параметрлерге қол жеткізу керек:

- **Download (жүктеу):** мобильді телефоннан байланыстарды жүктеу.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Байланыстарды тек Bluetooth құрылғысы қосылып тұрғанда ғана қарауға болады.
- Bluetooth құрылғысынан тек пішімі қолданатын байланыстарды ғана жүктеуге болады. Кейбір қолданбадағы байланыстар жүктелмейді.
- Құрылғыдан 2000 байланысқа дейін жүктеуге болады.
- Кейбір мобильді телефондар жүктеу функциясын қолдамауы мүмкін.
- Жүйенің сипаттамаларына байланысты жүктелген байланыстардың кейбіреулері жоғалуы мүмкін.
- Байланыстар телефонның ішкі жадынан да, SIM картадан да жүктеледі. Кейбір мобильді телефондар үшін байланыстарды SIM картадан жүктеу мүмкін емес.
- Байланыстың атауындағы арнайы таңбалар мен сандар дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- Мобильді телефондағы байланыстарды жүктеу үшін тиісті рұқсат қажет болады. Деректерді жүктегенде мобильді телефонда жүктеуге рұқсат беру қажет болуы мүмкін. Жүктеу қатесі орын алғанда, мобильді телефонда хабарламалар мен телефон баптауларындағы рұқсаттың болуын тексеру қажет.

- Мобильді телефонның үлгісіне және жағдайына байланысты жүктеуге ұзақ уақыт жұмсалуды мүмкін.
- Байланыстарды жүктеу кезінде алдыңғы деректер жойылады.
- Аудиожүйенің көмегімен байланыстарды өңдеу және жою мүмкін емес.
- Жаңа мобильді телефонды жалғағанда, бұрынғы телефон үшін орнатылған байланыстар көрсетілмейді, бірақ олар сол бұрынғы телефонды құрылғылар тізімінен жойғанша жүйеде сақтаулы тұрады.

Қоңырауларға жауап беру

Кіріс қоңырауы түскенде, аудиожүйе экранында кіріс қоңырауы туралы хабарлайтын қалқымалы терезе көрсетіледі.



Кіріс қоңырауына жауап беру үшін басқару тақтасындағы [1 RPT] түймесін басу керек.

- Сонымен бірге, рульдегі қоңырау шалу немесе қоңырауды қабылдау түймесін басуға болады.

Кіріс қоңырауын қайтарып тастау үшін басқару тақтасындағы [2 SHFL] түймесін басу керек.

- Сонымен бірге, рульдегі қоңырауды аяқтау түймесін басуға болады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Мобильді телефондардың кейбір үлгілерінде кіріс қоңырауын қайтарып тастау қолданбайды.
- Мобильді телефон аудиожүйеге қосылу тұрғанда, телефон автокөліктен тыс жердегі қосылу аймағының шеңберінде тұрғанның өзінде қоңырау дыбысы автокөлік динамиктерінен шығуы мүмкін. Өшіру үшін құрылғыны жүйеден ажырату немесе мобильді құрылғыдағы Bluetooth режимін өшіріп тастау керек.

Қоңырау шалу кезінде опцияларды пайдалану

Қоңырау кезінде төмендегі экран көрсетіледі. Функцияны орындау үшін тиісті түймені басу керек.



Қоңырауды мобильді телефонға ауыстыру үшін басқару тақтасындағы **[1 RPT]** түймесін басу керек.

- Сонымен бірге, рульдегі қоңырау шалу және қабылдау түймесін басуға болады.

Қоңырауды аяқтау үшін басқару тақтасындағы **[2 SHFL]** түймесін басу керек.

- Сонымен бірге, рульдегі қоңырауды аяқтау түймесін басуға болады.

Аспаптар тақтасындағы **[MENU/CLOCK]** түймесін басып, төменде көрсетілген параметрлерге қол жеткізу керек:

- **Microphone Volume (Outgoing Volume)** (микрофонның дыбыс қаттылығы (шығыс қоңырауының)): микрофонның дыбыс қаттылығын реттеу немесе хабарласушы сөйлеушінің дауысын ести алмауы үшін микрофонды өшіру.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Абонент нөмірі байланыстар тізіміне енгізілген болса, экранда оның аты мен телефон нөмірі көрсетіледі. Егер абонент нөмірі байланыстар тізіміне енгізілмесе, экранда тек телефон нөмірі ғана көрсетіледі.
- Bluetooth дауысты байланысын пайдаланып қоңырау шалғанда, қандай да бір басқа экранға, мысалы, музыка ойнату экранына ауысу мүмкін болмайды.
- Мобильді телефондардың әр түрлі үлгілерінде байланыс сапасы әркелкі болуы мүмкін. Кейбір телефондарды қолданғанда, дауысыңыз сөйлесушіге жақсы естілмеуі мүмкін.
- Кейбір мобильді телефондарда телефон нөмірі көрсетілмеуі мүмкін.
- Кейбір мобильді телефондарда қоңырауларды ауыстыру функциясы қолжетімді болмауы мүмкін.

ЭРА-ГЛОНАСС ШҰҒЫЛ ҚОҢЫРАУЫ (БАР БОЛСА)

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі жол-көлік апаты немесе жолдағы басқа да жазатайым оқиға орын алған кезде автоматты түрде апаттық қоңырау шалу қызметін атқарады.

SOS

Жүргізуші немесе жолаушы қажетті апаттық қызметпен байланысу үшін SOS түймесін басып, бірыңғай кезекші-диспетчер қызметіне қоңырау салады.

- Дыбыс өшеді де, экранда «SOS» жазуы шығады.

Көмек шақыру жүйесін тексеру

ЭРА-ГЛОНАСС қызметін тексеру режимінде SOS TEST түймесін басып іске қосуға болады.

- Дыбыс өшеді де, экранда «SOS TEST» жазуы шығады.


МӘЛІМЕТ ҮШІН

Толық ақпарат «Ақпараттық ойын-сауық жүйесі» бөлімінде берілген.

ЖҮЙЕ КҮЙІНІҢ БЕЛГІЛЕРІ

Күй белгілері экранның жоғарғы бөлігінде көрініп, жүйенің қазіргі жағдайын білдіріп тұрады.

Жүйенің күйін білдіретін белгілермен танысу қажет, олар әрекеттерді орындағанда және функцияларды қосқанда пайда болады.



Bluetooth

Белгі	Сипаттамасы
	Қосылған Bluetooth құрылғысының зарядының деңгейі батарея
	Мобильді телефон немесе аудиоқұрылғы Bluetooth көмегімен қосылған
	Bluetooth арқылы қоңырау шалу мүмкіндігі қосулы
	Bluetooth арқылы қоңырау шалу кезінде микрофон ажыратылып тұр
	Жүйеге Bluetooth арқылы қосылған мобильді құрылғыдан қоңыраулар журналын жүктеу.
	Жүйеге Bluetooth арқылы қосылған мобильді құрылғыдан байланыстарды жүктеу.

Сигнал деңгейі

Белгі	Сипаттамасы
	Bluetooth арқылы қосылған мобильді телефонның сигнал деңгейі.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Жүйе экранында көрсетілетін заряд деңгейі қосылып тұрған құрылғының экранында көрсетілетін деңгейден өзгеше болуы мүмкін.
- Жүйе экранында көрсетілетін сигнал деңгейі қосылып тұрған құрылғының экранында көрсетілетін сигнал деңгейінен өзгеше болуы мүмкін.
- Кейбір күй белгілері автокөліктің үлгісіне және сипаттамаларына байланысты көрсетілмеуі мүмкін.

АУДИОЖҮЙЕ СИПАТТАМАЛАРЫ

USB

Қолданатын аудио пішімдері

- Дыбыс файлының сипаттамасы
 - WAVeform аудиопішімі
 - MPEG1/2/2,5, 3-аудиодеңгей
 - 7.X/8.X нұсқалы Windows жүйесіне арналған аудиофайл пішімі
- Бит жылдамдығы
 - MPEG1 (3-аудиодеңгей):
32/40/48/56/64/80/96/112/128/160/192/224/256/320 кбит/с
 - MPEG2 (3-аудиодеңгей):
8/16/24/32/40/48/56/64/80/96/112/128/144/160 кбит/с
 - MPEG2.5 (3-аудиодеңгей):
8/16/24/32/40/48/56/64/80/96/112/128/144/160 кбит/с
 - WMA (жоғарғы диапазон):
48/64/80/96/128/160/192 кбит/с
- Бір компонент биттері
 - WAV (PCM (стерео)): 24 бит
 - WAV (IMA ADPCM): 4 бит
 - WAV (MS ADPCM): 4 бит
- Дискреттеу жиілігі
 - MPEG1: 44 100/48 000/32 000 Гц
 - MPEG2: 22 050/24 000/16 000 Гц
 - MPEG2.5: 11 025/12 000/8000 Гц
 - WMA: 32 000/44 100/48 000 Гц
 - WAV: 44 100/48 000 Гц
- Папка немесе файл атауының ең үлкен ұзындығы (Юникод негізінде): 40 ағылшын немесе көріс таңбасы
- Папкалар мен файлдардың атаулары үшін қолданатын белгілер (Юникод қолдауы):

2604 көріс таңбасы, 94 әріптік-сандық таңба, 4888 қытай таңбасы, 986 арнайы таңба

- Папкалардың ең көп саны: 1000
- Файлдардың ең көп саны: 5000

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Пішімі қолданбайтын файлдар оқылмауы немесе ойнатылмауы мүмкін немесе олар туралы ақпарат, мысалы, файл атауы дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- Жүйе .mp3, .wma және .wav пішіміндегі файлдарды ғана анықтайды. Егер файл пішімі анықталмаса, кодтауға арналған жаңа бағдарламалық жасақтаманың көмегімен пішімді өзгерту керек.
- Құрылғы DRM (цифрлық құқықтарды басқару) көмегімен құлыпталған кейбір файлдарды қолдамауы мүмкін.
- Сығылған MP3/WMA және WAV файлдары үшін деректерді беру жылдамдығына байланысты дыбыстың естілу сапасында айырмашылық болуы мүмкін. (Деректерді беру жылдамдығы (лек жылдамдығы) жоғары музыкалық файлдардың дыбыс сапасы жоғары болады).
- Жапон иероглифтері мен ықшамдалған қытай иероглифтері папкалардың немесе файлдардың атауларында дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.

Қолданатын USB есте сақтау құрылғылары

- Байт немесе сектор: 64 кбайт немесе одан кем
- Пішімдеу жүйесі: FAT12/16/32 (ұсынылады), бұрынғысы FAT/NTFS

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Тек аша тәріздес металл қабы бар USB есте сақтау құрылғылары дұрыс жұмыс істейді.
 - Пластмасса ашасы бар USB есте сақтау құрылғылары анықталмауы мүмкін.
 - CF немесе SD карталары сияқты кіріктірілген жад карталары бар USB есте сақтау құрылғылары анықталмауы мүмкін.
- USB қатты дискілері анықталмауы мүмкін.
- Бірнеше логикалық дискілері бар, сыйымдылығы үлкен USB есте сақтау құрылғысын пайдаланғанда, тек бірінші бөлімде орналасқан файлдар анықталатын болады.
- Егер USB есте сақтау құрылғысында қолданба орналасса, тиісті мультимедиа файлдары ойнатылмауы мүмкін.
- Жақсы үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін USB 2.0 құрылғылары пайдаланылуы тиіс.

Bluetooth

- Bluetooth қуат класы 2: минус 6 дБм-нен 4 дБм-ге дейін
- Ауа арқылы беру қуаты: ең көбі 3 мВт
- Жиілік диапазоны: 2400-2483,5 МГц
- Bluetooth ЖЕҚ қателерін бағдарламамен түзеу нұсқасы: 1

САУДА МАРКАЛАРЫ

Басқа тауар белгілері мен тауар атаулары өздерінің тиісті иелеріне тиесілі.

- Bluetooth® сөздік белгісі және логотипі – Bluetooth SIG, Inc. компаниясына тиесілі тіркелген сауда белгілері. Осындай сауда белгілерін HYUNDAI компаниясы лицензия бойынша қолданады.



СӘЙКЕСТІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

ЕО арналған CE RED

EU Declaration of Conformity ^[1]

HYUNDAI
MOBIS

Product details ^[2]

Product ^[3] Car Audio System

Model ^[4] ACBB1DVEP, ACBB0DVGG, ACBB1DVGG, ACBB0DVGN, ACBB0DVGL, ACBB0DVGP, ACBB0DVMG, ACBB0DVEG, ACBB1DVEG, ACBB0DVEP, ACBB1DVMG

We hereby declare, that the product above is in compliance with the essential requirements of the Directive 2014/53/EU by application of ^[5]

Applied Standards ^[5]

Article ^[7] 3.2
Radio ^[8] ETSI EN 300 328 V.2.1.1 / ETSI EN 303 345 V1.1.7 (final draft)

Article ^[7] 3.1b
EMC ^[9] ETSI EN 301 489-1 v2.2.0 (draft) / ETSI EN 301 489-17 V3.2.0(draft) / EN 55032:2015 / EN 55035:2017

Article ^[7] 3.1a
Safety ^[10], Health ^[11] EN 60065:2014 + A11:2017 / EN 62311:2008

Manufacturer ^[12]

Hyundai MOBIS Co., Ltd.
203, Teheran-ro, Gangnam-gu,
Seoul, 06141, Korea
Tel: +82-31-260-2707

Representative in the EU ^[13]


MOBIS Parts Europe N.V.
Wilhelm-Fay-Strabe 51,
Frankfurt Main, 65936, Germany
Tel: +49-69-85096-5011

Notified Body ^[14]

TUV SUD BBT / TUV SUD Group
Octagon House, Concorde Way, Fareham
Hampshire, PO15 5RL, United Kingdom
Notified Body Identification ^[15] 0168
The Certificate No.: BBT-RED001314 ^[16]

Signed By ^[17] March 13, 2019

This declaration of conformity is issued under the sole responsibility of the manufacturer. ^[18]



Seunghoon Choe
Representative
Hyundai MOBIS Co., Ltd.

Additional information ^[19]

HW: DN8.EUR.AUDIO4.0V.001
SW: DN8.EUR_C.SOP.001

6. Қозғалыс барысында

Жол жүру алдында	6-6
Жол жүру алдында	6-6
Қозғалтқышты оталдыру алдында	6-6
Оталдыру жүйесінің құлпы	6-8
Кілті бар оталдыру жүйесінің құлпы	6-8
Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесі	6-12
Автоматты беріліс қорабы	6-17
АБАҚ жұмысы	6-17
Тұраққа қою	6-22
СК-дисплейдегі хабарлама	6-23
Көлікті қауіпсіз жүргізу амалдары	6-25
Тежеу жүйесі	6-27
Тежегіш күшейткіші	6-27
Дискілік тежегіш тер тозуының индикаторы	6-28
Тұрақ тежегіші (аяқпен басылатын түрі)	6-28
Электрлік тұрақ тежегіші (EPB)	6-30
Автоматты ұстау	6-35
Тежеудің бұғатталуға қарсы жүйесі (БҚЖ)	6-40
Динамикалық тұрақтандырудың электронды жүйесі (ESC)	6-42
Көлік құралын тұрақтандыруды басқару жүйесі	6-46
Еңісте қозғалған кездегі көмек жүйесі (HAC)	6-47
Қауіпсіз тежеу амалдары	6-48
Қозғалыс режимін басқарудың кіріктірілген жүйесі	6-49
Көлік жүргізу режимі	6-49
Бағдар компьютері арқылы интеллектуалдық ауыстыру	6-54

Маңдайлық соқтығысудың алдын алу жүйесі (FCA) – датчиктің біріктірілген түрі (Алдыңғы радар + Алдыңғы көрініс камерасы) (Таяу Шығыстан басқа)	6-56
Жүйені баптау және қосу	6-57
FCA ескерту хабарламасы және жүйені басқару	6-60
FCA датчигі (Алдыңғы радар/Алдыңғы көрініс камерасы)	6-63
Жүйе ақаулығы	6-66
Жүйе шектеулері	6-68
Ескерту жүйесі (BCW)	6-75
Жүйе сипаттамасы	6-75
Жүйені баптау және басқару	6-76
Ескерту хабарламасы және жүйені басқару	6-78
Анықтау датчигі	6-80
Жүйе шектеулері	6-82
Көріну аймағынан тыс соқтығысу туралы ескерту/алдын алу жүйесі ..	6-86
Жүйе сипаттамасы	6-86
Жүйені баптау және қосу	6-88
Ескерту хабарламасы және жүйені басқару	6-90
Анықтау датчигі (Алдыңғы бейнекамера және артқы бұрыштық радар)	6-93
Жүйе шектеулері	6-96
Сәйкестік декларациясы	6-101
Радиожиліктік компоненттер (артқы бұрыштық радар) сәйкес келеді:	6-101
Арттағы қиылысқан бағытта қозғалу туралы ескерту жүйесі (RCCW) / Арттағы қиылысқан бағытта соқтығысудың алдын алу жүйесі (RCCA)	6-105
Жүйе сипаттамасы	6-105
Жүйені баптау және қосу	6-106
Ескерту хабарламасы және жүйені басқару	6-109
Анықтау датчигі	6-112
Жүйе шектеулері	6-115

6. Қозғалыс барысында

Көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесі (LKA)	6-120
LKA жүйесінің жұмысы	6-122
LKA жүйесінің функциясын өзгерту	6-122
Бақылау шамы және хабарлама	6-125
Жүйе шектеулері	6-127
Жолақты қадағалау жүйесі (LFA)	6-129
LFA жүйесінің жұмысы	6-131
Ескерту хабарламасы	6-132
Жүйе шектеулері	6-134
Жүргізуші зейінін бақылау жүйесі (DAW)	6-136
Жүйені баптау және басқару	6-136
Жүйе көрсеткіштерін нөлдеу	6-138
Жүйенің күту режимі	6-139
Жүйе ақаулығы	6-139
Алдыңғы автокөліктің кетуі туралы хабарлау	6-142
Жүйені баптау және жұмыс жағдайлары	6-142
Көрінбейтін аймақтарды бақылау жүйесі (BVM)	6-144
Круз-бақылау	6-145
Круз-бақылау жүйесінің жұмысы	6-145
Stop & Go функциясы бар интеллектуалды круз-бақылау жүйесі ...	6-150
Интеллектуалды круз-бақылау жүйесінің ауыстырып қосқышы	6-151
Интеллектуалды круз-бақылау жүйесінің жылдамдығын реттеу	6-151
Интеллектуалды круз-бақылау жүйесінің көлік құралдары арасында белгіленген арақашықтықты сақтауы	6-158
Алда келе жатқан көлік құралына дейінгі арақашықтықты бақылау датчигі	6-162
Круз-бақылау режиміне ауысу	6-164
Жүйе шектеулері	6-165

Сәйкестік декларациясы	6-170
Көлік жүргізудің ерекше жағдайлары	6-171
Көлік жүргізудің қауіпті жағдайлары	6-171
Автокөлікті тербелту	6-171
Бірқалыпты бұрылу	6-172
Автокөлікті түнгі уақытта жүргізу	6-172
Автокөлікті жауында жүргізу	6-173
Автокөлікті су басқан жерлерде жүргізу	6-173
Автомагистральдарда қозғалу	6-174
Қыста көлік жүргізу	6-175
Қар мен мұзда көлік жүргізу	6-175
Қыс мезгіліндегі сақтық шаралары	6-178
Тіркемені сүйреу	6-180
Тіркемені сүйреген кезде	6-181
Тіркемені сүйреуге арналған жабдық	6-185
Тіркемесі бар автокөлікті жүргізу	6-187
Тіркемені сүйреген кездегі техникалық қызмет көрсету	6-191
Автокөліктің салмағы	6-192
Шамадан артық жүк тиеу	6-193



АБАЙЛАҢЫЗ

Иіс газы (CO) улы болып табылады. Онымен дем алу естен тануға және өлімге әкелуі мүмкін.

Пайдаланылған газдардың құрамында түссіз және иіссіз көмірқышқыл газы бар.

Пайдаланылған газдармен дем алмаңыз.

Салон ішінде пайдаланылған газ иісі сезілген жағдайда, дереу терезені ашыңыз. Иіс газымен дем алу тұншығудан естен тануға және өлімге әкелуі мүмкін.

Пайдаланылған газды шығару жүйесінен газдың шығып жатпағанына көз жеткізіңіз.

Пайдаланылған газды шығару жүйесін май ауыстыру және өзге мақсаттарда автокөлікті көтерген сайын тексеріп тұру керек. Пайдаланылған газды шығару жүйесі жұмысының дыбысы өзгерген кезде немесе автокөлік асты бірдеңемен соғылған жағдайда газ шығару жүйесін дереу HYUNDAI ресми дилерлік орталығында тексертіңіз.

Жабық үй-жайларда қозғалтқышты істеп тұрған күйінде қалдырмаңыз.

Көлікжайда, тіпті егер оның есіктері ашық тұрса да, бос жүрісте қозғалтқыштың істеп тұруы қауіп төндіруі мүмкін. Қозғалтқышты оталдырғанда, көлікжайдан бірден шығып кету керек.

Автокөлік салонында адамдар отырғанда, қозғалтқышты бос жүрісте ұзақ істетпеңіз.

Автокөлік салонында адамдар отырғанда, бос жүрістегі қозғалтқышты тек ашық жерде ғана мәжбүрлі түрде ұзақ істетуге болады. Бұл жағдайда ауа кірісін реттегішті таза ауаны беру қалпына, ал желдеткіш реттегішінің қуатын салонға таза ауа кіруі үшін ең жоғары қалыпқа келтіру керек.

Ауа тартқыш саңылаулардың бітелуіне жол бермеңіз.

Желдету жүйесі қалыпты істеуі үшін алдыңғы әйнек алдында орналасқан ауа тартқыш саңылаулардың қармен, мұзбен және т.б. бітелмеуін қадағалаңыз.

Ашық жүксалғышпен жүру қажет болса:

Терезелердің бәрін жабыңыз.

Аспаптар панелінің ауа жапқыштарын ашыңыз.

Ауа кірісін реттегішті таза ауа беру қалпына, ауа ағынын басқару реттегішін «Еден» немесе «Бет» қалпына, ал желдеткіш реттегішінің қуатын ең жоғары қалыпқа келтіріңіз.

ЖОЛ ЖҮРУ АЛДЫНДА

Жол жүру алдында

- Барлық терезелер, сыртқы айналар және сыртқы жарық аспаптары таза әрі ештеңемен жабылып тұрмауы тиіс.
- Қыраудан, қардан не мұздан тазалаңыз.
- Шиналардың тозбағанын және зақымдалмағанын тексеріңіз.
- Автокөлік астында еш нәрсенің ағып тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Артқа жүрмей тұрып, автокөліктің артында ешқандай бөгеттің жоқ екенін тексеріңіз.

Қозғалтқышты оталдыру алдында

- Капоттың, жүксалғыш пен есіктердің нық жабылғанын тексеріңіз.
- Орындық пен рульдің қалпын реттеп алыңыз.
- Ішкі айна мен сыртқы артқы көрініс айналарының қалыптарын реттеп алыңыз.
- Сыртқы жарық аспаптарының жұмысын тексеріңіз.
- Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз. Барлық жолаушылардың қауіпсіздік белбеулерін таққанына көз жеткізіңіз.
- Оталдыру кілтін “ON” қалпына бұрып, аспаптар панелінің көрсеткіштері мен индикаторларын және аспаптар тақтасының дисплейіндегі хабарламаларды тексеріңіз.
- Бүкіл жүктің нық орналасып, бекітілгеніне көз жеткізіңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ

АУЫР ЖАРАҚАТ немесе **ӨЛІМ** ықтималдығын азайту үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Қауіпсіздік белбеуін **МІНДЕТТІ ТҮРДЕ** қолданыңыз. Қозғалыс кезінде жолаушылардың бәрі қауіпсіздік белбеуін міндетті әрі тиісті түрде қолдануы тиіс. Толық ақпаратты
- 3-тараудың «Қауіпсіздік белбеулері» тармағынан қараңыз.
- Қозғалыс барысында әрқашан сақ болыңыз. Қозғалыстың басқа қатысушыларының немесе жаяу жүргіншілердің зейіні аздау болып, қателіктер жіберуі мүмкін екендігін ойластырыңыз.
- Қозғалыс барысында үнемі жолға қарап отырыңыз. Жүргізуші назарын басқа нәрсеге аударғанда, апат орын алуы мүмкін.
- Алда қозғалып бара жатқан автокөліктерге дейін қауіпсіз арақашықтықты сақтаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Көлікті алкогольдік не есірткілік масаю күйінде жүргізуге **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**.

Көлікті мұндай күйде жүргізу **АУЫР ЖАРАҚАТ** немесе **ӨЛІМ** себебіне айналуы мүмкін.

Мас күйде көлік жүргізу – жыл сайын жолдарда адамдардың қаза табуының бірінші себебі. Тіпті алкогольдің аз мөлшері Сіздің рефлекстеріңізге, шапшаң әрекет ету мүмкіндігіңізге және шешім қабылдау жылдамдығыңызға әсер етеді. Тіпті алкогольдің бір порциясы жағдай өзгергенде және күтпеген жағдайларда әрекет ету мүмкіндігін әлсіретуі мүмкін. Әрекет ету уақыты алкогольдің әрбір жаңа порциясымен артады.

Есірткілік масаю күйінде көлік жүргізу алкогольдік масаю күйінде көлік жүргізу сияқты немесе тіпті одан гөрі қауіптірек болады.

Егер сіз арақ-шарап ішіп немесе есірткі қабылдап көлік жүргізсеңіз, ауыр апаттың орын алу ықтималдығы анағұрлым артады. Егер сіз арақ-шарап ішіп, не болмаса есірткі қабылдасаңыз, көлік жүргізуге әрекет жасамаңыз. Жүргізушісі алкоголь не есірткі қабылдаған автокөлік ішіне отырмаңыз.

Жауапты жүргізушіге хабарласыңыз немесе такси шақырыңыз.

ОТАЛДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰЛПЫ

АБАЙЛАҢЫЗ

АУЫР ЖАРАҚАТ немесе **ӨЛІМ** ықтималдығын азайту үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:


- Балаларға немесе автокөлікті жүргізе алмайтын тұлғаларға оталдыру жүйесінің құлпына немесе қозғалтқышты оталдырумен байланысты басқару элементтеріне тиісуге **ЕШҚАШАН** рұқсат етпеңіз.

Бұның салдарынан автокөлік кенеттен жүріп кетуі мүмкін.

- Оталдыру жүйесінің құлпына немесе өзге басқару органдарына қол жеткізу үшін қозғалыс барысында қолды рульге **ЕШҚАШАН** сұқпаңыз.

Мұндай әрекеттер автокөлікті басқару мүмкіндігінің жоғалуына және апатқа әкелуі мүмкін.

Кілті бар оталдыру жүйесінің құлпы



Алдыңғы есік ашық тұрса, оталдыру жүйесінің құлпы **ON** қалпында тұрмаған жағдайда жарықтанып тұрады. Кемескі жарық оталдыру жүйесінің құлпын қосқан кезде немесе есікті жапқан соң 30 секундтан кейін бірден сөнеді (бар болса).

АБАЙЛАҢЫЗ

- Төтенше жағдайлардан басқа кезде, қозғалыс барысында оталдыру жүйесінің кілтін ЕШҚАШАН LOCK немесе АСС қалыптарына келтірмеңіз. Бұл қозғалтқыштың, руль күшейткішінің және тежегіш күшейткішінің өшуіне әкеледі.

Бұның салдарынан көлікті басқара алмай, тежеу функциясы қосылмай, апат орын алуы мүмкін.

- Автокөліктен шықпай тұрып, селектор тұтқасын «Р» (тұраққа қою) қалпына келтіріп, тұрақ тежегішін қосып, оталдыру жүйесінің ажыратқышын LOCK қалпына келтіру керек.

Осы сақтық шараларын орындамаған жағдайда, көлік құралы өздігінен қозғалып кетуі мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Басқа оталдыру жүйесі құлпының қақпақтарын пайдалануға тыйым салынады. Бұл байланыстың үзілуі салдарынан іске қосу қателігіне әкелуі мүмкін.

Кілті бар оталдыру жүйесі құлпының қалыптары

Оталдыру жүйесі құлпының қалпы	Әрекет	Ескертелер
<p>LOCK (Блоктау)</p>	<p>Оталдыру жүйесінің кілтін LOCK қалпында ғана шығаруға болады. Руль автокөлікті ұрлап әкетуден қорғау мақсатында блокталады (бар болса).</p>	
<p>ACC (Қосалқы)</p>	<p>Кейбір электрлік қосалқы жабдықты пайдалануға болады. Руль блоктан шығарылады.</p>	<p>Егер сіз оталдыру жүйесінің кілтін ACC қалпына бұра алмасаңыз, қысымды түсіру үшін рульді оңға не солға қарай тірелгенше бұрып, кілтті бұраңыз.</p>
<p>ON (Қосулы)</p>	<p>Бұл кілттің қозғалтқыш іске қосылатын қалыпты жұмыс күйі болып табылады. Бұл күйде автокөліктің барлық негізгі және қосалқы жүйелері істейді. Оталдыру жүйесінің кілтін ACC қалпынан ON қалпына ауыстырған кезде барлық бақылау шамдарын тексеруге болады.</p>	<p>Қозғалтқыш өшіп тұрғанда, АКБ заряды таусылмас үшін оталдыру жүйесінің кілтін ON қалпында қалдырмаңыз.</p>
<p>START (Қосу)</p>	<p>Қозғалтқышты оталдыру үшін оталдыру жүйесінің кілтін START (қосу) қалпына бұрыңыз. Бос күйінде кілт өздігінен ON қалпына оралады.</p>	<p>Қозғалтқыш сіз кілтті жібергенше айналып тұрады.</p>

Қозғалтқышты оталдыру

АБАЙЛАҢЫЗ

• Автокөлікті жүргізген кезде тиісті аяқ киім кию керек. Автокөлікті биік өкшелі туфлиді, шаңғы аяқ киімін, сандалды немесе жағажайда киетін шәркейді және т.с.с. киіп жүргізуге болмайды. Мұндай аяқ киіммен тежегіш пен акселератор педальдарын басқан ыңғайсыз.

• Акселератор педальін басып тұрып, қозғалтқышты оталдыруға болмайды. Көлік құралы қозғала бастап, апат орын алуы мүмкін.

• Қозғалтқыш қалыпты жиілікпен айналғанша күте тұру керек. Қозғалтқыштың айналу жиілігі жоғары болса, көлік құралы тежегіш педальін жіберген кезде жүре бастауы мүмкін.

1. Тұрақ тежегіші қосылып тұруы тиіс.
2. Селектор тұтқасы «Р» (тұраққа қою) қалпында тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Тежегіш педальін басыңыз.
4. Оталдыру жүйесінің кілтін START қалпына бұрыңыз. Кілтті (көп дегенде 10 секунд) қозғалтқыш оталғанша басып тұрыңыз, содан соң жіберіңіз.

Ақпарат

- Автокөлік қозғалыссыз тұрғанда, қозғалтқыштың қызуын күтпеніз.

Қозғалтқыштың орташа айналымдарында қозғала бастаңыз. (Жылдамдықты кенеттен үдетпеген және тежемеген жөн.)

- Оталдыруды акселератор педальін баспай орындаған жөн. Қозғалтқышты оталдырған кезде газ педальін баспаңыз. Қыздыру барысында қозғалтқышты үдетпеңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөлік жүйелерін зақымдап алмау үшін:

- Оталдыру жүйесінің кілтін START қалпында 10 секундтан артық уақытқа қалдырмаңыз. Қозғалтқышты оталдыру әрекетін қайталағанға дейін 5-10 секунд күте тұрыңыз.
- Қозғалтқыш істеп тұрғанда оталдыру жүйесінің кілтін START (қосу) қалпына бұруға болмайды. Бұл стартердің зақымдалуына себеп болуы мүмкін.
- Егер көлік легі мен жолдағы жағдайлар мүмкіндік берсе, көлік құралы жүріп келе жатқанда селектор тұтқасын «N» (бейтарап) қалпына орнатып, қозғалтқышты қайта қосу үшін қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басыңыз.
- Автокөлікті сүйреу не итеру арқылы қозғалтқышты оталдыруға әрекет жасамаңыз.

Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесі (бар болса)



Алдыңғы есікті ашқан кезде қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесі жанады. Есік жабылған соң, ол әлі 30 секундтай жанып тұрады. (бар болса)

АБАЙЛАҢЫЗ

Төтенше жағдайда қозғалтқышты сөндіру үшін:

Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін екі секундтан астам уақыт басып ұстап тұрыңыз, не болмаса сол түймені үш рет басып, жіберіңіз (үш секунд ішінде).

Егер автокөлік әлі қозғалып жатса, қозғалтқыш тежегіш педалін баспай, селектор тұтқасын «N» (бейтарап) қалпына келтіру және қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басу арқылы іске қосылған болуы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Төтенше жағдайлардан басқасында, автокөліктің қозғалысы кезінде қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін ЕШҚАШАН баспаңыз. Бұл қозғалтқыштың, руль күшейткішінің және тежегіш күшейткішінің өшуіне әкеледі. Бұның салдарынан көлікті басқара алмай, тежеу функциясы қосылмай, апат орын алуы мүмкін.
- Автокөліктен шықпас бұрын, берілісті ауыстыру иінтірегін міндетті түрде «Р» (тұраққа қою) қалпына келтіріп, тұрақ тежегішін қосып, қозғалтқышты сөндіру үшін қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басыңыз да, шығарда өзіңізбен электронды кілтті алып кетіңіз.

Осы сақтық шараларын орындамаған жағдайда, көлік құралы өздігінен қозғалып кетуі мүмкін.

Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесінің қалыптары
- Автоматты беріліс қорабы бар автокөлік

Қалыпты ауыстырып қосқыш	Әрекет	Ескертпелер
OFF (өшірулі)	Қозғалтқышты сөндіру үшін селекторды «Р» (тұраққа қою) қалпына келтіріңіз және қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басыңыз. Руль автокөлікті ұрлап әкетуден қорғау мақсатында блокталады. (бар болса)	Егер руль тиісті түрде блокталмаған болса, жүргізушінің есігін ашқанда ескерту сигналы беріледі.
ACC (қосалқы жабдық)	Ілініс педалін баспай, OFF қалпындағы қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басыңыз. Кейбір электрлік қосалқы жабдықты пайдалануға болады. Руль блоктан шығарылады.	Егер қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін ACC қалпында қалдырсаңыз, онда 1 сағаттан соң АКБ заряды таусылмас үшін одан алынатын қуат автоматты түрде ажыратылады. Руль тиісті түрде блоктан шығарылмаса, қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесі жұмыс істемейді. Қысымды төмендету үшін рульді оңға және солға қарай тірелгенше бұрып, бір уақытта қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басыңыз.

Қалыпты ауыстырып қосқыш	Әрекет	Ескертпелер
ON (қосулы)	<p>Тежегіш педалін баспай, ACC қалпындағы қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басыңыз.</p> <p>Қозғалтқышты оталдырмай тұрып, бақылау шамдарын тексеруге болады.</p>	<p>Қозғалтқыш істемей тұрғанда, АКБ заряды таусылмас үшін қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесін ON қалпында қалдырмаңыз.</p>
START (қосу)	<p>Қозғалтқышты оталдыру үшін селектор «Р» (тұраққа қою) немесе «N» (бейтарап) қалпында тұрғанда тежегіш педалін және қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басыңыз.</p> <p>Қауіпсіздік мақсатында қозғалтқышты селектор «Р» (тұраққа қою) қалпында тұрғанда қосу керек.</p>	<p>Тежегіш педалін баспай, қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басқан кезде қозғалтқыш қосылмайды. Бұл жағдайда қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесі былайша жұмыс істейді: OFF → ACC → ON → OFF немесе ACC</p>


Қозғалтқышты оталдыру

АБАЙЛАҢЫЗ

- Автокөлікті жүргізген кезде тиісті аяқ киім кию керек. Автокөлікті биік өкшелі туфлиді, шаңғы аяқ киімін, сандалды немесе жағажайда киетін шәркейді және т.с.с. киіп жүргізуге болмайды. Мұндай аяқ киіммен тежегіш пен акселератор педальдарын басқан ыңғайсыз.
- Акселератор педалін басып тұрып, қозғалтқышты оталдыруға болмайды. Көлік құралы қозғала бастап, апат орын алуы мүмкін.
- Қозғалтқыш қалыпты жиілікпен айналғанша күте тұру керек. Қозғалтқыштың айналу жиілігі жоғары болса, көлік құралы тежегіш педалін жіберген кезде жүре бастауы мүмкін.

Ақпарат

- Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басқанда, қозғалтқыш электронды кілт автокөліктің ішінде болған жағдайда ғана іске қосылады.
- Егер электронды кілт автокөлік ішінде, бірақ жүргізушіден алыс болса, қозғалтқыш оталмайды.
- Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін ACC немесе ON қалпына басқанда кез келген есік ашық тұрса, жүйе электронды кілтті іздеуді бастайды. Егер

электронды кілт автокөлік ішінде жоқ болса, онда «» индикаторы жыпылықтай бастайды және «Key not in vehicle» (Кілт машинада жоқ.) ескертуі қосылады. Егер бұл жағдайда есіктердің бәрі жабық болса, онда 5 секунд бойы дыбыс сигналы беріледі. Электр жабдығы (ACC қосулы) қосылып немесе қозғалтқыш оталып тұрса, кілт автокөліктің ішінде болуы тиіс.

1. Электронды кілтті әрқашан өзіңізбен бірге алып жүріңіз.
2. Тұрақ тежегіші қосылып тұруы тиіс.
3. Селектор тұтқасы «Р» (тұраққа қою) қалпында тұрғанына көз жеткізіңіз.
4. Тежегіш педалін басыңыз.
5. Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басыңыз.

Ақпарат

- Автокөлік қозғалыссыз тұрғанда, қозғалтқыштың қызуын күтпеңіз.

Қозғалтқышты орташа айналымдарында қозғала бастаңыз. Жылдамдықты кенеттен үдетпеген және баяулатпаған жөн.

- Оталдыруды акселератор педалін баспай орындаған жөн. Қозғалтқышты оталдырған кезде газ педалін баспаңыз. Қыздыру барысында қозғалтқышты үдетпеңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөлік жүйелерін зақымдап алмау үшін:

- Егер қозғалтқыш жүріс барысында сөніп қалса, селекторды «Р» (тұраққа қою) қалпына ауыстырмаған жөн.

Егер көліктің жағдайы мен жолдағы жағдайлар мүмкіндік берсе, автокөлік жүріп келе жатқанда селектор тұтқасын «N» (бейтарап) қалпына келтіріп, қозғалтқышты қайта оталдыру үшін қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басыңыз.

- Автокөлікті сүйреу не итеру арқылы қозғалтқышты оталдыруға әрекет жасамаңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөлік жүйелерін зақымдап алмау үшін:

Стоп-сигнал сақтандырғышы күйіп кеткен жағдайдан басқасында, қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басылған күйде 10 секундтан ұзақ ұстамаңыз.

Тежегіш ауыстырып қосқышының сақтандырғышы күйіп кеткен жағдайда, қозғалтқышты әдеттегідей оталдыру мүмкін емес. Сақтандырғышты ауыстырыңыз.

Егер сақтандырғышты ауыстыру мүмкіндігі жоқ болса, онда қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін 10 секунд бойы АСС қалпында басып ұстап

тұрып қозғалтқышты оталдыруға болады.

Кез келген жағдайда қауіпсіздік мақсатында қозғалтқышты оталдырған кезде міндетті түрде тежегіш педалін басыңыз.



i Ақпарат

Егер АКБ заряды таусылса немесе электронды кілт қалыпты жұмыс істемесе, қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басып және электронды кілтті жоғарыда берілген суретте көрсетілген бағытта бұра отырып, қозғалтқышты оталдыруға болады.

АВТОМАТТЫ БЕРІЛІС ҚОРАБЫ



ODN8069005

АБАҚ жұмысы

Автоматты беріліс қорабының алты алға жүру берілісі мен бір артқа жүру берілісі бар. D (алға жүру) қалпындағы жылдамдықтарды таңдау автоматты түрде орындалады. Оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда, аспаптар тақтасындағы индикатор берілісті ауыстыру түймесінің қалпын көрсетеді.



АБАЙЛАҢЫЗ

Көлік құралы ашық кеңістікте тұрса, автоматты беріліс қорабының берілісті ауыстыру иінтірегінің тұтқасы немесе салонның ішкі әрлеуі мен бөлшектері қатты қызып кетуі мүмкін. Көлік құралы қатты қызған жағдайда, сақтық танытқан жөн.

АБАЙЛАҢЫЗ

Ауыр жарақат немесе өлім қаупін азайтуға мүмкіндік беретін сақтық шаралары:

- Беріліс қорабының иінтірегін D (алға жүру) немесе R (артқа жүру) қалпына ауыстырмай тұрып, автокөліктің жанында адамдардың, әсіресе балалардың бар-жоғын **ӘРДАЙЫМ ТЕКСЕРІҢІЗ**.
- Автокөліктен шықпай тұрып, селекторды «P» (тұраққа қою) қалпына келтіріп, тұрақ тежегішін қосып, оталдыру жүйесін өшіру керек. Осы сақтық шараларын орындамаған жағдайда, автокөлік кенеттен қозғала бастауы мүмкін.
- Тайғақ жолдарда қозғалтқышпен (төменірек беріліске ауысу) кенеттен тежеу функциясын қолданбаған дұрыс. Бұл автокөліктің сырғуына және соның салдарынан апатқа әкелуі мүмкін.

P (тұраққа қою)

«P» (тұраққа қою) режиміне ауысу автокөлік толығымен тоқтағаннан кейін ғана орындалады.

«P» (тұраққа қою) қалпынан ауыстырмай тұрып, тежегіш педалін қатты басу керек. Ол кезде акселератор педалін басуға болмайды.

Қозғалтқышты сөндірмей тұрып, селекторды «P» (тұраққа қою) қалпына орнату керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Қозғалыс барысында «P» (тұраққа қою) қалпына ауыстыру автокөлікті басқару мүмкіндігінен айыруы мүмкін.
- Автокөлікті тоқтатқан соң селекторды «P» (тұраққа қою) қалпына келтіріп, тұрақ тежегішін қосу және қозғалтқышты тоқтату керек.
- Еңісте тұраққа қойған кезде автокөлік төмен сырғымауы үшін доңғалақтарды блоктаңыз.
- Тұрақ тежегішінің орнына «P» (тұраққа қою) қалпын пайдаланбаңыз.

R (артқа жүру)

Бұл қалыпты автокөлік артқа жүрген кезде пайдаланыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Берілісті ауыстыру иінтірегі R (артқа жүру) қалпына немесе одан басқа қалыпқа келтірілмей тұрып, автокөлік толығымен тоқтатылуы тиіс; қозғалыс барысында берілісті ауыстыру иінтірегін R (артқа жүру) қалпына келтіру беріліс қорабын зақымдауы мүмкін.

Егер автокөлік селектор «R» (артқа жүру) қалпында тұрғанда тоқтатылса, жүргізуші есігі ашылғанда және қауіпсіздік белбеуі ағытылғанда «P» (тұраққа қою) қалпына автоматты түрде ауысу орындалады.

Алайда автокөлік селектор «R» (артқа жүру) қалпында тұрғанда қозғалып бара жатса, жүргізушінің есігі ашылғанда және қауіпсіздік белбеуі ағытылғанда автоматты беріліс қорабын қорғау мақсатында «P» (тұраққа қою) қалпына автоматты түрде ауысу орындалмауы мүмкін.

N (бейтарап)

Доңғалақтар мен беріліс қорабы ажыратылған.

«N» бейтарап қалпын өшіп қалған қозғалтқышты қайта қосу немесе қозғалтқыш істеп тұрғанда аялдау үшін пайдалануға болады. Автокөліктен шыққан кезде «P» тұраққа қою қалпын қосу керек.

Бейтарап қалыптан («N») кез келген басқа қалыпқа ауысқан кезде міндетті түрде ілініс педалін басыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Тежегіш педалін соңына дейін баспай, берілісті қоспаңыз. Берілісті қозғалтқыш жоғары жиілікпен айналғанда ауыстыру автокөліктің күрт қозғалуына әкелуі мүмкін. Бұл автокөлікті басқару мүмкіндігінен айыруы мүмкін. Нәтижесінде адамдарды немесе қандай да бір заттарды басып кету мүмкін.

D (алға жүру)

Бұл – алға қарай қалыпты қозғалу күйі. Беріліс қорабы 6 берілісті біртіндеп автоматты түрде ауыстырады, отын мен қуаттың оңтайлы шығынын қамтамасыз етеді.

Автокөлік алға қарай қозғала бастауы үшін қозғалтқыш істеп тұрғанда тежегіш педалін басып тұрып, «D» (алға жүру) тұтқасын басу керек. Содан соң акселератор педалін бірқалыпты басу керек.

Өзге автокөлікті басып озған кезде немесе еңіспен жоғары қарай қозғалып бара жатқанда қосымша қуат алу үшін акселератор педалін қатты басыңыз. Қорап автоматты түрде берілісті бір қадамға (немесе жағдайға қарай одан артық қадамға) шегіндіреді.

Егер автокөлік селектор «D» (алға жүру) қалпында тұрғанда тоқтатылса, жүргізуші есігі ашылғанда және қауіпсіздік белбеуі ағытылғанда «P» (тұраққа қою) қалпына автоматты түрде ауысу орындалады.

Алайда егер автокөлік селектор «D» (алға жүру) қалпында тұрған кезде қозғала берсе, жүргізуші есігі ашылғанда және қауіпсіздік белбеуі ағытылғанда автоматты беріліс қорабын қорғау мақсатында «P» (тұраққа қою) қалпына автоматты түрде ауысу орындалмауы мүмкін.

DRIVE MODE (қозғалыс режимі) ауыстырып қосқышы селектор консолінде орналасқан. Оның көмегімен жүргізуші NORMAL (қалыпты) немесе COMFORT (жайлы) режимдерінен SPORT (спорттық) немесе ECO (үнемді) режимдеріне ауыса алады. (бар болса)

Толық ақпарат осы тараудың «Қозғалыс режимін басқарудың кіріктірілген жүйесі» бөлімінде берілген.

Берілісті ауыстыруды блоктау жүйесі

Қауіпсіздік мақсатында автоматты трансмиссия блоктау жүйесімен жабдықталған; ол трансмиссияның тежегіш педалін баспай, «Р» (тұраққа қою) немесе «N» (бейтарап) қалпынан «R» (артқа жүру) немесе «D» (алға жүру) қалпына ауысуының алдын алады.

Трансмиссияны Р (тұраққа қою) қалпынан R (артқа жүру) қалпына ауыстыру үшін:

1. Тежегіш педалін басыңыз.
2. Қозғалтқышты қосыңыз немесе оталдыру жүйесінің кілтін «ON» қалпына келтіріңіз.
3. Тежегіш педалі мен «R» (артқа жүру) тұтқасын басыңыз.

Автокөліктің қозғалтқышы өшіп тұрғанда селектордың иінтірегін N (бейтарап) қалпына ауыстырыңыз.



■ А типі



■ В типі



Қажет болғанда, «N» (бейтарап) режимін белсенді күйде қалдыру керек, автокөлік тоқтағаннан кейін төменде берілген әрекеттерді орындау керек.

1. Оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда, AUTO HOLD (автоматты түрде ұстап тұру) функциясын және тұрақ тежегішін өшіріңіз.

2. Тежегіш педалін басып тұрып, «N» (бейтарап) тұтқасын басыңыз. Аспаптар тақтасының СК-дисплейінде «Press and hold OK button to stay in Neutral when vehicle is Off» [Қозғалтқыш өшіп тұрғанда бейтарап күйде қалу үшін ОК түймесін басып ұстап тұрыңыз] хабарламасы пайда болса, рульдегі ОК түймесін 1 секундтан астам уақыт басып ұстап тұрыңыз.
3. «Vehicle will stay in (N). Change gear to cancel» [(N) қосулы. Бас тарту үшін селекторды басқа режимге ауыстыру керек] хабарламасы аспаптар тақтасының СК-дисплейінде көрсетілген соң қозғалтқышты сөндіріңіз.

Бұл жағдайда жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі ағытылып, жүргізушінің есігі 3 минут бойы ашық тұрса, беріліс Р (тұраққа қою) қалпына ауысып, оталдыру жүйесі өшеді.

Егер аккумулятор батареясының заряды таусылса:

Аккумулятор батареясының заряды таусылған жағдайда, селектор тұтқасы істемейді.

Төтенше жағдайларда тегіс алаңда трансмиссияны «N» (бейтарап) режиміне ауыстыру үшін төменде көрсетілген әрекеттер орындалуы тиіс.

1. Басқа автокөліктің аккумулятор батареясының немесе өзге аккумулятор батареясының сымдарын мотор бөлігінің ішінде орналасқан басқа қуат көзінен оталдыру шықпаларына жалғаңыз.

Толығырақ ақпарат 7-тараудың «Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру» бөлімінде берілген.

2. Оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда, тұрақ тежегішін өшіріңіз.
3. Осы тараудың «Автокөлік тоқтап тұрғанда бейтарап режимді пайдалану» бөлімінде сипатталғандай, трансмиссияны «N» (бейтарап) режиміне ауыстырыңыз.

Тұраққа қою

Міндетті түрде автокөлікті толығымен тоқтатыңыз және тежегіш педалін жібермеңіз. Селекторды «Р» (тұраққа қою) қалпына ауыстырып, тұрақ тежегішін қосыңыз да, оталдыру жүйесін өшіріңіз. Автокөліктен шығарда, өзіңізбен кілтті алып кетіңіз.

- Қауіпсіздік мақсатында, төменде көрсетілген жағдайларда трансмиссия «Р» (тұраққа қою) режиміне автоматты түрде ауысады.
 - «Қозғалтқыш сөніп тұрғанда бейтарап режимде қалу» күйінде немесе оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі ағытылса және жүргізушінің есігі ашылса
 - Селектор «R» (артқа жүру), «D» (алға жүру) немесе «N» (бейтарап) қалпында тұрғанда қозғалтқыш сөндірілсе

Бұл – қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған қосымша функция. Селектордың «Р» (тұраққа қою) қалпына ауысқанын әрқашан тексеріп тұрыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалтқыш істеп тұрған автокөліктің ішінде отырғанда, акселератор педалін тым ұзақ басып тұрмаңыз. Бұл қозғалтқышқа немесе пайдаланылған газдарды шығару жүйесіне артық салмақ түсуіне алып келуі және тұтану себебіне айналуы мүмкін.

Пайдаланылған газдар мен пайдаланылған газдар жүйесінің элементтері тым ыстық. Оларға жанаспаңыз.

Автокөлікті тұтанып кетуі мүмкін, мысалы, құрғақ шөп, қағаз не жапырақ сияқты заттар жатқан жерде тоқтатуға және тұраққа қоюға тыйым салынады. Бұның салдарынан өрт шығуы мүмкін.

СК-дисплейдегі хабарлама

Shifting conditions not met

[Берілісті ауыстыру мүмкін емес]

Егер қозғалтқыштың айналу жиілігі немесе қозғалыс жылдамдығы берілісті ауыстыру үшін тым жоғары болса, СК-дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі.

Бұл жағдайда берілісті ауыстырмай тұрып, қозғалтқыштың айналу жиілігін азайтқан немесе қозғалыс жылдамдығын төмендеткен жөн.

Press brake pedal to change gear [Берілісті ауыстыру үшін тежегішті басыңыз]

Егер тежегіш педалі берілісті ауыстырған кезде басылып тұрмаса, СК-дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі.

Тежегіш педалін басып, берілісті ауыстырған жөн.

Shift to P after stopping [Тоқтаған соң «P» қалпына ауыстырыңыз]

Егер автокөлік қозғалып бара жатқанда селектор «P» (тұраққа қою) қалпына ауыстырылса, СК-дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі.

Селекторды «P» (тұраққа қою) қалпына ауыстырмай тұрып, автокөлікті толығымен тоқтату керек.

PARK engaged [P тұрақ тежегіші қосылған]

Егер автокөлік қозғалып бара жатқанда, селектор «P» (тұраққа қою) қалпына ауыстырылса, СК-дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі.

Селекторды «P» (тұраққа қою) қалпына ауыстырмай тұрып, автокөлікті толығымен тоқтату керек.

Press and hold OK button to stay in Neutral when vehicle is Off [Автокөлік сөніп тұрғанда берілістің бейтарап қалпы үшін OK түймесін басып тұру]

«N» (бейтарап) тұтқасын басқанда, СК-дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі. Қозғалтқыш сөнген соң «N» (бейтарап) режимін белсенді күйде қалдыру үшін рульдегі «OK» түймесін 1 секундтан астам уақыт басып ұстап тұру керек.

Vehicle will stay in (N). Change gear to cancel [Автокөлік сөніп тұрғанда N қалпына келтіру]

«Press and hold OK button to stay in Neutral when vehicle is Off» (автокөлік тоқтаған соң бейтарап режимде қалу үшін OK түймесін басып ұстап тұрыңыз) хабарламасы көрсетілгеннен кейін «OK» түймесін басқанда СК-дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі. Қозғалтқыш сөнгеннен кейін трансмиссия бейтарап режимде қалады.

NEUTRAL engaged
[N бейтарап берілісі қосылған]

Трансмиссия «N» (бейтарап) режиміне ауысқанда, СК-дисплейде хабарлама көрсетіледі.

Gear already selected
[Беріліс таңдалған]

Таңдалған режим үшін селектор тұтқасы басылған кезде СК-дисплейде хабарлама көрсетіледі.

Shift button held down
[Берілісті ауыстыру түймесі басылған]

Селектор тұтқасы басылған күйде тұрып қалғанда не дұрыс жұмыс істемеген кезде СК-дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі. Бұл жағдайда селектор түймесі мен панель арасындағы саңылауды тазарту керек.

Егер хабарлама қайта көрсетілсе, автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне жолығу керек.

Shifter system malfunction
[Берілісті ауыстыру жүйесінің қатесі]

Егер трансмиссия не селектор тұтқасы «P» (тұраққа қою) режимінде тиісті түрде жұмыс істемесе, СК-дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі.

Бұл жағдайда автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне дереу жолығу керек.

Check shift controls [Берілісті басқаруды тексеру]

Режимдерді ауыстыруға арналған селектор тұтқасы ақаулы болса, СК-дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі.

Бұл жағдайда автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне дереу жолығу керек.

Көлікті қауіпсіз жүргізу амалдары

- Акселератор педалі басылып тұрғанда, селектордың ауыстырып қосқышын «Р» (тұраққа қою) немесе «N» (бейтарап) қалпынан кез келген басқа қалыпқа ауыстыруға болмайды.
- Автокөлік қозғалып бара жатқанда, селекторды «Р» (тұраққа қою) қалпына ауыстыруға болмайды. «R» артқа немесе «D» алға жүру берілісін қоспас бұрын, автокөліктің толығымен тоқтағанын күтіңіз.
- Қозғалыс барысында селекторды «N» (бейтарап) қалпына ауыстыруға болмайды. Бұл қозғалтқышпен тежемеу салдарынан жол-көлік оқиғасының орын алуына әкелуі мүмкін. Оған қоса, беріліс қорабы зақымдалуы мүмкін.
- Еңіспен жоғары не төмен қозғалған кезде алға жүргенде әрқашан D (алға жүру), артқа жүргенде R (артқа жүру) режиміне ауысыңыз, сондай-ақ жүрісті бастамай тұрып, аспаптар тақтасының индикаторындағы таңдалған берілісті тексеріңіз. Таңдалған беріліске қайшы бағытпен қозғалған кезде қозғалтқыш сөніп қалады, ал тежегіштер нашар жұмыс істегендіктен, ауыр жол-көлік оқиғасының қаупі туындайды.
- Қозғалыс барысында аяғыңызды тежегіш педаліне қойып отырмаңыз. Тежегіш педалін сәл, бірақ үнемі басқанның өзі тежегіштердің қызуына, тозуына

және істен шығу ықтималдығына әкелуі мүмкін.

- Автокөліктен шыққан кезде міндетті түрде тұрақ тежегішін қосып кетіңіз. Тұрақ тежегішінің орнына иінтіректің «Р» (тұраққа қою) қалпына қосылатын блоктау жүйесін пайдаланбаңыз.
- Тайғақ жолмен жүргенде аса абай болыңыз. Тежеу, жылдамдықты арттыру және берілісті ауыстыру кезінде аса сақ болыңыз. Тайғақ жолда жылдамдық кенеттен өзгерген кезде алдыңғы доңғалақтардың жолмен ілінісі жоғалып, автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін. Нәтижесінде апат орын алуы мүмкін.
- Автокөліктің оңтайлы сипаттамалары мен үнемділігіне қол жеткізу үшін акселератор педалін бірқалыпты пайдалану керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

АУЫР ЖАРАҚАТ немесе **ӨЛІМ** қаупін азайтуға мүмкіндік беретін сақтық шаралары:

- **Қауіпсіздік белбеуін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ** қолданыңыз. **Соқтығысу жағдайында белбеуді** таппаған жолаушының және жүргізушінің ауыр жарақаттану және өліп кету ықтималдығы аса жоғары.
- **Бұрылыстарда** немесе **айналымдарда** қауіпсіз жылдамдықты арттыруға болмайды.

- Қозғалыс жолағын өзгерткен кезде немесе шұғыл, қауіпті айналымдарда рульді күрт айналдырмаңыз.
- Жоғары жылдамдықпен жүретін жолдарда көлікті басқара алмай қалғанда аударылу қаупі тым жоғары болады.
- Екі не одан да көп доңғалақ жолдан шығып кеткен кезде, жүргізуші жолға оралу үшін рульді күрт артқа бұруға әрекет жасағанда көлікті басқара алмай қалады.
- Автокөлік жолдан шығып кетіп жатса, рульді күрт айналдырмаңыз. Оның орнына ең алдымен жылдамдықты төмендетіп, содан кейін ғана қозғалыс жолағына оралыңыз.
- HYUNDAI жылдамдық шектеуін көрсететін жол белгілерін ұстануға кеңес береді.

i Ақпарат

Берілісті төмендету механизмі (нұсқасына байланысты)

Берілісті төмендету механизмімен жабдықталған акселератор педалін қысым нүктесінің шегінен тыс қатты басқан кезде, қозғалтқыш қуаты ең жоғары мәніне дейін артады. Берілісті төмендету механизмінің жұмысын сезіп, естуіңіз мүмкін. Бұл оның қалыпты жұмысының бір бөлігі болып табылады және ақаулыққа жатпайды.

Руль астындағы ауыстырып қосқыш



Руль астындағы берілісті ауыстырып қосқыштар селекторды «D» (алға жүру) қалпына келтірген кезде жұмыс істейді.

Селектор тұтқасын «D» қалпына басқанда

Руль астындағы ауыстырып қосқышты автокөлік жылдамдығы 10 км/сағ. шамасынан жоғары болғанда басқаруға болады.

Бір беріліске арттыру не төмендету үшін руль астындағы [+] немесе [-] ауыстырып қосқышын бір рет түртіңіз, сонда жүйе автоматты режимнен қолмен басқару режиміне ауысады.

Автокөлік жылдамдығы 10 км/сағ, шамасынан төмен болса, акселератор педалін 5 секундтан ұзақ басып тұрғанда жүйе қолмен басқару режимінен автоматты режимге ауысады.

i Ақпарат

Руль астындағы [+] немесе [-] ауыстырып қосқыштарын бір уақытта іске қосқанда, беріліс ауыспай қалуы мүмкін.

ТЕЖЕУ ЖҮЙЕСІ

Тежегіш күшейткіші

Автокөлігіңіз қалыпты пайдалану барысында автоматты реттелетін күшейткіші бар тежегішпен жабдықталған.

Қозғалтқышты сөндіргенде тежегіш күшейткішінің жүйесі өшеді. Автокөлікті бұрынғыдай тоқтатуға болады, бірақ ол үшін тежегіш педалін қаттырақ басуға тура келеді. Алайда мұндай жағдайда тежеу жолы үлкенірек болады.

Егер қозғалтқыш істемесе, резервтік тежеу қуаты тежегіш педалін басқан сайын жартылай азаяды. Автокөлікті тайғақ бетте басқару мүмкін болуы үшін, күшейткіш өшіп тұрса, тежегіш педалін шайқамаңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Қозғалыс барысында аяғыңызды тежегіш педаліне қойып отырмаңыз. Бұл тежегіштің қызуына, тежегіш қаптамалары мен қыспақтарының қатты тозуына, тежеу жолының ұлғаюына әкеледі.

- Ұзақ не құлама еңіспен төмен қарай қозғалған кезде тежегіш педалін аса көп қолданбай жылдамдықты бақылау үшін селекторды берілісті қолмен ауыстыру режиміне орнатып, төменірек беріліске ауысуға болады. Тежегіштердің үнемі жұмыс істеуі олардың қызуына әкеліп, тежеу күшінің жоғалуына себеп болуы мүмкін.
- Сулы тежегіш автокөліктің қауіпсіз баяулау мүмкіндігін әлсіретуі мүмкін; оған қоса, автокөлік бір жаққа қарай ауып кетуі мүмкін. Сәл тежеу тежегіштің зақымдалған-зақымдалмағанын көрсетеді. Терең суда жүргеннен кейін тежегішті міндетті түрде осылайша тексеріп тұрыңыз. Тежегішті кептіру мақсатында тежегішті қыздыру үшін тежегіш педалін аяқпен сәл қағыңыз. Тежегіш қайтадан толығымен жұмысқа жарамды болғанша, қауіпсіз жылдамдықты ұстаныңыз. Тежегіш жұмысқа жарамды болмаса, жылдамдықты қатты үдетпеңіз.

Дискілік тежегіштер тозуының индикаторы

Тежегіш қыспақтары тозып, жаңа қыспақтар қажет болса, алдыңғы не артқы тежегіштен жоғары ескерту дыбысы естіледі. Осы дыбыстың бар-жоғын, не болмаса тежегіш педалін басқан сайын дыбыстың пайда болатынын естіп анықтауға болады.

Кейбір көлік жүргізу не климат жағдайларында алғаш рет тежеген кезде (немесе тежеңкіреген кезде) тежегіш «шиқылдауы» мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және тежегіштің қаулығын білдірмейді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН


Тежегішті қымбатқа жөндетудің алдын алу үшін автокөлікті тежегіш қыспақтары тозғанша пайдаланбаңыз.

i Ақпарат

Тежегіш қыспақтары алдыңғы және артқы белдік жинақтарымен ғана ауыстырылады.

Тұрақ тежегіші (Аяқпен басылатын түрі, бар болса)

Тұрақ тежегішін іске қосу



Автокөліктен шықпас бұрын әрдайым тұрақ тежегішін қосып кетіңіз.


Тұрақ тежегішін іске қосу:

Тежегіш педалін қатты басыңыз. Тұрақ тежегішін мүмкіндігінше ары жылжитындай басыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУ немесе **ӨЛІМ** қаупін азайту үшін, төтенше жағдайлардан басқа кезде, тұрақ тежегішін жүріс барысында ешқашан қоспаңыз. Бұл тежеу жүйесінің зақымдануына және апатқа әкелуі мүмкін.

Тұрақ тежегішін жіберу



Тұрақ тежегішін жіберу үшін:

Тежегіш педалін қатты басыңыз.

Тұрақ тежегішінің педалін аяғына дейін басыңыз. Содан кейін ол өзі көтеріледі және тежегіш ажыратылады.

Егер тұрақ тежегіші түспесе немесе жартылай түссе, жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилерлік орталығына жолығыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Автокөліктен шыққанда не тұраққа қойғанда, автокөліктің толық тоқтауын күтіңіз және тежегіш педалін жібермеңіз. Берілісті ауыстыру түймесін «P» (тұраққа қою) қалпына келтіріңіз, содан кейін тұрақ тежегішін қосыңыз және оталдыру жүйесінің кілтін LOCK/OFF (БЛОКТАУ/ӨШІРУЛІ) қалпына бұрыңыз.
- Тұрақ тежегіші соңына дейін қосылмаған жағдайда, автокөлік өздігінен жүріп кетіп, айналадағыларды жарақаттауы мүмкін.

- Автокөлікті жүргізе алмайтын тұлғаларға тұрақ тежегішінің иінтірегін не педалін ұстауға рұқсат бермеңіз. Автокөліктің тұрақ тежегішін байқаусыз жіберу салдарынан адамдарға ауыр жарақат келуі мүмкін.
- Тұрақ тежегішін өшірген кезде тежегіш педалін аяқпен қатты басып, ұстап тұру керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Тұрақ тежегіші қосылып тұрғанда акселератор педалін баспаңыз. Тұрақ тежегіші қосылып тұрғанда акселератор педалін басқан кезде ескертуші дыбыс сигналы беріледі. Тұрақ тежегіші зақымдалуы мүмкін.
- Тұрақ тежегіші қосылып тұрған күйде жүрген кезде тежеу жүйесі қызып кетуі мүмкін; бұның салдарынан тежегіш бөлшектері тозуы және зақымдануы мүмкін. Жүрісті бастамай тұрып, тұрақ тежегішінің өшіп тұрғанын және тиісті бақылау шамы сөніп тұрғанын тексеріңіз.

Электрлік тұрақ тежегіші (EPB) (бар болса)

Тұрақ тежегішін іске қосу



EPB (электронды тұрақ тежегішін) қосу үшін:

1. Тежегіш педалін басыңыз.
2. Электрлік тұрақ тежегішінің ауыстырып қосқышын тартыңыз.

Тұрақ тежегіші бақылау шамының жанғанына көз жеткізіңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ

АУЫР ЖАРАҚАТ немесе **ӨЛІМ** қаупін азайту үшін, төтенше жағдайлардан басқа кезде, автокөлік қозғалып бара жатқанда EPB қолдануға тыйым салынады. Бұл тежеу жүйесінің зақымдануына және апатқа әкелуі мүмкін.

Тұрақ тежегішін жіберу



EPB (электронды тұрақ тежегішін) жіберу үшін

EPB ауыстырып қосқышын мына күйге келгенше басыңыз:

- Оталдыру жүйесін қосыңыз.
- Тежегіш педалін аяғына дейін басыңыз.

Тұрақ тежегіші бақылау шамының сөнгеніне көз жеткізіңіз.

EPB (электронды тұрақ тежегішін) автоматты түрде жіберу үшін:

- Автоматты беріліс қорабы бар автокөлікте
 1. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
 2. Жүргізуші белбеуін тағыңыз.
 3. Жүргізуші есігін, капот пен жүксалғыш қақпағын жабыңыз.
 4. Селектор «R» (артқа жүру) немесе «D» (алға жүру) қалпында тұрғанда, акселератор педалін басыңыз.

Тұрақ тежегіші бақылау шамының сөнгеніне көз жеткізіңіз.

i Ақпарат

- Қауіпсіздік мақсатында, оталдыру жүйесі өшіп тұрса да, электрлік жетегі бар тұрақ тежегішін қосуға болады, бірақ тұрақ тежегішін өшіру мүмкін болмайды.
- Қауіпсіздік мақсатында, еңіспен төмен қозғалғанда немесе артқа жүргенде тежегіш педалін басыңыз және EPB ауыстырып қосқышының көмегімен тұрақ тежегішін қолмен түсіріңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Егер тұрақ тежегішінің бақылау шамы EPB түсіргеннен кейін де жанып тұрса, жүйені тексеру мақсатында HYUNDAI ресми дилеріне жолығыңыз.
- Автокөліктің EPB қосылып тұрған күйінде қозғалуына тыйым салынады. Бұл тежегіш қаптамалары мен тежегіш роторының тез тозуына әкелуі мүмкін.

EPB (электрлік тұрақ тежегіші) мына жағдайларда автоматты түрде қосылуы мүмкін:

- Басқа жүйелер үшін қажет болса.
- Жүргізуші қозғалтқышты автоматты түрде ұстап тұру жүйесі қосылып тұрғанда тоқтатса.

Ескерту хабарламалары



OAE056115L

To release EPB, fasten seatbelt, close door, hood and trunk [EPB қосылуы. Белбеуді тағыңыз, есіктерді, капот пен жүксалғышты жабыңыз]

- Қосылып тұрған EPB-мен қозғалғанда, ескертуші дыбыс сигналы беріледі және тиісті хабарлама көрсетіледі.
- Егер жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі ағытылып және капот не жүксалғыш ашық тұрса, ескертуші дыбыс сигналы беріледі және хабарлама көрсетіледі.
- Көлік құралының ақаулары бар болғанда, ескертуші дыбыс сигналы беріліп, тиісті хабарлама көрсетілуі мүмкін.

Мұндай жағдайларда тежегіш педалін басып, EPB ауыстырып қосқышы арқылы EPB тежегішін жіберіңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Автокөліктен шыққанда не тұраққа қойғанда, автокөліктің толық тоқтауын күтіңіз және тежегіш педалін жібермеңіз.

Селекторды «Р» (тұраққа қою) қалпына орнатып, ЕРВ ажыратқышын басыңыз да, оталдыру жүйесін өшіріңіз.

Автокөліктен шыққанда кілтті өзіңізбен алып кетіңіз.

Селекторы «Р» (тұраққа қою) қалпына орнатылмай, тұрақ тежегіші қосылып тұраққа қойылған көлік құралдары кенеттен қозғалып, жақын маңдағы адамдарға зақым келтіруі мүмкін.


- Автокөлікті жүргізе алмайтын адамдарға ЕРВ ауыстырып қосқышын ұстауға рұқсат бермеңіз. ЕРВ абайсыз жібергенде, адамдар ауыр зардап шегуі мүмкін.
- ЕРВ жіберген кезде автокөлік ішінде болып, тежегіш педалін қатты басу керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Тұрақ тежегіші қосылып тұрғанда, акселератор педалін баспаңыз. ЕРВ қосылып тұрғанда акселератор педалін бассаңыз, ескертуші дыбыс сигналы беріледі және ескерту хабарламасы көрсетіледі. Тұрақ тежегіші зақымдалуы мүмкін.
- Тұрақ тежегіші қосылған күйде қозғалғанда, тежеу жүйесі қызып кетуі мүмкін, оның салдарынан тежеу жүйесінің бөлшектері мерзімінен бұрын тозуы немесе зақымдалуы мүмкін. Қозғалмай тұрып, ЕРВ жіберілгеніне және тұрақ тежегішінің бақылау шамы сөніп тұрғанына көз жеткізіңіз.

Ақпарат

- ЕРВ іске қосқанда не жібергенде, сырт еткен дыбыс естілуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және ЕРВ тиісті түрде жұмыс істейтінін білдіреді.
- Тұраққа қоюшыға не көмекшіге кілтті қалдырған кезде, оған ЕРВ пайдаланылатындығын міндетті түрде ескертіңіз.



AUTO HOLD turning Off! Press brake pedal [AUTO HOLD өшіріледі. Тежегішті басыңыз]

Егер автоматты түрде ұстап тұру режимінен EPB жүйесінің жұмысына өту қате орындалса, дыбыс сигналы беріледі, ал дисплейде хабарлама көрсетіледі.



Parking brake automatically engaged [Тұрақ тежегішінің автоматты қосылуы]

Егер EPB жүйесі автоматты түрде ұстап тұру функциясы істеп тұрғанда қосылса, дыбыс сигналы беріліп, дисплейде тиісті хабарлама пайда болады.

EPB ақаулығының индикаторы



Егер EPB ақаулығының индикаторы жанып тұра берсе, қозғалыс барысында жанса немесе оталдыру жүйесін қосқанда іске қосылмаса, бұл электрлік жетегі бар тұрақ тежегішінің ақаулы болуы мүмкін екенін білдіреді.

Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне жолыққан жөн.

Электрлік тұрақ тежегіші ақаулығының индикаторы, ESC жүйесі қате істейтінін көрсету үшін ESC индикаторы қосылған кезде іске қосылуы мүмкін, алайда бұл электрлік тұрақ тежегішінің ақаулы екенін білдірмейді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Егер EPB бақылау шамы әлі жанып тұрса, жүйені тексеру үшін HYUNDAI уәкілетті дилеріне хабарласқан дұрыс.
- Егер тұрақ тежегішінің ескерту сигнализаторы EPB ауыстырып қосқышы жоғары тартылып тұрса да жанбаса не жыпылықтап тұрса, EPB тартылмаған болуы мүмкін.
- Егер EPB бақылау шамы жанып тұрғанда тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтап тұрса, ауыстырып қосқышты басыңыз, содан соң оны жоғары жылжытыңыз. Осы әрекетті тағы бір рет қайталаңыз. Егер EPB бақылау шамы сөнбесе, жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне жолығыңыз.

Шұғыл тежеу

Қозғалыс кезінде тежегіш педалінің ақаулығы орын алса, апаттық тежеу үшін EPB ауыстырып қосқышын тартып ұстап тұруға болады. EPB ауыстырып қосқышын ұстап тұрғанда ғана тежеу мүмкін болады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Апаттық жағдайлардан басқа кезде, автокөлік қозғалып бара жатқанда тұрақ тежегішін қолданбаңыз. Бұл тежеу жүйесінің зақымдануына және ауыр апатқа әкелуі мүмкін.

Ақпарат

Жедел тежеу кезінде жүйе жұмысын көрсететін тұрақ тежегішінің бақылау шамы жанады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Егер жедел тежеу үшін EPB қолданғанда үнемі шу мен ыс иісі пайда болса, жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.

Егер электронды тұрақ тежегішін (EPB) түсіру мүмкін болмаса, Егер EPB тиісті түрде өшпесе, жүйені тексеру үшін көлік құралын HYUNDAI ресми кәсіпорнына эвакуатормен жеткізіңіз.

Тұрақ тежегішінің ескерту сигналы



Оталдыру жүйесінің кілтін ON қалпына (қозғалтқышты қоспай) бұрып, тұрақ тежегішінің қосылғанын білдіретін бақылау шамының жанып тұрғанын тексеріңіз.

Егер тұрақ тежегіші қосылып тұрса, бұл шам оталдыру жүйесі кілтіннің START немесе ON қалыптарында жанады.

Қозғалысты бастамай тұрып тұрақ тежегішінің өшіп тұрғанын және тиісті бақылау шамы сөніп тұрғанын тексеріңіз.


Егер тұрақ тежегішінің қосылғанын білдіретін бақылау шамы қозғалтқыш істеп тұрғанда тұрақ тежегіші өшкеннен кейін де жанып тұрса, бұл тежеу жүйесінің ақаулығын білдіруі мүмкін. Мұндай мәселе шұғыл әрекеттерді талап етеді.

Мүмкін болса, қозғалысты дереу тоқтатыңыз. Егер бұл мүмкін болмаса, автокөлікті қауіпсіз тоқтатуға болатын орынға аса сақтықпен жеткізіңіз.

Автоматты түрде ұстап тұру (бар болса)

Автоматты түрде ұстап тұру жүйесі, тежегіш педалі жіберілген болса да, тежегіш педалін басып көлік құралын толық тоқтатқанша көлік құралын қозғалыссыз күйде ұстап тұрады.

Іске қосылуы үшін:



1. Жүргізушінің есігі, капот пен жүксалғыш жабық тұрғанда, тежегіш педалін, содан кейін [AUTO HOLD] ауыстырып қосқышын басыңыз. «AUTO HOLD» (автоматты түрде ұстап тұру) ақ сигнализаторы жанады және жүйе күту режиміне ауысады.



2. Тежегіш педалінің көмегімен көлік құралын толық тоқтатқанда, AUTO HOLD индикаторы ақ түстен жасыл түске өзгереді.
3. Автокөлік тіпті тежегіш педалін жібергеннің өзінде қозғалыссыз күйде тұрады.
4. ЕРВ тартқанда, Auto Hold функциясы автоматты түрде өшеді.

Жіберу үшін:


- Егер селекторды «D» (алға жүру), «R» (артқа жүру) қалпына немесе берілесті қолмен ауыстыру режиміне орнатқанда акселератор педалін бассаңыз, онда автоматты түрде ұстап тұру функциясы автоматты түрде өшіп, автокөлік қозғала бастайды. Индикатор түсі жасылдан аққа өзгереді.
- Егер автоматты түрде ұстап тұру және круиз-бақылау жүйелері істеп тұрғанда круиз-бақылау жүйесінің (RES+ немесе SET-) (бар болса) ауыстырып қосқышымен көлік құралының қозғалысы қалпына келтірілсе, автоматты түрде ұстап тұру режимі акселератор педалінің басылған-басылмағанына қарамастан автоматты түрде өшеді. «AUTO HOLD» (автоматты түрде ұстап тұру) сигнализаторының түсі жасылдан аққа өзгереді.

АБАЙЛАҢЫЗ

Егер AUTO HOLD (автоматты түрде ұстап тұру) функциясы акселератор педалі басылғанда автоматты түрде өссе, міндетті түрде автокөлік айналасындағы аймақты тексеріп шығыңыз.

Орнынан ақырындап қозғалу үшін акселератор педалін баяу басыңыз.

Бас тарту үшін:



1. Тежегіш педалін басыңыз.
2. [AUTO HOLD] (автоматты түрде ұстап тұру) ауыстырып қосқышын басыңыз.

AUTO HOLD (автоматты түрде ұстап тұру) индикаторы жанады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік күтпеген жерден кенет қозғалып кетпеуі үшін келесі жағдайларда автоматты түрде ұстап тұру функциясын тоқтату үшін ӘРДАЙЫМ жұмыс тежегішін іске қосыңыз:

- Еңіспен төмен қарай қозғалғанда.
- Артқа қарай жүргенде.
- Автокөлікті тұраққа қойғанда.

Ақпарат

- Автоматты түрде ұстап тұру функциясы мына жағдайларда істемейді:
 - жүргізушінің есігі ашық болғанда;
 - капот ашық болғанда;
 - селектор «Р» (тұраққа қою) қалпында тұрғанда;
 - жүксалғыш ашық болғанда;

- электрлік жетегі бар тұрақ тежегіші іске қосылып тұрғанда.
- Қауіпсіздік мақсатында автоматты түрде ұстап тұру жүйесі келесі жағдайларда электрлік жетегі бар тұрақ тежегішін автоматты түрде қосады:
 - жүргізушінің есігі ашық болғанда;
 - қозғалтқыш капоты ашық болғанда;
 - жүксалғыш ашық болғанда;
 - көлік құралы қозғалыссыз 10 минуттан астам уақыт тұрғанда;
 - көлік құралы тік еңісте тұрғанда;
 - көлік құралы бірнеше рет орнынан жылжығанда.

Мұндай жағдайларда жүргізушіні EPB автоматты түрде қосылуы туралы хабардар ету үшін тежеу жүйесінің бақылау шамы жанады, AUTO HOLD (автоматты түрде ұстап тұру) индикаторының түсі жасылдан аққа өзгереді, ескертуші дыбыс сигналы беріледі және тиісті хабарлама көрсетіледі. Қозғалысты жалғастырмай тұрып тежегіш педалін басыңыз, автокөлік айналасындағы жағдайды тексеріңіз және EPB ауыстырып қосқышының көмегімен тұрақ тежегішін қолмен өшіріңіз.

- Auto Hold функциясы іске қосылғанда, механикалық қосылу дыбысы естілуі мүмкін. Бұл – әдепкі жұмыс шуы.

АБАЙЛАҢЫЗ


- Автокөлік қозғала бастағанда акселератор педалін ақырын басыңыз.
- Өз қауіпсіздігіңіз үшін еңіспен төмен қозғалғанда, артқа қарай жүргенде және автокөлікті тұраққа қойғанда Auto Hold функциясын өшіріңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Жүргізуші есігінің, капоттың немесе жүксалғыш қақпағының ашылғанын анықтайтын жүйеде ақаулық болса, автоматты түрде ұстап тұру функциясының жұмысы бұзылуы мүмкін.


HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Ескерту хабарламалары



Parking brake automatically engaged [Тұрақ тежегішінің автоматты қосылуы]

Егер EPB жүйесі автоматты түрде ұстап тұру функциясы істеп тұрғанда қосылса, дыбыс сигналы беріліп, дисплейде тиісті хабарлама пайда болады.




AUTO HOLD turning Off! Press brake pedal [AUTO HOLD өшіріледі. Тежегішті басыңыз]

Егер автоматты түрде ұстап тұру режимінен EPB жүйесінің жұмысына өту қате орындалса, дыбыс сигналы беріледі, ал дисплейде хабарлама көрсетіледі.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Осы хабарлама көрсетілгенде, AUTO HOLD (автоматты түрде ұстап тұру) функциясы мен EPB жұмыс істемеуі мүмкін. Қауіпсіздік мақсатында тежегіш педалін тірелгенше басыңыз.



Press brake pedal to deactivate AUTO HOLD [AUTO HOLD өшіру үшін тежегіш педалін басыңыз]
Егер [AUTO HOLD] ауыстырып қосқышының көмегімен Auto Hold функциясын жібергенде тежегіш педалін баспасаңыз, дыбыстық ескерту беріледі және хабарлама көрсетіледі.



AUTO HOLD conditions not met. Close door and trunk [AUTO HOLD шарты орындалмаған. Есіктерді, капот пен жүксалғышты жабыңыз]

Жүргізушінің есігі, капот пен жүксалғыш ашық тұрған жағдайда [AUTO HOLD] (автоматты түрде ұстап тұру) ажыратқышын басқанда, дыбыс сигналы беріледі және аспаптар тақтасының СК-дисплейінде хабарлама көрсетіледі.

Жүргізушінің есігін, капот пен жүксалғышты жапқан соң, [AUTO HOLD] (автоматты түрде ұстап тұру) ажыратқышын басыңыз.

Тежеудің бұғатталуға қарсы жүйесі (БҚЖ)

АБАЙЛАҢЫЗ

Тежеудің бұғатталуға қарсы жүйесі (БҚЖ) немесе динамикалық тұрақтандырудың электронды жүйесі (ESC) қозғалыс барысындағы сәтсіз не қауіпті маневрлермен байланысты апаттардың алдын алуға мүмкіндік береді. Автокөліктің шұғыл тежеу кезінде жақсы басқарылу мүмкіндігіне қарамастан, алда келе жатқан автокөліктерге дейінгі қауіпсіз қашықтықты әрдайым сақтап отырыңыз. Төтенше жол жағдайларында автокөліктің жылдамдығын міндетті түрде төмендету керек.

Төменде көрсетілген жағдайларда БҚЖ немесе ESC жүйесімен жабдықталған автокөліктердің тежеу жолы осындай жүйелері жоқ автокөліктермен салыстырғанда үлкенірек болуы мүмкін.

Жылдамдықты мына жағдайларда төмендетіңіз:

- Ойлы-қырлы, қиыршық тасты немесе қар басқан жолдармен жүргенде.
- Ойықтары не шұңқырлары бар, не болмаса жол жабынының биіктігі әр түрлі жолдармен жүргенде.
- Егер автокөлік сырғытпайтын шынжырлармен жабдықталған болса.

Жоғары жылдамдықпен жүріп келе жатқанда немесе кілт бұрылыстарда БҚЖ не ESC жүйелерімен жабдықталған автокөліктердің қауіпсіздік сипаттамаларын тексеруге әрекет жасамаңыз. Олай істегенде, өзіңізді және басқаларды қауіп-қатерге ұшыратуыңыз мүмкін.

БҚЖ – бұл тежеу кезінде сырғымауға көмектесетін электронды тежеу жүйесі. БҚЖ жүйесі жүргізушіге бір уақытта тежеп, бұрылуға мүмкіндік береді.

БҚЖ жүйесін пайдалану

Төтенше жағдайда БҚЖ-ны барынша пайдалану үшін тежегіш педаліне түсетін қысымды өзгерте және тежегіштерді «тарта» отырып, жағдайды бақылауға әрекет жасамаңыз. Тежегіш педалін мүмкіндігінше қатты басыңыз.

Тежеу доңғалақтардың бұғатталуына және сырғанақтауына әкелетіндей жағдайларда тежегіштер ерекше дыбыс шығаруы мүмкін. Оған қоса, тежегіш педалінің дірілі сезілуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және БҚЖ жүйесінің жұмыс істейтінін білдіреді.

БҚЖ жүйесі тоқтап тұру уақыты мен тежеу жолын қысқартпайды. Әрқашан алда келе жатқан автокөлікке дейінгі қауіпсіз қашықтықты сақтап жүріңіз. БҚЖ жүйесі қозғалыс бағыты кенеттен өзгерген кездегі сырғудың алдын алмайды, мысалы, тым тез айналымдар немесе қозғалыс жолақтарының кенет ауысуы кезінде. Жол және ауа райы жағдайларын ескере отырып, әрқашан қауіпсіз жылдамдықты таңдаңыз.

БҚЖ жүйесі тұрақтылықты жоғалтудың алдын ала алмайды. Кенеттен тежеген кезде рульді міндетті түрде бірқалыпты айналдырыңыз. Рульді кенет бұру қозғалыс бағытының қарсы келе жатқан көлік ағыны бағытына қарай немесе жолдан тыс жерге өзгеруіне әкелуі мүмкін.

Тығыз емес немесе тегіс емес жолдарда тежеудің бұғатталуға қарсы жүйесінің жұмысы, осы жүйемен жабдықталмаған автокөліктермен салыстырғанда, тежеу жолының ұлғаюына әкелуі мүмкін.

ABS жүйесінің бақылау шамы (ABS) оталдыру жүйесінің кілтін ON қалпына бұрғаннан кейін бірнеше секунд жанып тұрады. Осы уақыт ішінде БҚЖ жүйесі өзіне-өзі диагностика жүргізеді.

Егер ақау анықталмаса, бақылау шамы сөнеді. Егер бақылау шамы жанып тұра берсе, БҚЖ жүйесінде ақаулық бар болуы мүмкін. Бұл жағдайда мүмкіндігінше тез арада HYUNDAI уәкілетті дилеріне хабарласу керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

Егер БҚЖ бақылау шамы (ABS) үнемі жанып тұрса, бұл БҚЖ жүйесінде ақаулық болуы мүмкін екендігін білдіреді. Тежегіш күшейткіші қалыпты жұмыс істейді.

Апат нәтижесінде ауыр жарақат алу не өлім ықтималдығын азайту үшін автокөлікті тексеру мақсатында HYUNDAI ресми дилерлік орталығына дереу жолыққан жөн.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Доңғалақтар ілінісі төмен болатын жолмен, мысалы, мұз басқан жолмен жүріп келе жатып, тежегішті үнемі пайдалануға тура келген кезде, БҚЖ жүйесі үздіксіз жұмыс істейді. Бұл жағдайда БҚЖ бақылау шамы (ABS) жануы мүмкін. Қауіпсіз жерге, яғни жолдың жиегіне шығып кетіңіз де, қозғалтқышты сөндіріңіз.


Қозғалтқышты қайта қосыңыз. Егер БҚЖ бақылау шамы сөнсе – БҚЖ жүйесінің ақаусыз болғаны. Кері жағдайда, БҚЖ ақаулы болуы мүмкін.

Бұл жағдайда автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилерлік орталығына дереу жолығу керек.

i Ақпарат

АКБ заряды таусылғандықтан сыртқы қуат көзінен қозғалтқышты іске қосқанда, БҚЖ жүйесінің бақылау шамы (ABS) жануы мүмкін. Бұл АКБ қуаты төмен болғандықтан орын алуы мүмкін. Бұл БҚЖ жүйесінің ақаулы екендігін білдірмейді. Автокөлікпен жүрмей тұрып, АКБ-ны зарядтап алыңыз.

Динамикалық тұрақтандырудың электронды жүйесі (ESC)



Динамикалық тұрақтандырудың электронды жүйесі (ESC) бұрылыс кезінде автокөліктің тұрақтылығын сақтап отырады.

ESC жүйесі рульмен белгіленген бағытты және автокөліктің нақты қозғалыс бағытын тексереді.

ESC жүйесі доңғалақтар тежегішін ішінара іске қосады және, жүргізушіге таңдалған қозғалыс траекториясын сақтауға көмектесе отырып, қозғалтқышты басқару жүйесінің жұмысына әсер етеді. Бұл көлікті қауіпсіз жүргізу амалдарын алмастырмайды. Жылдамдықты жол жағдайына қарай таңдаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Жол нашар болғанда және бұрылыстарда тым жылдам қозғалмаңыз. ESC жүйесі апаттардың алдын ала алмайды.

Бұрылыстарда жылдамдықты арттыру, кенеттен маневр жасау және сулы жолдағы аквақалқу ауыр жол-көлік оқиғасының себебіне айналуы мүмкін.

ESC жүйесінің жұмысы

ESC жүйесі қосулы

Оталдыру жүйесін қосқанда, шамамен үш секундқа ESC және ESC OFF сигнализаторлары жанады. Содан кейін, егер ESC жүйесі қосылып тұрса, сигнализатордың екеуі де сөнеді.

Жұмыс барысында



ESC жүйесі істеп тұрғанда, «ESC» индикаторы жыпылықтайды:

- Тежеу доңғалақтардың бұғатталуына және сырғанақтауына әкелетіндей жағдайларда тежегіш тер ерекше дыбыс шығаруы мүмкін. Оған қоса, тежегіш педалінің дірілі сезілуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және ESC жүйесінің жұмыс істейтінін білдіреді.
- ESC жүйесін қосқанда, кейбір жағдайларда қозғалтқыш акселератор педалі басылғанда еш әрекет жасамауы мүмкін.
- ESC жүйесі қосылғанда, круиз-бақылау автоматты түрде өшеді. Круиз-бақылау қозғалыс жағдайлары мүмкіндік бергенде қайта іске қосылады. **Осы тараудың «Круиз-бақылау жүйесі» бөлімін қараңыз** (бар болса).
- Балшықтан немесе тайғанақ жолдан шығып кетуге әрекет жасағанда, қозғалтқыш акселератор педалін қатты басқанның өзінде ағымдағы айналымдарды сақтап қалуы мүмкін. Бұл автокөлік доңғалақтарының жолмен ілінісуін сақтау үшін қажет және ақаулықты білдірмейді.

ESC жүйесі өшірулі



ESC жұмысын тоқтату:

• 1-күй

ESC OFF түймесін басып қалу. ESC жүйесінің өшу индикаторы жанады және «Traction Control disabled [Бос айналуудан сақтау жүйесі]» дисплейінде хабарлама пайда болады. Бұл жағдайда ESC бос айналуудан сақтау функциясы (қозғалтқышты басқару) өшірулі, бірақ тежегіштерді басқаратын ESC (тежеуді басқару) функциясы істеп тұра береді.

• 2-күй

ESC OFF түймесін кем дегенде 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. ESC OFF индикаторы жанып, «Traction & Stability Control disabled [Бос айналуудан сақтау және тұрақтылық жүйесі өшірулі]» хабарламасы көрсетіледі және ескертуші дыбыс сигналы беріледі. Бұл жағдайда ESC (қозғалтқышты басқару) бос айналуудан сақтау функциясы да, тежегіштерді басқаратын ESC (тежеуді басқару) функциясы да өшеді.

Егер ESC жүйесі өшіп тұрғанда оталдыру жүйесінің кілтін LOCK/OFF қалпына бұрсаңыз, ESC жүйесі өшіп тұрған күйінде қалады. Автокөлікті келесі жолы оталдырғанда, ESC жүйесі автоматты түрде қайта қосылады.

Индикаторлар

■ "ESC" индикаторы (жыпылықтайды)



OTD059012

■ "ESC OFF" индикаторы (қосылады)



OTD059013

Оталдыру жүйесін ON қалпына ауыстырғанда, ESC индикаторы жанады. Кейін ол ESC жүйесі тиісті түрде істеп тұрса сөнеді. ESC индикаторы ESC жүйесі істеп тұрғанда жыпылықтайды.

Егер «ESC» индикаторы сөнбесе, бұл ESC жүйесінің ақаулығын білдіруі мүмкін. Бақылау шамы қосылғанда, автокөлікті тексеру үшін тез арада HYUNDAI ресми дилерлік орталығына жолығыңыз.

ESC OFF (ESC өшірулі) индикаторы ESC жүйесі түймемен өшірілгенде жанады.

АБАЙЛАҢЫЗ

«ESC» индикаторының жыпылықтауы ESC жүйесінің белсенді жұмысын көрсетеді.

Қозғалысты баяулатыңыз және жылдамдықты үдетуге әрекет ЖАСАМАҢЫЗ. «ESC OFF» түймесін «ESC» индикаторы жыпылықтап тұрғанда БАСПАҢЫЗ. Бұдан автокөлікті басқара алмай, апат орын алуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Егер көлік құралына өлшемдері әр түрлі доңғалақтар мен шиналар орнатылған болса, ESC жүйесінің қызметі бұзылуы мүмкін. Шиналарды ауыстыру қажет болғанда, өлшемі бірдей доңғалақтар мен шиналар пайдаланылуы тиіс. Көлік құралына өлшемі әр түрлі доңғалақтар мен шиналарды орнатуға тыйым салынады.

ESC жүйесін өшіру мақсаты

Қозғалыс барысында

ESC жүйесін қарға не балшыққа батып қалған жағдайда, доңғалақтардың айналу сәтін сақтай отырып, автокөліктің шығуын жеңілдету мақсатында ғана аз уақытқа өшіру керек.

Жүріс кезінде ESC жүйесін өшіру үшін түзу жолмен қозғала отырып, ESC OFF (ESC өшірулі) түймесін басыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Беріліс қорабын зақымдап алмау үшін:

- ESC, БҚЖ және тұрақ тежегішінің бақылау шамдары жанып тұрғанда, бір белдіктің бір не екі доңғалағының шамадан тыс айналуына жол бермеңіз.

Бұл жағдайда қажет етілетін жөндеу автокөлік кепілдігіне кірмейді. Қозғалтқыш

айналымдарын азайтыңыз. Осы бақылау шамдары жанып тұрса, бір не екі доңғалақтың қатты айналуына жол бермеңіз.

- Автокөлікті динамометрде тексерген кезде ESC жүйесін өшіру керек (ESC OFF бақылау шамы жанып тұруы тиіс).

Ақпарат

ESC жүйесін өшіру БҚЖ және тежеу жүйесінің жұмысына әсер етпейді.

Көлік құралын тұрақтандыруды басқару жүйесі

Көлік құралын тұрақтандыруды басқару (VSM) тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесінің (ESC) функциясы болып табылады. Ол сулы не тайғанақ жолдарда кенеттен жылдамдықты үдеткен немесе тежеген кезде доңғалақтардың жолмен ілінісі кенеттен бірқалыпсыз бола алатын жағдайда көлік құралының тұрақтылығын сақтауға көмектесуге арналған.

АБАЙЛАҢЫЗ

Көлік құралын тұрақтандыруды басқару жүйесін (VSM) қолданған кезде келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- **ӘРҚАШАН** жылдамдық пен алда келе жатқан автокөліктерге дейінгі арақашықтықты бақылап отырыңыз. VSM жүйесі қауіпсіз жол жүру ережесін жоққа шығармайды.
- Нашар жолдарда ешқашан аса жылдам жүрмеңіз. VSM жүйесі апаттардың алдын ала алмайды. Қолайсыз ауа райында, тайғанақ не ойлық-қырлы жолда жылдамдықты арттыру ауыр жол-көлік оқиғасының себебіне айналуы мүмкін.

VSM жүйесінің жұмысы

VSM жүйесі қосулы

VSM жүйесі мына жағдайларда істейді:


- Динамикалық тұрақтандырудың электронды жүйесі (ESC) қосулы болғанда.
- Бұралаң жолдарда 15 км/сағ. (9 миль/сағ.) шамасынан жоғары жылдамдықпен жүргенде.
- Автокөліктің бастапқы жылдамдығы 20 км/сағ. (12 миль/сағ.) шамасынан асатын болса, нашар жолда тежеген кезде.

Жұмыс барысында



Тежеу ESC жүйесінің қосылуына әкеле алатын жағдайларда тежегіштер ерекше дыбыс шығаруы мүмкін. Оған қоса, тежегіш педальінің дірілі сезілуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және VSM жүйесінің жұмыс істейтінін білдіреді.

Ақпарат

VSM жүйесі мына жағдайларда істемейді:

- Өрге көтеріліп немесе еңіске түсіп келе жатқанда
- Артқа жүргенде
- «ESC OFF» индикаторы жанып тұрғанда
- EPS (рульдің электрлік күшейткішінің) бақылау шамы () жанады немесе жыпылықтайды.

АБАЙЛАҢЫЗ

Егер ESC () индикаторы немесе EPS () бақылау шамы сөнбесе не жыпылықтап тұрса, бұл VSM жүйесінің ақаулығын білдіруі мүмкін.

Бақылау шамы қосылғанда, автокөлікті тексеру үшін тез арада HYUNDAI ресми дилерлік орталығына жолығыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Егер көлік құралына өлшемдері әр түрлі доңғалақтар мен шиналар орнатылған болса, ESC жүйесінің қызметі бұзылуы мүмкін. Шиналарды ауыстыру қажет болғанда, өлшемі бірдей доңғалақтар мен шиналар пайдаланылуы тиіс. Көлік құралына өлшемі әр түрлі доңғалақтар мен шиналарды орнатуға тыйым салынады.

Еңісте қозғалған кездегі көмек жүйесі (HAC)

Еңісте қозғалған кездегі көмек жүйесі (HAC) көлік құралы өрге шыға бастағанда артқа қарай жүріп кетуіне жол бермейді. Жүйе автоматты түрде тежегіштерді шамамен 2 секундқа қосады және акселератор педалі басылғанда не 2 секунд өткен соң жібереді.

АБАЙЛАҢЫЗ

Еңіспен жоғары қарай қозғала бастағанда, акселератор педалін бірден басуға дайын болыңыз. HAC жүйесі шамамен 2 секундқа ғана қосылады.

Ақпарат

- Селектор «P» (тұраққа қою) немесе «N» (бейтарап) қалпына келтіріліп тұрғанда, HAC жүйесі жұмыс істемейді.
- HAC жүйесі ESC жүйесі өшіп тұрғанда да қосылады. Алайда, егер ESC жүйесі ақаулы болса, ол қосылмайды.

Қауіпсіз тежеу амалдары

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөліктен шықпас бұрын немесе оны тұраққа қойғанда автокөліктің толығымен тоқтағанын күту және тежегіш педалін жібермеу керек. Селекторды «Р» (тұраққа қою) қалпына ауыстырып, тұрақ тежегішін қосыңыз да, оталдыру жүйесін өшіріңіз.

Егер көлік құралын тұраққа қойғанда тұрақ тежегіші өшіп тұрса немесе жартылай қосылып тұрса, көлік артқа жүріп кетіп, адамдардың жарақаттануына себеп болуы мүмкін. Автокөліктен шыққан кезде ӘРҚАШАН тұрақ тежегішін қосып кетіңіз.

Сулы тежегіштер қауіп төндіреді! Тоспа сумен қозғалғанда немесе автокөлікті жуғанда, тежегіштер сулануы мүмкін. Тежегіштері су болған автокөлік аса жылдам тоқтай алмайды. Тежегіштер су болғанда, автокөлік шетке кетіп қалуы мүмкін.

Тежегіштерді кептіру үшін тежеу функциясы қалпына келгенше сәл тежеңкіреңіз. Егер тежегіштердің әдепкі жұмысы қалпына келмесе, автокөлікті қауіпсіз жерде дереу тоқтатып, HYUNDAI ресми дилерлік орталығына көмекке жүгініңіз.

Қозғалыс барысында аяғыңызды тежегіш педаліне қойып отырмаңыз. Тежегіш педалін сәл, бірақ үнемі басқанның өзі тежегіштердің қызуына, тозуына және істен шығу ықтималдығына әкелуі мүмкін.

Қозғалыс барысында доңғалақ шинасы тесіліп кетсе, автокөлік жылдамдығын төмендеткен кезде оны тұзу жолдан шығармастан, бірқалыпты тоқтатыңыз. Жылдамдық жеткілікті түрде төмендегенде, жолдан бұрылып, қауіпсіз жерде тоқтаңыз.

Автокөлік тоқтағанда, ол алға қарай тербеліп кетпеуі үшін аяғыңызды тежегіш педалінде мықтап ұстап отырыңыз.

ҚОЗҒАЛЫС РЕЖИМІН БАСҚАРУДЫҢ КІРІКТІРІЛГЕН ЖҮЙЕСІ (БАР БОЛСА)

Көлік жүргізу режимі




Көлік жүргізу режимін жүргізушінің талғамына немесе жол жағдайларына қарай таңдауға болады.

i Ақпарат

Аспаптар тақтасы ақаулы болғанда, COMFORT (жайлы) қозғалыс режимі қосылып, ECO (үнемді) және SPORT (спорттық) режимдерін ауыстырып қосу мүмкін болмауы ықтимал.

DRIVE MODE (көлік жүргізу режимі) түймесін ауыстырып қосқанда, режим өзгереді.



COMFORT (жайлы) режимін таңдау аспаптар тақтасында ешқалай көрсетілмейді.

- ECO режимі:
ECO режимі экологиялық көлік жүргізуді қамтамасыз ету үшін отын шығынының тиімділігін жақсартады.
- COMFORT режимі:
COMFORT режимі бірқалыпты әрі жайлы көлік жүргізу сапасын қамтамасыз етеді.
- SPORT режимі:
SPORT режимі автокөлік тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, спорттық көлік жүргізу стилін сақтауға мүмкіндік береді.

- CUSTOM режимі:
Жүргізуші әрбір қозғалыс жүйесі үшін режимдерді бөлек-бөлек реттей алады.

Қозғалтқышты қайта оталдырғанда, көлік жүргізу режимі COMFORT (жайлы) режиміне ауысады. Алайда, бұл жағдай ECO (эко-режим) және SMART режимдеріне қолданылмайды. Қозғалтқышты қайта оталдырғанда, ECO және SMART режимдерінен ауыстырып қосу орындалмайды.

DRIVE mode (көлік жүргізу режимі) баптауларын өзгерткенде, круиз-бақылауды (SCC) интеллектуалды басқару функциясының әрекет ету жылдамдығы өзгереді. (бар болса)

Drive Mode [көлік жүргізу режимі]	SCC Responsiveness [SCC әрекет ету жылдамдығы]
COMFORT [жайлы]	Normal [Қалыпты]
ECO [үнемді]	Slow [Баяу]
SPORT [спорттық]	Normal [Қалыпты]
SMART [Интеллектуалды]	Fast [Жылдам]

CUSTOM режимінде SCC әрекет ету жылдамдығы қозғалтқыш тағы/трансмиссиядағы режим баптауына сәйкес келеді.

(мысалы, CUSTOM режимінде жүргізуші ECO сияқты қозғалтқыш/трансмиссия режимін таңдаса, SCC әрекет ету жылдамдығы баяу болады)

CUSTOM режимі (бар болса)

CUSTOM

CUSTOM режимінде жүргізуші режимдерді бөлек-бөлек таңдап, оларды ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің экранында құрамдастыра алады.

- Қозғалтқыш/трансмиссия: ECO/COMFORT/SPORT
- Руль: COMFORT/SPORT

Толығырақ ақпаратты автокөлігіңізге арналған бөлек нұсқаулықтан қараңыз.

- Егер CUSTOM режимі DRIVE MODE (көлік жүргізу режимі) түймесі арқылы таңдалса, CUSTOM режимінің индикаторы қосылады.

ECO режимі

ECO

Көлік жүргізу режимін ECO-ға орнатқанда, беріліс қорабын және қозғалтқышты басқару логикасы отынның ең жоғары үнемделуін қамтамасыз етуге ауысады.

- Егер ECO режимі DRIVE MODE (көлік жүргізу режимі) түймесімен таңдалса, ECO индикаторы қосылады.
- Қозғалтқышты сөндіріп, қайта қосқан жағдайда, ECO режимі қосылып тұра береді.

i Ақпарат

Отын шығынының тиімділігі автокөлікті басқару мәнері мен жол жағдайларына байланысты.

Егер үнемді режим қосылып тұрса:

- Акселератор педалі толығымен басылып тұрса да, үдеу сәл бәсеңдетілуі мүмкін.
- Кондиционер жұмысының тиімділігі шектеулі болуы мүмкін.
- Автоматты беріліс қорабын ауыстыру схемасы өзгеруі мүмкін.
- Қозғалтқыш шуы күшеюі мүмкін.

Жоғарыда берілген жағдайлар отын шығынының тиімділігін арттыру үшін үнемді режим қосылған кезде қалыпты жағдай болып табылады.

Үнемді режимнің шектелуі:

Егер үнемді режимді қолданғанда төмендегі жағдайлар орын алса, ECO индикаторы (үнемді режим) жанып тұрғанның өзінде жүйе жұмысы шектеулі болады.

- Салқындатқыш сұйықтық температурасы төмен болғанда: жүйе қозғалтқыш жұмысы қалпына келгенше шектеулі болады.
- Өрге жоғары қозғалғанда: жүйе әрекеті қозғалтқыштың айналу сәтінің шектелуі салдарынан қуатты үнемдеу үшін шектеулі болады.
- Акселератор педалін бірнеше секунд бойы қатты басқан жағдайда: Жүйе жұмысы жүргізушінің жылдамдықты үдету ниетінің салдарынан шектеулі болады.

SPORT (спорттық) режимі

SPORT

Спорттық режимде автокөлікті басқаруды жақсарту үшін руль, қозғалтқыш пен беріліс қорабы жүйелерін автоматты түрде реттеу арқылы қозғалыс динамикасын басқару орындалады.

- Егер SPORT режимі DRIVE MODE (көлік жүргізу режимі) түймесімен таңдалса, SPORT индикаторы қосылады.
- Егер қозғалтқыш сөніп, қайтадан оталса, қозғалыс режимі COMFORT (жайлы) режиміне ауысады. SPORT (спорттық) режиміне ауыстыру қажет болғанда, бұны DRIVE MODE (көлік жүргізу режимі) түймесін басып орындауға болады.
- Егер SPORT (спорттық) режимі қосылып тұрса:
 - Акселератор педалін жіберген соң қозғалтқыш айналымының жиілігі біраз уақыт артқан күйінде қалады;
 - Жоғарырақ беріліске ауыстыру жылдамдықты үдеткен кезде шамалы кідіріспен орындалады.

i Ақпарат

СПОРТТЫҚ режимінде отын шығыны артуы мүмкін.

SMART режимі

SMART

SMART режимінде автокөлік, жүргізушінің көлік жүргізу (яғни үнемді не спорттық), тежегіш педалін басу немесе рульді басқару мәнерін ескере отырып, ECO, COMFORT және SPORT режимдерінен тиісті жүргізу режимін таңдайды.

- SMART режимін таңдау үшін DRIVE MODE (көлік жүргізу режимі) түймесімен ауыстыруды орындаңыз. SMART режимін аспаптар тақтасынан таңдағанда, индикатор жанады.
- SMART режимінде автокөлік жүргізушінің көлік жүргізу мәнеріне қарай берілісті ауыстыру схемасы, қозғалтқыштың айналу сәті, амортизация сапасы (электронды түрде басқарылатын аспа жүйесі бар болса) және қуатты үлестіру (толық жетек (AWD) жүйесі бар болса) сияқты автокөліктің қозғалу функцияларын автоматты түрде басқарады.

i Ақпарат

- SMART режимінде бірқалыпты қозғалған кезде отын шығынын жақсарту мақсатында ECO көлік жүргізу режимі таңдалады. Алайда нақты отын шығыны қозғалыс жағдайларына (яғни еңіспен жоғары/төмен қозғалу, автокөлік жылдамдығын үдету/төмендету) байланысты ерекшеленуі мүмкін.
- SMART режимінде көлікті қарқынды жүргізгенде, жылдамдықты кенеттен төмендету және шұғыл бұрылыс жағдайында автокөлік SPORT режимін таңдайды. Алайда бұл отынның үнемделуіне теріс әсер етуі мүмкін.

SMART режимінде тап болуыңыз мүмкін түрлі көлік жүргізу жағдайлары

- Егер сіз акселератор педаліне ақырын бассаңыз, көлік жүргізу режимі белгілі бір уақыттан кейін автоматты түрде ECO режиміне ауысады (сіздің жүргізу мәнеріңіз үнемді деп бағаланады).
- Егер сіз акселератор педаліне кенеттен не жиі бассаңыз, көлік жүргізу режимі белгілі бір уақыттан кейін автоматты түрде SMART ECO-дан SMART COMFORT-қа ауысады.
- Автокөлік қозғала бастағанда немесе еңіспен жоғары қарай нақты бір бұрышпен көтерілгенде қозғалыс органдарын басқарудың бірдей схемаларын ұстанған жағдайда, көлік жүргізу режимі автоматты түрде SMART COMFORT режиміне ауысады. Автокөлік түзу жолмен қозғала бастағанда көлік жүргізу режимі SMART ECO режиміне автоматты түрде оралады.
- Жылдамдықты кенеттен үдеткенде немесе рульді үздіксіз басқарғанда көлік жүргізу режимі автоматты түрде SMART SPORT режиміне ауысады (сіздің жүргізу мәнеріңіз спорттық ретінде бағаланады). Бұл режимде автокөлік жылдамдықты кенет үдетуді/тежеуді және қозғалтқышпен тежеу тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету үшін төменгі берілісте қозғалады.
- SMART SPORT режимінде акселератор педалін жіберсеңіз де, қозғалтқышпен тежеу тиімділігін сезе аласыз. Бұл автокөлік белгілі бір уақыт ішінде келесі үдетуді күтіп, төмен берілісте қосылып тұрғанда болады. Осылайша, әдепкі көлік жүргізу жағдайында бұл ақаулықтың барын білдірмейді.
- Көлік жүргізу режимі көлікті аса қатты жүргізу жағдайларында ғана автоматты түрде SMART SPORT режиміне ауысады. Көптеген көлікті қалыпты жүргізу жағдайларында SMART ECO немесе SMART COMFORT режимі таңдалады.

SMART режимінің шектеулері

SMART режимін қолдану төмендегі жағдайларда шектеулі болуы мүмкін. (Мұндай жағдайларда OFF (ӨШІРУЛІ) индикаторы жанады.)

- Круиз-бақылау функциясы қосылған:

Автокөлікті интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінде орнатылған жылдамдықпен жүргізгенде, круиз-бақылау жүйесі SMART режимін өшіруі мүмкін.


(SMART режимі круиз-бақылау жүйесі қосылғанда автоматты түрде өшпейді.)


- Трансмиссиялық май температурасы аса төмен немесе жоғары:

SMART режимін көлікті қалыпты жүргізу жағдайларының көбісінде қосуға болады.

Алайда, трансмиссия қалыптан тыс жағдайларда жұмыс істегендіктен, трансмиссиялық майдың тым жоғары/төмен температурасы SMART режимінің өшуіне себеп болуы мүмкін.

Бағдар компьютері (бар болса) арқылы интеллектуалдық ауыстыру

Аспаптар тақтасының СК-дисплейінен бағдар компьютері () режимін таңдап, интеллектуалдық ауыстыру экранына өтіңіз. Енді жүргізуші таңдалған режимді, сондай-ақ SMART режимі автоматты түрде қосатын режимді қадағалай алады.



Экранда жүргізуші таңдаған қозғалыс режимі (1) көрсетіледі, ал көлік жүргізу мәнері көлік жүргізу мәнері индикаторымен (2) көрсетіледі.

SMART режиміндегі көлік жүргізу мәнері



Стандартты көлік жүргізу мәнері ортада орналасқан, сол жақта «Econ. [Үнемді]», ал оң жақта «Dynamic [Қарқынды]» мәнері орналасқан.

Көлік жүргізу мәнері көрсеткішінің сол жақ бөлігі толғанда, біраз уақыттан кейін SMART ECO режимі автоматты түрде қосылады. Көлік жүргізу мәнері көрсеткішінің оң жақ бөлігі толғанда және спорттық көлік жүргізу шарттары орындалғанда, біраз уақыттан кейін SMART SPORT режимі автоматты түрде қосылады.

SMART ECO режимін сақтау және отынды үнемдеу үшін автокөлікті көрсеткіштің сол жақ бөлігі толатындай жүргізіңіз.

МАҢДАЙЛЫҚ СОҚТЫҒЫСУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖҮЙЕСІ (FCA) – ДАТЧИКТИҢ БІРІКТІРІЛГЕН ТҮРІ (АЛДЫҒЫ РАДАР + АЛДЫҒЫ КӨРІНІС КАМЕРАСЫ) (ТАЯУ ШЫҒЫСТАН БАСҚА) (БАР БОЛСА)

Маңдайлық соқтығысудың алдын алу жүйесі (FCA) жүргізушіге болмай қалмайтын соқтығысу туралы ескерту, қажет болғанда, шұғыл тежеуді пайдалану мақсаттарында алдында жүріп келе жатқан көлік құралын анықтауға және қадағалауға, сондай-ақ жолдағы жаяу жүргіншіні не велошабандозды радар сигналдары мен алдыңғы көрініс камерасы арқылы анықтауға арналған.

- Күтпеген жағдайлардың алдын алу үшін көлік құралын тиісті сақтықпен жүргізу керек. FCA жүйесі жаяу жүргіншіні не велошабандозды анықтаған кезде көлік құралын әрқашан тоқтата бермейді, ол тек болмай қалмайтын соқтығысу салдарын жұмсарта алады.



АБАЙЛАҢЫЗ

Маңдайлық соқтығысудың алдын алу жүйесін (FCA) пайдаланғанда, келесі сақтық шараларын сақтау керек:

- Бұл жүйе тек қосалқы жүйе болып табылады және аса сақтық таныту мен жүргізушінің назар аудару қажеттілігін жоққа шығармайды. Датчиктер тіркейтін нысандардың ауқымы мен түрі шектеулі. Жолдағы жағдайды үнемі қадағалап отыру керек.
- Түзу жүрген кездегі және бұрылыстардағы жылдамдықты **ӘРҚАШАН** жол жағдайларына және нақты жол бөлігіне қатысты жылдамдық шектеулеріне қарай таңдау керек.

Жүйені баптау және қосу

Жүйені баптау




- Оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда, жүргізуші FCA жүйесін мына мәзірден қоса алады:

«User Settings [Баптаулар] → Driver assistance [Жүргізушіге көмек] → Forward safety [Алдағы қауіпсіздік]»

- «Active assist [Белсенді көмекті]» таңдағанда, FCA жүйесі қосылады. FCA жүйесі соқтығысу қаупінің деңгейіне сәйкес ескерту хабарламаларын және дыбыс сигналдарын береді. Жүйе соқтығысу қаупінің деңгейіне сәйкес тежегіштерді де басқарады.
- «Warning only [Тек ескерту]» параметрін таңдағанда, FCA жүйесі іске қосылады және соқтығысу қаупінің деңгейіне сәйкес тек ескерту жасайды. Тежеу жүйесін жүргізуші басқарады, өйткені FCA жүйесі басқаруды орындамайды.
- «Off [Өшірулі]» қалпын таңдаған кезде FCA жүйесі өшеді.



FCA жүйесі өшкенде, СК-дисплейде сигнализатор жанады. Жүргізуші FCA қосылу қалпын СК-дисплейден тексере алады. Оған қоса, бақылау шамы ESC жүйесі (тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесі) өшіп тұрғанда жанады. Егер бақылау шамы FCA қосылған соң қосылу күйінде қалса, жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне жолыққан жөн.



- Жүргізуші СК-дисплейде немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесі дисплейінде бастапқы ескертудің іске қосылу уақытын таңдай алады.

«User Settings [Баптаулар] → Driver assistance [Жүргізушіге көмек] → Warning timing [Ескертулер таймері] → Normal/Later [Қалыпты/Кеш теу]» тармағына өтіңіз.

Маңдайлық соқтығысу туралы бастапқы ескертудің нұсқалары:

- Normal [Қалыпты]:

Осы тармақты таңдағанда, маңдайлық соқтығысу туралы бастапқы ескерту жоғары сезімталдық деңгейімен беріледі. Егер ескерту тым ерте іске қосылады деп санасаңыз, маңдайлық соқтығысу туралы ескертуді «Later [Кештеу] режиміне ауыстырыңыз.

«Normal [Қалыпты]» баптауларын таңдаған жағдайда да, алда келе жатқан автокөлік кенеттен тоқтаған кезде ескертудің бастапқы іске қосылу уақыты аса тез болмауы мүмкін.

- Later [Кештеу]:

Осы тармақты таңдағанда, маңдайлық соқтығысу туралы бастапқы ескерту әдеттегіден кештеу беріледі. Бұл баптау бастапқы ескерту берілген кезде көлік құралына, алдағы жаяу жүргіншіге дейінгі арақашықтықты азайтуға мүмкіндік береді.

Жол қозғалысы қарқынды болмай, сіз төмен жылдамдықпен келе жатсаңыз, «Later [Кештеу]» баптауын таңдаңыз.

Ақпарат

Ескерту уақытын өзгерткен кезде өзге жүйелердің ескерту уақыты да өзгеруі мүмкін.

Ескерту уақытын ағымдағы ескерту уақытын ескере отырып реттеңіз.

Жүргізуші орын алуы мүмкін маңдайлық соқтығысу туралы ескертудің дыбыс қаттылығын таңдай алады, ол үшін СК-дисплейдегі пайдаланушы баптауларынан «User Settings [Баптаулар] → Driver assistance [Жүргізушіге көмек] → Warning volume [Ескерту дыбысының қаттылығы] → High/Medium/Low [Қатты/Орташа/Ақырын]» тармағын таңдаңыз.

Ақпарат

Дыбыстық ескертулердің дыбыс қаттылығын өзгерткен кезде басқа жүйелердің ескерту сигналының дыбыс қаттылығы да өзгеруі мүмкін. Бұны дыбыстық ескертулердің дыбыс қаттылығын өзгерткен кезде ескерген жөн.

Қосу үшін қажетті шарттар

FCA жүйесі СК-дисплейде немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейінде таңдалса және келесі қажетті шарттар орындалса қосылуға дайын болады.

- ESC (тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесі) қосылы.
- Автокөлік жылдамдығы 8 км/сағ. (5 миль/сағ.) шамасынан төмен. (FCA жүйесі тек белгілі бір жылдамдықтар диапазонында іске қосылады.)
- Жүйе соқтығысуы ықтимал алдағы автокөлікті немесе жаяу жүргіншіні анықтайды. (FCA жүйесі көлік жүргізу жағдайына немесе автокөлік күйіне байланысты іске қосылмауы немесе ескертуші дыбыс сигналы берілмеуі мүмкін.)



АБАЙЛАҢЫЗ

- FCA жүйесін қосу/өшіру үшін рульдегі ауыстырып қосқышты басқармас бұрын, автокөлікті қауіпсіз орынға тұраққа қойыңыз.
- FCA жүйесі оталдыру жүйесі қосылғаннан кейін автоматты түрде қосылады. Жүргізуші FCA жүйесін СК-дисплейдегі немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі жүйелік баптаулар арқылы өшіре алады.
- ESC (тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесі) өшкен кезде FCA жүйесі автоматты түрде өшеді. Егер ESC жүйесі өшіп тұрса, FCA жүйесін СК-дисплейде немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейінде қосу мүмкін емес. FCA сигнализаторы жанады, бұл қалыпты жағдай болып табылады.

FCM ескерту хабарламасы және жүйені басқару

FCM жүйесі соқтығысу қаупінің деңгейіне сәйкес ескерту хабарламасы мен ескерту сигналын береді, мысалы, алдағы автокөлік кенеттен тоқтағанда, тежеу қашықтығының жеткіліксіздігі немесе жаяу жүргінші анықталғанда. Оған қоса, жүйе соқтығысу қаупінің деңгейіне сәйкес тежегіштерді де басқарады.

Жүргізуші СК-дисплейдегі немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі «User Settings [Баптаулар]» тармағынан бастапқы ескертудің іске қосылу уақытын таңдай алады. Соқтығысу туралы бастапқы хабарламаны беру нұсқалары: «Normal [Қалыпты]» немесе «Later [Кештеу]».

Ықтимал соқтығысу туралы ескерту (бірінші ескерту)



СК-дисплейде хабарлама көрсетіледі және ескертуші дыбыс сигналы беріледі. Сонымен бірге, автокөлік жылдамдығын төмендетуге көмектесу үшін кейбір автокөліктердің жүйелерінде қозғалтқышты басқаруға араласу орындалады.

- Көлік құралының жылдамдығы сәл төмендеуі мүмкін.
- Бұл алда келе жатқан автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ. шамасынан жоғары және төмен болғанда не 180 км/сағ. шамасына тең болған жағдайда орын алады. (Алда келе жатқан автокөлік қозғалысының жағдайларына және қоршаған ортаға байланысты ықтимал ең жоғары іске қосылу жылдамдығы төмендеуі мүмкін.)
- Жаяу жүргіншілер мен велосабандоздар үшін автокөлік жылдамдығы 10 км/сағ. шамасынан жоғары не оған тең және 85 км/сағ. шамасынан төмен. (Жаяу жүргіншілер мен велосабандоздардың жүру жағдайларына және қоршаған ортаға байланысты ықтимал ең жоғары іске қосылу жылдамдығы төмендеуі мүмкін.)

- «Warning only [Тек ескерту]» параметрін таңдағанда, FCA жүйесі іске қосылады және соқтығысу қаупінің деңгейіне сәйкес тек ескерту жасайды. Тежеу жүйесін жүргізуші басқарады, өйткені FCA жүйесі басқаруды орындамайды.

Шұғыл тежеу (Екінші ескерту)



СК-дисплейде хабарлама көрсетіледі және ескертуші дыбыс сигналы беріледі.

Сонымен бірге, автокөлік жылдамдығын төмендетуге көмектесу үшін кейбір автокөліктердің жүйелерінде қозғалтқышты басқаруға араласу орындалады.

Дәл соқтығысудың алдында тежегіш барынша жоғары деңгейде басқарылатындықтан, алдағы автокөлікпен соқтығысу әлсіз болады.

- Бұл алда келе жатқан автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ. шамасынан жоғары және төмен болғанда не 75 км/сағ. шамасына тең болған жағдайда орын алады. (Алда келе жатқан автокөлік қозғалысының жағдайларына және қоршаған ортаға байланысты ықтимал ең жоғары іске қосылу жылдамдығы төмендеуі мүмкін.)
- Жаяу жүргіншілер мен велошабандоздар үшін автокөлік жылдамдығы 10 км/сағ. шамасынан жоғары не тең және 65 км/сағ. шамасынан төмен. (Жаяу жүргіншілер мен велошабандоздардың жүру жағдайларына және қоршаған ортаға байланысты ықтимал ең жоғары іске қосылу жылдамдығы төмендеуі мүмкін.)
- «Warning only [Тек ескерту]» параметрін таңдағанда, FCA жүйесі іске қосылып, соқтығысу қаупінің деңгейіне сәйкес ескерту мақсатында ғана қолданылады. Тежеу жүйесін жүргізуші басқарады, өйткені FCA жүйесі басқаруды орындамайды.

Тежегіштер жұмысы

- Қауіпті жағдайда тежеу жүйесі жүргізуші тежегіш педалін басқанда шұғыл әрекет етуге дайын болу күйіне өтеді.
- FCA жүйесі жүргізуші тежегіш педалін басқанда оңтайлы тежеу үшін қосымша тежеу күшін қамтамасыз етеді.
- Жүргізуші акселератор педалін кенеттен басқанда немесе рульді кенеттен бұрғанда, тежеуді басқару автоматты түрде өшеді.
- FCA жүйесі арқылы тежеуді басқару қауіп фактілері жойылғанда автоматты түрде өшеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Жүргізуші FCA жүйесі ескерту хабарламасын не сигналын бергеніне не бермегеніне қарамастан, автокөлікті әрдайым аса зейін бөліп жүргізуге міндетті.
- Қауіпсіздік белбеуінің тағылмағаны туралы ескертетін дыбыс сигналы сияқты қандай да бір басқа ескертуші дыбыс сигналы берілсе, маңдайлық соқтығысуға қарсы көмек (FCA) жүйесінің дыбыс сигналы естілмеуі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Тежеуді басқару автокөліктің толық тоқтауына немесе соқтығысудың алдын алуға кепілдік бермейді. Жүргізуші автокөлікті қауіпсіз жүргізуге және басқаруға жауапты.


АБАЙЛАҢЫЗ

FCA жүйесінің логикасы алда келе жатқан көлік құралына дейінгі арақашықтық, алдағы көліктің қозғалу жылдамдығы және жүргізуші басқарып отырған көліктің жылдамдығы сияқты нақты параметрлер шеңберінде қызмет атқарады. FCA жүйесінің жұмысына қолайсыз ауа райы мен жол жағдайлары сияқты нақты жағдайлар әсер етуі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Жүйені белсенді күйге келтіру үшін көлікті қауіпті жүргізу мәнерін әдейі пайдаланбаңыз.

FCM датчигі (Алдыңғы радар/Алдыңғы көрініс камерасы)



FCM жүйесі дұрыс істеуі үшін датчик қақпағы мен датчиктің таза екенін әрі балшық пен қардың жоқтығын әрдайым қадағалап отырыңыз.

Объективтегі балшық, қар не бөгде бөлшектер датчиктің айырып тану тиімділігіне теріс әсер етуі мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Нөмір белгісі бар тақтайшаны немесе бөгде заттарды, мысалы, бамперге арналған жапсырмаларды немесе нөмірі бар тақтайшаны радар датчигінің жанына орналастырмаңыз. Бұл радар сезімталдығына жағымсыз әсер етуі мүмкін.
- Радар датчиктері мен объектив қақпағын әрдайым таза ұстаңыз.
- Автокөлікті тазалау үшін жұмсақ шүберекті ғана қолданыңыз. Қысыммен ағатын суды датчикке не датчик қақпағына тікелей бүрікпеңіз.
- Радар датчигіне не датчик қақпағына артық күш салмаңыз. Егер датчикті дұрыс туралау қалпынан әдейі жылжытса, FCM жүйесі дұрыс істемеуі мүмкін. Бұл жағдайда ескерту хабарламасы көрсетілмеуі мүмкін. Автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.
- Егер алдыңғы бамперде радар датчигінің айналасында зақым байқалса, FCM жүйесі дұрыс істемеуі мүмкін. Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

- Зақымдалған датчикті не датчик қақпағын жөндеу не ауыстыру үшін түпнұсқа бөлшектерді ғана қолданыңыз. Датчик қақпағына бояу жақпаңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Алдыңғы әйнекке ЕШҚАШАН қандай да бір қосалқы керек-жарақтарды немесе жапсырмаларды орналастырмаңыз және оны күңгірттемеңіз.
- Аспаптар тақтасына ЕШҚАШАН қандай да бір шағылыстыратын заттарды (мысалы, ақ қағаз, айна) қоймаңыз. Кез келген сәуле шағылысы жүйе ақаулығына әкелуі мүмкін.
- Бейнекамераны судың тиюінен қорғауға ерекше назар аударыңыз.
- Бейнекамера торабын ЕШҚАШАН бөлшектемеңіз және соққыға ұшыратпаңыз. Егер датчикті дұрыс туралау қалпынан әдейі жылжитса, FCA жүйесі дұрыс істеуі мүмкін. Бұл жағдайда ескерту хабарламасы көрсетілмеуі мүмкін. Көлік құралын тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне жолығыңыз.
- Дыбыс қаттылығы жоғары автокөлік аудиожүйесінің жұмысы жүйе ескертуінің дыбысын басуы мүмкін.

i Ақпарат

Мына жағдайларда жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне жолыққан жөн:

- Алдыңғы әйнек ауыстырылса.
- Радиолокациялық датчик немесе қақпақ зақымдалған не ауыстырылған болса.

Ескерту хабарламасы және сигнал шамы



Forward Collision Avoidance Assist (FCA) system disabled. Radar blocked [FCA (маңдайлық соқтығысуға қарсы көмек) өшіп тұр. Сенсор блокталған]

Егер датчик қақпағы балшықпен не қармен блокталған болса, FCA жүйесі уақытша жұмыс істемеуі мүмкін. Мұндай жағдай туындаса, СК-дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі.

FCA жүйесінің жұмысын қалпына келтіру үшін радар қақпағын балшықтан, қардан және бөгде нәрселерден тазалаңыз.

Жүйе камера объективін тазалаған соң қалыпты түрде жұмыс істейді.


Дегенмен, FCA жүйесі қозғалтқышты қосқан соң бірде-бір нысан анықталмайтын немесе камера балшықпен не қармен блокталған жерлерде (мысалы, ашық жер) дұрыс істемеуі мүмкін. Оған қоса, СК-дисплейде ескерту хабарламасы көрсетілмесе де, FCA жүйесі дұрыс істемеуі мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

FCA жүйесі жол жағдайларына, қолайсыз ауа райына немесе қозғалыс жағдайларына байланысты істемей қалуы мүмкін.

Жүйе ақаулығы



Check Forward Collision Avoidance Assist system [FCA (мандайлық соқтығысуға қарсы) жүйесін тексеріңіз.]

- Егер FCA тиісті түрде жұмыс істемесе, FCA бақылау шамы (☛) жанады және дисплейде бірнеше секундқа ескерту хабарламасы көрсетіледі. Хабарлама өшіп қалған соң негізгі сигнал шамы (▲) жанады. Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.
- FCA жүйесінің ескерту хабарламасы ESC (тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесі) сигнал шамы қосылған уақытта бірге көрсетілуі мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- FCA жүйесі тек қосалқы жүйе болып табылады және жүргізушінің қолайлылығына арналған. Көлік құралын жүргізуге жүргізуші жауапты. Тек FCA жүйесіне ғана сүйенуге болмайды. Тежеу үшін қауіпсіз қашықтықты ұстану және, қажет болғанда, жылдамдықты төмендету үшін тежегішті қолдану керек.
- Нақты бір жағдайларда және нақты көлік жүргізу жағдайларында FCA жүйесі байқаусыз істеп кетуі мүмкін. СК-дисплейде хабарлама көрсетіледі және ескертуші дыбыс сигналы беріледі. Нақты жағдайларда радардың алдыңғы датчигі немесе бейнекамераның айырып тану жүйесі алда келе жатқан автокөлікті, жаяу жүргіншіні немесе велошабандозды анықтамауы мүмкін. FCA жүйесі қосылмауы, ал ескерту хабарламасы көрсетілмеуі мүмкін.
- Тежегіштерді FCA жүйесімен басқару функциясы ақаулы болса да, көлік құралының негізгі тежеу жүйесі әдеттегідей істей береді. Алайда тежегіштерді басқару функциясы белсенді күйге келмейді.

- Егер алдағы автокөлік кенеттен тоқтаса, сіз тежегіш педалін басып үлгермеуіңіз мүмкін. Алда қозғалып бара жатқан көлік құралдарына дейін қауіпсіз арақашықтықты сақтаңыз.
- FCA жүйесінің көмегімен кенеттен тежеу кезінде бекітілмеген заттар ұшқыр «снарядқа» айналуы мүмкін. Заттарды бекітіңіз.
- Жүргізуші соқтығысудың алдын алу үшін тежегіш педалін басқан жағдайда, FCA жүйесі істемей қалуы мүмкін.
- Тежеу жүйесін басқару істемеуі мүмкін, бұл алдағы автокөлік кенеттен тежеген жағдайда соқтығысқа әкелуі мүмкін. Аса сақ болыңыз.
- FCA жүйесінің көмегімен кенеттен тежеген кезде жолаушылар жарақат алуы мүмкін. Аса сақ болу керек.
- FCA жүйесі тек автокөлігіңіздің алдындағы автокөліктерді, жаяу жүргіншілер мен велошабандоздарды анықтай алады.



АБАЙЛАҢЫЗ

- FCA жүйесі автокөлік артқа жүргенде істемейді.
- FCA жүйесі жануарлар сияқты жолдағы өзге нысандарды анықтауға арналмаған.
- FCA жүйесі қарсы қозғалыс жолағындағы автокөліктерді анықтамайды.
- FCA жүйесі қиылысатын қозғалыс ағынынан жақындайтын автокөліктерді анықтамайды.
- FCA жүйесі тұрақта тұрған автокөліктің бүйір жағынан жақындайтын автокөлікті анықтай алмайды (мысалы, тұйық көшеде).
- FCA жүйесі қиылысатын қозғалыс ағынынан жақындайтын велошабандоздарды анықтамайды.

Мұндай жағдайларда қауіпсіз тежеу қашықтығын сақтауыңыз және, қажет болғанда, қауіпсіз қашықтықты ұстану мақсатында қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін тежегіш педалін басуыңыз керек.

Жүйе шектеулері

Маңдайлық соқтығысудың алдын алу жүйесі (FCA), жүргізушіге ықтимал соқтығысу туралы ескерту және, қажет болғанда, шұғыл тежеуді қосу мақсатында алда келе жатқан көлік құралын немесе жолдағы жаяу жүргіншіні не велошабандозды радар сигналдарын және алдыңғы көрініс камерасынан келген деректерді бақылау арқылы анықтауға және қадағалауға арналған.

Нақты бір жағдайларда радар датчигі немесе бейнекамера алдағы автокөлікті, жаяу жүргіншіні не велошабандозды анықтай алмайды. Мұндай жағдайларда FCA жүйесі дұрыс істемеуі мүмкін. Жүргізуші FCA жүйесінің қызметі шектеулі болатын төменде келтірілген жағдайларда ерекше сақтық танытуы тиіс.

Автокөліктерді анықтау (бар болса)

Датчиктің функциялық мүмкіндіктері мына жағдайларда шектеулі болуы мүмкін:

- Жүйе қозғалтқышты оталдырып, алдыңғы көрініс камерасы белсенді күйге келтірілгеннен кейін не қайта жүктелгеннен кейін шамамен 15 секунд бойы істемеуі мүмкін
- Радар датчигі немесе алдыңғы көрініс камерасы бөгде заттармен не балшықпен блокталған

- Камераның шолуы алдыңғы әйнектің күңгірттенуінен немесе үлдірмен қапталуынан, әйнектің зақымдануынан немесе алдыңғы әйнектің бөгде заттармен (жапсырмалар, жәндіктер және т.б.) кірленуінен шектелген
- Нөсер жауын не қар сияқты қолайсыз ауа райы жағдайлары радар датчигінің немесе алдыңғы көрініс камерасының шолуын нашарлатады
- Электрмагниттік толқындардың кедергі келтіруі
- Радар датчигі сигналдарының бірқалыпсыз қатты шағылысуы
- Радар датчигінің немесе алдыңғы көрініс камерасы датчигінің тіркеу мүмкіндігі шектеулі
- Алдыңғы көрініс камерасы алда келе жатқан көлік құралын толық ажыратпайды
- Алдыңғы көрініс камерасы зақымдалған
- Сырттағы жарық тым әлсіз, мысалы, түнгі уақытта фаралар қосылмағанда немесе автокөлік туннельде жүргенде
- Жолдың бөлгіш жолақпен, ағаш тармен және т.б. көлеңкеленуі
- Автокөліктің жол бажын жинау бекетінен өтуі
- Алда келе жатқан автокөліктің артқы бөлігі дұрыс көрінбейді (автокөлік басқа бағытта бұрылады немесе аударылған)

- Алда келе жатқан көлік құралы анықтау үшін тым кішкентай (мысалы, мотоцикл, велосипед және т.с.с.)
- Алда келе жатқан көлік құралы бейнекамераның айырып тану жүйесімен анықталуы үшін тым үлкен, яғни ірі габаритті автокөлік немесе трейлер (мысалы, тіркемесі бар автотартқыш) болып табылады
- Камераның шолу аймағы нашар жарықтанған (тым қараңғы немесе тым қатты шағылысу шолуға кедергі келтіреді)
- Алдағы автокөліктің артқы шамдары өшіп тұр не болмаса стандартты емес жерлерде орналасқан
- Сырттағы жарықтың кенеттен өзгеруі, мысалы, туннельге кіргенде не одан шыққанда
- Көше шамдарының жарығы немесе қарсы келе жатқан автокөліктің жарығы сулы жол бетінен, мысалы, шалшықтан шағылысады
- Алдыңғы бағыттағы шолу күн сәулесінің немесе қарсы келе жатқан көлік құралы фарасының шағылысуы себебінен күрделенген
- Алдыңғы әйнек буланған; жолды анық шолу қиынға соғады
- Алдағы автокөлік бірқалыпсыз қозғалады
- Көлік құралы топырақты не ойлы-қырлы бетте, кенет өзгермелі жолдарда жүр
- Көлік құралы құрылыс алаңы, темір жол және т.б. сияқты металл заттар бар аймақтарға жақын жерде пайдаланылады
- Автокөлік үй-жай ішінде, мысалы, жер асты тұрағында қозғалады
- Жағымсыз жол жағдайлары салдарынан қозғалыс кезінде автокөлік қатты дірілдейді
- Жасанды ойлы-қырлы жерден өткен кезде датчиктің тану мүмкіндігі кенеттен өзгереді
- Алдағы автокөлік қозғалыс бағытына қатысты тік жазықтықпен қозғалады
- Алдағы автокөлік тік жазықтықта тоқтатылды
- Алдағы автокөлік сіздің автокөлігіңіздің жағына қарай қозғалады немесе артқа береді
- Айналмалы жолмен қозғалу орындалуда және алдында басқа көлік құралы қозғалуда

- Иілген траекториямен қозғалу
Маңдайлық соқтығысуға қарсы көмек жүйесінің сипаттамалары бұрылған кезде шектеулі болуы мүмкін.



Алдыңғы камераның тану жүйесі немесе радардың алдыңғы датчигі алдағы бұралаң жолда келе жатқан көлік құралын, жаяу жүргіншіні немесе велошабандозды анықтамауы мүмкін.

Бұл дәл қажет болған жағдайда сигнал мен тежеудің болмауына әкелуі мүмкін.


Әрқашан жол және қозғалыс жағдайларын қадағалап отырыңыз және, қажет болғанда, қауіпсіз арақашықтықты ұстану мақсатында қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін тежегіш педалін басыңыз.



Маңдайлық соқтығысуға қарсы көмек жүйесі бұралаң жолда іргелес жолақтағы көлік құралын, жаяу жүргіншіні немесе велошабандозды анықтай алады.

Мұндай жағдайда жүйе дыбыс сигналын беріп, қажет болмаса да, тежеу жүйесін қолдануы мүмкін.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.




- Еңісте қозғалу

Маңдайлық соқтығысуға қарсы көмек жүйесінің сипаттамалары еңіспен жоғары не төмен қозғалған кезде шектеулі болуы мүмкін. Алдыңғы камераның тану жүйесі немесе радардың алдыңғы датчигі алдағы көлік құралын, жаяу жүргіншіні немесе велошабандозды анықтамауы мүмкін.

Бұл жалған сигналдың берілуіне және тежеуге немесе дәл қажет болған жағдайда сигналдың берілмеуі мен тежеудің орындалмауына әкелуі мүмкін.


Егер жүйе еңістен өткен соң алдағы көлік құралын, жаяу жүргіншіні не велошабандозды кенеттен анықтаса, кенет тежеуді сезуге болады.

Еңіспен жоғары не төмен қозғалғанда алдағы жол жағдайын үнемі қадағалап, қажет болғанда, қауіпсіз қашықтықты сақтап отыру үшін тежегіш педалін қолдану керек.




- Қозғалыс жолағын ауыстыру

Алда келе жатқан автокөлік қозғалыс жолағын ауыстырған кезде, әсіресе автокөлік қозғалыс жолағын кенеттен өзгертсе, FCA жүйесі автокөлікті кідіріспен анықтауы мүмкін. Бұл жағдайда қауіпсіз тежеу қашықтығын сақтауыңыз және, қажет болғанда, қауіпсіз қашықтықты ұстану мақсатында қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін тежегіш педалін басауыңыз керек.



Жиі аялдап қозғалған кезде және алдағы автокөлік қозғалыс жолағы шегінен тыс тоқтаған кезде, бәлкім, FCA жүйесі осы уақытта алдыңызда тұрған жаңа автокөлікті бірден анықтай алмауы мүмкін. Бұл жағдайда қауіпсіз тежеу қашықтығын сақтауыңыз және, қажет болғанда, қауіпсіз қашықтықты ұстану мақсатында қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін тежегіш педалін басуыңыз керек.



- Алда келе жатқан автокөлікті анықтау

Егер алда келе жатқан автокөліктің артындағы жүгі автокөлік шегінен тыс шығып тұрса немесе автокөліктің жол саңылауы тым жоғары болса, жол жағдайына аса қатты назар аудару керек.

FCA жүйесі автокөлік шегінен тыс шығып тұрған жүкті анықтай алмауы мүмкін. Мұндай жағдайларда артта шығып тұрған заттан қауіпсіз тежеу қашықтығын сақтауыңыз және, қажет болғанда, қауіпсіз қашықтықты ұстану мақсатында қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін тежегіш педалін басуыңыз керек.

Жаяу жүргіншілер мен велошабандоздарды анықтау

Датчиктің функциялық мүмкіндіктері мына жағдайларда шектеулі болуы мүмкін:

- Алдыңғы көрініс камерасының тану жүйесі жаяу жүргінші еңкейген немесе ылғи тік күйінде жүрмеген жағдайда жаяу жүргіншілер мен велошабандоздарды толығымен анықтамайды.
- Жаяу жүргіншілер мен велошабандоздар тым тез қозғалады немесе үнемі алдыңғы көрініс камерасының анықтау аймағында бола бермейді
- Жаяу жүргіншілердің немесе велошабандоздардың киімі алдыңғы көрініс камерасының тану жүйесі айыра алмайтындай өңмен қосылып кетеді
- Сырттағы жарық тым ашық (мысалы, тым жарық күн сәулесінің астында қозғалғанда немесе күн сәулелері қатты шағылысқанда) немесе айналадағы жағдай тым қараңғы (мысалы, ауылдағы қараңғы жолмен түнде жүру)
- Жаяу жүргіншілерді немесе велошабандоздарды, мысалы, жаяу жүргіншілер не велошабандоздар тобы немесе үлкен топ жағдайында анықтау және өзге нысандардан айырып тану қиынға соғады
- Адам бейнесіне ұқсас нысанның бар болуы
- Бойы аласа жаяу жүргіншілер немесе велошабандоздар
- Қозғалу мүмкіндігі шектеулі жаяу жүргінші
- Датчиктің тіркеу мүмкіндігі шектеулі
- Радар датчигі немесе алдыңғы көрініс камерасы бөгде заттармен не балшықпен блокталған
- Камераның шолуы алдыңғы әйнектің күңгірттелуінен немесе үлдірмен қапталуынан, әйнектің зақымдануынан немесе алдыңғы әйнектің бөгде заттармен (жапсырмалар, жәндіктер және т.б.) кірленуінен шектелген
- Сырттағы жарық тым әлсіз, мысалы, түнгі уақытта фаралар қосылмағанда немесе автокөлік туннельде жүргенде
- Несер жауын не қар сияқты қолайсыз ауа райы жағдайлары радар датчигінің немесе алдыңғы көрініс камерасының шолуын нашарлатады
- Көше шамдарының жарығы немесе қарсы келе жатқан автокөліктің жарығы сулы жол бетінен, мысалы, шалшықтан шағылысады
- Күн сәулесінің шағылысуынан алдыңғы бағыттағы шолу қиынға соғады
- Алдыңғы әйнек буланған; жолды анық шолу қиынға соғады
- Жағымсыз жол жағдайлары салдарынан қозғалыс кезінде автокөлік қатты дірілдейді
- Жасанды ойлы-қырлы жерден өткен кезде датчиктің тану мүмкіндігі кенеттен өзгереді

- Айналымалы жолмен қиылысып қозғалу орындалуда
- Жаяу жүргінші немесе велошабандоз кенеттен автокөлік алдына түседі
- Алдағы велошабандоздың қозғалыс траекториясы автокөлік қозғалысының бағытымен қиылысады
- Өзге электрмагниттік бөгеттердің бар болуы
- Велошабандоздың қасында құрылыс алаңы, рельстер немесе өзге металл заттар бар
- Велосипед жасалған материалды радар танымайды



АБАЙЛАҢЫЗ

- Маңдайлық соқтығысудың алдын алу жүйесін (FCA) автокөлікті сүйреген кезде қолдануға тыйым салынады. Сүйреу кезінде FCA жүйесін пайдалану автокөлігіңіздің немесе сүйрейтін автокөліктің қауіпсіздігіне теріс әсер етуі мүмкін.
- Алдағы автокөліктің шегінен тыс шығып жатқан жүгі бар болса немесе автокөліктің жол саңылауы тым жоғары болса, аса сақтық танытыңыз.

- Маңдайлық соқтығысуға қарсы көмек жүйесі габариттері немесе сипаттамалары бойынша көлік құралына, жаяу жүргіншіге не велошабандозға ұқсас заттарды анықтаған кезде іске қосылып кетуі мүмкін.
- FCA жүйесі радар сигналдарының және бейнекамера деректерінің көмегімен алда келе жатқан автокөлікті анықтап қадағалауға және жолдағы жаяу жүргіншіні (бар болса) анықтауға арналған. Ол велосипедтерді, мотоциклдарды немесе жолжүк сөмкелері, дүкен арбалары не бесік арбалар сияқты доңғалақты шағын нысандарды анықтауға арналмаған.
- FCA жүйесінің жұмысын тексеруге ешқашан әрекет жасамаңыз. Бұл ауыр жарақаттарға не өлімге әкелуі мүмкін.
- Егер алдыңғы бампер, алдыңғы әйнек, алдыңғы радар немесе алдыңғы көрініс камерасы ауыстырылса не жөнделсе, көлік құралын тексеру үшін HYUNDAI ресми сервистік орталығына жолығыңыз.



Ақпарат

Кейбір жағдайларда FCA жүйесі электрмагниттік кедергілердің әсерінен өшіп қалуы мүмкін.


ЕСКЕРТУ ЖҮЙЕСІ (BCW) (БАР БОЛСА)

Жүйе сипаттамасы

Жүргізушінің көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі (BCW)

Көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі (BCW) жүргізушіге көрінбейтін аймақта жақындап келе жатқан көлік құралының бар екендігі туралы ескерту үшін артқы бамперде орнатылған радар датчиктерін қолданады.


1) Көрінбейтін аймақ



Көрінбейтін аймақтағы анықтау қашықтығы көлік құралының жылдамдығына байланысты.

Егер көлік құралы жақын маңдағы көлік құралдарымен салыстырғанда жоғарырақ жылдамдықпен қозғалса, жүргізушіні хабарландыру орындалмайды.

2) Жоғары жылдамдықпен жақындау



Қозғалыс жолағын ауыстыру кезіндегі көмек жүйесі іргелес жолақта жоғары жылдамдықпен жақындап келе жатқан көлік құралын анықтаған кезде жүргізушіні хабарландырады. Егер жүйе көлік құралының жақындауын тіркеген кезде жүргізуші бұрылыс көрсеткіштерін қосса, жүйе дыбыс сигналын береді.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Қозғалыс барысында жолдағы жағдайды үнемі қадағалап отырып, көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі істеп тұрса да, күтпеген жағдайларға дайын болу керек.
- Көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі (BCW) қосалқы жүйе болып табылады. Жүйеге толығымен сүйенуге болмайды. Қауіпсіздік мақсатында қозғалыс барысында қырағылық танытқан жөн.

- Көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі (BCW) көлікті қауіпсіз жүргізу тәжірибесін алмастыра алмайды. Қозғалыс жолағын ауыстырмай тұрып немесе артқа жүре бастағанда сақтық танытып, көлік құралын қауіпсіз түрде жүргізу керек.

Көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі (BCW) автокөліктің қозғалыс жолағы бойындағы нысандардың бәрін анықтай алмайды.

Жүйені баптау және басқару Жүйе баптаулары

- «Көзден таса аймақтарды» бақылау функциясын баптау
Оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда, жүргізуші жүйені «User Settings [Баптаулар] → Driver Assistance [Жүргізушіге көмек] → Blind-Spot Safety [«Көзден таса аймақтарды» бақылау]» мәзірінде қоса алады
- BCW жүйесі «Warning Only [Тек ескерту]» параметрін таңдағанда қосылып, белсенді күйге келтірілуге дайын. Автокөлік жүргізушіге көрінбейтін аймаққа жақындағанда, дыбыс сигналы беріледі.
- «Off [Өшірулі]» параметрін таңдағанда, BCW жүйесі өшеді.
- Қозғалтқышты сөндіріп, қайта қосқаннан кейін жүйе алдыңғы күйіне оралады.
- Ескертулер таймерін таңдаңыз
Жүргізуші бастапқы ескертудің қосылу уақытын СК-дисплейдегі немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі пайдаланушы баптауларынан, яғни «User Settings [Баптаулар] → Driver Assistance [Жүргізушіге көмек] → Warning Timing [Ескертулер таймері]» тармағын таңдап орната алады.

Көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы бастапқы ескерту нұсқалары:

- Normal [Қалыпты]:

Бұл опцияны таңдағанда, көзден таса аймақтағы соқтығысуға қарсы бастапқы ескерту әдеттегідей беріледі. Егер бұл параметр тым сезімтал болып көрінсе, онда «Later [Кештеу]» опциясын таңдаңыз.

Автокөліктің жанындағы/арттағы автокөлік аса шапшаңдаса, ескерту уақыты баяу болып көрінуі мүмкін.

- Later [Кештеу]:

Бұл параметрді жол қозғалысы қарқынды болмай, сіз төмен жылдамдықпен келе жатқанда таңдаңыз.

Ақпарат

Ескерту уақытын өзгерткен кезде өзге жүйелердің ескерту уақыты да өзгеруі мүмкін.

Ескерту уақытын ағымдағы ескерту уақытын ескере отырып реттеңіз.

- Жүргізуші көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескертудің дыбыс қаттылығын СК-дисплейдегі немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесі дисплейіндегі пайдаланушы баптауларынан, яғни «User Settings [Баптаулар] → Driver assistance [Жүргізушіге көмек] → Warning volume [Ескерту дыбысының қаттылығы] → High/Medium/Low[Қатты/Орташа/Ақырын]» тармағын таңдап, орната алады.

Ақпарат

Ескертудің дыбысқаттылығын өзгерткен кезде басқа жүйелердің ескерту сигналының дыбыс қаттылығы да өзгеруі мүмкін. Бұны дыбыстық ескертулердің дыбыс қаттылығын өзгерткен кезде ескерген жөн.


Жұмыс жағдайлары

Жүйе келесі шарттар орындалғанда дайындық режиміне өтеді:

Көлік құралының жылдамдығы 30 км/сағ. (20 миль/сағ.) шамасынан жоғары.

Ескерту хабарламасы және жүйені басқару


Көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі (BCW)



Бірінші дәрежелі ескерту сигналы

Егер жүйенің әрекет ету радиусында автокөлік анықталса, сары ескерту индикаторы сыртқы артқы көрініс айнасында жанады.

Егер анықталған көлік құралы бұдан былай көру аймағынан тыс тіркелмесе, ескерту көлік құралы қозғалысының жол жағдайларына сәйкес өшеді.



[A]: Ескертуші дыбыс сигналы

Екінші дәрежелі ескерту сигналы

Жүргізушінің дыбыстық ескертуі мына жағдайларда іске қосылады:

1. Радар жүйесі көрінбейтін аймақта көлік құралын анықтады.
2. Бұрылыс көрсеткіші қосылып тұр (көлік құралы анықталған жақтан).

Осы ескерту қосылған кезде сыртқы айнада ескертуші индикатор да жыпылықтай бастайды. Оған қоса, дыбыс сигналы беріледі.

Бұрылыс көрсеткіштерін өшіргенде, екінші дәрежелі сигнал өшеді.

Егер анықталған көлік құралы бұдан былай көру аймағынан тыс тіркелмесе, ескерту көлік құралы қозғалысының жол жағдайларына сәйкес өшеді.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Жүйе артқы жақта көлік құралын анықтағанда, сыртқы артқы көрініс айнасындағы бақылау шамы жанады.
ЖКО алдын алу үшін бақылау шамына ғана назар аударып отырмай, айналадағы жағдайды да қадағалап отырыңыз.
- Автокөлік көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту (BCW) жүйесімен жабдықталған болса да, жүргізуші көлік жүргізуге жауапты түрде қарауы керек. Осы жүйелерге ғана сүйенуге болмайды, жолақты ауыстырмай тұрып немесе артқа жүрмей тұрып айналадағы жағдайды ылғи тексеріп отыру керек.
- Жүйе шектеулерінің салдарынан ол кейбір жағдайларда ескерту сигналын бермеуі мүмкін, сол себепті қозғалыс кезінде айналадағы жағдайды үнемі қадағалап отыру керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Жүргізуші артқы көрініс айнасындағы бақылау шамының қосылып не қосылмай тұрғанына немесе дыбыстық ескертудің берілуіне не берілмеуіне қарамастан, автокөлікті жүргізуге аса жауапкершілікпен қарауға міндетті.
- Автокөліктің дыбысы қатты шығатын аудиожүйесі көзден таса аймақтағы соқтығысу туралы ескерту жүйесінің дыбыс сигналын басуы мүмкін.
- Егер тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы дыбыс сигналы сияқты қандай да бір басқа ескертуші дыбыс сигналы берілсе, көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесінің (BCW) дыбыс сигналы естілмеуі мүмкін.

Анықтау датчигі

■ Артқы бүйірлік радар




Артқы бүйірлік радарлар артқы бампердің ішінде орналасқан және автокөліктің жанындағы және артындағы аймақтарды бақылауға арналған. Жүйе дұрыс істеуі үшін артқы бампер таза күйде болуы тиіс.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Артқы бампер зақымдалған, ауыстырылған не жөнделген жағдайда, жүйе қате істеуі мүмкін.
- Анықтау аймағы кейде жүргін бөлік еніне байланысты болуы мүмкін. Тар жолда жүйе іргелес жолақтағы көлік құралдарын тіркеуі мүмкін. Басқа жағынан, егер жол кең болса, жүйе екі жолақтағы автокөліктерді анықтай алмай, ескерту істемей қалуы мүмкін.
- Жүйе қатты электрмагниттік толқындар әсерінен өшуі мүмкін.
- Датчик ылғи таза болуы тиіс.
- Датчикті **ЕШҚАШАН** бөлшектемеңіз және соққыға ұшыратпаңыз.

- Радар датчигіне не датчик қақпағына артық күш салмаңыз. Егер датчикті дұрыс туралау қалпынан әдейі жылжытса, жүйе дұрыс істемеуі мүмкін. Бұл жағдайда ескерту хабарламасы көрсетілмеуі мүмкін. Автокөлікті тексерту үшін **HYUNDAI** ресми дилеріне хабарласыңыз.
- Бамперге арналған жапсырмалар сияқты бөгде заттарды немесе бампер бағыттауышын радиолокациялық датчикке жақын орналастырмаңыз және датчик орнатылатын орынды боямаңыз. Бұл датчиктің сезімталдығына жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Ескерту хабарламасы



Blind-Spot Collision Warning (BCW) system disabled. Radar blocked [сенсор

блокталғандықтан, BCW («көзден таса аймақтағы «соқтығысу») жүйесі өшіп тұр]

Бұл ескерту хабарламасы келесі жағдайларда көрсетіледі:

- Артқы бампердегі датчиктің біреуі не екеуі балшықпен, қармен не бөгде затпен блокталған.
- Датчик ұзақ уақыт бойы басқа көлік құралдарын анықтамайтын ауылдық жерде қозғалғанда.
- Нөсер жауын не қар сияқты қолайсыз ауа райында.

Осы жағдайлардың кез келгені орын алғанда, жүйе автоматты түрде өшеді.

i Ақпарат


Тіркеме немесе велосипедтерді тасымалдауға арналған бекіткіш қолданылған жағдайда, BCW және RCCA (бар болса) жүйелерін өшіріңіз.

- BCW жүйесін өшіру үшін аспаптар тақтасында немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейінде «User Settings [Баптаулар] → Driver Assistance [Жүргізушіге көмек] → Blind-Spot Safety [«Көзден таса аймақтарды» бақылау] → Off [Өшірулі]» тармағын таңдаңыз.
- RCCA жүйесін өшіру үшін аспаптар тақтасында немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейінде «User Settings [Баптаулар] → Driver Assistance [Жүргізушіге көмек] → Parking Safety [Қауіпсіз тұраққа қою] → Rear Cross-Traffic Collision Warning [RCCW Қиып өту кезіндегі артқы соқтығысуға қарсы ескертулер]» (бар болса) таңдауынан бас тартыңыз.

Аспаптар тақтасында BCW өшуі туралы ескерту хабарламасы көрсетілсе, артқы бампердегі датчиктер орналасқан жерде балшық пен қардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Датчиктердің қалыпты жұмысына бөгет жасайтын балшықты, қарды және өзге заттарды алып тастау керек.

Ластайтын затты алып тастаған соң BCW жүйесі қозғалыс басталғаннан кейін шамамен 10 минуттан соң тиісті түрде істей бастайды.

Егер жүйе тиісті түрде істемесе, жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне жолығыңыз.



Check Blind-Spot Collision Warning (BCW) system [Көзден таса аймақт. соқтығыс. тур. ескерту жүйесін тексеріңіз]

BCA жүйесі ақаулы болса, ескерту хабарламасы көрсетіледі. Жүйе автоматты түрде өшеді. Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Жүйе шектеулері

Жүргізуші төменде берілген жағдайларда сақтық танытуы тиіс, себебі нақты жағдайларда жүйе көлік құралдарын немесе өзге нысандарды тіркемеуі мүмкін.

- Тіркеменің немесе аспалы ұстағыштың бар болуы.
- Қолайсыз ауа райында (мысалы, нөсер жауын немесе қар түскенде) жол жүру.
- Датчиктің жаңбыр суымен, қармен, балшықпен және т.с.с. ластануы.
- Артқы бампердегі датчик орнатылған жердің жапсырма, бампер қорғанысы, велосипедтер бекіткіші және т.с.с. бөгде заттармен жабылуы.
- Артқы бампердің зақымдалуы немесе датчиктің бастапқы қалпынан жылжып кетуі.
- Жүксалғышқа көп жүк тиелгендіктен, шиналардағы қысымның және т.с.с. сәйкес келмеуінен көлік құралы биіктігінің өзгеруі.
- Артқы бампер аймағындағы жоғары температура.
- Датчиктердің басқа көлік құралдарымен, автотұрақтағы қабырғалармен не бағандармен блокталуы.
- Автокөліктің ауытқып қозғалуы.
- Автокөліктің жол бажын жинау бекетінен өтуі.

- Жол жабыны (немесе шеткі жер) құрамындағы металл компоненттер мөлшерінің нормадан ауытқуы (бәлкім, автожол құрылысының салдарынан).
- Көлік құралының жанында, мысалы, қоршау сияқты қозғалмайтын нысан бар.
- Жолақ биіктігі өзгерген кездегі шұғыл еңіс не өр.
- Ағаштар мен шөп басқан тар жолмен қозғалу.
- Датчик ұзақ уақыт бойы басқа көлік құралдарын немесе ғимараттарды анықтамайтын ауылдық жерде жүру.
- Су жолмен жүру.
- Екі жағында қоршаулар не ғимараттар бар жолмен жүру.
- Автобус немесе жүк көлігі сияқты үлкен көлік құралының жанында болу.
- Басқа көлік құралының тым жақын орналасуы.
- Басқа көлік құралының тым жоғары жылдамдықпен озуы.
- Басқа жолаққа ауысу.
- Іргелес көлік құралымен бір уақытта қозғалып, жылдамдықты үдете бастау.
- Көлік құралының іргелес жолақтан екі жолаққа шетке ауысуы **НЕМЕСЕ** шеттегі екі жолақтағы көлік құралының іргелес жолаққа ауысуы.
- Жанында мотоциклдің не велосипедтің болуы.
- Жанында тіркеме-платформаның болуы.
- Анықтау аймағында дүкен арбасы немесе бесік арба сияқты шағын нысандар болған жағдайда.
- Спорттық көлік сияқты аласа көлік құралының болуы.
- Сыртқы ауа температурасының аса төмен болуы.




- Иілген траекториямен қозғалу
Жүйелер бұрылыстарда дұрыс істемеуі мүмкін. Кейбір жағдайларда жүйе келесі қозғалыс жолағындағы автокөлікті анықтай алмауы мүмкін.
Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.



Жүйелер бұрылыстарда дұрыс істемеуі мүмкін. Кейбір жағдайларда жүйе сол қозғалыс жолағындағы автокөлікті айырып танымауы мүмкін.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.



- Еңісте қозғалу

Жүйелер еңісте дұрыс істемеуі мүмкін. Кейбір жағдайларда жүйе келесі қозғалыс жолағындағы автокөлікті анықтай алмауы мүмкін.

Оған қоса, кейбір жағдайларда жүйе жерді не ғимаратты қате айырып тануы мүмкін.


Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.



- Жолдар бірігетін/бөлінетін жерде жүру

Жүйелер жолдар бірігетін/бөлінетін жерде дұрыс істемеуі мүмкін. Кейбір жағдайларда жүйе келесі қозғалыс жолағындағы автокөлікті анықтай алмауы мүмкін.


Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.



- Биіктігі әр түрлі қозғалыс жолақтарында қозғалу
Жүйелер қозғалыс жолақтары түрлі биіктікте болатын жерде дұрыс істемеуі мүмкін.

Кейбір жағдайларда жүйе қозғалыс жолақтары түрлі биіктікте (төменгі қиылысқа апаратын тармақ, деңгей бойынша бөлінген қиылыстар) болатын жолдағы автокөлікті анықтамауы мүмкін.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.



[A]: шудан қорғайтын экран, [B]: қоршау

- Ғимарат қасындағы жолмен жүру
Жүйелер жанында ғимараты бар жолмен жүргенде дұрыс істемеуі мүмкін.

Кейбір жағдайларда жүйе жолға жақын тұрған ғимараттарды (шудан қорғайтын бөгеттер, қоршаулар, қосарлы қоршаулар, белгіш жолақтар, бағаналар, көше шамдары, жол белгілері, туннель қабырғалары және т.б.) дұрыс ажыратпауы мүмкін.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.


КӨРУ АЙМАҒЫНАН ТЫС СОҚТЫҒЫСУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ/ АЛДЫН АЛУ ЖҮЙЕСІ (БАР БОЛСА)

Жүйе сипаттамасы

Жүргізушінің көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі (BCW)

Көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі (BCW) жүргізушіге көрінбейтін аймақта жақындап келе жатқан көлік құралының бар екендігі туралы ескерту үшін артқы бамперде орнатылған радар датчиктерін қолданады.


1) Көрінбейтін аймақ



Көрінбейтін аймақтағы анықтау қашықтығы көлік құралының жылдамдығына байланысты.


Егер көлік құралы жақын маңдағы көлік құралдарымен салыстырғанда жоғарырақ жылдамдықпен қозғалса, жүргізушіні хабарландыру орындалмайды.

2) Жоғары жылдамдықпен жақындау



Жоғары жылдамдықпен келе жатқан көлік құралы іргелес қозғалыс жолағына жақындаса, қозғалыс жолағын ауыстыру кезіндегі көмек жүйесі жүргізушіні хабарландырады. Егер жүйе көлік құралының жақындауын тіркеген кезде жүргізуші бұрылыс көрсеткіштерін қосса, жүйе дыбыс сигналын береді.

Көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі (BCA)



Көзден таса аймақтарды бақылау және соқтығыстардың алдын алу жүйесі (BCA) көлік құралының алдындағы жолақты алдыңғы әйнектің жоғарғы бөлігінде орнатылған алдыңғы көрініс камерасы арқылы, ал артқы және бүйірлік аймақтарды артқы бүйірлік радарлар арқылы бақылайды.

Көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі жақындап келе жатқан автокөлікпен соқтығысу ықтималдығына қарай тұрақтылықты басқарудың электронды жүйесін (ESC) белсенді күйге келтіре алады. Бұл соқтығысу қаупін немесе соқтығысу кезіндегі зақымдарды азайтады.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Қозғалыс барысында көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі және көру аймағынан тыс көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысудың алдын алу жүйесі істесе де, жолдағы жағдайды үнемі қадағалап отырып, күтпеген жағдайларға дайын болу керек.
- Көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі (BCW) мен көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысудың алдын алу жүйесі (BCA) қосалқы жүйелер болып табылады. Жүйеге толығымен сүйенуге болмайды. Қауіпсіздік мақсатында қозғалыс барысында қырағылық танытқан жөн.
- Көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі (BCW) мен көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысудың алдын алу жүйесі (BCA) көлікті қауіпсіз жүргізу тәжірибесін алмастыра алмайды. Қозғалыс жолағын ауыстырмай тұрып немесе артқа жүре бастағанда сақтық танытып, көлік құралын қауіпсіз түрде жүргізу керек.

Көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі (BCW) мен көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысудың алдын алу жүйесі (BCA) автокөліктің қозғалыс жолағы бойындағы нысандардың бәрін анықтай алмайды.

Жүйені баптау және қосу

Жүйе баптаулары

- Оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда жүргізуші жүйені «User Settings [Баптаулар] → Driver Assistance [Жүргізушіге көмек] → Blind-Spot Safety [«Көзден таса аймақтарды» бақылау]» мезірінде қоса алады
 - BCA және BCW жүйелерін «Active assist [Белсенді көмек]» параметрін таңдап, іске қосуға болады. Жүргізушіге көрінбейтін аймаққа автокөлік жақындағанда, дыбыс сигналы беріледі немесе тежеу күші іске қосылады.
 - BCW жүйесі «Warning only [Тек ескерту]» параметрі таңдалғанда іске қосылады. Жүргізушіге көрінбейтін аймаққа автокөлік жақындағанда, дыбыс сигналы беріледі. Осы баптауды таңдағанда, тежеу кезіндегі көмек жүйесі іске қосылмайды.
 - «Off [Өшірулі]» параметрін таңдағанда, BCW жүйесі өшеді.

- Қозғалтқышты сөндіріп, қайта қосқаннан кейін жүйе алдыңғы күйіне оралады.
- Жүргізуші бастапқы ескертудің қосылу уақытын СК-дисплейдегі немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі пайдаланушы баптауларынан, яғни «User Settings [Баптаулар] → Driver Assistance [Жүргізушіге көмек] → Warning Timing [Ескертулер таймері]» тармағын таңдап, орната алады.
- Көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы бастапқы ескерту нұсқалары:
 - Normal [Қалыпты]:

Осы тармақты таңдағанда, көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы бастапқы ескерту әдеттегідей беріледі. Егер бұл параметр тым сезімтал болып көрінсе, онда «Later [Кештеу]» опциясын таңдаңыз.

Автокөліктің жанындағы немесе артындағы көлік құралы аса шапшаңдаса, ескерту уақыты баяу болып көрінуі мүмкін.
 - Later [Кештеу]:

Бұл параметрді жол қозғалысы қарқынды болмай, сіз төмен жылдамдықпен келе жатқанда таңдаңыз.

i Ақпарат

Ескерту уақытын өзгерткен кезде өзге жүйелердің ескерту уақыты да өзгеруі мүмкін. Ескерту уақытын саналы түрде реттеу керек.

- Жүргізуші көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескертудің дыбыс қаттылығын СК-дисплейдегі немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі пайдаланушы баптауларынан, яғни «User Settings [Баптаулар] → Driver assistance [Жүргізушіге көмек] → Warning volume [Ескерту дыбысының қаттылығы] → High/Medium/Low[Қатты/Орташа/Ақырын]» тармағын таңдап, орната алады.

i Ақпарат

Ескертудің дыбыс қаттылығын өзгерткен кезде басқа жүйелердің ескерту сигналының дыбыс қаттылығы да өзгеруі мүмкін. Бұны дыбыстық ескертулердің дыбыс қаттылығын өзгерткен кезде ескерген жөн.


Жұмыс жағдайлары

Жүйе «Active assist [Белсенді көмек]» немесе «Warning only [Тек ескерту]» опциясы таңдалып, мына шарттар орындалса ғана дайындық күйіне өтеді:

- «Active assist [Белсенді көмек]»
 - 1) Көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысудың алдын алу жүйесі келесі шарттар орындалғанда іске қосылады:
 - Көлік құралының жылдамдығы шамамен 60-180 км/сағ. (37-112 миль/сағ.) құрайды.
 - Жүйе екі қозғалыс жолағын да бақылайды.
 - Жақындаған көлік құралы көлігіңіздің жанынан немесе артынан анықталған.
 - 2) Көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысу туралы ескерту жүйесі келесі шарттар орындалғанда іске қосылады:
 - Көлік құралының жылдамдығы 30 км/сағ. (20 миль/сағ.) шамасынан жоғары.
- «Warning only [Тек ескерту]»
 - 1) Көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысу туралы ескерту жүйесі келесі шарттар орындалғанда іске қосылады:
 - Көлік құралының жылдамдығы 30 км/сағ. (20 миль/сағ.) шамасынан жоғары.
 - * Көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысудың алдын алу жүйесі қосылмаған.


Ескерту хабарламасы және жүйені басқару

Көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі (BCW)



Бірінші дәрежелі ескерту сигналы Жүйенің әрекет ету радиусында автокөлік анықталса, сыртқы артқы көрініс айнасында және алдыңғы әйнекте проекцияланатын дисплейде сигнал шамы (бар болса) жанады.

Егер анықталған көлік құралы бұдан былай көрінбейтін аймақта тіркелмесе, ескерту көлік құралы қозғалысының жол жағдайларына қарай өшеді.



[A] : Ескертуші дыбыс сигналы

Екінші дәрежелі ескерту сигналы Жүргізушінің дыбыстық ескертуі мына жағдайларда іске қосылады:

1. Радар жүйесі көрінбейтін аймақта көлік құралын анықтады.
2. Бұрылыс көрсеткіші қосылып тұр (көлік құралы анықталған жақтан).

Осы ескерту қосылғаннан кейін сыртқы айнада және алдыңғы әйнектің ақпарат проекцияланатын дисплейінде (бар болса) де сигнал шамы жыпылықтай бастайды. Оған қоса, дыбыс сигналы беріледі.

Бұрылыс көрсеткіш терін өшіргенде, екінші дәрежелі сигнал өшеді.

Егер анықталған көлік құралы бұдан былай көрінбейтін аймақта тіркелмесе, ескерту көлік құралы қозғалысының жол жағдайларына қарай өшеді.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Жүйе артқы жақта көлік құралын анықтағанда, сыртқы артқы көрініс айнасындағы бақылау шамы жанады.
- ЖКО алдын алу үшін бақылау шамына ғана назар аударып отырмай, айналадағы жағдайды да қадағалап отырыңыз.
- Автокөлік көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту (BCW) жүйесімен жабдықталған болса да, жүргізуші көлік жүргізуге жауапты түрде қарауы керек. Осы жүйелерге ғана сүйенуге болмайды, жолақты ауыстырмай тұрып немесе артқа жүрмей тұрып айналадағы жағдайды ылғи тексеріп отыру керек.
- Кейбір жағдайларда жүйе ескерту сигналын бермеуі мүмкін, сол себептен қозғалыс кезінде айналадағы жағдайды үнемі қадағалап отыру керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Жүргізуші артқы көрініс айнасындағы индикатордың жанып тұрған-тұрмағанына, сондай-ақ дыбыстық ескертуге қарамай, автокөлікті жүргізуге жауапкершілікпен қарауға міндетті.
- Автокөліктің дыбысы қатты шығатын аудиожүйесінің жұмысы көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысу туралы ескерту жүйесінің дыбысын басуы мүмкін.
- Көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысу туралы ескерту жүйесінің дыбысы басқа жүйенің ескерту дыбысымен бір уақытта берілген жағдайда естілмеуі мүмкін.

Көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысудың алдын алу жүйесі (BCA)

Автокөлігіңіздің жанындағы/артындағы нақты арақашықтықта жақындап келе жатқан автокөлік анықталған кезде көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысудың алдын алу жүйесі (BCA) тежеуді пайдалануы мүмкін. Ол ықтимал соқтығысу нүктесіне қарама-қарсы орналасқан доңғалақтағы тежеуді жайлап қосады. Аспаптар тақтасындағы индикатор жүргізушіні жүйенің қосылуы туралы хабарландырады.

Көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысудың алдын алу жүйесі (BCA) келесі жағдайларда автоматты түрде өшеді:

- Автокөлік белгілі бір арақашықтыққа алыстағанда
- Автокөлік векторы ықтимал соқтығысу векторымен салыстырғанда өзгергенде
- Руль кенеттен бұрылғанда
- Тежегіш педалі басылғанда
- Біраз уақыттан кейін

Жүйені дайындық күйінде ұстау үшін жүргізуші автокөлікті қозғалыс жолағының ортасымен жүргізіп отыруы тиіс.


Егер автокөлік қозғалыс жолағының бір жағына қатты жақындап кетсе, жүйе дұрыс істемеуі мүмкін.

Оған қоса, жүйе автокөлікті көлік жүргізу жағдайларына сәйкес дұрыс басқара алмауы мүмкін. Сол себептен жол жағдайларын әрдайым көз алмай қадағалап отыру керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Жүргізуші рульді тиісті басқаруға жауап береді.
- Көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысудың алдын алу жүйесі істеп тұрғанда, рульді қатты бұрмаңыз.
- Көлік жүргізу барысында әрдайым сақ болу керек. Көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысудың алдын алу жүйесі жолдағы жағдайларға байланысты жұмыс істемеуі не қатты істеп кетуі мүмкін.
- Көру аймағынан тыс соқтығысу ықтималдығы туралы ескерту жүйесі көлікті қауіпсіз жүргізу тәжірибесін алмастыра алмайды және тек қосымша функция болып табылады. Жүргізушінің бұлжымас міндеті күтпеген жағдайлардың алдын алу мақсатында сақтықпен қозғалу болып табылады. Жолдағы жағдайды үнемі қадағалап отыру керек.

Анықтау датчигі (Алдыңғы бейнекамера және Артқы бұрыштық радар)



Алдыңғы көрініс камерасы

Алдыңғы бейнекамера қозғалыс жолағындағы жағдайды қадағалайтын датчик болып табылады. Егер датчиктер қармен, жаңбырмен немесе бөгде заттармен ластанған болса, жүйе уақытша өшуі немесе датчиктердің анықтау мүмкіндігінің нашарлауы салдарынан өшкенше қате істеуі мүмкін. Датчик ылғи таза болуы тиіс.

* Алдыңғы камерамен байланысты ескертулерді көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесі (LKA) туралы бөлімнен қараңыз.

Артқы бүйірлік радар


Артқы бұрыштық радарлар – артқы бамперде орналасқан, автокөліктің жанындағы және артындағы аймақтарды бақылайтын датчиктер. Жүйе дұрыс істеуі үшін артқы бампер таза күйде болуы тиіс.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Артқы бампер зақымдалған, ауыстырылған не жөнделген жағдайда, жүйе қате істеуі мүмкін.
- Анықтау аймағы кейде жүргін бөлік еніне байланысты болуы мүмкін. Тар жолда жүйе іргелес жолақтағы көлік құралдарын тіркеуі мүмкін. Басқа жағынан, егер жол кең болса, жүйе екі жолақтағы автокөліктерді анықтай алмай, ескерту істемей қалуы мүмкін.
- Жүйе қатты электрмагниттік толқындар әсерінен өшуі мүмкін.
- Датчик ылғи таза болуы тиіс.
- Датчикті **ЕШҚАШАН** бөлшектемеңіз және соққыға ұшыратпаңыз.

- Радар датчигіне не датчик қақпағына артық күш салмаңыз. Егер датчикті дұрыс туралау қалпынан әдейі жылжитса, жүйе дұрыс істемеуі мүмкін. Бұл жағдайда ескерту хабарламасы көрсетілмеуі мүмкін. Автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.
- Бамперге арналған жапсырмалар сияқты бөгде заттарды немесе бампер бағыттауышын радиолокациялық датчикке жақын орналастырмаңыз және датчик орнатылатын орынды боямаңыз. Бұл датчиктің сезімталдығына жағымсыз әсер етуі мүмкін.
- Алдыңғы әйнекке **ЕШҚАШАН** қандай да бір қосалқы керек-жарақтарды немесе жапсырмаларды орналастырмаңыз және оны күңгірттемеңіз.
- Алдыңғы бейнекамераны судың тиюінен қорғауға ерекше назар аударыңыз.
- Аспаптар тақтасына **ЕШҚАШАН** қандай да бір шағылыстыратын заттарды (мысалы, ақ қағаз, айна) қоймаңыз. Кез келген сәуле шағылысы жүйе ақаулығына әкелуі мүмкін.

Бақылау шамы және хабарлама



Blind-Spot Collision Warning (BCW) system disabled. Radar blocked [сенсор блокталғандықтан BCW («көзден таса аймақтағы» соқтығысу) жүйесі өшіп тұр]

Бұл ескерту хабарламасы келесі жағдайларда көрсетіледі:

- Артқы бампердегі датчиктің біреуі не екеуі балшықпен, қармен не бөгде затпен блокталғанда.
- Датчик ұзақ уақыт бойы басқа көлік құралдарын анықтамайтын ауылдық жерде қозғалғанда.
- Нөсер жауын не қар сияқты қолайсыз ауа райында.

Осы жағдайлардың кез келгені орын алғанда, жүйе автоматты түрде өшеді.

Аспаптар тақтасында BCW өшуі туралы ескерту хабарламасы көрсетілсе, артқы бампердегі датчиктер орналасқан жерде балшық пен қардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Радар датчиктерінің қалыпты жұмысына бөгет жасайтын балшық, қар және өзге заттарды алып тастау керек.

Ластайтын затты алып тастаған соң BCA жүйесі қозғалыс басталғаннан кейін шамамен 10 минуттан соң тиісті түрде істей бастайды.


Егер жүйе тиісті түрде істемесе, жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне жолығыңыз.

i Ақпарат

Тіркеме немесе велосипедтерді тасымалдауға арналған бекіткіш қолданылған жағдайда, BCW, BCA және RCCA (бар болса) жүйелерін өшіріңіз.


- RCCA жүйесін өшіру үшін мына таңдаудан бас тартыңыз:

«User Settings [Баптаулар] → Driver Assistance [Жүргізушіге көмек] → Parking Safety [Қауіпсіз тұраққа қою] → Rear Cross-Traffic Safety [Арттағы қиылысқан қозғалыс кезіндегі қауіпсіздік]» (бар болса)



Check Blind-Spot Collision Warning (BCW) system [Көзден таса аймақт. соқтығысу тур. ескерту жүйесін тексеріңіз]

BCA жүйесі ақаулы болса, ескерту хабарламасы көрсетіледі. Жүйе автоматты түрде өшеді. BCW жүйесі ақаулық салдарынан өшетін болса, BCA жүйесі жұмыс істемейді. Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.



Check Blind-Spot Collision-Avoidance Assist (BCA) system [BCA «көзден таса аймақта» соқтығысу) жүйесін тексеру]

BCA жүйесінің ақаулығы анықталғанда, ескерту хабарламасы көрсетіледі. Жүйе автоматты түрде өшеді. BCA жүйесі ақаулық салдарынан өшетін болса, BCW жүйесі жұмыс істемейді. BCA жүйесін пайдалану үшін көлік құралын тексеру мақсатында HYUNDAI ресми дилеріне жолыққан жөн.

Жүйе шектеулері

Жүргізуші төменде берілген жағдайларда сақтық танытуы тиіс, себебі нақты жағдайларда жүйе көлік құралдарын немесе өзге нысандарды тіркемеуі мүмкін.

- Жүйе қозғалтқышты оталдырғаннан немесе алдыңғы бейнекамера жүйесін қосқаннан не қайта жүктегеннен кейін шамамен 15 секунд бойы жұмыс істемейді.
- Тіркеменің немесе аспалы ұстағыштың бар болуы.
- Қолайсыз ауа райында (мысалы, нөсер жауын немесе қар түскенде) жол жүру.
- Датчиктердің жаңбыр суымен, қармен, балшықпен және т.с.с. ластануы.
- Артқы бампердегі датчиктер орнатылған жердің жапсырма, бампер қорғанысы, велосипедтер бекіткіші және т.с.с. бөгде заттармен жабылуы.
- Артқы бампердің зақымдалуы немесе датчиктің бастапқы қалпынан жылжып кетуі.
- Жүксалғышқа көп жүк тиелгендіктен, шиналардағы қысымның және т.с.с. сәйкес келмеуінен көлік құралы биіктігінің өзгеруі.
- Артқы бампер аймағындағы жоғары температура.
- Датчиктердің басқа көлік құралдарымен, автотұрақтағы қабырғалармен не бағандармен блокталуы.
- Автокөліктің ауытқып қозғалуы.

- Автокөліктің жол бажын жинау бекетінен өтуі.
- Жол жабыны (немесе шеткі жер) құрамындағы металл компоненттер мөлшерінің нормадан ауытқуы (бәлкім, автожол құрылысының салдарынан).
- Көлік құралының жанында, мысалы, қоршау сияқты қозғалмайтын нысан бар.
- Жолақ биіктігі өзгерген кездегі шұғыл еңіс не өр.
- Ағаштар мен шөп басқан тар жолмен қозғалу.
- Датчик ұзақ уақыт бойы басқа көлік құралдарын немесе ғимараттарды анықтамайтын ауылдық жерде жүру.
- Су жолмен жүру.
- Екі жағында қоршаулар не ғимараттар бар жолмен жүру.
- Автобус немесе жүк көлігі сияқты үлкен көлік құралының жанында болу.
- Басқа көлік құралының тым жақын орналасуы.
- Басқа көлік құралының тым жоғары жылдамдықпен озуы.
- Басқа жолаққа ауысу.
- Іргелес көлік құралымен бір уақытта қозғалып, жылдамдықты үдете бастау.
- Көлік құралының іргелес жолақтан екі жолаққа шетке ауысуы **НЕМЕСЕ** шеттегі екі жолақтағы көлік құралының іргелес жолаққа ауысуы.
- Жанында мотоциклдің не велосипедтің болуы.
- Жанында тіркеме-платформаның болуы.
- Анықтау аймағында дүкен арбасы немесе бесік арба сияқты шағын нысандар болған жағдайда.
- Спорттық көлік сияқты аласа көлік құралының болуы.
- Тежегіш педалі басылған.
- ESC (тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесі) белсенді күйге келтірілген.
- ESC (тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесі) ақаулы.
- Шиналардағы қысым төмен немесе шина зақымдалған.
- Тежегіш жөнделген.
- Автокөлік қозғалыс бағытын кенеттен өзгертті.
- Автокөлік қозғалыс жолағын кенеттен өзгертті.
- Автокөлік кенеттен тоқтады.
- Сыртқы ауа температурасының аса төмен болуы.
- Автокөлік соқпалы/ойлы-қырлы жолда не жол «жамауларында» қатты дірілдейді.
- Автокөлік қар, шалшық немесе мұз сияқты тайғанақ бетпен қозғалады.

- Көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесі (LKA) тиісті түрде жұмыс істемейді. (бар болса)

Толығырақ ақпаратты осы тараудың «Көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесі (LKA)» бөлімінен қараңыз.



- Иілген траекториямен қозғалу BCW және BSA жүйелері бұрылыста дұрыс істемеуі мүмкін. Кейбір жағдайларда жүйе келесі қозғалыс жолағындағы автокөлікті анықтай алмауы мүмкін. Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.




- BCW және BSA жүйелері бұрылыста дұрыс істемеуі мүмкін. Кейбір жағдайларда жүйе сол қозғалыс жолағындағы автокөлікті айырып танымауы мүмкін. Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.



- Жолдар бірігетін/бөлінетін жерде жүру

BCW және BSA жүйелері жолдар бірігетін/бөлінетін жерде дұрыс істемеуі мүмкін. Кейбір жағдайларда жүйе келесі қозғалыс жолағындағы автокөлікті анықтай алмауы мүмкін.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.




- Еңісте қозғалу

BCW және BSA жүйелері еңісте дұрыс істемеуі мүмкін. Кейбір жағдайларда жүйе келесі қозғалыс жолағындағы автокөлікті анықтай алмауы мүмкін.

Оған қоса, кейбір жағдайларда жүйе жерді не ғимаратты қате айырып тануы мүмкін.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.




- Биіктігі әр түрлі қозғалыс жолақтарында қозғалу

BCW және BSA жүйелері қозғалыс жолақтары түрлі биіктікте болатын жерде дұрыс істемеуі мүмкін.

Кейбір жағдайларда жүйе қозғалыс жолақтары түрлі биіктікте (төменгі қиылысқа апаратын тармақ, деңгей бойынша бөлінген қиылыстар) болатын жолдағы автокөлікті анықтамауы мүмкін.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.



[A]: шудан қорғайтын экран, [B]: қоршау

- Ғимарат қасындағы жолмен жүру BCW және BSA жүйелері жанында ғимараты бар жолмен жүргенде дұрыс істемеуі мүмкін.


Кейбір жағдайларда жүйе жолға жақын тұрған ғимараттарды (шудан қорғайтын бөгеттер, қоршаулар, қосарлы қоршаулар, бөлгіш жолақтар, бағаналар, көше шамдары, жол белгілері, туннель қабырғалары және т.б.) дұрыс ажыратпауы мүмкін.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.

СӘЙКЕСТІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ (БАР БОЛСА)

Радиожиліктік компоненттер (артқы бұрыштық радар) мыналар үшін сәйкес келеді:

■ Тайвань үшін



ODN8069120L

電信法第 48 條。低功率電波輻射性電機管理辦法

第十二條

經型式認證合格之低功率射頻電機，非經許可，公司、商號或使用者均不得擅自變更頻率、加大功率或變更原設計之特性及功能。

第十四條

低功率射頻電機之使用不得影響飛航安全及干擾合法通信；經發現有干擾現象時，應立即停用，並改善至無干擾時方得繼續使用。前項合法通信，指依電信法規定作業之無線電通信。低功率射頻電機須忍受合法通信或工業、科學及醫療用電波輻射性電機設備之干擾。

Article 12


Without permission, any company, firm or user shall not alter the frequency, increase the power, or change the characteristics and functions of the original design of the certified lower power frequency electric machinery.

Article 14

The application of low power frequency electric machineries shall not affect the navigation safety nor interfere a legal communication, if an interference is found, the service will be suspended until improvement is made and the interference no longer exist.

0ANATEL005

■ Малайзия үшін



MCMC

SQASI/TA/16/3964

ODN8069117L

■ Монғолия үшін



APPROVED
IN MONGOLIA
ID: A17000177

ODN8069118L

■ Филиппин үшін



Type Approved
No.: ESD-1714098C

ODN8069115L

■ Сингапур үшін




■ Вьетнам үшін



■ Бразилия үшін



■ Мексика үшін



■ Парагвай үшін



■ Молдова үшін



■ Украина үшін



■ Ўзбекистон үшін



■ Алжир үшін

Agréé par l'ARPT:
<1248/1-LG409/DTDG/ARPT/18>

ODN8069124L

■ Иордания үшін

TRC No. TRC/LPD/2015/365

ODN8069122L

■ Мозамбик үшін

Approval No : N 2/R/SRS/2018
Valeo MBHL 2 Radar

ODN8069126L

■ Оман үшін



ODN8069106L

■ Замбия үшін



OHCR079073L

■ БАӘ үшін



ODN8069110L

■ Аргентина үшін



ODN8069113L

CNC ID : C-202016

ODN8069123L

■ Ямайка үшін


This product contains a Type Approved
Module by Jamaica: SMA – "MBHL2"

OANATEL051

АРТТАҒЫ ҚИЫЛЫСҚАН БАҒЫТТА ҚОЗҒАЛУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ ЖҮЙЕСІ (RCCW) / АРТТАҒЫ ҚИЫЛЫСҚАН БАҒЫТТА СОҚТЫҒЫСУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖҮЙЕСІ (RCCA) (БАР БОЛСА)

Жүйе сипаттамасы

Арттағы қиылысқан бағытта қозғалу туралы ескерту жүйесі (RCCW)



Арттағы қиылысқан бағытта қозғалу туралы ескерту жүйесі (RCCW) артқы жүріспен қозғалған кезде сол және оң жақтан жақындаған көлік құралдарын бақылау үшін артқы бұрыштық радар датчиктерін қолданады.

Көрінбейтін аймақтағы анықтау қашықтығы жақындап келе жатқан көлік құралының жылдамдығына байланысты.

Арттағы қиылысқан бағытта соқтығысудың алдын алу жүйесі (RCCA)

Арттағы қиылысқан бағытта соқтығысудың алдын алу жүйесі (RCCA) артқы жүріспен қозғалған кезде сол және оң жақтан жақындаған көлік құралдарын бақылайды.

Арттағы қиылысқан бағытта соқтығысудың алдын алу жүйесі (RCCA) жақындап келе жатқан автокөлікпен соқтығысу ықтималдығына байланысты тұрақтылықты басқарудың электронды жүйесін (ESC) іске қосуы мүмкін. Бұл соқтығысу қаупін немесе соқтығысу кезіндегі зақымдарды азайтады.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Қозғалыс барысында арттағы қиылысатын бағытта қозғалу туралы ескерту жүйесі және арттағы қиылысатын бағытта соқтығысудың алдын алу жүйесі істесе де, жолдағы жағдайды үнемі қадағалап отырып, күтпеген жағдайларға дайын болу керек.
- Арттағы қиылысқан бағытта қозғалу туралы ескерту жүйесі және арттағы қиылысқан бағытта соқтығысудың алдын алу жүйесі қосалқы жүйелер болып табылады. Жүйеге толығымен сүйенуге болмайды. Қауіпсіздік мақсатында қозғалыс барысында қырағылық танытқан жөн.
- Арттағы қиылысқан бағытта қозғалу туралы ескерту жүйесі және арттағы қиылысқан бағытта соқтығысудың алдын алу жүйесі көлікті қауіпсіз жүргізу тәжірибесін алмастыра алмайды. Артқы жүріспен қозғалған кезде сақтық танытып, көлік құралын қауіпсіз жүргізу керек.

Жүйені баптау және қосу

Жүйе баптаулары

- Қозғалтқыш оталып тұрғанда, жүргізуші жүйені «User Settings [Баптаулар] → Driver Assistance [Жүргізушіге көмек] → Parking Safety [Қауіпсіз тұраққа қою] → Rear Cross-Traffic Safety [Арттағы қиылысқан қозғалыс кезіндегі қауіпсіздік]» (бар болса) мәзірінен қоса алады. RCCA және RCCW жүйелері «Rear Cross-Traffic Safety [Арттағы қиылысқан қозғалыс кезіндегі қауіпсіздік]» параметрін таңдағанда қосылады.
- Қозғалтқышты тоқтатып, қайта қосқаннан кейін жүйелер жұмыс күйіне оралады.
- Қозғалтқыш алғаш рет қосылып, кейін тоқтап, қайта қосылғанда, сыртқы артқы көрініс айнасында 3 секунд бойы жанып тұратын жарық индикациясы жанады.

Жүргізуші бастапқы ескертудің қосылу уақытын СК-дисплейдегі немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі пайдаланушы баптауларынан, яғни «User Settings [Орнатулар] → Driver Assistance [Жүргізушіге көмек] → Warning Timing [Ескертулер таймері]» тармағын таңдап орната алады.

Арттағы қиылысқан бағытта қозғалу туралы ескерту жүйесінің опциялары мыналар:

- Normal [Қалыпты]:

Бұл тармақты таңдағанда, көзден таса аймақтағы нысанмен соқтығысу ықтималдығы туралы бастапқы ескерту әдеттегідей беріледі. Егер бұл параметр тым сезімтал болып көрінсе, онда «Later [Кештеу]» параметрін таңдаңыз.

Автокөліктің жанындағы немесе артындағы көлік құралы аса шапшаңдаса, ескерту уақыты баяу болып көрінуі мүмкін.

- Later [Кештеу]:

Бұл параметр жол қозғалысы қарқынды болмай, сіз төмен жылдамдықпен келе жатқанда таңдалады.

Ақпарат

Ескерту уақытын өзгерткен кезде өзге жүйелердің ескерту уақыты да өзгеруі мүмкін. Ескерту уақытын саналы түрде реттеу керек.

Соқтығысу ықтималдығы туралы ескертуді баптау үшін «User Settings [Баптаулар] → Driver assistance [Жүргізушіге көмек] → Warning volume [Ескерту дыбысының қаттылығы] → High/Medium/Low [Қатты/Орташа/Ақырын]» тармағын таңдаңыз.

Ақпарат

Дыбыстық ескертулердің дыбыс қаттылығын өзгерткен кезде басқа жүйелердің ескерту сигналының дыбыс қаттылығы да өзгеруі мүмкін. Бұны дыбыстық ескертулердің дыбыс қаттылығын өзгерткен кезде ескерген жөн.

Жұмыс жағдайлары

Қосылуы:

СК-дисплейдегі немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі «User Settings [Баптаулар] → Driver Assistance [Жүргізушіге көмек] → Parking Safety [Қауіпсіз тұраққа қою] → Rear Cross-Traffic Safety [Арттағы қиылысқан қозғалыс кезіндегі қауіпсіздік]» опциясына өтіңіз. Жүйе қосылып, белсенді күйге келудің күту режиміне ауысады.

Жүйе селектор «R» (артқа жүру) қалпына орнатылғанда, автокөлік 10 км/сағ. (7 миль/сағ.) шамасынан төмен жылдамдықпен артқа қарай жүрген кезде қосылады.

* Жүйе автокөлік жылдамдығы 10 км/сағ. (7 миль/сағ.) шамасынан асатын жағдайда істемейді. Жүйе жылдамдық 8 км/сағ. (5 миль/сағ.) шамасынан төмен түскенде, қайта жұмыс істейді.

Жүйенің анықтау қашықтығы шамамен 0,5 м~20 м (1~65 фут) құрайды. Көлік құралы оның қозғалыс жылдамдығы 8-36 км/сағ. (5-22,5 миль/сағ.) болғанда ғана анықталады.

Нақты жағдайларда анықтау ауқымы мен жұмыс жылдамдығы әр түрлі болатынын ескерген жөн. Сондықтан артқа жүргенде сақтық танытып, зейінді болу керек.

Ескерту хабарламасы және жүйені басқару

Арттағы қиылысқан бағытта қозғалу туралы ескерту жүйесі (RCCW)



■ Сол жақтан



■ Оң жақтан




Егер радар датчиктері анықтаған өзге көлік құралы артқы сол/оң жақтан жақындаса, дыбыс сигналы беріледі, сыртқы артқы көрініс айнасындағы индикатор жыпылықтай бастайды, ал СК-дисплейде немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейінде хабарлама көрсетіледі. Егер артқы монитор жүйесі қосылып тұрса, ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында да хабарлама көрсетіледі.

Ескерту келесі шарттарды орындаған жағдайда өшеді:

- Анықталған көлік құралы анықтау аймағынан шығады немесе
- көлік құралы дәл көлік құралының артында болады немесе
- көлік құралы көлік құралына жақындамайды немесе
- басқа көлік құралы жылдамдығын төмендетеді.
- Жақындап келе жатқан автокөліктің жылдамдығы төмендеді.

Арттағы қиылысқан бағытта соқтығысудың алдын алу жүйесі (RCCA)



RCCW істеп тұрғанда соқтығысу қаупі анықталған жағдайда, тежеу жүйесі қосылады. Аспаптар тақтасындағы индикатор жүргізушіні тежеу жүйесінің басқарылуы туралы хабарландырады. Егер артқы монитор жүйесі қосылып тұрса, ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында да хабарлама көрсетіледі.

Тежегіш іске қосылған соң жүргізуші тежегіш педалін дереу басып, автокөлік айналасындағы жағдайды тексеруі тиіс.

- Жүйе тежегіштерді шамамен 2 секундқа іске қосады.

Жүргізуші абай болуы керек, себебі осы уақыт аяқталған соң тежегіштер жіберіледі.

- Жүргізуші тежегіш педалін күш салып басқанда, жүйе жұмысы тоқтатылады.

- Селекторды R «(артқа жүру)» қалпына ауыстырған соң, тежегішті басқару оң және сол жақ үшін бір реттен орындалады.

ESC (тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесі) күйіне байланысты тежеу жүйесін басқару дұрыс орындалмауы мүмкін. Бұл жағдайда аспаптар тақтасында ұқсас хабарлама көрсетіледі.

- ESC (тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесінің) бақылау шамы жанады.
- ESC (тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесін) басқа функция пайдаланғанда.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Арттағы қиылысқан бағытта қозғалу туралы ескерту жүйесінің іске қосылу шарттары орындалғанда, автокөлікке бөгеттің артынан/жанынан жақындаған сайын (көлік құралының жылдамдығы 0 км/сағ.) ескерту беріледі.
- Автокөліктің сол/оң жағында жүйе жұмысына кедергі келтіретін бөгет бар болған жағдайда, жүйе ескертуі мен тежеу іске қосылмауы мүмкін.
- Жүргізуші артқы көрініс айнасындағы индикатордың жанып тұрған-тұрмағанына, сондай-ақ дыбыстық ескертуге қарамай, автокөлікті жүргізуге жауапкершілікпен қарауы тиіс.
- Дыбыс қаттылығы жоғары автокөлік аудиожүйесінің жұмысы жүйе ескертуінің дыбысын басуы мүмкін.

- Арттағы қиылысқан бағытта қозғалу туралы ескерту жүйесінің дыбысы басқа жүйенің ескерту дыбысымен бір уақытта берілген жағдайда естілмеуі мүмкін.
- Егер қауіпсіздік белбеуінің тағылмағандығы туралы ескертуші дыбыс сигналы сияқты қандай да бір басқа ескертуші дыбыс сигналы берілсе, арттағы қиылысқан бағытта қозғалу туралы ескерту жүйесінің дыбыс сигналы естілмеуі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Автокөлік арттағы қиылысқан бағытта қозғалу туралы ескерту жүйесімен және арттағы қиылысқан бағытта соқтығысудың алдын алу жүйесімен жабдықталған болса да, жүргізуші көлік жүргізуге бар жауапкершілікпен қарауы тиіс. Осы жүйелерге ғана сүйеніп отыруға болмайды, артқа жүруді бастамай тұрып әрдайым айналадағы жағдайды тексеріп отыру керек.
- Жүргізуші автокөлікті басқаруға жауапты болады.
- Жүргізу барысында әрдайым сақ болу керек. Арттағы қиылысқан бағытта қозғалу туралы ескерту жүйесі дұрыс істемеуі немесе жолдағы жағдайларға байланысты тым қатты істеп кетуі мүмкін.
- Арттағы қиылысқан бағытта соқтығысудың алдын алу жүйесі көлікті қауіпсіз жүргізу тәжірибесін алмастыра алмайды және тек қосымша функция болып табылады. Жүргізушінің бұлжымас міндеті күтпеген жағдайлардың алдын алу мақсатында сақтықпен қозғалу болып табылады. Жолдағы жағдайды үнемі қадағалап отыру керек.

Анықтау датчигі




Артқы бұрыштық радарлар – артқы бамперде орналасқан, автокөліктің жанындағы және артындағы аймақтарды бақылайтын датчиктер. Жүйе дұрыс істеуі үшін артқы бампер таза күйде болуы тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Артқы бампер зақымдалған, ауыстырылған не жөнделген жағдайда, жүйе қате істеуі мүмкін.
- Жүйе қатты электрмагниттік толқындар әсерінен өшуі мүмкін.
- Датчик ылғи таза болуы тиіс.
- Датчикті **ЕШҚАШАН** бөлшектемеңіз және соққыға ұшыратпаңыз.

- Радар датчигіне не датчик қақпағына артық күш салмаңыз. Егер датчикті дұрыс туралау қалпынан әдейі жылжитса, жүйе дұрыс істемеуі мүмкін. Бұл жағдайда ескерту хабарламасы көрсетілмеуі мүмкін. Автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.
- Бамперге арналған жапсырмалар сияқты бөгде заттарды немесе бампер бағыттауышын радиолокациялық датчикке жақын орналастырмаңыз және датчик орнатылатын орынды боямаңыз. Бұл датчиктің сезімталдығына жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Бақылау шамы және хабарлама



Blind-Spot Collision Warning (BCW) system disabled. Radar Blocked [сенсор блокталғандықтан BCW («көзден таса аймақтағы» соқтығысу) жүйесі өшіп тұр]

Бұл ескерту хабарламасы келесі жағдайларда көрсетіледі:

- Артқы бампердегі датчиктің біреуі не екеуі балшықпен, қармен не бөгде затпен блокталғанда.
- Датчик ұзақ уақыт бойы басқа көлік құралдарын анықтамайтын ауылдық жерде қозғалғанда.
- Нөсер жауын не қар сияқты қолайсыз ауа райында.

Осы жағдайлардың кез келгені орын алғанда, жүйе автоматты түрде өшеді.

Аспаптар тақтасында BCW өшуі туралы ескерту хабарламасы көрсетілсе, артқы бампердегі датчиктер орналасқан жерде балшық пен қардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Датчиктердің қалыпты жұмысына бөгет жасайтын балшықты, қарды және өзге заттарды алып тастау керек.


Ластайтын затты алып тастаған соң жүйе қозғалыс басталғаннан кейін шамамен 10 минуттан соң тиісті түрде істей бастайды.

Егер жүйе тиісті түрде істемесе, жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне жолығыңыз.

i Ақпарат

Егер тіркеме немесе велосипедтерді тасымалдауға арналған бекітпе қолданылса, BCW, BSA және RCCA жүйелерін өшіріп қойған жөн.

- BCW және BSA жүйелерін өшіру үшін «User Settings [Баптаулар] → Driver Assistance [Жүргізушіге көмек] → Blind-Spot Safety [«Көзден таса аймақтарды» бақылау] → Off [Өшірулі]» тармағын тандаңыз.
- RCCA жүйесін өшіру үшін «User Settings [Баптаулар] → Driver Assistance [Жүргізушіге көмек] → Parking Safety [Қауіпсіз тұраққа қою] → Rear Cross-Traffic Safety [Арттағы қиылысқан қозғалыс кезіндегі қауіпсіздік]» тандаудан бас тарғыңыз.



Check Blind-Spot Collision Warning (BCW) system [Көзден таса аймақт. соқтығысу тур. ескерту жүйесін тексеріңіз]


BCA жүйесі ақаулы болса, ескерту хабарламасы көрсетіледі. Жүйе автоматты түрде өшеді. BCW жүйесі ақаулық салдарынан өссе, RCCW және RCCA жүйелері жұмыс істемейді. Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Жүйе шектеулері

Жүргізуші төменде берілген жағдайларда сақтық танытуы тиіс, себебі нақты жағдайларда жүйе көлік құралдарын немесе өзге нысандарды тіркемеуі мүмкін.

- Тіркеменің немесе аспалы ұстағыштың бар болуы.
- Қолайсыз ауа райында (мысалы, нөсер жауын немесе қар түскенде) жол жүру.
- Радар датчигінің жаңбыр суымен, қармен, балшықпен және т.с.с. ластануы.
- Артқы бампердегі радар датчиктері орнатылған жердің жапсырма, бампер қорғанысы, велосипедтер бекіткіші және т.с.с. бөгде заттармен жабылуы.
- Артқы бампердің зақымдалуы немесе датчиктің бастапқы қалпынан жылжып кетуі.
- Жүксалғышқа көп жүк тиелгендіктен, шиналардағы қысымның және т.с.с. сәйкес келмеуінен көлік құралы биіктігінің өзгеруі.
- Артқы бампер аймағындағы жоғары температура.
- Датчиктердің басқа көлік құралдарымен, автотұрақтағы қабырғалармен не бағандармен блокталуы.
- Автокөліктің ауытқып қозғалуы.
- Жол жабыны (немесе шеткі жер) құрамындағы металл компоненттер мөлшерінің нормадан ауытқуы (бәлкім, автожол құрылысының салдарынан).
- Көлік құралының жанында қоршау сияқты қозғалмайтын нысан бар.
- Жолақ биіктігі өзгерген кездегі шұғыл еңіс не өр.
- Ағаштар мен шөп басқан тар жолмен қозғалу.
- Датчик ұзақ уақыт бойы басқа көлік құралдарын анықтамайтын ауылдық жерде қозғалғанда.
- Су жолмен жүру.
- Екі жағында қоршаулар не ғимараттар бар жолмен жүру.
- Автобус немесе жүк көлігі сияқты үлкен көлік құралының жанында болу.
- Басқа көлік құралының тым жақын орналасуы.
- Басқа көлік құралының тым жоғары жылдамдықпен озуы.
- Басқа жолаққа ауысуы.
- Іргелес көлік құралымен бір уақытта қозғалып, жылдамдықты үдете бастау.
- Көлік құралының іргелес жолақтан екі жолаққа шетке ауысуы НЕМЕСЕ шеттегі екі жолақтағы көлік құралының іргелес жолаққа ауысуы.
- Жанында мотоциклдің не велосипедтің болуы.
- Жанында тіркеме-платформаның болуы.
- Анықтау аймағында дүкен арбасы немесе бесік арба сияқты шағын нысандар болған жағдайда.

- Спорттық көлік сияқты аласа көлік құралының болуы.
- Тежегіш педалі басылған.
- ESC (тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесі) белсенді күйге келтірілген.
- ESC (тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесі) ақаулы.
- Шиналардағы қысым төмен немесе шина зақымдалған.
- Тежегіш жөңделген.
- Автокөлік кенеттен тоқтады.
- Сыртқы ауа температурасының аса төмен болуы.
- Автокөлік соқпалы/ойлы-қырлы жолда не жол «жамауларында» қатты дірілдейді.
- Автокөлік қар, шалшық немесе мұз сияқты тайғанақ бетпен қозғалады.
- Егер қиғашынан тұраққа қойылғаннан кейін автокөлік артқа жүріп келе жатса.




[A] : Ғимарат

- Автокөлік немесе ғимарат жанындағы қозғалыс Жүйе автокөлік не ғимарат жанында қозғалған кезде дұрыс істемеуі мүмкін.

Кейбір жағдайларда жүйе артынан жақындап келе жатқан автокөлікті анықтай алмай, ескерту мен тежеу күші тиісті түрде іске қосылмауы мүмкін.

Автокөлікті жүргізгенде, айналадағы жағдайды әрдайым қадағалап отырыңыз.




- Автокөлікті күрделі жағдайларда тұраққа қойғанда

Автокөлік күрделі жағдайларда тұраққа қойылған жағдайда, жүйе дұрыс істемеуі мүмкін.

Кейбір жағдайларда жүйе көлік құралыңыздың жанында тұраққа қойылған немесе тұрақ орнынан шығатын көлік құралдарымен соқтығысу қаупін дәл анықтай алмауы мүмкін (мысалы, көлік құралыңыздың қасынан шығып жатқан көлік құралы, көлігіңіздің артынан тұраққа қойылған немесе тұрақ орнынан шығатын көлік құралы, автокөлігіңізге бұрылып жатқан көлік құралының жақындауы және т.б.).

Бұл жағдайда ескерту мен тежеу дұрыс істемеуі мүмкін.




[A] : Автокөлік

- Автокөлік қиғашынан тұраққа қойылған

Автокөлік қиғашынан тұраққа қойылғанда, жүйе дұрыс істемеуі мүмкін.

Кейбір жағдайларда, мысалы, егер қиғашынан тұраққа қойылған автокөлік тұрақ орнынан шығып жатқанда, жүйе автокөлігіңіздің артқы сол/оң жағынан жақындап келе жатқан автокөлікті анықтамауы мүмкін. Бұл жағдайда ескерту мен тежеу дұрыс істемеуі мүмкін.

Автокөлікті жүргізгенде, айналадағы жағдайды әрдайым қадағалап отырыңыз.




- Автокөлік еңіс үстінде немесе оның қасында тұр

Автокөлік еңіс үстінде немесе оның қасында тұрса, жүйе дұрыс істемеуі мүмкін.

Кейбір жағдайларда жүйе артқы сол/оң жақтан жақындап келе жатқан автокөлікті анықтай алмай, ескерту мен тежеу күші тиісті түрде іске қосылмауы мүмкін.

Автокөлікті жүргізгенде, айналадағы жағдайды әрдайым қадағалап отырыңыз.




[A] : Ғимарат, [B] : Қабырға

- Ғимараттың жанындағы тұраққа қою

Автокөлік жанында ғимарат тұрған жерге (автокөліктің артында/жанында) тұраққа қойылса, жүйе дұрыс істемеуі мүмкін.

Тұраққа қойған кезде кейбір жағдайларда жүйе автокөлігіңіздің алдындағы автокөлікті ажыратпауы мүмкін. Бұл жағдайда ескерту мен тежеу дұрыс істемеуі мүмкін.

Тұраққа қойғанда аса сақ болыңыз.



- Автокөлік артымен тұраққа қойылған

Автокөлік артымен тұраққа қойылып, радар датчигі тұрақ орнының артқы бөлігінде басқа автокөлікті анықтаса, жүйе ескерту беріп, тежеу жүйесін іске қосуы мүмкін. Тұраққа қойғанда аса сақ болыңыз.

КӨЛІК ҚҰРАЛЫН ҚОЗҒАЛЫС ЖОЛАҒЫНЫҢ ШЕГІНДЕ ҰСТАП ТҰРУҒА КӨМЕКТЕСУ ЖҮЙЕСІ (LKA) (БАР БОЛСА)



Алдыңғы әйнекте камерасы бар көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесі (LKA) жол сызықтары мен жол жабынының шеттерін тіркейді және жүргізушіге көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұру үшін рульді басқаруға көмектеседі.

Егер жүйе автокөліктің өз қозғалыс жолағынан (не жолдан) ауытқып жатқанын анықтаса, ол жүргізушіге визуалды және дыбыстық сигналмен ескерту жасап, оған қоса, автокөліктің өз жолағының шегінен (не жолдан) шығып кетпеуі үшін рульді сәл кері бағытта бұрайды.

АБАЙЛАҢЫЗ

Көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесі (LKA) автокөлікті қауіпсіз басқару тәжірибесін алмастырмайды және тек қосалқы функция болып табылады. Жүргізуші айналадағы жағдайды әрдайым қадағалап, автокөлікті жүргізуге міндетті.

АБАЙЛАҢЫЗ

Көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесін (LKA) қолданғанда, келесі сақтық шараларын ұстану керек:

- Жүйе рульді басқаруға көмектескенде, рульдің кенет бұрылуына жол бермеңіз.
- LKA жүйесі рульді басқару арқылы көліктің қозғалыс жолағының (не жолдың) шегінен абайсызда шығып кетуіне жол бермейді. Алайда жүргізуші тек жүйеге сүйенбей, өз қатарының шегінде қозғалу үшін рульді қолдануға міндетті.


- LKA жүйесінің жұмысы жолдағы жағдайларға және автокөліктің айналасындағы жағдайға байланысты тоқтатылуы немесе қате болуы мүмкін. Автокөлікті жүргізген кезде әрқашан қырағылық танытқан жөн.
- Терезені күңгірттеу немесе түрлі жабынды не қосалқы керек-жарақтарды орнату мақсатында алдыңғы бейнекамераны уақытша бөлшектемеңіз. Егер камераны бөлшектеп, қайта құрастырсаңыз, жүйенің калибрленуін HYUNDAI ресми дилерінде тексерткен жөн.
- Алдыңғы әйнекті, алдыңғы бейнекамераны немесе рульмен байланысқан бөлшектерді ауыстырған кезде жүйе калибрленуін HYUNDAI ресми дилерінде тексертіп алған жөн.
- Алдыңғы бейнекамера арқылы жүйе белгіленген сызықтарды анықтап, рульді басқарады, сондықтан егер белгіленген сызықтарды тану қиынға соқса, жүйе жұмысы бұзылуы мүмкін. «Жүйе шектеулері» бөлімін қараңыз.
- LKA жүйесімен байланысқан бөлшектерді шешіп алмаңыз және зақымдамаңыз.
- Аудиожүйе дыбысының тым қатты болуынан LKA жүйесінің ескертуші дыбыс сигналын естімей қалуыңыз мүмкін.
- Қауіпсіздік белбеуінің тағылмағаны туралы дыбыс сигналы сияқты қандай да бір басқа ескертуші дыбыс сигналы берілсе, жолақ шегінде ұстап тұру жүйесінің (LKA) дыбыс сигналы естілмеуі мүмкін.
- Аспаптар тақтасына айна, ақ қағаз және т.с.с. жарық шағылыстыратын заттарды қоймаңыз. Бұл LKA жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.
- LKA жүйесі қосылғанда, рульді міндетті түрде қолмен ұстап отыру қажет.
- Руль үнемі басқарылмайды. Сондықтан, егер автокөлік жоғары жылдамдықта қозғалыс жолағынан (не жолдан) шығып кетсе, жүйе оны басқара алмауы мүмкін. Жүйені қолданғанда, жүргізуші жылдамдық шектеуін ұстануға міндетті.
- Рульге заттарды қойғанда, жүйе рульді басқаруда көмектесе алмауы немесе қолды рульден алу сигналы дұрыс істемеуі мүмкін.
- Тіркемені сүйреген кезде LKA жүйесінің өшіп тұрғанын тексеріңіз.

ЛКА жүйесінің жұмысы



ЛКА жүйесін қосу/өшіру:

- Таяу Шығыстан басқа

Оталдыру жүйесін қосқанда, ЛКА жүйесі автоматты түрде белсенді күйге келтіріледі. Аспаптар тақтасындағы () индикаторы басында ақ түспен жанады. Бұл ЛКА жүйесінің ҚОСЫЛМАҒАНЫН, бірақ ДАЙЫНДЫҚ күйінде тұрғанын білдіреді.

Егер аспаптар тақтасындағы жүргізушіден сол жаққа қарай төменде орналасқан ЛКА түймесін бассаңыз, ЛКА өшіп, аспаптар тақтасындағы сигнализатор да өшеді.

ЛКА жүйесінің функциясын өзгерту

Жүргізуші ЛКА жүйесін қозғалыс жолағы шегінен шығу туралы ескерту жүйесі (LDW) ретінде жұмыс істеуі үшін ауыстыра алады, не болмаса СК-дисплейде не ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейінде ЛКА режимдерін ауыстыра алады. «User Settings [Баптаулар] → Driver Assistance [Жүргізушіге көмек] → Lane Safety [Жолақпен жүру қауіпсіздігі] → Lane Keeping Assist/Lane Departure Warning/Off [ЛКА (Қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұру жүйесі)/ LDW (Қозғалыс жолағын ауыстыру туралы ескертулер)/Өшіру]» опциясына өтіңіз.

ЛКА (Қозғалыс жолағында ұстап тұру жүйесі)

Бұл режимде жүйе жүргізушіге автокөлікті қозғалыс жолағы шегінде ұстап тұруға көмектеседі. Автокөлік қозғалыс жолағының шегінде жүріп келе жатқанда, ол рульді сирек басқарады. Алайда, егер автокөлік өзінің қозғалыс жолағынан ауытқи бастаса, жүйе рульді басқарады.

LDW (Қозғалыс жолағын ауыстыру туралы ескертулер)

Қозғалыс жолағы шегінен шығу туралы ескерту жүйесі жүргізушіге қозғалыс жолағы шегінен шығу анықталған жағдайда визуалды және дыбыстық индикациямен ескертеді. Рульді басқару орындалмайды.

Өшіру

«Off [Өшіру]» опциясын таңдағанда, LKA жүйесі өшеді.



LKA жүйесін ҚОСУ үшін автокөлік жылдамдығы шамамен 60 км/сағ. (37 миль/сағ.) шамасынан төмен болмауы тиіс екендігіне назар аударыңыз. Жүйе қосылған соң аспаптар тақтасында индикатор жанады. Индикатордың түсі LKA жүйесінің күйіне қарай өзгереді.

- Ақ: Датчик қозғалыс жолағының шегін анықтамайды немесе көлік құралының жылдамдығы 60 км/сағ. (37 миль/сағ.) шамасынан төмен.


- Жасыл: Датчик қозғалыс жолағының шегін тіркейді және жүйе көлік құралының рүлін басқара алады.

i Ақпарат

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесін ON (ҚОСУЛЫ) қалпына келтірген соң, LKA жүйесі автоматты түрде қосылады. Ауыстырып қосқыштағы индикатор жанып тұрады, ал аспаптар тақтасындағы индикатор басында ақ болып жанады. Жүргізуші, аспаптар тақтасындағы рүлдің төменгі сол жағында орналасқан LKA ауыстырып қосқышын басып немесе СК-дисплейде User Settings (Пайдаланушы баптаулары) режимінде LDW таңдап, LKA жүйесін өшіре алады.

LKA жүйесінің жұмысы



- Аспаптар тақтасындағы СК-дисплейде LKA жүйесінің экранын көру үшін Assist (көмек) () режимін таңдаңыз. (Қосымша ақпарат 4-тараудың «СК-дисплей режимдері» бөлімінде берілген.




■ Қозғалыс жолағының шегі анықталды



- Егер көлік құралының жылдамдығы 60 км/сағ. (37 миль/сағ.) шамасынан жоғары болса, ал жүйе қозғалыс жолағы маркерлерін анықтаса, жолақ түсі сұрдан аққа өзгереді.
- Жүйенің толық функционалдылығы үшін белгінің екі сызығы да анықталуы тиіс.


- Көлік құралы алдағы проекцияланатын қозғалыс жолағынан шыққан кезде ЛКА жүйесі төмендегідей жұмыс істейді:



1. СК-дисплейде визуалды ескерту пайда болады. Көлік құралының ауытқу бағытына қарай СК-дисплейде қозғалыс жолағы шегінің сол не оң жақ сызығы жыпылықтайды.
2. Келесі жағдайларда белгі жолағынан шығуды болдырмау үшін ЛКА жүйесі көлік құралын басқарады.
 - Автокөлік жылдамдығы 60 км/сағ. (37 миль/сағ.) шамасынан төмен
 - Жүйе белгі сызықтарын (немесе жол шетін) анықтайды.
 - Қозғалыс барысында автокөлік екі жолақтың ортасында жүреді.
 - Рульдің кенеттен бұрылуы.

Белгі сызықтарын (немесе жол шетін) анықтаған кезде және ЛКА жүйесі қосылуының барлық шарттары орындалғанда, ЛКА жүйесінің индикаторы ақ түстен жасыл түске ауысады. Бұл ЛКА жүйесінің ҚОСЫЛҒАНЫН және руль басқарылып жатқанын білдіреді.

Бақылау шамы және хабарлама



Keep hands on steering wheel [Қолды рульге қойыңыз]

ЛКА жүйесі қосылып тұрғанда жүргізуші рульден қолын алса, бірнеше секундтан кейін жүйе ескерту береді.

i Ақпарат

Егер руль тым бос ұсталса, ескерту хабарламасы көрсетілуі мүмкін, себебі ЛКА жүйесі жүргізушінің рульді қолмен ұстап отырғанын растай алмайды.

! АБАЙЛАҢЫЗ

Жол жағдайына байланысты ескерту хабарламасы тым кеш берілуі мүмкін. Сондықтан қозғалыс барысында рульді әрдайым қолмен ұстап отыру керек.

! АБАЙЛАҢЫЗ

- ЛКА жүйесі тек қосымша функция болып табылады. Жолға көз алмай қарап, автокөлікті үнемі қозғалыс жолағы шегінде ұстау жүргізушінің міндетіне жатады.
- ЛКА жүйесін өшіріп, автокөлікті онсыз басқаруды келесі жағдайларда орындаңыз:
 - Ауа райы қолайсыз болғанда
 - Жолдағы жағдайлар қолайсыз болғанда
 - Жүргізуші рульді жиі қолдануы тиіс болса.
 - Көлік құралын не тіркемені сүйреген кезде

i Ақпарат

- Жүйе рульді басқаруға көмектесе де, жүргізуші рульді пайдалана алады.
- Рульді басқарудағы көмек жүйесі істеп тұрғанда, рульге түсетін күш әдеттегіден жоғары не төмен болуы мүмкін.

Check Lane Keeping Assist (LKA) system [Қозғалыс жолағын ұстап тұру жүйесін тексеріңіз]



Егер осы жүйеде ақау туындаса, бірнеше секундтан кейін СК-дисплейде хабарлама көрсетіледі. Егер ақау жойылмаса, LKA жүйесінің ақаулығын білдіретін индикатор жанады.

LKA жүйесінің индикаторы



Егер LKA жүйесі тиісті түрде істемесе, LKA жүйесінің индикаторы (сары) жанады. Жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.

Жүйеде ақаулықтар пайда болса, төменде берілген әрекеттердің бірін орындаңыз:

- Қозғалтқышты сөндіріп, қайта оталдырыңыз, содан соң жүйені қосыңыз.
- Оталдыру жүйесінің қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Жүйеге ауа райы жағдайларының (мысалы, тұман, нөсер жаңбыр және т.с.с.) әсерін тексеріңіз.
- Камера объективінде бөгде материалдардың бар-жоғын тексеріңіз.

Егер мәселе шешілмесе, жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне жолығыңыз.

Мына жағдайларда LKA жүйесі ҚОСЫЛМАЙДЫ және рульді басқаруда көмектеспейді:

- Қозғалыс жолағын ауыстыру алдында бұрылыс көрсеткіші қосылса. Егер қозғалыс жолағын ауыстырған кезде бұрылыс көрсеткіші қосылмаса, жүйе рульді басқаруды жалғастыруы мүмкін.
- Автокөлік жүйе қосылған кезде немесе қозғалыс жолағын ауыстыра салысымен қозғалыс жолағының ортасымен жүрмегенде.
- ESC (тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесі) немесе VSM (көлік құралының тұрақтылығын басқару) жүйесі қосылғанда.
- Автокөлік кілт бұрылғанда.

- Автокөлік жылдамдығы 60 км/сағ. (37 миль/сағ.) шамасынан төмен және 180 км/сағ. (110 миль/сағ.) шамасынан жоғары болғанда.
- Автокөлік қозғалыс жолағын кенеттен өзгерткенде.
- Автокөлік кенеттен тежелгенде.
- Қозғалыс жолағының тек бір шегі анықталғанда.
- Жолда екіден көп белгі сызығы болса, мысалы, жол жұмыстары орындалып жатқанда.
- Автокөлік тік еңісте қозғалғанда.
- Руль кенеттен бұрылғанда.
- Жүйе қозғалтқышты оталдырғаннан немесе алдыңғы бейнекамера жүйесін қосқаннан не қайта жүктегеннен кейін шамамен 15 секунд бойы жұмыс істемеуі мүмкін.

Жүйе шектеулері

Төменде көрсетілген жағдайларда ЛКА жүйесі көлік құралы қозғалыс жолағынан шықпаса да мерзімінен ерте істеп кетуі мүмкін НЕМЕСЕ жүргізушіге қозғалыс жолағынан шығу туралы ескертпеуі не болмаса рульді іске қоспауы мүмкін:

Қозғалыс жолағының не жабынның нашар жағдайы

- Жолақ белгісін жолдан айырып тану қиын, белгі сызығы бұзылған не анық емес.
- Белгі түсін жол жабынының түсінен айырып тану қиын.
- Жол бетінде камера дұрыс анықтамайтын қозғалыс жолағының белгісіне ұқсас белгі бар.
- Белгі сызығы (немесе жолдың шеті) айыруға келмейді немесе бұзылған.
- Белгі сызықтары бірігіп не бөлініп кеткен (мысалы, жол бажын жинау орны).
- Қозғалыс жолағы санының артуы не азаюы не болмаса белгі сызықтарының қиылысуы.
- Алдағы жолда қозғалыс жолағы шегінің екіден көп жолағы бар.
- Белгі сызықтары тым жіңішке не қалың.
- Қозғалыс жолағы (немесе жол) тым кең не тар.

- Қозғалыс жолақтарының (немесе жол шетінің) көрінуі жаңбыр, қар, жолдағы су, зақымдалған не ластанған жол бетінің жабыны немесе өзге де факторлар себебінен шектеулі.
- Белгінің белгіш жолақпен, ағаш тармен, қоршаулармен, шуға қарсы бөгеттермен және т.б. көлеңкеленуі.
- Белгі сызығы тым күрделі болғанда немесе уақытша белгі болғанда (мысалы, жол жұмыстары орындалатын аймақта).
- Жаяу жүргінші өткелінің белгілері немесе жолдағы өзге белгілер.
- Туннельдегі қозғалыс жолақтары (немесе жол шеттері) мұнай өнімдерімен және т.с.с. ластанған.
- Қозғалыс жолағы кенеттен жоғалған (мысалы, қиылыста).
- Көше шамдарының жарығы немесе қарсы бағытта келе жатқан автокөліктің жарығы сулы жол бетінде, мысалы, шалшықта шағылысқанда.
- Күн сәулесінің шағылысуынан алдыңғы бағыттағы шолу қиынға соққанда.
- Қозғалыс жолағын (немесе жол шетін) анықтауға мүмкіндік бермейтін алда келе жатқан көлік құралына дейінгі шағын қашықтық немесе алдағы көлік құралы белгі сызығымен (немесе жол шетімен) келе жатқанда.
- Тік еңіспен, өрмен жоғары немесе бұрылыста қозғалу.
- Жағымсыз жол жағдайлары салдарынан қозғалыс кезінде автокөлік қатты дірілдейді.
- Тікелей күн сәулесінің және т.б. әсерінен ішкі артқы көрініс айнасының айналасындағы температура жоғары болғанда.

Сыртқы жағдайлар әсер еткенде

- Сырттағы жарықтың кенеттен өзгеруі, мысалы, туннельге кіргенде не одан шыққанда, не болмаса көпір астынан өткенде.
- Сырттағы жарық тым әлсіз, мысалы, түнгі уақытта фаралар қосылмағанда немесе автокөлік туннельде жүргенде.
- Автострада шекарасының конструкциясы (мысалы, бетон қоршау, қорғаныш қоршау немесе шағылыстырғыш бағаналар) алдыңғы бейнекамерамен тиісті түрде анықталмағанда.

Алдынан көру мүмкіндігі нашар болғанда

- Алдыңғы әйнек немесе LKA жүйесі камерасының объективтері ластанғанда.
- Алдыңғы әйнек буланғанда; жолды анық шолу қиынға соққанда.
- Аспаптар тақтасында қандай да бір заттар және т.б. болғанда.
- Алдыңғы бейнекамера қозғалыс жолағының шегін тұман, нөсер жауын не қар салдарынан анықтамағанда.

ЖОЛАҚТЫ ҚАДАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ (LFA) (БАР БОЛСА)



Жолақты қадағалау жүйесі (LFA) алдыңғы әйнектегі алдыңғы көрініс камерасымен жолдағы белгіні тіркейді және жүргізушіге автокөлікті қозғалыс жолағы шегінде ұстап тұру үшін рульді басқаруда көмектеседі.

АБАЙЛАҢЫЗ

Жолақты қадағалау жүйесі (LFA) автокөлікті қауіпсіз жүргізу тәжірибесін алмастырмайды және тек қосалқы функция болып табылады. Жүргізуші айналадағы жағдайды үнемі қадағалап, автокөлікті тиісті түрде басқаруға міндетті.

АБАЙЛАҢЫЗ

Жолақты қадағалау жүйесін (LFA) қолданғанда, төменде берілген сақтық шараларын орындау керек:

- Жүйе рульді басқаруға көмектескенде, рульдің кенет бұрылуына жол бермеңіз.
- LFA жүйесі рульді басқара отырып, жүргізушіге автокөлікті қозғалыс жолағының ортасымен жүргізуге көмектеседі. Алайда жүргізуші тек жүйеге сенбей, таңдалған қозғалыс жолағы шегінде қозғалу үшін рульді қолдануға міндетті.
- LFA жүйесінің жұмысы жолдағы жағдайларға және айналадағы жағдайға байланысты тоқтатылуы немесе қате болуы мүмкін. Автокөлікті жүргізген кезде үнемі сақ болу керек.

- Терезені күңгірттеу немесе жабынның басқа түрін не қосалқы керек-жарақтарды бекіту үшін алдыңғы көрініс камерасын уақытша бөлшектеп, қайта құрастырсаңыз, жүйенің калибрленуін HYUNDAI ресми дилерінде тексертіңіз.
- Алдыңғы әйнекті, алдыңғы камераны немесе рульмен байланысқан бөлшектерді ауыстырған кезде, жүйе калибрленуін HYUNDAI ресми дилерінде тексертіп алған жөн.
- Жүйе жолақ маркерлерін анықтайды және рульді алдыңғы бейнекамераның көмегімен басқарады, сондықтан егер белгі сызықтарын айырып тану қиынға соқса, оның жұмысы бұзылуы мүмкін. «Жүйе шектеулері» бөлімін қараңыз.
- LFA жүйесімен байланысқан бөлшектерді бөлшектеуге немесе қалай болса да зақымдауға болмайды.
- Аудиожүйе дыбысының аса қаттылығынан LKA жүйесінің ескертуші дыбыс сигналы естілмеуі мүмкін.
- Аспаптар тақтасына айна, ақ қағаз және т.с.с. жарық шағылыстыратын заттарды қоймаңыз. Күн сәулесінің шағылысуы жүйенің қалыпты жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін.
- LFA жүйесі қосылғанда, рульді қолмен ұстап отыру қажет. Егер «Keep hands on steering wheel» [Қолды рульге қойыңыз] хабарламасы көрсетілген соң рульді ұстамай қозғала берсеңіз, жүйе автоматты түрде өшеді.
- Алайда егер жүргізуші қолын қайтадан рульге қойса, жүйе рульді басқаруды жалғастыра береді.
- Рульді басқару үздіксіз жалғаспайды. Сондықтан, егер автокөлік жоғары жылдамдықта қозғалыс жолағынан шығып кетсе, жүйе оны басқара алмайды. Жүйені пайдаланғанда, жүргізуші жылдамдық режимін ұстануға міндетті.
- Рульге қандай да бір заттар бекітілгенде, жүйе басқаруда көмек көрсете алмауы мүмкін немесе қолдың рульде жоқ екенін ескертетін сигнал дұрыс істемеуі мүмкін.
- Тіркемені сүйреген кезде LFA жүйесі өшіп тұруы керек.

LFA жүйесінің жұмысы



Егер қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі ON (ҚОСУЛЫ) немесе START (ҚОСУ) қалпында тұрса, қозғалыс жолағын қадағалауға көмектесу жүйесін түймені басу арқылы іске қосуға болады.

Жұмыс жағдайлары

Жүйенің қосылғанын аспаптар тақтасында жанып тұрған (⊖) сигнализаторы көрсетеді. Сигнализатордың түсі LFA жүйесінің күйіне қарай өзгереді.

- Жасыл: жүйе жұмыс істеп тұр.
- Ақ: жүйе кезекші режимде тұр. m is in the ready state.

LFA жүйесінің қосылуы

- LFA жүйесі қосылған соң, егер автокөлік қозғалыс жолағы шегінде болса, екі жақтағы белгі сызықтары танылса (жолақ түсі сұрдан аққа өзгереді) және жүргізуші рульді кенеттен бұрмаса, сигнализатордың ⊖ түсі ақтан жасылға өзгереді. Бұл LFA жүйесінің ҚОСЫЛҒАНЫН және оның рульді басқаруды бақылауға дайындығын білдіреді.
- Басқару уақытша өшіп тұрғанда, сигнализатордың түсі жасылдан аққа өзгереді.
- Егер жүйе белгі сызықтарын танымаса немесе алда келе жатқан автокөліктің жағдайына қарай (автокөліктің бар болуы, жолдағы жағдайлар және т.с.с.) руль шектеулі түрде бақыланады.
- Егер рульді басқару уақытша тоқтатылса, функцияның қосылу индикациясы жасыл түспен жыпылықтайды, содан кейін түсі аққа өзгереді.

Ескерту хабарламасы



Keep hands on steering wheel

[Қолды рульге қойыңыз]

Егер LFA жүйесі қосылып тұрғанда жүргізуші рульден қолын алса, бірнеше секундтан соң жүйе ескерту береді.

i Ақпарат

Егер руль тым бос ұсталса, ескерту хабарламасы көрсетілуі мүмкін, себебі LFA жүйесі жүргізуші рульді ұстап отырғанын растай алмайды.

! АБАЙЛАҢЫЗ

Жол жағдайына байланысты ескерту хабарламасы тым кеш берілуі мүмкін. Сондықтан қозғалыс барысында рульді әрдайым қолмен ұстап отыру керек.

Егер «Keep hands on steering wheel [Қолды рульге қойыңыз]» ескерту хабарламасы көрсетілген соң жүргізуші қолын рульге қоймаса, жүйе рульді басқаруды тоқтатады және жүргізушіге қозғалыс жолағы шегінің сызығынан шығып кеткен жағдайда ғана ескерту беріледі.


Алайда, егер жүргізуші қолын қайтадан рульге қойса, жүйе рульді басқаруды жалғастыра береді.

! АБАЙЛАҢЫЗ

- Жүргізуші автокөлікті тиісті түрде жүргізуге жауапты.
- Жүйені өшіріп, автокөлікті келесі жағдайларда басқару керек.
 - Ауа райы қолайсыз болғанда
 - Жолдағы жағдайлар қолайсыз болғанда
 - Жүргізуші рульді жиі қолдануды қажет еткенде.

i Ақпарат

- Жүргізуші рульді басқарудағы көмек жүйесі істеп тұрса да рульді қолдана алады.
- Рульді басқарудағы көмек жүйесі істеп тұрғанда, рульге түсетін күш әдеттегіден жоғары не төмен болуы мүмкін.



Check Lane Following Assist (LFA) system [LFA (Жолақты қадағалау жүйесін) тексеру]

Егер осы жүйеде ақау пайда болса, бірнеше секундтан кейін СК-дисплейде хабарлама көрсетіледі. Егер ақау жойылмаса, LFA жүйесі ақаулығының сигнализаторы жанады.

LFA жүйесі мына жағдайларда ASSIST (КӨМЕК) күйінде болмайды:

- Ауысу үшін бұрылыс көрсеткіші қосылғанда. Егер қозғалыс жолағын ауыстырған кезде бұрылыс көрсеткіші қосылмаса, жүйе рульді басқара алады.
- Автокөлік жүйе қосылған кезде немесе қозғалыс жолағын ауыстырған соң бірден қозғалыс жолағының ортасымен жүрмегенде.
- ESC (тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесі) немесе VSM (көлік құралының тұрақтылығын басқару) жүйесі қосылғанда.
- Шұғыл бұрылыс орындалғанда.

- Көлік құралының жылдамдығы:
 - Таяу Шығыс: 145 км/сағ. (90 миль/сағ.)
 - Еуропа және Австралия: 175 км/сағ. (108 миль/сағ.)
- Кенеттен ауысу орындалғанда.
- Кенеттен тежеу орындалғанда.
- Қозғалыс жолағының тек бір шегі анықталғанда.
- Қозғалыс жолағы тым кең не тар болғанда.
- Бұрылыс радиусы тым кішкентай болғанда.
- Еңіспен қозғалыс орындалғанда.
- Рульдің кенеттен бұрылысы орындалғанда.
- Жүйе қозғалтқышты оталдырғаннан немесе алдыңғы бейнекамера жүйесін қосқаннан не қайта жүктегеннен кейін шамамен 15 секунд бойы жұмыс істемеуі мүмкін.

Жүйе шектеулері

Төменде көрсетілген жағдайларда LFA жүйесі автокөлік қозғалыс жолағынан шықпаса да мерзімінен ерте істеп кетуі мүмкін НЕМЕСЕ жүргізушіге қозғалыс жолағынан шығу туралы ескертпеуі не болмаса рұльді іске қоспауы мүмкін.

Қозғалыс жолағының не жол бетінің күйі нашар

- Жолақ белгісін жолдан айырып тану қиын, белгі сызығы бұзылған не анық емес.
- Белгі түсін жол жабынының түсінен айырып тану қиын.
- Жол бетінде камера дұрыс анықтамайтын қозғалыс жолағының белгісіне ұқсас белгі бар.
- Белгі сызығы танылмайды немесе зақымдалған.
- Белгі сызығы бірігіп не бөлініп кетеді (мысалы, жол бажын жинау орны).
- Қозғалыс жолағы санының артуы не азаюы не болмаса белгі сызықтарының қиылысуы.
- Алдағы жолда қозғалыс жолағы шегінің екіден көп жолағы бар.
- Белгі сызықтары тым жіңішке не қалың.
- Қозғалыс жолағы тым кең не тар.

- Қозғалыс жолақтарының көрінуі жаңбыр, қар, жолдағы су, зақымдалған не ластанған жол бетінің жабыны немесе өзге де факторлар себебінен шектеулі.
- Белгінің белгіш жолақпен, ағаш тармен, қоршаулармен, шуға қарсы бөгеттермен және т.б. көлеңкеленуі.
- Белгі сызығы тым күрделі болғанда немесе уақытша белгі болғанда (мысалы, жол жұмыстары орындалатын аймақта).
- Жаяу жүргінші өткелінің белгілері немесе жолдағы өзге белгілер.
- Туннельдегі қозғалыс жолағының шегі мұнай өнімдерімен және т.с.с. ластанған.
- Қозғалыс жолағы кенеттен жоғалғанда (мысалы, қиылыста).

Сыртқы жағдайлар әсер еткенде

- Сырттағы жарықтың кенеттен өзгеруі, мысалы, туннельге кіргенде не одан шыққанда, не болмаса көпір астынан өткенде.
- Сырттағы жарық тым әлсіз, мысалы, түнгі уақытта фаралар қосылмағанда немесе автокөлік туннельде жүргенде.
- Автострада шекарасының құрылымы (мысалы, бетон қоршау, қорғаныш қоршау немесе шағылыстырғыш бағаналар) бейнекамерамен тиісті түрде анықталмағанда.

- Көше шамдарының жарығы немесе қарсы бағытта келе жатқан автокөліктің жарығы сулы жол бетінде, мысалы, шалшықта шағылысқанда.
- Күн сәулесінің шағылысуынан алдыңғы бағыттағы шолу қиынға соққанда.
- Қозғалыс жолағын анықтауға мүмкіндік бермейтін алда келе жатқан көлік құралына дейінгі шағын қашықтық немесе алдағы көлік құралы белгі сызығымен келе жатқанда.
- Тік еңіспен, өрмен жоғары немесе бұрылыста қозғалу.
- Жағымсыз жол жағдайлары салдарынан қозғалыс кезінде автокөлік қатты дірілдейді.
- Тікелей күн сәулесінің және т.б. әсерінен ішкі артқы көрініс айнасының айналасындағы температура жоғары болғанда.
- Жасанды ойлы-қырлы жерден өткен кезде немесе тік өрмен жоғары не төмен, солға не оңға жүріп өткен кезде датчиктің тану мүмкіндігі кенеттен өзгереді.

Алдынан көру мүмкіндігі нашар болғанда

- Алдыңғы әйнек немесе камера объективі ластанғанда.
- Алдыңғы әйнек буланғанда; жолды анық шолу қиынға соққанда.
- Аспаптар тақтасында қандай да бір заттар және т.б. болғанда.
- Датчик қозғалыс жолағын тұман, нөсер жауын не қар салдарынан анықтамайды.

ЖҮРГІЗУШІ ЗЕЙІНІН БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (DAW) (БАР БОЛСА)

Жүргізуші зейінін бақылау жүйесі (DAW), көлік жүргізу әдетін және т.б. ескере отырып, жүргізушінің шаршағандығының не зейінсіздігінің деңгейін көрсетеді.

Жүйені баптау және басқару

Жүйе баптаулары

- Жүргізуші зейінін бақылау жүйесін (DAW) қосу үшін қозғалтқышты қосыңыз, содан кейін СК-дисплейден немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейінен «User Settings [Баптаулар] → Driver Assistance [Жүргізушіге көмек] → Driver Attention Warning [DAW (Жүргізуші зейінін бақылау деңгейі)] → Inattentive Driving Warning [Еңіс туралы ескерту]» тармағын таңдаңыз.
- Жүргізуші зейінін бақылау жүйесінің (DAW) баптаулары қозғалтқышты қайта қосқан кезде сақталады.

Ескертулер таймерін таңдау

Жүргізуші бастапқы ескертудің берілу уақытын СК-дисплейдегі пайдаланушы баптауларында «User Settings [Баптаулар] → Driver Assistance [Жүргізушіге көмек] → Warning Timing [Ескертулер таймері]» тармағын таңдап, орната алады. Зейінсіз көлік жүргізу туралы бастапқы ескерту нұсқалары:

- Normal [Қалыпты]:

Жүргізуші зейінін бақылау жүйесі жүргізушіге зейінінің төмендеуі немесе автокөлікті зейінсіз басқаруы туралы «Later» (Кештеу) режиміне қарағанда жылдамырақ ескертеді.

- Later [Кештеу]:

Жүргізуші зейінін бақылау жүйесі жүргізушіге зейінінің төмендеуі немесе автокөлікті зейінсіз басқаруы туралы әдепкі режимге қарағанда кешірек ескертеді.




Ақпарат

Ескерту уақытының баптауын өзгерткен кезде жүргізушінің өзге көмек жүйелерінің баптаулары да өзгеруі мүмкін, мысалы, маңдайлық соқтығысудың (FCA) алдын алу жүйесі және т.с.с.

Жүргізуші зейіні деңгейінің көрсетілуі

■ Жүйе өшіп тұр



OIK057129N

■ Зейінмен көлік жүргізу



OIK057130L

■ Зейінсіз көлік жүргізу




OIK057131L

Жүйе қосылып тұрғанда СК-дисплейде «ASSIST Mode» (көмек режимі) (A) қойындысы таңдалған кезде DAW экраны көрсетіледі. (Қосымша ақпаратты 4-тараудың «СК-дисплей режимдері» бөлімінен қараңыз.)

- Жүргізуші зейінінің деңгейі 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша көрсетіледі. Деңгей неғұрлым төмен болса, жүргізуші көлік жүргізген кезде соғұрлым зейінсіз болады.
- Жүргізуші автокөлікті жүргізгенде нақты уақыт ішінде үзіліс жасамаған кезде, зейін деңгейі төмендейді.
- Жүргізуші автокөлікті нақты уақыт ішінде зейінді басқарған кезде, зейін деңгейі артады.
- Көлік жүргізу барысында осы жүйені қосқан кезде экранда соңғы үзіліс уақыты көрсетіледі.

- Жүргізуші автокөліктің басқарылу күйін аспаптар тақтасының СК-дисплейінен тексере алады.

Үзіліс жасаңыз




- Жүргізуші зейінін бақылау жүйесі аспаптар тақтасының СК-дисплейінде «Consider taking a break [Үзіліс жасаған жөн]» хабарламасын көрсетеді және, жүргізуші зейіні 1-деңгейден төмен болса, үзіліс жасау қажеттілігі туралы ескерту мақсатында дыбыс сигналдарын береді.
- Жүргізуші зейінін бақылау жүйесі (DAW) жалпы көлік жүргізу уақыты 10 минуттан аз болса үзіліс жасауды ұсынбайды және үзілістен кейін 10 минут ішінде қосымша үзіліс жасауға кеңес бермейді.

Жүйе көрсеткіштерін нөлдеу

- Жүргізуші зейінін бақылау жүйесінің (DAW) көрсеткіштерін жүргізуші нөлдеген кезде, соңғы демалыс уақыты 00:00 деп белгіленеді және жүргізуші зейінінің деңгейі 5 (өте зейінді) мәніне орнатылады.
- Төменде көрсетілген жағдайларда жүргізуші зейінін бақылау жүйесі (DAW) соңғы үзіліс уақытын 00:00-ге дейін түсіріп, ал жүргізуші зейінінің деңгейін 5-ке орнатады.
 - Қозғалтқышты өшірген кезде.
 - Жүргізуші қауіпсіздік белбеуін ағытып, жүргізуші жағындағы есікті ашқанда.
 - Көлік құралы 10 минуттан астам уақыт бойы қозғалыссыз тұрғанда.
- Жүргізуші зейінін бақылау жүйесі (DAW) жүргізуші қозғала бастағанда қайта қосылады.


Жүйенің күту режимі



Жүргізуші зейінін бақылау жүйесі (DAW) дайындық күйіне ауысып, экранда «Standby [Күту]» күйі көрсетіледі.

- Жүйе жүргізушінің автокөлікті жүргізу шарттарын қадағалау үшін дерек жинауға қабілетсіз.
- Қозғалыс жылдамдығы 180 км/сағ. (112 миль/сағ.) шамасынан жоғары.

Жүйе ақаулығы



Check Driver Attention Warning (DAW) system [DAW функциясын тексеру]

«Check Driver Attention Warning (DAW) system [DAW функциясын тексеру]» ескерту хабарламасының көрсетілуі жүйенің дұрыс істемейтінін білдіреді. Бұл жағдайда көлік құралын тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Жүргізуші зейінін бақылау жүйесі (DAW) көлікті қауіпсіз жүргізу тәжірибесін алмастыра алмайды және тек қосымша функция болып табылады. Жүргізушінің бұлжымас міндеті күтпеген жағдайлардың алдын алу мақсатында сақтықпен қозғалу болып табылады. Жолдағы жағдайды үнемі қадағалап отыру керек.
- Жүргізуші зейінін бақылау жүйесі (DAW) тиісті ескертуді көрсетпесе де, жүргізуші шаршаған кезде үзіліс жасауы тиіс.

Ақпарат

Жүргізуші шаршамай отырса да, жүргізушінің көлік айдау мәнеріне немесе әдеттеріне сәйкес жүйе үзіліс жасауды ұсынуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Жүргізуші зейінін бақылау жүйесі (DAW) өз жұмысында алдыңғы әйнектегі алдыңғы бейнекамераны қолданады. Алдыңғы бейнекамера жұмыс істеп тұруы үшін келесі ережелерді ұстану керек:

- Алдыңғы әйнекке ешқашан қандай да бір қосалқы керек-жарақтарды немесе жапсырмаларды орналастырмаңыз және оны күңгірттемеңіз.
- Аспаптар тақтасына ЕШҚАШАН қандай да бір шағылыстыратын заттарды (мысалы, ақ қағаз, айна) қоймаңыз. Сәуленің шағылысуынан жүйенің дұрыс істемеуі мүмкін.
- Бейнекамера датчигін су тиюден қорғауға ерекше назар аударыңыз.
- Бейнекамера торабын ешқашан бөлшектемеңіз және соққыға ұшыратпаңыз.
Егер датчикті дұрыс туралау қалпынан әдейі жылжытса, жүйе дұрыс істемеуі мүмкін. Жүйенің калибрленуін тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жүргізуші зейінін бақылау жүйесі (DAW) келесі жағдайларда ескерту бермеуі мүмкін:

- Жүйе қозғалтқышты оталдырғаннан немесе алдыңғы бейнекамера жүйесін қосқаннан не қайта жүктегеннен кейін шамамен 15 секунд бойы жұмыс істемеуі мүмкін.
- Қозғалыс жолағын анықтау функциясы шектеулі болғанда. (Толығырақ ақпаратты осы тараудың «Көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесі (LKA)» бөлімінен қараңыз.)
- Автокөлік бірқалыпсыз мәнерде жүргізілуде немесе бөгетпен соқтығыспау үшін кенеттен бұрылады (мысалы, құрылыс аймағында, соқпалы жолда, өзге автокөліктермен, құлайтын заттармен соқтығысудың алдын алу).
- Автокөліктің алдыңғы доңғалақтарына қатысты жетекті басқаруды болжау екіталай (шиналардағы қысымның айырмашылығы үлкен болуының, шиналардың әркелкі тозуының, құлаудың/тоғысудың салдарынан болуы мүмкін).
- Автокөлік ауытқып қозғалғанда.
- Автокөлік қатты жел жағдайында қозғалғанда.
- Автокөлік соқпалы жолда қозғалғанда.

- Автокөлікті жүргізгенде, оны келесі көмек жүйелері бақылайды:

- Көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесі (LKA)
- Маңдайлық соқтығысудың алдын алу жүйесі (FCA)

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөліктің дыбысы қатты шығатын аудиожүйесі жүргізуші зейінін бақылау жүйесінің (DAW) дыбыс сигналын басуы мүмкін.

АЛДАҒЫ АВТОКӨЛІКТІҢ КЕТУІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ (БАР БОЛСА)

Алда келе жатқан автокөлік ұзап кеткен соң, жүйе бұл туралы жүргізушіге хабарлайды.

Жүйені баптау және жұмыс жағдайлары

Жүйе баптаулары

Алдағы автокөліктің кетуі туралы хабарлау жүйесін қосу үшін оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда «User Settings [Баптаулар] → Driver Assistance [Жүргізушіге көмек] → Driver Attention Warning [DAW (Жүргізуші зейінін бақылау деңгейі)] → Leading vehicle departure alert [Алда келе жатқан автокөлік ұзап кетті]» опциясын таңдаңыз. Жүйе өшіру баптауын таңдаған кезде жұмыс істемейді. Дегенмен, қозғалтқышты сөндіріп, қайта оталдырғаннан кейін жүйе алдыңғы күйіне оралады.

Жұмыс жағдайлары



Алда келе жатқан автокөлік ұзап кеткеннен кейін аспаптар тақтасында ескерту хабарламасы көрсетіледі.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Алда келе жатқан автокөліктің қозғалысы туралы ескерту жүйесі жүргізушіге арналған қосалқы жабдық болып табылады және алда келе жатқан автокөлік ұзап кетсе де ескерту бермеуі мүмкін.
- Жүйе алдағы автокөліктің қозғалысын айырып тануға мүмкіндік берсе де, жүргізуші айналадағы жағдайды әрдайым қадағалап, автокөлікті жүргізуге қатысты тиісті шешімдер қабылдауға міндетті.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Алда келе жатқан автокөлік қозғалысы туралы ескерту жүйесі алдыңғы бейнекамераны қолданады. Алдыңғы бейнекамера функциясын оңтайландыру үшін жүргізуші оның күйін мұқият қадағалап отыруы тиіс. Толық ақпаратты автокөлікті қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесі (LKA) туралы бөлімдегі ескерту хабарламаларынан қараңыз.
- Алда келе жатқан автокөлік қозғалысы туралы ескерту жүйесі мына жағдайларда ENABLED (ҚОСУЛЫ) күйіне келтірілмейді:
 - Автокөліктің алдында адам не велосипед болғанда.
 - Автокөлік іргелес жолақтан сіздің қозғалыс жолағыңызға ауысқанда.
 - Алда келе жатқан автокөлік орнынан кенет қозғалғанда немесе айнала бұрылғанда.
 - Автокөлік жүргін бөлікте не еңісте жасанды өрде тұрғанда.
 - Автокөлік оң жаққа бұрылған кезде немесе имек жолмен қозғалғанда тоқтаса.
 - Күрделі жол жағдайлары, мысалы, жолақтардың түйісуі.
 - Автокөлік жолдың жиегінде, демалыс аймағында не тұрақта тұрғанда.
- Жүйе қозғалтқышты оталдырғаннан немесе алдыңғы бейнекамераны қосқаннан не қайта жүктегеннен кейін шамамен 15 секунд бойы жұмыс істемеуі мүмкін.

КӨРІНБЕЙТІН АЙМАҚТАРДЫ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (БАР БОЛСА)



Солға не оңға бұрылу көрсеткіштері қосылып тұрғанда көрінбейтін аймақтарды бақылау жүйесі аспаптар тақтасында автокөліктің артындағы сол не оң жақтағы көрінбейтін аймақтарды көрсетеді.

Бұл функция қозғалыс жолағы ауысқанда қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

- Жүйе төменде берілген шарттарды орындағанда белсенді күйге келтіріледі.
1. Қозғалтқыш істеп тұрғанда.
 2. Бұрылыс көрсеткіштері қосылып тұрғанда.

- Жүйе төменде берілген шарттардың бірі орындалғанда өшеді.
 - Оталдыру жүйесі өшіп тұрғанда.
 - Бұрылыс көрсеткіштері өшіп тұрғанда.
 - Апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосылып тұрғанда.
 - Экранда көрінбейтін аймақтарды бақылау жүйесінен басым болатын ескерту көрсетілгенде.


АБАЙЛАҢЫЗ

- Бұл жүйе тек қосымша функция болып табылады. Жүргізуші бұрылу не қозғалыс жолағын ауыстыру алдында автокөлік айналасындағы аймақты үнемі бақылап отыруға жауапты.
- Қозғалмай тұрып, соқтығысудың алдын алу мақсатында автокөлік айналасында қандай да бір нысандардың жоқтығына **КӨЗ ЖЕТКІЗУ ҚАЖЕТ.**
- Нысандар айнадағыдан жақынырақ орналасқан. Қозғалыс жолағын ауыстырмас бұрын қауіпсіздікті көзбен шолып тексермеу салдарынан ауыр жарақатқа не өлімге әкелетін жол-көлік оқиғасы орын алуы мүмкін.
- Камера объективі әрдайым таза болуы керек. Объективі бөгде затпен жабылып тұрған камера дұрыс істемеуі мүмкін.

КРУИЗ-БАҚЫЛАУ

Круиз-бақылау жүйесінің жұмысы




1. CRUISE индикаторы ()
2. Жылдамдықты орнату (Set)

Круиз-бақылау жүйесі, акселератор педалін баспай, 30 км/сағ. (20 миль/сағ.) шамасынан жоғары тұрақты жылдамдықпен қозғалуға мүмкіндік береді.

АБАЙЛАҢЫЗ

Келесі сақтық шаралары орындалуы тиіс:

- Көлік құралының жылдамдығын әрдайым еліңіздегі жылдамдық шектеулеріне сәйкес орнатыңыз.
- Егер круиз-бақылауды қосылған күйде қалдырсаңыз, (аспаптар тақтасында круиз-бақылау жүйесінің () индикаторы жанады), ол абайсызда іске қосылып кетуі мүмкін. Жылдамдық абайсызда орнатылып қоймауы үшін қолданылмайтын круиз-бақылау жүйесін қоспаңыз.

- Круиз-бақылау жүйесін ашық магистральдарда жүргенде әрі ауа райы жақсы болған кезде ғана қолданыңыз.
- Круиз-бақылауды тұрақты жылдамдықпен жүру қауіпті болған жағдайда қолданбаңыз:
 - Қозғалысы қарқынды жолда жүргенде немесе жол қозғалысының жағдайлары тұрақты жылдамдықпен жүруді қиындатқан кезде
 - Тайғанақ жолда жүргенде (жаңбырдан су болған, мұз не қар басқан)
 - Кедір-бұдырлы жерлерде не қатты жел кезінде жүргенде
 - Қатты жел соғатын аудандарда жүргенде
- Тіркемені сүйрегенде круиз-бақылауды қолданбаңыз.

i Ақпарат

- Круиз-бақылау қалыпты істен тұрғанда SET ауыстырып қосқышын қосқанда не тежеу жүйесін қолданған соң қайта қосқанда круиз-бақылау жүйесі шамамен 3 секундтан соң қосылады. Мұндай кідіріс қалыпты жағдай болып табылады.
- Круиз-бақылау қосылмай тұрып, жүйе тежегіш педалі датчигінің жұмысын тексереді. Ол үшін оталдыру жүйесі қосылған соң тежегіш педалін аз дегенде бір рет басу керек.

Круиз-бақылаудың ауыстырып қосқышы

O (Бас тарту): Круиз-бақылау жүйесінің жұмысынан бас тарту.

CRUISE (🚗), CRUISE):



Круиз-бақылау жүйесін қосу немесе өшіру

RES+: Круиз-бақылау жылдамдығын қалпына келтіру немесе арттыру.

SET-: Круиз-бақылау жылдамдығын орнату не азайту.

Круиз-бақылау жылдамдығын баптау



1. Жүйені қосу үшін рульдегі түймені  (круиз-бақылау) басыңыз.  (CRUISE) сигнализаторы жанады.
2. 30 км/сағ. (20 миль/сағ.) шамасынан кем болмайтын қалаған жылдамдыққа дейін қозғалысты үдетіңіз.




3. Тумблерлік қосқышты (SET-) төмен қарай басып қалыңыз. СК-дисплейде орнатылған жылдамдық көрсетіледі.
4. Акселератор педалін жіберіңіз.

i Ақпарат

Тік еңіспен жоғары не төмен қозғалған кезде автокөлік сәл баяулауы не шапшаңдауы мүмкін.

Круз-бақылау жылдамдығын арттыру



- Аспаптар тақтасындағы белгіленген жылдамдықтың артуын қадағалай отырып, тумблерлік ауыстырып қосқышты (RES+) жоғары қарай басып, ұстап тұрыңыз.
- Қалаған жылдамдықты белгілеп, ауыстырып қосқышты жіберіңіз. Көлік құралының жылдамдығы белгіленген мәнге дейін артады.
- Тумблерлік ауыстырып қосқышты (RES+) жоғары қарай басып қалыңыз. Осылай басқан сайын жылдамдық 1,0 км/сағ. (1 миль/сағ.) шамасына артады.
- Иіңтіректі жоғары басып (RES+), басылған күйінде ұстап тұрыңыз. Автокөлігіңіздің жылдамдық баптауы 10 км/сағ. (5 миль/сағ.) шамасына артады. Қалаған жылдамдықты таңдап болған соң ауыстырып қосқышты жіберіңіз.

Круз-бақылау жылдамдығын азайту



- Тумблерлік ауыстырып қосқышты (SET-) төмен қарай басып қалыңыз. Осылай басқан сайын жылдамдық 1,0 км/сағ. шамасына төмендейді.
- Тумблерлік ауыстырып қосқышты (SET-) төмен қарай басып, оны осы күйде ұстап тұрыңыз. Автокөлігіңіздің жылдамдық баптауы 10 км/сағ. (5 миль/сағ.) шамасына азаяды. Қалаған жылдамдықты таңдап болған соң ауыстырып қосқышты жіберіңіз.
- Тежегіш педалін ақырын басыңыз. Көлік құралы қалаған жылдамдыққа жеткен соң, тумблерлік ауыстырып қосқышты (SET-) төмен қарай басыңыз.

Круз-бақылау қосылып тұрғанда жылдамдықты уақытша үдету

Акселератор педалін басыңыз. Акселератор педалінен аяғыңызды алған соң, круз-бақылау жүйесі бұрын орнатылған қозғалыс жылдамдығын қалпына келтіреді.

Егер жоғарырақ жылдамдықта тумблерлік ауыстырып қосқышты (SET-) төмен қарай бассаңыз, бұл жылдамдықты круз-бақылау жүйесі орнатылған мән ретінде сақтайды.

Круз-бақылаудың өшу себептері:



- Тежегіш педалінің басылуы.
- Рульдегі О (бас тарту) түймесінің басылуы.
- CRUISE (круз-бақылау) түймесінің басылуы. CRUISE (круз-бақылау) сигнализаторы және жылдамдық баптаулары өшеді.
- Селектор тұтқасының «N» (бейтарап) қалпына келтірілуі.
- Автокөлік жылдамдығының 30 км/сағ. (20 миль/сағ.) шамасынан төмен мәнге дейін төмендеуі.

- ESC (тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесі) істеп тұруы.

Ақпарат

Жоғарыда аталған әрекеттердің әрқайсысы круз-бақылау жұмысының тоқтауына әкеледі (аспаптар тақтасында орнатылған жылдамдық өшеді), бірақ жүйені (круз-бақылау) түймесін басып қана өшіруге болады. Круз-бақылау жүйесінің жұмысын қалпына келтіру үшін рульдегі тумблерлік ауыстырып қосқышты (RES+) жоғары қарай басу керек. Егер жүйе (круз-бақылау) түймесін басып қосылмаса, ол бұрын орнатылған қозғалыс жылдамдығын қалпына келтіреді.



Круз-бақылаудың бұрын орнатылған жылдамдығын қалпына келтіру




Тумблерлік ауыстырып қосқышты (RES+) жоғары қарай басыңыз. Егер көлік құралының жылдамдығы 30 км/сағ. (20 миль/сағ.) шамасынан асатын болса, жүйе бұрын орнатылған қозғалыс жылдамдығын қалпына келтіреді.

Круз-бақылау жүйесін өшіру



-  (CRUISE) түймесін басыңыз ( (CRUISE) индикаторы сөнеді).

STOP & GO ФУНКЦИЯСЫ БАР ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ КРУИЗ-БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (БАР БОЛСА)



- 1 Круиз-бақылау индикаторы
- 2 Жылдамдықты орнату
- 3 Көлік құралдарының арасындағы қашықтық

SCC экранын аспаптар тақтасындағы СК-дисплейде көру үшін Assist (A) режимін таңдаңыз. Қосымша ақпаратты 4-тараудың «СК-дисплей режимдері» бөлімінен қараңыз.

Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі тұрақты жылдамдық пен алда келе жатқан көлік құралдарына дейінгі қашықтықты сақтап, автокөлік қозғалысын бағдарламалауға мүмкіндік береді.

Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі бағдарламаланған параметрлерге және алдағы автокөлікке дейінгі белгіленген қашықтыққа сәйкес, акселератор не тежегіш педалін басуды қажет етпей, автокөлік жылдамдығын автоматты түрде реттейді.


⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіздік мақсатында интеллектуалды круиз-бақылау жүйесін қолданар алдында пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығу керек.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


- Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі көлікті қауіпсіз жүргізу тәжірибесін алмастыра алмайды және тек қосымша функция болып табылады. Жүргізуші жылдамдықты және алдағы көлік құралына дейінгі қашықтықты үнемі қадағалап отыруға міндетті.
- Қозғалыс кезінде жолдағы жағдайларды үнемі қадағалап отырып, интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі істеп тұрса да, күтпеген жағдайларға дайын болу керек.
- Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі (SCC) жүргізушіге көмектесетін қосымша жүйе болып табылады. Жүйеге толығымен сенуге болмайды. Қауіпсіздік мақсатында қозғалыс барысында қырағылық танытқан жөн.

Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің ауыстырып қосқышы

CRUISE/ : Круиз-бақылау жүйесін қосу немесе өшіру.

RES+: Круиз-бақылау жылдамдығын қалпына келтіру немесе арттыру.

SET-: Круиз-бақылау жылдамдығын орнату не азайту.


: Автокөліктер арасындағы қашықтықты орнатады.

CANCEL (CNCL): Круиз-бақылау жүйесінің жұмысын тоқтату.

Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің жылдамдығын реттеу

Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің жылдамдықты орнатуы



1. Жүйені қосу үшін рульдегі CRUISE/  (круиз-бақылау) түймесін басыңыз. Круиз-бақылау индикаторы жанады.
2. Жылдамдықты қажетті жылдамдыққа дейін үдетіңіз.

Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің жылдамдығын орнату былайша орындалады:

- 10-180 км/сағ. (5-110 миль/сағ.): алда көлік құралдары жоқ болса
- 0-160 км/сағ. (0-100 миль/сағ.): алда көлік құралдары жоқ болса



3. Тумблерлік қосқышты (SET-) төмен қарай жылжытыңыз. Орнатылған жылдамдық пен алда келе жатқан автокөлікке дейінгі қашықтық СК-дисплейде көрсетіледі.

4. Акселератор педалін жіберіңіз. Таңдалған жылдамдық автоматты түрде бір қалыпта сақталады.

Егер алдағы көлік құралы төменірек жылдамдықпен келе жатса, жылдамдық орнатылған қашықтықты сақтау үшін төмендетілуі мүмкін.

Тік өрде жылдамдық төмендеуі мүмкін, ал еңіспен түскенде, жылдамдық сәл артуы мүмкін.

i Ақпарат

- Автокөлік жылдамдығы өрмен жоғары көтерілгенде төмендеуі, ал еңіспен төмен түскенде артуы мүмкін.
- Круз-бақылау жылдамдығын орнатқан кезде алдыңызда автокөлік жүріп келе жатса, ал автокөлігіңіздің жылдамдығы 0 ~ 30 км/сағ. (0 ~ 20 миль/сағ.) болса, жылдамдық 30 км/сағ. (20 миль/сағ.) шамасына тең болады.

Интеллектуалды круз-бақылау жүйесі үшін орнатылған жылдамдықты арттыру



Төмендегі әрекеттерді орындаңыз:

- Тумблерлік қосқышты (RES+) жоғары қарай басып қалыңыз. Осылай басқан сайын жылдамдық 1,0 км/сағ. (1 миль/сағ.) шамасына артады.
- Иінірәкті жоғары басып (RES+), басылған күйінде ұстап тұрыңыз. Автокөлігіңіздің жылдамдық баптауы 10 км/сағ. немесе 5 миль/сағ. мәніне артады. Қалаған жылдамдықты таңдап болған соң ауыстырып қосқышты жіберіңіз.
- Орнатылған жылдамдықты 180 км/сағ. (110 миль/сағ.) шамасына дейін үдетуге болады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тумблерлік қосқышты ауыстырып қосқышты қолданар алдында көлік жүргізу жағдайларын бағалаңыз. Тумблерлік ауыстырып қосқышты басып, ұстап тұрған кезде қозғалыс жылдамдығы дереу артады.

Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі үшін орнатылған жылдамдықты төмендету



Төмендегі әрекеттерді орындаңыз:

- Тумблерлік ауыстырып қосқышты (SET-) төмен қарай басып қалыңыз. Осылай басқан сайын жылдамдық 1,0 км/сағ. шамасына төмендейді.
- Тумблерлік ауыстырып қосқышты (SET-) төмен қарай басып, оны осы қалыпта ұстап тұрыңыз. Автокөлігіңіздің жылдамдық баптауы 10 км/сағ. немесе 5 миль/сағ. шамасына азаяды. Қалаған жылдамдықты таңдап болған соң ауыстырып қосқышты жіберіңіз.
- Орнатылған жылдамдықты 30 км/сағ. (20 миль/сағ.) шамасына дейін үдетуге болады.

Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі қосылып тұрғанда жылдамдықты уақытша үдету

Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі қосылып тұрғанда көліктің жылдамдығын уақытша үдету қажет болса, акселератор педалін басу керек. Қозғалыс жылдамдығын осылайша арттыру интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің жұмысына да, орнатылған жылдамдыққа да ешқалай әсер етпейді.

Орнатылған жылдамдыққа оралу үшін акселератор педалін жіберу керек.

Егер жылдамдық артқанда иінтіректі төмен қарай (SET-) бассаңыз, орнатылған жылдамдық жаңартылады.

Ақпарат

Жылдамдықты уақытша арттырған кезде сақтық таныту керек, себебі бұл жағдайда жүйе алдыңғы жақта басқа көлік құралы келе жатса да жылдамдықты автоматты түрде реттемейді.


Төменде келтірілген жағдайларда интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі уақытша өшеді:



Қолмен өшіру кезінде

- Тежегіш педалі басылғанда.
- Рульдегі CANCEL (CNCL) БАС ТАРТУ (CNCL) түймесі басылғанда.

Жылдамдық пен алдағы автокөлікке дейінгі қашықтықты баптау индикаторы СК-дисплейде өшкен кезде круиз-бақылау жүйесі уақытша өшеді.

Круиз-бақылау индикаторы () үнемі жанып тұрады.

Автоматты түрде бас тарту кезінде

- Жүргізуші есігі ашық тұрғанда.
- N (бейтарап), R (артқа жүру) немесе P (тұраққа қою) режимі қосылып тұрғанда.
- Тұрақ тежегіші қосылып тұрғанда.
- Автокөлік жылдамдығы 190 км/сағ. (120 миль/сағ.) шамасынан жоғары болғанда.
- ESC (тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесі), TCS (тартым күшін бақылау жүйесі)

немесе ABS жүйесі істеп тұрғанда.

- ESC өшіп тұрғанда.
- Датчик не датчик қақпағы ластанғанда.
- Автокөлік белгілі бір уақытқа тоқтатылғанда.
- Көлік құралы қозғалыссыз 5 минуттан астам уақыт тұрғанда.
- Ұзақ уақыт бойы жиі аялдағанда
- Акселератор педалі нақты уақыттан ұзақ үздіксіз басылып тұрғанда.
- Акселератор педалі бір минуттан астам уақыт бойы үздіксіз басылып тұрғанда.
- Қозғалтқыш ақаумен істеп тұрғанда.
- Қозғалтқыш жұмысының жиілігі қызыл аймақта болғанда.
- Алда өзге көлік құралы болмаған кезде жүргізуші тумблерлік ауыстырып қосқышты жоғары (RES+) немесе төмен (SET-) қарай басып не болмаса интеллектуалды круиз-бақылау жүйесімен автокөлік тоқтатылған соң акселератор педалін басып, қозғала бастағанда.
- Алда тоқтап тұрған өзге көлік құралы болған кезде жүргізуші тумблерлік ауыстырып қосқышты жоғары (RES+) немесе төмен (SET-) қарай басып не болмаса автокөлік тоқтаған соң акселератор педалін басып, қозғала бастағанда.
- Маңдайлық соқтығысудың алдын алу жүйесі (FCA) қосылып тұрғанда.


- Қозғалтқыштың айналу жиілігі қауіпті диапазонда болғанда.
- Қозғалтқыш ISG (бос жүрісте аялдау және іске қосу) жүйесімен тоқтатылғанда.

Осы әрекеттердің кез келгенімен интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің жұмысы тоқтатылады. СК-дисплейде орнатылған жылдамдық пен алда келе жатқан автокөлікке дейінгі қашықтық өшеді.

Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі автоматты түрде өшкеннен кейін ол RES+ немесе SET-тумблерлік ауыстырып қосқышын басқан кездің өзінде автоматты түрде қосылмайды.

i Ақпарат

Егер интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің жұмысы жоғарыда көрсетілгеннен басқа қандай да бір себептен тоқтатылса, жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне жолығу керек.



Smart Cruise Control cancelled [SCC автоматты түрде өшті]

Жүйе өшкен жағдайда, ескертуші дыбыс сигналы беріліп, бірнеше секундқа хабарлама көрсетіледі.

Көлік құралының жылдамдығын жолдағы жағдайларға байланысты акселератор не тежегіш педалімен реттеуге болады.

Жолдағы жағдайларды үнемі бақылап отыру керек. Автоматикаға ғана сүйеніп отыруға болмайды.

Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі үшін орнатылған жылдамдықты қалпына келтіру

Егер орнатылған жылдамдықтан круиз-бақылаудың тумблерлік ауыстырып қосқышын қолданудан басқа кез келген әдіспен бас тартылса, жүйе белсенді күйде қалады және орнатылған жылдамдық тумблерлік ауыстырып қосқышты жоғары (RES+) немесе төмен (SET-) қарай басқан соң автоматты түрде қалпына келтіріледі.


Тумблерлік ауыстырып қосқышты жоғары (RES+) қарай басқан кезде соңғы орнатылған жылдамдық қалпына келтіріледі. Алайда, алда басқа көлік құралы болмаған жағдайда, егер автокөлік жылдамдығы 10 км/сағ. (15 миль/сағ.) шамасынан төмен болса, орнатылған жылдамдық қалпына келтіріледі.


***i* Ақпарат**

Жадта сақталған жылдамдықты қалпына келтіру үшін тумблерлік ауыстырып қосқышты (RES +) баспай тұрып жолдағы жағдайларды ығи тексеріп алу қажет.

Круиз-бақылау жүйесін өшіру





- CRUISE/  (круиз-бақылау) түймесін басыңыз. Круиз-бақылау индикаторы сөнеді.

Круиз-бақылау жүйесін қолданғыңыз келмесе, CRUISE/  (круиз-бақылау) түймесін басып, жүйені әрдайым өшіріп қойыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Келесі сақтық шаралары орындалуы тиіс:

- Көлік жылдамдығын еліңіздегі шектеулеріне сәйкес орнатыңыз. құралының әрдайым жылдамдық сәйкес

- Егер интеллектуалды круиз-бақылау жүйесін қосылған күйде қалдырсаңыз (аспаптар тақтасында  CRUISE сигнализаторы жанып тұрады), ол абайсызда қосылып кетуі мүмкін. Егер интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі қолданылмаса, жылдамдық абайсызда өзгеріп кетпеуі үшін жүйе өшіп тұруы керек ( CRUISE сигнализаторы сөніп тұрады).
- Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесін ашық магистральдарда жүргенде әрі ауа райы жақсы болған кезде ғана қолданыңыз.
- Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесін тұрақты жылдамдықпен жүру қауіпті болған жағдайда қолданбаңыз:
 - Қозғалысы қарқынды жолда жүргенде немесе жол қозғалысының жағдайлары тұрақты жылдамдықпен жүруді қиындатқан кезде
 - Тайғанақ жолда жүргенде (жаңбырдан су болған, мұз не қар басқан)
 - Автокөлік еңіспен түсіп не өрмен жүріп бара жатқанда
 - Қатты жел соғатын аудандарда жүргенде
 - Тұрақ аймағында жүргенде
 - Жол опырғыштарына жақын жерде жүргенде
 - Шұғыл бұрылыс жасағанда
- Шолу шектеулі жағдайда қозғалғанда (тұман, қар, жаңбыр немесе шаңды дауыл сияқты қолайсыз ауа райы салдарынан болуы мүмкін)
- Көлік құралының түрлендірілуі нәтижесінде көлік құралы нашар анықталса және бұның салдарынан автокөліктің алдыңғы және артқы бөлігінің биіктігі әр түрлі болса
- Күтпеген жағдайлар ықтимал жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін. «Интеллектуалды круиз-бақылау (SCC)» жүйесі істеп тұрса да, жолдағы жағдайлар мен қозғалысты үнемі қадағалап отырыңыз.

DRIVE mode (көлік жүргізу режимі) баптауын өзгерткенде, круиз-бақылауды (SCC) интеллектуалды басқару функциясының әрекет ету жылдамдығы өзгереді. (бар болса)

Drive Mode [көлік жүргізу режимі]	SCC Responsiveness [SCC әрекет ету жылдамдығы]
COMFORT [жайлы]	Normal [Қалыпты]
ECO [үнемді]	Slow [Баяу]
SPORT [спорттық]	Normal [Қалыпты]
SMART [Интеллектуалды]	Fast [Жылдам]

CUSTOM режимінде SCC әрекет ету жылдамдығы қозғалтқыш тағы/трансмиссиядағы режим баптауына сәйкес келеді.

(мысалы, CUSTOM режимінде жүргізуші ECO сияқты қозғалтқыш/трансмиссия режимін таңдаса, SCC әрекет ету жылдамдығы баяу болады)

Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің көлік құралдары арасында белгіленген арақашықтықты сақтауы


Өзіңіздің және алда келе жатқан көлік құралының арасындағы арақашықтықты орнату



ODN8069049

Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесін қосқанда, көлік құралдарының арасында белгіленген арақашықтық тежегіш не акселератор педальін баспай сақталады.

Түймені басқан сайын өзіңіздің және алдағы көлік құралының арасындағы қашықтық төмендегі тәртіппен өзгеріп тұрады:



Мысалы, 90 км/сағ. (56 миль/сағ.) жылдамдықпен келе жатқанда келесі арақашықтық сақталады:

Distance 4 (4-арақашықтық)

— шамамен 52,5 м

Distance 3 (3-арақашықтық)

— шамамен 40 м

Distance 2 (2-арақашықтық)

— шамамен 32,5 м

Distance 1 (1-арақашықтық)


— шамамен 25 м



Ақпарат


Қозғалтқышты оталдырған соң жүйені алғаш рет қолданған кезде әдетте алда келе жатқан автокөлікке дейінгі соңғы бапталған арақашықтық қолданылады.

Алдағы жолақ бос болғанда:



Көлік құралының жылдамдығы орнатылған деңгейге сақталады.

Егер алда басқа көлік құралы бар болса:



- Автокөлік жылдамдығы орнатылған қашықтықты ұстану мақсатында төмендейді не артады.
- Егер алдағы көлік құралының жылдамдығы артса, круиз-бақылау жүйесі орнатылған жылдамдықты сақтап отырады.
- Алда келе жатқан автокөліктің жылдамдығы үдетуі не төмендетуі нәтижесінде оған дейінгі арақашықтық өзгерген жағдайда, СК-дисплейдегі арақашықтық та өзгеруі мүмкін.
- Алда келе жатқан автокөлік СК-дисплейде дәл автокөлігіңіздің алдына түскен кезде ғана көрсетіледі.

АБАЙЛАҢЫЗ



Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесін қолданған кезде:

- Жүйе орнатылған қашықтықты ұстана алатын күйде болмаса, ескерту хабарламасы көрсетіліп, дыбыс сигналы беріледі.
- Ескерту хабарламасы көрсетілгенде не дыбыс сигналы берілгенде, көлік құралының жылдамдығын реттеу және алда келе жатқан автокөлікке дейінгі орнатылған қашықтықты ұстану үшін тежегіш педалін басу керек.
- Ескерту хабарламасы көрсетілмей, дыбыс сигналы берілмесе де, қауіпті жағдайлардың алдын алу үшін жолдағы жағдайды үнемі қадағалап отыру қажет.
- Дыбыс деңгейі жоғары автокөлік аудиожүйесінің жұмысы жүйе ескертуінің дыбысын басуы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ




Егер қашықтықты бақылау режимінде алда келе жатқан көлік құралы (30 км/сағ.-тан кем жылдамдықпен) басқа жолаққа ауысып кетсе, ескертуші дыбыс сигналы беріледі және дисплейде «Watch for surrounding vehicles [Назар аударыңыз! Айналадағы автокөліктерді қадағалаңыз]» хабарламасы көрсетіледі.

Алда өзге көлік құралдарының немесе өзге бөгеттердің кенеттен пайда болу ықтималдығын әрдайым ескеріп, тежегішті қолдануға дайын болу керек.

Алдағы жол жағдайын үнемі қадағалап отыру керек.

Көлік легінде жүру



Use switch or pedal to accelerate

[Үдету үшін газ педалін не түймені басыңыз]

- Көлік легінде қозғалу кезінде алда келе жатқан автокөлік тоқтаған жағдайда, сіздің автокөлігіңіз де тоқтайды. Осылайша, алдағы көлік құралы қозғала бастағанда, сіздің көлік құралыңыз да жүре бастайды.

Алайда, егер аялдама ұзақтығы 3 секундтан асып кетсе, қозғала бастау үшін алдымен акселератор педалін немесе тумблерлік ауыстырып қосқышты жоғары (RES+) немесе төмен (SET-) қарай басу керек.

- Автоматты түрде ұстап тұру және бейімделетін круиз-бақылау жүйелері істеп тұрғанда интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің ауыстырып қосқышын (RES+ немесе SET-) басқан кезде автоматты түрде ұстап тұру жүйесі акселератор педалінің қолданылуына қарамастан өшеді, ал автокөлік қозғала бастайды. «AUTO HOLD» (автоматты түрде ұстап тұру) индикаторының түсі жасылдан аққа өзгереді. (егер EPB (электрлік тұрақ тежегіші) орнатылған болса)

Алда келе жатқан көлік құралына дейінгі арақашықтықты бақылау датчигі




Интеллектуалды бақылау жүйесі алдағы көлік құралына дейінгі арақашықтықты бақылау үшін алдыңғы радарды пайдаланады.

Егер радар датчигі ластанған не оны өзге нәрсе жауып тұрса, автокөліктер арасындағы арақашықтықты бақылау қате орындалуы мүмкін.

Радар датчигі ылғи таза болуы тиіс.

Ескерту хабарламасы



Smart Cruise Control disabled. Radar blocked [SCC (интел. круиз-бақылау) өшіп тұр, себебі сенсор блокталған]

Егер датчик объективінің қақпағы балшықпен не қармен блокталған болса, интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі уақытша жұмыс істемейді. Мұндай жағдай туындаса, СК-дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі. Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің жұмысын қалпына келтіру үшін радар объективінің қақпағын балшықтан, қардан және бөгде нәрселерден тазалаңыз.

Егер радар толығымен ластанған болса немесе қозғалтқышты қосқан соң ешбір нысан анықталмай тұрса (мысалы, ашық жерде), интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі қателермен қосылады.

Ақпарат


Егер SCC жүйесінің жұмысы радардың блокталуынан уақытша тоқтап қалса, бірақ сіз круиз-бақылау режимін (жылдамдықты басқару функциясын) қолданғыңыз келсе, круиз-бақылау режиміне ауысу керек (келесі беттегі «Круиз-бақылау режиміне ауысу» бөлімін қараңыз).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Нөмір белгісі бар тақтайшаны немесе бөгде заттарды, мысалы, бамперге арналған жапсырмаларды немесе бампер бағыттауышын радар датчигінің жанына орналастырмаңыз. Бұл радар сезімталдығына жағымсыз әсер етуі мүмкін.
- Радар датчиктері мен объектив қақпағын әрдайым таза ұстаңыз.
- Автокөлікті тазалау үшін жұмсақ шүберекті ғана қолданыңыз. Қысыммен ағатын суды датчикке не датчик қақпағына тікелей бүрікпеңіз.
- Радар датчигіне не датчик қақпағына артық күш салмаңыз. Егер датчикті дұрыс туралау қалпынан әдейі жылжытсаңыз, интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі дұрыс істе меуі мүмкін.

Бұл жағдайда ескерту хабарламасы көрсетілмеуі мүмкін. Автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.

- Егер алдыңғы бамперде радар датчигінің айналасында зақымдалу байқалса, интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі дұрыс істе меуі мүмкін. Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.
- Зақымдалған датчикті не датчик қақпағын жөндеу не ауыстыру үшін Hyundai түпнұсқа бөлшектерін ғана қолданыңыз. Датчик қақпағына бояу жақпаңыз.



Check Smart Cruise Control System [SCC (интел. круиз-бақылау) тексерініз]


Көлік құралдары арасындағы қашықтықты бақылау жүйесі ақаулы болған жағдайда, хабарлама көрсетіледі.

Жүйені тексеру үшін көлік құралын HYUNDAI ресми дилеріне жеткізген жөн.

Круиз-бақылау режиміне ауысу

Тек круиз-бақылау режимінде қозғалуды таңдау үшін төмендегілерді орындау керек:

1. Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесін қосыңыз (круиз-бақылау сигнализаторы жанады, жүйе өшіп тұрған күйде қалады).
2. Vehicle-to-Vehicle Distance (көлік құралдарының арасындағы қашықтық) түймесін 2 секундтан артық уақыт басып тұрыңыз.
3. «Smart Cruise Control [Интеллект. круиз-бақылау (SCC режимі)]» немесе «Cruise Control [Круиз-бақылау (CC режимі)]» (круиз-бақылау режимін) таңдаңыз.

Егер жүйе CRUISE/  түймесін басып өшірілген болса немесе CRUISE түймесі қозғалтқыш оталған соң басылса, интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің режимі қосылады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Круиз-бақылау режимі істеп тұрғанда, көлік құралдарының арасындағы қашықтық тежегіш педалімен реттелуі тиіс. Жүйе алдағы көлік құралына дейінгі қашықтықты автоматты түрде сақтап тұрмайды.

Жүйе шектеулері

Жол жабынының не жол қозғалысының жағдайларына байланысты интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің алда келе жатқан көлік құралына дейінгі қашықтықты анықтау бойынша шектеуі бар.

Бұрылыстарда



Жылдамдық іргелес жолақта көлік құралы анықталған жағдайда да төмендеуі мүмкін.


Бұл жағдайда акселератор педалімен тиісті жылдамдықты орнату керек. Мұндай жол жағдайларында интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің жұмысы қауіпсіз екеніне әрдайым сенімді болу керек.

- Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі сол жолақта алда келе жатқан көлік құралын анықтамауы мүмкін. Нәтижесінде көлік құралы орнатылған жылдамдыққа дейін үдетілуі мүмкін.

Оған қоса, алда келе жатқан көлік құралы анықталған жағдайда, жылдамдық кенеттен төмендеуі мүмкін.


- Бұрылыста тиісті орнатылған жылдамдықты таңдап, қажет болғанда, тежегіш не акселератор педалін басу керек.

Еңістерде




- Өрмен жоғары не еңіспен төмен қарай жүргенде, интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі сол жолақта алда келе жатқан көлік құралын анықтамауы мүмкін. Нәтижесінде көлік құралы орнатылған жылдамдыққа дейін үдетілуі мүмкін. Оған қоса, алда келе жатқан көлік құралы анықталған жағдайда, жылдамдық кенеттен төмендеуі мүмкін.
- Еңісте тиісті орнатылған жылдамдықты таңдап, қажет болғанда, тежегіш не акселератор педалін басу керек.

Қозғалыс жолағының өзгеруі



- Іргелес жолақтан ауысып келе жатқан көлік құралы датчик істейтін аймақтан тыс болғанда датчикпен анықталмауы мүмкін.
- Алдағы көлік құралы қозғалыс жолағын кенеттен ауыстырған жағдайда, радар оны біраз кідіріспен анықтауы мүмкін. Сондықтан жолдағы жағдайды үнемі қадағалап отыру керек.
- Егер сол жолақта алда келе жатқан көлік құралы төменірек жылдамдықпен келе жатса, жылдамдық орнатылған қашықтықты сақтау үшін төмендетілуі мүмкін.
- Егер сол жолақта алда келе жатқан көлік құралы жоғарырақ жылдамдықпен келе жатса, жылдамдық орнатылған мәнге дейін артады.

Көлік құралын анықтау




Сол жолақта алда келе жатқан кейбір көлік құралдарын датчик анықтамауы мүмкін:

- Мотоциклдер немесе велосипедтер сияқты тар көлік құралдары
- Шетке ауытқыған көлік құралдары
- Баяу келе жатқан не жылдамдықты кенеттен төмендеткен көлік құралдары
- Тоқтаған көлік құралдары
- Артқы бөлігі кішкентай көлік құралдары; мысалы, жүктелмеген тіркеме


Датчик келесі жағдайларда алда келе жатқан көлік құралын дұрыс анықтамауы мүмкін:

- Көлік құралының алдыңғы бөлігі жүксалғыштың жүктелуіне байланысты көтеріңкі болғанда
- Руль бұрылған кезде
- Жолақ шетімен жүрген кезде
- Тар жолақпен не бұрылыста жүргенде


Бұл жағдайда тежегіш не акселератор педалін қолданған жөн.




- Алда келе жатқан көлік құралын «жоғалтқан» жағдайда, жылдамдық үдетілуі мүмкін.
- Алда келе жатқан көлік құралының жоқтығы туралы ескерту алған соң, көлікті аса сақтықпен жүргізу керек.



- Жиі аялдап қозғалған кезде және алдағы автокөлік қозғалыс жолағы шегінен тыс тоқтаған кезде жүйе осы сәтте сіздің алдыңыздағы жаңа автокөлікті бірден анықтай алмауы мүмкін. Бұл жағдайда қауіпсіз тежеу қашықтығын сақтауыңыз және, қажет болғанда, қауіпсіз қашықтықты ұстану мақсатында қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін тежегіш педалін басуыңыз керек.



- Жүйе алдағы көлік құралына дейінгі қашықтықты сақтау режимінде істеп тұрғанда, жаяу жүргіншілерді үнемі қадағалап отыру керек.



- Биік және ірі габаритті жүк таситын көлік құралдарынан аулақ болу керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесін қолданған кезде төменде көрсетілген сақтық шаралары орындалуы керек:

- Қажет болғанда, тежегіштің көмегімен апаттық аялдаманы орындау керек. Көлік құралын барлық жағдайда бірдей интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің көмегімен тоқтату мүмкін емес.
- Жүргізуші жолдағы жағдайларға сәйкес алда келе жатқан көлік құралына дейінгі қауіпсіз қашықтықты сақтап отыруы тиіс. Жүргізуші алда келе жатқан көлік құралына дейін соқтығысудың алдын алуға мүмкіндік беретін қашықтықты сақтап отыруы тиіс.

- Алда келе жатқан көлік құралына дейінгі қашықтық тежеу жолына сәйкес болуы керек. Қажет болғанда, жылдамдықты тежегіштің көмегімен төмендету керек.
- Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі тоқтаған көлік құралдарын, жаяу жүргіншілерді не қарсы келе жатқан көлік құралын анықтай алмайды. Күтпеген жағдайлардың алдын алу үшін жолдағы жағдайды үнемі қадағалап отыру керек.
- Егер алда келе жатқан көлік құралдары қозғалыс жолағын жиі ауыстырып отырса, бұл жүйенің кеш әрекет етуіне әкелуі мүмкін немесе жүйе іргелес жолақта келе жатқан көлік құралына әрекет етуі мүмкін.
Күтпеген жағдайлардың алдын алу үшін көлік құралын тиісті сақтықпен жүргізу керек.
- Қозғалыс жылдамдығы мен өзіңіздің және алда келе жатқан көлік құралының арасындағы қашықтықты әрдайым дұрыс таңдау керек. Жүргізуші жүйеге ғана сүйеніп отырмай, қозғалыс жағдайларын қадағалауға және автокөлік жылдамдығын бақылауға міндетті.
- Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі күрделі жағдайларда тиімсіз болуы мүмкін, сондықтан жолдағы жағдайды үнемі қадағалап, қауіпсіз қозғалыс жылдамдығын таңдау керек.
- Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесін тіркемені не арбаны сүйреген кезде қолданбаңыз.
- Автокөлікті сүйреген кезде интеллектуалды круиз-бақылау жүйесін өшіріп қойыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің жұмысы мына себептерге байланысты уақытша бұзылуы мүмкін:

- Электрлік кедергілер
- Аспа модификациясы
- Шиналардың қажалуындағы немесе шиналар қысымындағы айырмашылық
- Түрлі типке жататын шиналарды орнату

СӘЙКЕСТІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ (БАР БОЛСА)

Радиожиліктік компонент (алдыңғы радар) мыналар үшін сәйкес келеді:

- Өзірбайжан үшін




- Тайвань үшін



- Малайзия үшін



- Мексика үшін



- Сингапур үшін



КӨЛІК ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Көлік жүргізудің қауіпті жағдайлары

Қауіпті жағдайларда, мысалы, су, қар, мұз, балшық, құм және т.с.с., келесі ұсынымдарды орындаңыз:

- Абайлап қозғалыңыз, тежеу жолының артатынын есте сақтаңыз.
- Кенет тежемеңіз не рульді қатты айналдырмаңыз.
- Егер автокөлік қарда, балшықта не құмда тұрып қалса, екінші берілісті қолданыңыз. Доңғалақтар артығымен бұрылмауы үшін жылдамдықты баяу үдетіңіз.
- Мұзда, қарда немесе балшықта тұрып қалған жағдайда, бетпен қосымша іліністі қамтамасыз ету үшін доңғалақтардың астына құмды, тас тұзын, доңғалақ шынжырын немесе басқа сырғытпайтын құралдарды салыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Тайғанақ беттерде қозғалғанда, АБАҚ берілісінің төмендеуі апатқа әкелуі мүмкін.

Доңғалақтар жылдамдығының кенет өзгеруінен көлік тайғанауы мүмкін. Тайғанақ жолда төмен беріліске ауысқан кезде сақ болыңыз.

Автокөлікті тербелту

Автокөлікті қардан, құмнан не балшықтан босату үшін оны тербелту қажет болғанда, алдыңғы доңғалақтардың айналасын тазарту үшін алдымен рульді оңға және солға қарай бұрыңыз. Содан соң R (артқа жүру) және алға жүру берілістерін кезек-кезек ауыстырып қосыңыз.

Доңғалақтардың айналуына жол бермеңіз және қозғалтқыш айналымын арттырмаңыз.

Беріліс қорабының бөлшектері тозбауы үшін берілісті ауыстырмай тұрып доңғалақтардың толық тоқтауын күтіңіз. Ауыстыру сәтінде акселератор педалін жіберіп, беріліс қосылғанда сәл басыңыз. Доңғалақтардың алға және артқа баяу айналуы автокөлікті тербелтіп, оның босап шығуына жағдай жасайды.

АБАЙЛАҢЫЗ

Егер көлік құралы батып қалып, доңғалақтары аса қатты сырғанақтап қалса, шиналар ішіндегі температура лезде көтерілуі мүмкін. Зақымдалған шиналардың желі шығуы немесе жарылуы мүмкін.

Мұндай жағдай қауіпті және адамдардың жарақаттануына әкелуі мүмкін.

Көлік құралының жанында адамдар не қандай да бір нысандар болғанда, бұл процедураны орындауға әрекет жасамаңыз.

Егер көлік құралын босатуға әрекет жасасаңыз, қозғалтқыш тез қызып кетуі мүмкін; бұл жағдайда мотор бөлігінде өрт шығуы немесе өзге зақым келуі мүмкін. Шиналар не қозғалтқыш қызып кетпеуі үшін доңғалақтардың қатты бос айналуына жол бермеңіз.

Көлік құралының доңғалақтарын жылдамдық 56 км/сағ. (35 миль/сағ.) шамасынан жоғары болғанда бос айналдыруға **ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ.**

i Ақпарат

Автокөлікті тербелтпей тұрып ESC жүйесін (бар болса) өшіріп қою керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Егер автокөлікті бірнеше әрекеттен кейін босатып ала алмасаңыз, қозғалтқыш қызып кетпеуі, беріліс қорабы мен шиналар зақымдалмауы үшін сүйреуішті қолданған жөн.

6-тараудағы «Сүйреу» бөлімін қараңыз.

Бірқалыпты бұрылу

Бұрылыстарда, әсіресе сулы жол жабындарында тежемегеніңіз не берілісті ауыстырмағаныңыз жөн. Дұрысы, бұрылғанда жылдамдықты шамалы үдету керек.

Автокөлікті түнгі уақытта жүргізу

Түнгі уақытта көлік жүргізу қауіпті. Мұнда есте сақтайтын бірнеше кеңес берілген:

- Жылдамдықты төмендетіп, өзіңіздің және басқа автокөліктің арасындағы қашықтықты сақтап отырыңыз, себебі түнде, әсіресе көше жарығы жоқ жерлерде көру қабілеті төмендейді.
- Басқа автокөліктер фараларының шағылысуын азайту үшін айналарды реттеп алыңыз.
- Өз фараларыңызды таза ұстап, тиісті түрде реттеп алыңыз. Лас әрі қате реттелген фаралар түнгі уақытта көру мүмкіндігін нашарлатады.
- Қарсы келе жатқан автокөліктердің фараларына тікелей қарауға әрекет жасамаңыз. Уақытша көрмей қалып, көзге қайтадан қараңғылыққа үйрену үшін бірнеше секунд қажет болуы мүмкін.

Автокөлікті жауында жүргізу

Жаңбыр мен сулы жолдар көлік жүргізуді қауіпті етеді. Көлікті жаңбырлы ауа райында немесе тайғанақ жол жабынында жүргізген кезде келесі жағдайларды ескерген жөн:

- Жылдамдықты төмендетіп, жүру аралығын ұлғайтыңыз. Нөсер жауын көру мүмкіндігін нашарлатып, автокөліктің аялдауына қажетті арақашықтықты арттыруы мүмкін.
- Круиз-бақылауды (бар болса) өшіріп қойыңыз.
- Алдыңғы әйнекте сызықтар қалдыратын немесе бос орын қалдыратын алдыңғы әйнек тазалағыш щеткаларын ауыстырыңыз.
- Шиналардың тозуын қадағалаңыз. Егер шиналар қатты тозған болса, сулы жол жабынында дереу аялдау көліктің сырғуына, ал бұл өз кезегінде апатқа әкелуі мүмкін.
8-тараудағы «Шиналарды ауыстыру» бөлімін қараңыз.
- Автокөлік басқа қозғалыс қатысушыларына жақсы көрінуі үшін алдыңғы фараларды қосып қойыңыз.
- Үлкен шалшықтарда тым жылдам қозғалу тежегіштерге теріс әсер етуі мүмкін. Егер шалшықтардан өту қажет болса, баяу қозғалуға тырысыңыз.
- Егер тежегіштер су боп қалса, тежегіштердің қалыпты жұмысы қалпына келгенше қозғалғанда сәл тежеп жүріңіз.

Аквақалқу

Егер жол аса сулы, ал жылдамдық үлкен болса, автокөлік жол бетімен жанасуын ішінара не толығымен жоғалтып, су бетінде тайғанауы мүмкін. Су жолмен жүргенде **ЖЫЛДАМДЫҚТЫ АЗАЙТҚАН** жөн.

Протектор биіктігі азайған кезде аквақалқу қаупі артады, 8-тараудағы «Шиналарды ауыстыру» бөлімін қараңыз.

Автокөлікті су басқан жерлерде жүргізу

Су деңгейі тек доңғалақ күпшегіне дейін жететініне сенімсіз болсаңыз, жолдың су басқан жерлерінен өтпеуге тырысыңыз. Судан баяу өтіңіз.

Тежегіштердің жұмыс сипаттамалары нашарлауы мүмкін болғандықтан, тиісті арақашықтықты таңдаңыз.

Суда жүрген соң, автокөлік баяу қозғалып келе жатқанда тежегіштерді бірнеше рет сәл тежеп, құрғатыңыз.

Автомагистральдарда қозғалу

Шиналар

Қысым төмен болғанда, шиналар қызып кетуі немесе зақымдалуы мүмкін.

Тозған не зақымдалған шиналарды орнатпаңыз. Бұл тарту күшін төмендетуі не тежеуді нашарлатуы мүмкін.

Ақпарат

Шиналардағы көрсетілген ең жоғарғы қысымнан асырмаңыз.

Отын, қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы және мотор майы

Автомагистральдарда жоғары жылдамдықпен жүру, орташа жылдамдықпен жүргенмен салыстырғанда, отын шығынының артуына әкеледі. Отынды үнемдеу мақсатында автомагистральдарда орташа жылдамдықпен жүрген жөн.

Жол жүрмей тұрып қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының деңгейі мен мотор майының деңгейін тексеру керек.

Жетекті белдік

Әлсіз не зақымдалған жетекті белдік қозғалтқыштың қызуына әкелуі мүмкін.

ҚЫСТА КӨЛІК ЖҮРГІЗУ

Қыстағы қолайсыз ауа райы жағдайлары шиналардың жылдам тозуына және өзге проблемаларға әкеледі. Қыста жүргенде қауіпті азайту үшін келесі кеңестерді ұстану керек:

Қар мен мұзда көлік жүргізу

Алдағы және жаныңыздағы автокөліктерге дейін қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.

Баяу тежеңіз. Жоғары жылдамдықпен жүру, жылдамдықты кенет үдету мен тежеу және шұғыл бұрылыстар да үлкен қауіп төндіреді.

Жылдамдықты төмендету үшін қозғалтқышпен тежеуді көбірек қолданыңыз. Қарлы не мұзды жолдарда кенет тежеу көліктің сырғуына әкелуі мүмкін.

Терең қарда жүру үшін қысқы шиналарды немесе сырғытпайтын шынжырларды орнату қажет болуы мүмкін.

Автокөлікте апаттық жинақты әрдайым алып жүріңіз. Онда сырғытпайтын шынжырлар, сүйреу таспалары не шынжырлары, қалта шамы, сигнал шамдары, құм, күрек, қозғалтқышты сыртқы аккумулятор батареясынан оталдыру сымдары, әйнекті тазалауға арналған қырғыш, қолғап, төсеме, қаптар, көрпе және т.б. болуы мүмкін.

Қысқы шиналар

АБАЙЛАҢЫЗ

Қысқы шиналардың өлшемі мен түрі автокөліктің стандартты шиналарындағылармен бірдей болуы тиіс. Кері жағдайда, бұл автокөлікті жүргізудің қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін.

Автокөлікке қысқы шиналарды орнатқан кезде, радиалды шиналардың өлшемі мен жүктеме диапазоны түпнұсқа шиналардың өлшемі мен диапазонындай екеніне көз жеткізіңіз. Автокөлікті кез келген ауа райы жағдайында жүргізуді теңгеру үшін қысқы шиналарды барлық төрт доңғалаққа орнатыңыз.

Құрғақ жолдарда қысқы шиналар қамтамасыз ететін ілініс күші түпнұсқа шиналармен салыстырғанда азырақ болуы мүмкін. Шиналар сатушысынан қысқы шиналармен жүру үшін ұсынылатын ең жоғары жылдамдықты нақтылап алыңыз.

Ақпарат

Тікенекті шиналарды, оларды қолданудағы ықтимал шектеулерге қатысты жергілікті және мемлекеттік ережелермен алдын ала танысып алғанша, орнатпаңыз.

Сырғытпайтын шынжырлар



Радиалды шиналардың бүйірлері өзге типтегі шиналарға қарағанда жіңішкелеу болғандықтан, оларға сырғытпайтын шынжырдың кейбір түрлерін орнатқан кезде зақымдалуы мүмкін.

Сондықтан сырғытпайтын шынжырлардың орнына қысқы шиналарды қолданған жөн.

Алюминий дискілері бар автокөліктерге сырғытпайтын шынжырларды орнатпаңыз, себебі олар бұған бейімделмеген.

Сырғытпайтын шынжырларды қолдану қажет болғанда, HYUNDAI түпнұсқа бөлшектерін қолданыңыз, ал шынжырларды олармен бірге берілген нұсқаулықты оқып алған соң ғана орнатыңыз.

Сәйкес келмейтін шынжырларды қолдану салдарынан болған автокөліктің зақымдарына өндірушінің кепілдігі қолданылмайды.

АБАЙЛАҢЫЗ

Шынжырларды орнату автокөліктің басқарылу мүмкіндігіне теріс әсер етуі мүмкін:

- 30 км/сағ. (20 миль/сағ.) шамасынан жоғары жылдамдықпен немесе өндіруші ұсынған жылдамдықпен, яғни қай жылдамдықтың төмен екеніне байланысты жүріңіз.
- Автокөлікті сақтықпен жүргізіңіз, кедір-бұдыр және шұңқыр жолмен жүрмеңіз, шұғыл бұрылыс жасамаңыз және тұрақтылықты жоғалуына әкелуі ықтимал қауіптерден аулақ болыңыз.
- Шұғыл бұрылыс жасамай, сырғып тежемеңіз.

Ақпарат

- Алдыңғы шиналарға доңғалақ шынжырларын орнатыңыз. Доңғалақ шынжырларын орнатудың жоғары қозғау күшін қамтамасыз ететіндігін, бірақ сырғудан сақтамайтынын ескеріңіз.
- Тікенекті шиналарды, оларды қолданудағы ықтимал шектеулерге қатысты жергілікті және мемлекеттік ережелермен алдын ала танысып алғанша, орнатпаңыз.

Шынжырларды орнату

Шынжырларды орнатқан кезде өндірушінің нұсқауларын орындап, оларды мүмкіндігінше мықтап орнатыңыз. Шынжырларды орнатып, 30 км/сағ. (20 миль/сағ.) аспайтын жылдамдықпен жүріңіз. Егер шынжыр автокөлік шассиіне не шанағына тиіп жатса, көлікті тоқтатып, оны тартып қойыңыз. Егер бұл әрекет мәселені шешпесе, жылдамдықты мұндай жанасу болмайтын мәнге дейін төмендетіңіз. Таза жолға шыққан соң, шынжырларды шешіп алыңыз. Шынжырды орнату үшін автокөлікті көлік құралдары өтіп бара жатқан жерден алшақтау, тегіс алаңға қойыңыз. Апаттық сигнал беру жүйесін қосып, автокөліктің артына апаттық аялдаманы ескертетін үшбұрыш белгісін (бар болса) қойыңыз. Шынжырларды орнату үшін селектор ауыстырып қосқышын "P" (тұраққа қою) қалпына келтіріп, тұрақ тежегішін қосып, қозғалтқышты сөндіріңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Сырғытпайтын шынжырларды қолданған кезде:

- Шиналардың өлшемін қате таңдау немесе шынжырлардың қате орнатылуы тежеу сызықтарының, шанақ пен доңғалақтардың зақымдануына әкелуі мүмкін.
- SAE «S» класына жататын шиналарды не сырғытпайтын шынжырларды қолданыңыз.
- Егер шиналар шанаққа тиіп жатса, жанасуды болдырмау үшін оларды тартып қойыңыз.
- Шанақ зақымдалмауы үшін шынжырларды әр 0,5~1,0 км (0,3~0,6 миль) сайын тартып отырыңыз.
- Алюминий дискілері бар автокөліктерге шынжырды орнатпаңыз. Олардың доңғалақтары бұған бейімделмеген.
- Сырғытпайтын шынжырлардағы сақиналардың ені шынжыр қосылысының зақымдалмауы үшін 12 мм-ден (0,47 дюймнен) аспауы тиіс.

Қыс мезгіліндегі сақтық шаралары

Салқындатқыш сұйықтығы ретінде жоғары сапалы этиленгликольді қолданыңыз

Автокөлігіңіз салқындату жүйесіндегі жоғары сапалы этиленгликольмен жеткізіледі. Тек осы типтегі салқындатқыш сұйықтықты қолданыңыз, себебі ол коррозия мен мұздаудың алдын алып, су сорғысын майлайды. 8-бөлімде берілген техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес салқындатқыш сұйықтықты ауыстырып, толықтырып құйып тұруды ұмытпаңыз. Қыс басталмай тұрып салқындатқыш сұйықтықты оның мұздау нүктесі қысқы шарттар үшін жарамды екеніне көз жеткізу үшін сынап көріңіз.

Аккумулятор батареясын және электр сымдар жүйесін тексеріңіз.

Төмен температураларда АКБ-ның заряды жылдам отырады. **АКБ мен кабельдерді 8-тарауда көрсетілгендей тексеріңіз.** АКБ зарядының деңгейін HYUNDAI ресми дилерінде немесе техникалық қызмет көрсету бекетінде тексеріп алуға болады.

Қажет болғанда, қысқы майды құйыңыз

Кейбір аймақтарда қыс мезгілінде тұтқырлығы аздау «қысқы» майды қолдануға кеңес беріледі. Толық ақпарат 8-тарауда берілген. Қысқы майдың түріне күмәндансаңыз, HYUNDAI ресми дилерінің көмегіне жүгініңіз.

Оталдыру білтелері мен оталдыру жүйесін тексеріңіз.

Оталдыру білтелерін 8-тарауда көрсетілгендей тексеріңіз. Қажет болғанда, білтелерді ауыстырыңыз. Оған қоса, сымдар жүйесі мен оталдыру жүйесі шынжырының басқа компоненттерінде жарықтардың, тозудың және зақымдардың бар-жоғын тексеріңіз.

Есіктердің құлыптарын мұздатпаңыз

Құлыптар мұздамауы үшін кілт саңылауына мақұлданған мұз қатырмайтын сұйықтық немесе глицерин жағыңыз. Егер құлып саңылауын мұз басса, оны жою үшін мақұлданған мұз қатырмайтын сұйықтықты қолданыңыз. Құлыптың ішкі компоненттеріне мұз қатса, оны қыздырылған кілтпен ерітіп көріңіз. Жарақат алмау үшін, қызған кілтті абайлап қолданыңыз.

Әйнек жуғыш жүйесіне қолдануға рұқсат берілген антифризді пайдаланыңыз

Әйнек жуғыш сұйықтығы қатып қалмауы үшін резервуарға әйнек жуғыш сұйықтығын қатырмайтын мақұлданған құралды қосыңыз. Әйнек жуғыш сұйықтығын қатырмайтын құралды HYUNDAI ресми дилерінен, сондай-ақ көптеген автобөлшектер дүкендерінен сатып алуға болады. Автокөліктің лак-бояу жабынын зақымдап алмау үшін қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығын не антифризді қолданбаңыз.

Тұрақ тежегішінің қатуына жол бермеңіз.

Кейбір жағдайларда тұрақ тежегіші қосылып тұрған күйінде қатуы мүмкін. Артқы тежегіштердің үстінде не олардың жанында мұз жиналғанда, сондай-ақ артқы тежегіштер су болған жағдайда, мұның ықтималдығы артады. Тұрақ тежегішінің қату қаупі болғанда, оны селектор тұтқасын «Р» (тұраққа қою) қалпына келтіріп, уақытша қосу керек. Оған қоса, автокөлік артқа жүріп кетпес үшін, артқы доңғалақтарын тіреп қойыңыз. Содан соң тұрақ тежегішін жіберіңіз.

Түбіне қар мен мұздың жиналуына жол бермеңіз

Кейбір жағдайларда автокөлік қанаттарының астында басқаруға кедергі жасайтын қар жиналып, мұз түзілуі мүмкін.

Қақаған қыста мұндай жағдайларда қозғалған кезде алдыңғы доңғалақтар мен руль компоненттерінің қозғалысы блокталмауы үшін автокөліктің төменгі жағын үнемі тексеріп тұру керек.

Автокөлікте апаттық жабдықты алып жүріңіз

Ауа райы жағдайларына байланысты қозғалыс кезінде тиісті апаттық жабдықты өзіңізбен бірге алып жүріңіз. Онда сырғыптайтын шынжырлар, сүйреу таспалары не шынжырлары, қалта шамы, сигнал шамдары, құм, күрек, қозғалтқышты сыртқы аккумулятор батареясынан оталдыру сымдары, әйнекті тазалауға арналған қырғыш, қолғап, төсеме, қаптар, көрпе және т.б. болуы мүмкін.

Мотор бөлігіне бөгде заттарды не материалдарды қоймаңыз

Мотор бөлігіндегі бөгде заттар не материалдар қозғалтқыштың ақаулығына немесе тұтануына әкелуі мүмкін, себебі олар қозғалтқыштың салқындауына кедергі келтіруі ықтимал. Өндірушінің кепілдігі мұндай зақымдарға қолданылмайды.

ТІРКЕМЕНІ СҮЙРЕУ

Тіркемені сүйреу үшін автокөлігіңізді қолданар алдында тиісті ведомство бекіткен жергілікті ережелермен танысып алғаныңыз жөн. Түрлі елдердің түрлі заңдарына байланысты тіркемелерді, автокөліктерді немесе өзге көлік құралдары мен құрылғыларды сүйреуге қатысты талаптар өзгешеленуі мүмкін. Сүйреуге қатысты толық мәліметті HYUNDAI ресми дилерлік орталығынан алыңыз.

Тіркемесі бар автокөлікті жүргізу жалғыз автокөлікті жүргізуден ерекшеленуі мүмкін екенін ескеріңіз. Тіркемесі бар автокөлікті жүргізу көлік жүргізудегі, сенімділік пен отын шығынындағы өзгерістерді білдіреді. Тіркемесі бар автокөлікті қауіпсіз жүргізу үшін бұл мақсатқа жарамды, әрі тиісті түрде қолданылатын жабдық қажет. Сүйреген кездегі қателермен байланысты автокөлік зақымына өндіруші кепілдігі қолданылмайды.

Бұл бөлімде тіркемесі бар автокөлікті жүргізу бойынша көптеген маңызды, уақытпен сыналған кеңестер мен ережелер бар. Олардың көбі Сіздің және жолаушылардың қауіпсіздігі үшін аса маңызды. Тіркемені сүйреу алдында осы бөлімді мұқият оқып шығыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Сәйкес келмейтін сүйреу құрылғысын қолдану немесе тіркемені сүйреген кездегі дұрыс емес көлік жүргізу мәнері көлік құралын бақылауда ұстау мүмкіндігінен айыруы мүмкін. Мысалы, егер тіркеме тым ауыр болса, тежеу тиімділігі төмен болуы мүмкін. Нәтижесінде өзіңіз немесе жолаушыларыңыз зардап шегуі не мерт болуы мүмкін. Тіркемені осы бөлімдегі барлық кеңестер толықтай орындалған жағдайда ғана сүйреңіз.
- Сүйреу алдында тіркеменің толық салмағы, GCW (автопойыздың толық салмағы), GVW (автокөліктің толық салмағы), GAW (көпірге түскен толық жүктеме) және тіркеме жалғастырғышынан түсетін жүктеме шектен аспайтынына көз жеткізіңіз.

i Ақпарат – Еуропа үшін


- Артқы белдікке (белдіктерге) түсетін техникалық тұрғыда рұқсат етілген ең жоғарғы жүктемені көп дегенде 15% -ға асыруға болады, ал көлік құралының техникалық тұрғыда рұқсат етілген ең жоғарғы толық салмағын, қай мәннің төменірек екеніне байланысты, көп дегенде 10% -ға немесе 100 кг-ға (220,4 фунтқа) асыруға болады. Бұл жағдайда M1 санатындағы көлік құралы үшін жылдамдықты 100 км/сағ. (62,1 миль/сағ.) немесе N1 санатындағы көлік құралы үшін 80 км/сағ. (49,7 миль/сағ.) мәнінен асырмаңыз.
- M1 санатындағы көлік құралы тіркемені сүйреп келгенде, тіркеменің ілініс құрылғысына түсетін қосымша жүктеме шиналарға түсетін рұқсат етілген ең жоғарғы жүктемеден көп дегенде 15% -ға асуы мүмкін. Бұл жағдайда жылдамдықты 100 км/сағ. (62,1 миль/сағ.) мәнінен асырмаңыз, шиналардағы қысымды аз дегенде 0,2 барға арттырыңыз.
- ※ M1: жолаушыларға арналған көлік құралы (9 немесе одан аз орын)
- ※ N1: коммерциялық көлік құралы (3,5 т немесе одан кем)

Тіркемені сүйреген кезде

Тіркемені сүйреу туралы шешім қабылданса, төменде бірнеше маңызды кеңес берілген:

- Тіркеменің тербелуін бақылау жүйесін қолдану мәселесін қарастырыңыз. Тіркемелер сатушысынан тіркеменің тербелуін бақылау жүйесі туралы сұрап алыңыз.
- Қозғалтқышты сынаған кезде, яғни алғашқы 2000 км (1200 миль) ішінде автокөлікті тіркемені сүйреу үшін қолданбаңыз. Осы сақтық шарасын орындамау қозғалтқыштың не беріліс қорабының ауыр зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Тіркеме қолдануды жоспарлай отырып, қосымша талаптар, мысалы, сүйреу жинағын және т.с.с. пайдалану туралы ақпарат алу үшін міндетті түрде HYUNDAI ресми дилерлік орталығына хабарласыңыз.
- Тек орташа жылдамдықпен (100 км/сағ. (60 миль/сағ.) шамасынан кем) немесе сүйреу жылдамдығының рұқсат етілген шегімен жүріңіз.
- Ұзақ өрлерде 70 км/сағ. (45 миль/сағ.) жылдамдығынан немесе жол белгісіндегі ең жоғарғы сүйреу жылдамдығынан (қай мәннің кем екеніне қарай) аспаңыз.
- Келесі беттерде берілген салмақ пен жүктеме бойынша шектеулер туралы ақпаратты мұқият оқып шығыңыз.

Тіркеме салмағы



Тіркеменің ең жоғарғы қауіпсіз салмағы қандай? Оның салмағы еш уақытта тежеу жүйесі бар тіркеменің ең жоғарғы салмағынан аспауы тиіс. Алайда мұндай тіркеменің өзі өте ауыр болуы мүмкін. Бұл тіркемені қолдану жоспарларына байланысты. Бәрі маңызды, мысалы, жылдамдық, теңіз деңгейінен жоғары биіктік, жол еңістері, сыртқы ауа температурасы және тіркемені сүйреу үшін автокөліктің қолданылу жиілігі. Тіркеменің оңтайлы салмағы автокөліктегі арнайы жабдыққа да байланысты болады.

Тіркеме жалғастырғышына түсетін жүктеме



Тіркеменің жалғастырғышына түсетін жүктеме аса маңызды, себебі ол автокөліктің толық салмағына әсер етеді. Тіркеменің жалғастырғышына түсетін жүктеме жалғастырғышқа түсетін рұқсат етілген ең жоғарғы жүктеме шегінде жүктелген тіркеменің толық салмағының 10%-ынан аспауы тиіс. Тіркемені жүктеп болған соң, талаптарға сәйкестігін тексеру үшін тіркемені және жалғастырғышқа түсетін жүктемені бөлек-бөлек өлшеңіз. Олар сәйкес келмесе, оларды жай ғана түзетуге болады, бұл үшін тіркемедегі кейбір заттарды жылжытыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Тіркеменің артқы бөлігін алдыңғы бөлігінен асыртып жүктемеңіз. Тіркеменің алдыңғы бөлігіндегі жүк толық жүктің шамамен 60%-ын құрауы тиіс; тиісінше, тіркеменің артқы бөлігіндегі жүк толық жүктің шамамен 40%-ын құрауы тиіс.
- Тіркеменің және тіркеменің сүйреу құрылғысының ең жоғарғы салмағын шегінен ешқашан асырмаңыз.

Қате жүктеу автокөліктің зақымдануына және/немесе жарақаттануға әкелуі мүмкін. Салмақ пен жүктемені коммерциялық таразы арқылы немесе таразымен жабдықталған жол инспекциясының бекетінде өлшеп тексеріңіз.

Тіркемені сүйреген кездегі салмақтар мен арақашықтықтардың көрсеткіші

■ Еуропа елдерінен басқасы

Қозғалтқыш		Бензиндік қозғалтқыш	
		2,0 л MPI	2,5 л MPI
		А/Т	А/Т
Тіркеменің ең жоғарғы салмағы кг	Тежеу жүйесі жоқ	700	700
	Тежеу жүйесі бар	1 400	1 400
Ілініс құрылғысына түсетін рұқсат етілген ең жоғарғы статикалық тік жүктеме кг		70	70
Артқы доңғалақтың ортасынан ілініс ортасына дейінгі ұсынылған арақашықтық мм		1 315	1 315


■ Еуропа үлгісі

Қозғалтқыш		Бензиндік қозғалтқыш	
		2,0 л MPI	2,5 л MPI
		А/Т	А/Т
Тіркеменің ең жоғарғы салмағы кг	Тежеу жүйесі жоқ	700	700
	Тежеу жүйесі бар	1 400	1 400
Ілініс құрылғысына түсетін рұқсат етілген ең жоғарғы статикалық тік жүктеме кг		70	70
Артқы доңғалақтың ортасынан ілініс ортасына дейінгі ұсынылған арақашықтық мм		1 315	1 315

А/Т : Автоматты трансмиссия

Тіркемені сүйреуге арналған жабдық

Фаркоптар



i Ақпарат

Фаркопты бекітуге арналған монтаждық санылаулар артқы доңғалақтардың артындағы төменгі қақпағының екі жағында орналасқан.

Тіркеу құрылғысын дұрыс таңдау аса маңызды. Бүйірден соғатын жел, жанынан өтетін ауыр жүк тасығыш самосвалдар және тегіс емес жолдар – ілініс құрылғысын дұрыс таңдау қажеттігінің кейбір себептері ғана. Төменде бірнеше міндетті ереже берілген:

- Тіркеменің ілініс құрылғысын орнату үшін автокөлік шанағында саңылаулар жасау қажет пе? Қажет болса, осы құрылғыны шешіп алған соң саңылауларды бітеп жабыңыз. Оларды бітемеген жағдайда, автокөлікке пайдаланылған газдар, соның ішінде иіс газы (CO), сондай-ақ балшық пен су еніп кетуі мүмкін.
- Автокөлік бамперлері ілініс құрылғыларын бекітуге арналмаған. Оларға жалданған ілініс құрылғыларын немесе бамперлік типтегі құрылғыларды бекітіп орнатпаңыз. Бамперге емес, рамаға бекітілетін ілініс құрылғыларын ғана қолданыңыз.
- Механикалық ілініс құрылғысы өзімен артқы нөмір белгісінің немесе көлік құралының жарық аспаптарының кез келген бөлігін жаппауы тиіс. Егер артқы нөмір белгісін және/немесе жарық аспаптарын механикалық ілініс құрылғысының қандай да бір бөлігі жартылай жауып тұрса, онда оңай шешіп алуға немесе механикалық ілініс құрылғысының өндірушісі жеткізетін, оңай (яғни көп дегенде 20 Нм күшпен) қолданылатын кілттен басқа қандай да бір құралды пайдаланбай жылжытуға келмейтін механикалық ілініс құрылғыларын қолдануға тыйым салынады.
- Егер артқы нөмір белгісі және/немесе артқы жарық аспаптары механикалық ілініс құрылғысының қандай да бір бөлігімен жабылып тұрса, орнатылған, бірақ қолданылмайтын механикалық ілініс құрылғысын әрдайым шешіп алу немесе жылжыту керектігін ескеріңіз.
- HYUNDAI тіркемелерін сүйреуге арналған керек-жарақтарды HYUNDAI ресми дилерлік орталығында сатып алуға болады.

Сақтандырғыш шынжырлар

Автокөлік пен тіркеме арасында әрдайым міндетті түрде сақтандырғыш шынжырларды қолданыңыз.

Сақтандырғыш шынжырларды пайдалану нұсқаулары ілініс құрылғысы немесе тіркеме өндірушісімен ұсынылуы мүмкін. Сақтандырғыш шынжырларды бекіту бойынша өндірушінің кеңестерін орындаңыз. Тіркемемен бұрылыстан өту үшін әрдайым жеткілікті босаң жер қалдырыңыз. Сақтандырғыш шынжырларды еш уақытта жолда сүйретіп жүрмеңіз.

Тіркеменің тежеу жүйесі

Егер тіркеме тежеу жүйесімен жабдықталған болса, оның ұлттық заңнамаға сәйкестігін, дұрыс орнатылғанын және жарамдылығын тексеріңіз.

Егер тіркеменің салмағы тежегіштері жоқ тіркеме үшін рұқсат етілген ең жоғарғы салмақтан асып түссе, оны тиісті тежегіштермен жабдықтау керек.

Тіркеменің тежеу жүйесін дұрыс орнату, реттеу және оған қызмет көрсету үшін тіркеменің тежеу жүйесіне қатысты нұсқауларды міндетті түрде оқып, орындап отырыңыз. Тіркеменің тежеу жүйесін сүйрейтін көлік құралының тежеу жүйесіне қоспаған жөн.

Тіркеме тежегіші көлік құралының тежеу жүйесіне тәуелсіз іске қосылуы тиіс.



АБАЙЛАҢЫЗ

Тежеу жүйесін реттеудің дұрыстығына күмәндансаңыз, дербес тежеу жүйесі бар тіркемені қолданбаңыз. Бұл реттеуді кәсіби мамандар ғана орындаулары тиіс. Бұл жұмысты орындау үшін тіркемелерге қызмет көрсететін құзыретті орталыққа жолығыңыз.

Тіркемесі бар автокөлікті жүргізу

Тіркемені сүйреу үшін белгілі бір тәжірибе қажет. Ортақ жолға шықпай тұрып, тіркеме құрылғысымен танысып алған жөн. Басқарудың қаншалықты сезімтал екенін және тіркеме салмағы қосылған тежегіштердің жұмысын өзіңіз тексеріп көріңіз. Жүргізіп келе жатқан көлік құралының енді анағұрлым ұзын, бөлек автокөлік сияқты жүргізуге аса сезімтал еместігін ылғи есте сақтаңыз.

Қозғалмас бұрын ілініс құрылғысы мен тіркеме платформасын, сақтандырғыш шынжырларды, электрлік қосылыстарды, жарық аспаптарын, шиналар мен тежегіштерді тексеріңіз.

Сапар барысында жүктің сенімді бекітілгенін, сондай-ақ тіркеменің жарық аспаптары мен тежеу жүйесінің жұмысын ара-тұра тексеріп тұрыңыз.

Арақашықтық

Алда келе жатқан автокөліктерге дейінгі әдепкі арақашықтықты кем дегенде екі есеге ұлғайтыңыз.

Бұл кенеттен тежеуді және шұғыл бұрылуды қажет ететін жағдайлардан аулақ болуға мүмкіндік береді.

Басып озу

Тіркемені сүйреген кезде басып озуға қажетті қашықтық артады.

Сонымен бірге, тіркемесі бар автокөлік ұзындығының артуы салдарынан өз қатарына оралу үшін озған автокөлікке дейін әлдеқайда үлкен арақашықтық қажет.

Артқа қарай жүру

Рульді бір қолмен астынан ұстаңыз. Содан соң, тіркемені солға жылжыту үшін қолыңызды жай ғана солға қарай жылжытыңыз. Тіркемені оңға жылжыту үшін қолыңызды оңға қарай жылжытыңыз.

Артқа қарай әрдайым баяу жүріңіз және мүмкіндігінше Сізді бағыттап тұратын біреудің көмегіне жүгініңіз.

Бұрылыстарда қозғалу

Тіркемемен бірге бұрылған кезде едеттегіден бірқалыпты бұрылыңыз. Бұны, тіркеме жолдың жиегіне шығып кетпейтіндей, жиектастарға, жол белгілеріне, ағаштарға не өзге нысандарға соғылмайтындай орындау керек. Жұлқымаңыз және кенеттен маневрлар жасамаңыз. Бұрылыс сигналдарын алдын ала қосыңыз.

Бұрылыс көрсеткіштері

Тіркемені сүйреп келе жатқан автокөліктің қосымша бұрылыс көрсеткіштері мен сымдар жүйесі болуы тиіс. Аспаптар тақтасындағы жасыл көрсеткілер бұрылыс сигналы берілген сайын немесе қозғалыс жолағы өзгерген сайын жыпылықтайды. Тіркеменің дұрыс қосылып тұрған жарық аспаптары да жыпылықтап, басқа жүргізушілерге Сіздің бұрылу, қозғалыс жолағын өзгерту немесе тоқтау ниетіңіз жайлы ескертеді.

Тіркемені сүйреген кезде, тіркемедегі бұрылыс көрсеткіштерінің шамдары күйіп кетсе де, аспаптар тақтасындағы жасыл көрсеткілер бұрылған кезде жыпылықтайды.

Нәтижесінде Сіздің артыңызда келе жатқан жүргізушілер сигналдарыңызды көріп тұр деп санайсыз, ал іс жүзінде сигналдар оларға көрінбей тұрады.

Сол себептен тіркеме шамдарының ақаусыздығын ара-тұра тексеріп тұру керек. Оған қоса, жарық аспаптарының жұмысын да электрлік сымдар жүйесінің ағытпаларын ажыратқан және қосқан сайын міндетті түрде тексеріп отыру керек.



АБАЙЛАҢЫЗ

Тіркеменің жарық жүйесін тікелей автокөліктің жарық жүйесіне қоспаңыз. Пайдалануға рұқсат етілген тіркеме сымдарының ширағын қолданыңыз. Бұл талапты орында мау автокөліктің электрлік жүйесінің зақымдалуына және (немесе) жарақаттарға әкелуі мүмкін. Көмек алу үшін HYUNDAI ресми дилерлік орталығына хабарласыңыз.

Автокөлікті еңісте жүргізу

Ұзақ не тік еңіспен қозғалмай тұрып, жылдамдықты төмендетіңіз және төмен берілісті қосыңыз. Егер төмен берілісті қоспасаңыз, жиі тежеуге тура келеді, ал бұл тежегіштердің қызуына және тиімділігінің төмендеуіне әкеледі.

Ұзақ өрлерде төменірек берілісті қосыңыз, қозғалтқыш пен беріліс қорабының қызу ықтималдығын жоққа шығару үшін жылдамдықты шамамен 70 км/сағ. (45 миль/сағ.) дейін төмендетіңіз.

Егер АБАҚ бар автокөлік үшін тіркеме салмағы тежегіштері жоқ тіркеменің рұқсат етілген ең жоғарғы салмағынан асып түссе, тіркемені сүйреу үшін берілісті ауыстырып қосу иінтірегі D (алға жүру) қалпында тұруы тиіс.

Тіркемені сүйреген кезде автокөлікті D (алға жүру) режимінде жүргізу тежегіштердің қызуын барынша басып, беріліс қорабының қызмет ету мерзімін ұзартады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Төменде қозғалтқыш пен беріліс қорабының қызуына жол бермеу бойынша сақтық шаралары келтіріледі:

- Тіркемені тік өрлерде (6%-дан астам) сүйреген кезде, қызудың алдын алу үшін қозғалтқыштағы салқындатқыш сұйықтық температурасының көрсеткішін қадағалап отыру керек. Егер салқындатқыш сұйықтық температурасының көрсеткіші «130 немесе H (жоғары температура)» шкаласы шегінде болса, автокөлікті қауіпсіз жерде дереу тоқтатып, қозғалтқыш салқындағанша оны бос жүрісте істетіп қойыңыз. Қозғалтқыш тиісті деңгейге дейін салқындағаннан кейін қозғалысты жалғастыруға болады.
- Автокөліктің және тіркеменің ең жоғарғы салмағымен тіркемені сүйреген кезде қозғалтқыш не трансмиссия қызып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайларда қозғалған кезде қозғалтқыш суығанша оны бос жүрісте істетіп қойыңыз. Қозғалтқыш не трансмиссия тиісті деңгейге дейін салқындағаннан кейін қозғалысты жалғастыруға болады.

- Тіркемені сүйреген кезде көлік құралының жылдамдығы жалпы көлік легінің жылдамдығынан әлдеқайда төмен болуы мүмкін, әсіресе өрмен жоғары қарай қозғалғанда. Тіркемені өрмен жоғары қарай сүйреген кезде оң жақтағы қозғалыс жолағын қолданған жөн. Көлік құралының жылдамдығы тіркемелері бар көлік құралдарының рұқсат етілген ең жоғарғы жылдамдығына, еңістің тіктігіне және тіркеменің салмағына байланысты таңдалуы тиіс.

Автокөлікті еңісте тұраққа қою

Әдетте, егер тіркеме автокөлікке жалғанып тұрса, автокөлікті еңісте тұраққа қоймауыңыз керек.

Алайда, егер тіркемені сонда да еңісте тұраққа қою керек болса, келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Тұрақ орнына тұрыңыз.
Рульді жиектас жағына бұрыңыз (егер бағыт еңіспен төмен қарай болса – оңға; егер бағыт өрмен жоғары қарай болса – солға)
2. Берілісті таңдау түймесін «Р» (тұраққа қою) қалпына келтіріңіз.
3. Тұрақ тежегішін қосып, қозғалтқышты сөндіріңіз.
4. Тұрақ қыспақтарын тіркеме доңғалағының астына, еңіспен төмен қарай орналасқан доңғалақтар жағына қойыңыз.
5. Қозғалтқышты оталдырыңыз, тежегіш педалін басыңыз, берілісті бейтарап қалыпқа келтіріңіз, тұрақ тежегішін жіберіңіз және тіркеменің тұрақ қыспақтары жүктемені өзіне алатындай тежегіштерді ақырындап жіберіңіз.
6. Тежегіш педалін қайта басып, тұрақ тежегіштерін іске қосыңыз.
7. Берілісті таңдау түймесін «Р» (тұраққа қою) қалпына келтіріңіз.
8. Қозғалтқышты сөндіріп, автокөлік тежегіштерін жіберіңіз, бірақ тұрақ тежегішін қосулы күйінде қалдырыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Ауыр жарақаттар мен өлім ықтималдығын жоққа шығару үшін:

- Тұрақ тежегіші дұрыс қосылғанша автокөліктен шықпаңыз. Егер қозғалтқыш қосылып тұрса, автокөлік кенеттен қозғалып кетуі мүмкін. Нәтижесінде өзіңізге және басқа адамдарға қатты зақым келуі не өлім жағдайлары орын алуы мүмкін.
- Автокөлікті өрде ұстап тұру үшін акселератор педалін қатты баспаңыз.

Еңісте тоқтағаннан кейін орыннан қозғалу

1. Берілісті таңдау түймесін «Р» (тұраққа қою) қалпына келтіріп, келесі әрекеттерді орындай отырып, тежегіш педалін басып тұрыңыз:
 - Қозғалтқышты оталдырыңыз;
 - Берілісті қосыңыз; және
 - Тұрақ тежегішін жіберіңіз.
2. Тежегіш педалінен аяғыңызды ақырын алыңыз.
3. Тіркемені тұрақ қыспақтарынан босату үшін баяу ілгері жылжыңыз.
4. Тұрақ қыспақтарын жинап, сақтауға алып қою үшін тоқтаңыз.

Тіркемені сүйреген кездегі техникалық қызмет көрсету

Тіркемені жүйелі түрде сүйреген кезде автокөлікке жиірек қызмет көрсету керек.

Мотор майының, АБАҚ арналған сұйықтықтың, белдіктер майы мен салқындату жүйесіндегі сұйықтықтың деңгейін тексеруге ерекше көңіл бөліңіз. Тежегіштердің жағдайын да жиі тексеріп тұру керек. Егер Сіз тіркемесі бар автокөлікті жүргізетін болсаңыз, жолға шықпас бұрын осы бөлімдерді қарап шығыңыз. Тіркемеге және тіркеу құрылғысына қызмет көрсетуді ұмытпаңыз. Тіркемеге қоса берілген техникалық қызмет көрсету кестесін ұстаныңыз және мерзімді түрде тексеріп тұрыңыз.

Тексеруді күнде, қозғалысты бастамай тұрып орындаған дұрыс. Тіркеу құрылғысының көлік құралына бекітілу сапасын тексеріңіз.

Тіркеменің электрлік сымдар жүйесін тексеріп, тежеу сигналдары, бұрылыс көрсеткіштері, габарит жарығы мен апат сигналдары тиісті түрде жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөліктің зақымдалу ықтималдығын болдырмау үшін:

- Ыстық ауа райында немесе өрге шыққанда тіркемеден болатын жоғары жүктеме қызып кетуге әкеледі. Егер салқындатқыш сұйықтығы температурасының көрсеткіші қызып кетуді көрсетсе, қозғалтқышты салқындату үшін ауа кондиционерін өшіріп, қауіпсіз жерде тоқтаңыз.
- Сүйреген кезде автоматты беріліс қорабының сұйықтығын жиі тексеріп тұру керек.
- Егер автокөлік ауа кондиционерімен жабдықталмаған болса, тіркемені сүйреген кездегі қозғалтқыштың сипаттамаларын жақсарту үшін конденсатор желдеткішін орнатыңыз.

АВТОКӨЛІКТІҢ САЛМАҒЫ

Жүргізушінің есігінде автокөліктің рұқсат етілген жүктеме салмағы көрсетілген екі тақтайша, шиналар мен жүктеме туралы ақпараты бар тақтайша және сертификациялық тақтайша бар.

Автокөлікті жүктемей тұрып, сертификациялық тақтайшадағы деректер бойынша автокөліктің салмақтық сипаттамаларын түсінуге мүмкіндік беретін келесі терминдермен танысыңыз:

Толық жарақталған автокөліктің өз салмағы

Бұл толықтай отын құйылған отын бағы мен бүкіл стандартты жабдықты қоса алғандағы автокөліктің салмағы. Оған жолаушылар, жүк немесе қосымша жабдық кірмейді.

Автокөліктің өз салмағы

Бұл кейбір қосымша жабдық орнатылған, дилерден алынған жаңа автокөліктің салмағы.

Жүк салмағы

Бұл салмақ, жүк пен қосымша жабдықты қоса алғанда, толығымен жарақталған автокөліктің өз салмағына қосылған барлық салмақтардан тұрады.

Белдікке түсетін толық жүктеме (GAW)

Бұл – автокөліктің өз салмағы мен барлық пайдалы жүктемелерді қоса алғанда, әрбір (алдыңғы және артқы) белдікке түсетін толық салмақ.

Белдікке түсетін толық номиналды жүктеме (GAWR)

Бұл – бір белдік (алдыңғы және артқы) көтере алатын рұқсат етілген ең жоғарғы салмақ. Бұл мәндер сертификациялық тақтайшада көрсетілген.

Әрбір белдікке түсетін толық жүктеме ешқашан GAWR мәнінен аспауы тиіс.

Автокөліктің толық салмағы (GVW)

Бұл – жүк салмағы мен жолаушылар салмағы ескерілген толығымен жарақталған автокөліктің өз салмағы.

Автокөліктің номиналды толық салмағы (GVWR)

Бұл – толығымен жүктелген автокөліктің рұқсат етілген ең жоғарғы салмағы (барлық опцияларды, жабдықты, жолаушылар мен жүкті қоса алғанда). Автокөліктің номиналды толық салмағы (GVWR) жүргізушінің есігінде орналасқан сертификациялық тақтайшада көрсетілген.

Шамадан артық жүк тиеу

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлігіңізге қатысты белдікке түсетін толық номиналды жүктеме (GAWR) және автокөліктің толық номиналды салмағы (GVWR) жүргізушінің (немесе алдыңғы жолаушының) есігіне бекітілген сертификациялық тақтайшада көрсетілген.

Осы номиналды жүктемелерден асырылған жағдайда, апат орын алуы немесе автокөлік зақымдануы мүмкін. Түсетін жүктеменің салмағын заттарды (және адамдарды) автокөлікке орналастырмас бұрын өлшеу арқылы есептеуге болады. Автокөлікке шамадан артық жүк тиемеуге тырысыңыз.

7. Апаттық жағдайлар

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі	7-3
Қозғалыс барысында күтпеген жағдай болғанда	7-3
Қозғалтқыш қозғалыс барысында тоқтап қалса	7-3
Қозғалтқыш жолдар қиылысында тоқтап қалса	7-3
Қозғалыс барысында шина босап қалса	7-4
Қозғалтқышты оталдыру мүмкін болмаса	7-5
Қозғалтқыш айналмаса не баяу айналса	7-5
Қозғалтқыш қалыпты түрде айналса, бірақ іске қосылмаса	7-5
Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру	7-6
Егер қозғалтқыш қызып кетсе	7-10
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (ШҚБЖ)	7-12
Шиналардағы қысымды тексеріңіз	7-12
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі	7-13
Шинадағы қысымның төмен екенін көрсететін құрылғы	7-14
Шинадағы төмен қысым күйінің көрсеткіші және шинадағы қысым индикаторы	7-14
TPMS жүйесі (шиналардағы қысымды бақылау жүйесі) ақаулығының индикаторы	7-16
TPMS бар шиналарды ауыстыру	7-16
Қозғалыс барысында шина босап қалса (қосалқы доңғалақ болған кезде)	7-19
Домкрат және құрал-саймандар	7-19
Доңғалақты ауыстыру	7-20
Домкраттың жапсырмасы	7-26
Домкратқа арналған ЕО нормативтеріне сәйкестік туралы мәлімдеме	7-27
Шина босап кеткен болса (шина жөндеу жиынтығымен)	7-28
Кіріспе	7-28
Шина жөндеу жиынтығын қауіпсіз пайдалануға қатысты ескертпелер	7-29
Шина жөндеу жиынтығының компоненттері	7-31
Шина жөндеу жиынтығын пайдалану	7-32
Герметікті бөлу	7-34

Шиналардағы ауа қысымын тексеру	7-35
Сүйреу	7-38
Көлік құралдарын тасымалдау қызметі	7-38
Алмалы сүйреу ілгегі	7-39
Апаттық сүйреу	7-40
Апаттық жиынтық	7-43
Өрт сөндіргіш	7-43
Дәрі қобдишасы	7-43
Апаттық аялдау белгісі	7-43
Шина манометрі	7-43
Эра-глонасс шұғыл шақыруы	7-44
ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысы	7-46

АПАТТЫҚ ЖАРЫҚ СИГНАЛЫН БЕРУ ЖҮЙЕСІ



Апаттық жарық сигналын беру жүйесі басқа жүргізушілерге осы көлік құралының жанында болған кезде аса сақ болу қажет екені туралы ескерту ретінде қызмет етеді.

Оны апаттық жөндеу орындалған сайын немесе көлік құралын жол жиегінде тоқтатқан сайын пайдалану керек.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосу не өшіру үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесін ажыратқышты басу керек (бұл кезде оталдыру жүйесі қосулы не өшірулі болуы мүмкін). Түйме орталық панельдің жиектемесінде орналасқан. Барлық бұрылыс сигналдары бір уақытта жыпылықтай бастайды.

- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі көлік құралының қозғалып не тоқтап тұрғанына қарамастан жұмыс істейді.
- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосылып тұрған кезде бұрылыс сигналдары жұмыс істемейді.

ҚОЗҒАЛЫС БАРЫСЫНДА КҮТПЕГЕН ЖАҒДАЙ БОЛҒАНДА

Қозғалтқыш қозғалыс барысында тоқтап қалса

- Көлік құралын түзу сызықпен жүргізу арқылы жылдамдықты біртіндеп азайтыңыз. Қауіпсіз жерде жол жиегінде абайлап тоқтаңыз.
- Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз
- Қозғалтқышты оталдырып көріңіз. Егер көлік құралының қозғалтқышын оталдыру мүмкін болмаса, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу қажет.

Қозғалтқыш жолдар қиылысында тоқтап қалса

Қозғалтқыш жолдар қиылысында немесе жол торабында тоқтап қалса, селектордың тұтқасын «N» (бейтарап) қалпына орнатып, автокөлікті қауіпсіз жерге итеріп шығарыңыз.

Қозғалыс барысында шина босап қалса

Қозғалыс барысында шина босай бастаса:

- Аяғыңызды акселератор педалінен алып тастап, көлік құралының жылдамдығын төмендетуге мүмкіндік бере отырып, түзу жүре беріңіз.

Тежегішті басып, жолдың шетіне шығуға тырыспаңыз, кері жағдайда, көлік құралын басқара алмауыңыз және апат орын алуы мүмкін.

Көлік құралының жылдамдығын қауіпсіз деңгейге дейін төмендеткеннен кейін абайлап тежей бастауға болады, содан кейін көлік құралын жол жиегінде тоқтату қажет. Тоқтату үшін жолдан мүмкіндігінше алыс орналасқан беті қатты тегіс жерді таңдау керек. Автомагистральдің бөлу жолағына тоқтауға тыйым салынады.

- Автокөлік тоқтағаннан кейін апаттық сигнал беру жүйесін қосып, селектор тұтқасын «Р» (тұраққа қою) қалпына орнатып, тұрақ тежегішін қосып, оталдыру жүйесін өшіру қажет.

- Барлық жолаушылар көлік құралынан шығулары керек. Бұл ретте олар көлік құралының жолға қарама-қарсы жағында болулары тиіс.
- Доңғалақты ауыстырған кезде әрі қарай осы тарауда келтірілетін нұсқаулар орындалуы тиіс.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ОТАЛДЫРУ МҮМКІН БОЛМАСА

Қозғалтқыш айналмаса не баяу айналса

- Автоматты беріліс қорабы бар автокөліктерде селектор тұтқасының «N» (бейтарап) немесе «Р» (тұраққа қою) қалпына орнатылғанына көз жеткізіңіз. Қозғалтқышты селектор тұтқасы «N» (бейтарап) немесе «Р» (тұраққа қою) қалпына орнатылған жағдайда ғана іске қосуға болады.
- Аккумулятор батареясындағы шықпалардың қосылыстарын тексеріңіз және олардың таза әрі нық тартылғанына көз жеткізіңіз.
- Салон жарығын қосыңыз. Стартерді қосқан кезде шамдар күңгірттенсе немесе сөніп қалса, бұл батарея зарядының таусылғанын білдіреді.

Қозғалтқышты көлік құралын сүйреу немесе итеру арқылы оталдыруға тырыспаңыз. Бұл көлік құралының зақымдалуына әкелуі мүмкін. **Осы тарауда көрсетілген қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру жөніндегі нұсқауларды қараңыз.**



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Көлік құралын сүйреу немесе итеру арқылы қозғалтқышты оталдыру әрекеті каталитикалық бейтараптандырғышқа отынның көп мөлшерде түсуіне әкеп соғады, бұл шығарындыларды бақылау жүйесіне зақым келтіруі мүмкін.

Қозғалтқыш қалыпты түрде айналса, бірақ іске қосылмаса

- Отын деңгейін тексеріп, қажетінше отын құйыңыз.
- Егер қозғалтқыш сонда да оталмаса, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуыңыз керек.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ СЫРТҚЫ ҚУАТ КӨЗІНЕН ОТАЛДЫРУ

Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен қате оталдыру қауіпті болуы мүмкін. Ауыр жарақат алмау немесе көлік құралын зақымдап алмау үшін осы бөлімде көрсетілген қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру процедурасы орындалуы тиіс. Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен дұрыс оталдыру мүмкіндігіне сенімді болмаған жағдайда, қызмет көрсету жөніндегі маманның немесе эвакуатордың қызметтерін пайдалану ұсынылады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Аккумулятор батареясының жанында жұмыс істеген кезде немесе оған қызмет көрсеткен кезде **АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУ** немесе **ӨЛІП КЕТУ** ықтималдығын болдырмау үшін әрдайым мынадай сақтық шараларын орындау керек:



Аккумулятор батареясымен жұмыс істеудің алдында төменде берілген нұсқауларды оқыңыз.



Көзді электролиттің шапырауынан қорғау үшін қауіпсіздік көзілдірігін қолдану керек.



Аккумулятор батареясының дәл жанында ашық отты пайдалануға немесе темекі шегуге тыйым салынады.



Аккумулятор батареясының элементтерінде әрдайым тез тұтанғыш газ тәрізді сутек болады, ол жарылуы мүмкін.



Аккумулятор батареялары балалардың қолдары жетпейтін жерде сақталуы тиіс.



Аккумулятор батареяларында күкірт қышқылы бар, ол қатты тотығуды тудырады. Қышқылдың көзге, сондай-ақ теріге немесе киімге тиюінен сақтану керек.

Қышқыл көзге тисе, оны кем дегенде 15 минут таза сумен жуып, дереу медициналық көмекке жүгіну керек. Қышқыл теріге тисе, зақымдалған жерді жақсылап жуу керек. Егер зақымдалған жер ауырса немесе күйік белгілері болса, дереу медициналық көмекке жүгіну керек.

- Пластмасса корпусы бар аккумулятор батареясын көтерген кезде шамадан тыс басу аккумулятор қышқылының төгілуіне әкеп соғуы мүмкін. Аккумулятор батареясын оны тасымалдауға арналған арнайы құрылғының көмегімен немесе қарама-қарсы бұрыштарынан қолыңызбен ұстап көтеру керек.

- Көлік құралында орнатылған аккумулятор батареясында электролит қатып қалса, қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру әрекетін орындауға тыйым салынады.
- Аккумулятор батареясы көлік құралына қосылған болса, оны зарядтауға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**.
- Оталдыру жүйесінде жоғары кернеу бар. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда немесе оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда бұл компоненттерге қол тигізуге **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**.
- Сыртқы қуат көзінен оталдыру үшін (+) және (-) кабельдерін бір-біріне тигізбеу керек. Бұл ретте ұшқын пайда болуы мүмкін.
- Заряды таусылған немесе мұздатылған аккумулятор батареясы бар сыртқы қуат көзінен оталдыру әрекетін жасағанда, аккумулятор батареясы шытынап немесе жарылып кетуі мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Көлік құралы зақымдалмауы үшін:

- Қозғалтқышты оталдыру үшін тек 12 вольттық қуат көзі (аккумулятор батареясы немесе басқа қуат көзі) пайдаланылуы керек.
- Қозғалтқышты көлік құралын сүйреу немесе итеру арқылы оталдыруға тыйым салынады.




Ақпарат



Батареяны тиісті түрде кәдеге жаратпау қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсер етуі мүмкін. Аккумулятор батареясы жергілікті заңдар мен нормаларға сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс.

Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру процедурасы

1. Сыртқы қуат көзінен оталдыру үшін кабельдердің ұзындығы жеткілікті болатындай етіп, көлік құралдарын бір-бірінен жеткілікті қашықтықта орналастырыңыз.
2. Көлік құралының қозғалтқышы тоқтап қалса да, желдеткіш термен және мотор бөлігіндегі кез келген басқа қозғалмалы бөлшектермен жанасудан аулақ болу керек.
3. Радиоқабылдағыш, жарықтандыру аспаптары, кондиционер және т.б. сияқты барлық электр құрылғыларын өшіріңіз. Селекторды «Р» (тұраққа қою) қалпына орнатып, тұрақ тежегішін қосыңыз. Екі көлік құралындағы қозғалтқыштар да тоқтатылуы керек.



4. Іске қосу кабельдерін суретте көрсетілген реттілікті қатаң сақтай отырып қосыңыз.
Бірінші кезекте іске қосу кабелі АКБ заряды таусылған көлік құралындағы сыртқы қуат көзінен оталдыруға арналған қызыл түсті оң шықпаға (+) қосылады (1).
5. Іске қосу кабелінің екінші ұшы АКБ зарядталған көлік құралындағы АКБ қызыл түсті оң шықпасына (+) / сыртқы қуат көзінен оталдыруға арналған шықпаға қосылады (2).
6. Екінші іске қосу кабелін АКБ зарядталған көлік құралындағы АКБ қара түсті теріс (-) шықпасына/шассидің «массасына» жалғаңыз (3).

7. Екінші іске қосу кабелінің екінші ұшын АҚБ заряды таусылған көлік құралындағы шасси «массасының» қара түсті теріс (-) шықпасына жалғаңыз (4).

Кабельдерді АҚБ тиісті шықпаларынан, сыртқы қуат көзінен немесе тиісті «массадан» оталдыру шықпаларынан басқа кез келген жерге жалғауға болмайды. Қосылу орындалып жатқан кезде аккумулятор батареясына қарай еңкеюге болмайды.

8. Қозғалтқышты тоқтатар алдында көлік құралы кемінде 30 минут қозғалуы тиіс немесе қозғалтқыш бос жүрісте кемінде 60 минут жұмыс істеуі тиіс. Аккумулятор батареясы жеткілікті уақыт ішінде зарядталмаса, қозғалтқышты одан әрі оталдыру сәтсіз болуы мүмкін. Сонымен бірге, батареяны зарядтау және тексеру үшін жақын маңдағы қызмет көрсету орталығына хабарласуға болады.

Осыдан кейін АҚБ заряды таусылған көлік құралының қозғалтқышын оталдырыңыз.

Қозғалтқыш бірнеше әрекеттен кейін оталмаса, техникалық қызмет көрсету қажет болуы мүмкін. Бұл жағдайда білікті маманның көмегіне жүгінген жөн. АҚБ зарядының таусылу себебі айқын болмаса, тексеруді орындау үшін көлік құралын HYUNDAI ресми дилеріне жеткізу ұсынылады.

Сыртқы қуат көзінен оталдыруға арналған кабельдерді кері ретпен ажыратыңыз:

1. Іске қосу кабелін АҚБ заряды таусылған көлік құралындағы шасси «массасының» қара түсті теріс (-) шықпасынан ажыратыңыз (4).
2. Іске қосу кабелінің екінші ұшын АҚБ зарядталған көлік құралындағы АҚБ қара түсті теріс (-) шықпасынан/шасси «массасының» шықпасынан ажыратыңыз (3).
3. Екінші іске қосу кабелін АҚБ зарядталған көлік құралындағы АҚБ қызыл түсті оң шықпасынан (+)/сыртқы қуат көзінен оталдыруға арналған шықпадан ажыратыңыз (2).
4. Іске қосу кабелінің екінші ұшын АҚБ заряды таусылған көлік құралындағы сыртқы қуат көзінен оталдыруға арналған қызыл түсті оң (+) шықпадан ажыратыңыз (1).

ЕГЕР ҚОЗҒАЛТҚЫШ ҚЫЗЫП КЕТСЕ

Егер температура көрсеткіші қызып кетуді көрсетсе, қуат жоғалса немесе қатты соғулар не дүрсілдер естілсе, қозғалтқыш қатты қызып кетуі мүмкін. Олай болған кезде, төмендегілерді орындауыңыз керек:

1. Мүмкіндігінше тезірек жолдың шетіне қарай бұрып, қауіпсіз болған кезде көлік құралын тоқтату.
2. Селекторды «Р» (тұраққа қою) қалпына орнатып, тұрақ тежегішін қосу. Кондиционер қосылған болса, оны өшіру.
3. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы көлік құралының астынан ағып тұрса немесе капоттың астынан бу шықса, қозғалтқышты сөндіру керек. Салқындатқыш сұйықтық ағып біткенше және бу шығып болғанша капотты ашпағаныңыз жөн. Салқындатқыш сұйықтықтың ағып тұрғаны байқалмаса, қозғалтқышты сөндірмей қалдыру керек, бұл ретте қозғалтқышты салқындату жүйесінің желдеткіші жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізу керек. Егер желдеткіш жұмыс істемесе, қозғалтқышты сөндіру керек.

АБАЙЛАҢЫЗ



Ауыр жарақаттың алдын алу үшін қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде салқындату жүйесінің желдеткіші мен жетек белдіктері сияқты қозғалмалы бөліктерге қол тигізбеу керек.

4. Радиаторды, құбыршектерді және көлік құралының астындағы кеңістікті салқындатқыш сұйықтықтың ағып кетпегеніне тексеріңіз. (Кондиционер пайдаланылса, онда көлік құралы тоқтағаннан кейін одан суық судың ағуы қалыпты жағдай болып саналады).
5. Қозғалтқыштағы салқындатқыш сұйықтық ағып тұрса, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқаныңыз жөн.

АБАЙЛАҢЫЗ



Қозғалтқыш суымаса, радиатордың тығынын ашуға немесе ағызу

тығынын бұрап шығаруға **БОЛМАЙДЫ**. Ыстық салқындатқыш сұйықтық пен қысым астындағы бу шығып, бұл ауыр жарақат алуға әкеп соғуы мүмкін.

Қозғалтқышты тоқтатып, қозғалтқыштың суығанын күту керек. Радиатордың тығынын шешіп алған кезде өте сақ болу керек. Ол үшін тығынды қалың майлықпен орап, алғаш тоқтағанға дейін сағат тіліне қарсы бағытта баяу бұраңыз.

Салқындату жүйесінен қысым шығарылған кезде алшақтау жерге барып тұру керек. Барлық қысым шығарылғаннан кейін қалың майлықты пайдаланып, тығынды басыңыз, радиатор тығынын толығымен алып тастау үшін сағат тіліне қарсы бағытта тағы бұраңыз.

6. Қызып кетудің себебі анықталмаса, қозғалтқыштың температурасы қалыпты болғанша күту керек. Содан кейін, қажет болған жағдайда, кеңейткіш бакқа салқындатқыш сұйықтықты орташа деңгейге дейін абайлап қосыңыз.

7. Қызып кету белгілерін қадағалай отырып, жүрісті абайлап жалғастырыңыз. Қайта қызып кеткен жағдайда, HYUNDAI ресми дилерінің көмегіне жүгініңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Салқындатқыш сұйықтықтың айтарлықтай жоғалуы салқындату жүйесінен сұйықтықтың ағып кетуін білдіреді, сондықтан жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.

- Егер қозғалтқыш салқындатқыш сұйықтықтың төмен деңгейі салдарынан қызып кетсе, салқындатқыш сұйықтықтың көп мөлшерін бірден қосқан кезде қозғалтқышта жарықтар пайда болуы мүмкін.


Зақымданудың алдын алу үшін салқындатқыш сұйықты азғантай бөліктермен баяу қосу керек.

ШИНАЛАРДАҒЫ ҚЫСЫМДЫ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (ШҚБЖ) (БАР БОЛСА)



- (1) Шиналардағы төмен қысым/ШҚБЖ ақаулығы индикаторы
- (2) Шинадағы төмен қысым күйінің көрсеткіші және шинадағы қысым индикаторы (СК дисплейде көрсетіледі)

Шиналардағы қысымды тексеріңіз (бар болса)



- Шиналардағы қысымды аспаптар тақтасындағы «Assist» (көмек) режимінде тексеруге болады.

4-тараудағы «СК дисплей режимдері» бөлімін қараңыз.

- Шиналардағы ауа қысымы қозғалтқышты аталдырғаннан кейін жүрудің бірнеше минутынан соң көрсетіледі.
- Егер автокөлікті тоқтатқаннан кейін қысым көрсетілмесе, «Drive to display» хабарламасы көрсетіледі (көрсету үшін қозғалысты бастаңыз). Қозғалыс басталғаннан кейін шиналардағы қысымды тексеріңіз.
- Шиналардағы ауа қысымының көрсетілетін мәндері шина манометрімен өлшенгеннен өзгеше болуы мүмкін.
- Шиналардағы қысымды өлшеу бірліктерін аспаптар тақтасындағы пайдаланушы баптауларында өзгертуге болады.
 - Фунт/шаршы дюйм, кПа, бар (4-тараудағы «Пайдаланушы баптаулары» бөлімін қараңыз).

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі

АБАЙЛАҢЫЗ

Шамадан тыс немесе жеткіліксіз қысым шинаның жарамдылық мерзімін қысқартуы, көлік құралын басқаруға теріс әсер етуі және шинаның кенеттен жарылуына әкеп соғуы мүмкін, бұның салдарынан көлікті басқару мүмкін болмай, жол-көлік оқиғасы орын алуы мүмкін.

Ауа райы суық болғанда, қосалқы доңғалақты (бар болса) қоса алғанда, әрбір шинадағы қысымды ай сайын тексеру және, қажет болған жағдайда, шиналардағы қысым деңгейін өндіруші ұсынған деңгейге дейін жеткізу қажет (автокөліктің және шиналардағы қысым деңгейінің ақпараттық тақталарында көрсетіледі).

(Егер автокөлікте тақтайшаларда көрсетілгеннен өзгеше өлшемдегі шиналар орнатылса, олар үшін тиісті қысым деңгейін анықтау қажет.)

Қосымша қауіпсіздік жүйесі ретінде автокөлік шиналардағы қысымды бақылау жүйесімен (TPMS) жабдықталуы мүмкін, ол шиналардағы төмен қысым сигнализаторы арқылы бір немесе бірнеше шинадағы қысымның едәуір төмендеуін көрсетуді қамтамасыз етеді.

Шиналардағы төмен қысым сигнализаторы жанса, автокөлікті мүмкіндігінше тезірек тоқтатып, шиналардың күйін тексеру және

олардағы қысым деңгейін қалыпты деңгейге дейін жеткізу қажет. Шиналардағы қысым төмен болғанда қозғалысты жалғастыру шиналардың қызып кетуіне және механикалық бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.

Қысымы қалыптан төмен болған шиналарды пайдалану сондай-ақ отын шығынын ұлғайтуға, шиналардың қызмет ету мерзімін қысқартуға әкеп соғады, сондай-ақ автокөлікті басқаруға және оның тежеу жолының ұзындығына әсер етуі мүмкін.

TPMS жүйесін пайдалану, TPMS жүйесінің шиналарындағы төмен қысым сигнализаторы іске қосылуы үшін қысым деңгейінің төмендеуі жеткіліксіз болса да, шиналарға дұрыс қызмет көрсету немесе олардағы қысымды бірқалыпты сақтап тұру қажет емес дегенді білдірмейді.

Сонымен бірге, автокөлікте жүйенің дұрыс жұмыс істеуін бақылауды қамтамасыз ететін TPMS жүйесі ақаулығының индикаторы қарастырылған. ШҚБЖ ақаулығының индикаторы шиналардағы төмен қысым индикаторымен біріктірілген. Жүйе ақаулықты анықтаған кезде индикатор шамамен бір минут ішінде жыпылықтай бастайды, содан кейін үздіксіз жарқырай береді.

Бұл кезектілік ақаулық жойылғанша көлік құралын кейін іске қосқан кезде де жалғасады.

Ақаулық индикаторы жанып тұрған кезде жүйе шиналардағы төмен қысымды анықтай немесе ол туралы сигнал бере алмауы мүмкін. TPMS жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуі, шиналар мен доңғалақтарды орнатуды немесе ауыстыруды қоса алғанда, әр түрлі себептерге байланысты болуы мүмкін. Бір немесе бірнеше шинаны немесе доңғалақты ауыстырғаннан кейін немесе олардың орнын алмастырғаннан кейін TPMS жүйесінің жұмыс істейтініне көз жеткізу үшін әрқашан TPMS жүйесінің ақаулығы индикаторының көрсеткіш терін тексеріңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Жақын маңдағы **HYUNDAI** авторландырылған дилеріне хабарласыңыз және төменде көрсетілген жағдайлардың бірі туындаған жағдайда жүйені тексеріңіз:

1. Шиналардағы төмен қысым сигнализаторы немесе TPMS ақаулығының сигнализаторы оталдыру жүйесі қосылған кезде немесе қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде 3 секунд бойы көрсетілмейді.
2. ШҚБЖ ақаулығының индикаторы жыпылықтағаннан кейін шамамен 1 минут бойы қосулы тұрады.
3. Қысымы төмен шинаның күйін көрсететін құрылғы қосулы болып қалады.



Шинадағы қысымның төмен екенін көрсететін құрылғы

Шинадағы төмен қысым күйінің көрсеткіші және шинадағы қысым индикаторы



Шинадағы қысымды бақылау жүйесінің ескерту индикаторлары қосылып тұрған кезде, бұл бір немесе бірнеше шинадағы қысымның ұсынылғаннан әлдеқайда төмен екенін білдіреді.

Қысымы төмен доңғалақтың күйін көрсететін құрылғы, тиісті күй шамын қоса алғанда, қай шинадағы қысымның қалыптан төмен екенін көрсетеді.

Индикаторлық құрылғының кез келген шамы қосылған кезде, күрт бұрылмай және тегеу жолының ұлғаюы мүмкін екендігін ескере отырып, жылдамдықты дереу төмендетіңіз. Мүмкіндігінше тезірек тоқтап, шиналарды тексеру керек.

Шиналарды автокөліктің ақпараттық тақтасында немесе жүргізуші жағындағы орталық бағанның сыртқы панелінде орналасқан шиналардағы қысым туралы ақпаратты қамтитын жапсырмада көрсетілген тиісті қысым деңгейіне дейін үрлеңіз. Егер техникалық қызмет көрсету станциясына жету мүмкін болмаса немесе ауа үрленген соң шинадағы қысым тиісті деңгейде сақталмаса, ауасы шығып кеткен доңғалақты қосалқы доңғалаққа ауыстырыңыз.

Қысымы төмен доңғалақты жөндеп ауыстырғанша, шиналардағы төмен қысым сигнализаторы жана береді, ал TPMS ақаулығының сигнализаторы бір минут бойы жыпылықтап, содан кейін тұрақты жанып тұруы мүмкін (егер көлік құралы 25 км/сағ. (сағатына 15,5 мильден) жоғары жылдамдықпен шамамен 10 минут қозғалса).

Ақпарат

Қосалқы доңғалақ шинадағы қысым датчигімен жабдықталмаған.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ауа райы суық болған кезде, шинада жылы ауа райына ұсынылған қысым орнатылса, шинадағы төмен қысым сигнализаторы жануы мүмкін. Бұл TPMS жүйесінің ақаулығын білдірмейді, өйткені температураның төмендеуі шинадағы қысымның пропорционал төмендеуіне алып келеді.

Температурасы төмен аймақтан температурасы жоғары аймаққа және керісінше қозғалған кезде немесе сыртқы температура айтарлықтай жоғары немесе төмен болса, шиналардағы қысымды тексеріп, оны ұсынылған деңгейге жеткізу керек.



АБАЙЛАҢЫЗ

Төмен қысымның қауіптілігі

Шиналардағы тым төмен қысым автокөлікті басқара алмай қалуға және тежеу жолының ұлғаюына әкеп соғуы мүмкін.

Шиналардағы қысым төмен болғанда қозғалысты жалғастыру шиналардың қызып кетуіне және механикалық бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.



TPMS жүйесі (шиналардағы қысымды бақылау жүйесі) ақаулығының индикаторы

Шинадағы қысымды бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істемеген жағдайда, шинадағы қысымның төмен екенін көрсететін құрылғы бір минут бойы жыпылықтап, содан кейін үздіксіз жана бастайды. Жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

ШҚБЖ жүйесінде ақаулық болған жағдайда, шиналардағы төмен қысым индикаторы автокөлік шиналарындағы қысым жеткіліксіз болған кезде де көрсетілмейді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Көлік құралы электрмен жабдықтау кабельдерінің немесе полиция бөлімшелерінде, үкіметтік және қоғамдық мекемелерде, радио хабар тарату станцияларында, әскери объектілерде, әуежайларда, ретрансляциялық мұнараларда және т.б. орнатылған радио таратқыштардың жанынан өтіп бара жатқанда, TPMS ақаулығының сигнализаторы бір минут жыпылықтағаннан кейін үнемі жанып тұруы мүмкін.

TPMS ақаулығының сигнализаторы сырғанауға қарсы шынжырларды немесе компьютерлер, зарядтау құрылғылары, қашықтан іске қосу жүйелері, спутниктік навигация жүйесі және т.б. сияқты кейбір электронды құрылғыларды қолданған кезде жануы мүмкін. Бұл шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін.

TPMS бар шиналарды ауыстыру

Шинадағы ауа қысымы төмендеген жағдайда, шиналардағы төмен қысым сигнализаторы жанады және ауасы шығып кеткен шина көрсетіледі. HYUNDAI ресми дилерінде шинаны мүмкіндігінше тезірек жөндеу немесе қосалқы доңғалақты орнату ұсынылады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Төмен қысымды шинаны жөндеу және (немесе) үрлеу үшін HYUNDAI дилері бекітпеген құралдарды пайдалану ұсынылмайды. HYUNDAI дилері бекітпеген шинаға арналған герметикті пайдалану шиналардағы ауа қысымы датчигінің зақымдануына себеп болуы мүмкін.

Қосалқы доңғалақ (бар болса) қысым датчигімен жабдықталмаған. Ауасы шығып кеткен шинаны қосалқы шинаға ауыстырғаннан кейін шинадағы төмен қысым сигнализаторы жанып тұра береді. Сонымен қатар, TPMS ақаулығының сигнализаторы бір минут бойы жыпылықтағаннан кейін, көлік құралы шамамен 10 минут бойы 25 км/сағ. (сағатына 15,5 мильден) жоғары жылдамдықпен қозғалса, үздіксіз жанып тұрады.

Қысым датчигі бар жөнделген доңғалақты орнына орнатып, оны ұсынылған қысымға дейін үрлегеннен кейін TPMS ақаулығының сигнализаторы бірнеше минуттан кейін өшеді.

Егер сигнализатор бірнеше минуттан кейін өшпесе, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Әр доңғалақ (қосалқы доңғалақты қоспағанда) шинадағы шұра өзегінің артында орнатылған шиналардағы ауа қысымының датчигімен жабдықталған. TPMS жүйесімен үйлесімді доңғалақтар қолданылуы керек. Шиналарға қызмет көрсету әрдайым HYUNDAI ресми дилерінде жүргізілуі керек.

Шиналардағы ауа қысымының төмендеуін көзбен қарап тексеру арқылы уақтылы анықтау үнемі мүмкін бола бермейді. Шиналардағы ауа қысымын өлшеу үшін әрқашан сапалы шина манометрін қолдану керек. Қызған шиналардағы қысым (сапардан кейін бірден) суық шиналарға қарағанда жоғары болатынын ескеру керек.

Шиналардың суық болуы көлік құралының 3 сағат бойы жол жүрмегенін және осы 3 сағат ішінде 1,6 км (1 мильден) аз жол жүргенін білдіреді.

Шиналардағы ауа қысымын өлшемей тұрып, шиналарды суытып алу керек. Ұсынылған қысымға дейін үрлеуді шиналар суық болғанда орындау керек.



АБАЙЛАҢЫЗ

- TPMS жүйесі жолдағы өткір заттар сияқты сыртқы факторлардың әсерінен шинаның кенеттен зақымдалғаны туралы ескерту жасауға арналмаған.
- Егер жолдағы автокөліктің жүрісі тұрақсыз болса, аяғыңызды газ педалінен дереу алып тастаңыз, тежегіш педалін жайлап, күш салмай басып, автокөлікті жолдағы қауіпсіз жерде баяу тоқтатыңыз.

АБАЙЛАҒЫЗ

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) компоненттерін дұрыс пайдаланбау, өзгерту немесе өшіру жүргізушіге шиналардағы қысымның төмендеуі немесе TPMS жүйесінің ақаулығы туралы хабарлау жүйесінің мүмкіндіктеріне әсер етуі мүмкін.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) компоненттерін дұрыс пайдаланбау, өзгерту немесе өшіру автокөліктің осы жүйесіне берілетін кепілдіктің жойылуына әкеп соғуы мүмкін.

АБАЙЛАҒЫЗ

ЕУРОПА үшін

- Көлік құралын өзгертуге тыйым салынады, өйткені бұл TPMS жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін.
 - Нарықта қолжетімді доңғалақтар TPMS датчиктерімен жабдықталмаған.
 - Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін HYUNDAI ресми дилері ұсынған ауыстыру бөлшектерін пайдалану ұсынылады.
 - Егер нарықта қолжетімді доңғалақтар пайдаланылса, міндетті түрде HYUNDAI дилері мақұлдаған TPMS датчиктерін пайдалану қажет. Көлік құралы TPMS датчигімен жабдықталмаса немесе TPMS жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, көлік құралы міндетті техникалық байқаудан өтпеуі мүмкін.
- * ЕУРОПАЛЫҚ нарықта төменде көрсетілген уақыт аралығында сатылған барлық көлік құралдары TPMS жүйесімен жабдықталуы керек.
- Көлік құралдарының жаңа үлгілері: 2012 ж. 01 қараша ~
 - Көлік құралдарының ағымдағы үлгілері: 2014 ж. 01 қараша ~ (көлік құралдарын тіркеу негізінде)

ҚОЗҒАЛЫС БАРЫСЫНДА ШИНА БОСАП ҚАЛСА (ҚОСАЛҚЫ ДОҒАЛАҚ БОЛҒАН КЕЗДЕ)

АБАЙЛАҢЫЗ

Шинаны ауыстыру қауіпті болуы мүмкін. Өлімге апаруы ықтимал ауыр жарақат алу қаупін азайту үшін осы бөлімде келтірілген нұсқауларды орындау керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Домкрат тұтқасын қолданған кезде абай болыңыз, тегіс қырын ұстамаңыз. Тегіс қырының өткір жиектері бар, олар бір жеріңізді кесіп кетуі мүмкін.

Домкрат және құрал-саймандар



- (1) Домкраттың тұтқасы
- (2) Домкрат
- (3) Доңғалақ сомындарына арналған кілт


Домкрат, домкраттың тұтқасы және доңғалақ сомындарына арналған кілт жүксалғыш бөлімінде, жүксалғыш жәшігінің қақпағының астында сақталады.

Домкрат доңғалақты апаттық жағдайда ауыстыру үшін ғана арналған.



Қосалқы доңғалақты шешіп алу үшін қысқыш құлақты бұрандаманы сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

Қысқыш құлақты бұрандаманы сағат тілінің бойымен тартып бұрап, қосалқы доңғалақты сол бөлікте сақтаңыз. Қосалқы доңғалақ пен құралдардан салдырлаған дыбыс шықпауы үшін оларды тиісті жерлерде сақтаңыз.



Доңғалақтың қысқыш құлақты бұраңдамасын қолмен бұрап алу қиынға соқса, оны домкраттың тұтқасымен оңай бұрап алуға болады.

1. Домкраттың тұтқасын (1) доңғалақтың қысқыш құлақты бұраңдамасының бір жағына орнатыңыз.
2. Доңғалақтың қысқыш құлақты бұраңдамасын домкраттың тұтқасымен сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

Доңғалақты ауыстыру

АБАЙЛАҢЫЗ

Домкратпен көтерген кезде көлік құралы тайып кетуі немесе аударылуы мүмкін, бұл ауыр жарақат алуға немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Келесі сақтық шараларын қолдану керек:

- Домкратқа ілініп тұрған автокөліктің астына кірмеңіз.
- Доңғалақты қозғалыс жолағында ауыстыруға **ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ**.
- Доңғалақты **ӘРДАЙЫМ** жолдың сыртында, тегіс және қатты жерде ауыстыру керек. Егер тегіс және қатты жерді табу мүмкін болмаса, эвакуаторды шақыру керек.
- Тек осы көлік құралына арналған жүргізушінің құрал-сайман жинағына кіретін домкратты ғана пайдалану керек.
- Көлік құралын көтеруге арналған домкрат **ТЕК** осы мақсатқа арналған арнайы жерлерде орнатылуы тиіс және **ЕШҚАШАН** көлік құралының бамперлерінің немесе басқа да бөліктерінің астына орнатылмауы тиіс.
- Домкратпен көтерілген көлік құралының қозғалтқышы тоқтатылып тұруы тиіс.

- Домкратпен көтеріліп тұрған көлік құралында ешкім болмауы тиіс.
- Балалардың жолдан және көлік құралынан жеткілікті қашықтықта болуын қадағалау қажет.

Доңғалақтар келесі реттілікпен ауыстырылуы тиіс:

1. Көлік құралын тегіс, қатты жерде тоқтатыңыз.
2. Селектор тұтқасын «Р» (тұраққа қою) қалпына орнатыңыз.
3. Апаттық сигнал беру ажыратқышын басыңыз.
4. Көлік құралынан доңғалақ сомындарына арналған кілтті, домкратты, домкраттың тұтқасы мен қосалқы доңғалақты шығарыңыз.




[A] : Бұғаттау

5. Ауыстырылатын доңғалаққа қарама-қарсы алдыңғы және артқы доңғалақтарды диагональ бойынша бұғаттаңыз.



6. Доңғалақты бекіту сомындарын сағат тіліне қарсы бағытта бұрап босатыңыз, бірақ доңғалақ жер бетінен көтерілгенше оларды толығымен бұрап алмаңыз.



7. Домкратты ауыстырылатын доңғалаққа ең жақын орналасқан арнайы көтеру нүктесінің астына орнатыңыз. Көтеру нүктелері – бұл екі ойығы бар рамаға дәнекерленген нүктелер. Көлік құралын қандай да бір басқа жерінен домкратпен көтеруге тыйым салынады. Бұл кезде бүйірлік тығыздағыш молдинг зақымдалуы мүмкін.



8. Тұтқаны домкратқа салыңыз және доңғалақ жер бетінен көтерілгенше сағат тілінің бойымен бұраңыз. Домкратпен көтерілген көлік құралының нық тұрғанын тексеріңіз.
9. Доңғалақты бекіту сомындарын кілтпен босатып, қолыңызбен бұрап алыңыз. Доңғалақты бұрансұқпалардан шешіп алып, жерге қойыңыз. Бұрансұқпалардағы, монтаждау беттері мен доңғалақтағы кірді алып тастаңыз.
10. Қосалқы шинаны күпшек бұрансұқпаларына орнатыңыз.
11. Доңғалақты бекіту сомындарын конустық бөліктерінен доңғалаққа қарай қолмен тартып бекітіңіз.
12. Домкраттың тұтқасын сағат тіліне қарсы бағытта бұрап, көлік құралын жерге түсіріңіз.



13. Доңғалақ сомындарына арналған кілттің көмегімен доңғалақты бекіту сомындарын көрсетілген реттілікпен бұраңыз. Әр сомынның қатты тартылғанын қайта тексеріңіз. Доңғалақтарды ауыстырғаннан кейін доңғалақ сомындарын тиісті тарту сәтімен тарту үшін HYUNDAI ресми дилеріне мүмкіндігінше тезірек хабарласу ұсынылады. **Доңғалақтарды бекіту сомындарын тарту сәті: 11~13 кгс·м (79~94 фунт-күш·фут).**

Шина манометрі болған кезде шинадағы ауа қысымын тексеру керек (шиналардағы ауа қысымына қатысты нұсқаулар 2-тараудың «Доңғалақтар мен шиналар» бөлімінде көрсетілген). Егер қысым нормаға сәйкес келмесе, шиналардағы қысымды реттеу үшін көлік құралын жақын маңдағы техникалық қызмет көрсету станциясына дейін төмен жылдамдықпен жүргізіп жеткізу керек. Шинадағы ауа қысымын реттегеннен кейін шұра қалпақшасы орнына бұралуы тиіс. Қақпақша орнына бұралмаса, шинадан ауа шығып кетуі мүмкін. Егер шұра қалпақшасы жоғалған болса, жаңасын сатып алып, мүмкіндік туа салысымен бірден орнына бұрап бекіту керек. Ауыстырғаннан кейін босап кеткен доңғалақ, домкрат және құралдар өздерінің тұрақты орындарында бекітілуі керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Қосалқы доңғалақты орнатқаннан кейін мүмкіндік туа салысымен шинадағы ауа қысымын тексеру қажет. Ұсынылған қысымды орнатыңыз.
- Доңғалақтарды ауыстырғаннан кейін 50 км жүріп өтіңіз, содан кейін доңғалақ сомындарының мықтап тартылғанына көз жеткізіңіз. 1 000 км-ден астам жол жүргеннен кейін доңғалақ сомындарының мықтап тартылғанын қайта тексеріңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Бұл көлік құралында бұрансұқпалар мен метрлік бұрандасы бар доңғалақты бекіту сомындары қолданылады. Доңғалақты ауыстырған кезде түпнұсқалық доңғалақты бекіту сомындарын пайдалану керек. Доңғалақты бекіту сомындарын ауыстыру қажет болса, метрлік бұрандасы бар сомындар қолданылуы керек, олай болмағанда, доңғалақты бекіту бұрансұқпаларындағы бұрандалар зақымдалып, доңғалақ тиісінше бекітілмеуі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Егер домкрат, бұрансұқпа, сомын сияқты қандай да бір жабдық немесе кез келген басқа жабдық бүлінген немесе жарамсыз күйде болса, доңғалақты ауыстыру әрекетін жасамаған жөн. Бұл жағдайда көмек шақыру керек.

Шағын қосалқы доңғалақты пайдалану (бар болса)

Шағын қосалқы доңғалақ тек төтенше жағдайларда пайдалануға арналған. Шағын қосалқы доңғалақты орнатқан жағдайда, көлік құралын барлық сақтық шараларын сақтай отырып абайлап жүргізу керек.



АБАЙЛАҢЫЗ

Шағын доңғалақтың зақымдалмауы және апатқа әкелуі мүмкін көлік құралын басқара алмай қалуға жол берілмеуі үшін:

- Шағын қосалқы доңғалақты тек төтенше жағдайларда ғана пайдалану керек.
- Көлік құралының жылдамдығы 80 км/сағ. (50 миль/сағ.) шамасынан аспауы тиіс.
- Шағын қосалқы доңғалақтың бүйірінде көрсетілген ең жоғарғы жүктемеден немесе жүк көтергіштіктен асыруға болмайды.
- Шағын қосалқы доңғалақты тұрақты пайдалануға тыйым салынады. Шағын қосалқы доңғалақты зақымдамау үшін түпнұсқалық шинаны мүмкіндігінше тезірек жөндеу немесе ауыстыру керек.

Көлік құралында шағын қосалқы доңғалақты пайдаланған кезде:

- Шағын қосалқы доңғалақты орнатқаннан кейін ондағы ауа қысымын тексеру керек. Шағын қосалқы доңғалақтағы ауа қысымы 420 кПа (60 фунт/шаршы дюйм) болуы керек.
- Шағын қосалқы доңғалақты орнатқан жағдайда, автоматты жуу қызметтерін пайдаланбаған жөн.
- Шағын қосалқы доңғалақты басқа көлік құралдарында қолдануға болмайды, өйткені ол тек осы көлік құралына арналған.
- Шағын қосалқы доңғалақтағы шина протекторының қызмет ету мерзімі әдеттегі шинаның қызмет ету мерзімінен аз. Шағын қосалқы доңғалақтағы шина протекторының тозған-тозбағанын үнемі тексеріп отыру керек. Қажет болған жағдайда, дәл сондай шинаға ауыстыру керек.
- Бір уақытта тек бір ғана шағын қосалқы доңғалақты пайдалануға болады.
- Көлік құралында шағын қосалқы доңғалақ орнатылған болса, тіркемені сүйреуге болмайды.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Түпнұсқалық доңғалақты жөндеп, орнына орнатқаннан кейін доңғалақ дірілдемеуі үшін бекіту сомындарын тиісті сәтпен тартып бекіту керек.

Доңғалақтарды бекіту сомындарын тарту сәті: 11~13 кгс·м (79~94 фунт·күш·фут).


- Шағын қосалқы доңғалақтың шинасын басқа доңғалақтарға орнатуға рұқсат берілмейді. Шағын қосалқы доңғалаққа стандартты шиналарды, қысқы шиналарды, сәндік қалпақшаларды немесе өңдеу сақиналарын орнатуға болмайды.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Шағын қосалқы доңғалақтың және көлік құралының зақымдануын болдырмау үшін:

- Шұңқырлар немесе лай сияқты түрлі қауіптерге ұшырамау үшін жолдың жағдайына байланысты жеткілікті төмен жылдамдықпен қозғалу керек.
- Көру аймағынан тыс жерде қозғалмаған жөн. Шағын қосалқы доңғалақ шинасының диаметрі әдеттегі шинаның диаметрінен аз, нәтижесінде жол саңылауы шамамен 25 мм-ге (1 дюймге) азаяды.
- Шағын қосалқы доңғалаққа доңғалақ шынжырларын орнатуға болмайды. Доңғалақтың кішірек болуына байланысты доңғалақ шынжырларын дұрыс орнату мүмкін емес.

Домкраттың жапсырмасы




OHYK065011

Көлік құралындағы домкраттың нақты жапсырмасы суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін. Толық сипаттама домкратқа бекітілген жапсырмада көрсетілген.

1. Үлгінің атауы.
2. Ең жоғары рұқсат етілген жүктеме.
3. Домкратты пайдаланған кезде тұрақ тежегішін қолданыңыз.
4. Домкратты пайдаланған кезде қозғалтқышты сөндіріп қойыңыз.
5. Домкратқа сүйеніп тұрған көлік құралының астында болуға тыйым салынады.
6. Раманың астындағы орнатуға арналған орындар.
7. Көлік құралын домкратпен көтерген кезде домкраттың негіздігі тігінен орналасуы және көтеру нүктесінің астында болуы тиіс.
8. МБАҚ бар көлік құралдарында берілісті ауыстыру иінтірегін артқа жүру қалпына ауыстырыңыз, АБАҚ/қосарлы іліністі БАҚ бар көлік құралдарында иінтіректі Р қалпына ауыстырыңыз.
9. Домкрат берік көлденең бетке тіреліп тұруы керек.
10. Домкратты өндіруші.
11. Шығарылған күні.
12. Өкіл компания және мекенжайы.

Домкратқа арналған ЕО нормативтеріне сәйкестік туралы мәлімдеме

	
EC Declaration of Conformity according to EC Machinery Directive 2006/42/EC	
We, SAMKI IND. CO., LTD. # 22, Hyojuk3-Gil, Buk-Gu, Ulsan, Korea declare under our sole responsibility that the product:	
Product :	Jack Assembly
Type Designation(s) :	Jack Assembly-600kg, Jack Assembly-700kg Jack Assembly-800kg, Jack Assembly-1000kg Jack Assembly-1200kg, Jack Assembly-1500kg
Serial No. :	N/A
Year of Manufacture :	2013
Is which this declaration relates is in conformity with the following standard(s) or other normative document(s):	
EN ISO12100 (2010)	Safety of machinery - General principles for design – Risk assessment and risk reduction
EN ISO12100-2/A1 (2009)	Safety of machinery - Basic concepts, general principles for design, Part 2 - Technical principles
EN 1494/A1 (2008)	Mobile or movable jacks and associated lifting equipment
following the provisions of Directive(s):	
2006/42/EC	Directive on the approximation of the laws of Member States relating to machinery (DJ L157 Jun. 9, 2006)
<u>Ulsan, Korea / Jul. 25, 2013</u> <u>Hyun Duck Cho</u> <u>President</u>	
(Place and date of issue)(name and signature or equivalent making of authorized person)	
* T.C.F Compiling Person: <u>Safenet Limited (European Notified body : 1674)</u> <u>Denford Garage, Denford, Kettering Northants, NN14 4EQ, England</u>	

JACKDOC145

ШИНА БОСАП КЕТКЕН БОЛСА (ШИНА ЖӨНДЕУ ЖИЫНТЫҒЫМЕН, БАР БОЛСА)



Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін пайдалану алдында осы нұсқаулықтағы нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз.

(1) Компрессор

(2) Шина герметигі бар баллон

Дала жағдайында шиналарды жөндеуге арналған жиынтық шиналарды жөндеудің уақытша шешімі болып табылады, жүйені тексеру үшін мүмкіндігінше тезірек HYUNDAI уәкілетті дилеріне хабарласу ұсынылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Екі немесе одан да көп шина босап қалса, шина герметигін пайдаланбаңыз, өйткені Tire Mobility Kit бір баллоны тек бір босап қалған доңғалақты жөндеуге арналған.

АБАЙЛАҢЫЗ

Доңғалақ тысының бүйірі тесілген жағдайда, жөндеу үшін шина герметигін қолданбаңыз. Бұл шина жарылған жағдайда апатқа әкелуі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Шиналарды мүмкіндігінше тезірек жөндеңіз. Герметиктің көмегімен жөндегеннен кейін шина кез келген уақытта қысымды жоғалтуы мүмкін.

Кіріспе

Tire Mobility Kit шина жөндеу жиынтығы бар болса, көлік құралы шина тесілгеннен кейін де жүре береді.

Компрессор мен герметиктегіш компаундтан тұратын жүйе көптеген жағдайларда шинадағы қысымды қалпына келтіре отырып, шегелерден немесе сол сияқты ұсақ заттардан туындаған жеңіл көлік шиналарындағы тесіктерді қарапайым және тиімді түрде жөндеуге мүмкіндік береді.

Шинадағы қысым төмендемейтініне көз жеткізгеннен кейін, осылайша жөнделген шинамен ең жақын техникалық қызмет көрсету станциясында шинаны жөндеу немесе ауыстыру үшін 200 км-ге (120 мильге) дейінгі қашықтықты ең көбі 80 км/сағ. (50 миль/сағ.) жылдамдықпен жүріп өтуге болады.

Кейбір шиналарды, әсіресе тесіктерінің диаметрі үлкен немесе бүйір жағы зақымдалған шиналарды бұл әдіспен жөндеу мүмкін емес болуы ықтимал.

Шинадағы қысымның жоғалуы шинаның сипаттамаларына теріс әсер етуі мүмкін.

Осы себепті, әсіресе көлік құралы жүктелген болса немесе тіркеме сүйреп келе жатса, кенет маневр жасаудан аулақ болу керек.

Tire Mobility Kit шина герметигі шиналарды тұрақты түрде жөндеуге арналмаған және бір баллонды тек бір шинаны жөндеу үшін пайдалану керек. Бұл нұсқаулықта шиналардағы тесілген жерлерді уақытша жөндеуге арналған қадамдық әрекеттер берілген.

«Шина жөндеу жиынтығын қауіпсіз пайдалануға қатысты ескертпелер» бөлімін оқып шығыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Босап қалған шинамен жүрген кезде шина қатты зақымдалған болса, шинаны жөндеу жиынтығын (ТМК) пайдаланбаңыз.

ТМК көмегімен шина протекторының аймағындағы тесіктерді ғана жөндеуге болады.

Шина жөндеу жиынтығын қауіпсіз пайдалануға қатысты ескертпелер

- Шиналарды жөндеу жиынтығымен жұмыс істеу үшін автокөлікті жол қозғалысынан алшақтау жерде, жол жиегінде тұраққа қойыңыз.
- Автокөлік тіпті тегіс жерде қозғалыссыз тұруы үшін тұрақ тежегішін қолданыңыз.
- Шина жөндеу жиынтығын тек тесіктерді бітеу және жеңіл көліктердің шиналарын ауаға толтыру үшін ғана пайдаланыңыз. Шина жөндеу жиынтығының көмегімен шина протекторының аймағындағы тесіктерді ғана бітеуге болады.
- Велосипед, мотоцикл шиналарында немесе басқа шиналарда пайдаланбаңыз.
- Егер шина мен доңғалақ зақымдалған болса, қауіпсіздік мақсатында шиналарды жөндеу жиынтығын қолдануға болмайды.
- Шина жөндеу жиынтығын диаметрі 6 мм-ден (0,24 дюймнен) асатын зақымдарға пайдалану тиімсіз болуы мүмкін. Шинаны шина жөндеу жиынтығының көмегімен пайдалануға жарамды ету мүмкін болмаса, HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

- Босап қалған шинамен жүрген кезде шина қатты зақымдалған болса, шинаны жөндеу жиынтығын пайдаланбаңыз.
- Шинаны тескен шегелер мен бұрандалар сияқты бөгде заттарды шығармаңыз.
- Егер автокөлік үй-жайдан тыс болса, қозғалтқышты сөндірмеңіз. Олай болмаса, қосулы компрессор автокөліктің АКБ зарядын отырғызуы мүмкін.
- Шина жөндеу жиынтығын пайдаланған кезде оны қараусыз қалдырмаңыз.
- Компрессорды қатарынан 10 минуттан артық уақыт пайдаланбаңыз, себебі бұның салдарынан ол қызып кетуі мүмкін.
- Қоршаған орта температурасы – 30°С (–22°F) шамасынан төмен болса, шина жөндеу жиынтығын пайдаланбаңыз.
- Герметик теріге тиіп кетсе, теріні көп мөлшердегі сумен жақсылап жуыңыз. Егер тітіркену кетпесе, медициналық көмекке жүгініңіз.
- Герметик көзге тиіп кетсе, көзді кемінде 15 минут сумен жуыңыз. Егер тітіркену кетпесе, медициналық көмекке жүгініңіз.
- Герметикті жұтып қойсаңыз, аузыңызды сумен шайып, жеткілікті мөлшерде су ішіңіз. Есінен танған адамға ештеңе бермеңіз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.
- Герметиктің ұзақ уақыт әсер етуі бүйрек сияқты мүшелер мен тіндерге зақым келтіруі мүмкін.

Шина жөндеу жиынтығының компоненттері



1. Жылдамдықты шектеу туралы заттаңба
2. Шина герметигі бар баллон және жылдамдықты шектеу туралы заттаңба
3. Доңғалаққа арналған шина герметигі бар баллонның құйма шлангісі
4. АКБ-ны тікелей қосуға арналған жалғастырғыштар мен кабельдер
5. Шина герметигі бар баллонды ұстағыш
6. Компрессор
7. Ажыратқыш
8. Шинадағы ауа қысымын өлшеуге арналған манометр
9. Шинадағы ауа қысымын төмендету түймесі
10. Компрессорды шина герметигі бар баллонға немесе доңғалаққа жалғауға арналған шланг.

Жалғастырғыштар, кабель және жалғастырғыш шланг компрессор корпусында сақталады.

Көрсетілген әрекеттер тәртібін қатаң сақтау керек, кері жағдайда, герметик жоғары қысыммен шығарылуы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Жарамдылық мерзімі өткен герметик

Жарамдылық мерзімі (герметиктің қаптамасында көрсетілген) өткен шина герметигін қолдануға болмайды. Бұл кезде шинаның жұмыс істемей қалу қаупі ұлғаяды.

АБАЙЛАҢЫЗ

Герметик

- Балалардың қолы жетпейтін жерде сақталуы керек.
- Көзге тиюіне жол бермеңіз.
- Жұтпаңыз.

Шина жөндеу жиынтығын пайдалану

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ



Шина герметигі бар баллоннан (1) жылдамдықты шектеу туралы заттаңбаны (0) алып тастап, белгіленген жылдамдықты арттыруға болмайтыны туралы жүргізушіге арналған ескерту ретінде көлік құралындағы жақсы көрінетін жерде (мысалы, рульде) орналастыру керек.

1. Шина герметигі бар баллонды сілкіңіз.



2. Жалғастырғыш шлангіні (10) шина герметигі бар баллонның жалғастырғышына бұрап бекітіңіз.
3. Компрессор түймесінің (9) басылып тұрмағанын тексеріңіз.



4. Босап қалған доңғалақтағы шұрананың қалпақшасын бұрап алып, оның орнына шина герметигі бар баллонның жеткізуші шлангісін (3) бұрап бекітіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Герметиктің жеткізуші шлангісін клапанға мықтап жалғаңыз. Кері жағдайда, герметик жеткізуші шлангіні бітеп, кері бағытта қозғалуы мүмкін.



5. Шина герметигі бар баллонды компрессордың корпусына (5) салыңыз, баллон төңкерілген күйде болуы керек.
6. Компрессордың өшіп тұрғанына («0» қалпы) көз жеткізіңіз.



7. Компрессорды көлік құралының розеткасына кабель мен жалғастырғыштардың көмегімен қосыңыз (4).
8. Герметигі бар баллонның ішінде қажетті қысым пайда болуы үшін оталдыру жүйесі қосулы тұрған кезде компрессорды 5~7 минутқа қосып қойыңыз (2-тараудағы «Доңғалақтар және шиналар» бөлімін қараңыз). Қазіргі уақытта шинаға үрленетін ауа қысымы маңызды емес, ол кейінірек тексеріліп, түзетіледі.

Шинада шамадан тыс қысым пайда болмауы үшін абай болу керек.

Шина герметикпен толтырылған кезде одан жеткілікті қашықтықта тұру керек.

Егер шина мен доңғалақ зақымдалған болса, қауіпсіздік мақсатында шиналарды жөндеу жиынтығын қолдануға болмайды.

9. Компрессорды өшіріңіз.

10. Шлангілерді шина герметигі бар баллоннан және шина шұрасынан ажыратыңыз.

ТМК-ні көлік құралында оған арналған сақтау орнына салыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шиналардағы ауа қысымы


Шинадағы қысым 200 кПа (29 фунт/дюйм) шамасынан төмен болса, көлік құралымен жолға шығуға болмайды. Бұл шина жарылған жағдайда апатқа әкелуі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Көміртек монооксиді

Қозғалтқыш нашар желдетілетін бөлмеде (мысалы, ғимарат ішінде) ұзақ уақыт жұмыс істесе, көміртек монооксидімен уланып, тұншығуыңыз мүмкін.

Герметикті бөлу



11. Шинадағы герметик біркелкі бөлінуі үшін дереу қозғала бастап, шамамен 7~10 км (4~6 миль немесе шамамен 10 мин.) жүріңіз.

Жылдамдықты 80 км/сағ. (50 миль/сағ.) шамасынан асырмаңыз. Мүмкін болса, жылдамдықты 20 км/сағ. (12 миль/сағ.) шамасынан төмендетпеңіз.

Егер қозғалыс барысында шамадан тыс діріл, тұрақсыздық немесе шу сезілсе, жылдамдықты төмендетіп, көлік құралын қауіпсіз жерде тоқтату керек.

Осыдан кейін жол қызметіне немесе көлік сүйреу компаниясына хабарласуыңыз керек.

Шиналардағы ауа қысымын тексеру



1. Шамамен 7~10 км (4~6 миль немесе шамамен 10 мин.) жүріп, қауіпсіз жерде тоқтаңыз.
2. Компрессордың жалғастырғыш шлангісін (10) тікелей шина шұрасына қосыңыз.
3. Компрессорды көлік құралының розеткасына кабель мен жалғастырғыштардың көмегімен қосыңыз.
4. Шиналардағы қысымды ұсынылған мәнге дейін реттеңіз.
Оталдыру жүйесі қосылып тұрған кезде келесі әрекеттерді орындаңыз.
 - **Шинадағы ауа қысымын ұлғайту үшін:** Компрессорды қосыңыз («I» қалпы). Шинаға толтырылған ауаның ағымдағы қысымын тексеру үшін компрессорды аз уақытқа қосыңыз.
 - **Шинадағы ауа қысымын төмендету үшін:** Компрессордағы (8) түймені басыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Компрессорды 10 минуттан артық пайдаланбаңыз – бұл құрылғының қызып кетуіне және зақымдалуына әкеп соғуы мүмкін.

i Ақпарат

Манометр компрессор жұмыс істеп тұрғанда нақты мәннен жоғары мәнді көрсетуі мүмкін. Дәл мән алу үшін компрессорды өшіріңіз.

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер ауа қысымы сақталмаса, көлікпен қайта жүріп көріңіз, содан кейін «Герметикті бөлу» бөлімін қараңыз. Одан кейін 1-4 қадамдарды қайталаңыз.

Шина жөндеу жиынтығын диаметрі 4 мм-ден (0,16 дюймнен) асатын зақымдарға пайдалану тиімсіз болуы мүмкін.

Шинаны шина жөндеу жиынтығының көмегімен пайдалануға жарамды ету мүмкін болмаса, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқаныңыз жөн.

АБАЙЛАҢЫЗ

Шиналардағы ауа қысымы 2-тараудағы ШИНАЛАР МЕН ДОҢҒАЛАҚТАР бөлімінде немесе жүргізуші жағындағы орталық тіреудегі шиналардағы қысым кестесі бар жапсырмада көрсетілген мәнге сәйкес келуі керек. Олай болмаған жағдайда, жүрісті тоқтатыңыз.

Осыдан кейін жол қызметіне немесе көлік сүйреу компаниясына хабарласуыңыз керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шинадағы қысым датчигі (TPMS бар болса)

Ауа қысымы датчигі мен шинадағы герметик шинаны жаңасына ауыстырған кезде жойылуы тиіс. Бұл жағдайда датчик ресми дилердің қызмет көрсету орталығында тексерілуі керек.

Ақпарат

Автокөлікке жөнделген немесе қосалқы шинаны орнатқан кезде, доңғалақты бекіту сомындарын 11~13 кгс·м (79~94 фунт-күш-фут) сәтімен тартыңыз.

Шина жөндеу жиынтығын қауіпсіз пайдалануға қатысты ескертпелер

- Шина жөндеу жиынтығымен жұмыс істеу үшін автокөлікті жол қозғалысынан алшақтау жерге, жол жиегіне тоқтатыңыз. Көлік құралын басқа жүргізушілер дер кезінде байқап қалуы үшін көрінетін жерге апаттық тоқтау белгісін қою қажет.
- Көлік құралы тіпті тегіс жерде қозғалмай тұруы үшін тұрақ тежегішін қолданыңыз.
- Шина жөндеу жиынтығын тек тесіктерді бітеу және жеңіл көлік шиналарын үрлеу үшін ғана пайдалану керек. Велосипед, мотоцикл шиналары немесе басқа шиналар үшін пайдаланбаңыз.
- Шинаны тескен шегелер мен бұрандалар сияқты бөгде заттарды шығармау керек.
- Шина жөндеу жиынтығын пайдаланбай тұрып герметигі бар баллонға басылған ескертуді оқып шығу керек.
- Автокөлік ашық ауада болса, қозғалтқышты жұмыс істетіп қою керек. Олай болмаса, жұмыс істеп тұрған компрессор автокөліктің аккумулятор батареясының зарядын тауысуы мүмкін.

- Шина жөндеу жиынтығын пайдаланған кезде оны қараусыз қалдыруға болмайды.
- Компрессорды 10 минуттан артық уақыт үздіксіз пайдалануға болмайды, себебі бұның салдарынан ол қызып кетуі мүмкін.
- Қоршаған орта температурасы минус 30°C (минус 22°F) шамасынан төмен болғанда, шина жөндеу жиынтығын пайдаланбаған жөн.
- Егер шина мен доңғалақ зақымдалған болса, қауіпсіздік мақсатында бұл шиналарды жөндеу жиынтығын қолдануға болмайды.

Техникалық деректер

Жүйедегі кернеу:

12 В тұрақты ток

Жұмыс кернеуі:

10-15 В тұрақты ток

Ток номиналы: макс. 15 А

Қоршаған орта температурасы келесідей болғанда пайдалануға болады:

минус 40°C-тан плюс 70°C-қа дейін (минус 40°F-тан плюс 158°F-қа дейін)

Ең жоғары жұмыс қысымы:

6,2 бар (90 фунт/шаршы дюйм)

Өлшемі:

Компрессор: 140 x 150 x 60 мм
(5,5 x 5,9 x 2,4 дюйм)

Герметигі бар баллон:

104 x ø85,5 мм
(4,1 x ø3,7 дюйм)

Компрессордың салмағы:

795 г (1,75 фунт)

Герметик көлемі:


300 мл (18,3 текше дюйм)

* Герметик пен қосалқы бөлшектерді автокөліктің немесе шиналардың ресми дилерінен сатып алуға және ауыстыруға болады.

Герметиктің бос ыдыстарын тұрмыстық қоқыспен бірге кәдеге жаратуға болады. Герметиктің сұйық қалдығын автокөлік немесе шина дилері немесе қалдықтармен жұмыс істеудің жергілікті қағидаларына сәйкес кәдеге жарату керек.

СҮЙРЕУ

Көлік құралдарын тасымалдау қызметі



[A] : Жылжымалы арбалар

Апаттық сүйреу қажет болған жағдайда, HYUNDAI ресми дилеріне немесе автокөліктерді эвакуациялайтын коммерциялық қызметке хабарласуға кеңес береміз.

Көлік құралы зақымдалмауы үшін тиісті көтеру және сүйреу процедуралары сақталуы тиіс.

Жылжымалы арбаларды немесе платформаны пайдалануға кеңес береміз.

Көлік құралын артқы доңғалақтары жерде (жылжымалы арбаларсыз), ал алдыңғы доңғалақтары көтеріліп тұрғанда сүйреуге болады. Егер кез келген доңғалақ немесе аспа компоненттері зақымдалған болса немесе көлік құралы алдыңғы доңғалақтары жерде тұрып сүйретілсе, алдыңғы доңғалақтардың астында жылжымалы арба қолданылуы керек.

Эвакуатормен сүйреген кезде жылжымалы арбалар пайдаланылмаса, әрдайым көлік құралының артқы жағы емес, алдыңғы жағы көтерілуі керек.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Алдыңғы доңғалақтары жерге тиіп тұрған көлік құралын сүйреуге болмайды. Бұл көлік құралына зақым келтіруі мүмкін.



- Сүйреткіш шынжыр арқанмен сүйреуге болмайды. Доңғалақты көтергішті немесе платформаны пайдалану керек.




Доңғалақтарға арналған сүйреткіш арбаларсыз автокөлікті апаттық жағдайда сүйреген кезде:

1. Оталдыру кілтін АСС қалпына орнатыңыз.
2. Селектор тұтқасын «N» (бейтарап) қалпына орнатыңыз.
3. Автокөлікті тұрақ тежегішінен босатыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Селектор тұтқасы «N» (бейтарап) қалпына орнатылмаса, беріліс қорабы ішінен зақымдалуы мүмкін.

Алмалы сүйреу ілгегі




1. Жүксалғышты ашып, құралдар қорабынан сүйреу ілгегін алыңыз.



2. Бампер саңылауының қақпағын төменгі бөлігінен басып, шешіп алыңыз.
3. Сүйреу ілгегін саңылауға сағат тілі бойымен тірелгенше бұрап, орнатыңыз.
4. Пайдаланып болғаннан кейін сүйреу ілгегін бұрап шығарып, қақпақты орнына орнатыңыз.

Апаттық сүйреу



Тіркеп сүйреу қажет болған жағдайда, HYUNDAI ресми дилеріне немесе автокөліктерді эвакуациялайтын коммерциялық қызметке хабарласуға кеңес береміз.

Егер апаттық жағдайда эвакуаторды шақыру мүмкін болмаса, сымарқанды немесе шынжырды алдыңғы немесе артқы сүйреу ілгегіне бекітіп, автокөлікті уақытша құрал ретінде сымарқанмен немесе шынжырмен сүйреуге болады.

Көлік құралын сымарқанның немесе шынжырдың көмегімен сүйреген кезде аса сақ болу керек. Жүргізуші руль мен тежегіш педалін басқару үшін көлік құралында болуы тиіс.


Бұндай сүйреуді тек жабыны қатты жолдарда, қысқа қашықтыққа жол жүргенде және төмен жылдамдықпен жүргенде орындауға болады. Бұдан басқа, доңғалақтар, белдіктер, трансмиссия, руль және тежегіштер жарамды күйде болуы тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөлікті сүйреген кезде жүргізуші рульді басқарып, тежеуді орындау үшін көліктің ішінде болуы тиіс. Автокөлікте жүргізушіден басқа жолаушылар болмауы тиіс.

Апаттық сүйреу кезінде әрдайым келесі іс-әрекеттер орындалуы тиіс:

- Рульді блоктан шығару үшін оталдыру кілтін АСС қалпына орнатыңыз.
- Селектор тұтқасын «N» (бейтарап) қалпына орнатыңыз.
- Тұрақ тежегішін жіберіңіз.
- Тежегіш педалін әдеттегіден қатты күш салып басу керек. Бұл ретте тежеу сипаттамасы төмен болады.
- Рульді басқару үшін көбірек күш салу керек болады, өйткені рульдің гидрокүшейткіш жүйесі жұмыс істемей қалады.
- Тартқыш ретінде ауырлау көлік құралы пайдаланылуы тиіс.
- Екі көлік құралының жүргізушілері байланыс орнатып отыруы тиіс.
- Апаттық сүйреу алдында сүйреу ілгегінің жарамды болуына көз жеткізу қажет.
- Сүйреу ілгегіне сүйреу сымарқанын немесе шынжырды нық бекітіп қойыңыз.
- Жұлқып тартуға болмайды. Орыннан абайлап, біркелкі күш салып қозғалу керек.



- Сүйреу сымарқанының немесе шынжырдың ұзындығы кемінде 5 м (16 фут) болуы тиіс. Көру мүмкіндігі жақсы болуы үшін сүйреу сымарқанының ортасына ақ немесе қызыл матаны (ені шамамен 30 см (12 дюйм)) байлау керек.
- Сүйреген кезде сымарқан не шынжыр тартылып тұруы керек.
- Сүйреудің алдында автоматты беріліс қорабынан сұйықтықтың ағып тұрмағанын тексеру керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Сүйреу сымарқаны немесе шынжыр тартылған күйде жылдамдықты баяу және біртіндеп үдетіп, тежеп отырыңыз, кері жағдайда, сүйреу ілгектері мен автокөлікке зақым келтірілуі мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Сүйреу кезінде көлік құралы зақымдалмауы үшін:

- Сүйреу ілгектерін қолданған кезде тура алға қарай тарту керек. Шетке қарай немесе тік бұрыш астында сүйреуге болмайды.
- Егер көлік құралы қозғала алмаса, көлік құралын балшықтан, құмнан және т.б. шығару үшін сүйреу ілгектерін пайдаланбау керек.
- АБАҚ зақымдалмауы үшін көлік құралының жылдамдығы 15 км/сағ. (10 миль/сағ.) шамасына дейін шектелуі тиіс, ал сүйреу қашықтығы 1,5 км (1 миль) шамасынан аспауы тиіс.

АПАТТЫҚ ЖИЫНТЫҚ (БАР БОЛСА)

Көлік құралы төтенше жағдайда пайдалануға арналған апаттық жиынтықпен жабдықталған.

Өрт сөндіргіш

Шамалы өрт болған кезде, оны сөндіру үшін өрт сөндіргішті пайдалануға болады. Бұл үшін келесі іс-әрекеттерді орындау керек.

1. Тұтқаның кездейсоқ басылып кетуінен қорғайтын өрт сөндіргіштің үстіңгі жағындағы сақтандырғыш сұққышты суырып алыңыз.
2. Шүмегін жалынның ортасына бағыттаңыз.
3. Жалыннан шамамен 2,5 м (8 фут) қашықтықта тұрып, өрт сөндіргішті босату тұтқасын басыңыз. Тұтқаны жіберген кезде, босату тоқтатылады.
4. Шүмекті алға және артқа қарай жалын ортасының бойымен жылжытыңыз. Жалын басылғаннан кейін қадағалауды тоқтатпау керек, өйткені өрт қайта шығуы мүмкін.

Дәрі қобдишасы

Алғашқы көмек көрсеткен кезде пайдалануға арналған. Құрамына қайшы, таңғыш материал, жабысқақ пластырь және т.б. кіреді.

Апаттық аялдау белгісі

Апаттық аялдау белгісі көлік құралының бұзылуынан жол жиегінде тоқтауы сияқты жолдағы төтенше жағдайлар кезінде жақындап келе жатқан көлік

құралдарына ескерту үшін орнатылуы тиіс.

Шина манометрі (бар болса)

Күнделікті қолданыс кезінде шиналардан әдетте аздап ауа шығады және кейде ауаны қосымша үрлеуге тура келуі мүмкін. Бұл шинаның тесіліп қалуының белгісі емес, қалыпты тозудың салдары. Шиналардағы қысым әрдайым суық күйінде тексерілуі керек, өйткені қысым температура жоғарылаған сайын жоғарылайды.


Шиналардағы қысымды тексеру үшін келесі әрекеттер орындалуы керек:

1. Доңғалақтың тоғынында орналасқан шұра қақпақшасын бұрап алу керек.
2. Манометрді шина шұрасына басып, ұстап тұру керек. Бұл ретте аз мөлшерде ауа шығарылады. Манометрді ауаның шығуын тоқтату үшін қатты қысып ұстау керек.
3. Қатты басқан кезде (ауаны шығармай) өлшеу орындалады.
4. Манометр көрсеткіші бойынша шинадағы ауаның нақты қысымын анықтауға болады.
5. Шиналардағы ауаның қажетті қысымын реттеңіз. 2-тараудағы «Доңғалақтар мен шиналар» бөлімін қараңыз.
6. Шұра қақпақшасын орнына бұрап қойыңыз.

ЭРА-ГЛОНАСС ШҰҒЫЛ ШАҚЫРУЫ (БАР БОЛСА)

Бұл автокөлікте «ЭРА-ГЛОНАСС» жүйесіне қосылған шұғыл қызметтерге қоңырау шалу құрылғысы* орнатылған. «ЭРА-ГЛОНАСС» жүйесі – бұл Ресей Федерациясының автокөлік жолдарында жол-көлік немесе өзге де** оқиғалар болған кезде шұғыл жедел қызметтерді шақырудың автоматтандырылған жүйесі.

Бұл жүйе, қажет болған жағдайда, РФ автокөлік жолдарында қандай да бір оқиға болған жағдайда Бірыңғай кезекші диспетчерлік қызмет (БКДҚ) операторымен байланысуға мүмкіндік береді. ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі, осы Автокөлікті пайдалану нұсқаулығында, сондай-ақ Автокөліктің сервистік кітапшасында белгіленген талаптарды ескере отырып, ең аз деректер жиынтығын, соның ішінде автокөліктің орналасқан жері, автокөліктің үлгісі, VIN коды (автокөліктің сәйкестендіру нөмірі) сияқты деректерді Бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметке жібереді.



1. Жол-көлік оқиғасы
2. Сымсыз байланыс
3. Бірыңғай кезекші диспетчерлік қызмет (БҚДҚ)
4. Құтқару

* ЭРА-ГЛОНАСС ҚҰРЫЛҒЫСЫ ДЕП ОСЫ АВТОКӨЛІКТІ ПАЙДАЛАҢУ НҰСҚАУЛЫҒЫҢДА АВТОКӨЛІККЕ ОРНАТЫЛҒАН ЖӘНЕ ЭРА-ГЛОНАСС ЖҮЙЕСІМЕН ӨЗАРА ӨРЕКЕТТЕСТІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ЖАБДЫҚТҮСІНІЛЕДІ.

** «ӨЗГЕ ДЕ ОҚИҒАЛАР» ДЕГЕНДЕ САЛДАРЫНАН АДАМДАР ЗАРДАП ШЕККЕН ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ КӨМЕК ҚАЖЕТ ЕТЕТІН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ АВТОКӨЛІК ЖОЛДАРЫҢДАҒЫ КЕЗ КЕЛГЕН ОҚИҒАЛАР ТҮСІНІЛЕДІ. ҚАНДАЙ ДА БІР ОҚИҒА ТІРКЕЛГЕН ЖАҒДАЙДА, АВТОКӨЛІКТІ ТОҚТАТЫП, SOS ТҮЙМЕСІН БАСУ ҚАЖЕТ (БҰЛ ТҮЙМЕНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ОСЫ ПАЙДАЛАҢУ НҰСҚАУЛЫҒЫНЫҢ «ЭРА-ГЛОНАСС ШҰҒЫЛ ШАҚЫРУЫ (БАР БОЛСА)» ҚОСАЛҚЫ БӨЛІМІНДЕГІ СУРЕТТЕ КӨРСЕТІЛГЕН). БҰЛ РЕТТЕ ШАҚЫРУ КЕЗІНДЕ ШАҚЫРУ ЖАСАЛҒАН АВТОКӨЛІК ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР ЖИЙНІТҒЫ ҚАЛЫПТАСАДЫ ЖӘНЕ БҚДҚ ОПЕРАТОРЫМЕН БАЙЛАНЫС ОРНАТЫЛАДЫ, ОҒАН ШАҚЫРУДЫҢ СЕБЕБІН АЙТУ ҚАЖЕТ.

Жүргізуші мен жолаушыларға тиісті көмек көрсету үшін құтқару орталығына ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінде сақталған деректерді жібергеннен кейін бұл деректер құтқару операциясы аяқталған соң жойылады. ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің құрамдас бөліктерінің жұмысы үшін (Автокөлікке орнатылған жабдықты қоспағанда) «ЭРА-ГЛОНАСС» мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі туралы» 28.12.2013 ж. № 395-ФЗ Федералды заңының ережелеріне сәйкес «ЭРА-ГЛОНАСС» жүйесінің операторы («ГЛОНАСС» АҚ) жауапты болады.

ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысы



Автокөлік салонына орнатылған ЭРА ГЛОНАСС жүйесінің элементтері:

1. Микрофон
2. SOS түймесі
3. SOS ТЕСТ түймесі
4. Жарық диодтары


SOS түймесі: Жүргізуші/жолаушы түймені басып, бірыңғай кезекші диспетчерлік қызметке (БҚДҚ) шұғыл қоңырау шалады.

SOS ТЕСТ (тексеру) түймесі: Бұл түйме HYUNDAI ресми дилерлік орталығы жағдайында жүйенің жұмысқа жарамдылығын тексеруді қамтамасыз етеді. «SOS ТЕСТ» режимін тек HYUNDAI ресми дилерлік орталығының маманы ғана белсендіре алады. Жалған шақыруларды болдырмау үшін бұл түймені баспауды және «SOS тест» режимін өз бетіңізше белсендірмеуді сұраймыз.

Жарық диоды: Қызыл және жасыл жарық диодтары оталдыру жүйесін қосқанда 3 секундқа жанады. Содан кейін жүйе қалыпты жұмыс істеп тұрған кезде сөнеді.

Жүйеде ақаулықтар болған кезде жарық диоды қызыл болып жанып тұра береді.

Жол-көлік оқиғасы кезінде шұғыл қоңырау шалудың автоматты түрде белсендірілуі



ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысы автокөліктің қатысуымен жол-көлік оқиғасы болған кезде құтқару бойынша іс-қимылдар уақтылы орындалуы үшін бірыңғай кезекші диспетчерлік қызметке автоматты түрде шұғыл қоңырау шалады.

Уақтылы көмек пен қолдау көрсету үшін ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі жол-көлік оқиғасы туралы деректерді автоматты түрде бірыңғай кезекші диспетчерлік қызметке жібереді.

Бұл жағдайда шұғыл қоңырауды SOS түймесін басу арқылы аяқтауға болмайды, ал ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі қоңырауды қабылдайтын Бірыңғай кезекші диспетчерлік қызмет операторы шұғыл қоңырауды үзгенше қосылған күйде қалады.


МӘЛІМЕТ ҮШІН

Жеңіл жол-көлік оқиғалары болған кезде ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі автоматты түрде қоңырау шалмауы мүмкін. Бұл ретте SOS түймесін басып, шұғыл қоңырауды қолмен шалуға болады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жылжымалы ұялы байланыс желілері болмаған кезде, сондай-ақ GPS және ГЛОНАСС сигналы болмаған кезде жүйе іске қосылмайды.

«SOS» түймесін басып шұғыл қоңырау шалуды белсендіру



Жүргізуші/жолаушы шұғыл жедел қызметтерге қоңырау шалу үшін SOS түймесін қолмен басып, бірыңғай кезекші диспетчерлік қызметке шұғыл қоңырау шала алады.

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің көмегімен апаттық қызметке қоңырау шалуды бірыңғай кезекші диспетчерлік қызмет операторымен байланыс орнатылғанға дейін ғана SOS түймесін қайта басып тоқтатуға болады.

Шұғыл қоңырау шалуды қолмен белсендіргеннен кейін уақтылы көмек пен қолдау көрсету үшін ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі жол-көлік оқиғасы/өзге де оқиға туралы деректерді SOS түймесін басып көмекті шақырған кезде бірыңғай кезекші диспетчерлік қызмет операторына жібереді. Жол-көлік оқиғасы немесе өзге де оқиға туындаған жағдайда, шұғыл қоңырау шалуды қол режимінде іске қосу үшін:

1. Автокөлігіңізді тоқтатыңыз, содан кейін Жол қозғалысы ережелеріне сәйкес өзіңіздің және қозғалыстың басқа қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіз;
2. SOS түймесін басыңыз. SOS түймесін басқан кезде құрылғы жылжымалы радиотелефон байланысы желілерінде тіркеледі және құрылғы жұмысының техникалық талаптарына сәйкес автокөлік және оның орналасқан жері туралы ең аз мәліметтер жиынтығы жасалады. Содан кейін шұғыл қоңыраудың мән-жайларын анықтау үшін ЭРА-ГЛОНАСС операторымен байланыс орнатылады.
3. Шұғыл қоңырау шалудың мән-жайлары анықталғаннан кейін БҚДҚ операторы шұғыл қызметтерге ең аз деректер жиынтығын береді және шұғыл қоңырауды аяқтайды.

Егер шұғыл қоңырау жоғарыда көрсетілген алгоритмге сәйкес аяқталмаса, бұл қоңырау жалған болып есептеледі.

АБАЙЛАҢЫЗ

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің батареядан резервтік қуат алуы

- ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің батареясы, шұғыл жағдайда соқтығысу нәтижесінде автокөліктің негізгі қуат көзі ажыратылған жағдайда, бір сағат ішінде қуат беріп тұрады.
- ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің батареясын 3 жыл сайын ауыстырып отыру керек. Толық ақпарат 8-тараудың «Техникалық қызмет көрсету кестесі» бөлімінде берілген.

Қызыл жарық диодының қосылуы (жүйе ақаулығы)

Егер автокөліктің қалыпты қозғалысы жағдайында қызыл жарық диоды тұрақты түрде жанып тұрса, бұл ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің ақаулығын білдіруі мүмкін.

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесін тексеру үшін дереу HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.

Олай болмаса, автокөлігіңізде орнатылған ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысының жұмысына кепілдік берілмейді. Жоғарыда аталған ережелерді сақтамаудан туындаған салдарға автокөлік иесі жауап береді.

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің баптауларын өз бетінше алып тастау және оларға өзгерістер енгізу

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі көмек көрсету үшін шұғыл жедел қызметтерді шақыруға арналған.

Сондықтан ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің баптауларын өз бетінше алып тастау немесе оларға өзгерістер енгізу қозғалыс барысында сіздің қауіпсіздігіңізге әсер етуі мүмкін. Бұл сондай-ақ бірыңғай кезекші диспетчерлік қызметке жалған шұғыл қоңырау шалуға әкелуі мүмкін. Осыған байланысты автокөлігіңізге орнатылған ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі жабдығының баптауларына өз бетіңізше/үшінші тұлғалар арқылы қандай да бір өзгерістер енгізбеуіңізді өтініп сұраймыз.

Тексеру режимі



Автокөлік салонына орнатылған ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің элементтері:

1. Микрофон
2. SOS түймесі
3. SOS ТЕСТ түймесі
4. Жарық диодтары

Автокөлігіңізге орнатылған ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысының жұмысқа жарамдылығын техникалық тұрғыдан тексеру мүмкіндігі бар. Жалған қоңырау шалуды, сондай-ақ ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысының дұрыс істемеуін болдырмау үшін автокөлігіңізге орнатылған ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысын HYUNDAI авторландырылған дилерлік орталықтарының мамандары ғана және тестілеу режиміне кіру үшін пайдаланушы интерфейсін пайдалану жөніндегі келесі нұсқаулыққа сәйкес тиісті HYUNDAI авторландырылған дилерлік орталықтарының аумағында тексеруі тиіс.

ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысын тексеру режимі «SOS тест» түймесін басу арқылы қосылады. Тексеру режимі ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысының жұмысқа жарамдылығын тексеруге арналған дауыстық нұсқаулармен бірге қосылады. ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысының жұмысқа жарамдылығын тексеру барысында қызыл және жасыл жарық диодтары жана береді. Дауыстық нұсқаулар шығарылған кезде тексеру режимін өшіру үшін «SOS тест» түймесін қайта басу қажет.

8. Техникалық қызмет көрсету

Қозғалтқыш бөлігі.....	8-4
Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені	8-5
Көлік иесінің жауапкершілігі.....	8-5
Техникалық қызмет көрсетуді автокөлік иесі жүргізген кездегі сақтық шаралары	8-5
Автокөлік иесі жүргізетін техникалық қызмет көрсету	8-7
Автокөлік иесі жүргізетін техникалық қызмет көрсетудің кестесі	8-8
Мерзімді техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені	8-10
Қалыпты жағдайда пайдаланған кездегі техникалық қызмет көрсету кестесі – Бензинді қозғалтқыш (Еуропа үшін)	8-11
Ауыр пайдалану жағдайларында және жүріп өткен жол аз болған кезде техникалық қызмет көрсету – Бензинді қозғалтқыш (Еуропа үшін)	8-15
Қалыпты жағдайда пайдаланған кездегі техникалық қызмет көрсету кестесі – Бензинді қозғалтқыш (Еуропа елдерін қоспағанда)	8-17
Ауыр пайдалану жағдайларында және жүріп өткен жол аз болған кезде техникалық қызмет көрсету – Бензинді қозғалтқыш (Еуропаны қоспағанда).....	8-22
Мерзімді техникалық қызмет көрсету позициялары	8-24
Қозғалтқыш ты майлау жүйесі.....	8-28
Мотор майының деңгейін тексеру	8-28
Мотор майы мен сүзгіні ауыстыру	8-29
Салқындату жүйесінің сұйықтығы.....	8-30
Қозғалтқыш тың салқындатқыш сұйықтығының деңгейін тексеру	8-30
Қозғалтқыш тың салқындатқыш сұйықтығын ауыстыру	8-33
Тежеуіш сұйықтығы	8-34
Тежеуіш сұйықтығының деңгейін тексеру	8-34
Алдыңғы әйнек жуғыш сұйықтығы.....	8-36
Алдыңғы әйнек жуғыш бағындағы сұйықтық деңгейін тексеру	8-36
Тұрақ тежегіші.....	8-37
Тұрақ тежегішін тексеру	8-37
Ауа сүзгісі	8-38


Сүзгіні ауыстыру.....	8-38
Микроклиматты басқару жүйесінің ауа сүзгісі.....	8-39
Сүзгінің жай-күйі	8-39
Сүзгіні ауыстыру.....	8-39
Әйнек тазалағыштың щеткалары.....	8-41
Щеткалардың күйін тексеру	8-41
Щеткаларды ауыстыру	8-41
Аккумулятор батареясы	8-44
Аккумулятор батареясын пайдалану бойынша нұсқаулар.....	8-44
Аккумулятор батареясының көлемі көрсетілген жапсырма (үлгіні қараңыз).....	8-46
Аккумулятор батареясын зарядтау	8-47
Аспаптар параметрлерін бастапқы қалпына келтіру	8-49
Доңғалақтар және шиналар	8-50
Шиналарға күтім жасау	8-51
Суық шиналардағы ұсынылатын ауа қысымы	8-51
Шиналардағы ауа қысымын тексеру	8-52
Доңғалақтардың орнын ауыстыру	8-53
Доңғалақтарды орнату бұрыштарын реттеу және шиналарды теңгеру.....	8-54
Шиналарды ауыстыру	8-54
Доңғалақтарды ауыстыру	8-56
Шиналардың жолмен ілінісуі	8-56
Шиналарға техникалық қызмет көрсету	8-56
Шинаның бүйір жағындағы таңба	8-56
Төмен профильді шиналар.....	8-61
Созылмалы сақтандырғыш тар	8-62
Аспаптар тақтасындағы сақтандырғышты ауыстыру	8-63
Мотор бөлігіндегі созылмалы сақтандырғыштардың тақтасын ауыстыру	8-64
Созылмалы сақтандырғыштар мен реле тақтасының сипаттамасы .	8-66

8. Техникалық қызмет көрсету


Жарық шамдары	8-76
Алдыңғы фаралардың шамдарын, габарит жарығын, бұрылыс көрсеткіштерін, бүйірлік габарит жарығын және тұман шамдарын ауыстыру	8-77
Бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағышының шамын ауыстыру	8-80
Артқы құрама шамды ауыстыру	8-80
Жоғарғы стоп-сигналды ауыстыру.....	8-82
Нөмір белгісін жарықтандыру шамын ауыстыру	8-82
Салонды жарықтандыру шамын ауыстыру	8-83
Автокөліктің сыртына күтім жасау	8-85
Сыртқы күтім жасау	8-85
Салонға күтім жасау	8-93
Шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі	8-96
Қозғалтқыш қартерінен шығатын шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі	8-96
Отын бағынан шығатын шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі	8-97
Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі	8-97

ҚОЗҒАЛТҚЫШ БӨЛІГІ

■ 2,0 MPI



■ Smartstream G2,5



Көлік құралының нақты мотор бөлігі суреттен өзгешеленуі мүмкін.

ODN8089049L/ODN8089048L

1. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығына арналған резервуар
2. Гидротежеуіштер бағы
3. Ауа сүзгісі
4. Қозғалтқыштағы май деңгейінің көрсеткіші
5. Қозғалтқыштың май құю қылтасының қақпағы
6. Алдыңғы әйнек жуғыш сұйықтығына арналған резервуар
7. Сақтандырғыштар блогы
8. Аккумулятор батареясы

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР КЕШЕНІ

Техникалық қызмет көрсету немесе тексеру бойынша кез келген жұмыстарды орындаған кезде көлікке зақым келтірмеу және өзіңізді жарақаттамау үшін барынша сақ болу керек.

Автокөлікке қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады. HYUNDAI ресми дилерлері HYUNDAI қызмет көрсету сапасының ең жоғары стандарттарын сақтайды және қызмет көрсетудің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін HYUNDAI компаниясынан техникалық қолдау алады.

Көлік иесінің жауапкершілігі

Автокөлік иесі қызмет көрсету және құжаттаманы сақтау үшін жауап береді. Келесі беттерде көрсетілген жоспарланған техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес жүргізілген тиісті техникалық қызмет көрсету туралы құжаттарды сақтап жүріңіз. Бұл ақпарат автокөлікке техникалық және профилактикалық қызмет көрсетудің автокөлікке кепілдік міндеттемелерін сақтау үшін қойылатын талаптарға сәйкес келетінін растау үшін қажет.

Кепілдік міндеттемелері туралы толық ақпарат автокөлікке техникалық қызмет көрсету паспортында берілген.

Кепілдік тиісті қызмет көрсетпеу немесе талап етілетін қызметті көрсетпеу салдарынан болған жөндеу және реттеу жұмыстарына қолданылмайды.

Техникалық қызмет көрсетуді автокөлік иесі жүргізген кездегі сақтық шаралары

Тиісті, толық немесе жеткілікті дәрежеде қызмет көрсетпеу зақымдануға, ЖКО-на немесе жарақаттануға себеп болатын автокөлікті пайдалануға қатысты проблемалардың туындауына әкеп соқтыруы мүмкін. Осы тарауда техникалық қызмет көрсетудің оңай орындалатын тармақтары бойынша ғана нұсқаулар қамтылған. Кейбір операцияларды арнайы құралдарды қолданатын HYUNDAI ресми дилері ғана орындай алады.

Автокөлікті кез келген түрде түрлендіруге тыйым салынады. Мұндай түрлендіру автокөліктің пайдалану сипаттамаларына, қауіпсіздігіне немесе сенімділігіне теріс әсер етуі мүмкін, сонымен қатар, автокөлікке ұсынылатын шектеулі кепілдік шарттарын бұзуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Кепілдік мерзімі ішінде автокөлік иесі дұрыс жүргізбеген техникалық қызмет көрсету кепілдіктің қолданысына әсер етуі мүмкін. Толық ақпарат автокөлікпен бірге жеткізілетін “Көлік иесіне арналған нұсқаулық және кепілдік туралы ақпарат” ақпараттық брошюрасында ұсынылған. Егер сіз автокөлікті жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету бойынша қандай да бір процедураны дұрыс орындай алатыныңызға сенімді болмасаңыз, жүйеге қызмет көрсету үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

АВТОКӨЛІК ИЕСІ ЖҮРГІЗЕТІН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ



АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету қауіпті болуы мүмкін. Егер жұмыстарды орындау үшін біліміңіз бен тәжірибеңіз жеткілікті болмаса немесе тиісті құрал-саймандарыңыз бен жабдығыңыз болмаса, жүйеге қызмет көрсетуді **HYUNDAI** ресми дилеріне сеніп тапсырғаныңыз жөн. Техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындаған кезде **ӘРДАЙЫМ** келесі сақтық шараларын сақтаңыз.

- Көлік құралын тегіс алаңға орнатыңыз, селектор тұтқасын «Р» (тұраққа қою) қалпына ауыстырып қойыңыз, тұрақ тежегішін қосыңыз және оталдыру жүйесін **LOCK/ OFF** қалпына ауыстырыңыз.
- Автокөлік қозғалып кетпеуі үшін доңғалақтарды (алдыңғы және артқы) бұғаттап қойыңыз. Жылжымалы бөліктерге түсіп кетуі мүмкін бос киім мен әшекейлерді шешіп қойыңыз.
- Егер техникалық қызмет көрсету кезінде қозғалтқышты іске қосу қажет болса, мұны үй-жайдан тыс жерде немесе жеткілікті түрде желдетілетін үй-жайда жасау керек.

- Жалын мен ұшқынның пайда болуына жол бермеңіз, сондай-ақ **АКБ** мен отын жүйесі компоненттерінің жанына темекі өнімдерін қоймаңыз.

Төменде автокөлік иесі немесе **HYUNDAI** ресми дилері автокөлікті қауіпсіз және сенімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін көрсетілген жиілікпен жүргізуі тиіс тексерулердің тізімі беріледі.

Кез келген қолайсыз жағдайлар туралы дилерге дереу хабарлау керек.

Әдетте автокөліктің мұндай техникалық тексерулеріне кепілдік қолданылмайды және жұмыс, бөлшектер, майлау материалдары үшін шот ұсынылуы мүмкін.

Автокөлік иесі жүргізетін техникалық қызмет көрсетудің кестесі

Автокөлікке отын құйған кезде:

- Мотор майының деңгейін тексеріңіз.
- Қозғалтқышты салқындатқыш сұйықтығының резервуарындағы деңгейді тексеріңіз.
- Алдыңғы әйнек жуғыш бағындағы сұйықтық деңгейін тексеріңіз.
- Шиналардағы қысымның жеткілікті дәрежеде жоғары екенін тексеріңіз.
- Радиатор мен конденсаторды тексеріңіз. Радиатор мен конденсатордың алдыңғы бөлігі таза және жапырақтармен, лаймен, жәндіктермен және т. б. бітелмегеніне көз жеткізіңіз.

Егер жоғарыда аталған бөліктердің біреуі шамадан тыс ластанған болса немесе оның қанағаттанарлық жағдайына күмән туындаса, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.



АБАЙЛАҢЫЗ

Ыстық қозғалтқыштағы салқындатқыш сұйықтықтың деңгейін тексерген кезде абай болыңыз. Бұл салқындатқыш сұйықтықтың тесік арқылы шашырауына және ауыр күйік пен жарақат алуға әкеп соғуы мүмкін.

Автокөлікті пайдалану барысында:

- Пайдаланылған газ шыққан кездегі өзгеше дыбыстарды, сондай-ақ салонда пайдаланылған газ иісінің пайда болуын байқап отырыңыз.
- Рульдің дірілдеген-дірілдемегенін тексеріңіз. Рульдің қатты айналуын, рульдің босаңдауын немесе оның тік сызықты қалпының өзгеруін тексеріңіз.
- Тегіс жолмен жүрген кезде автокөліктің аздап бір жаққа қарай «кетіп» қалмайтынына назар аударып отырыңыз.
- Тежеген кезде автокөлік жүйелерінің жұмысына құлақ салыңыз, ерекше дыбыстардың пайда болуын, бір жаққа қарай жылжуын, тежегіш педалі жүрісінің ұлғаюын немесе оны басқан кезде салынатын күштің артуын байқап жүріңіз.
- Сырғып кететін немесе беріліс қорабының жұмысында өзгерістер болған жағдайда, беріліс қорабындағы сұйықтық деңгейін тексеріңіз.
- Автоматты беріліс қорабының Р (тұраққа қою) қалпындағы жұмысын тексеріңіз.
- Тұрақ тежегішінің жұмысын тексеріңіз.
- Автокөлік астында сұйықтықтың ағып жатпағанын тексеріңіз (жұмыс барысында немесе өшірілгеннен кейін ауаны баптау жүйесінен тамшылайтын су ақаулық белгісі емес).

Кемінде айына бір рет:

- Кеңейткіш бактағы салқындатқыш сұйықтықтың деңгейін тексеріңіз.
- Барлық сыртқы жарықтандыру аспаптарының, соның ішінде стоп-сигналдарының, бұрылыс көрсеткіштерінің және апаттық сигнал беру шамдарының жұмысын тексеріңіз.
- Шинасы тозған, біркелкі тозбаған немесе шинасы зақымдалған доңғалақтың орнына орнатылған қосалқы доңғалақты қоса алғанда, барлық шиналардағы қысымды тексеріңіз.
- Доңғалақтардың қысқыш сомындарының босап қалмағанын тексеріңіз.

Кемінде жылына екі рет (яғни, әр көктем мен күзде):

- Радиатордың, жылытқыштың және кондиционердің иілгіш құбыршектерінің тесілмегенін және зақымдалмағанын тексеріңіз.
- Алдыңғы әйнек жуғышы мен әйнек тазалағышының жұмысын тексеріңіз. Әйнек тазалағыш щеткаларын жуу сұйықтығымен суланған таза шүберекпен тазалаңыз.
- Фаралардың реттелуін тексеріңіз.
- Бәсеңдеткішті, газ шығаратын құбырларды, қаптар мен қамыттарды тексеріңіз.
- Қауіпсіздік белбеулерінің тозғанын және дұрыс жұмыс істеуін тексеріңіз.

Кемінде жылына бір рет:

- Автокөліктің шанағы мен есіктеріндегі дренаждау саңылауларын тазалаңыз.
- Есіктің және капоттың топсаларын майлаңыз.
- Есіктің және капоттың құлыптары мен ілгектерін майлаңыз.
- Есіктердің резеңке тығыздағыштарын майлаңыз.
- Есікті шектеуішті майлаңыз.
- Күн жылымай тұрып ауаны баптау жүйесін тексеріңіз.
- АБАҚ тартымын және басқару элементтерін тексеріп, майлаңыз.
- Аккумулятор батареясы мен оның клеммаларын тазартыңыз.
- Тежеуіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз.

МЕРЗІМДІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР КЕШЕНІ

Автокөлік төменде көрсетілген режимдердің бірінде тұрақты түрде пайдаланылмаса, әдепкі көлемдегі техникалық қызмет көрсету кестесін ұстаныңыз. Автокөлік төменде көрсетілген режимдердің бірінде жүйелі түрде пайдаланылса, ауыр пайдалану жағдайларында жүргізілетін техникалық қызмет көрсету кестесін ұстаныңыз.

- Қалыпты температурада 8 км-ден (5 мильден) аз қысқа қашықтықтарға немесе температура нөлден төмен болғанда 16 км-ді (10 мильді) құрайтын қашықтыққа бірнеше рет жол жүру
- Үлкен қашықтықтарға төмен жылдамдықпен жол жүру
- Тегіс емес, шаңды, ластанған жолмен, жабыны жоқ жолмен немесе қиыршық таспен не тұзбен жабылған жолмен жүру
- Тұз немесе басқа коррозиялық материалдар қолданылатын жерде қозғалу немесе ауа райы өте суық болғанда қозғалу
- Қатты шаңдану жағдайларында қозғалу
- Лық толы жолдармен жүру
- Тауға қарай, таудан немесе таулы жолдармен жиі жүру
- Тіркемені сүйреу немесе тұрғын автотіркемені не төбедегі жүксалғышты пайдалану
- Патрульдік автокөлік, такси, коммерциялық автокөлік немесе тіркеп сүйрегіш ретінде пайдалану
- 170 км/сағ. (106 миль/сағ.) шамасынан жоғары жылдамдықпен жүру
- Жиі тоқтап қозғалу

Егер автокөлік жоғарыда көрсетілген режимдердің бірінде пайдаланылса, онда оның техникалық жай-күйін тексеру, жұмыс сұйықтықтарын ауыстыру немесе толтыру әдеттегі жағдайларда пайдаланған кездегі техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілгеннен жиі жүргізілуі керек. Кестеде көрсетілген километражды немесе уақыт аралықтарын өткеннен кейін көрсетілген техникалық қызмет көрсету аралықтарын сақтай беріңіз.

ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙДА ПАЙДАЛАҢҒАН КЕЗДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КӨРСЕТУ КЕСТЕСІ – БЕНЗИНДІ ҚОЗҒАЛТҚЫШ (ЕУРОПАҮШІН)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМДІЛІГІ		Айлар саны немесе жүріп өткен жол, қайсысы бұрын келетініне байланысты									
Айлар		12	24	36	48	60	72	84	96		
Мильдер x 1 000		10	20	30	40	50	60	70	80		
Км x 1 000		15	30	45	60	75	90	105	120		
Жетекті белбеулер ^{*1}		Алғашқы тексеру 90 000 км (60 000 миль) немесе 72 айдан кейін жасалады, содан кейін әр 30 000 км (20 000 миль) немесе 24 ай сайын тексеріледі.									
Мотор майы мен май сүзгісі ^{*2}		R	R	R	R	R	R	R	R	R	R
Ауа сүзгісі		I	I	R	I	I	R	I	I	I	I
Отын қоспалары ^{*3}		Әр 15 000 км (10 000 миль) немесе 12 ай сайын қосу керек									

I : Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R : Орнына орнату немесе ауыстыру.

*1 : Айнымалы ток генераторын, гидрокүшейткіші бар руль механизмін (және су сорғысының жетекті белбеуін), сондай-ақ ауа кондиционерінің жетекті белбеуін (бар болғанда) реттеу.

Тексеру, содан кейін қажетінше жөндеу немесе ауыстыру.

*2 : Қозғалтқыштағы май деңгейін және тесік жерлердің жоқ болуын әрбір 500 км (350 миль) сайын немесе ұзақ сапар алдында тексеру.

*3 : Егер еуропалық отын стандарттарының (EN 228) талаптарына немесе басқа ұқсас талаптарға сәйкес келетін жоғары сапалы бензин (отын қоспаларын қоса алғанда) қолжетімді болмаса, бір бөтелке қоспаны қосу ұсынылады. Қоспаларды HU/UNDA I ресми дилерінен сатып алуға болады. Сонымен қатар, оларды пайдалану бойынша кеңестер алуға болады. Түрлі қоспаларды араластыруға болмайды.

8-12 ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙДА ПАЙДАЛАҢАҢ КЕЗДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕСТЕСІ (ЖАЛҒАСЫ) – БЕНЗИНДІ ҚОЗҒАЛТҚЫШ (ЕУРОПАҮШІН)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМДІЛІГІ		Айлар саны немесе жүріп өткен жол, қайсысы бұрын келетініне байланысты									
		12	24	36	48	60	72	84	96		
Айлар		12	24	36	48	60	72	84	96		
Мильдер x 1 000		10	20	30	40	50	60	70	80		
Км x 1 000		15	30	45	60	75	90	105	120		
Оталдыру білтелері*4		Этилдендірілмеген бензин									
		Этилдендірілген бензин									
		Өр 160 000 км (100 000 миль) өткен сайын ауыстыру									
		Өр 80 000 км (50 000 миль) өткен сайын ауыстыру									
Желдеткіш құбыршегі және отын бағындағы құю қылтасының қақпағы					I						I
Отын бағының ауа сүзгісі (бар болса)					I						I
Вакуумдық құбыршектер		I	I	I	I	I	I	I	I	I	I
Отын құбырлары, иілгіш құбыршектер және қосқыштар											I

I : Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R : Орнына орнату немесе ауыстыру.

*4 : Сізге ыңғайлы болуы үшін ауыстыру басқа тораптарға техникалық қызмет көрсету барысында көрсетілген аралық аяқталғанға дейін жасалуы мүмкін.

ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙДА ПАЙДАЛАҒАН КЕЗДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕСТЕСІ (ЖАЛҒАСЫ) – БЕНЗИНДІ ҚОЗҒАЛТҚЫШ (ЕУРОПАҮШІН)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМДІЛІГІ		Айлар саны немесе жүріп өткен жол, қайсысы бұрын келетініне байланысты										
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПОЗИЦИЯСЫ		Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96		
		Мильдер x 1 000	10	20	30	40	50	60	70	80		
		Км x 1 000	15	30	45	60	75	90	105	120		
Салқындату жүйесі		Салқындатқыш сұйықтықтың деңгейін және оның жылыстамауын күнде тексеру керек										
		Алғашқы тексеру 60 000 км (40 000 миль) немесе 48 айдан кейін жасалады, содан кейін әр 30 000 км (20 000 миль) немесе 24 ай сайын тексеріледі.										
Салқындату жүйесінің сұйықтығы *5		Алғашқы ауыстыру 210 000 км (120 000 миль) немесе 10 жылдан кейін орындалады: Осыдан кейін әр 30 000 км (20 000 миль) немесе 24 ай өткен соң ауыстырып отыру қажет *6										
Аккумулятор батареясының жай-күйі		I										
Тежеу жүйесінің құбырлары, иілгіш құбыр сектер және қосқыштар		I										
Тежегіш педалі		I										
Тұрақ тежегіші		I										

I : Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R : Орнына орнату немесе ауыстыру.

*5 : Салқындатқыш сұйықтықты қосқан кезде тек ионсыздандырылған немесе жұмсақ суды пайдалану керек. Түпнұсқа салқындатқыш сұйықтыққа кермек суды қосуға тыйым салынады. Салқындатқыш сұйықтықты араластыру кезіндегі қателіктер қозғалтқыштың қатты бұзылуына немесе зақымдалуына әкелуі мүмкін.

*6 : Сізге ыңғайлы болуы үшін ауыстыру басқа тораптарға техникалық қызмет көрсету барысында көрсетілген аралық аяқталғанға дейін жасалуы мүмкін.

ҚАЛЫПТЫ JAҒДАЙДА ПАЙДАЛАҢҒАН КЕЗДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕСТЕСІ (ЖАЛҒАСЫ) – БЕНЗИНДІ ҚОЗҒАЛТҚЫШ (ЕУРОПАҮШІН)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар саны немесе жүріп өткен жол, қайсысы бұрын келетініне байланысты										
	Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96		
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПОЗИЦИЯСЫ	Мильдер x 1 000	10	20	30	40	50	60	70	80		
	Км x 1 000	15	30	45	60	75	90	105	120		
	Тежегіш сұйықтығы	I	R	I	R	I	R	I	R		
Дискілі тежегіштер және тежегіш қалыптары	I	I	I	I	I	I	I	I	I		
Тісті рейка, жетек және руль механизмінің қаптары	I	I	I	I	I	I	I	I	I		
Жетек білігі және шаңнан қорғайтын қаптар	I	I	I	I	I	I	I	I	I		
Шиналар (қысым және протектордың тозуы)	I	I	I	I	I	I	I	I	I		
Алдыңғы аспаптың жұмыр топсалары	I	I	I	I	I	I	I	I	I		
Шасси мен шаңақтың бұраңдамалары мен сомындары	I	I	I	I	I	I	I	I	I		
Ауа кондиционерінің суық агенті (бар болса)	I	I	I	I	I	I	I	I	I		
Ауа кондиционерінің компрессоры (бар болса)	I	I	I	I	I	I	I	I	I		
Микроклиматты басқару жүйесінің ауа сүзгісі (бар болса)	R	R	R	R	R	R	R	R	R		
АБҚ арналған сұйықтық	Тексерулер мен қызмет көрсетуді қажет етпейді										
Пайдаланылған газдарды шығару жүйесі	I	I	I	I	I	I	I	I	I		
ERA-GLONASS жүйесі (бар болса)	I	I	I	I	I	I	I	I	I		
ERA-GLONASS жүйесінің батареясы (бар болса)	Әр 3 жыл сайын ауыстыру										

I : Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R : Орнына орнату немесе ауыстыру.

АУЫР ПАЙДАЛАҢУ ЖАҒДАЙЛАРЫНДА ЖӘНЕ ЖҮРІП ӨТКЕН ЖОЛАЗ БОЛҒАН КЕЗДЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ – БЕНЗИНДІ ҚОЗҒАЛТҚЫШ (ЕУРОПАҰШІН)

Келесі элементтерге көбінесе ауыр және жеңіл пайдалану режимдерінде қолданылатын көлік құралдарында жиірек қызмет көрсету керек.

Төмендегі кестеде техникалық қызмет көрсетудің тиісті мерзімділігі көрсетілген

R : Ауыстыру

I : Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

Қызмет көрсету позициясы	Техникалық қызмет көрсету операциясы	Техникалық қызмет көрсету мерзімділігі	Пайдалану талаптары
Мотор майы мен май сүзгісі	R	Әр 7 500 км (4 650 миль) немесе 6 ай сайын	A, B, C, D, E, F, G, H, I, J, K
Ауа сүзгісінің сүзгі элементі	R	Пайдалану талаптарына сәйкес талап етілсе, жиі ауыстырыңыз	C, E
Оталдыру білгелері	R	Пайдалану талаптарына сәйкес талап етілсе, жиі ауыстырыңыз	A, B, H, I, K
Тісті рейка, жетек және руль механизмінің қаптары	I	Пайдалану талаптарына сәйкес талап етілсе, жиі тексеріңіз	C, D, E, F, G
Алдыңғы аспаның жұмыр топсалары	I	Пайдалану талаптарына сәйкес талап етілсе, жиі тексеріңіз	C, D, E, F, G
Дискіпі тежеуіштер, тежеуіш қалыптары, суппорттар мен дискілер	I	Пайдалану талаптарына сәйкес талап етілсе, жиі тексеріңіз	C, D, E, G, H
Тұрақ тежегіші	I	Пайдалану талаптарына сәйкес талап етілсе, жиі тексеріңіз	C, D, G, H
Доңғалақ жетектерінің білдіктері және қаптар	I	Пайдалану талаптарына сәйкес талап етілсе, жиі тексеріңіз	C, D, E, F, G, H, I, K

Қызмет көрсету позициясы	Техникалық қызмет көрсету операциясы	Техникалық қызмет көрсету мерзімділігі	Пайдалану талаптары
АБҚ арналған сұйықтық	R	Әрбір 90 000 км (60 000 миль) сайын	A, C, E, F, G, H, I
Микроклиматты басқару жүйесінің ауа сүзгісі (бар болса)	R	Пайдалану талаптарына сәйкес талап етілсе, жиі ауыстырыңыз	C, E
ERA-GLONASS жүйесі (бар болса)	I	Әр 7 500 км (4 650 миль) немесе 6 ай сайын тексеріңіз	A, K

Ауыр пайдалану жағдайлары

- A :Қалыпты қоршаған орта температурасында 8 км-ден (5 мильден) немесе нөлден төмен температурада 16 км-ден (10 мильден) аз қысқа қашықтыққа жиі сапар шегу.
- B :Қозғалтқыштың бос жүрісте ұзақ жұмыс істеуі немесе алыс қашықтықтарға төмен жылдамдықпен жүру.
- C :Тегіс емес, шаңды, ластанған жолмен, жабыны жоқ жолмен немесе қиыршық таспен не тұзбен жабылған жолмен жүру.
- D :Тұз немесе басқа коррозиялық материалдар қолданылатын жерде қозғалу немесе ауа райы өте суық болғанда қозғалу.
- E : Қозғалтқышқа құм немесе шаң түскенде қозғалу
- F : Лық толы жолдармен жүру
- G : Тауға қарай, таудан немесе таулы жолдармен жиі жүру
- H : Тіркемені сүйреу немесе тұрғын автотiркеменi не төбедегі жүксалғышты пайдалану.
- I : Патрульдік автокөлік, такси, коммерциялық автокөлік немесе тіркеп сүйрегіш ретінде пайдалану
- J : 170 км/сағ. (106 миль/сағ.) шамасынан жоғары жылдамдықпен жүру
- K : Жиі тоқтап қозғалатын жағдайда жүру

ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙДА ПАЙДАЛАҒАН КЕЗДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕСТЕСІ – БЕНЗИНДІ ҚОЗҒАЛТҚЫШ (ЕУРОПА ЕЛДЕРІН ҚОСПАҒАНДА)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМДІЛІГІ		Айлар саны немесе жүріп өткен жол, қайсысы бұрын келетініне байланысты											
		12	24	36	48	60	72	84	96				
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПОЗИЦИЯСЫ		10	20	30	40	50	60	70	80				
Мильдер x 1 000		15	30	45	60	75	90	105	120				
Км x 1 000													
Жетекті белбеулер ¹		I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I
Таяу Шығыс ^{*3} , сондай-ақ Орталық және Оңтүстік Америка үшін		Ер 10 000 км (6 200 миль) немесе 12 ай сайын ауыстыру											
Мотор майы мен май сүзгісі ^{*2}		R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R
Таяу Шығысты ^{*3} , сондай-ақ Орталық және Оңтүстік Американы қоспағанда													
Таяу Шығыс елдері үшін ^{*3}		R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R
Ауа сүзгісі ^{*3}		I	I	R	I	I	R	I	R	I	R	I	I

I : Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Орнына орнату немесе ауыстыру.

^{*1}: Айнымалы ток генераторын, гидрокүшейткіші бар руль механизмін (және су сорғысының жетекті белбеуін), сондай-ақ ауа кондиционерінің жетекті белбеуін (бар болғанда) реттеу.

Тексеру, содан кейін қажетінше жөндеу немесе ауыстыру.

^{*2}: Қозғалтқыштағы май деңгейін және тесік жерлердің жоқ болуын әрбір 500 км (350 миль) сайын немесе ұзақ сапар алдында тексеру.

^{*3}: Таяу Шығыс елдеріне Марокко, Судан және Египет жатады.

ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙДА ПАЙДАЛАҒАН КЕЗДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕСТЕСІ (ЖАЛҒАСЫ) – БЕНЗИНДІ ҚОЗҒАЛТҚЫШ (ЕУРОПА ЕЛДЕРІН ҚОСПАҒАНДА)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМДІЛІГІ		Айлар саны немесе жүріп өткен жол, қайсысы бұрын келетініне байланысты											
		12	24	36	48	60	72	84	96				
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПОЗИЦИЯСЫ		10	20	30	40	50	60	70	80				
Мильдер x 1 000		15	30	45	60	75	90	105	120				
Км x 1 000													
Отын қоспаларын қосу**		Әр 10 000 км (6 500 миль) немесе 6 ай сайын											
Оталдыру біттелері*5		Әр 160 000 км (100 000 миль) өткен сайын ауыстыру											
Желдеткіш құбыршегі және отын бағындағы құю қылтасының қақпағы		Әр 80 000 км (50 000 миль) өткен сайын ауыстыру											
Отын бағының ауа сүзгісі (бар болса)													
Вакуумдық құбыршектер		I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I

I : Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, таазалау немесе ауыстыру.

R: Орнына орнату немесе ауыстыру.

*4: Егер Еуропалық отын стандарттарының (EN 228) талаптарына немесе басқа да ұқсас талаптарға сәйкес келетін қоспалары бар жоғары сапалы бензин сатып алу мүмкін болмаса, бір бөтелке қоспаны қосу ұсынылады. Қоспаларды HUNDI уәкілетті дилерінен сатып алуға болады. Сонымен қатар оларды пайдалану бойынша кеңестер алуға болады. Басқа қоспаларды қоспаңыз.

*5: Сізге ыңғайлы болуы үшін ауыстыру басқа тораптарға техникалық қызмет көрсету барысында көрсетілген аралық аяқталғанға дейін жасалуы мүмкін.

ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙДА ПАЙДАЛАНҒАН КЕЗДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕСТЕСІ (ЖАЛҒАСЫ) – БЕНЗИНДІ ҚОЗҒАЛТҚЫШ (ЕУРОГАЕЛДЕРІН ҚОСПАҒАНДА)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар саны немесе жүріп өткен жол, қайсысы бұрын келетініне байланысты									
	12	24	36	48	60	72	84	96		
Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96		
Мильдер x 1 000	10	20	30	40	50	60	70	80		
Км x 1 000	15	30	45	60	75	90	105	120		
Отын сүзгісі *6	I			R		I		R		
Отын құбырлары, иілгіш құбыршықтар және қосқыштар				I				I		
Салқындату жүйесі	Салқындатқыш сұйықтықтың деңгейін және оның жылыстамауын күнде тексеру керек									
	Алғашқы тексеру 60 000 км (40 000 миль) немесе 48 айдан кейін жасалады, содан кейін әр 30 000 км (20 000 миль) немесе 24 ай сайын тексеріледі.									
Салқындату жүйесінің сұйықтығы *7	Алғашқы ауыстыру 200 000 км (120 000 миль) немесе 10 жылдан кейін орындалады. Осыдан кейін әр 40 000 км (25 000 миль) немесе 24 ай өткен соң ауыстырылып отыру қажет *8									

I : Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Орнына орнатыңыз немесе ауыстырыңыз.

*6.:Отын сүзгісі техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейтін компонент болып саналады, бірақ оны ара-тұра тексеріп отыру ұсынылады. Техникалық қызмет көрсету кестесі пайдаланылатын отынның сапасына байланысты. Отын ағынының бұзатталуы, діріл, қуаттың жоғалуы, қозғалтқышты оталдыру проблемалары және т.б. сияқты күрделі мәселелер туындаған кезде, отын сүзгісі техникалық қызмет көрсету кестесіне қарамастан дереу ауыстырылуы керек. Қосымша ақпарат алу үшін **HYUNDAI** авторландырылған дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

*7.:Салқындатқыш сұйықтықты қосқан кезде тек ионыздандырылған немесе жұмсақ суды пайдалану керек. Түпнұсқалық салқындатқыш сұйықтыққа кермек суды қосуға тыйым салынады. Салқындатқыш сұйықтықты араластыру кезіндегі қателіктер қозғалтқыштың қатты бұзылуына немесе зақымдалуына әкелуі мүмкін.

*8.: Сізге ыңғайлы болуы үшін ауыстыру басқа тораптарға техникалық қызмет көрсету барысында көрсетілген аралық аяқталғанға дейін жасалуы мүмкін.

ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙДА ПАЙДАЛАНҒАН КЕЗДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КӨРСЕТУ КЕСТЕСІ (ЖАЛҒАСЫ) – БЕНЗИНДІ ҚОЗҒАЛТҚЫШ (ЕУРОПА ЕЛДЕРІН ҚОСПАҒАНДА)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар саны немесе жүріп өткен жол, қайсысы бұрын келетініне байланысты											
	12	24	36	48	60	72	84	96	105	120	150	180
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПОЗИЦИЯСЫ	10	20	30	40	50	60	70	80	90	105	120	150
Акумулятор батареясының жай-күйі	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Тежеу жүйесінің құбырлары, иілгіш құбыршектөр және қосқыштар	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Тежегіш педалі												
Тұрақ тежегіші												
Тежегіш сұйықтығы	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Дискілі тежегіштер және тежегіш қалыптары	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Тісті рейка, жетек және руль механизмінің қаптары	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Жетек білігі және шаңнан қорғайтын қаптар												
Шиналар (қысым және протектордың тозуы)	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Алдыңғы аспапның жұмыр топсалары	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Шасси мен шапартың бұраңдамалары мен сомындары	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Ауа кондиционерінің суық агенті (бар болса)	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Ауа кондиционерінің компрессоры (бар болса)	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1

I : Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Орнына орнатыңыз немесе ауыстырыңыз.

ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙДА ПАЙДАЛАҒАН КЕЗДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕСТЕСІ (ЖАЛҒАСЫ) – БЕНЗИНДІ ҚОЗҒАЛТҚЫШ (ЕУРОГАЕЛДЕРІН ҚОСПАҒАНДА)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМДІЛІГІ		Айлар саны немесе жүріп өткен жол, қайсысы бұрын келетініне байланысты									
		12	24	36	48	60	72	84	96		
Айлар		12	24	36	48	60	72	84	96		
Мильдер x 1 000		10	20	30	40	50	60	70	80		
Км x 1 000		15	30	45	60	75	90	105	120		
Микроклиматты басқару жүйесінің ауа сүзгісі (бар болса)		R	R	R	R	R	R	R	R		
АБҚ арналған сұйықтық		Тексерулер мен қызмет көрсетуді қажет етпейді									
Пайдаланылған газдарды шығару жүйесі			I		I		I		I		
ERA-GLONASS жүйесі (бар болса)		I	I	I	I	I	I	I	I		
ERA-GLONASS жүйесінің батареясы (бар болса)		Әр 3 жыл сайын ауыстыру									

I : Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Орнына орнатыңыз немесе ауыстырыңыз.

АУЫР ПАЙДАЛАНУ ЖАҒДАЙЛАРЫНДА ЖӘНЕ ЖҮРІП ӨТКЕН ЖОЛАЗ БОЛҒАН КЕЗДЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ – БЕНЗИНДІ ҚОЗҒАЛТҚЫШ (ЕУРОПАНЫ ҚОСПАҒАНДА)

Төменде автокөлікті ауыр жағдайларда пайдаланған кезде жиірек техникалық қызмет көрсетуді талап ететін позициялардың тізімі берілген.

Төмендегі кестеде техникалық қызмет көрсетудің тиісті мерзімділігі көрсетілген.

R : Ауыстыру

I : Тексеру, содан кейін қажетінше ретпеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

Қызмет көрсету позициясы		Техникалық қызмет көрсету операциясы	Техникалық қызмет көрсету мерзімділігі	Пайдалану талаптары
Мотор майы мен май сүзгісі	Тауу Шығыс, сондай-ақ Орталық және Оңтүстік Америка үшін	R	Әр 5 000 км (3 100 миль) немесе 6 ай сайын ауыстыру	A, B, C, D, E, F, G, H, I, K
	Тауу Шығысты, сондай-ақ Орталық және Оңтүстік Американы қоспағанда	R	Әр 7 500 км (4 650 миль) немесе 6 ай сайын ауыстыру	
Ауа сүзгісінің сүзгі элементі		R	Пайдалану талаптарына сәйкес талап етілсе, жиі ауыстырыңыз	C, E
Оталдыру білтелері		R	Пайдалану талаптарына сәйкес талап етілсе, жиі ауыстырыңыз	A, B, H, I, K
Тістірейка, жетек және руль механизмінің қаптары		1	Пайдалану талаптарына сәйкес талап етілсе, жиі ауыстырыңыз	C, D, E, F, G
Алдыңғы аспапның жұмыр топсапары		1	Пайдалану талаптарына сәйкес талап етілсе, жиі ауыстырыңыз	C, D, E, F, G

Қызмет көрсету позициясы	Техникалық қызмет көрсету операциясы	Техникалық қызмет көрсету мерзімділігі	Пайдалану талаптары
Дискіпі тежеуіштер, тежеуіш қалыпттары, суппорттар мен дискілер	I	Пайдалану талаптарына сәйкес талап етілсе, жиі тексеріңіз	C, D, E, G, H
Тұрақ тежегіші	I	Пайдалану талаптарына сәйкес талап етілсе, жиі тексеріңіз	C, D, G, H
Доңғалақ жетегінің біліктері және қаптар	I	Пайдалану талаптарына сәйкес талап етілсе, жиі тексеріңіз	C, D, E, F, G, H, I
АБҚ арналған сұйықтық (бар болғанда)	R	Әрбір 100 000 км (62 000 миль) сайын	A, C, E, F, G, H, I
Микроклиматты басқару жүйесінің ауа сүзгісі (бар болса)	R	Пайдалану талаптарына сәйкес талап етілсе, жиі ауыстырыңыз	C, E
ERA-GLONASS жүйесі (бар болса)	I	Әр 7 500 км (4 650 миль) немесе 6 ай сайын тексеріңіз	A, K

Ауыр пайдалану жағдайлары

- A** : Қалыпты қоршаған орта температурасында 8 км-ден (5 мильден) немесе нөлден төмен температурада 16 км-ден (10 мильден) аз қысқа қашықтыққа жиі сапар шегу.
- B** : Қозғалтқыштың бос жүрісте ұзақ жұмыс істеуі немесе алыс қашықтықтарға төмен жылдамдықпен жүру
- C** : Тегіс емес, шаңды, ластанған жолмен, жабыны жоқ жолмен немесе қиыршық таспен не тұзбен жабылған жолмен жүру
- D** : Тұз немесе басқа коррозиялық материалдар қолданылатын жерде қозғалу немесе ауа райы өте суық болғанда қозғалу

- E** : Қозғалтқышқа құм немесе шаң түскенде қозғалу
- F** : Лық толы жолдармен жүру
- G** : Тауға қарай, таудан немесе таулы жолдармен жиі жүру
- H** : Тіркемені сүйреу немесе тұрғын автоіркемеңі не тебедегі жүксалғышты пайдалану.
- I** : Патрульдік автокөлік, такси, коммерциялық автокөлік немесе тіркел сүйрегіші ретінде пайдалану
- J** : 170 км/сағ. (106 миль/сағ.) жоғары жылдамдықпен жүру
- K** : Жиі тоқтап қозғалатын жағдайда жүру

МЕРЗІМДІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПОЗИЦИЯЛАРЫ

Мотор майы мен қозғалтқыштың май сүзгісі

Мотор майы мен қозғалтқыштың май сүзгісін техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілген жиілікпен өзгертіп отыру керек. Автокөлікті ауыр жағдайларда пайдаланған кезде ауыстыруды жиірек орындау керек.

Жетекті белбеулер

Барлық жетекті белбеулерді кесілген, жарылған жерлердің бар-жоғына, қатты тозған-тозбағанына немесе маймен ластанған-ластанбағанына тексеріп, қажет болған жағдайда, ауыстырыңыз. Жетекті белбеулердің керілуін ара-тұра тексеріп, қажетінше реттеу керек.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Белбеуді тексерген кезде оталдыру жүйесінің кілті LOCK (бұғаттау), OFF (өшіру) немесе ACC (қосалқы жабдық) қалпына орнатылуы керек.

Отын сүзгісінің сүзгі элементі (Еуропаны қоспағанда)

Батпақпен бітеліп қалған отын сүзгісі автокөлік қозғалуы мүмкін жылдамдықтың шектелуіне, уыттылықты төмендету жүйесінің істен шығуына және қозғалтқыштың нашар оталуына себепші болуы мүмкін. Егер отын бағында бөгде заттардың артық мөлшері жиналса, отын сүзгісін жиірек ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Жаңа сүзгіні орнатқаннан кейін қозғалтқышты бірнеше минутқа қосып қойып, қосылыс жерлерінде жылыстаудың жоғын тексеріңіз. Отын сүзгісін ауыстыру үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Отын сүзгісінің сүзгі элементі (Еуропа үшін)

Бензинді қозғалтқышы бар көлік құралдарында отын бағына орнатылған сүзгі қолданылады, ол көлік құралының бүкіл қолданыс мерзіміне есептелген. Тұрақты техникалық қызмет көрсету немесе ауыстыру қажет емес, бірақ пайдаланылатын отынның сапасы қажетті техникалық қызмет көрсету жиілігіне әсер етуі мүмкін. Отынның шектеулі берілуі, помпаж, қуаттың жоғалуы, оталдырудың қиын болуы және т.б. отынға байланысты проблемалар болған кезде отын сүзгісін дереу ауыстыру керек.

Отын құбырлары, иілгіш құбыршектер және қосқыштар

Отын құбырларында, отын беретін құбыршектерде және қосқыштарда ағудың болмауын және олардың зақымдалмағанын тексеріңіз. Отын түтіктерін, отын құбыршектерін және ағытпаларды ауыстыру үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Желдеткіш құбыршегі және отын бағындағы құю қылтасының қақпағы

Отын бағындағы желдеткіш құбыршегі мен оның құю қылтасының қақпағының күйін техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілген мерзімділікпен тексеру керек. Отын бағындағы желдеткіш құбыршегінің немесе оның құю қылтасы қақпағының тиісті түрде ауыстырылғанына көз жеткізіңіз.

Ауа сүзгісі

Ауа сүзгісін HYUNDAI ресми дилерінде ауыстырған жөн.

Оталдыру білтелері

Орнатылған оталдыру білтелерінің жылу сипаттамалары белгіленген талаптарға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалтқыш ысып тұрғанда оталдыру білтелерін өшіруге және тексеруге болмайды. Бұл күйік алудың себебіне айналуы мүмкін.

Салқындату жүйесі

Қозғалтқыштың салқындату жүйесінің элементтерін, мысалы, радиаторды, кеңейткіш бакты, икемді құбыршектер мен қосылыс жерлерін ағып кетулер мен зақымданған жерлерінің болмауына тексеріңіз. Барлық зақымдалған бөлшектерді ауыстырыңыз.

Салқындату жүйесінің сұйықтығы

Салқындату сұйықтығын ауыстыру техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілген мерзімділікпен жүргізілуі тиіс.

АБҚ арналған сұйықтық

Қалыпты түрде пайдаланған кезде АБҚ-ға арналған сұйықтықты тексеру қажет емес.

АБҚ сұйықтығын ауыстыру үшін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.

i Ақпарат

Автоматты беріліс қорабының жаңа сұйықтығы қызыл түсті болады.

Көлік құралын пайдалану шамасына қарай сұйықтық біртіндеп қараяды.

Бұл қалыпты жағдай болып саналады. Сұйықтықтың түсі өзгергендіктен оны ауыстыру талап етілмейді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Ұсынылғандардың арасында көрсетілмеген сұйықтықты пайдалану жұмыстағы ақауларға және беріліс қорабының дұрыс жұмыс істеуіне әкеп соғуы мүмкін.

АБҚ үшін тек оларға арналған сұйықтықтарды ғана пайдалану керек. (2-бөлімдегі «Ұсынылған майлар мен көлемдер» тармағын қараңыз.)

Тежеу жүйесінің құбырлары мен иілгіш құбыршектері

Сыртқы тексеру арқылы орнатудың дұрыстығын, үйкелген жерлердің, жарықтардың, тозудың және кез келген ағудың болмауын тексеріңіз. Барлық зақымдалған немесе тозған бөлшектерді дереу ауыстырыңыз.

Тежегіш сұйықтығы

Тиісті бақтағы тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз. Деңгей бак қабырғасындағы MIN (минимум) және MAX (максимум) белгілерінің арасында болуы керек. Тек DOT 4 сипаттамасына сәйкес келетін гидравликалық тежегіш сұйықтығын ғана қолданыңыз.

Тұрақ тежегіші

Тұрақ тежегішінің жүйесін тексеріңіз.

Дискілі тежеуіштер, тежеуіш қалыптары, суппорттар мен дискілер

Тежеуіш қалыптарының тозбағанын, дискілердің соғылмағанын және тозбағанын, суппорттардағы тежегіш сұйықтығының ақпауын тексеріңіз.

Фрикциялық төсемдердің шекті тозуын тексеру туралы толық ақпаратты HYUNDAI веб-сайтынан алуға болады.

<http://service.hyundai-motor.com>

Аспаны бекіту бұрандамалары

Аспа элементтерінің бекіту тораптарындағы бұрандамалардың босап қалмағанын немесе зақымдалмағанын тексеріңіз. Бұрандалы қосылыстарды көрсетілген тарту сәтімен бұрап бекітіңіз.

Руль механизмінің картері, жетегі және қаптары / төменгі интіректің жұмыр тірегі

Автокөлікті тоқтатыңыз, қозғалтқышты өшіріңіз және рульдің шамадан тыс солқылдамағанын тексеріңіз.

Руль жетегі пішімінің өзгермегенін және зақымдалмағанын тексеріңіз. Қорғаныс қаптары мен жұмыр тіректердің тозбағанын, сызатталмағанын немесе зақымдалмағанын тексеріңіз. Барлық зақымдалған бөлшектерді ауыстырыңыз.

Доңғалақ жетегінің біліктері және қаптар


Доңғалақ жетегі біліктерінің, қаптар мен қамыттардың сызатталмағанын, тозбағанын немесе зақымдалмағанын тексеріңіз. Барлық зақымдалған бөлшектерді ауыстырыңыз және қажет болғанда тораптардың толтырмасын қоюланған маймен қалпына келтіріңіз.

Кондиционер жүйесінің суық агенті / Ауа кондиционерінің компрессоры

Кондиционер магистральдерінен және қосылыс жерлерінен ағып кетудің болмауын және олардың зақымдалмауын тексеріңіз.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ МАЙЛАУ ЖҮЙЕСІ

Мотор майының деңгейін тексеру



1. Автокөліктің көлденең бетке қойылғанына көз жеткізіңіз.
2. Қозғалтқышты оталдырыңыз және қалыпты жұмыс температурасына дейін қыздырыңыз.
3. Қозғалтқышты өшіріп, май картер науасына ағып кетуі үшін бірнеше минут күтіңіз (шамамен 5 минут).
4. Сүңгіні шығарып алыңыз, тазалап сүртіп, тірелгенше қайта салыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ


Радиатор құбыршегі

Майды толтырып құйған кезде немесе қозғалтқыштағы май деңгейін тексерген кезде радиатор түтігіне тиіп кетпеу үшін барынша сақ болыңыз, өйткені ол күйдіріп жіберетіндей температураға дейін қызып кетуі мүмкін.

5. Сүңгіні қайта шығарып алып, деңгейді тексеріңіз. Деңгей «F (ТОЛЫҚ)» және «L (ТӨМЕН)» белгілерінің арасында болуы тиіс.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Мотор майын артығымен құймаңыз. Бұл қозғалтқышты зақымдауы мүмкін.
- Мотор майын қосқанда немесе ауыстырғанда, оның төгіліп кетпеуін қадағалаңыз. Мотор майы мотор бөлігіне ағып кетсе, оны дереу сүртіңіз.
- Май деңгейінің көрсеткішін таза шүберекпен сүрту керек. Оның ластануы қозғалтқыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін.



Егер ол «L (ТӨМЕН)» белгісінің жанында болса, деңгей «F (ТОЛЫҚ)» белгісіне дейін көтерілетіндей май мөлшерін қосыңыз.

Майды мөлшерден артық құймаңыз. Қозғалтқыш элементтеріне май төгіліп кетпеуі үшін құйғышты қолданыңыз.

Тек ұсынылған мотор майларының маркаларын қолданыңыз. (2-тараудағы «Ұсынылған майлар мен көлемдер» бөлімін қараңыз.)

Мотор майы мен сүзгіні ауыстыру



Мотор майы мен май сүзгісін ауыстыру үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Терімен ұзақ уақыт байланыста болған кезде пайдаланылған мотор майы тітіркенуді немесе тері қатерлі ісігін тудыруы мүмкін. Пайдаланылған мотор майында зертханалық жануарларда қатерлі ісік ауруын тудырған химиялық заттар бар. Теріні қорғау үшін пайдаланылған маймен жұмыс істегеннен кейін дереу қолыңызды сабынмен және жылы сумен жақсылап жуыңыз.

САЛҚЫНДАТУ ЖҮЙЕСІНІҢ СҰЙЫҚТЫҒЫ

Жоғары қысымды салқындату жүйесіне қату температурасы төмен болатын бүкіл маусымдық салқындатқыш сұйықтыққа толтырылған бак кіреді. Салқындатқыш сұйықтық бакқа өндіруші зауытта құйылады.

Қатып қалудан қорғау дәрежесін және салқындатқыш сұйықтықтың деңгейін жылына кемінде бір рет, қыс мезгілі басталғанға дейін немесе климаты суық аудандарға барар алдында тексеріңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Егер қозғалтқыш салқындатқыш сұйықтықтың төмен деңгейінің салдарынан қызып кетсе, салқындатқыш сұйықтықтың көп мөлшерін бірден қосқан кезде қозғалтқышта жарықтар пайда болуы мүмкін. Зақымданудың алдын алу үшін салқындатқыш сұйықтықты кішкене бөліктермен баяу қосу керек.
- Қозғалтқышты салқындатқыш сұйықтықсыз іске қосуға болмайды. Бұл су сорғысының дұрыс жұмыс істемеуіне және қозғалтқыштың кептелуіне әкеп соғуы мүмкін.

Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының деңгейін тексеру



⚠ АБАЙЛАҢЫЗ



Радиатор қақпағын/Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығына арналған резервуардың қақпағын шешіп алу

- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда немесе ыстық болған кезде радиатор қақпағын/қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығына арналған резервуардың қақпағын ашуға болмайды. Бұл салқындату жүйесі мен қозғалтқышты зақымдауы мүмкін, сонымен қатар, ыстық салқындатқыш сұйықтықтың немесе будың шығарылуынан ауыр жарақат алуға болады.

- Қозғалтқышты өшіріп, салқындағанша күтіңіз. Радиатор қақпағын/қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығына арналған резервуардың қақпағын шешкенде аса сақ болыңыз. Қақпақты қалың шүберекпен орап, бірінші рет тірелгенше баяу сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз. Салқындату жүйесіндегі қысым шығарылғанша алшақтау тұрыңыз. Қысымның шыққанына көз жеткізгеннен кейін қалың шүберекті қолданып, радиатор қақпағын басыңыз және сағат тіліне қарсы бағытта бұрай отырып, қақпақты шешіп алыңыз.
- Қозғалтқыш өшірулі болса да, қозғалтқыш пен радиатор суығанша радиатор қақпағын/қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығына арналған резервуардың қақпағын немесе ағызутығынын шешіп алмаңыз. Осы уақытқа дейін қысыммен шығатын ыстық салқындатқыш сұйықтық пен бу ауыр жарақатқа әкеп соғуы мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ



Электр қозғалтқышы (салқындату желдеткішінің) қозғалтқышты салқындату температурасын, суық агент қысымын және автокөлік жылдамдығын реттейді. Ол кейде тіпті жұмыс істемейтін қозғалтқышпен де жұмыс істей алады. Салқындату желдеткішінің қалақтарының жанында жұмыс істегенде өте сақ болыңыз, желдеткіштің айналып тұрған қалақтары жарақат келтіруі мүмкін. Қозғалтқыштың температурасы төмендеген сайын электр қозғалтқышы автоматты түрде өше бастайды. Бұл – қалыпты жағдай. Электр қозғалтқышы (салқындату желдеткішінің) аккумулятордың теріс кабелі ажыратылғанша жұмыс істей беруі мүмкін.

Салқындату және жылыту жүйелеріндегі барлық құбыршектерінің күйін, сондай-ақ олардың қосылыстарын тексеріңіз. Тозған немесе ісініп кеткен түтіктердің барлығын ауыстырыңыз.

Салқындатқыш сұйықтықтың деңгейі қозғалтқыш суық болған кезде кеңейту бағының қабырғасындағы «L (ТӨМЕН)» және «F (ТОЛЫҚ)» белгілерінің арасында болуы керек.

Егер салқындатқыш сұйықтықтың деңгейі төмен болса, тазартылған (ионсыздалған) су қосыңыз.

Деңгейді «F (ТОЛЫҚ)» белгісіне дейін жеткізіңіз, бірақ сұйықтықты артығымен құймаңыз.

Егер толтыруды жиі орындауға тура келсе, жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Салқындатқыш сұйықтықты қосқаннан кейін резервуар қақпағының тиісті түрде жабылғанына көз жеткізу керек. Олай болмаса, қозғалыс барысында қозғалтқыш қызып кетуі мүмкін.



1. Салқындатқыш сұйықтыққа арналған резервуардың қақпағындағы затбелгінің алға бағытталғанына көз жеткізіңіз.



2. Салқындатқыш сұйықтықты құюға арналған тығынның ішіндегі кішкене шығыңқы жерлердің орнында мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Салқындату жүйесінде пайдалануға ұсынылатын сұйықтық

- Салқындатқыш сұйықтықты қосқан кезде автокөлік үшін тек тазартылған (ионсыздалған) суды қолданыңыз және ешқашан кермек суды зауытта қосылған салқындатқыш сұйықтықпен араластырмаңыз. Салқындатқыш сұйықтықтың тиісті емес қоспасы қозғалтқыштың қатты бұзылуына немесе зақымдалуына әкеп соғады.
- Автокөлік қозғалтқышында алюминий бөлшектері бар және коррозия мен қатып қалудың алдын алу үшін фосфаттары бар этиленгликоль негізіндегі салқындатқыш сұйықтық арқылы қорғауды қажет етеді.
- Метил және этил спирттерін пайдалануға, сондай-ақ оларды ұсынылатын салқындатқыш сұйықтықтарға қосуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

- Антифриздің көлемі 60%-дан асатын немесе 35%-дан төмен болатын ерітінділерді қолдануға болмайды, өйткені олардың тиімділігі төмен.

Қоспа компоненттерінің пайыздық құрамы келесі кестеде келтірілген.

Қоршаған орта температурасы	Қоспа компоненттерінің пайыздық құрамы (көлем)	
	Антифриз	Су
-15°C (5°F)	35	65
-25°C (-13°F)	40	60
-35°C (-31°F)	50	50
-45°C (-49°F)	60	40

Ақпарат

Араластыру мөлшерлеріне қатысты күмән туындаған жағдайда, ең оңайы – судың 50% -ын және антифриздің 50 % -ын араластыру, өйткені әр сұйықтық мөлшері бірдей болады. Бұл нұсқа –31° F және одан жоғары кез келген температура диапазоны үшін дерлік қолайлы.

Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығын ауыстыру

Салқындатқыш сұйықтықты ауыстыру үшін HUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Салқындатқыштың құю қылтасынан ағып кетпеуі және қозғалтқыштың басқа бөліктеріне, атап айтқанда, генераторға түсіп кетпеуі үшін салқындатқышты құймай тұрып радиатордың қылтасын қалың шүберекпен ораңыз.


АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығын немесе антифризді әйнек жуғыш сұйықтықтың резервуарына құймаңыз.

Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы шанақтың бояуын немесе қаптамасын зақымдауы мүмкін, сондай-ақ алдыңғы әйнекке түскен кезде көру мүмкіндігін айтарлықтай нашарлатып, нәтижесінде автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін.

ТЕЖЕУІШ СҰЙЫҚТЫҒЫ

Тежеуіш сұйықтығының деңгейін тексеру



Бақтағы сұйықтық деңгейін ара-тұра тексеріп отырыңыз. Деңгей шағын бактың бүйір бетіндегі MIN (Минимум) және MAX (Максимум) белгілері арасында болуы керек.

Шағын бактың қақпағын шешіп, тежеуіш сұйықтығын қоспай тұрып, тежеуіш сұйықтығы/ілінісу сұйықтығы ластанбауы үшін шағын бак қақпағының айналасындағы аймақты жақсылап тазалаңыз.

Егер деңгей төмен болса, сұйықтықты MAX (Максимум) деңгейіне дейін қосымша қосыңыз. Көліктің жүріп өткен жолы ұлғайған сайын сұйықтық деңгейі төмендейді.

Бұл – тежегіш төсемдердің тозуына байланысты қалыпты жағдай. Егер сұйықтық деңгейі тым төмен болса, тежегіш/ілінісу жүйесін тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.

i Ақпарат

Тек ұсынылған тежеуіш сұйықтығын ғана пайдаланыңыз. 2-тараудағы «Ұсынылған майлар мен көлемдер» бөлімін қараңыз.

i Ақпарат

Тежегіштің құю қылтасының қақпағын ауыстырмай тұрып қақпақтағы ескертуді мұқият оқып шығыңыз.

i Ақпарат

Шешіп алмай тұрып, құю қылтасының қақпағын тазалаңыз. Тек бітеулі жабық контейнердегі DOT4 тежеуіш сұйықтығын ғана қолданыңыз.

! АБАЙЛАҢЫЗ

Егер тежеуіш жүйесіне сұйықтықты жиі қосу қажет болса, бұл тежеуіш жүйесіндегі ағудың белгісі болуы мүмкін. Көлік құралын тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.



АБАЙЛАҢЫЗ


Тежеуіш сұйықтығы көзге тиіп кетпеуі үшін шаралар қабылдануы тиіс. Тежеуіш сұйықтығы көзге тиіп кетсе, көзді кем дегенде 15 минут бойы таза сумен жуып, дереу медициналық көмек алу керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Тежеуіш сұйықтығын шанақтың лак-бояу жабынына тигізбеу керек, өйткені ол зақымдалуы мүмкін.
- Ұзақ уақыт бойы ашық ауада қалған тежеуіш сұйықтығын қолдануға болмайды, өйткені бұл жағдайда оның сапасына кепілдік берілмейді. Сұйықтық тиісті түрде жойылуы тиіс.
- Сұйықтықтың тиісті түрін қолдану керек. Мотор майы сияқты минералды негіздегі майдың бірнеше тамшысы тежеуіш жүйесіне түсіп кеткен жағдайда, жүйе бөлшектері зақымдалуы мүмкін.
- Ең жоғары тежеу мүмкіндігін қамтамасыз ету және ABS және ESC жүйелерінің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын сақтау үшін техникалық шарттарға сәйкес келетін түпнұсқалық тежеуіш сұйықтығын қолдануға кеңес беріледі. (Стандарт: SAE J1704 DOT-4 LV, ISO4925 CLASS-6 және FMVSS 116 DOT-4)

АЛДЫҒЫ ӘЙНЕК ЖУҒЫШ СҰЙЫҚТЫҒЫ

Алдыңғы әйнек жуғыш бағындағы сұйықтық деңгейін тексеру



Жуғыш бағындағы сұйықтық деңгейін тексеріп, қажет болғанда сұйықтықты қосымша құйыңыз. Арнайы ерітінді болмаған жағдайда, таза суды қолдануға болады. Алайда климаты суық жерлерде қатпайтын жуғыш ерітінділерін қолдану керек.


АБАЙЛАҢЫЗ

Ауыр жарақаттың немесе өлімнің алдын алу үшін әйнек жуғыш сұйықтығын қолданған кезде келесі сақтық шараларын сақтаңыз:

- Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығын немесе антифризді әйнек жуғыш сұйықтықтың резервуарына құймаңыз. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы шанақтың бояуын немесе қаптамасын зақымдауы мүмкін, сондай-ақ алдыңғы әйнекке түскен кезде көру мүмкіндігін айтарлықтай нашарлатып, нәтижесінде автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін.
- Әйнек жуғыш сұйықтығына немесе әйнек жуғыш сұйықтығының резервуарына ашық от немесе ұшқын тигізбеңіз. Әйнек жуғыш сұйықтығының құрамында спирт болып, тез тұтануы мүмкін.
- Әйнек жуғыш сұйықтығын ішпеңіз және теріге тигізбеңіз. Әйнек жуғыш сұйықтығы адамдар мен жануарлар үшін улы.
- Жуу сұйықтықтарын балалар мен жануарлардан алшақтау ұстаңыз.

ТҰРАҚ ТЕЖЕГІШІ (БАР БОЛСА)

Тұрақ тежегішін тексеру




Тұрақ тежегіші педалінің жүрісі оны 20 кг (44 фунт, 196 Н) күшпен басқан кезде автокөліктің техникалық сипаттамаларында көрсетілген мәндер шегінде екеніне көз жеткізіңіз. Сонымен қатар, тұрақ тежегіші, басқа құрылғыларға тәуелсіз, автокөлікті айтарлықтай тік беткейде сенімді ұстап тұруы керек.

Егер жүріс талап етілгенге сәйкес келмесе, жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Педаль жүрісі: 3 рет шерту




АУА СҮЗГІСІ Сүзгіні ауыстыру



Тексеру үшін ауа сүзгісін сығылған ауамен тазартуға болады.

Оны жууға немесе шаюға тырыспаңыз, себебі бұл сүзгіні зақымдауы мүмкін.

Қатты ластанған жағдайда, ауа сүзгісін ауыстыру керек.



1. Ауа сүзгісінің қақпағындағы иінтіректі (1) жоғары тартып, бекіткішті түсіріңіз.
2. Ауа сүзгісінің қақпағын шешіп алыңыз (2).
3. Сүзгідегі бекіту тұтқасын (3) бұрап, бекітуді босатыңыз.
4. Ауа сүзгісін ауыстырыңыз.
5. Құрастыруды кері ретпен орындаңыз.

i Ақпарат

Егер автокөлік шамадан тыс шаңды немесе құмды аймақтарда пайдаланылса, элементті ұсынылған аралықтарға қарағанда жиірек ауыстырыңыз (осы тараудағы «Ауыр пайдалану жағдайларында техникалық қызмет көрсету» тармағын қараңыз).

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Ауа сүзгісі жоқ автокөлікті пайдаланбаңыз, бұдан қозғалтқыш қатты тозады.
- Ауа сүзгісінің сүзгі элементін алып тастағанда, шаңның немесе кірдің кіріс жолына түспейтініне көз жеткізіңіз, себебі бұл қозғалтқыштың зақымдалуына әкеп соғады.
- HYUNDAI түпнұсқалық бөлшектерін қолданыңыз. Басқа бөлшектерді пайдалану ауа шығыны датчигінің зақымдалуына әкеп соғады.


МИКРОКЛИМАТТЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ АУА СҮЗГІСІ

Сүзгінің жай-күйі


Климат-бақылау жүйесінің ауа сүзгісін қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстыру қажет. Автокөлікті ауасы қатты ластанған қалаларда немесе шаңды, тегіс емес жолдарда ұзақ пайдаланған жағдайда, тексеру мен ауыстыруды жиі жүргізу қажет. Климат-бақылау жүйесінің ауа сүзгісін ауыстырған кезде келесі процедураны орындау керек және басқа компоненттерге зақым келтірмеу үшін сақтық таныту керек.

Сүзгіні техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстырыңыз.

Сүзгіні ауыстыру




1. Тіреуді бөлшектеу (1).



2. Суретте көрсетілгендей, ұсақ-түйек тартпасын екі жағынан басыңыз. Бұл ұсақ-түйек тартпасының бекіткіш сұққыштарын бекіту орындарынан алуға мүмкіндік береді.



3. Климаттық қондырғыдағы ауа сүзгісінің корпусын қақпақтың оң жағындағы бекіткішті басып бөлшектеңіз.



4. Микроклиматты басқару жүйесінің ауа сүзгісін ауыстырыңыз.
5. Орнату бөлшектеу тәртібіне кері ретпен жүзеге асырылады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Климаттық қондырғының жаңа сүзгісін тиісті бағытта орнатыңыз, ағын бағытын көрсететін көрсеткі (↓) төмен қарап тұруы керек, кері жағдайда, жүйе жұмыс істеп тұрған кезде қатты шу шығып, сүзгі жұмысының тиімділігі төмендейді.

ӘЙНЕК ТАЗАЛАҒЫШТЫҢ ЩЕТКАЛАРЫ

Щеткалардың күйін тексеру

Алдыңғы әйнектің немесе әйнек тазалағыш щеткаларының бөгде заттармен ластануы әйнек тазалағыш жұмысының тиімділігін төмендетуі мүмкін.

Әдеттегі ластану көздері – жәндіктер, ағаш шырыны және кейбір коммерциялық автокөлік жуу орындарында қолданылатын ыстық балауыз. Егер щеткалар әйнекті нашар тазаласа, әйнек пен щеткаларды сапалы жуғыш құралмен немесе бейтарап тазартқыш құралмен жуыңыз, содан кейін таза сумен жақсылап шайыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Әйнек тазалағыш иінтірегіне және басқа бөлшектерге зақым келтірмеу үшін:

- Бензин, керосин, органикалық еріткіштерді және басқа еріткіштерді қолданбаңыз.
- Әйнек тазалағыштарды қолмен жылжытпаңыз.
- Басқа өндірушілердің әйнек тазалағыш щеткаларын қолданбаңыз.

i Ақпарат

Автоматты автокөлік жуу орындарында қолданылатын ыстық өнеркәсіптік балауыз алдыңғы әйнекті тазартуды қиындататыны белгілі.


Щеткаларды ауыстыру

Егер әйнек тазалағыштар әйнекті дұрыс тазаламаса, бұл щеткалардың тозғанын немесе бүлінгенін және оларды ауыстыру қажет екенін білдіруі мүмкін.


! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Әйнек тазалағыш иінтірегінің алдыңғы әйнекке түсуіне жол бермеңіз, өйткені ол әйнектің бір бөлігін шығарып жіберуі немесе әйнекті сындыруы мүмкін.

Алдыңғы әйнек тазалағышқа қызмет көрсету қалпы




Бұл автокөліктің дизайнында «жасырын» әйнек тазалағыштар қарастырылған, яғни оларды төменгі қалыптан көтеру мүмкін емес.

1. Қозғалтқыш тоқтағаннан кейін әйнек тазалағыштар жоғарғы қалыпқа көтерілгенше 20 секунд бойы әйнек тазалағыш ауыстырып қосқышының иінтірегін «MIST» қалпына (бекітілмеген қалып) (немесе төмен қарай  қалпына) шамамен 2 секундқа көтеріп, ұстап тұрыңыз.

2. Енді әйнек тазалағыштарды алдыңғы әйнектен көтеруге болады.
3. Әйнек тазалағыштарды қайтадан алдыңғы әйнекке абайлап орнатыңыз.
4. Әйнек тазалағыштарды төменгі қалыпқа қайтару үшін кез келген жұмыс қалпына ауыстырыңыз.

Әйнек тазалағыш щеткаларын ауыстыру (А типі)



1. Әйнек тазалағыш щеткасының қысқышын көтеріңіз. Содан кейін әйнек тазалағыш щеткасын көтеріңіз.
2. Бекіткішті (1) басып, әйнек тазалағыш щеткасын (2) төмен түсіріңіз.




3. Содан кейін щетканы әйнек тазалағыш иінтірегінен шешіп алыңыз.
4. Әйнек тазалағыш щеткасының жаңа торабын шешіп алғанға қарама-қарсы ретпен орнатыңыз.
5. Әйнек тазалағыш иінтірегін алдыңғы әйнекке қайта орнатыңыз.

**Әйнек тазалағыш
щеткаларын ауыстыру
(B типі)**



1. Әйнек тазалағыш иінтірегін көтеріңіз.




2. Әйнек тазалағыш щеткасының қысқышын көтеріңіз. Щетка жинағын тартып, шешіп алыңыз.



3. Жаңа щетка жинағын орнатыңыз.
4. Әйнек тазалағыш иінтірегін алдыңғы әйнекке қайта орнатыңыз.


АККУМУЛЯТОР БАТАРЕЯСЫ

Аккумулятор батареясын пайдалану бойынша нұсқаулар



- Аккумулятор батареясының мықтап бекітілгенін қадағалап отырыңыз.
- Аккумулятор батареясы таза және құрғақ болуы тиіс.
- Ағытпаларының клеммалары мен түйіспелері таза, тығыз жанасқан болып, оларға техникалық вазелин немесе электрлік түйіспелерге арналған арнайы жағармай қабаты жағылып тұруы тиіс.
- Аккумулятор батареясынан төгілген электролитті ас содасының сулы ерітіндісімен дереу жуу керек.
- Егер автокөлік ұзақ уақыт пайдаланылмаса, кабельдерді аккумулятор батареясынан ажыратыңыз.

i Ақпарат – UPPER (ЖОҒАРҒЫ) және LOWER (ТӨМЕНГІ) таңбаламасы бар батареялар үшін



Автокөлікке орнатылған түпнұсқалық аккумулятор батареясы техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді. Алайда, егер автокөлікке бүйір жағында LOWER (төменгі) және UPPER (жоғарғы) деген таңбаламасы бар АКБ орнатылса, электролит деңгейін тексеру керек. Электролит деңгейі LOWER (төменгі) және UPPER (жоғарғы) белгілерінің арасында болуы керек. Электролит деңгейі төмен болған кезде тазартылған (немесе минералсызданған) суды қосымша құю керек. (Ешқашан күкірт қышқылын немесе басқа электролитті қоспаңыз).

Тазартылған (немесе минералсызданған) суды АКБ бетіне немесе басқа іргелес компоненттерге төгіп алмаңыз. Сондай-ақ АКБ ұяшықтарын асыра толтырмаңыз. Олай болмағанда, АКБ-ны немесе басқа компоненттерді тот басуы мүмкін. Қосымша құйып болғаннан кейін ұяшықтың қақпағын мықтап жабыңыз. Алайда АКБ-ға сапалы қызмет көрсету үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Аккумулятор батареясының жанында жұмыс істеген кезде немесе оған қызмет көрсеткен кезде **АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУ** немесе **ӨЛІП КЕТУ** ықтималдығын болдырмау үшін әрдайым мынадай сақтық шараларын орындау керек:



Аккумулятор батареясымен жұмыс істемей тұрып, төмендегі нұсқауларды оқып шығу керек.



Көзді электролиттің шашырауынан қорғау үшін қауіпсіздік көзілдірігін қолдану керек.



Аккумулятор батареясының жанында ашық отты қолдануға немесе темекі шегуге тыйым салынады.



Аккумулятор батареясының элементтерінде әрдайым тез жанғыш газ тәрізді сутегі болады, ол жарылып кетуі мүмкін.



Аккумулятор батареяларында қатты коррозияны тудыратын күкірт қышқылы бар. Қышқылды көзге, теріге немесе киімге тигізбеу керек.

Қышқыл көзге тиіп кетсе, көзді кем дегенде 15 минут бойы таза сумен жуып, дереу медициналық көмек алу керек. Қышқыл теріге тисе, зақымдалған жерді жақсылап жуу керек. Егер зақымдалған жер ауырса немесе күйік белгілері болса, дереу медициналық көмекке жүгіну керек.

- Пластмасса корпусы бар аккумулятор батареясын көтерген кезде шамадан тыс басу аккумулятор қышқылының төгілуіне әкеп соғуы мүмкін. Аккумулятор батареясын оны тасымалдауға арналған арнайы құрылғының көмегімен немесе қарама-қарсы бұрыштардан ұстап, көтеру керек.
- Көлік құралында орнатылған аккумулятор батареясында электролит қатып қалса, қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру әрекетін орындауға тыйым салынады.
- Аккумулятор батареясы көлік құралына қосылған болса, оны зарядтауға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**.

- Оталдыру жүйесі жоғары кернеумен жұмыс істейді. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде немесе іске қосу/тоқтату батырмасы ON (қосу) қалпында тұрған кезде бұл компоненттерді ұстауға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.
- Сыртқы көзден оталдыруға арналған (+) және (-) кабельдері бір-біріне тиіп кетпеуі тиіс. Бұл кезде ұшқын пайда болуы мүмкін.
- Заряды таусылған немесе мұздатылған аккумулятор батареясы бар сыртқы қуат көзден оталдыру әрекетін жасағанда, аккумулятор батареясы шытынап немесе жарылып кетуі мүмкін.
- Шұғыл бұрылыстарда ағып кеткен АКБ электролиті (мысалы, айналма жарыс жолында) қауіпсіздікке қауіп төндіруі мүмкін. Шұғыл бұрылмаңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Рұқсат етілмеген электронды құрылғыларды АКБ-ға қосқан кезде оның заряды таусылуы мүмкін. Рұқсат етілмеген құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады.

Аккумулятор батареясының көлемі көрсетілген жапсырма (үлгіні қараңыз)



* Аккумулятор батареясындағы жапсырма суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

1. AGM80L-DIN: HYUNDAI компаниясында қабылданған аккумулятор батареясы үлгісінің атауы
2. 12V: Номиналды кернеу
3. 80Ah (20HR): Номиналды сыйымдылық (ампер-сағатпен)
4. RC 155: Номиналды резервтік сыйымдылық (минутпен)
5. CCA 800: SAE әдістемесі бойынша ампермен көрсетілген суық айналдыру тогы
6. 800A: EN әдістемесі бойынша ампермен көрсетілген суық айналдыру тогы

Аккумулятор батареясын зарядтау

Автокөлігіңізде кальцийді пайдаланумен дайындалған, қызмет көрсетуді талап етпейтін аккумулятор батареясы орнатылған.

- Қысқа мерзім ішінде аккумулятор батареясының заряды отырса (мысалы, біраз уақыт пайдаланылмаған автокөлік фаралары немесе автокөлік салонының жарық шамдары қосулы қалғандықтан), батареяны 10 сағат бойы баяу (аз көлемдегі токпен) зарядтау қажет.
- Егер аккумулятор батареясының заряды автокөлікті пайдаланған кезде жоғары электр жүктемесіне байланысты біртіндеп отырса, оны екі сағат бойы 20~30 А токпен зарядтаңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Аккумулятор батареясын зарядтаған кезде келесі сақтық шараларын сақтау қажет:

- Аккумулятор батареясына техникалық қызмет көрсету немесе зарядтау операцияларын орындамай тұрып, барлық электр жабдығын өшіріп, қозғалтқышты сөндіріңіз.
- Аккумулятор батареясының жанында темекі шегуге, сондай-ақ ұшқынның немесе ашық жалынның пайда болу қаупіне байланысты іс-әрекеттерді орындауға тыйым салынады.
- Аккумулятор батареясын тексерген кезде зарядтау барысында қорғаныш көзілдірігін киіңіз.
- Аккумулятор батареясын автокөліктен шешіп алып, жақсы желдетілетін жерге қойыңыз.
- Зарядтаған кезде батареяны бақылаңыз, егер батарея элементтерінде газ қатты шығарыла (қайнау) бастаса немесе кез келген элементтегі электролит температурасы 49°С-тан (120°F-тан) жоғары болса, зарядтауды тоқтатыңыз және оның жылдамдығын төмендетіңіз.
- Аккумулятор батареясының теріс клеммасына келетін кабель бірінші болып ажыратылып, соңғы болып қосылуы керек.
- Аккумулятор батареясының зарядтау құрылғысын ажырату мынадай тәртіппен жүргізіледі.

1. Аккумулятор зарядтау негізгі «Өшірулі» ауыстырыңыз. батареясын құрылғысының ажыратқышын қалпына
2. Түйіспелі аккумулятор теріс ажыратыңыз. қысқышты батареясының клеммасынан
3. Түйіспелі аккумулятор клеммасынан ажыратыңыз. қысқышты батареясының оң клеммасынан

МӘЛІМЕТ ҮШІН

AGM аккумулятор батареясы (бар болса)

- Сіңіргіш шыны талшықты сепараторы бар АКБ (AGM) техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді, AGM аккумулятор батареясын тексеру үшін HYUNDAI жөндеу бойынша уәкілетті маманына хабарласу ұсынылады.
- AGM аккумулятор батареясын зарядтау үшін AGM аккумулятор батареясы үшін арнайы жасалған толық автоматты зарядтау құрылғыларын ғана пайдалану керек.
- AGM аккумулятор батареясын ауыстырған кезде HYUNDAI ресми дилері ауыстыру үшін ұсынатын бөлшектерді пайдалану керек.
- АКБ қақпағын ашпаңыз және шешіп алмаңыз. Бұл ауыр жарақаттарды тудыратын электролиттің ағып кетуіне әкеп соғуы мүмкін.

Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру

Аккумулятор батареясы қанағаттанарлық күйде болған кезде қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдырғаннан кейін қозғалтқышты тоқтатар алдында көлік құралымен кемінде 30 минут жүру керек немесе қозғалтқышты бос жүрісте кемінде 60 минут жұмыс істету керек. Батарея жеткілікті түрде қуатталғанға дейін көлік құралын өшірсеңіз, көлік құралы оталдырылмауы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін 7-бөлімдегі «Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру» тармағын қараңыз.

Ақпарат



Батареяны тиісті түрде жоймау қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсер етуі мүмкін.

Аккумулятор батареясын жойған кезде жергілікті заңнаманың барлық қолданылатын нормалары мен ережелері қатаң сақталуы тиіс.

Аспаптар параметрлерін бастапқы қалпына келтіру

Аккумулятор батареясы өшкен соң немесе оның заряды таусылған соң кейбір функциялар мен құрылғылардың параметрлерін бастапқы қалпына келтіру керек:

- Терезелердің автоматты түрде көтерілуі/түсірілуі (3-тарауды қараңыз)
- Люк (3-тарауды қараңыз)
- Бағдар компьютері (4-тарауды қараңыз)
- Микроклиматты басқару жүйесі (5-тарауды қараңыз)

ДОҒАЛАҚТАР ЖӘНЕ ШИНАЛАР




АБАЙЛАҒЫЗ

Шиналар зақымдалғанда, көлік құралын басқара алмай, апат орын алуы мүмкін. АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУ немесе ӨЛІМ ықтималдығын азайту үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Шиналардағы ауа қысымын, сондай-ақ олардың тозуын және зақымдалуын жиі тексеріңіз.
 - Суық шиналардағы ұсынылған қысымды пайдалану нұсқаулығынан және жүргізуші жақтағы орталық тағанда орналасқан заттаңбадан табуға болады. Шиналардағы қысымды өлшеу үшін манометрді қолданыңыз. Жоғары немесе төмен қысымды шиналар біркелкі тозбайды және басқарудың нашарлауына әкеледі.
 - Шиналардағы қысымды тексерген сайын қосалқы шинадағы қысымды тексеріңіз.
 - Тозған шиналарды, сондай-ақ біркелкі емес тозу немесе зақымдану белгілері бар шиналарды ауыстырыңыз. Тозған шиналар тежеу тиімділігінің төмендеуіне, басқарудың жоғалуына немесе жолмен ілінісудің жоғалуына әкеп соғуы мүмкін.
- Ауыстыру үшін міндетті түрде бастапқыда көлік құралымен бірге жеткізілетін шиналардың өлшеміне сәйкес келетін шиналарды қолданыңыз. Өлшемдері ұсынылғаннан өзгеше шиналар мен дискілерді пайдалану басқарудың стандартты емес сипаттамаларына, көлік құралын басқарудың нашарлауына алып келуі немесе тежеудің бұғатталуға қарсы жүйесінің (ABS) жұмысына теріс әсер етуі және ауыр апатқа әкеп соқтыруы мүмкін.

Шиналарға күтім жасау

Тиісті техникалық қызмет көрсетуді, пайдаланған кездегі қауіпсіздікті және отынды барынша үнемдеуді қамтамасыз ету үшін шиналардағы ұсынылған қысымды үнемі сақтап тұруға және сіздің автокөлігіңіз үшін доңғалақтарға түсіруге болатын шекті жүктемені және жүктемені бөлуді сақтап отыруға кеңес береміз.



Барлық сипаттамалар (өлшемдер мен қысым) жүргізуші жақтағы орталық тірекке бекітілген тақтайшаларда қамтылған.

Суық шиналардағы ұсынылатын ауа қысымы

Барлық шиналардағы (қосалқы доңғалақты қоса алғанда) қысымды күнделікті тексеру қажет. Тексеру шиналар суық болғанда орындалады. Кем дегенде үш сағат қозғалмаған немесе 1,6 км-ден (1 мильден) аз жүріп өткен автокөлік шиналары «суық» болып саналады.

Қызған шиналардағы қысым әдетте суық шиналар үшін ұсынылған қысым мөлшерінен 28~41 кПа (4~6 фунт/ш.дюймге) асады. Қысымды реттеу үшін қызып тұрған шиналардан ауаны шығармаңыз. Кері жағдайда, қысым ұсынылған деңгейден төмен болады. Қысымдардың ұсынылатын шамалары 2-тараудың «Доңғалақтар мен шиналар» тармағында келтірілген.



АБАЙЛАҢЫЗ

Бірқалыпты қозғалыс, оңтайлы басқару және шиналардың барынша аз тозуы үшін ұсынылған қысымды сақтап жүру керек.

Артық немесе жеткіліксіз қысым шиналардың қолданыс мерзімін қысқартады, көлік құралын басқаруға теріс әсер етеді және шиналардың кенеттен жыртылып кетуіне әкеп соғады, бұдан көлікті басқара алмай, жол-көлік оқиғасы орын алуы мүмкін.

Қысымның айтарлықтай төмендеуі протектордың қызуына, жарылуына, қабыршақтануына және шиналардың басқаша істен шығуына әкеп соғуы мүмкін, бұл көлік құралын басқара алмауға және жол-көлік оқиғаларына әкеп соғады. Қауіп-қатер ыстық ауа райында, сондай-ақ жоғары жылдамдықпен ұзақ жол жүргенде айтарлықтай артады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Сонымен қатар, шиналардағы қысымның төмендеуі шамадан тыс тозуға, көлікті басқарудың нашарлауына және отын үнемділігінің төмендеуіне әкеледі. Доңғалақтар деформациялануы да мүмкін. Шиналардағы қысымның қажетті деңгейін сақтаңыз. Егер шинаны ауамен толтыру жиі қажет болса, шинаны тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.
- Шиналардағы қысымның жоғарылауы жолдың кедір-бұдырына сезімталдықтың жоғарылауына, шина протекторының ортаңғы бөлігінің шамадан тыс тозуына және жол жабынының ақауларына байланысты шинаның зақымдану ықтималдығының жоғарылауына әкеледі.

Шиналардағы ауа қысымын тексеру

Шиналардың күйін, соның ішінде қосалқы шинадағы қысымды ай сайын немесе одан да жиі тексеріп жүріңіз.

Тексеру тәсілі

Шиналардағы қысымды тексеру үшін жарамды манометрді пайдаланыңыз. Шиналардағы қысымды сыртқы түрі бойынша анықтау мүмкін емес. Радиалды шиналар қысым тым төмен болса да, дұрыс болып көрінуі мүмкін.

Клапан қақпағын шина клапанының өзегінен шешіп алыңыз. Қысымды өлшеу үшін манометрді клапанға қарай мықтап басыңыз. Егер суық шинаның қысымы шина мен ақпараттық затбелгіде көрсетілген ұсыныстарға сәйкес келсе, одан әрі реттеу қажет емес.

Егер қысым тым төмен болса, ұсынылған деңгейге дейін ауа қосыңыз. Клапан қақпағын клапанның соташығына орнатуды ұмытпаңыз. Егер клапан қақпағы болмаса, клапанға кір мен ылғал түсіп, ауа шығып кетуі мүмкін. Егер клапан қақпағы болмаса, жаңасын мүмкіндігінше тез орнатыңыз.

Егер қысым тым жоғары болса, клапанның ортасындағы металл соташығын басып, ауаны шығарыңыз. Шинадағы қысымды манометрмен қайта тексеріңіз. Клапан қақпағын клапанның соташығына орнатуды ұмытпаңыз. Егер клапан қақпағы болмаса, клапанға кір мен ылғал түсіп, ауа шығып кетуі мүмкін. Егер клапан қақпағы болмаса, жаңасын мүмкіндігінше тез орнатыңыз.

Доңғалақтардың орнын ауыстыру


Протекторлар біркелкі тозуы үшін HYUNDAI шиналарды техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес немесе біркелкі емес тозған жағдайда ертерек ауыстыруды ұсынады.

Орын ауыстырған кезде, доңғалақтардың теңгерімінің дұрыстығын тексеріңіз.

Орын ауыстырған кезде доңғалақтардың біркелкі емес тозуы мен зақымдалуын тексеріңіз. Әдетте шиналардағы ауаның дұрыс емес қысымы, доңғалақтардың қате бұрышпен орнатылуы, доңғалақтардың теңгерімсіздігі, шұғыл тежеу және бұрылу шамадан тыс тозудың себебі болып табылады. Протекторда және шинаның бүйір жақтарында ешқандай кедір-бұдырлардың немесе шығыңқы жерлердің жоқ екендігін тексеріңіз. Егер аталған ақаулардың бірі анықталса, шинаны ауыстыру керек.

Сондай-ақ шинаны сымды мата немесе сым көрінсе ауыстыру керек. Доңғалақтардың орнын ауыстырғаннан кейін алдыңғы және артқы шиналардағы қысымның ұсынылған мәндерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз, сонымен қатар, бекіткіш сомындарының тартылуын тексеріңіз. (Қажетті сәт 11 ~ 13 кгс *м [79 ~ 94 фунт-күш-фут] құрайды)

■ Қосалқы доңғалақсыз



ODH073802

Доңғалақтардың орнын ауыстырған кезде тежеуіш қалыптарының тозған-тозбағанын тексеру қажет.

i Ақпарат

Асимметриялық шинаның сыртқы және ішкі жақтары бір-бірінен ерекшеленеді. Асимметриялық шинаны орнатқан кезде Outside (сыртқы) таңбаламасы бар жақтың сыртында болуын қадағалаңыз. Егер сыртында Inside (ішкі) таңбаламасы бар жағы болса, бұл автокөлікті пайдалану сипаттамаларына теріс әсер етеді.

! АБАЙЛАҢЫЗ

- Доңғалақтардың орнын ауыстырған кезде шағын қосалқы доңғалақты пайдаланбаңыз.
- Диагональдық құрылымды еш жағдайда радиалды құрылыммен араластырмаңыз. Бұдан басқару сипаттамалары ерекше болып, салдарынан келік құралын басқара алмауыңыз және апат орын алуы мүмкін.

Доңғалақтарды орнату бұрыштарын реттеу және шиналарды теңгеру

Өндіруші зауытта доңғалақтарды орнату бұрыштары мұқият реттеледі және көлігіңіздің шиналары теңгеріледі, бұл шиналардың ең жоғарғы ресурсы мен автокөліктің жалпы сипаттамаларының ең үздік мәндерін қамтамасыз етеді.

Көптеген жағдайда доңғалақтарды орнату бұрыштарын қайта реттеу қажет емес. Алайда, сіз шиналардың шамадан тыс тозғанын байқасаңыз немесе көлік құралы қозғалыс кезінде жолдан шеттейтін болса, онда доңғалақтарды орнату бұрыштарын қалпына келтіру керек.

Егер тегіс жолмен жүрген кезде діріл пайда болса, онда доңғалақтарды қайта теңгеру қажет болуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Талаптарға сәйкес келмейтін теңгеретін жүктемелерді орнату сіздің автокөлігіңіздегі доңғалақтардың алюминий дискілеріне зақым келтіруі мүмкін. Талаптарға сәйкес келетін теңгеретін жүктемелерді ғана пайдаланыңыз.

Шиналарды ауыстыру



Егер шина біркелкі тозған болса, онда тозу индикаторы протекторға көлденең орналасқан тұтас жолақ түрінде пайда болады. Бұл шинадағы протектордың калдық қалыңдығының 1,6 мм (1/16 дюйм) шамасынан аз екенін білдіреді. Бұндай жағдайда шинаны ауыстырыңыз.

Ауыстыру протектордың бүкіл ені бойынша жолақ пайда болмай жүргізілуі керек.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

ӨЛІМ немесе **ЖАРАҚАТ** АЛУ қаупін азайту үшін:

- Тозған шиналарды, сондай-ақ біркелкі емес тозу немесе зақымдану белгілері бар шиналарды ауыстырыңыз. Тозған шиналар тежеу тиімділігінің төмендеуіне, басқарудың жоғалуына немесе жолмен ілінісудің жоғалуына әкеп соғуы мүмкін.

- Ауыстыру үшін міндетті түрде бастапқыда көлік құралымен бірге жеткізілетін шиналардың өлшеміне сәйкес келетін шиналарды қолданыңыз. Өлшемдері ұсынылғаннан өзгеше шиналар мен дискілерді пайдалану басқарудың стандартты емес сипаттамаларына, көлік құралын басқарудың нашарлауына алып келуі немесе тежеудің бұғатталуға қарсы жүйесінің (ABS) жұмысына теріс әсер етуі және ауыр апатқа әкеп соқтыруы мүмкін.
- Шиналарды (немесе доңғалақтарды) ауыстырған кезде алдыңғы екі немесе артқы екі шинаны (немесе доңғалақты) бір уақытта ауыстыру ұсынылады. Тек бір шинаны ауыстыру автокөліктің басқарылуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.
- Шиналардың сапасы уақыт өте келе нашарлайды (олар тіпті қолданылмаса да). Қалған протекторға қарамастан, HYUNDAI шиналарды алты (6) жыл қалыпты пайдаланғаннан кейін ауыстыруды ұсынады.
- Ыстық елдердегі жоғары ауа температурасы, сондай-ақ жоғары жүктемемен жиі пайдалану шинаның жылдам ескіруіне әкелуі мүмкін. Бұл ескертуді орындамаған жағдайда, шина кенеттен зақымдалуы мүмкін, салдарынан көлік құралын басқара алмай, апат орын алуы мүмкін.

Шағын қосалқы доңғалақты ауыстыру (бар болса)

Шағын қосалқы доңғалақ шинасындағы протектордың ресурсы әдепкі өлшемдегі шиналарға қарағанда аздау болады. Егер шинаның бетінде протектордың тозу индикаторының жолақтары пайда болса, оны ауыстырыңыз. Орнатылатын шағын қосалқы доңғалақтың жаңа шинасы жаңа автокөлікпен бірге жеткізілетін шинаның өлшемдері мен дизайнындай болуы керек және дәл сол шағын қосалқы доңғалаққа орнатылуы керек. Шағын қосалқы доңғалаққа арналған шина қалыпты өлшемді доңғалаққа орнатуға арналмаған, ал шағын қосалқы доңғалақ оған қалыпты өлшемді шиналарды орнатуға арналмаған.



АБАЙЛАҢЫЗ

Қосалқы доңғалақ істен шықпауы үшін түпнұсқалық шинаны мүмкіндігінше тезірек жөндеу немесе ауыстыру қажет, кері жағдайда, көлік құралын басқара алмай, апат орын алуы мүмкін. Шағын қосалқы доңғалақ тек төтенше жағдайларда пайдалануға арналған. Шағын қосалқы доңғалақты пайдаланған кезде көлікті 80 км/сағ. (50 миль/сағ.) шамасынан жоғары жылдамдықпен жүргізбеңіз.

Доңғалақтарды ауыстыру

Доңғалақтарды ауыстырған кезде, оларды ауыстыру себебіне қарамастан, жаңа доңғалақтардың диаметрі, жиек ені және доңғалақтардың шығымы түпнұсқалық зауыттық доңғалақтардағыдай екеніне көз жеткізіңіз.

Шиналардың жолмен ілінісуі

Тозған, нашар үрленген шиналармен жүрген кезде немесе тайғақ жолдармен жүрген кезде шиналардың жолмен ілінісуі нашарлауы мүмкін. Тозу индикаторы көріне бастағанда шиналарды ауыстыру керек. Көлік құралын жүргізе алмай қалу ықтималдығын төмендету үшін жаңбыр мен қар жауып тұрғанда немесе мұз басқан жолмен жүрген кезде жылдамдықты төмендетіңіз.


Шиналарға техникалық қызмет көрсету

Доңғалақтар дұрыс бұрышпен орнатылғанда, шиналардағы ауа қысымы дұрыс болып, шиналар азырақ тозады. Егер шина біркелкі тозбаса, дилеріңіз доңғалақтарды орнату бұрыштарын тексеруі қажет.

Жаңа доңғалақтарды орнатқан кезде олардың теңгерілгеніне көз жеткізіңіз. Бұл көлік жүргізуді ыңғайлы етеді және шина ресурсын арттырады. Бұған қоса, дискіден алынып отыратын шинаны қайта теңгеру керек.

Шинаның бүйір жағындағы таңба

Таңбалауда шинаның негізгі сипаттамалары, сондай-ақ қауіпсіздік стандарттарына сәйкестік сертификатының болуын растау үшін қажетті шинаның сәйкестендіру нөмірі (TIN) көрсетілген. Шинаны қайтарған кезде оны сәйкестендіру үшін TIN нөмірін пайдалануға болады.



1. Өндіруші немесе сауда маркасы

Өндіруші немесе сауда маркасы көрсетілген.

2. Шина өлшемінің белгіленуі

Шинаның бүйір жақ бетіне оның өлшемінің шартты белгісі салынады. Бұл деректер жаңадан салынатын шинаны таңдаған кезде қажет болады. Төменде шина өлшемінің шартты белгілеуіндегі әріптер мен сандардың мәні берілген.

Шина өлшемінің белгіленуі мысалы: (Бұл сандар тек мысал ретінде ғана келтірілген; шиналарыңыздың өлшемін белгілеуі автокөлік үлгісіне байланысты өзгеруі мүмкін).

215/55R17 94H

- 215 - шинаның миллиметрмен көрсетілген ені.
- 55 - шинаның көлденең қима профилі биіктігінің оның еніне пайызбен көрсетілген қатынасы.
- R - шина түрінің кодтық белгіленуі (радиалды).
- 17 - шеңбердің диаметрі, дюйммен.
- 94 - жүктеме индексі. Шина көтере алатын ең жоғары жүктемеге сәйкес келетін цифрлық код.
- H - шинаның жылдамдық санатын білдіретін таңба. Қосымша ақпарат алу үшін осы бөлімде келтірілген жылдамдық санаттарының кестесін қараңыз.

Доңғалақ өлшемінің белгіленуі

Доңғалақтарға ауыстыруды орындаған кезде қажетті мәліметтерді қамтитын таңба да салынады. Төменде доңғалақ өлшемінің шартты белгілеуіндегі әріптер мен сандардың мәні берілген.

Доңғалақ өлшемінің белгіленуі мысалы:

7,0J X 17

7,0 – шеңбердің ені, дюйммен.

J - доңғалақ шеңбері профилінің белгіленуі.

17 – шеңбердің диаметрі, дюйммен.

Шиналардың жылдамдық санаттары

Төмендегі кестеде қазіргі уақытта жеңіл автокөліктерге қатысты қолданылатын әр түрлі жылдамдық санаттары келтірілген. Жылдамдық санатының коды шинаның бүйір жақ бетіне салынатын өлшем белгісінің бөлігі болып табылады. Бұл таңба шинаны қолдануға болатын ең жоғары жылдамдыққа сәйкес келеді.

Шинаның жылдамдық санатын белгілейтін таңба	Ең жоғары жылдамдық
S	180 км/сағ. (112 миль/сағ.)
T	190 км/сағ. (118 миль/сағ.)
H	210 км/сағ. (130 миль/сағ.)
V	240 км/сағ. (149 миль/сағ.)
W	270 км/сағ. (168 миль/сағ.)
Y	300 км/сағ. (186 миль/сағ.)

3. Шина ресурсын тексеру (TIN: шинаның сәйкестендіру нөмірі)

Шығарылған күніне сәйкес, алты жылдан астам қолданыста болған барлық шиналар (тіпті пайдаланылмаған қосалқы доңғалақтардың шиналары) ескірген сайын олардың мықтылығы мен басқа да сипаттамалары табиғи түрде төмендейді. Осы себепті шиналарды (қосалқы доңғалақтың шинасын қоса алғанда) жаңаларына ауыстыру керек. Шинаның өндірілген күні оның бүйір жақ бетінде (кейбір жағдайларда, ішкі жағынан) DOT кодының құрамында көрсетіледі. DOT коды шиналардың бетіне салынады және сандар мен ағылшын алфавитінің әріптерінен тұрады. Дайындалған күні DOT кодының соңғы төрт разрядында (таңбасында) болады.

DOT : XXXX XXXX 0000

DOT кодының бірінші бөлігінде өндіруші зауыттың код нөмірі, шинаның өлшемі және протектор суретінің түрі, ал соңғы төрт санда шығарылған аптасы мен жылы көрсетіледі.

Мысалы:

DOT XXXX XXXX 1520 шинаның 2020 жылдың 15-аптасында жасалғанын көрсетеді.

4. Сымның материалы және шинадағы орналасуы

Шинаның ішінде резеңкеленген матаның көптеген қабаттары бар. Өндірушілер шиналар өндірісінде қолданылатын материалдарды көрсетуі керек. Бұл тізімге әдетте болат, нейлон, полиэстер және т.б. кіреді. «R» әрпі корд қабаттарының радиалды орналасуын білдіреді; «D» әрпі қабаттардың диагоналды немесе көлбеу орналасуын білдіреді; «B» әрпі қабаттардың диагоналды-белдік орналасуының схемасына сәйкес келеді.

5. Шиналардағы ауаның ең жоғары рұқсат етілген қысымы

Бұл мән шина шыдай алатын ең жоғары қысымға сәйкес келеді. Шинадағы ең жоғары рұқсат етілген қысымнан асырмаңыз. Шинадағы қысымның ұсынылатын мәндері «Шинаның сипаттамалары және автомобильдің рұқсат етілген жүктемесі туралы деректер» тақтайшасында көрсетіледі.

6. Ең жоғары рұқсат етілген жүктеме

Килограммен және фунтпен көрсетілген бұл мән шина көтере алатын ең жоғары жүктемені білдіреді. Шинаны ауыстырған кезде әрдайым автокөлікке өндіруші зауыт орнатқан шиналардағы сияқты рұқсат етілген жүктеме мөлшері бар шиналарды қолданыңыз.

7. Шина протекторының біркелкі тозуы негізінде сапасы бойынша жіктеу

Сапа стандартын, қажет болған жағдайда, шинаның бүйірінде, протектор ені мен камера ені арасынан табуға болады.

Мысалы:

ПРОТЕКТОРДЫҢ ТОЗУҒА
ТӨЗІМДІЛІГІ 200
ІЛІНІСУ АА
ТЕМПЕРАТУРА А

Протектордың тозуы

Шинаның тозуы бойынша сапа санаты мемлекеттік сынақтар циклі барысында бақыланатын жағдайларда шинаның тозу жылдамдығына негізделген салыстырмалы бағалау болып табылады. Мысалы, 150 санатындағы шина мемлекеттік сынақтар барысында 100 санатындағы шинаға қарағанда бір жарым есе ұзағырақ тозады.

Салыстырмалы сипаттамалар нақты пайдалану жағдайларына байланысты. Алайда, көлік жүргізу стилінің, жүргізілетін қызмет көрсетудің, жол жабыны мен климат сипаттамаларының айырмашылығына байланысты сипаттамалар қалыптылардан өзгеше болуы мүмкін.

Санат белгісі жеңіл автокөліктерге арналған шиналардың бүйір жақ қабырғаларына салынады. Автокөлігіңіздің стандартты немесе қосымша жабдықтары ретінде жеткізілетін шиналар сапа санаты бойынша ерекшеленуі мүмкін.

Жолмен ілінісуі – АА, А, В & С

Сипаттамалардың нашарлау тәртібімен берілген жолмен ілінісуі бойынша АА, А, В және С сапа санаттары бар. Санаттар автокөліктің мемлекеттік сынақтар кезінде ылғалды асфальт немесе бетон жабынында тежеу қабілетін білдіреді. С санатындағы шина жолмен ілінісуді сипаттайтын нашар көрсеткіштерге ие болуы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Осы шинаға берілген жол жабынымен ілінісу дәрежесі алға жүрген кезде тежеуді сынау барысында алынған және автокөлікті үдету, бұрылыста қозғалу және аквақалқу жағдайларына қолданылмайды. Сонымен қатар, ол жол жабынымен барынша мүмкін болатын ілінісуді көрсетпейді.

Температура – А, В және С

Температура бойынша сапаның келесі санаттары бар: А (ең жоғарғы), В және С. Сапаның бұл санаттары шинаның жылу шығаруға төзімділігін және оның талаптарға сәйкес келетін сынақ доңғалағында зертханалық жағдайда сынау барысында жылуды тарату қабілетін көрсетеді.

Жоғары температураның әсерінен доңғалақ тысындағы материалдың қасиеттері нашарлауы және оның ресурсы төмендеуі мүмкін, сонымен қатар, жоғары температура шинаның істен шығуына әкеп соғуы мүмкін. В және А санаттары заңнамада талап етілетін ең төменгі деңгейлерге қарағанда зертханалық жағдайда сынақ доңғалағын қолдана отырып алынған көрсеткіштердің жоғарырақ деңгейлерін білдіреді.

АБАЙЛАҢЫЗ

Температура бойынша сапа санаты ауа қысымы қалыпты шиналар үшін және шамадан тыс жүктеме болмаған кезде белгіленеді. Жеке немесе бір-бірімен үйлесе отырып әсер ететін тым жоғары жылдамдық, төмен қысым немесе жоғары жүктеме температураның көтерілуіне және шинаның кенеттен істен шығуына әкеп соғуы мүмкін. Бұның салдарынан автокөлікті жүргізу мүмкіндігінен айырылып, ауыр жарақат алуыңыз немесе өліп кетуіңіз мүмкін.

Төмен профильді шиналар

Шина профилі биіктігінің еніне қатынасы 50-ден аз болатын төмен профильді шиналар автокөлікке спорттық түр береді.

Төмен профильді шиналар маневр жасау және тежеу үшін оңтайландырылғандықтан, олардың бүйір жақ қабырғалары стандартты шиналарға қарағанда азырақ қатты болады. Сонымен қатар, төмен профильді шиналар кеңірек болады, сондықтан жол бетімен көбірек ілініседі. Кейбір жағдайларда олар стандартты шиналарға қарағанда көбірек шу шығаруы мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Төмен профильді шинаның бүйір жақ қабырғасы стандарттыға қарағанда қысқарақ болғандықтан, доңғалақ тоғыны мен шинаның өзі зақымдануға бейім болады. Доңғалақ пен шинаны зақымдау мүмкіндігін барынша азайту үшін төменде көрсетілген нұсқауларды сақтай отырып, автокөлікті сақтықпен жүргізген жөн:

- Тегіс емес жолмен немесе жолсыз жерлермен жүрген кезде шиналар мен доңғалақтарды зақымдап алмау үшін абай болыңыз. Қозғалыс аяқталғаннан кейін шиналар мен дискілерді қарап тексеріңіз.
- Ой-шұңқырлардан, жасанды кедір-бұдыр жерлерден, люктерден немесе жиектерден өткен кезде доңғалақтар мен шиналарды зақымдап алмау үшін көлік құралын баяу жүргізу керек.
- Күшті соққылардан кейін шина мен доңғалақты **HYUNDAI** ресми дилерінде тексеру керек.
- Шиналар зақымдалмауы үшін әр 3 000 км (1,800 миль) өткен сайын шинаның күйі мен ауа қысымын тексеріңіз.
- Шинаның зақымдануын өз бетінше анықтау қиын. Шинаның бұзылғанын білдіретін аздаған белгілер болса, оны тексеру немесе ауыстыру керек, өйткені шинаның бүлінуі салдарынан ауа шығып кетуі мүмкін.
- Тегіс емес жолмен жүрген кезде, жолсыз жермен жүрген кезде, шұңқырлардан, люктерден немесе жиектерден өткен кезде бүлінген шинаға кепілдік қолданылмайды.

СОЗЫЛМАЛЫ САҚТАНДЫРҒЫШТАР



Созылмалы сақтандырғыштар автокөліктің электр жабдығын шамадан тыс жүктеуден қорғайды. Бұл автокөліктің 2 (немесе 3) сақтандырғыш тақтасы бар, олардың біреуі жүргізуші жақтағы тақта кронштейнінде, екіншісі мотор бөлігінде орналасқан.

Егер қандай да бір жарық аспаптары, қосалқы жабдық немесе басқару құралдары жұмыс істемесе, тиісті тізбектегі сақтандырғыштың жай-күйін тексеру керек. Сақтандырғыштың күйіп кеткенін оның ішкі элементінің балқып кетуі немесе зақымдануы білдіреді.

Егер электр жабдығы жұмыс істемесе, алдымен жүргізуші жақтағы сақтандырғыш тақтасын тексеріңіз. Күйіп кеткен сақтандырғышты ауыстырмай тұрып қозғалтқышты тоқтатып, барлық ажыратып қосқыштарды, содан кейін АКБ-ның теріс кабелін ажыратыңыз. Ауыстырған кезде бірдей номиналдағы сақтандырғыштарды пайдалану қажет.

Күйіп кеткен созылмалы сақтандырғыш электр жүйесінде ақаулықтың барын білдіреді. Ақаулы жүйені пайдаланудан аулақ болыңыз және кеңес алу үшін дереу HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.

i Ақпарат

Сақтандырғыштардың үш түрі қолданылады: әлсіз токтарға арналған пышақ түріндегі сақтандырғыштар, патронды сақтандырғыштар, сондай-ақ күшті токтарға арналған мультисақтандырғыштар.



АБАЙЛАҒЫЗ

Күйіп кеткен сақтандырғышты дәл сондай немесе одан аз ток күшіне есептелген сақтандырғыштан басқасына ауыстыруға тыйым салынады.

- Өшіру мүмкіндігі үлкен созылмалы сақтандырғыш қатты зақым келтіруі мүмкін және өрт қаупін тудыруы мүмкін.
- Тиісті сақтандырғыштың орнына тіпті уақытша шара ретінде сымды немесе алюминий фольганы орнатпаңыз. Бұл сымдардың қатты зақымдануына және тұтануға әкеп соғуы мүмкін.


МӘЛІМЕТ ҮШІН

Сақтандырғыштарды бөлшектеу үшін бұрағышты немесе басқа металл затты пайдаланбаңыз, себебі бұл қысқа тұйықталуға әкеп соғып, жүйені зақымдауы мүмкін.

Аспаптар тақтасындағы сақтандырғышты ауыстыру



1. Қозғалтқышты өшіріңіз.
2. Барлық басқа ажыратып-қосқыштарды ажыратыңыз.
3. Сақтандырғыштардың монтаждау блогының қақпағын шешіп алыңыз.
4. Күйіп кеткен сақтандырғыштың орналасқан жерін анықтау үшін сақтандырғыштар тақтасының қақпағының ішкі жағындағы затбелгіні қараңыз.




5. Күйіп кеткен сақтандырғышты шығарыңыз. Мотор бөлігінің сақтандырғыштар тақтасында орналасқан тартқышты қолданыңыз.

6. Шығарылған сақтандырғыш ты тексеріңіз; күйіп кеткен сақтандырғыш ты ауыстырыңыз. Қосалқы сақтандырғыштар аспаптар тақтасының сақтандырғыш тақтасында (немесе мотор бөлігіндегі сақтандырғыш тар тақтасында) орналасқан.
7. Дәл сол номиналдағы жаңа сақтандырғыш ты орнатыңыз және оның ұстағышқа нық бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Нық бекітілмеген жағдайда, HYUNDAI уәкілетті дилеріне хабарласу ұсынылады.

Қатты қажет болған кезде, қосалқы сақтандырғыш болмаған жағдайда, автокөлікті басқару үшін қажет емес тізбектен, мысалы, шылым тұтатқыш тың сақтандырғыш тізбегінен номиналы дәл сондай сақтандырғышты алуға болады.

Егер фаралар немесе өзге де электрлік компоненттер сақтандырғыштар бүтін кезде жұмыс істемесе, мотор бөлігіндегі сақтандырғыштар тақтасын тексеріңіз. Сақтандырғыш күйіп кетсе, оны өткізу қабілеті дәл сондай сақтандырғышқа ауыстыру керек.

Мотор бөлігіндегі созылмалы сақтандырғыштардың тақтасын ауыстыру




1. Қозғалтқышты өшіріңіз.
2. Барлық басқа ажыратып-қосқыштарды ажыратыңыз.
3. Сақтандырғыштар блогының қақпағын тілшесінен басып, жоғары қарай тартып шешіп алыңыз.
4. Шығарылған сақтандырғыш ты тексеріңіз; күйіп кеткен сақтандырғыш ты ауыстырыңыз. Сақтандырғыш ты шешіп алып, орнату үшін мотор бөлігіндегі сақтандырғыштар блогында орналасқан сақтандырғыштарға арналған қысқыштарды қолданыңыз.

5. Дәл сол номиналдағы жаңа сақтандырғышты орнатыңыз және оның ұстағышқа нық бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Нық бекітілмеген жағдайда, HYUNDAI уәкілетті дилеріне хабарласу ұсынылады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Мотор бөлігіндегі сақтандырғыштар панелін тексергеннен кейін, сақтандырғыштардың монтаждау блогының қақпағын сенімді түрде орнатыңыз. Қақпақ тығыз жабылғанда сырт еткен дыбыс естіледі. Қақпақ тығыз жабылмаса, ылғалдың түсуінен электр ақаулары туындауы мүмкін.

Мультисақтандырғыш (бас сақтандырғыш)



Мультисақтандырғыш күйіп кеткен кезде оны келесі жолмен ауыстыру қажет.

1. Қозғалтқышты өшіріңіз.
2. Кабельді АКБ-ның теріс шықпасынан ажыратыңыз.
3. Сақтандырғыш тар блогының қақпағын тілшесінен басып, жоғары қарай тартып шешіп алыңыз.
4. Жоғарыдағы суретте көрсетілген сомындарды бұрап алыңыз.
5. Сақтандырғышты номиналы бірдей жаңа сақтандырғышқа ауыстырыңыз.
6. Барлық бөлшектелген бөлшектерді кері ретпен орындарына орналастырыңыз.

Мультисақтандырғыш күйіп кеткен жағдайда, HYUNDAI уәкілетті дилеріне хабарласу қажет.

Созылмалы сақтандырғыштар мен реле тақтасының сипаттамасы
Жүргізуші жақтағы сақтандырғыштар блогы



Реле мен сақтандырғыштар блогы қақпағының ішкі жағында сақтандырғыштардың атаулары мен олардың номиналы көрсетілген заттаңба орналасқан.

i Ақпарат

Сақтандырғыштар тақтасының кейбір сипаттамалары сіздің автокөлігіңізге қолданылмауы мүмкін.

Сипаттама жариялау кезінде толық болып табылады. Көлігіңіздің сақтандырғыштар тақтасын тексерген кезде оның корпусында орналасқан тақтайшаны қолданыңыз.

F1 25A 1 IGN	F5 20A 1 IBU	F7 15A 1 MODULE	F11 10A 1 MODULE	F15 15A 1 IBU	-	F21 20A 2 MODULE	F23 15A 1 MODULE	F25 10A 1 E-SHIFTER	F27 10A 1 E-CALL	F29 20A 1 MODULE	F31 10A 2 MODULE	F33 10A 2 E-SHIFTER	F35 7.5A 1 CLUSTER	F45 7.5A 2 IBU
F2 10A 1 MODULE	F4 7.5A 1 MODULE	F6 10A 1 MODULE	-	-	F20 10A 2 BRAKE SWITCH	F22 10A 2 MODULE	-	F26 10A 1 MEMORY	F28 15A 1 MULTI MEDIA	F30 10A 1 MODULE	F32 10A 2 MODULE	F34 10A 1 MODULE	-	F47 7.5A 1 PDC
-	-	F9 25A 1 IGN	F13 30A 1 AMP	F17 25A 1 AMP	-	-	-	-	-	-	-	-	F37 7.5A 1 A/C	F43 15A 1 PDC
-	-	F10 30A 1 PDC	F14 30A 1 IGN	F16 30A 1 IGN	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	F38 10A 1 MODULE	-
-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	F40 7.5A 1 MODULE	-
-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	F44 7.5A 1 PDC
-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	F46 20A 1 POWER OUTLET

ODN8089046L


Жүргізуші жақтағы сақтандырғыштар блогы

Сақтандырғыштың атауы	Белгіленуі	Сақтандырғыштың номиналы	Қорғалатын тізбек
ОРЫНДЫҚ (АЛДЫҒЫ) ЖЫЛЫТҚЫШЫ		25A	Алдыңғы орындықтарды жылытуды басқару модулі, алдыңғы орындықтарды желдетуді басқару модулі
ЖЕТЕК		10A	Жүксалғыш қақпағының релесі
ЕСІКТЕРДІ БҰҒАТТАУ		20A	Есіктерді бұғаттау релесі, есіктерді бұғаттан шығару релесі
1-МОДУЛЬ		7,5A	Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі, жүргізуші/жолаушы есігі жақтағы электронды кілтке арналған сыртқы тұтқа, оталдыру жүйесінің кілтін бұғаттау электрмагниті
АРТҚЫ ЕСІКТЕРДІ ЭЛЕКТРОНДЫ БҰҒАТТАУ		15A	Бала бекітпесінің артқы релесі, бала бекітпесін босатудың артқы релесі
3-МОДУЛЬ		10A	Апаттық сигнал беру жүйесінің ажыратқышы, аспаптар тақтасындағы ауыстырып қосқыш (жоғарғы), сәндік көмескі жарықшамының алдыңғы блогы, диагностикалық ағытпа, жолаушыға жоғары жайлылықты қамтамасыз ететін орындық блогы
ОРЫНДЫҚ (АРТҚЫ) ЖЫЛЫТҚЫШЫ		25A	Артқы орындық жылытқышын басқару модулі
ЭЛЕКТРЖЕТЕКТІ ОРЫНДЫҚ (ЖОЛАУШЫ)		30A	Жолаушы орындығын қолмен ауыстырып қосқыш, жоғары жайлылықты қамтамасыз ететін орындық блогы
6-МОДУЛЬ		10A	Көп функциялы ауыстырып қосқыш, жүргізуші есігінің модулі
ҚЫСЫЛЫП ҚАЛУДАН ҚОРҒАЙТЫН ЭЛЕКТРЛІК ӘЙНЕК КӨТЕРГІШ (ОҢ Ж.)		30A	Қысылып қалудан қорғайтын жүргізушінің/жолаушының электрлік әйнек көтергішін басқару блогы, жолаушының электрлік әйнек көтергішін ауыстырып қосқыш, артқы сол жақ электрлік әйнек көтергішті ауыстырып қосқыш





Жүргізуші жақтағы сақтандырғыштар блогы

Сақтандырғыштың атауы	Белгіленуі	Сақтандырғыштың номиналы	Қорғалатын тізбек
ЭЛЕКТРЖЕТЕКТІ ОРЫНДЫҚ (ЖҮРГІЗУШІ)		30A	Жүргізуші орындығын қолмен ауыстырып қосқыш, жүргізушінің IMS модулі
IBU1	¹ IBU	15A	IBU, оталдыру жүйесінің құлпы
AMP	AMP	25A	AMP
ҚЫСЫЛЫП ҚАЛУДАН ҚОРҒАЙТЫН ЭЛЕКТРЛІК ӘЙНЕК КӨТЕРГІШ (СОЛ Ж.)		30A	Қысылып қалудан қорғайтын жүргізушінің/жолаушының электрлік әйнек көтергішін басқару блогы, жолаушының электрлік әйнек көтергішін ауыстырып қосқыш, артқы оң жақ электрлік әйнек көтергішті ауыстырып қосқыш
ТЕЖЕГІШТІ АУЫСТЫРЫП ҚОСҚЫШ	BRAKE SWITCH	10A	Қысылып қалудан қорғайтын жүргізушінің/жолаушының электрлік әйнек көтергішін басқару блогы, жолаушының электрлік әйнек көтергішін ауыстырып қосқыш, артқы оң жақ электрлік әйнек көтергішті ауыстырып қосқыш
ЖОҒАРҒЫ ЛЮК 2		20A	Төбедегі панорамалық люк
ҚАУІПСІЗДІК КӨПШІГІ 2	² 	10A	SRS басқару блогы
ҚАУІПСІЗДІК КӨПШІГІ 1	¹ 	15A	SRS басқару блогы, жолаушының барын білдіретін датчик
ЭЛЕКТРОНДЫ БЕРІЛІСТЕРДІ АУЫСТЫРЫП ҚОСҚЫШ 1	¹ E-SHIFTER	10A	SCU, АБАҚ берілістерін ауыстырып қосу иінірегі
Есте сақтау құрылғысы	MEMORY	10A	Жүргізушінің IMS модулі, жүргізуші есігінің модулі, жүргізуші/жолаушы жақтағы электржетекті сыртқы айна, жаңбыр датчигі, алдыңғы әйнек проекторы, IBU, аспаптар тақтасы, кондиционердің басқару блогы, кондиционерді ауыстырып қосқыш, күзет сигнализациясының индикаторы


Жүргізуші жақтағы сақтандырғыштар блогы

Сақтандырғыштың атауы	Белгіленуі	Сақтандырғыштың номиналы	Қорғалатын тізбек
E-CALL	E-CALL	10A	MTS E-Call модулі
МУЛЬТИМЕДИА	MULTI MEDIA	15A	Аудиожүйе, навигациясы бар аудиовизуалды бас құрылғы
ЖОҒАРҒЫ ЛЮК 1		20A	Төбедегі панорамалық люк
7-МОДУЛЬ	7 MODULE	10A	Алдыңғы консольді ауыстырып қосқыш, келік құралын қозғалыс жолағының (белгілеу) шегінде ұстап тұру блогы, аспаптар тақтасындағы ауыстырып қосқыш (жоғарғы), аспаптар тақтасындағы ауыстырып қосқыш (төменгі), IBU
5-МОДУЛЬ	5 MODULE	10A	Стоп-сигнал ауыстырып қосқышы
8-МОДУЛЬ	8 MODULE	10A	Алдыңғы орындықтарды жылытуды басқару блогы, алдыңғы орындықтарды желдетуді басқару блогы, жолаушыларға жоғары жайлылықты қамтамасыз ететін орындық блогы, артқы орындықты жылытуды басқару блогы, AMP, жүргізушінің IMS модулі, диагностикалық ағытпа, аудиожүйе, навигациясы бар аудиовизуалды бас құрылғы, сол жақ/оң жақ фара, айналаны шолуды бақылау блогы, кондиционерді басқару блогы, кондиционерді ауыстырып қосқыш, алдыңғы сымсыз зарядтау құрылғысы, MTS E-Call модулі, электрхромды айна, төбе консолінің шамы (шам)
ЭЛЕКТРОНДЫ БЕРІЛІСТЕРДІ АУЫСТЫРЫП ҚОСҚЫШ 2	2 E-SHIFTER	10A	SCU, АБАҚ берілістерін ауыстырып қосу иінірегі

Жүргізуші жақтағы сақтандырғыштар блогы

Сақтандырғыштың атауы	Белгіленуі	Сақтандырғыштың номиналы	Қорғалатын тізбек
2-МОДУЛЬ	² MODULE	10A	Салқындату желдеткішінің электрлік қозғалтқышы, жолаушыға жоғары жайлылықты қамтамасыз ететін орындық блогы, артқы орындықты жылытуды басқару блогы
MDPS	 1	7,5A	MDPS блогы
КОНДИЦИОНЕР	A/C	7,5A	Кондиционерді басқару блогы, кондиционерді ауыстырып қосқыш, мотор бөлігінің таратқыш қорабы (1-реле)
4-МОДУЛЬ	⁴ MODULE	10A	Төбе консолінің шамы (шам), зарядтауға арналған артқы USB құрылғысы, IBU, MTS E-Call модулі, аудиожүйе, навигациясы бар аудиовизуалды бас құрылғы, айналаны шолуды бақылау блогы, зарядтауға арналған алдыңғы USB құрылғысы
9-МОДУЛЬ	⁹ MODULE	7,5A	IBU
ИОНИЗАТОР	CLUSTER	10A	Аспаптар тақтасы, алдыңғы әйнек проекторы
ШАЙБА		15A	Руль астындағы ауыстырып қосқыш
БАСТАУ		7,5A	Күзет сигнализациясы сиренасының релесі, PCM, мотор бөлігінің таратқыш қорабы (2-реле)
ҚУАТ РОЗЕТКАСЫ	POWER OUTLET	20A	Алдыңғы қуат розеткасы
IBU2	² IBU	7,5A	IBU
ҚАУІПСІЗДІК КӨПШІГІНІҢ ИНДИКАТОРЫ	 IND	7,5A	Аспаптар тақтасы, төбе консолінің шамы (шам)


Қозғалтқыш бөлігіндегі созылмалы сақтандырғыштар тақтасы















Реле мен сақтандырғыштар блогы қақпағының ішкі жағында сақтандырғыштардың атаулары мен олардың номиналы көрсетілген заттаңба орналасқан.

i Ақпарат

Осы нұсқаулықта келтірілген сақтандырғыштар блогының сипаттамалары барлық көлік құралдарына қолданылмайды (орындалу нұсқасына байланысты). Барлық деректер жарияланған кезде -өзекті. Сақтандырғыштар блогын тексерген кезде осы көлік құралы үшін сақтандырғыштар блогының заттаңбасын пайдалану керек.




Мотор бөлігінің сақтандырғыштар тақтасы

Сақтандырғыштың атауы	Белгіленуі	Сақтандырғыштың номиналы	Қорғалатын тізбек
ЭЛЕКТРОНДЫ БЕРІЛІСТЕРДІ АУЫСТЫРЫП ҚОСҚЫШ	E-SHIFTER	30A	SCU
ABS2	² 	30A	ESC басқару блогы
IG1	IG1	40A	PCB блогы (ACC релесі, реле, IG1)
ЖЫЛЫТҚЫШ РЕЛЕСІ		50A	4-реле (артқы әйнекті жылыту релесі)
ТҰРАҚ ТЕЖЕГІШІ		60A	ESC басқару блогы
B+5	⁵ 	60A	PCB блогы (қозғалтқышты басқару релесі, сақтандырғыш – F12, F15, F16, F17, F18, F21)
B+1	¹ 	60A	ICU таратқыш қорабы (сақтандырғыш – F4, F7, F9, F10, F13, F14, F18)
IG2	IG2	30A	2-РЕЛЕ (іске қосу релесі), PCB блогы (IG 2 релесі)
ЖЕЛДЕТКІШ		40A	1-РЕЛЕ (желдеткіш релесі)
ABS1	¹ 	40A	ESC басқару блогы
B+2	² 	50A	ICU таратқыш қорабы (сақтандырғыш – F15, F17, IPS1, 1PS2, IPS3, IPS4, IPS10)
B+3	³ 	50A	ICU таратқыш қорабы (IPS5, 1PS6, IPS7, IPS8, IPS9)
САЛҚЫНДАТУ ЖЕЛДЕТКІШІ		80A	Салқындату желдеткішінің электрлік қозғалтқышы
MDPS1	 1	80A	MDPS блогы
B+4	⁴ 	60A	ICU таратқыш қорабы (ұзақ мерзімді жүктеме құлпының релесі, сақтандырғыш, F1, F2, F3, F8, F20, F21, F22, F25, F29)
AMS (генераторды басқару жүйесі)	AMS	10A	АКБ датчигі

Мотор бөлігінің сақтандырғыш тақтасы (PCB блогы)

Сақтандырғыштың атауы	Белгіленуі	Сақтандырғыштың номиналы	Қорғалатын тізбек
1-ОТЫН СОРҒЫСЫ	¹ FUEL PUMP	20A	3-РЕЛЕ (отын сорғысының релесі)
2-кондиционер	² A/C	10A	Кондиционерді басқару блогы
ЖЫЛЫТЫЛАТЫН АЙНА		10A	Электржетекті оң және сол жақ сыртқы айна, кондиционерді басқару блогы, кондиционерді ауыстырып қосқыш

Мотор бөлігінің сақтандырғыш тақтасы (PCB блогы)

Сақтандырғыштың атауы	Белгіленуі	Сақтандырғыштың номиналы	Қорғалатын тізбек
ABS3	³ 	10A	ESC басқару блогы
КРУИЗ-БАҚЫЛАУ		10A	Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесін басқару блогы
ECU3	^{E3} 	10A	PCM
ОТАЛДЫРУ ЖҮИЕСІНІҢ ШАРҒЫСЫ	IGN COIL	20A	ОТАЛДЫРУ ЖҮИЕСІНІҢ ШАРҒЫСЫ № 1/№ 2/№ 3/№ 4, конденсатор (G4NA)
ECU1	^{E1} 	20A	PCM
1-ДАТЧИК	^{S1} 	15A	Оттегі датчигі (катализаторға дейін/одан кейін)
2-ОТЫН СОРҒЫСЫ	² FUEL PUMP	10A	Мотор бөлігінің таратқыш қорабы (3-реле (отын сорғысының релесі))
ECU2	^{E2} 	15A	PCM
БҰРАУ	INJECTOR	15A	№ 1/2/3/4 бүріккіш
2-ДАТЧИК	^{S2} 	10A	Өзгермелі геометриясы бар кіргізу жүйесінің электрмагниттік клапаны, гидравликалық басқару клапаны (кіргізу/шығару), үрлеп тазалауды басқарудың электрмагниттік клапаны, мотор бөлігінің таратқыш қорабы, (8-реле (кондиционер компрессорының релесі)), электронды термостат (G4KM)
TCU1	^T 	20A	PCM
1-КОНДИЦИОНЕР	¹ A/C	10A	Мотор бөлігінің таратқыш қорабы, (8-реле (кондиционер компрессорының релесі))
КҮЗЕТ СИГНАЛИЗАЦИЯСЫ НЫҢ СИРЕНАСЫ		20A	Күзет сигнализациясы сиренасының релесі

Мотор бөлігінің сақтандырғыш тақтасы (PCB блогы)

Сақтандырғыштың атауы	Белгіленуі	Сақтандырғыштың номиналы	Қорғалатын тізбек
КЛАКСОН		20A	Клаксон релесі
1-ӘЙНЕК ТАЗАЛАҒЫШ	¹ 	30A	Әйнек тазалағыш релесі
2-ӘЙНЕК ТАЗАЛАҒЫШ	² 	10A	PCM, IBU

ЖАРЫҚ ШАМДАРЫ

Автокөлік фараларының көптеген шамдарын ауыстыру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз. Автокөлік фараларының шамдарын ауыстыру шамға жету үшін автокөліктің басқа бөліктерін бөлшектеу қажеттігіне байланысты қиын болады. Бұл әсіресе шамға (шамдарға) қол жеткізу үшін бас фаралар торабын бөлшектеуге қатысты.

Бас фараны жинағымен бөлшектеу/орнату автокөлікке зақым келтіруі мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік кенеттен қозғалып кетпеуі, саусақтар күйіп қалмауы және электр тогы соқпауы үшін, жарық аспаптырын пайдаланбас бұрын тұрақ тежеуі үшін сенімді түрде іске қосыңыз, оталдыру жүйесі құлпының LOCK/OFF (құлыптау/өшіру) қалпында тұрғанына көз жеткізіңіз және жарық аспаптарын өшіріңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Күйіп кеткен шамдарды ауыстырған кезде қуаттылығы дәл сондай шамдарды пайдаланыңыз. Олай болмаған жағдайда, созылмалы сақтандырғыш күйіп кетуі немесе электр сымдары зақымдануы мүмкін.



Ақпарат

Алдыңғы және артқы фаралардың линзалары түнде ауа райы дымқыл болғанда автокөлікті жұғаннан немесе жүргізгеннен кейін ағарған болып көрінеді. Бұл жағдай фаралардың ішіндегі және сырғындағы температураның айырмашылығынан туындайды және автокөліктің қандай да бір ақаулығының белгісі емес. Фарада түзілетін конденсат фараларды қосып жүргеннен кейін жоғалады. Ылғалдың жиналу деңгейі фараның өлшеміне, шамның орналасуына және қоршаған орта жағдайларына байланысты өзгеруі мүмкін. Алайда, егер ылғал жоғалмаса, тексеру үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласуды ұсынамыз.



Ақпарат – Кептіргіш (бар болса)

Бұл көлік құралы фаралардың жоғары ылғалдылықтан азырақ дымқылдануы үшін кептіргішпен жабдықталған.

Кептіргіш шығын материалы болып табылады, оның тиімділігі пайдалану ұзақтығына немесе қоршаған орта жағдайларына байланысты өзгеруі мүмкін.

Егер фаралардың іші ылғалдан дымқылдана берсе, HYUNDAI уәкілетті дилеріне хабарласуды ұсынамыз.


i Ақпарат (Еуропа үшін)

Қозғалыс бағытының өзгеруі Фаралардың жақынға түсетін жарығының шоғы асимметриялы түрде бөлінеді.

Автокөліктер қарама-қарсы бағытта қозғалатын елге кіргеннен кейін бұл асимметриялық бөлік қарсы бағытта келе жатқан көлік құралдарында отырған жүргізушілердің көзін қарықтырады. Бұның алдын алу үшін ЕСЕ ережелері бірнеше техникалық шешімдерді қолдануды талап етеді (мысалы, жол қозғалысы бағытының өзгеруіне автоматты түрде бейімделу функциясы, өздігінен жабысатын пленканы қолдану, төменге қарай бағыттау). Бұл фаралар қарсы бағытта келе жатқан автокөліктердегі жүргізушілердің көзін қарықтырмайтындай етіп жасалған. Сондықтан сізге қозғалыс бағыты қарама-қарсы елде фараларды өзгерту қажет емес.

Алдыңғы фаралардың шамдарын, габарит жарығын, бұрылыс көрсеткіштерін, бүйірлік габарит жарығын және тұман шамдарын ауыстыру

A тупі



- (1) Алдыңғы фараның шамы (алысқа түсетін жарық/жақынға түсетін жарық)
- (2) Күндізгі жарық шамы (DRL)/Габарит жарығының шамы
- (3) Бұрылыс көрсеткішінің шамы



АБАЙЛАҢЫЗ

- Галоген шамдарын пайдаланғанда абай болыңыз. Галоген шамдарында сығылған газ бар. Газдың әсерінен сынған жағдайда, әйнек сынықтары ұшып, жарақат келтіруі мүмкін.
- Шамды ауыстырған кезде көзді қорғайтын құралдарды қолданыңыз. Шамды пайдаланбай тұрып, оны суытып алыңыз.
- Абайлап пайдаланып, сызат түсірмеңіз және қажамаңыз. Егер шам жанып тұрса, оған сұйықтық тигізбеңіз.
- Әйнекті жалаңаш қолыңызбен ұстамаңыз. Қалдық май жанып тұрған шамның қызып кетуіне және жарылуына әкеп соғуы мүмкін.
- Шамды фараға орнатылған жағдайда ғана қолдануға болады.
- Шам зақымдалған немесе жарылған болса, оны дереу жаңасына ауыстырыңыз және пайдаланылған шамды сәйкесінше жойыңыз.




Алдыңғы фара (галогенді шам)

1. Батареядан теріс зарядты сымды ажыратыңыз.
2. Доңғалақ аркасының астындағы люктің қақпағын бекіткішті жіңішке құралмен басып шешіп алыңыз. Егер шина люк қақпағын алуға кедергі келтірсе, доңғалақты ішке қарай бұру керек.
3. Шамның қақпағын сағат тіліне қарсы бұрап алыңыз.
4. Қалыпты шамның түпшесінен ажыратыңыз.

Ақпарат


ЖКО кейін немесе фара торабын қайта орнатқаннан кейін фараларды фокустау үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу қажет.



Бұрылыс көрсеткішінің шамы (қызу шамы)

1. Аккумулятордан теріс зарядты сымды ажыратыңыз.
2. Доңғалақ аркасының астындағы люктің қақпағын бекіткішті жіңішке құралмен басып шешіп алыңыз. Егер шина люк қақпағын алуға кедергі келтірсе, доңғалақты ішке қарай бұру керек.
3. Қалыпты шамның түпшесінен ажыратыңыз.

B түрі (СИД)



1. Алдыңғы фараның шамы (алысқа түсетін жарық) (Қосымша ТӨМЕН. жоқ)
2. Алдыңғы фараның шамы (жақынға түсетін жарық)
3. Күндізгі жарық шамы (DRL)/Габарит жарығының шамы

4. Күндізгі жарық шамы (DRL)/Габарит жарығының шамы / Бұрылыс көрсеткішінің шамы

C түрі (СИД)



1. Алдыңғы фараның шамы (алысқа түсетін жарық) (Қосымша ТӨМЕН. жоқ)
2. Алдыңғы фараның шамы (жақынға түсетін жарық)
3. Күндізгі жарық шамы (DRL)/Габарит жарығының шамы
4. Күндізгі жарық шамы (DRL)/Габарит жарығының шамы / Бұрылыс көрсеткішінің шамы

Шамдар

Егер жарықдиодты шам жұмыс істемесе, көлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.

Бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағышының шамын ауыстыру



Егер жарықдиодты шам (1) жанбаса, көлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексерту ұсынылады.

Артқы құрама шамды ауыстыру



1. Артқы шам/стоп-сигнал
2. Бұрылыс көрсеткішінің шамы (жарықдиодты немесе шам)
3. Артқы шам
4. Артқы жүріс шамы/ Жарық шағылыстырғыш құрылғы немесе Тұман фарасы (бар болса)

Стоп-сигнал және Габарит жарығы

Егер жарықдиодты шам жұмыс істемесе, көлікті тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.


Тұман фарасы (бар болса)

Егер шам жанбаса, жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.



Бұрылыс көрсеткішінің шамы (қызу шамы)

1. Жүксалғыш қақпағын ашыңыз.
2. Сервистік қақпақты тартып, шешіп алыңыз.




ODN8089032

3. Патрондағы шығыңқы жерлер блок-фарадағы ойықтармен қиыстырылғанша патронды сағат тіліне қарсы бағытта бұрап, блок-фарадан шығарып алыңыз.
4. Шамдағы шығыңқы жерлер патрондағы ойықтармен қиыстырылғанша шамды басып және сағат тіліне қарсы бағытта бұрап, патроннан шығарып алыңыз. Шамды патроннан шығарып алыңыз.
5. Жаңа шамды орнатыңыз, ол үшін оны патронға басып, бекітілгенше бұраңыз.
6. Патронды блок-фараға орнатыңыз. Ол үшін патрондағы шығыңқы жерлерді блок-фараның ойықтарымен қиыстырыңыз. Патронды блок-фараға салыңыз және сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

Бұрылыс көрсеткішінің шамы (СИД)

Егер шам жанбаса, жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.




ODN8089051L

Артқы жүріс шамы

1. Аккумулятордан теріс зарядты сымды ажыратыңыз.
2. Қозғалтқыштың бүйірлік шашыратқышын бөлшектеңіз.
3. Патрондағы шығыңқы жерлер шам корпусындағы ойықтармен қиыстырылғанша патронды сағат тіліне қарсы бағытта бұрап, шамнан шығарып алыңыз.
4. Шамды басып, шамдағы шығыңқы жерлер патрондағы ойықтармен тураланғанша сағат тіліне қарсы бағытта бұрап, патроннан шығарып алыңыз. Шамды патроннан шығарып алыңыз.
5. Жаңа шамды патронға басып, бекітілгенше бұрап, орнатыңыз.
6. Патронды шамға орнатыңыз. Ол үшін патрондағы шығыңқы жерлерді шамның ойықтарымен қиыстыру керек. Патронды басып, сағат тілінің бойымен бұраңыз.
7. Шамды көлік құралының шанағына орнатыңыз.

Жоғарғы стоп-сигналды ауыстыру



Егер шам жанбаса, жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.

Нөмір белгісін жарықтандыру шамын ауыстыру



1. Шам корпусынан таратқышты бұрандалар мен бұрамашегелерге арналған тура оймакілтегі бар бұрауышпен абайлап шешіп алыңыз.
2. Патрондағы шығыңқы жерлер шам корпусындағы ойықтармен қиыстырылғанша патронды сағат тіліне қарсы бағытта бұрап, шамнан шығарып алыңыз.
3. Шамды турасынан тартып шығарыңыз.
4. Жаңа шамды орнатыңыз.
5. Барлық бөлшектерді шешіп алу кезінде орындалған тәртіпке кері ретпен орнатыңыз.



Салонды жарықтандыру шамын ауыстыру

Жеке көмескі жарық және бағытталған жарық шамы (СИД)



Егер шам жанбаса, жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.

Жүксалғыш жарығының, бағытталған жарықтың, күнқағардағы айнаның көмескі жарығының және салон жарығының шамдары (қызу шамы)





1. Тура оймакілтегі бар бұрауыш ты пайдаланып, шашыратқыш ты шам корпусының ішінен ақырын іліп алыңыз.
2. Шамды турасынан тартып шығарыңыз.
3. Патронға жаңа шамды орнатыңыз.
4. Шашыратқыштың шығыңқы жерлерін шам корпусының ішкі ойықтарымен қиыстырып, шашыратқышты орнына орнатыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Қақпақты, бекіткішті және пластмасса корпусты зақымдап алмас үшін сақ болыңыз.

АВТОКӨЛІКТІҢ СЫРТҚЫ ТҮРІНЕ КҮТІМ ЖАСАУ

Сыртқы күтім жасау

Сыртқы күтім жасаған кездегі жалпы сақтық шаралары

Химиялық жуғыш заттарды немесе жылтыратқыштарды қолданған кезде тақтайшаларда көрсетілген нұсқауларды орындау өте маңызды. Тақтайшалардағы барлық ескерту нұсқауларын мұқият оқып шығыңыз.

Автокөліктің лак-бояу жабынына күтім жасау

Автокөлікті жуу

Лак-бояу жабынды коррозиядан және тозудан қорғау үшін айына кемінде бір рет көлікті сәл жылы немесе суық сумен жақсылап жуыңыз.

Автокөлікті жолсыз жерлерде жүру үшін пайдаланған кезде оны әрбір сапардан кейін жуу қажет. Жиналған тұзды, шаңды, кірді және басқа да бөгде заттарды жоюға ерекше назар аударыңыз. Есіктер мен аспа панельдердің төменгі беттеріндегі дренажды тесіктердің ластанудан тазартылғанына көз жеткізіңіз.

Уақытында тазартылмаған жәндіктер, шайыр мен ағаш шырыны, құстардың қиы, атмосфераға өнеркәсіптік шығарындылар және осыған ұқсас ластаушы заттар автокөлігіңіздің лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін.

Дегенмен, сумен уақтылы жуғанның өзінде де барлық ластануды кетіру үнемі мүмкін бола бермейді. Тиімдірек жуу үшін боялған беттерге қауіпсіз сілтілі емес сабынды қолдануға болады.

Жуғаннан кейін автокөлікті сәл жылы немесе суық сумен жақсылап шайыңыз. Сабын ерітіндісі автокөліктің лак-бояу жабынында кеуіп қалмауы тиіс.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Күшті әсер ететін сабынды, химиялық жуғыш құралдарды немесе ыстық суды пайдаланбаңыз. Сонымен қатар, тікелей күн сәулесінің астында тұрған көлікті немесе корпусы қатты қызып тұрған көлікті жууға болмайды.
- Бүйірлік терезені қысыммен келетін қатты су ағынымен жууға болмайды. Су терезеден өтіп, салонды сулауы мүмкін.
- Пластик бөлшектер мен шамдарға зақым келтірмеу үшін тазалау кезінде химиялық еріткіштерді немесе агрессивті жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз.

АБАЙЛАҒЫЗ

Тежегіш жүйесінің су өткен элементтері

Машинаны жуғаннан кейін тежегіш жүйесінің элементтеріне судың тимегеніне көз жеткізу үшін төмен жылдамдықпен қозғалып, тежегіштердің жұмысын тексеріңіз. Егер тежегіштердің тиімділігі төмендесе, төмен жылдамдықта қозғалып және тежегіш педалін аздап басып, тежегіштерді құрғатыңыз.

Жоғары қысыммен жуу

- Жоғары қысыммен істейтін жуғыш құрылғыларды пайдаланған кезде автокөліктен жеткілікті қашықтықта тұруыңыз керек. Жеткіліксіз қашықтық немесе шамадан тыс қысым компоненттердің зақымдалуына немесе оларға судың тиюіне әкелуі мүмкін.
- Камераны, датчиктерді және олардың айналасындағы аймақтарды жоғары қысымды жуу құрылғысының көмегімен тікелей жууға тыйым салынады. Судың жоғары қысымымен әсер ету құрылғының істен шығуына әкеп соғуы мүмкін.
- Шүмекті тозаңдықтарға (резеңке немесе пластик қаптарға) немесе ағытпаларға жақындатуға тыйым салынады, өйткені жоғары қысымды су оларды зақымдауы мүмкін.



МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Қозғалтқыш бөлігін сумен, соның ішінде қатты ағатын сумен жуу қозғалтқыш бөлігінде орналасқан электр тізбектерінің істен шығуына әкеп соғуы мүмкін.
- Ешбір жағдайда судың немесе басқа сұйықтықтардың автокөліктің ішіндегі электрлік/электронды элементтерге тиюіне жол бермеңіз, себебі бұдан олар зақымдалуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН**Күңгірт лак-бояу жабыны бар автокөлік (бар болса)**

Айналмалы щеткалары бар автокөлікті автоматты жуу қондырғыларын пайдаланбаған жөн, себебі бұл кезде лак-бояу жабыны зақымдануы ықтимал. Автокөлік жоғары температурамен жуылатын булы жуу қондырғысын пайдаланған кезде мұнай өнімдері лак-бояу жабынына тиіп кетуі мүмкін, бұл қиын кетірілетін дақтардың пайда болуына әкеп соғады.

Автокөлікті жуу үшін жұмсақ шүберекті (микроталшықты майлықты немесе губканы) қолданыңыз, содан кейін беттерді микроталшықты майлықпен құрғатып сүрту керек.

Автокөлікті қолмен жуған кезде құрамында балауызы бар жуғыш құралдар пайдаланылмауы тиіс. Егер автокөліктің лак-бояу жабыны қатты ластанған болса (құм, кір, шаң және басқа да ластаушы заттар), алдымен көлікті сумен жуу керек.

Балауызбен жылтырату

Балауызды су көліктің боялған бетінде тамшыларға жиналып болғаннан кейін қолдану керек.

Балауызбен жылтыратудың алдында автокөлікті міндетті түрде жуып, кептіру керек. Автокөлікті жылтырату үшін жоғары сапалы сұйық балауызды немесе балауыз пастасын қолданыңыз және оны өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Металл элементтерді қорғау және жылтырды сақтау үшін олардың барлығын балауызбен жабыңыз.

Шанақтың боялған бетінен дақтарды кетіруге арналған құралмен майды, шайырды немесе ұқсас заттарды кетірген кезде әдетте жағылған балауыз да алынып тасталады. Қазіргі уақытта автокөліктің қалған бөлігін балауызбен өңдеу қажет болмаса да, бұл беттерге міндетті түрде балауыз жағыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Шанақтың бетіндегі шаңды немесе кірді құрғақ шүберекпен сүрткен кезде лак-бояу жабынында сызаттар қалады.
- Хромдалған немесе анодталған алюминий бөлшектерін тазарту үшін болат ысқыштарды, абразивті ысқыштарды немесе сілтілі не каустикалық компоненттері бар күшті еріткіштерді пайдаланбаңыз. Бұл лак-бояу жабынының зақымдалуына, түссізденуіне немесе бүлінуіне әкеп соғуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Күңгірт лак-бояу жабыны бар автокөлік (бар болса)

Құрамында жуғыш заттар, абразивті материалдар мен жылтыратқыштар бар тазартқыштарды қолдануға болмайды. Балауыз жағылған жағдайда, оны силиконды кетіруге арналған құралмен дереу алып тастау керек, ал шанақтың беттері битуммен ластанған жағдайда, тазалау үшін битум мен гудронды тазартқышты пайдалану керек. Тазалау сақтық танытып және беттің боялған жерлеріне шамадан тыс күш салмай жүргізілуі тиіс.

Лак-бояу жабынының зақымданған жерлерін қалпына келтіру

Боялған бетке тастардың түсуінен болған терең сызаттар немесе ойықтар дер кезінде жойылуы тиіс. Ашық металды тез тот басады, салдарынан жөндеу жұмыстары айтарлықтай шығынды болуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Егер автокөлігіңіз зақымдалған болса немесе кез келген жөндеуді не қандай да бір металл бөлшектерді ауыстыруды қажет етсе, автокөлік жөндеу шеберханасында ауыстырылатын және жөнделетін бөлшектердің коррозияға қарсы өңделетініне көз жеткізіңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Күңгірт лак-бояу жабыны бар автокөлік (бар болса)

Күңгірт лак-бояу жабыны бар автокөліктердің тек зақымдалған жабын бөлігін қалпына келтіру мүмкін емес; бүкіл бөлшекті жөндеу қажет. Егер көлік зақымдалған болса және оны бояу қажет болса, HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласу ұсынылады. Өте сақ болу керек, өйткені жөндеуден кейін сапаны қалпына келтіру өте қиын.

Жылтыратылған металл элементтерге күтім жасау

- Жол гудроны мен жәндіктердің іздерін жою үшін арнайы жасалған құралды пайдаланыңыз. Ол үшін қырғышты немесе басқа өткір затты қолдануға болмайды.
- Металл бөлшектердің жылтыратылған беттерін коррозиядан қорғау үшін қорғаныс балауызын немесе құрамында хром бар сақтандырғыш құралды қолданыңыз және көбірек жылтырату үшін уқалап сүртіңіз.
- Қыста немесе жағалау маңындағы аудандарда жылтыратылған металл бөлшектерге балауыздың немесе қорғаныс құралының қалың қабатын жағыңыз. Қажет болса, бұл бөлшектерге коррозияға ұшыратпайтын техникалық вазелинді немесе басқа қорғаныс құрамын жағыңыз.

Шанақтың төменгі жағына күтім жасау

Қар мен шаңды кетіру үшін қолданылатын, коррозияны тудыратын заттар шанақ астында жиналуы мүмкін. Бұл заттарды уақтылы алып тастамаған жағдайда, отын құбырлары, рама, автокөліктің асты және пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің элементтері сияқты автокөліктің астында орналасқан элементтер тез тоттануы мүмкін (коррозиядан қорғайтын құралмен өңделген болса да).

Автокөлік шанағының төменгі бөлігін және доңғалақтардың қуыстарын айына кемінде бір рет, сондай-ақ жолсыз жермен жүргеннен кейін және қыс маусымы аяқталғаннан кейін аздап жылы немесе суық судың күшті ағынымен мұқият жуыңыз. Автокөліктің осы бөлігіне ерекше назар аударыңыз, өйткені онда жиналған шаң мен кір көзге көрінбейді. Қатты сіңіп қалған кірді кетірмей, жай ғана сулау пайдадан гөрі зиян әкеледі.

Есіктердің төменгі бөлігіндегі, аспа элементтерінің панельдеріндегі және рама бөлшектеріндегі дренажды тесіктерді кір баспағанын қадағалап жүру қажет; бұл аймақтарда қалған су коррозияны тудыруы мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлікті жуғаннан кейін тежегіш жүйесінің элементтеріне судың тимегеніне көз жеткізу үшін төмен жылдамдықпен қозғалып, тежегіштердің жұмысын тексеріңіз. Егер тежегіштердің тиімділігі төмендесе, төмен жылдамдықта қозғалып және тежегіш педальін аздап басып, тежегіштерді құрғатыңыз.

Алюминий доңғалақтарға қызмет көрсету

Алюминий доңғалақтардың мөлдір қорғаныс жабыны болады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Алюминий доңғалақтарда абразивті тазартқыштарды, жылтыратқыш құрамдарды, еріткіштерді немесе металл щеткаларды қолдануға тыйым салынады. Олар жабында сызат қалдыруы немесе оны зақымдауы мүмкін.
- Доңғалақтарды салқындағаннан кейін ғана тазалау керек.
- Бұл үшін тек жұмсақ сабынды немесе бейтарап жуғыш құралды қолданыңыз, тазалап болғаннан кейін оларды сумен жақсылап жуыңыз.
Тұз себілген жолдармен жүргеннен кейін доңғалақтарды тазалаңыз. Бұл коррозияның алдын алуға көмектеседі.
- Доңғалақтарды автокөлік жууға арналған жоғары жылдамдықты щеткалармен жууға болмайды.
- Сілтілі және қышқылды тазартқыштарды қолдануға тыйым салынады. Олар мөлдір қорғаныс жабыны бар алюминий доңғалақтарының зақымдалуына немесе коррозияның пайда болуына себеп болуы мүмкін.

Коррозиядан қорғау

Автокөлікті коррозиядан қорғау

Біз коррозиядан қорғаудың ең заманауи жобалау және өндіріс технологияларын қолдана отырып, жоғары сапалы автокөліктер шығарамыз. Бірақ бұл – жұмыстың бір бөлігі ғана. Коррозиядан ұзақ мерзімді қорғанысты қамтамасыз ету үшін көлік иесінің тарапынан көмек пен қолдау қажет.

Коррозияның пайда болуының негізгі себептері

Автокөлік коррозиясының пайда болуының негізгі себептері:

- Көліктің астында жиналатын жол тұзы, кір мен ылғал.
- Бояу кетіктері және тастардың, қиыршық тастардың соққыларынан және үйкелістен қорғайтын жабындардың зақымдануы, сондай-ақ ашылып қалған металды коррозияға ұшырататын өте кішкентай сызаттар мен ойықтар.

Белсенді коррозия аймақтары

Егер автокөлік коррозия тудыратын материалдардың әсеріне үнемі ұшырайтын жерлерде пайдаланылса, одан қорғану өте маңызды болып табылады. Коррозияның ұлғаюының кейбір себептері – жол тұзы, жолдарда қолданылатын химиялық заттар, теңіз ауасы және өнеркәсіптік ластану.

Ылғал – коррозия көзі

Ылғал коррозияның пайда болуы аса ықтимал жағдайларды жасайды. Мысалы, коррозиялық процестер жоғары ылғалдылықта жеделдетіледі, әсіресе қоршаған орта температурасы нөлден сәл жоғары болған кезде. Мұндай жағдайларда тым баяу буланатын ылғал коррозияны тудыратын материалдың автокөлік бетімен тұрақты жанасуын қамтамасыз етеді.

Кір коррозияның белсенді көзі болып табылады, өйткені ол баяу кебеді және автокөліктің бетінде ылғалды сақтап тұрады. Кір құрғақ болып көрінсе де, ол әлі де ылғалды сақтап, коррозиялық процестерге ықпал етуі мүмкін.

Сонымен қатар, жоғары температуралар да ылғал түсетін автокөліктің нашар желдетілетін бөліктерінде коррозияның пайда болуына ықпал етуі мүмкін. Осы себептерге байланысты автокөлігіңізді таза ұстау, одан кір мен басқа материалдардың жиналуын үнемі алып тастау өте маңызды. Бұл тек көрінетін жерлерге ғана емес, сонымен қатар, автокөліктің астына да қатысты.

Коррозияның алдын алу

Сіз келесі әрекеттерді орындап, коррозияның алдын алуға көмектесе аласыз:

Автокөлігіңізді таза ұстаңыз

Коррозияны болдырмаудың ең жақсы тәсілі – бұл автокөлігіңізді таза ұстау және оны тудыратын материалдардың шөгінділерін үнемі алып тастау. Көліктің астына ерекше назар аударып отыру өте маңызды.

- Егер сіз автокөлікті белсенді коррозия аймақтарында (жолдарға тұз себілген жерде, теңізге жақын жерде, қатты өнеркәсіптік ластануы, қышқыл жаңбыр және т.б. бар аймақтарда) пайдалансаңыз, сіз коррозияның алдын алу үшін арнайы шаралар қолдануыңыз керек. Қыста автокөліктің астын айына кемінде бір рет су ағынымен тазартып отыру керек, ал қыс аяқталғаннан кейін оны жақсылап жуыңыз.
- Автокөліктің астын тазартқан кезде доңғалақ қуыстарында және көзге көрінбейтін басқа жерлерде орналасқан конструкция элементтеріне ерекше назар аудару керек. Мұқият тазалаңыз; егер сіз кірді кетірмей, тек сулап қана қойсаңыз, онда коррозия одан сайын күшейе түседі. Жоғары қысымды су мен бу балшық пен коррозиялық материалдарды кетіру үшін әсіресе тиімді.

- Есіктердің төменгі бөліктерін, аспа элементтерін және күш конструкцияларын тазалаған кезде дренаждық тесіктердің ашық болғанын қадағалаңыз, бұдан ылғал буланып, ішке жиналмайды және коррозия пайда болмайды.

Гаражда ылғалдың болмауы тиіс

Автокөлікті ылғалды, нашар желдетілетін гаражға қоюға болмайды. Бұл коррозияға қолайлы жағдай жасайды. Бұл әсіресе автокөлігіңізді гараж ішінде жуғанда немесе гаражға дымқыл, қар, мұз немесе балшық басқан автокөлікпен кірген жағдайларға қатысты. Нашар желдетіліп, ылғал буланбайтын гараж жылытылып тұрғанның өзінде коррозияның пайда болуына ықпал етуі мүмкін.

Лак-бояу жабыны мен сәндік тақталарды жақсы күйде ұстаңыз

Лак-бояу жабынындағы сызаттар мен сынықтар коррозияның пайда болу ықтималдығын азайту үшін тез құрғайтын бояумен мүмкіндігінше тезірек жабылуы керек. Қорғалмаған металл анықталған жағдайда, шанақты жөндейтін мамандандырылған шеберханаға бару ұсынылады.

Құстың қиы: Құстың қиы коррозиялық тұрғыдан белсенді зат болып табылады. Ол санаулы сағаттар ішінде лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін. Құстың қиын мүмкіндігінше тез кетіріңіз.

Салон туралы ұмытпаңыз

Коррозияны тудыратын ылғал төсеніштер мен еден жабыны астына жиналуы мүмкін. Төсеніштердің астында ылғалдың болмауын ара-тұра тексеріп отырыңыз.

Автокөлікті тыңайтқыштарды, тазалағыш материалдарды немесе химиялық заттарды тасымалдау үшін қолданған кезде аса сақ болыңыз.

Мұндай материалдарды тек осы мақсатқа арналған контейнерлерде тасымалдау керек, олардан тамшылары мен дақтарын сүртіп, таза сумен жуып, жақсылап кептіру керек.

Салонға күтім жасау

Салонға күтім жасау жұмыстарын орындаған кездегі жалпы сақтық шаралары

Салон элементтеріне әтір, косметикалық май, күннен қорғайтын крем, қол тазартқыш және ауа сергітуші құрал сияқты химиялық заттардың түсуіне жол бермеңіз, себебі олар үстіңгі беттердің зақымдалуына немесе түссізденуіне әкеп соғуы мүмкін. Егер олар салон элементтеріне түссе, оларды дереу сүртіңіз. Винилді беттерді тазарту жөніндегі нұсқаулармен танысыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Ешбір жағдайда судың немесе басқа сұйықтықтардың автокөліктің ішіндегі электрлік/электронды элементтерге түсуіне жол бермеңіз, себебі бұдан олар зақымдалуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Былғары беттерді тазарту үшін (руль, орындық және т.б.) бейтарап тазартқыштарды немесе құрамында спирті аз ерітінділерді қолданыңыз. Құрамында спирті көп ерітінділерді немесе қышқыл/сілтілі тазартқыштарды қолдану түстің оңуына немесе былғары жабынының үстіңгі қабатының жойылуына әкеп соғуы мүмкін.

Қаптаманы және ішкі өңдеу элементтерін тазалау

Винил (бар болса)

Винилді элементтердің бетіндегі шаң мен шамалы кірді сыпырғышпен немесе шаңсорғышпен тазалаңыз. Олардың беттерін винилді элементтерге арналған арнайы тазартқышпен тазалаңыз.

Мата (бар болса)

Мата элементтерінің бетінен шаң мен шамалы кірді сыпырғышпен немесе шаңсорғышпен кетіріңіз. Мата қаптамаға немесе төсенішке арналған сілтілі емес сабын ерітіндісімен тазалаңыз. Жаңа түскен дақтарды мата бетіндегі дақтарды кетіру құралын қолдана отырып, мүмкіндігінше тез кетіріңіз. Егер жаңа түскен дақ байқалмаса, мата түсі боялып кетіп, бүлінуі мүмкін. Сонымен қатар, егер материалға дұрыс күтім жасалмаса, оның отқа төзімділігі төмендеуі мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Ұсынылған тазартқыштар мен әдістерді қолданудан ауытқу матаның сыртқы түріне және оның отқа төзімділігіне теріс әсер етуі мүмкін.

Былғары (бар болса)

- Орындықтарға арналған былғарының ерекшеліктері
 - Былғары жабын жануардың терісінен жасалған, ол одан әрі пайдалану үшін арнайы өңдеуден өтеді. Бұл табиғи материал болғандықтан, әр бөлігі қалыңдығымен және тығыздығымен ерекшеленеді. Табиғи созылу және тарылу нәтижесі ретінде температура мен ылғалдылыққа байланысты тыртыстар пайда болуы мүмкін.
 - Орындық жайлылық деңгейін арттыру үшін созылатын матадан жасалған.
 - Денемен жанасатын бөліктері иілген, ал бүйірлік тірегі жоғары болып жасалған, бұл ыңғайлы және тұрақты көлік жүргізуді қамтамасыз етеді.
 - Пайдалану нәтижесінде табиғи тыртыстар пайда болуы мүмкін. Бұл өнімнің ақаулығы емес.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Кепілдік табиғи тозу салдарынан пайда болған тыртыстарға немесе үйкелістерге қолданылмайды.
- Металл керек-жарақтары бар белбеулер, ысырма ілмектер немесе орындық арқалығының қалтасындағы кілттер орындықтардың мата қабатын зақымдауы мүмкін.
- Орындықты суламаңыз. Бұл табиғи былғары сипаттамасының өзгеруіне әкеп соғуы мүмкін.

- **Джинсы немесе бояуы шығатын киім мата орындықтарды ластауы мүмкін.**

- Былғары орындықтарға күтім жасау
 - Шаң мен құмды кетіру үшін орындықтарды ара-тұра шаңсорғышпен тазалаңыз. Бұл тері қажалуын немесе зақымдалуын болдырмайды, сонымен қатар, оның сапасын сақтауға көмектеседі.
 - Табиғи былғары орындықтарды құрғақ немесе жұмсақ шүберекпен жиі сүртіп отырыңыз.
 - Былғарыны қорғауға арналған тиісті құралдарды қолдану үстіңгі беттің тозуына жол бермейді және түсін сақтайды. Нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз және, былғары жабынды немесе оны қорғайтын құралдарды қолданған жағдайда, маманға хабарласыңыз.
 - Ашық түсті (ақшыл сары, крем түсті) былғары тез кірленеді, оның үстінде көзге түсетін дақтар қалады. Орындықтарды жиі тазалаңыз.
 - Дымқыл шүберекті пайдаланбаңыз. Бұл үстіңгі беттердің жарылуына әкеп соғуы мүмкін.

- Былғары орындықтарды тазалау
 - Барлық кірді тез арада кетіріңіз. Ластанудың барлық түрлерін жою үшін төмендегі нұсқауларды қараңыз.
 - Косметикалық өнімдер (күннен қорғайтын крем, тоналды крем және т.б.)
Тазалағыш кремді матаға жағып, ластанған жерді сүртіңіз. Кремді дымқыл шүберекпен алып тастап, суды құрғақ шүберекпен кетіріңіз.
 - Сусындар (кофе, салқын сусындар және т.б.)
Бейтарап тазартқыштың аз мөлшерін жағып, ластану жойылғанша сүртіңіз.
 - Май
Майды сіңіргіш шүберекпен дереу кетіріп, тек табиғи былғарыға арналған дақ кетіргішпен сүртіңіз.
 - Сағыз
Сағыз мұздың әсерінен қатаюы керек, содан кейін оны біртіндеп алып тастау қажет.

Аралас белдік-иықтық қауіпсіздік белбеуінің тоқыма материалын тазалау

Мата белбеулерді мата жабындар мен төсеніштерге арналған сілтілі емес сабын ерітіндісімен тазалаңыз. Сабын жасаушының нұсқауларын орындаңыз. Мата белбеулерді ағартуға немесе бояуға болмайды, өйткені бұдан олар босаңсуы мүмкін.

Әйнектерді ішкі жағынан тазалау

Егер автокөлік әйнектерінің ішкі беттері бұлыңғыр (яғни, олар майлы немесе балауыз пленкамен жабылған) болса, оларды әйнектерге арналған тазалағышпен тазалау керек. Әйнек тазалауға арналған құралдың орамындағы нұсқауларды орындаңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Салонға қарайтын артқы әйнектің бетін қыруға немесе ысқылауға болмайды. Бұл артқы терезе жылытқышының торына зақым келтіруі мүмкін.

ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫҢ УЫТТЫЛЫҒЫН ТӨМЕНДЕТУ ЖҮЙЕСІ

Автокөлігіңізден шығатын шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесіне шектеулі кепілдік қолданылады. Кепілдік міндеттемелер туралы толық ақпарат автокөлікпен бірге жеткізілетін «Кепілдік және техникалық қызмет көрсету» буклетінде келтірілген.

Автокөлігіңіз атмосфераға шығарылатын автокөлік шығарындыларының құрамын нормалайтын барлық ережелерді қанағаттандыруға мүмкіндік беретін шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесімен жабдықталған.

Төменде осындай жүйенің автокөлікке орнатылған үш элементі келтірілген:

- (1) қозғалтқыш қартерінен шығатын шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі
- (2) отын бағынан шығатын шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі
- (3) пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі

Уыттылықты төмендету жүйесінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін осы нұсқаулықта келтірілген техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес автокөлікті HYUNDAI компаниясының авторландырылған дилерінде тексеріп, техникалық қызмет көрсету ұсынылады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Техникалық қызмет көрсеткен кезде тексерулер мен сынақтар жүргізу барысындағы сақтық шаралары ((ESC) бағыт тұрақтылығын сақтайтын электронды жүйесімен))

- Динамометриялық сынақ кезінде жалын өткізудің алдын алу үшін «ESC» ауыстырып қосқышын басып, бағыт тұрақтылығын сақтайтын электронды жүйені (ESC) өшіріңіз.
- Динамометриялық тест аяқталғаннан кейін «ESC» ауыстырып қосқышын қайта басып, ESC жүйесін қосыңыз.

1. Қозғалтқыш қартерінен шығатын шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі

Автокөлікте қозғалтқыш қартерін желдету жүйесі қарастырылған, ол қоршаған ортаның қозғалтқыш қартерінен шығатын газдармен ластануына жол бермейді. Бұл жүйе икемді ауа беру құбыршегі арқылы қартерге таза сүзілген ауаны жібереді. Қартердің ішінде бұл таза ауа қартер газдарымен араласады, содан кейін бұл қоспа қозғалтқыш қартерін желдету жүйесінің клапаны арқылы қозғалтқыштың қабылдау желісіне түседі.

2. Отын бағынан шығатын шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі

Отын бағынан шығатын шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі отын буларының атмосфераға түсуіне жол бермейді.

Жинақтауыш

Отын бағындағы отынның булануы нәтижесінде пайда болатын булар қозғалтқыш өшіп тұрғанда жинақтауышта жиналады. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жинақтауышта жиналған отын булары отын булары жинақтауышын үрлеп тазартуды басқаратын электрмагниттік клапан арқылы тегістейтін қабылдауышқа беріледі.

Отын булары жинақтауышын үрлеп тазартуды басқаратын электрмагниттік клапан (PCSV)

Отын булары жинақтауышын үрлеп тазартуды басқаратын электрмагниттік клапанды ESM блогы басқарады; қозғалтқыш бос жұмыс режимінде істеп тұрған кезде салқындату жүйесіндегі сұйықтықтың температурасы төмен болғанда клапан жабық күйде болады, сондықтан отын булары қабылдау желісінің қабылдағышына кірмейді. Автокөліктің қалыпты қозғалысы кезінде қозғалтқыш қызғаннан кейін бұл клапан ашылып, осылайша, қабылдау желісінің қабылдағышына отын булары жіберіледі.

3. Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі

Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі автокөліктің жақсы жүріс қасиеттерін сақтай отырып, пайдаланылған газдың құрамын жоғары тиімділікпен бақылайды.

Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарына (иіс газына) қатысты сақтық шаралары

- Иіс газы басқа пайдаланылған газдардың арасында болуы мүмкін. Осылайша, көлігіңіздің ішінде пайдаланылған газдардың иісі пайда болған кезде автокөлікті дереу тексеріп, жөндеу керек. Егер сіз пайдаланылған газдардың салонға түсетініне күдіктенсеңіз, автокөлікті барлық терезелерді ашып қойып жүргізуге ғана рұқсат етіледі. Бұл жағдайда да автокөлікті дереу тексеріп, жөндеу керек.



АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарының құрамында иіс газы (CO) бар. Оның түсі мен иісі болмаса да, ол қауіпті және деммен жұтқан кезде өлімге әкеп соғуы мүмкін. CO-мен уланбау үшін төменде көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.

- Қозғалтқышты үй-жайға кіру немесе шығу үшін қажет уақыттан ұзақ жабық (мысалы, гараждар сияқты) үй-жайларда ұстамаңыз.
- Егер қозғалтқышы қосулы автокөлік айтарлықтай ұзақ уақыт бойы ашық кеңістікте тұрса, желдету жүйесін сыртқы ауа салонға берілетіндей етіп баптаңыз (қажет болған жағдайда).
- Қозғалтқышы қосулы тұраққа қойылған немесе тоқтатылып тұрған автокөліктің ішінде ұзақ уақыт бойы отыруға болмайды.
- Егер қозғалтқыш тоқтап қалса немесе оталдырылмаса, қозғалтқышты оталдыру үшін шамадан тыс әрекет жасағанда, шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі бұзылуы мүмкін.

Каталитикалық бейтараптандырғышты қолдануға байланысты сақтық шаралары (бар болса)



АБАЙЛАҢЫЗ

- Ыстық пайдаланылған газдар автокөлігіңіздің астындағы жанғыш заттарды тұтандыруы мүмкін. Шөп, өсімдіктер, қағаз, жапырақтар және т.б. сияқты жанғыш заттардың жанында тұруға, автокөлікті қалдыруға немесе жанынан өтуге тыйым салынады.
- Пайдаланылған газдарды шығару жүйесі және каталитикалық бейтараптандырғыш қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде қатты қызады және ол өшкеннен кейін өте ыстық болып қалады. Сақтық танытқан жөн, өйткені пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің бөлшектеріне немесе каталитикалық бейтараптандырғышқа тиген кезде күйіп қалуыңыз мүмкін.
- Сондай-ақ пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің жылу экранын алып тастауға, автокөлік астындағы ауа ағынын жабуға немесе көлік құралын коррозиядан қорғауға арналған тыспен жабуға болмайды. Бұл белгілі бір жағдайларда өртке әкеп соғуы мүмкін.

Сіздің автокөлігіңіз шығарындылардың уыттылығын төмендету үшін каталитикалық бейтараптандырғышпен жабдықталған.

Осыған байланысты мынадай сақтық шараларын қолдану қажет:

- Тек ЭТИЛДЕНДІРІЛМЕГЕН БЕНЗИНДІ ғана қолданыңыз (бензинді қозғалтқышы бар автокөліктер үшін).
- Қозғалтқыштың ақаулығын білдіретін, мысалы, жалын өткізу белгілері болған жағдайда немесе автокөлік сипаттамалары айтарлықтай төмендеген кезде автокөлікті тоқтатыңыз.
- Қозғалтқышты мақсатына сай пайдаланыңыз, сондай-ақ оған шамадан тыс жүктеме түсірмеңіз. Қозғалтқышты мақсатына сай емес түрде пайдалану жағдайлары: тоқтап тұрған қозғалтқышпен қозғалу, беріліс қосылып тұрғанда және қозғалтқыш тоқтап тұрғанда тік беткейлермен түсу.
- Қозғалтқышты ұзақ уақыт (бес минуттан артық) бойы бос істетіп қоймаңыз.
- Қозғалтқыштың кез келген элементінің және шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесінің конструкциясына немесе жұмыс режиміне өзгерістер енгізуге тыйым салынады. Жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

- Отын деңгейі өте төмен болса, жүрісті жалғастырмаңыз. Отын болмаған жағдайда, жалын өтіп, каталитикалық бейтараптандырғыш шамадан тыс жүктелуі мүмкін.

Бұл нұсқауларды орындамау каталитикалық бейтараптандырғыштың және автокөліктің зақымдалуына себеп болуы мүмкін. Сонымен қатар, мұндай әрекеттер кепілдік міндеттемелердің тоқтатылуына әкеп соғуы мүмкін.

9. Қосымша

- * Бұл қосымша пайдаланушыға HYUNDAI үлгісіндегі автокөліктердің негізгі терминдерін түсіндіруге арналған. Кейбір терминдер сіздің автокөлігіңізге қолданылмауы мүмкін.

ҚОСЫМША

Отынға қойылатын талаптар

- DPF: Дизельдік қозғалтқыштың күйе сүзгісі

Орындық

- ACTIVE: Белсеңді бас сүйегіш
- HIGH: Жоғ.
- MIDDLE: Орт.
- LOW: Төм.
- OFF: Өшірулі

Қауіпсіздік белбеуі

- Барлық қауіпсіздік белбеулерінде қауіпсіздік белбеуінің затбелгісі орналасқан. Бұл затбелгі автокөліктің БҰҰ-ның Еуропалық экономикалық комиссиясы әзірлеген қауіпсіздік белбеулерінің қауіпсіздігі директивасының талаптарына сай екенін білдіреді. Онда нормативтің нөмірі, нормативті түзету нөмірі, растау нөмірі, өндірушінің атауы, өндірілген күні, бөлшек нөмірі, үлгі нөмірі және т.б. көрсетілген.
- Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінде қауіпсіздік белбеуін дұрыс бекіту жолы көрсетілген.

Баланы бекіту құрылғысы

- ISOFIX: FIX Халықаралық стандарттар ұйымы
- TOP TETHER: Жоғарғы байлау бекітпесі

Қауіпсіздік көпшігі

- AIRBAG: Қауіпсіздік көпшігі
- SRS AIRBAG: Пассив қауіпсіздік жүйесінің қауіпсіздік көпшігі
- PASSENGER: Жолаушы
- ON: Қосулы
- OFF: Өшірулі

Кілтсіз кіру жүйесі

- HOLD: Түймені 1 секунд басып, ұстап тұрыңыз.

Электронды кілт

- HOLD: Түймені 1 секунд басып, ұстап тұрыңыз.

Ұрлап әкетуден қорғау сигналы

- WARNING: Ескерту
- SECURITY SYSTEM: Қауіпсіздік жүйесі

Иммобилайзер жүйесі

- ECU: Қозғалтқышты басқару блогы

Есік құлыптары

- LOCK: Құлыптаулы

Жүксалғыш

- OPEN: Ағытулы

Жүксалғыш қақпағы

- OPEN: Ашық

Отын

- DIESEL: Дизель
- WARNING: Ескерту

Әйнектер

- AUTO: Автоматты:
- AUTO DOWN: Автоматты түрде түсіру

Руль

- EPS: Электронды түрде басқарылатын руль күшейткіші

Айналар

- MIRROR: Айна

Аспаптар тақтасы

- RPM: Бір минуттағы айналым
- H: Ыстық
- C: Суық
- F: Толық.
- E: Бос
- LCD: Сұйық кристалды дисплей
- TFT: Жұқа үлдірлі транзистор
- A/V: Аудио немесе видео
- TBT: Бұрылыстары көрсетілген навигация

Артқы көрініс камерасы

- Warning! Check surroundings for safety:
Ескерту! Айналаның қауіпсіздігін тексеріңіз

Ішкі көрініс ерекшеліктері

- CUP: Шыны аяқ
- ASH TRAY: Күлсалғыш
- BOTTLE ONLY: Тек бөтелке
- USB: Әмбебап бірізді шина
- AUX: Көмекші құрылғы
- iPod®: Apple Inc. корпорациясының сауда маркасы болып табылады

Кілттің қалпы

- LOCK: Құлыптаулы
- ACC: Қосымша жабдық
- ON: Қосулы
- START: Оталдыру

Төбе рейкасы

- FRT: Алды

Аудиожүйе

Атауы	Сипаттамасы
FM1	FM1
FM2	FM2
FMA	FM радиосы (автосақтау)
AM	AM
AMA	AM радиосы (Автосақтау)
P1~P6	1~6 түймелерін алдын ала орнату
ST	Стерео
SCAN	СКАНЕРЛЕУ
Auto Store	Автоматты түрде сақтау
AST	Автоматты түрде сақтау
P. SCAN	Станцияларды іздеу
PTY	Таратушы бағдарламаның түрі
PTY Search	Тарату түрі бойынша іздеу
PT Search	Тарату түрі бойынша іздеу
No Station	Станция жоқ
ST	Стерео
AF (Alternative Frequency)	Баламалы жиілік
TA	Жол қозғалысының тығыздығы туралы хабарлайтын функция
LO	Жергілікті
REG	Аймақ
SCAN	СКАНЕРЛЕУ
DISC RPT	Дискіні қайта ойнату
RPT	Қайталау
FLD. RPT	Папкадағы барлық тректерді қайта ойнату
ALL RDM	Композицияларды (барлығын) еркін ретпен ойнату
FLD.RDM	Папкадағы барлық тректерді еркін ойнату
AUX	Қосымша

Атауы		Сипаттамасы
RSE		Артқы орындықтың ойын-сауық жүйесі
Loading iPod®		iPod® жүктеу
RDM		Композицияларды (барлығын) еркін ретпен ойнату
ALB.RDM		Альбом тректерін еркін ретпен ойнату
ALB.RDM RPT		Альбом тректерін еркін ретпен ойнату + қайталау
RDM RPT		Еркін ретпен қайталау
None		ЖОҚ
News		ЖАҢАЛЫҚТАР
Affairs		ОҚИҒАЛАР
Info		АҚПАРАТ
Sport		СПОРТ
Educate		БІЛІМ
Drama		ДРАМА
Culture		МӨДЕНИЕТ
Science		ҒЫЛЫМ
Varied		ӨР ТҮРЛІ
Pop M		Поп-музыка
Rock M		Рок-музыка
Easy M		Жеңіл музыка
Light M		Жеңіл классика
Classics		Салмақты классика
Other M		Басқа музыка
Weather		АУА РАЙЫ
Finance		ҚАРЖЫ
Children		Балаларға арналған бағдарламалар
Social		Қоғамдық оқиғалар
Religion		ДІН
Phone-In		ТЕЛЕФОН ҰЯСЫ
Travel		ҚОЗҒАЛЫС

Атауы		Сипаттамасы
Leisure		ДЕМАЛЫС
Jazz		Джаз
Country		Кантри музыкасы
Nation M		Этникалық музыка
Oldies		Ескі музыка
Folk M		Халық музыкасы
Document		Деректі бағдарламалар
PTY None		Таратушы бағдарламаның түрі ЖОҚ
RDS Search		Еркін ретпен қайталау
TMC		Жол хабарларының арнасы
CD		КОМПАКТ-ДИСК
Reading Error		Оқу қатесі
Deck Init		Компакт-диск ойнатқышының инициализациясы
Disc Checking		Дискіні тексеру
Wait		Күту
No Disc		Диск жоқ
Disc Full		Диск толық
Reading CD		Компакт-дискіні оқу
Loading CD		Компакт-дискіні жүктеу
Changing CD		Компакт-дискіні ауыстыру
Insert CD		Компакт-дискіні салу
Ejecting CD		Компакт-дискіні шығару
Audio Track 00		Аудио-трек 00
Audio CD		Дыбыстық компакт-диск
Track		Трек
Disc Title		Диск атауы
Disc Artist		Диск орындаушысы
Track Title		Трек атауы
Track Artist		Трек орындаушысы
Total Track		Барлық трек
No Disc Title		Диск атауы жоқ
No Disc Artist		Диск орындаушысы жоқ

Атауы		Сипаттамасы
No Track Title		Трек атауы жоқ
No Track Artist		Трек орындаушысы жоқ
File Name		Файл атауы
Title		Атауы
Artist		Орындаушы
Album		Альбом
Folder		Папка
Total File		Барлық файлдар
No Title		Атауы жоқ
No Artist Name		Орындаушының есімі жоқ
No Album Name		Орындаушының атауы жоқ
Root		Папканың түбірі
Connected		Қосылған
No Media		Ақпарат тасушы жоқ
Reading USB		USB-құрылғыны оқу
Empty USB		USB-құрылғы бос
File Name		Файл атауы
Title		Атауы
Folder		Папка
Total File		Барлық файлдар
No Title		Атауы жоқ
No Artist Name		Орындаушының есімі жоқ
No Album Name		Орындаушының атауы жоқ
Root		Папканың түбірі
Reading iPod®		iPod® оқу
Not Support		Қолданбайды
Empty iPod		Бос iPod®
Reading Error		Оқу қатесі
Title		Атауы
All		Барлығы
Albums		Альбомдар
Artists		Орындаушылар

Атауы		Сипаттамасы
Playlists		Ойнату тізімдері
Songs		Композициялар
Genres		Жанрлар
Composers		Композиторлар
Root		Түбір
Rear Seat Entertainment Not Ready		Артқы орындықтың ойын-сауық жүйесі дайын емес
Battery Discharge Warning		Батарея зарядының таусылуы туралы ескерту
Battery Discharge Start the Engine		Батарея заряды таусылды, қозғалтқышты оталдыру керек
Start the Engine		Қозғалтқышты оталдыру
Scroll		Мәтінді айналдыру
SDVC		Жылдамдыққа байланысты дыбыс қаттылығын реттеу / Жылдамдыққа байланысты дыб. қатт. реттеу
Sound		Дыбыс әсері
P.Bass		Төмен жиіліктерді күшейту
Low		Төмен
Mid		Орташа
High		Жоғары
V-EQ		Бапталатын эквалайзер
Normal		Қалыпты
Dynamic		Динамикалық
Surround		Көлемді дыбыс
Phone		Телефон баптаулары
Pair		Телефонмен байланыстыру
Select		Телефонды таңдау және қосу
Delete		Телефонды жою
Priority (change Priority)		Басымдықты өзгерту
Music		Дыбысты Bluetooth арқылы лекпен беру
BT Off		Bluetooth өшіру
BT Setup		Bluetooth баптау
BT Vol.		Bluetooth дыбыс қаттылығы

Атауы		Сипаттамасы
Bluetooth Vol. MAX		Bluetooth ең жоғары дыбыс қаттылығы
Bluetooth Vol. MIN		Bluetooth ең төменгі дыбыс қаттылығы
Clock		Сағатты баптау
12/24 Hr.		Уақыт пішімі (12/24 сағ.)
Time		Уақытты орнату
Use Tuning Knob		Баптау тұтқасын пайдаланыңыз
Automatic RDS Time		Радиотрансляция арнасы бойынша деректерді тасымалдайтын автоматты жүйенің уақыты
Manual Setting		Қолмен баптау
Display		Дисплейді баптау
Temp.		Температураның көрсетілуін баптау
Radio		Радионы баптау
SAT		SIRIUS жерсеріктік радиосы
Cat./Ch.		САНАТ/АРНА
Artist/Title		Орындаушы/Атауы
Language		Тілді таңдау
RDS		RDS (радиотрансляция арнасы бойынша деректерді тасымалдау жүйесі)
Radio Data System News		Радиотрансляция арнасы бойынша деректерді тасымалдау жүйесінің жаңалықтары
AF		Баламалы жиілік
TA Vol.		Жол хабарын тарату дыбысының қаттылығы/ Жол хабарын тарату дыб. қатт. Жол хаб. тар. дыб. қатт.
TA Volume		Жол хабарын тарату дыбысының қаттылығы/ Жол хабарын тарату дыб. қатт. Жол хаб. тар. дыб. қатт.
Region		Аймақ
On / Off		On/Off (қосулы/өшірулі)

Атауы		Сипаттамасы
Auto		Автоматты
Return		Қайту
Main		Негізгі баптаулар
Media		MP3 ойнату ақпараты
German		Неміс тілінде
English (UK)		Ағылшын тілінде (UK)
French		Француз тілінде
Italian		Италия тілінде
Spanish		Испан тілінде
Dutch		Нидерланд тілінде
Swedish		Швед тілінде
Danish		Дания тілінде
Russian		Орыс тілінде
Portuguese		Португал тілінде
Sound		Аудионы баптау
Bass		Төмен жиіліктер
Middle		Орташа
Treble		Жоғары жиіліктер
Fader		Микшер
Balance		Баланс
Incoming Call		Кіріс қоңырауы
Private Mode		Жасырын байланыс режимі
Call Ended		Қоңырау аяқталды
System Not Ready Please Wait a Moment		Жүйе дайын емес, Күте тұрыңыз
Searching - - - Passkey 0000		Іздеу- - - Кіру коды 0000
Pairing Over		Байланыстыру аяқталды
Connecting		Қосылу
Phone slot is full		Телефон ағытпасы бос емес
CONN		ҚОСЫЛУ
Connection Complete		Қосылу аяқталды
Connection Failed		Қосылу қатесі

Атауы		Сипаттамасы
Pairing Failed		Байланысу қатесі
Priority		Басымдық
DEL PHONE		ТЕЛЕФОНДЫ ЖОЮ
BT ON		BT ҚОСУ
BT OFF		BT ӨШІРУ
Deleted		Жойылды
Listening		Тыңдау
Back		Артқа
Vehicle is moving Not available		Қолжетімді емес – автокөлік жүріп келе жатыр
Call Ended		Қоңырау аяқталды
Active Call		Қосулы қоңырау
Phone Number		Телефон нөмірі
Redial		Қайталау
Pairing Complete		Байланыстыру аяқталды
Select Phone		Телефонды таңдау
Connection Complete		Қосылу аяқталды
Connection Failed		Қосылу қатесі
Connecting		Қосылу
Delete Phone		Телефонды жою
Deleted		Жойылды
Transfer Complete		Тасымалдау аяқталды
Pairing Over		Байланыстыру аяқталды
Pair Phone		Телефонмен байланыстыру
Searching - - - Passkey 0000		Іздеу - - - Кіру коды 0000
Priority		Басымдық
Phone Priority		Телефон басымдығы
Phonebook		Телефон кітапшасы
Bluetooth System ON		Bluetooth жүйесі қосулы
Bluetooth System OFF		Bluetooth жүйесі өшірулі
Downloading Phonebook		Байланыстар тізімін жүктеу
Please say a command		Пәрмен беріңіз

Атауы		Сипаттамасы
No Phone paired Please pair a phone		Телефон байланыспаған, телефонды қосыңыз
Help		Анықтама
Call Transferred		Қоңырауды қайта бағыттау
Please Wait		Күте тұрыңыз
MP3 Play		MP3 ойнату
Mic Mute Off		Микрофон блогын өшіру
Mic Mute On		Микрофон блогын қосу
Mute (AUDIO MUTE)		Дыбысты өшіру (АУДИОНЫ ӨШІРУ)
Volume		Дыбыс қаттылығы
Min		Минимум
Max		Максимум
Incoming Volume		Кіретін дыбыс қаттылығы
Max		Максимум
R		ОҢҒА
L		СОЛҒА
F		АЛДЫҢҒЫ
R		АРТҚЫ
SETUP		БАПТАУ
Text Scroll		Мәтінді айналдыру
On		Қосу
Off		Өшіру
MP3 Play Info.		MP3 ойнату ақпараты
Power Bass		Төмен жиіліктерді күшейту
UK ENGLISH		АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ (UK)
POLISH		ПОЛЯК ТІЛІНДЕ
"Call" Say "By number" or "By name"		Нөмірді теру үшін «Нөмірі бойынша» немесе «Есімі бойынша» деп айтыңыз

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы

- PUSH: Басу
- LOCK: Құлыптау
- ACC: Қосымша жабдық
- ON: Қосулы
- START: Оталдыру

Автоматты беріліс қорабы

- SHIFT LOCK RELEASE: Беріліс құлпын ағыту
- S/Lock: Беріліс құлпын бекіту

Тұрақ тежегіші (педаль)

- PUSH ON ↔ OFF :
Тұрақ тежегішін іске қосу үшін тұрақ тежегіші педальін аяғына дейін басыңыз. Тұрақ тежегішін ағыту үшін педальді қайта басыңыз, одан кейін педаль толық жіберілген қалыпқа автоматты түрде қайтады.

Тұрақ тежегіші (электрлік тұрақ тежегіші (EPB))


- PULL : Тарту

Авт. пневматикалық аспа


- AIR SUSPENSION :

Авт. пневматикалық аспа

Круиз-бақылау жүйесі

-  /CRUISE: Круиз-бақылау жүйесін қосады не өшіреді
- ON, OFF: Круиз-бақылау жүйесін қосады не өшіреді
- O/CANCEL: Круиз-бақылау жүйесінің жұмысын тоқтатады
- RES+/RES ACCEL:
Круиз-бақылау жылдамдығын қалпына келтіреді немесе арттырады
- SET-/COAST SET:
Круиз-бақылау жылдамдығын орнатады немесе азайтады
- SCC (Smart cruise control):
Интеллектуалды круиз-бақылау

Жылдамдықты реттеу жүйесі

- : Жылдамдық шектеуін бақылау жүйесін қосады не өшіреді.
- ON, OFF: Жылдамдық шектеуін бақылау жүйесін қосады не өшіреді.
- O/CANCEL: Орнатылған жылдамдық шектеуін алып тастайды
- RES+: Жүйе бақылап отыратын жылдамдық шектеуін қалпына келтіреді немесе арттырады
- SET-: Жүйе бақылап отыратын жылдамдық шектеуін орнатады немесе азайтады

Автокөлікті қауіпсіз жүргізудің жетілдірілген жүйесі (AVSM)

- AVSM: Автокөлікті қауіпсіз жүргізудің жетілдірілген жүйесі


Қосалқы шина

- OPEN: Ашу
- CLOSE: Жабу
- SPARE TIRE: Қосалқы шина


Қозғалтқыш

- DOHC 16V: Екі жоғарғы үлестіргіш білік 16 клапан
- GDI: Отынды тікелей бүрку жүйесі
- T-GDI: Отынды тікелей турбо-бүрку жүйесі
- CRDI 16V: Тікелей бүркетін “Отын рампасы” жүйесі 16 клапан
- CRDI: Тікелей бүркетін “Отын рампасы” жүйесі
- CRDI 24V: Тікелей бүркетін “Отын рампасы” жүйесі 24 клапан
- V6: Алты цилиндрлі V тәрізді қозғалтқыш
- V8: 8 цилиндрлі V тәрізді қозғалтқыш
- 2,5 TCI: Турбоайдауышы бар интеркулер 2,5л
- HOT: Ыстық! Қол тигізбеңіз

Мотор майы

- : Мотор майы
- ENG OIL: Мотор майы
- OPEN: Ағытулы
- F: Толық.
- L: Төм.

Салқындатқыш сұйықтық

- COOLANT: Салқындатқыш сұйықтық
- ENGINE COOLANT: Қозғалтқыштың салқындату жүйесінің сұйықтығы
- F: Толық.
- L: Төм.
- OPEN: Ағытулы
- CLOSE: Жабық
-  : Кеңейткіш бак

Тежегіш сұйықтығы/ілінісу жүйесінің сұйықтығы

- MAX : Максимум
- MIN : Минималды

Гидроқушейткіш бағы

- OPEN : Ағытулы
- CLOSE : Жабық
- COLD : Суық
- HOT : Ыстық
- MAX : Максимум
- MIN : Минималды
- POWER STEERING FLUID:
Руль күшейткішінің жұмыс сұйықтығы
- USE ONLY APPROVED POWER STEERING FLUID FILL TO PROPER LEVEL :

Тиісті деңгейге дейін толтыру үшін тек бекітілген руль гидроқушейткіші сұйықтығын пайдаланыңыз


АБАҚ сұйықтығы


- C : Суық
- HOT : Ыстық

Әйнек жуғыш сұйықтығы

- WASHER ONLY :
Тек әйнек жуғыш

Аккумулятор батареясы

-  : Дұрыс жойылмаған батарея қоршаған орта мен адам денсаулығына зиянды әсерін тигізеді. Батареяны жергілікті заңдар мен нормаларға сай жойыңыз.

-  : Батарея құрамында қорғасын бар. Оны пайдаланып болған соң лақтырып тастамаңыз. АКБ-ны HYUNDAI авторландырылған дилеріне қайтарып беріңіз.

Сақтандырғыштар

- OBD: Борттық диагностикалау жүйесі
- FUSE: Сақтандырғыш

Жарықтар

- OPEN: Ашу
- CLOSE: Жабу
- LOCK: Құлыптау
- HLLD: Фараның еңкею бұрышын реттегіш
- U: Жоғары
- D: Төмен

және т.б.

- MAX Kgf: Шамадан тыс жүк түсірмеңіз Kgf
- Шамдағы, бампердегі, доңғалақ қабындағы және шашыратқыштағы мәтін осы бөліктер жасалған материалды білдіреді және автокөлікке техникалық қызмет көрсету кезінде қажет.
- Суық агент затбелгісі i30 автокөліктерінде қозғалтқыш капотының астында немесе SANTA FE автокөліктерінде радиатордың үстіңгі қақпағында орналасқан. Осы затбелгіде суық агенттің жіктемесі мен мөлшері, сондай-ақ компрессор майының жіктемесі туралы мәлімет бар.

Пәндік көрсеткіш

А

Автокөлік аудиожүйесінің жұмыс істеу принципі	5-160
Автокөлік иесі жүргізетін техникалық қызмет көрсету	8-7
Автокөлік иесі жүргізетін техникалық қызмет көрсетудің кестесі	8-8
Автокөліктің салмағы	6-192
Шамадан артық жүк тиеу	6-193
Автокөліктің сериялық нөмірі (VIN)	2-18
Автокөліктің сертификациялық тақтасы	2-18
Автокөліктің сыртына күтім жасау	8-85
Сыртқы күтім жасау	8-85
Салонға күтім жасау	8-93
Автоматты беріліс қорабы	6-17
Тұраққа қою	6-22
Көлікті қауіпсіз жүргізу амалдары	6-25
АБАҚ жұмысы	6-17
СК-дисплейдегі хабарлама	6-23
Айналар	5-40
Ішкі артқы көрініс айнасы	5-40
Сыртқы артқы көрініс айнасы	5-41
Артқы жүріспен тұраққа қоюға көмектесу функциясы	5-45
Аккумулятор батареясы	8-44
Аккумулятор батареясының көлемі көрсетілген жапсырма (үлгіні қараңыз).....	8-46
Аккумулятор батареясын зарядтау.....	8-47
Аккумулятор батареясын пайдалану бойынша нұсқаулар	8-44
Аспаптар параметрлерін бастапқы қалпына келтіру.....	8-49
Ақпаратты алдыңғы әйнекке проекциялау дисплейі (HUD)	5-72
Ақпараттық ойын-сауық жүйесі	5-157
Алдыңғы автокөліктің кетуі туралы хабарлау	6-142
Жүйені баптау және жұмыс жағдайлары	6-142
Алдыңғы әйнек жуғыш сұйықтығы	8-36
Алдыңғы әйнек жуғыш бағындағы сұйықтық деңгейін тексеру	8-36
Алдыңғы әйнектегі қырауды және буды кетіру	5-137
Булануға автоматты түрде жол бермейтін жүйе (Тек микроклиматты автоматты басқару жүйесі үшін)	5-141
Микроклиматты автоматты басқару жүйесі	5-139
Буды кетіру жүйесінің жұмыс алгоритмі	5-140
Дефростер.....	5-142
Қолмен басқарылатын микроклиматты басқару жүйесі	5-138
Антенна	5-157

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі.....	7-3
Апаттық жиынтық	7-43
Дәрі қобдишасы	7-43
Апаттық аялдау белгісі	7-43
Өрт сөндіргіш	7-43
Шина манометрі	7-43
Арттағы қиылысқан бағытта қозғалу туралы ескерту жүйесі (RCCW) / Арттағы қиылысқан бағытта соқтығысудың алдын алу жүйесі (RCCA)	6-105
Анықтау датчигі	6-112
Жүйені баптау және қосу	6-106
Жүйе шектеулері	6-115
Жүйе сипаттамасы	6-105
Ескерту хабарламасы және жүйені басқару	6-109
Аспаптар панелін шолу	2-6
Аспаптар тақтасы.....	4-2
Берілістерді ауыстыру индикаторы.....	4-8
Бақылау шамы мен индикатор.....	4-9
Аспаптар панеліндегі басқару құралдары	4-3
СК-дисплейдегі хабарламалар.....	4-22
Көрсеткіштер мен өлшеу аспаптары.....	4-3
Ауаны баптау жүйесі.....	2-13
Ауа сүзгісі.....	8-38
Сүзгіні ауыстыру	8-38
Аудиожүйе (сенсорлық экрансыз)	5-164
Жүйені қосу және өшіру.....	5-170
Дисплейді өшіру және қосу	5-171
Негізгі функциялармен танысу.....	5-171
Жүйе элементтерінің орналасуы – рульден қашықтан басқару	5-166
Жүйе элементтерінің орналасуы – басқару тақтасы	5-164
Аудиожүйе сипаттамалары	5-199
Bluetooth.....	5-200
USB.....	5-199
Аудио, видео және навигация жүйесі	5-159
Аудиожүйені рульден басқару	5-158

Ә

Әйнек тазалағыштар мен әйнек жуғыштар	5-91
Алдыңғы әйнекті жуғыш	5-94
Алдыңғы әйнекті тазалағыштар	5-92
Әйнек тазалағыштың щеткалары	8-41

Щеткаларды ауыстыру	8-41
Щеткалардың күйін тексеру.....	8-41

Б

Балаларға арналған ұстап тұратын жүйе (БҰЖ).....	3-41
Балаларға арналған ұстап тұратын жүйені (БҰЖ) таңдау	3-42
Біздің кеңесіміз: Балалар ылғи артқы орындықтарда отыруы тиіс	3-41
Балаларға арналған ұстап тұратын жүйені (БҰЖ) орнату	3-44
Bluetooth.....	5-183
Bluetooth аудиоқұрылғысын пайдалану	5-187
Мобильді телефонды Bluetooth арқылы қосу	5-190
Bluetooth құрылғыларын қосу	5-183
Bluetooth® Wireless Technology гарнитурасы	5-160

Г

Габариттік өлшемдер	2-9
Герметикті бөлу	7-34

Д

Доңғалақтар және шиналар.....	8-50
Доңғалақтарды ауыстыру.....	8-56
Шиналарды ауыстыру	8-54
Шинаның бүйір жағындағы таңба	8-56
Төмен профильді шиналар.....	8-61
Доңғалақтардың орнын ауыстыру	8-53
Шиналардағы ауа қысымын тексеру	8-52
Доңғалақтарды орнату бұрыштарын реттеу және шиналарды теңгеру	8-54
Суық шиналардағы ұсынылатын ауа қысымы	8-51
Шиналардың жоламен ілінісуі	8-56
Шиналарға техникалық қызмет көрсету	8-56
Шиналарға күтім жасау	8-51

Е

Егер қозғалтқыш қызып кетсе	7-10
Ескерту жүйесі (BCW)	6-75
Анықтау датчигі	6-80
Жүйені баптау және басқару	6-76
Жүйе шектеулері	6-82

Жүйе сипаттамасы	6-75
Ескерту хабарламасы және жүйені басқару	6-78
Есік құлыптары	5-19
Баланы қорғайтын электр жетекті бұғаттау	5-26
Қауіпсіз шығу жүйесі (SEA)	5-27
Көлік құралы есігінің құлыптарын іштен басқару	5-22
Көлік құралы есігінің құлыптарын сырттан басқару	5-19
Балаға артқы есіктерді ашуға жол бермейтін құлыптарды бұғаттау құрылғысы	5-25
Есіктерді автоматты түрде құлыптау және құлпын ашу функциясы	5-25

Ж

Жарық аспаптары	5-75
Ішкі жарық	5-87
Сыртқы жарық аспаптары	5-75
Қарсы алу жүйесі	5-86
Жарық шамдары	8-76
Жоғарғы стоп-сигналды ауыстыру	8-82
Алдыңғы фаралардың шамдарын, габарит жарығын, бұрылыс көрсеткіштерін, бүйірлік габарит жарығын және тұман шамдарын ауыстыру	8-77
Бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағышының шамын ауыстыру	8-80
Артқы құрама шамды ауыстыру	8-80
Нөмір белгісін жарықтандыру шамын ауыстыру	8-82
Салонды жарықтандыру шамын ауыстыру	8-83
Жарық шамдарының қуаты	2-10
Жолақты қадағалау жүйесі (LFA)	6-129
Жүйе шектеулері	6-134
Ескерту хабарламасы	6-132
LFA жүйесінің жұмысы	6-131
Жол жүру алдында	6-6
Қозғалтқышты оталдыру алдында	6-6
Жол жүру алдында	6-6
Жүйе күйінің белгілері	5-198
Жүк көтергіштік индекстері және шиналар жылдамдығының индекстері	2-14
Жүргізуші зейінін бақылау жүйесі (DAW)	6-136
Жүйені баптау және басқару	6-136
Жүйе ақаулығы	6-139
Жүйенің күту режимі	6-139

Жүйе көрсеткіштерін нөлдеу	6-138
Жүргізуші орындығының қалыптарын есте сақтау жүйесі	5-32
Жадта жазылған қалыптарды қалпына келтіру	5-33
Жүргізуші орындығы баптауларын есте сақтау жүйесін нөлдеу	5-34
Қалыптарды есте сақтау	5-32
Ыңғайлы кіру функциясы	5-35
Жүргізушіге көмек жүйесі	5-95
Артқы көрініс мониторы	5-103
Айналаны шолу мониторы (SVM)	5-106
Тұраққа қою (артқы жүріспен) кезінде жақындау туралы ескерту жүйесі	5-95
Тұраққа қою (артқы/алдыңғы жүріспен) кезінде жақындау туралы ескерту жүйесі	5-99

3

Заттарды сақтау бөлімдері	5-145
Орталық консольдегі бөлім	5-145
Ұсақ-түйек тартпасы	5-145

К

Кондиционер компрессорының заттаңбасы	2-20
Көлем және салмақ	2-14
Көлік құралына кіру	5-5
Қашықтан басқару кілті	5-5
Иммоилайзер жүйесі	5-17
Электронды кілт	5-9
Көлік жүргізудің ерекше жағдайлары	6-171
Бір қалыпты бұрылу	6-172
Автомагистральдарда қозғалу	6-174
Көлік жүргізудің қауіпті жағдайлары	6-171
Автокөлікті тербелту	6-171
Автокөлікті су басқан жерлерде жүргізу	6-173
Автокөлікті түнгі уақытта жүргізу	6-172
Автокөлікті жауында жүргізу	6-173
Көлік құралын қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу жүйесі (LKA)	6-120
LKA жүйесінің функциясын өзгерту	6-122
Бақылау шамы және хабарлама	6-125
Жүйе шектеулері	6-127
LKA жүйесінің жұмысы	6-122

Көрінбейтін аймақтарды бақылау жүйесі (BVM).....	6-144
Көру аймағынан тыс соқтығысу туралы ескерту/алдын алу жүйесі	6-86
Анықтау датчигі (Алдыңғы бейнекамера және артқы бұрыштық радар).....	6-93
Жүйені баптау және қосу	6-88
Жүйе шектеулері	6-96
Жүйе сипаттамасы	6-86
Ескерту хабарламасы және жүйені басқару	6-90
Мотор майы мен сүзгіні ауыстыру	8-29
Мотор майының деңгейін тексеру.....	8-28
Климат-бақылау жүйесінің қосымша функциялары	5-144
Автоматты желдету	5-144
Төбедегі люкті ашқанда ауа кіргізу режимдерін ауыстырып қосу	5-144
Таза ауамен қамтамасыз ету жүйесі.....	5-144
Круз-бақылау	6-145
Круз-бақылау жүйесінің жұмысы	6-145

Қ

Қауіпсіздік белбеулері.....	3-28
Қауіпсіздік белбеулерін пайдалану кезіндегі қосымша сақтық шаралары	3-37
Қауіпсіздік белбеулерін қолдану кезіндегі сақтық шаралары	3-28
Тағылмаған қауіпсіздік белбеулерінің дабылдағышы	3-29
Қауіпсіздік белбеулері жүйесі	3-31
Қауіпсіздік белбеулерін тиісті түрде күтіп ұстау	3-40
Қауіпсіздік белбеулерін алдын ала тарту құрылғысы.....	3-34
Қауіпсіздік көпшігі – қосымша қауіпсіздік жүйесі	3-55
Қосымша сақтық шаралары.....	3-75
Соқтығысу кезінде неліктен қауіпсіздік көпшігі ашылмады?	3-68
Қауіпсіздік көпшіктері жүйесінің жұмыс істеу қағидасы	3-62
Қауіпсіздік көпшіктерінің орналасуы.....	3-57
ҚҚЖ күту	3-74
Қауіпсіздік көпшіктері ашылғаннан кейін не болады	3-66
Қауіпсіздік көпшіктерінің бар екенін ескертетін заттаңбалар	3-76
Қозғалтқыш бөлігі	8-4
Қозғалтқыштың сериялық нөмірі.....	2-19
Қозғалтқыштың сипаттамасы	2-9
Қозғалтқышты оталдыру мүмкін болмаса	7-5
Қозғалтқыш айналмаса не баяу айналса	7-5
Қозғалтқыш қалыпты түрде айналса, бірақ іске қосылмаса	7-5
Қозғалтқышты майлау жүйесі.....	8-28

Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру	7-6
Қозғалыс барысында күтпеген жағдай болғанда	7-3
Қозғалтқыш қозғалыс барысында тоқтап қалса	7-3
Қозғалтқыш жолдар қиылысында тоқтап қалса	7-3
Қозғалыс барысында шина босап қалса	7-4
Қозғалыс барысында шина босап қалса (қосалқы доңғалақ болған кезде) ...	7-19
Домкрат және құрал-саймандар	7-19
Доңғалақты ауыстыру	7-20
Домкратқа арналған ЕО нормативтеріне сәйкестік туралы мәлімдеме	7-27
Домкраттың жапсырмасы	7-26
Қозғалыс режимін басқарудың кіріктірілген жүйесі	6-49
Бағдар компьютері арқылы интеллектуалдық ауыстыру	6-54
Көлік жүргізу режимі	6-49
Қолмен басқарылатын микроклиматты басқару жүйесі	5-109
Ауаны жылыту және баптау	5-110
Жүйенің жұмысы	5-115
Жүйеге техникалық қызмет көрсету	5-118
Қыста көлік жүргізу	6-175
Қар мен мұзда көлік жүргізу	6-175
Қыс мезгіліндегі сақтық шаралары	6-178

М

Мандайлық соқтығысудың алдын алу жүйесі (FCA) — датчиктің біріктірілген түрі (Алдыңғы радар + Алдыңғы көрініс камерасы) (Таяу Шығыстан басқа)	6-56
FCA датчигі (Алдыңғы радар/Алдыңғы көрініс камерасы)	6-63
Жүйені баптау және қосу	6-57
Жүйе ақаулығы	6-66
Жүйе шектеулері	6-68
FCA ескерту хабарламасы және жүйені басқару	6-60
Маңызды сақтық шаралары	3-3
Әрқашан балаларға арналған ұстап тұратын жүйе қолданылуы тиіс	3-3
Көлік құралының жылдамдығын бақылау	3-4
Қауіпсіздік белбеуін әрдайым тағып отыру қажет	3-3
Көлік құралын қауіпсіз күйде сақтау қажет	3-4
Жүргізуші назарының басқа нәрсеге аударылуы	3-4
Қауіпсіздік көпшігімен байланысты қауіптер	3-3
Мерзімді техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені	8-10
Қалыпты жағдайда пайдаланған кездегі техникалық қызмет көрсету кестесі – Бензинді қозғалтқыш (Еуропа үшін)	8-11

Қалыпты жағдайда пайдаланған кездегі техникалық қызмет көрсету кестесі – Бензинді қозғалтқыш (Еуропа елдерін қоспағанда).....	8-17
Ауыр пайдалану жағдайларында және жүріп өткен жол аз болған кезде техникалық қызмет көрсету – Бензинді қозғалтқыш (Еуропа үшін)	8-15
Ауыр пайдалану жағдайларында және жүріп өткен жол аз болған кезде техникалық қызмет көрсету – Бензинді қозғалтқыш (Еуропаны қоспағанда)	8-22
Мерзімді техникалық қызмет көрсету позициялары	8-24
Микроклиматты автоматты басқару жүйесі	5-121
Ауаны жылыту және баптау жүйесін автоматты басқару	5-122
Жүйенің жұмысы.....	5-131
Ауаны жылыту және баптау жүйесін қолмен басқару.....	5-124
Жүйеге техникалық қызмет көрсету	5-134
Микроклиматты басқару жүйесінің ауа сүзгісі.....	8-39
Сүзгіні ауыстыру	8-39
Сүзгінің жай-күйі	8-39
Мотор бөлігі	2-8
Мультимедиа ойнатқышы	5-178
Мультимедиа файлдарын ойнату.....	5-178
USB режиміндегі жұмыс	5-179

О

Орындықтар	3-5
Артқы орындықтар	3-16
Сақтық шаралары	3-6
Алдыңғы орындық	3-7
Бас сүйегіш	3-19
Жылытқышы мен желдеткіші бар орындықтар	3-23
Оталдыру жүйесінің құлпы	6-8
Кілтті бар оталдыру жүйесінің құлпы	6-8
Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесі	6-12
Отын заттанбасы	2-20

Р

Радио	5-172
Радионы қосу	5-172
Радиоқабылдағыш режимін өзгерту	5-175
Радиостанцияларды іздеу	5-176
Сақталған радиостанцияларды тыңдау	5-177
Қолжетімді радиостанцияларды сканерлеу	5-175

Радиостанцияларды сақтау	5-176
Руль	5-36
Дыбыс сигналы	5-39
Жылытылатын руль	5-38
Реттелетін руль бағаны	5-37
Рульдің электрлік күшейткіші (EPS)	5-36

С

Салонды шолу	2-4
Салонның ішкі әрлеу элементтері.....	5-146
Бүйірлік перде	5-156
Сусындарға арналған ұстағыш	5-146
Артқы перде	5-156
USB зарядтағыш құрылғысы	5-150
Киімге арналған ілгек.....	5-154
Күлсалғыш	5-146
Смартфондарды сымсыз зарядтау жүйесі	5-151
Күнқағар.....	5-148
Кілемше бекіткіштері	5-155
Сағат.....	5-154
Электр розеткасы.....	5-149
Салқындату жүйесінің сұйықтығы	8-30
Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығын ауыстыру	8-33
Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының деңгейін тексеру	8-30
Сауда маркалары.....	5-201
Сәйкестік декларациясы	5-202
ЕО-ға арналған CE RED	5-202
Сәйкестік декларациясы	6-101, 6-170
Сәйкестік декларациясы	2-21
СК дисплей (А типі).....	4-30
Бағдар компьютері.....	4-44
Пайдаланушы баптауларының режимі	4-34
СК дисплей режимі	4-31
СК дисплейді басқару	4-30
СК дисплей (В типі)	4-49
Опциялар мәзірі	4-54
Пайдаланушы баптауларының режимі	4-55
Utility (функциялар) қарау режимі	4-51
Қарау режимдері.....	4-50
СК дисплейді басқару.....	4-49
Созылмалы сақтандырғыштар	8-62

Мотор бөлігіндегі созылмалы сақтандырғыштардың тақтасын ауыстыру.....	8-64
Аспаптар тақтасындағы сақтандырғышты ауыстыру	8-63
Созылмалы сақтандырғыштар мен реле тақтасының сипаттамасы	8-66
Сүйреу.....	7-38
Апаттық сүйреу.....	7-40
Көлік құралдарын тасымалдау қызметі	7-38
Алмалы сүйреу ілгегі	7-39
Сыртқы түрі (I)	2-2
Сыртқы түрі (II).....	2-3
Сыртқы функциялар	5-59
Жүксалғыш.....	5-60
Автоматты түрде ашылатын интеллектуалды жүксалғыш	5-63
Капот.....	5-59
Отын құю қылтасы люгінің қақпағы	5-68
Жүксалғыш қақпағының құлпын төтенше ашу	5-62
Stop & Go функциясы бар интеллектуалды круиз-бақылау жүйесі	6-150
Алда келе жатқан көлік құралына дейінгі арақашықтықты бақылау датчигі	6-162
Жүйе шектеулері	6-165
Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің ауыстырып қосқышы	6-151
Круиз-бақылау режиміне ауысу	6-164
Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің көлік құралдары арасында белгіленген арақашықтықты сақтауы	6-158
Интеллектуалды круиз-бақылау жүйесінің жылдамдығын реттеу	6-151

T

Тежеуіш сұйықтығы	8-34
Тежеуіш сұйықтығының деңгейін тексеру	8-34
Тежеу жүйесі.....	6-27
Автоматты ұстау	6-35
Тежеудің бұғатталуға қарсы жүйесі (БҚЖ)	6-40
Дискілі тежегіштер тозуының индикаторы	6-28
Қауіпсіз тежеу амалдары	6-48
Еңісте қозғалған кездегі көмек жүйесі (НАС)	6-47
Көлік құралын тұрақтандыруды басқару жүйесі	6-46
Тұрақ тежегіші (аяқпен басылатын түрі).....	6-28
Тежегіш күшейткіші	6-27
Электрлік тұрақ тежегіші (EPB).....	6-30
Динамикалық тұрақтандырудың электронды жүйесі (ESC)	6-42
Терезелер.....	5-46

Электрлік әйнек көтергіштер	5-46
Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені	8-5
Техникалық қызмет көрсетуді автокөлік иесі жүргізген кездегі сақтық шаралары	8-5
Көлік иесінің жауапкершілігі	8-5
Төбедегі панорамалық люк	5-52
Төбедегі люктің жабылуы	5-55
Төбедегі люктің еңкеюі	5-55
Төбедегі люктің ашық тұрғаны туралы ескерту	5-53
Люкті басқару жүйесінің баптауларын нөлдеу	5-57
Төбедегі люктің сырғуы	5-54
Күннен қорғайтын перде	5-54
Тұрақ тежегіші	8-37
Тұрақ тежегішін тексеру	8-37
Тіркемені сүйреу	6-180
Тіркемені сүйреуге арналған жабдық	6-185
Тіркемені сүйреген кезде	6-181
Тіркемені сүйреген кездегі техникалық қызмет көрсету	6-191
Тіркемесі бар автокөлікті жүргізу	6-187

Ұ

Ұрлап әкетуден қорғау жүйесі	5-30
Ұсынылған майлау материалдары және көлемдер туралы ақпарат	2-15
SAE жіктемесі бойынша тұтқырлық коэффициентінің ұсынылған мәндері	2-16

Ш

Шина босап кеткен болса (шина жөндеу жиынтығымен)	7-28
Кіріспе	7-28
Шина жөндеу жиынтығын пайдалану	7-32
Шина жөндеу жиынтығының компоненттері	7-31
Шина жөндеу жиынтығын қауіпсіз пайдалануға қатысты ескертпелер	7-29
Шиналардағы ауа қысымын тексеру	7-35
Шиналар және доңғалақтар	2-12
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (ШҚБЖ)	7-12
TPMS бар шиналарды ауыстыру	7-16
TPMS жүйесі (шиналардағы қысымды бақылау жүйесі) ақаулығының индикаторы	7-16
Шинадағы қысымның төмен екенін көрсететін құрылғы	7-14

Шиналар дағы қысымды тексеріңіз	7-12
Шиналар дағы қысымды бақылау жүйесі	7-13
Шинадағы төмен қысым күйінің көрсеткіші және шинадағы қысым индикаторы	7-14
Шиналардағы қысымның техникалық сипаттамаларының/мәндерінің кестесі	2-19
Шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі	8-96
Қозғалтқыш қартерінен шығатын шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі.....	8-96
Отын бағынан шығатын шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі	8-97
Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі	8-97

Э

Эра-глонасс шұғыл қоңырауы	5-197, 7-44
SOS	5-197
Көмек шақыру жүйесін тексеру	5-197
ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысы	7-46

Ю

USB порты	5-157
-----------------	-------